ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Жаһандық стандарттар. Ұлттық басымдықтар



Жылдық есеп 2025

Мұқаба

KPI кәсіпорынның жетекші инженері Эльвира Русланқызы Есетова 2025 жылғы есептің мұқабасына шықты. Ұлттық компания әйелдер мен жастардың әлеуетін арттыруға бағытталған бағдарламаларды қолға алып, біраз жылдан бері дамытып келеді. Эльвира осы қызметкерлеріміздің бейнесін айшықтайды. Сонымен қатар ол энергия, үнемі дамып отыру, жаңа білімге және биік белестерге ұмтылу сияқты ҚМГ мамандарына тән қасиеттерді іс жүзінде көрсетіп жүр десек қателеспейміз.

Эльвира 1992 жылы дүниеге келген. Бала күнінен техникалық бағыттарға қызығып, инженер болуды армандаған. Қазақстан-Британ техникалық университетін «мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша бітірген, IPMA жобаларының D деңгейіндегі сертификаты бар менеджер. 2019 жылдан бері жетекші инженер болып еңбек етіп келеді, компанияның жаңа әрі маңызды бағытын дамыту жөніндегі жобаларға атсалысады. «KPI-дағы жұмысым өзіме ұнайды, зауытты іске қосу кезінде құнды тәжірибе жинақтадым», — дейді Эльвира.

Жауапкершілікті шектеу туралы өтініш

Жылдық есеп Компания басшылығы ағымдағы жағдайға байланысты жасаған болжамдар мен бағалауларға негізделген, ҚМГ-ның болашақтағы өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты «болжамды мәлімдеме» болып саналатын немесе сондай ретте қарастырылуы мүмкін мәлімдемелерді қамтиды. Болжамды мәлімдеме дегеніміз тарихи фактілерге жатпайтын барлық мәселе. Сонымен қатар олар компания қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жағдайына, өтімділігіне, перспективаларына, дамуына, стратегияларына қатысты және Компания жұмыс істейтін салалар бойынша ҚМГ-ның ниеттері, сенімдері және ағымдағы болжамдары туралы мәлімдемелерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Өзінің сипаты бойынша болжамды мәлімдемелер тәуекел мен белгісіздікпен байланысты, өйткені олар болуы да немесе болмауы да мүмкін болашақтағы оқиғалар мен жағдайларға жатады, яғни түрлі объективті факторлардың әсерінен қызметтің нақты нәтижелері ұсынылған болжамдар мен бағалаулардан өзгеше болуы ықтимал.

Мазмұны

2 Есеп туралы
4 2025 жылғы басты оқиғалар

16
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

18 Компания туралы
20 Бизнестің географиясы
22 Активтер құрылымы
24 Бизнес үлгісі
28 Басты көрсеткіштер
30 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
34 Басқарма төрағасының үндеуі
40 Стратегия
72 Операциялық қызметке шолу
126 Қаржылық қызметке шолу
140 Тұрақты дамуды қамтамасыз ету

206
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

208 Корпоративтік басқару жүйесі
212 Акционерлердің жалпы жиналысы
213 Директорлар кеңесі
233 Директорлар кеңесінің комитеттері
246 Басқарма
262 Корпоративтік бақылау
272 Іскерлік этика
278 Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл

288
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

290 Шоғырландырылған қаржылық есептілік
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін тәуелсіз аудитордың есебімен қоса
291 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі
301 Шоғырландырылған қаржылық есептілік

390
ҚОСЫМШАЛАР

392 Корпоративтік басқару есебін ұстану туралы есеп
488 Ірі мәмілелер және мүдделі мәмілелер туралы мәліметтер
489 Глоссарий
494 Байланыс деректері
495 Жедел желі

Есеп туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, ҚМГ, Компания, ҚМГ компаниялар тобы) 2025 жылға арналған Жылдық есебін ұсынады.

Есепті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі 2026 жылғы 28 сәуірде бекітті.

Редакцияның үндеуі және Есептің негізгі тақырыбы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, бизнестің тиімділігін арттыруға және барлық стейкхолдер үшін ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға бағытталған даму стратегиясын (бұдан әрі — Стратегия) жүйелі түрде іске асырып келеді. Компанияның жұмысы қаржы тәртібінің, технологиялық дамудың және қоғам мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қағидаларына негізделген.

ҚМГ-ның 2025 жылға арналған Жылдық есебінде ресурстар базасын кеңейту, мұнай-газ химиясын дамыту, қаржылық орнықтылық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты Стратегияның негізгі бағыттары компанияның одан әрі өсу әлеуетін қалай қалыптастыратыны жөнінде жазылған. Сонымен қатар Есеп ҚМГ-ның тұрақты даму тұрғысында атқарып жатқан жұмысын көрсетеді. Ол – компанияның бизнес үлгісі мен корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі.

ҚМГ-ның 2025 жылға арналған Жылдық есебінің визуалды тұжырымдамасы көк-ақ түстер гаммасы басым болып, минимализм және заманауи дизайнмен жасалған. Ол өз кезегінде компанияның тұрақты даму мен технологиялық трансформацияға ден қойғанын көрсетеді. Беттерді безендіруде 3D-иллюстрация түрінде ұсынылған нақты өндіріс нысандары мен инвестициялық жобалардың суреттері, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы өңделген фотосуреттер пайдаланылды.

Есеп акционерлермен, инвесторлармен, серіктестермен, қызметкерлермен және барлық мүдделі тараппен тиімді диалог жүргізудің құралына айналады деп сенеміз.

Есептің шекарасы

Бұл есеп «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның және ҚМГ компаниялар тобын шоғырландыру периметріне кіретін еншілес ұйымдардың, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес есепті кезеңде атқарған жұмысын қамтиды.

Ақпарат ҚМГ компаниялар тобы кәсіпорындары орналасқан өңірлердің географиясы шегінде, сондай-ақ негізгі қаржылық, өндірістік және қаржылық емес көрсеткіштерді айқындайды.

Өндірістік көрсеткіштер, егер басқасы көрсетілмесе, бірлескен және қауымдастырылған компаниялардағы ҚМГ-ның иелік ету үлесіне және толық шоғырландырылатын еншілес ұйымдардың 100 % көрсеткіштеріне сәйкес берілген.

Есепте ұсынылған көрсеткіштер мен есептеулер оңай қабылдану үшін дөңгелектеп берілген. Сонымен қатар динамиканы талдау және кезеңдерді өзара салыстыру мақсатында мәндер жуықталмай нақты қолданылды. Компанияның пікірінше, жекелеген көрсеткіштерді дөңгелектеу мен жиынтықтауға қатысты ықтимал сәйкессіздіктер операциялық және қаржылық нәтижелерді түсіндіруде айтарлықтай әсер етпейді.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған қаржы жылы, сондай-ақ 2024 мен 2023 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған қаржы жылдары үшін беріліп отырған қаржылық ақпарат компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде құрастырылған.

Есептеулерді жүргізу кезінде қаржы көрсеткіштері миллион теңгемен берілді. Есептің жекелеген бөлімдеріндегі көрсеткіштер миллиард теңгемен ұсынылған, сондай-ақ ақпараттық мақсатта АҚШ долларына ауыстырылды. Өлшем бірліктері мен валюталарды дөңгелектеу және ауыстырудың нәтижесінде соңғы мәндер құрамдас көрсеткіштердің арифметикалық қосындысынан сәл өзгеше болуы мүмкін, бірақ бұл олардың сараптама тұрғысынан салыстырмалы болуына әсер етпейді.

Есеп соларға сәйкес дайындалған стандарттар мен талаптар

Жылдық есеп және оған қоса берілетін шоғырландырылған қаржылық есептілік ХҚЕС-ке, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының бағалы қағаздарды айналысқа жіберетін бастамашылардың ақпаратты ашып көрсету қағидаларына, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы (AIFC Market Rules) нарығының қағидаларына сәйкес дайындалды.

Компанияның есептілігін жыл сайын жария ету жүйесі


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның есептілігін жыл сайын жария ету жүйесі ХҚЕС-ке, Қазақстан Республикасының заңнамасына және үздік халықаралық практикаларға сәйкес ҚМГ компаниялары тобының қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде қаржылық, операциялық және қаржылық емес аспектілерді кешенді әрі ашық көрсетуді қамтамасыз етеді.

- Шоғырландырылған қаржылық есептілігі — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Жылдық есеп — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Жартыжылдық есеп — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Тұрақты даму туралы есеп — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Қаржы және операциялық нәтижелер бойынша инвесторларға арналған тоқсан сайынғы презентация — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Операциялық нәтижелер бойынша баспасөз хабарламасы — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Қаржылық нәтижелер бойынша баспасөз хабарламасы — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Мемлекеттік органдардың пайдасына жасалған төлемдер туралы есеп — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Талдау анықтамалығы — **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- CDP корпоративтік сауалнамасы (Carbon Disclosure Project) - **https://www.kmg.kz/investors/reporting/**
- Веб-сайты: **https://www.kmg.kz**
- Есептің интерактивті нұсқасы: **https://www.kmg.kz/ru/investors/reporting/**

Геологиялық барлау

Стратегиялық мақсат

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база



ҚМГ мен Sinopec: Березовский жобасы

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және Қытайдың Sinopec[1] компаниясы Батыс Қазақстан облысында орналасқан Березовский жер қойнауы учаскесіндегі күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарт жасасты.

- Батыс Қазақстан облысы
- Жоба 50/50 тепе-тең негізде жүзеге асырылуда, кэрри-қаржыландыру
- Жоба операторы — «Akkaiyn Operating» ЖШС

Перспективалары: Березовский учаскесінің болашағы Каспий маңы алабында солтүстіктегі борттық аймағының тұзасты шөгінділерімен байланысты, бұл жердегі нысандар күрделі геологиялық-технологиялық жағдайлармен қатар үлкен тереңдікте орналасқан.

ҚМГ мен CNOOC: Жылыой жобасы

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және CNOOC[2] ірі қытай компаниясы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Жылыой күрделі жобасы аясында көмірсутектерді барлау мен өндіру келісімшартына қол қойды. CNOOC Қазақстанға алғаш рет инвестиция құйып отыр.

- Атырау облысы
- Жоба 50/50 тепе-тең негізде жүзеге асырылуда, кэрри-қаржыландыру
- Жоба операторы — «Zhylyoi Operating» ЖШС

Перспективалары: Жылыой учаскесі Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі транзиттік аймақта орналасқан. Бұл өз кезегінде белгілі бір технологиялық қиындықтармен қатар жүретініне қарамастан, барлау мен өндірудің озық технологияларды қолдануға жол ашады. Учаскенің болашағы Каспий маңы алабының оңтүстік борт аймағындағы тұзүсті және тұзасты шөгінділерімен байланысты.

Терең іздеу ұңғымаларын бұрғылау

2025 жылы Қызылорда облысында Торғай Палеозой (тереңдігі 5 585 м) және Атырау облысында Қаратон Подсолевой (тереңдігі 5 750 м) жобалары бойынша екі терең ұңғыманы бұрғылау аяқталды.

Каратон Подсолевой учаскесіндегі (Каспий маңы шөгінді алабының оңтүстік борты) бұрғылау нәтижелері бойынша 2026 жылға сынақ жұмыстары жоспарланған перспективті интервалдар анықталды.


Геологиялық барлау жобалары туралы толығырақ **74-77-бетте** оқи аласыз

[1] Sinopec — Қытайдың энергетика және химия саласындағы ірі интеграцияланған компаниясы.
[2] CNOOC — Қытайдың теңіз кен орындарында мұнай-газ өндіретін жетекші корпорация әрі дүниежүзі бойынша аса ірі дербес мұнай-газ компаниялардың бірі.

Өңдеу

Стратегиялық мақсат

компанияның құнын құру тізбегінің тиімділігін арттыру



4
ірі мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ) Қазақстанның аумағында орналасқан және

2
зауыттан тұратын өндірістік кешен Румынияда жұмыс істейді. Олардың барлығы мұнай өңдеп, мұнай өнімдерінің кең желісін шығарады.

21 +9,5 %
млн тонна
көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі

Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттары рекордтарын жаңартты

14,7 млн тонна
қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарындағы көмірсутек шикізатын өңдеу бойынша рекордтық көлем.

13,5 млн тонна
қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарындағы мұнай өнімдерін шығарудың ең жоғары тарихи межесі.

4,6 млн тонна
бензин өндірісінің тарихи жоғары көрсеткіші.

5,1 млн тонна
дизель отыны өндірісінің тарихи жоғары көрсеткіші.

90,1 %
мұнай өңдеу тереңдігі бойынша тарихи көрсеткіш.

77,7 %
жеңіл мұнай өнімдерін шығарудың рекордтық көлемі.

Жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісі, %

76,72	АМӨЗ
74,34	ПМХЗ
81,68	ПҚОП
77,7	Үш МӨЗ бойынша

Өңдеу тереңдігі, %

88,24	АМӨЗ
93,95	ПМХЗ
88,16	ПҚОП
90,1	Үш МӨЗ бойынша

Мұнай-газ химиясын дамыту

Стратегиялық мақсат

бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту



KPI — еліміздегі алғашқы интеграцияланған газ-химия кешені

- **Жылына 500 мың тонна** — түйіршікті полипропиленнің жобалық қуаты
- **15 полипропилен маркасын** шығарады, соның ішінде премиум сұрыптары бар. Бес маркасы Қазақстанда бұрын-соңды өндірілмеген.
- Жоба үлескерлері:
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (49,5 %),
  - «СИБУР Холдинг» ЖАҚ (40 %),
  - «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (9,5 %),
  - «Фирма «Алмэкс Плюс» ЖШС (1 %)

2025 жылы

377 ^+51,4 % **мың тонна**
полипропилен өндірісі

39,2 ^+71,3 % **мың тонна**
ішкі нарыққа өткізілген полипропилен көлемі

326 ^+44 % **мың тонна**
экспортқа өткізілген полипропилен көлемі

67 % жоғары
ішкі полипропилен нарығындағы KPI үлесі

149 астам қазақстандық өңдеуші компания KPI-мен ынтымақтастық орнатқан (2024 жылы — 65 компания)

Қазақстанның полипропилен бойынша импортқа тәуелділігі 2024 жылғы 17 %-дан 2025 жылы **8 %** дейін төмендеді

Полиэтилен өндіретін «Силлено» зауытының негізгі құрылыс жұмыстарының басталуы

- Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында
- «Силлено» өнімі импорттық полиэтилен түрлерінің шамамен 90 % алмастыруға мүмкіндік береді
- Жоба үлескерлері:
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (40 %)
  - Sinopec Overseas Investment Holding (30 %)
  - «СИБУР Холдинг» ЖАҚ (30 %).
- Зауыт құрылысы қызған шақта **8 мыңға жуық жұмыс орны** ашылады
- Өндіріс басталғанда шамамен **800 тұрақты жұмыс орны** болады
- Кәсіпорын 2029 жылы іске қосылады деп жоспарланып отыр
- **20-дан астам полиэтилен маркасын** өндіру жоспарланған (40 % - премиум сұрыпқа жатады)
- Дайын өнім ішкі нарыққа, сонымен қатар ТМД елдері, Еуропа, Қытай, Түркия нарықтарына бағытталады.

Жылына **1,25 млн тонна** полиэтилен зауытының жобалық қуаты

Технологиялық **көшбасшылық**

Стратегиялық мақсат

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру



ҚМГ Диспетчерлік орталығының сараптамалық жүйесі

Computer vision компьютерлік көру жүйесі

Нақты уақыт режимінде жасанды интеллектінің көмегімен бейнеағынды талдайды, ережелердің сақталуын бақылайды және болған бұзушылықтар жөнінде қауіпсіздік қызметтеріне автоматты түрде хабар береді.

TUMAR интеллектуалды жүйесі

TUMAR автоматтандырылған интеллектуалды жүйесі ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу жұмыстары кезінде күрделі технологиялық операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

- TUMAR бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайды, қауіп-қатер кезінде жарық немесе дыбыс белгілерін қосады.
- Модельдерді оқыту үшін барлығы **15 мыңға жуық сурет** өңделді, 16 санат бойынша **183 мыңнан астам нысан** белгіленді.

Предиктивті сараптама бойынша «пилоттық жобаларды» іске асыру


Жөндеу іс-шараларын алдын ала жоспарлау үшін, сондай-ақ өндірістің тоқтаусыз жұмыс процесін қамтамасыз ету үшін жабдықтың істен шығуын болжамды талдау функцияларын пайдаланатын бағдарламалық жасақтама.

ABAI ақпараттық жүйесі жобасы

- Кен орындарда барлау, бұрғылау, пайдалану және экономикалық тиімділікті бағалау процестерін оңтайландыруға бағытталған, көптеген тәуелсіз модульден тұратын интеллектуалды жүйе.
- **Advanced Base Artificial Intelligence** — жасанды интеллектінің көмегімен жасалған ауқымды Big Data жобасы.
- Жүйелерді әзірлеуші — «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС, 100 % еншілес ұйымы.

ҚМГ-ның инновациялық жобалары туралы толығырақ **118-125-бетте** оқи аласыз

Қаржылық **орнықтылық**



Қаржы тәртібі орнықтылықтың негізі ретінде

- Бос ақша ағынының тұрақты генерациясы.
- Өтімділік деңгейі 2018 жылдан бері ең жоғары деңгейге жетті (**6,2 млрд АҚШ доллары**).
- Қарызды өтеудің теңгерімді кестесі.
- Таза қарыз тарихи төмен деңгейге дейін азайып, **742 млн АҚШ долларын** құрады.
- Борыштың төмен жүктемесі ірі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қарызды жеткілікті мөлшерде алуды қамтамасыз етеді.

Капитал нарығын әртараптандыру

2025 жылы ҚМГ қытай юанімен ұсынылған облигацияларды шығарды. Гонконг қор биржасында және «Астана» халықаралық қаржы орталығының (Astana International Exchange, AIX) биржасында айналымға шыққан Dim Sum дебюттік облигациялары компанияның халықаралық капитал нарықтарындағы қатысуын кеңейте түсті.

Шығарылымның өлшемшарттары:

- купондық мөлшерлемесі — **2,950 %**;
- кіріс мөлшерлемесі — **3,150 %**;
- көлемі — **1,25 млрд юань**;
- айналым мерзімі — **5 жыл**.

Жалпы өтінім көлемі шамамен 3,8 млрд юаньға жетті. Бұл инвесторлардың ҚМГ-ға деген қызығушылығы жоғары деңгейде екенін растап отыр.

«Бұл шығарылым — жай ғана қаржы операциясы емес, сонымен қатар қаржыландыру көздерін әртараптандыруға, инвесторлар ортасын кеңейтуге және Азияның капитал нарықтарына қарқынды шығуға бағытталған стратегиялық қадам».

Диана Арысова,
ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары


Кредиттік рейтингтердің инвестициялық деңгейі

ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингтерінің деңгейінде.

Кредиттік рейтингтер: Қазақстанның, ҚМГ-ның тәуелсіз рейтингтері

	Moody's	S&P Global Ratings	FitchRatings
Қазақстан	**Baa1** (тұрақты)	**BBB-** (жағымды)	**BBB** (тұрақты)
ҚМГ	**Baa1** (тұрақты)	**BBB-** (тұрақты)	**BBB** (тұрақты)

Әлеуметтік **жауапкершілік**



Жаңаөзендегі Оқушылар сарайы

ҚМГ өз қызметін жүргізетін өңірлерді дамыту

«Кендірлі» зауыты: Жаңаөзен қаласында ауызсу беретін жаңа кәсіпорын бой көтерді

ҚМГ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Жаңаөзеннен 100 шақырым жерде теңіз суын тұщыту зауытын салды.

- Компанияның Маңғыстау облысындағы ірі әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалардың бірі
- Кәсіпорынның өндірістік қуаты — **тәулігіне 50 мың текше метрге дейін** су тұщытады
- Жобаны «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еншілес ұйымы «Ak Su KMG» ЖШС іске асырды

Жаңаөзен қаласында Bolashaq Sarayi заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы ашылды

- Кешен аумағы **3 мың шаршы метрден асады**
- Бір уақытта **350 оқушыны** қабылдай алады
- Ауысыммен келетін **1,5 мыңға дейінгі оқушылар санына** есептелген
- Заманауи оқу және шығармашылық бөлмелермен жабдықталған

ҚМГ-дағы Жұмысшы мамандықтар жылы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялаған болатын. ҚМГ елімізде алғашқылардың бірі болып бұл бастаманы қолдады.

- ҚМГ өндірістерінде **44 мыңнан астам** жұмысшы мамандығының өкілі еңбек етеді

JanAru (Жаңару) білім беру бағдарламасы

ҚМГ Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында және елімізде гендерлік саясатты қолдау мақсатында мұнай-газ саласында еңбек ететін жұмысшы әйелдерді қолдауға бағытталған бағдарламасын іске қосты.

Бағдарламаның мақсаты — өндірісте еңбек ететін әйелдердің кәсіби және тұлға ретінде дамуына жәрдемдесу.

- **47 қатысушы**
- **12 еншілес және тәуелді ұйым**
- Мамандықтар: сорғы станцияласының машинисі, қабат қысымын ұстап тұру, мұнай-газ өндіру, ұңғымаларды зерттеу және пульттерді басқару жөніндегі оператор, тауар операторы, химиялық талдау зертханашысы, электромонтер мен аспаз.

«АЛЫП» мамандардың кәсіби дамуы және ысырапсыз өндіріс мәдениетін қалыптастыру жөніндегі бағдарлама

- **63 жас маман** өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға бағытталған бастамаларын ұсынды
- **13 еншілес және тәуелді ұйым**
- Операциялық тиімділікті, HSE және цифрлық процестерді жетілдіру бойынша **49 жоба** іске асырылды
- **~989 млн теңге** — күтілетін жылдық экономикалық тиімділік

#1 Стратегиялық есеп

2025 жылы ҚМГ Стратегиясы жаһандық энергетика нарығының өзгерістеріне бейімделуге және тұрақты ұзақ мерзімді өсуді қалыптастыруға бағытталған болатын. Компания энергетика және климаттық трендтерді ескере отырып, тиімділікті арттыру, қаржылық орнықтылық, бизнесті әртараптандыру мен трансформациялау мәселелеріне ерекше ден қойды.

Компания туралы



ҚМГ бүгін

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ — Қазақстан Республикасының вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы.

Компания 2002 жылы құрылған, мұнай-газ саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға атсалысады, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы мемлекеттің мүддесін қорғайды.

ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады.

Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ұлттық көшбасшы компаниясы

#1
Қазақстанда

- мұнай өндіру бойынша
- мұнай тасымалдау бойынша
- мұнай өңдеу бойынша

ҚМГ Қазақстанның ірі жұмыс берушілерінің қатарына жатады және 52 мыңнан аса адамды жұмыспен қамтып отыр

Акционерлер


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) — 67,42 %, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – 20 %, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі – 9,58 %, Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – KASE) мен Astana International Exchange-де (AIX) еркін айналымдағы акциялар саны – 3 %. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиесілі акциялар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының сенімгерлік басқаруына берілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ – Қор тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді бағасын (құндылығын) арттыру және Қор тобының активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталған дербес қор.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – қаржы саласында басшылық ететін мемлекеттің орталық атқарушы орган. Сонымен қатар заңнамада көзделген шегінде өзінің құзыретіне жататын салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

ҚР Ұлттық Банкі – Қазақстан Республикасының орталық банкі және еліміздегі банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері, %



67,42	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»
20	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
9,58	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
3	KASE және AIX биржаларында еркін айналымда

Бизнестің географиясы





НЕГІЗГІ НАРЫҚТАРҒА ҚАТЫСУЫ

Мұнай сату, %



67 Экспорт (негізінен Еуропаға)

33 Ішкі нарық

ҚМГ корпоративтік орталығы деңгейінде мұнай өнімдерін сату, %




91 Ішкі нарық

9 Экспорт (Еуропа, Қытай, Ресей)

НАРЫҚТАҒЫ ҮЛЕСІ

Қазақстан, %



26 Мұнай өндіру

17 Газ өндіру

55 Тасымалдау

80 Өңдеу

- Операциялық өндіруші активтер
- Мегажобалар:
- Мұнай айдау станциясы (МАС)
- Бас мұнай айдау станциясы (БМАС)
- Барлау және өндіру
- Қолданыстағы мұнай құбыры

1. «МұнайТас» СБҚК» ЖШС
2. «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)
3. Каспий Құбыр желісі Консорциумы
4. «ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)

- Мұнай өңдеу зауыты
- ЖМҚС

Активтер құрылымы

Ұсынылып отырған активтер құрылымы сараптамалық мақсатта ғана келтірілген және шоғырландырылған қаржылық есептілікке қоса берілген «Сегменттік есептілік» ескертпесінде ашып көрсетілген операциялық сегментіндегі активтердің бөлінісіне толық сай емес. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес негізгі еншілес компаниялардың, бірлескен кәсіпорындардың және қауымдастырылған компаниялардың бөлінуі «Қаржы қызметке шолу» бөлімінде ұсынылған.



Барлау және өндіру

Операциялық активтер:

- 100 % «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ)
- 50 % «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ)
- 100 % «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ)
- 50 % «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ)
- 33 % PetroKazakhstan Inc.
- 50 % «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ)
- 50 % «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)
- 100 % «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ)
- 100 % «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨО)
- 60 % Dunga Operating Gmbh[1] (Доңға)
- 50 % Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ)
- 100 % «KMG Barlau» ЖШС

Мегажобалар:

- 20 % «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО, Теңіз)
- 10 % «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»[2] (ҚПО, Қарашығанақ)
- 16,88 % North Caspian Operating Company N.V.[3] (NCOC, Қашаған)



Мұнай тасымалдау

- 90 % «ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)
  - 50 % «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)
  - 51 % «МұнайТас» СБҚК» ЖШС
  - 100 % «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ
- 20,75 % «Каспий Құбыр желісі Консорциумы — Р» АҚ[4] (ККК-Р)
- 20,75 % «Каспий Құбыр желісі Консорциумы — Қ»[4] АҚ (ККК-Қ)
- 100 % «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТККҚК» ЖШС (ҚТКФ)

[1] Dunga Operating GmbH – 100 % шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, Доңға жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімшартта 60 % үлеске иелік етеді.
[2] «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС – 100 % шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, ол Қарашығанақ жобасы бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімде 10 % үлесін иеленеді.
[3] «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК – 100 % шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, ол Солтүстік Каспий жобасы бойынша өнімді бөлу туралы келісімде 16,88 % үлеске ие.
[4] 19 % үлесі ҚМГ-ға тікелей, 1,75 % үлесі Қазақстан Пайплайн Венчурс компаниясы арқылы тиесілі.



Өңдеу және мұнай химиясы

- 100 % «ПМХЗ» ЖШС (Павлодар мұнай-химия зауыты)
- 99,53 % «АМӨЗ» ЖШС (Атырау мұнай өңдеу зауыты)
- 49,72 % «ПетроҚазақстан Ойл Продактс»[5] ЖШС (ПҚОП)
- 50 % «Caspi Bitum» БК» ЖШС
- 100 % KMG International N.V.
  - 54,6 % Rompetrol Rafinare SA «Петромидия»
  - 54,6 % Rompetrol Rafinare SA «Вега»
- 49,5 % «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (КРІ)
- 40 % «Силлено» ЖШС[6]
- 100 % «KMG PetroChem» ЖШС
- 100 % «ҚазМұнайГаз – Аэро» ЖШС
- 49 % «КС Energy Group» ЖШС




Мұнай сервисі және басқалар

- 100 % «KMG Drilling & Services» ЖШС
- 100 % «Oil Services Company» ЖШС
- 100 % «Oil Construction Company» ЖШС
- 100 % «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС
- 100 % «KMG Systems & Services» ЖШС
- 100 % «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ)
- 50 % «ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ)
- 48,996 % «ТеңізСервис» ЖШС
- 49 % «KMG Nabors Drilling Company» ЖШС
- 49 % «KMG Parker Drilling Company» ЖШС
- 49 % «KMG Automation» ЖШС
- 100 % «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС

[5] 49,72 % — Valsera Holdings B.V.-ге өткізілген 50 % иеленуі арқылы жанама қатысу үлесі, аталмыш компания өз кезегінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-нің (ПҚОП) 99,43 % иелік етеді. ПҚОП-қа қатысты Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік нәтижелерін бағалау кезінде өндіріске қатысудың 50 % үлесі ескеріледі.
[6] 29,9 % үлесі ҚМГ-ға тікелей тиесілі, 10,1 % үлесі еншілес кәсіпорны «KMG PetroChem» ЖШС арқылы тиесілі.

Бизнес үлгісі

ҚҰНДЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ



Бүкіл құн тізбегі бойынша толық вертикалды интеграция сегменттер арасындағы синергияны қамтамасыз етеді, операциялық тиімділікті арттырады, шығындарға бақылауды күшейтеді және шикізат тауарларына баға өзгерісінің бизнеске әсер ету деңгейін төмендетеді.

МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Дәлелденген және ықтимал қорлар (2P):

724
млн тонна м.э.

5 626 млн
барр. м.э.

Мұнай мен конденсат өндіру:

26,2
млн тонна;

544
мың барр. / тәулігіне

Газ өндіру

11,4
млрд м³

3 063
млн АҚШ долл
EBITDA

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай тасымалдау

83,3
млн тонна:

- құбыр арқылы тасымалдау — **72,6 млн тонна;**
- теңіз арқылы тасымалдау — **10,7 млн тонна**

8 923 км
магистралды мұнай құбырларының жалпы ұзындығы

665
млн АҚШ долл.
EBITDA

ШИКІ МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Мұнай өңдеу көлемі

21,0
млн тонна

- Қазақстандағы МӨЗ-дер — **14,7 млн тонна;**
- Румыниядағы МӨЗ-дер — **6,3 млн тонна**

ҚМГ үлесіне полипропилен өндірісі:

187
мың тонна

922
млн АҚШ долл.
EBITDA

Мақсаттар мен міндеттер – 2031:

240 млн тонна — 2022 жылдан 2031 жылға дейінгі жиынтықты мұнай өндіру көлемі

Газ өндіруді ұлғайту

Қорларды өндіру кезеңіне тездетіп көшіру

Перспективті учаскелер бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу

Экспортқа мұнай тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамыту

Қуаттардың пайдалану тиімділігін жоғарылату

Мұнай-газ химиясы жобаларын жүзеге асыру

Мүдделі тараптардың құндылықтары

Еліміздің мұнай-газ саласының әрбір сегментіне қатысу және көшбасшылық позицияға ие болу — геологиялық барлаудан бастап мұнай өнімдерін сатуға дейін — Компанияға көптеген мүдделі тараптар үшін құндылық жасауға мүмкіндік береді. ҚМГ акционерлерге тұрақты төлемдерді жүргізеді, инвесторлар мен кредиторлар алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындайды, ірі жұмыс беруші және салық төлеуші, серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтеді, әлеуметтік жобаларға инвестиция құяды және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді.

300 млрд теңге
акционерлерге дивиденд

2 284 млрд теңге
ҚР бюджетіне салық пен төлемдер (бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда)

52 мың адам
тұрақты жұмыс орындары

31 млрд теңге
қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

70 түрі
қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлерге арналған әлеуметтік қолдау

4,2 млрд теңге
жер қойнауын пайдалану келісімшарттар аясындағы әлеуметтік инвестициялар

2 253 млрд теңге
сатып алу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттарды қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі

78 %
сатып алудағы елішілік құндылық үлесі

Инвестициялық тартымдылығы

Неліктен Қазақстан

Қазақстанның бірегей географиялық орналасуы
Қазақстан – географиялық тұрғыдан бірегей, едәуір ресурстар қоры бар және негізгі сауда бағыттарының қиылысында ұтымды орналасқан мемлекет. Еліміздің аумағы бойынша Еуропа мен Қытай арасындағы құрлық арқылы жүк тасымалды көлемінің шамамен 85 % өтеді.

Тұрақты экономикалық жағдайы
Қазақстан экономикасы Орталық Азиядағы ең ірі болып саналады және өңірдегі жиынтықты ішкі жалпы өнімнің 50 % астамын құрайды. Қазақстан экономикасының динамикасы тұрақты өсіп келеді.

Қолайлы инвестициялық орта және тұрақты реттеу режимі
Теңіздегі жаңа жобалар бойынша мұнайға салынатын экспорттық кеден бажын алып тастаудың, сондай-ақ 2023 жылы Жақсыртылған модельдік келісімшартты (ЖМК) пайдалана отырып, күрделі жобаларды іске асыру үшін жаңартылған заңнамалық және салық базасын енгізудің нәтижесінде Қазақстан инвесторлар үшін әлдеқайда қолайлы әрі болашағын болжауға болатындай елге айналды.

Неліктен ҚМГ

Ұлттық мұнай-газ компаниясының мәртебесі
- ҚМГ — көмірсутек секторында мемлекеттің мүддесін қорғауға уәкілеті бар Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы, бұл институционалдық қолдауды және мемлекеттік саясат тетіктерін пайдалануды қамтамасыз етеді.
- Мемлекеттік қолдау ескі активтердің экономикасын оңтайландыруға және босатылған қаражатты олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін фискалды әрі салық преференцияларын қамтиды.
- Қолайлы және болжамды дивиденд саясаты компанияның бос ақша ағыны мен қарыз жүктемесінің деңгейін ескеріп отырады.

ҚМГ-ның Қазақстан экономикасына ықпалы
- Нарықтағы үлесі басым. ҚМГ-ға еліміз бойынша мұнай өндірудің 26 % және газ өндірудің 17 %, ұлттық мұнай тасымалдаудың 55 % жуығы және ішкі өңдеудің шамамен 80 % тиесілі.
- Ел экономикасында жүйе жасаушы рөл атқарады. ҚМГ мемлекет бюджетіне тұрақты түсімдерді, акционерлерге сенімді төлемдерді және инвесторлар мен кредиторлар алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді. Компания – Қазақстандағы ірі жұмыс берушілердің бірі.

Құнды қалыптастырудың барлық тізбегі бойынша толық вертикалды интеграция
- ҚМГ-ның геологиялық көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдау, өңдеу, мұнай-газ химиясы мен сервистік компанияларға дейінгі мұнай-газ тізбегінің барлық кезеңдерін қамтитын әртараптандырылған активтер портфелі бар.

Неліктен қазір

Саладағы көшбасшылық орны

Барлау
- Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқықтарына басым түрде қол жеткізе алады.
- Барлау активтерінің перспективті портфелі бар.
- Қарқынды геологиялық барлау қызметі (ЖГЗ 1.0 және ЖГЗ 2.0).
- Едәуір ресурстық әлеуеті және мұнай өсімін арттыру мүмкіндігі бар.
- Геологиялық-геофизикалық деректері ауқымды.
- Стратегиялық серіктестерді кэрри-қаржыландыру негізінде тарта алады.

Толығырақ **74-77-бетте**

Өндіру
- ҚМГ өзінің өндіруші активтерінен тұратын портфелінен бөлек, Қазақстанның үш ірі мегажобасында (Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған) елеулі үлестеріне иелік етеді, бұл сенімді ресурстық базаны және өндірудің тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді.

Толығырақ **78-95-бетте**

Өңдеу және маркетинг
- Мұнай өңдеу саласында көшбасшылық орынға ие.
- Заманауи әрі жаңғыртудан өткен кәсіпорындары бар.
- Озық өңдеу технологияларын енгізеді.
- Өңдеу қуаттарының өсу әлеуеті бар.
- Шикізат базасына кепілді түрде қол жеткізе алады.
- Өңдеу тереңдігі мен қосылған құны артып келеді.

Толығырақ **104-115-бетте**

Мұнай тасымалдау
- Басты экспорттық бағыттарға сенімді қол жеткізу.
- Мұнай тасымалдау активтерінің әртараптандырылған портфелі.
- Магистралды инфрақұрылымды бақылау.
- Жеке танкерлік флоты.
- Мұнай тасымалдау секторы бойынша нарықта көшбасшылық етеді.
- Экспорттық көлемдердің өсу әлеуеті.
- Тасымалдау активтері басты экспорттық бағыттарға сенімді қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
- «ҚазТрансОйл» АҚ (ҚМГ-ға 90 % үлесі тиесілі еншілес ұйым) — Қазақстан Республикасының магистралды мұнай құбыры жөніндегі ұлттық операторы.
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС (ҚМГ-ның 100 % еншілес ұйымы) — Қазақстандағы ең ірі кеме қатынасы компаниясы.

Толығырақ **96-104-бетте**

Қаржылық орнықтылық
- Үш жетекші халықаралық рейтинг агенттігі тарапынан инвестициялық кредиттік рейтингтері бар.
- Теңгерімді қарыз құрылымы.
- Халықаралық капитал нарықтарына тұрақты қол жеткізу.
- Жүйелі қаржы саясаты.

Толығырақ **12-13, 126-139-бетте**

Мұнай-газ химиясы жобалары – Компания өсуінің жаңа қозғаушы күші
Мұнай-газ химиясының дамуы Компанияның тігінен интеграцияланған жүйесін күшейтеді және бүкіл құн тізбегі бойынша қосылған құн көлемін арттырады.

Толығырақ **8-9, 67- 70-бетте**

Салмақты әрі тәжірибелі менеджмент
Менеджмент тобы операциялық тұрақтылық пен инвестициялық ресурстарды дұрыс бөлуді қамтамасыз ете отырып, тәуекелдер мен капиталды басқарудың жүйелі тәсілімен қатар саладағы терең сараптаманы ұштастырады.

Толығырақ **215-224, 246-254-бетте**

Заманауи корпоративтік басқару жүйесі
Компанияда үздік халықаралық тәжірибелер мен жария капитал нарықтарының талаптарына сай заманауи корпоративтік басқару жүйесі енгізілген.

Толығырақ **208-211, 280-бетте**

Тұрақты даму қағидаттарын ұстануы (ESG)
ҚМГ ESG-тәсілдерін Стратегиямен, операциялық қызметпен және инвестициялық шешімдермен біріктіре отырып, тұрақты даму қағидаттарын жүйелі түрде ұстанып келеді.

Толығырақ **140-194-бетте**

Басты көрсеткіштер

Қаржы көрсеткіштері

EBITDA, млн АҚШ доллары

2025	4 591
2024	4 264
2023	4 398

Таза қарыз, млн АҚШ доллары

2025	742
2024	2 214
2023	3 620

Түсім, млн АҚШ доллары

2025	17 977
2024	17 750
2023	18 236

Бос ақша ағыны, млн АҚШ доллары

2025	2 365
2024	2 555
2023	2 157

Таза пайда, млн АҚШ доллары

2025	2 056
2024	2 332
2023	2 031

Таза қарыз / EBITDA, коэффициент

2025	0,16
2024	0,52
2023	0,82

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлес, млн АҚШ доллары

2025	1 497
2024	1 132
2023	1 171

Есептеу әдісі бойынша күрделі салымдар, млн АҚШ доллары

2025	1 309
2024	1 526
2023	1 761

Кассалық әдіс бойынша күрделі салымдар, млн АҚШ доллары

2025	1 281
2024	1 374
2023	1 498

Экологиялық көрсеткіштер

NO_x шығарындылары, өндірілген КСШ-нің[1] 1 мың тоннасына, тонна

2025	0,36
2024	0,39
2023	0,35

SO_x шығарындылары, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна

2025	0,18
2024	0,23
2023	0,23

ІМГ жағу қарқыны, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна

2025	1,70
2024	1,45
2023	1,40

[1] Көмірсутек шикізаты.

Операциялық көрсеткіштер

Көмірсутек қорлары (2P), млн тонна м.э.

2025	724
2024	716
2023	733

Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна

2025	26 211
2024	23 837
2023	23 532

Табиғи және ілеспе газ өндіру, млн, $м^3$

2025	11 450
2024	9 554
2023	9 459

Мұнай тасымалдау, мың тонна

2025	83 330
2024	83 478
2023	80 359

Мұнай өңдеу, мың тонна

2025	20 980
2024	19 158
2023	19 593

Әлеуметтік көрсеткіштер

Қызметкерлердің тізім бойынша саны[1]

2025	52 035
2024	52 600
2023	51 405

Жұмыс уақытын жоғалтқан жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)[2]

2025	0,21
2024	0,22
2023	0,30

Өлім-жітім коэффициенті (FAR)[3]

2025	1,01
2024	1,03
2023	2,11

Әлеуметтік тұрақтылықтың деңгейі (Samruk Research Services индексі), %

2025	84
2024	79
2023	75

[1] Есепке қатысу үлесі 51 % және одан да көп қауымдасқан компаниялардың қызметкерлері алынды. Тізімдік санға ҚМГ тобы қызметкерлерінің, сондай-ақ ұзақ оқу себебінен уақытша болмаған немесе жүктілік пен босануына байланысты, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлердің нақты саны кіреді.
[2] Lost Time Incident Rate.
[3] Fatal Accident Rate.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі



Жаһандық экономикаға үлес қосып отырған Қазақстан ауқымды цифрландыру кезеңіне қадам басты, бұл Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында белгіленген стратегиялық бағдарларға сәйкес келеді.

Нұрлан Жақыпов,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті акционерлер, инвесторлар және серіктестер!

Әлемдік энергетика нарығы 2025 жылы геосаяси тұрақсыздық, сауда шектеулерінің күшеюі және жедел технологиялық даму аясындағы трансформацияны жалғастырды. Сонымен қатар жылдың елеулі оқиғаларының бірі нарықтық баланстың тұрақты ұсыныс профицитіне ауысуы болды, бұл бағаның құбылмалығын және салаға қатысушылардың операциялық тиімділігі мен инвестициялық тәртібіне қойылатын талаптарды күшейтті.

Жаһандық экономикаға үлес қосып отырған Қазақстан ауқымды цифрландыру кезеңіне қадам басты, бұл Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында белгіленген стратегиялық бағдарларға сәйкес келеді.

Осы сын-қатерлерге жауап ретінде 2025 жылы Компания негізгі стратегиялық басымдықтарға айрықша көңіл бөлді, соның ішінде операциялық тиімділікті жүйелі түрде жоғарылату және озық технологиялық шешімдерді енгізу есебінен бизнес үлгісінің өзгермелі жағдайларға бейімделуі бар. Мұндай тәсіл компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығының және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізін қалайды.

ҚМГ-ның ұлттық экономикадағы орны

Мұнай Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігінің негізін және ішкі жалпы өнімнің 16 % және экспорттың 53 % қалыптастыра отырып, орнықты экономикалық өсудің маңызды факторы болып қала береді.

ҚМГ мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшы компаниясы ретінде ел экономикасына елеулі үлес қосып келеді, атап айтқанда экономиканың бәсекеге қабілетін нығайтуда және әлеуметтік әл-ауқатты арттыруда маңызы зор. Бүгінде ҚМГ Қазақстанда мұнай мен газ конденсатын өндірудің шамамен 26 %, газ өндірудің 17 %, тасымалдаудың 55 % және өңдеудің 80 % қамтамасыз етеді.

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

Геологиялық барлау саласын дамыту – бұл ҚМГ-ның негізгі басымдықтарының бірі болып саналады. Бұл сектор қолданыстағы активтерді қарқынды түрде қосымша барлап, жаңа перспективті учаскелерде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда, еліміздің минералдық-шикізат базасын орнықты нығайтуға бағытталған.

ҚМГ-ның геологиялық барлау жобаларының портфелі халықаралық компаниялармен ынтымақтастықта қолға алынған, сондай-ақ компанияның толық өз күшімен жүзеге асырылатын жобаларды қамтиды. Мұндай портфельді қалыптастыруға тартымды инвестициялық жағдайлар ықпал етті, соның ішінде Қазақстандағы тұрақты макроэкономикалық жағдай және Қазақстан Республикасының Президенті 2023 жылы қол қойған күрделі жобаларға арналған жақсартылған модельдік келісімшарт бар.

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

Компания операциялық активтердің тұрақты жұмысына және бүкіл бағыттар бойынша вертикалды интеграцияны нығайтуға бағытталған жүйелі тәсілді жүзеге асырып келеді.

Компания байырғы активтердегі табиғи жолмен төмендеп жатқан өндіру көлемінің орнын толтыру үшін озық технологиялық шешімдерді енгізу есебінен өндірістік қызметтің тиімділігін барынша арттыруда.

2025 жылы «Теңізшевройл» ЖШС белгіленген мерзімнен бұрын Болашақ кеңейту жобасын іске асырудың маңызды кезеңін аяқтады — Теңіз кен орнындағы жаңа үшінші буын зауыты шикі мұнайды өндіре бастады. Мегажобалардағы ірі инвестициялық бастамалар – бұл өндірістік базаны толықтыруды және өндіру деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, компания өндірісінің өсуі үшін ұзақ мерзімді әлеуетті қалыптастырудың маңызды факторы.

2025 жылы ҚМГ өзгермелі сыртқы жағдайларға қарамастан, экспорттық бағыттарды әртараптандыруды және мұнай жеткізудің сенімділігін нығайта отырып, қосымша тасымалдау маршруттарын дамытуды жалғастырды. Сонымен қатар есепті жылы AD Ports Group-пен ынтымақтастық аясында Каспий теңізінде жүзуге арналған екі контейнерлік кеменің құрылысы бойынша жұмыстар басталды. Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағыты үшін паромдық флотты және контейнерлік кемелерді дамыту мақсатында Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы жаңа теміржол паромдық жүйесін құру мәселесі зерттеліп жатыр.

Барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін шығару бойынша міндеттемелерді орындап келеді. Өндірістік процестердің тиімділігін нығайту өңдеу көлемінің өсуіне және жеңіл мұнай өнімдері өндірісінің ұлғаюына жол ашты. Жөндеу науқандарының ішкі нарыққа тигізетін әсерін азайту мақсатында Компания мұнай өнімдерінің қажетті қорын алдын ала жасақтап, өндіріс жоспарларына түзетулер енгізді. Бұл, өз кезегінде, отын жеткізу тұрақтылығын қамтамасыз етті және елімізде жанармай балансын сақтауға мүмкіндік берді.

Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту

Әлемде мұнайға деген сұраныстың негізгі қозғаушы күшінің бірі мұнай-газ химиясы секторын дамыту – бизнесті әртараптандырудың және ішкі мен сыртқы нарықтарға бағдарланған қосылған құны жоғары әрі бәсекеге қабілетті өнім шығарудың стратегиялық маңызы зор бағыт.

Атырау облысында полиэтилен өндірісін, газ сепарациялау кешенін және этан мен пропанды тасымалдауға арналған магистраль инфрақұрылымы құрылысын қамтитын интеграцияланған газ-химия кластерін қалыптастыру – ел ішінде шикізатты терең өңдеуге жан-жақты жағдай жасайды.

Корпоративтік басқаруды жақсарту

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ үздік тәжірибелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жүйелі жұмысын жалғастырды. Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту ҚМГ Директорлар кеңесі мен атқарушы органы жұмысының тиімділігіне қойылатын талаптарды жоғарылатуға, акционерлермен өзара байланыстың өзекті қағидаттарын бекітуге, сондай-ақ тұрақты даму және ESG мәселелеріне ден қоюды күшейтуге мүмкіндік берді. Корпоративтік басқару мен іскерлік этика қағидаттарын сақтау ҚМГ Директорлар кеңесінің жұмысындағы басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

Тұрақты даму

Компания экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтарды тең ұстап, корпоративтік басқаруды жетілдіре отырып, тұрақты даму жүйесін дәйекті түрде қалыптастырып келеді.

Жаһандық климаттық күн тәртібін және Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясының мақсаттарын, сондай-ақ еліміздің халықаралық міндеттемелерін қолдай отырып[1], ҚМГ 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруда. Оның мақсаты – 2031 жылға қарай CO_2 шығарындыларын 2019 жылдың деңгейінен 15 %, ал 2060 жылға қарай 64 % төмендету.

Бағдарлама келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда: энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, метан шығарындыларын мониторингтеу мен олардың мөлшерін азайту және басқалар. Көміртекті тұту, пайдалану және сақтау (CCUS), сутегі энергиясы сияқты инновациялық әрі төмен көміртекті технологияларды қолданудың мүмкіндіктері зерттелуде. 2025 жылы көгілдір сутегі өндірісінің техникалық-экономикалық есеп-қисабы жасалды, сондай-ақ елдің бірнеше аймақтарына арналған жасыл сутегі өндіру үшін су ресурстарының Цифрлық атласы әзірленді.

Тұрақты авиациялық отын бағытын (SAF) дамытуды компания өңдеу сегментін әртараптандырудың стратегиялық элементі және көлік саласын декарбонизациялауға қосқан үлесі ретінде қарастырады. Есепті жылы Қазақстан Республикасында SAF өндіретін зауыт құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу туралы келісімге қол қойылды, бұл болашақ жобаның техникалық және экономикалық параметрлерін кешенді пысықтауды көздейтін жобалаудың келесі кезеңіне өтуін айқындады. Жобаны іске асыру Орталық Азияда қосылған құны жоғары тұрақты авиациялық отын өндірісінің экспортқа бағдарланған алғашқы сегментін құруға, Қазақстанның транзиттік авиациялық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға және ұлттық климаттық мақсаттарға қол жеткізу үшін үлес қосуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Компанияның тұрақты дамуды басқару жүйесін MSCI «BBB» деңгейінде бағалады. Биоалуантүрлілік, сондай-ақ денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда, экологиялық және әлеуметтік блоктардың жекелеген бағыттары бойынша ілгерілеу бар екені атап өтілді. Сонымен қатар бірқатар ESG-тәуекелді басқару ісін жетілдіруді қажет ететін тұстар анықталды, Компания оларды азайтуға бағытталған жұмысын жалғастырады. ҚМГ 2024 жылдың қорытындысы бойынша Carbon Disclosure Project (CDP) климаттық рейтингін «B» деңгейінде сақтап қалды.

ҚМГ энергия тиімділігін арттыру бойынша кезең-кезеңімен іске асырылатын модельді жолға қойды. 2031 жылға қарай 300-ден астам іс-шараны жүзеге асыру нәтижесінде 500 мың тоннадан астам отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу жоспарлануда.

Экономикаға қосқан үлесі және жергілікті қамтуды дамыту

Компания Қазақстан Республикасы бюджетінің кірісін молайтуға елеулі үлес қосып келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ еліміздегі ең ірі салық төлеушілердің бірі мәртебесін сақтап қалды – Қазақстанның бюджетіне аударылған салық пен өзге де міндетті төлемдердің жалпы көлемі 2,3 трлн теңгеге жетті.

Отандық өндірушілердің ҚМГ жобаларына қатысуы арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға және отандық өнімнің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етіп, ел экономикасын дамытуда елеулі рөл атқарады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша сатып алудың ұзақ мерзімді келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі 2,3 трлн теңгеге жетіп, елішілік құндылық үлесі 78 % болды. Айта кетсек, ҚМГ отандық өндірушілерді офтейк-келісімшарттар тетігі арқылы қолдауда, есепті жылы ҚМГ 16 млрд теңгеге есептелген 124 офтейк-келісімшарт жасасты. Компания 2025-2029 жылдарға арналған сатып алу жоспарларына талдау жүргізді, нәтижесінде жалпы сомасы 350 млрд теңгеге жергілікті деңгейде жасалуға ұсынылатын 5 мың тауар позициясының тізбесі жасалды.

Қаржылық орнықтылық

Өзінің кредит төлеу қабілеті мен қаржылық тұрақтылығын жақсарту аясында S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «тұрақты» болжамымен «BB+»-тен «BBB–» дейін көтерді. Тұрақты қаржылық нәтижелер компанияға үш жыл қатарынан акционерлерге рекордтық жоғары дивиденд төлеуге мүмкіндік береді, бұл жиынтығында 900 млрд теңгені құрады. 2025 жылы ҚМГ акциялары бір жарым есеге жуық өсті, бұл инвесторлар тарапынан жоғары сұраныс пен сенімді растайды.

Қорытынды

ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы әлемдік энергетика саласы құрылымындағы өзгерістер мен сыртқы ортаның құбылмалығы жағдайында өз өзектілігін растап отыр. Бұл құжат энергетикалық қауіпсіздік, ұзақ мерзімді өсу және мемлекет пен барлық тараптардың мүддесі үшін жауапты даму міндеттерінің теңдігін сақтай отырып, Компанияның стратегиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

2025 жылдың көрсеткіштері бизнестің тұрақтылығын және сыртқы сын-қатерлер жағдайындағы стратегиялық бағыттың тиімділігін дәлелдеді.

Есепті жылдың қорытындысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ дамуына үлес қосқан менеджменттің, компания қызметкерлерінің, серіктестердің және барлық мүдделі тараптың үйлесімді жұмысының арқасында нәтижелі болды.

Нұрлан Жақыпов
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

[1] 2009 жылғы Киото хаттамасын, 2016 жылғы Париж келісімін ратификациялау және Global Methane Pledge бастамасына қосылу.

Басқарма төрағасының үндеуі



Қол жеткізілген көрсеткіштер осымен шектелмейді: алдағы уақытта геологиялық барлау іс-шараларының көлемін ұлғайту, мұнай-газ химиясындағы флагмандық жобаларды іске асыру, компанияның операциялық тиімділігін арттыру жұмыстары бар.

Асхат Хасенов
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

Құрметті акционерлер, инвесторлар және серіктестер!

2025 жыл компанияның табысты операциялық және қаржылық көрсеткіштерімен ерекшеленді, бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын жүйелі іске асырудың заңды нәтижесі. Мұнай және газ конденсатын өндіру, табиғи және ілеспе газды өндіру, шикізат өңдеу деңгейі, жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі және өңдеу тереңдігі бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Бұл көрсеткіштер осымен шектелмейді: алдағы уақытта геологиялық барлау жұмыстарының көлемін ұлғайту, мұнай-газ химиясындағы флагмандық жобаларды іске асыру, Компанияның операциялық тиімділігін, соның ішінде цифрландыру арқылы арттыру, тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамыту, сондай-ақ озық технологиялық шешімдер мен жасыл жобаларды енгізу жұмыстары бар.

ҚМГ қаржы қызметінде жоғары тұрақтылықты көрсетті, «Таза қарыз / EBITDA» арақатынасы 0,16х құрады. Компанияның ауқымды инвестициялық бағдарламаны іске асыруға көшкенін ескерсек, борыштық жүктеменің сақталып отырған төмен деңгейі оны қаржыландыру үшін қажетті қаржылық икемділікті қамтамасыз етеді.

Геологиялық барлау

Табысты геологиялық барлау берік ғылыми әрі технологиялық шешімдерге негізделген. Соңғы он жылда ҚазМұнайГаздың геологияға жауапты мамандары жүйелі жұмысты атқарды, соның ішінде тарихи геологиялық-геофизикалық материалдарды кешенді талдау мен қайта түсіндіру, сондай-ақ Қазақстан аумағының 30 % астамын қамтитын Каспий маңы, Маңғыстау, Үстірт-Бозашы, Оңтүстік Торғай және Шу-Сарысу сияқты негізгі мұнай-газ шөгінді алаптары бойынша цифрлық модельдерді құру іс-шаралары бар. Жаңа жобаларды дайындау және еліміздің мұнай-газ әлеуетін қайта қарастыру үшін қуатты база қалыптастырылды.

Өңірлік зерттеулердің, алаптардың цифрлық модельдеудің және алдын ала сейсмикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша Компания әртараптандырылған жобалар портфелін жасақтап, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Қызылорда облыстарында кең ауқымды жұмыстарды бастап, геологиялық барлау қызметін күшейте түсті.

2025 жылы көмірсутектерді барлау мен өндіру бойынша төрт келісімшартқа қол қойылды. Каспий маңы шөгінді алабының солтүстік борт аймағында (Батыс Қазақстан облысы) орналасқан Березовский учаскесі бойынша жұмыстар Sinopec компаниясымен серіктестікте іске асырылуда. Каспий маңы алабының оңтүстік борт аймағындағы (Атырау облысы және Каспий теңізінің ішінара қазақстандық секторы) Жылыой учаскесі бойынша серіктес – CNOOC компаниясы. Оңтүстік Маңғыстау шөгінді алабындағы (Маңғыстау облысы) Солтүстік Өзен учаскесі KMG Barlau арқылы компанияның өз күшімен жүзеге асырылуда. Үстірт-Бозашы және Каспий маңы алабының түйіскен жерінде орналасқан (Маңғыстау облысы және Каспий теңізінің қазақстандық секторы) Болашақ учаскесі жөніндегі жобаны да ҚМГ өз күшімен іске асырып жатыр.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу бағдарламалары (ЖГЗ 1.0 және 2.0) бойынша қыруар жұмыс атқарылды. Нәтижесінде сейсмикалық барлаудың едәуір көлемін жүргізіліп қана қоймай, сонымен қатар инвестициялардың қайтарылуы қамтамасыз етілді.

ЖГЗ 2.0 аясында 2025 жылы жалпы көлемі 1800 км 2D және 1500 шаршы км 3D болатын Атырау және Ұлытау облыстарында Береке (Каспий маңы шөгінді алабы) және Шу-Сарысу (Шу-Сарысу шөгінді алабы) жобалары бойынша сейсмикалық барлау жүргізілді. Ақтөбе облысындағы Шығыс жобасы бойынша (Каспий маңы шөгінді алабы) 2D сейсмикалық барлаудың 2650 км тарихи деректері қайта өңделді.

Геологиялық барлау қызметін күшейтудің негізгі көрсеткіштерінің бірі – іздестіру бұрғылау жұмыстары көлемінің өсуі болды. 2020-2024 жылдар аралығында төрт іздеу ұңғымасы бұрғыланған болса, тек 2025 жылдың өзінде сегіз ұңғыма бұрғыланды. 2030 жылға дейін 25 іздеу ұңғымасын бұрғылау жоспарда, оның тоғызы терең ұңғыма. Бұл жер қойнауын игерудің неғұрлым ауқымды және технологиялық жағынан күрделі кезеңіне өтуді көрсетеді.

2026-2029 жылдары ҚМГ Каспий маңы, Үстірт-Бозашы, Маңғыстау, Оңтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Солтүстік Торғай шөгінді алаптары шегіндегі Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Ұлытау және Қостанай облыстарында ауқымды геологиялық барлау жұмыстарын іске асыруды жоспарлап отыр.

Қазақстанда көмірсутектерді өндіру он бес шөгінді алабының бесеуінде ғана жүргізілетінін ескерсек, геологиялық барлау портфелінің инвестициялық әлеуеті жоғары деп бағаланып отыр. Елімізде бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасалған, ал мемлекеттік саясат геологиялық барлауды қолдауға, озық технологияларды енгізуге және тұрақты энергетиканы дамытуға бағытталған.

Ұлттық компания ретінде ҚазМұнайГаз технологиялық тәуекелдері жоғары болып саналатын аса терең және геологиялық күрделі нысандарды бұрғылауға көшуді қоса алғанда, ауқымды әрі көп капиталды қажет ететін жобаларды іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Маңызды жетістіктердің бірі Қаратон Подсолевой (Атырау облысы) учаскесінде терең іздестіру ұңғымасының бірінші нысанын сынау кезінде газдың фонтанды ағынын алу болды, бұл терең орналасқан көкжиектерде көмірсутектердің бар екенін растады және тұзасты кешендерін одан әрі игеру үшін негіз қалыптастырады.

Өндіру

2025 жылы ҚМГ-ның бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлесін қоса есептегенде, мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 10 % өсіп, 26,2 млн тоннаны құрады. Газ өндіру көлемі 11,4 млрд. м³ құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 20 % жоғары болды.

Өндіріс деңгейінің өсуіне негізінен Теңіз кен орнында болашақ кеңейту жобасы аясында жаңа үшінші буын зауытын табысты пайдалануға берілуі және оның қуатын ұлғайту оң ықпал етті. Мұнай өндіру жылына 12 млн тоннаға артты.

Сонымен қатар операциялық активтер де тұрақты өндірістік нәтижелерді көрсетті. «Ембімұнайгаз» АҚ-да Батыс Прорва кен орнында алғашқы кешенін техникалық тұрғыда іске қосу және Батыс Қарасор жаңа кен орнын пайдалануға беру жобалары сәтті іске асырылды, бұл мұнай мен газ конденсатын өндіруді 2,2 %, яғни 2 850 мың тоннаға дейін ұлғайтуға, сондай-ақ газ өндіруді 18,1 %, 242 млн м³ дейін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар 2025 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының Түпқараған ауданында орналасқан Доңа кен орнында мұнай өндіру көлемі 677 мың тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 7,5 % артты. Көрсеткіштің өсуі операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған геологиялық-техникалық және өндірістік іс-шаралар кешенін іске асыру арқылы қамтамасыз етілді.

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС бойынша 2025 жылы нақты газ өндіру 470 млн м³, мұнай және газ конденсатын өндіру 343 мың тоннаны құрады. 1-кезең аясында жобалық жабдыққа толық көшу жұмыстары атқарылды, бұл 2026 жылы газ және конденсат өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылы «Өріктау Оперейтинг» ЖШС шикі газды Жаңажол мұнай-газ өңдеу кешенінің қуатында технологиялық өңдеу бойынша «СНПС-Ақтөбемұнайгаз»АҚ-мен келісім жасасты. Бұл келісім шикі газды өңдеу үшін қажетті қуаттармен қамтамасыз етеді және Орталық Өріктау кен орнын өнеркәсіптік игеруге кірісуге және 2027 жылдың соңына қарай тәуліктік газ өндіру режимін жылына 1 млрд м³ дейін арттыруға жол ашады.

Компания игерудің озық технологияларын енгізуге ерекше ден қоя отырып, ескі кен орындарында өндірудің табиғи төмендеуін өтеу мақсатында өндіру көлемін ұлғайтуға және сақтап қалуға бағытталған шараларды жүйелі түрде іске асырып келеді. Технологиялық сын-қатерлерді еңсеру жөніндегі жол картасын іске асыру аясында, бір мезгілде бөлек айдау, қабылдағыштық профилін тегістеу, шағын диаметрлі (Slimhole) ұңғымаларды бұрғылау бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар және полимерлі су айдау сияқты озық шешімдер кешенін енгізу нәтижесінде 2025 жылы қосымша 434 мың тонна мұнай өндірілді.

Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 2024 жылмен салыстырғанда

10 % өсті

Тасымалдау

Мұнайды құбыр және теңіз арқылы тасымалдаудың жиынтық көлемі 83,3 млн тоннаны құрады. Компания мұнай тасымалдау жүйелері бойынша құрылған көлік қуаттарының жүктемесін арттыру, сондай-ақ экспорттық бағыттарды әртараптандыру жұмыстарын жалғастыруда.

Әзербайжан Республикасының аумағы арқылы өтетін Қазақстан мұнайы транзитінің көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту туралы келісім аясында Ақтау — Баку — Тбилиси — Жейхан бағыты бойынша мұнай жеткізуді жылына 2,2 млн тоннаға дейін арттыру көзделуде. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Ақтау портынан Баку — Тбилиси — Жейхан бағытына қарай 1,3 млн тонна мұнай жөнелтілді. Баку — Тбилиси — Жейхан мұнай құбырындағы технологиялық шектеулерге байланысты 2025 жылдың тамыз-қазан айлары аралығында Ақтау-Баку бағыты бойынша жеткізілімдерді уақытша тоқтату мұнайды тиеп жөнелту көлеміне әсер етті. Сонымен қатар 2025 жылы Германияға мұнай тасымалдау көлемі 2,1 млн тоннаға дейін ұлғайтылды, бұл 2024 жылғы деңгейден 40 % артық.

Бұл ретте Каспий құбыр консорциумының құбыры еліміздің негізгі экспорттық бағыты болып қала береді: 2025 жылы ККҚ арқылы Қазақстан мұнайының 64,8 млн тоннасы тасымалданды, бұл мұнай тасымалдау жүйесі арқылы өтетін жалпы экспорт көлемінің 82 % құрайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Каспий құбыр консорциумы арқылы мұнай тасымалдау көлемі өткен жылмен салыстырғанда ҚМГ үлесіне 11 % артты. Компания экспорттық инфрақұрылымның сенімділігіне байланысты тәуекелдерді басқаруға басымдық беруде және логистикалық тізбектердің тұрақтылығын арттыруға бағытталған шаралар кешенін іске асырып жатыр.

77,7 %
еліміздегі барлық МӨЗ бойынша жеңіл мұнай өнімдерінің өнімділігі

Өңдеу және маркетинг

Қазақстанның және Румынияның мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеудің жалпы көлемі 21,0 млн тонналы құрап, ең жоғары тарихи деңгейге жетіп, мұнай өнімдерінің тұрақты жеткізілімін қамтамасыз етті. Бұл оң нәтижеге жету мұнай өңдеу зауыттарының тиімді жұмысының арқасында мүмкін болды.

2025 жылы Қазақстандағы үш ірі мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу тереңдігі 90,1 % құрады, бұл – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар аясында еліміздегі барлық МӨЗ бойынша оларды шығару көлемі 77,7 % жетті, бұл да – ең жоғары тарихи меже.

Мұнай өнімдері мен газды ішкі тұтынудың өсімі ішкі нарыққа жеткізу көлемдерін қамтамасыз етудің маңызын күшейтеді, бұл компанияның мұнай және газ өңдеу қуаттарын дамытуға, құруға және кеңейтуге бағытын алғанын анықтайды.

Осыған байланысты CNPC қытайлық серіктестігімен бірлесіп іске асырылып жатқан Шымкент мұнай өңдеу зауытының (ПҚОП) қуатын жылына 6 млн тоннадан 12 млн тоннаға дейін ұлғайту жобасының маңызы зор. 2025 жылы алдын ала техникалық-экономикалық негіздемені түзету аяқталды. ТЭН әзірлеу басталды.

Сонымен қатар ҚМГ Жаңаөзен қаласында қуаты 900 млн м³ болатын жаңа газ өңдеу зауытының құрылысын жүргізіп жатыр. Бұл Маңғыстау өңірі үшін стратегиялық маңызға ие өнеркәсіптік жоба. 2025 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

21,0 млн тонна
2025 жылы қазақстандық және румыниялық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын өңдеудің жалпы көлемі

Мұнай-газ химиясы

KPI интеграцияланған газ-химия кешені есепті жылы өнім желісін 15 маркаға дейін кеңейтіп, 377 мың тонна полипропилен өндірді. 326 мың тоннасы Еуропа, Қытай, Түркия және Ресей елдеріне экспортқа шығарылды Ішкі нарықты өніммен қамтамасыз етудің нәтижесінде Қазақстанның импортқа тәуелділігі 8 % дейін төмендеді.

ҚМГ мұнай-газ химиясында флагмандық жобаларды іске асырып келеді. Арзан шикізатқа қолжетімділіктің болуы мұнай-газ химиясын ҚМГ-ның өсуіне тың серпін бере алатын сала ретінде айқындайды, ол компанияның қосылған құн тізбегін дұрыс әрі сапалы кеңейтуге және еліміз үшін мультипликативтік әсердің жоғары деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Интеграцияланған газ-химия кешені толық циклді технология бойынша жұмыс істейді. 2025 жылы Атырау облысындағы арнайы экономикалық аймақ аумағында қуаты жылына 1,25 млн тонна және инвестиция көлемі шамамен 7,4 млрд АҚШ доллары болатын полиэтилен өндіретін зауыттың негізгі құрылыс жұмыстары басталды. Газ сепарациялау кешенін салу жобасы бойынша ерте құрылыс жұмыстары басталды. 2025 жылы магистралды құбырларды (этан, пропан) салу жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды.

Жоғарыда аталған жобаларға қосымша, сондай-ақ ҚМГ-ның мұнай-газ химиясы секторындағы әлеуетін барынша дамыту мақсатында басқа да жобаларды іске асыру қарастырылуда. Солардың бірі – ішкі нарық үшін де, экспорт үшін де азот тыңайтқыштарын жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған қуаты жылына 800 мың тонна карбамид өндіретін зауыт салу.

Технологиялық даму және цифрландыру

Жасанды интеллект негізінде әзірленген шешімдерді тарату операциялық тиімділікті, өндірістік процестердің сенімділігін және бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты факторларының біріне айналды. Бұл ретте цифрлық технологияларды одан әрі дамыту компания қызметінің басым бағыты болып қала береді. Жасанды интеллект пен Big Data технологияларына негізделген ҚМГ-ның жеке әзірлемесі – ABAI ақпараттық жүйесі кен орындарды барлау, бұрғылау, пайдалану және экономикалық әсерді бағалаудағы процестерді оңтайландыруға бағытталған көптеген тәуелсіз модульден тұрады. 2025 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС сияқты негізгі өндіруші активтерге «Су айдауды басқару» модулін тарату жұмыстары атқарылды.

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту

2025 жылы Жаңаөзен қаласында қуаты 50 МВт күн электр станциясы пайдалануға берілді – бұл Төмен көміртекті даму бағдарламасы аясында ҚМГ мен Eni S.p.A. бірлесіп іске асырып жатқан жалпы қуаты 247 МВт болатын гибридті электр станциясы жобасының бірінші кезеңі. Күн электр станциясы ҚМГ-ның еншілес кәсіпорындары — «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС-нің өндірістік процестерінің сенімділігі мен тұрақтылығын нығайтып, оларды электр энергиясымен қамтамасыз етеді. 2026 жылы жел (77 МВт) және газ (120 МВт) электр станцияларының құрылысы аяқталады деп жоспарланып отыр, одан кейін нысан жаңартылатын және дәстүрлі генерация арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін бірыңғай гибридті энергия кешені ретінде жұмыс істей бастайды.

Жамбыл облысында заманауи энергия жинақтау жүйесімен жабдықталған, қуаты 1 ГВт дейінгі жел электр станциясының құрылысын көздейтін «Мирный» жобасы іске асырылып жатыр. Бұл жаңартылатын энергетика саласындағы еліміздегі ең ірі жобалардың бірі. 2025 жылы техникалық-экономикалық зерттеулер аяқталып, өңірдегі жел әлеуеті талданды.

Еңбек қауіпсіздігі

Компания қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ компанияның өндірістік нысандары орналасқан өңірлерде тұратын халықтың денсаулығын қорғауға басымдық береді. Өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттырудың маңызды элементі цифрлық шешімдерді енгізу болды. Айталық, жоғары қауіпті жұмыстарды орындау кезінде оқыс оқиғалардың алдын алуға және жұмысшыларды қорғауға арналған TUMAR интеллектуалды бейнеталдау жүйесі 2025 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Жетібай және Қаламқас кен орындарында ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу кезінде ҚМГ-ның мұнай сервистік ұйымы – «Oil Services Company» ЖШС-де қолданыла бастады.

Жұмысшы мамандықтар жылы

Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған 2025 жылы Компания адами капиталды дамытуға және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға басымдық берді. Компания қызметінің ел экономикасы үшін стратегиялық маңызын және оның өңірлердегі әлеуметтік рөлін ескере отырып, өндірістік персоналдың кәсіби дамуына айрықша назар аударылды. ҚМГ компаниялар тобында жұмысшы мамандықтар бойынша 44 мыңнан астам адам еңбек етеді.

Компания жыл бойы кәсіптік оқыту, біліктілікті арттыру, тағылымдамадан өту және тәжірибе алмасу үшін жан-жақты жағдай жасады. Еңбек адамын дәріптеуге және кәсіби шеберлікті дамытуға бағытталған негізгі іс-шаралардың бірі «Үздік маман» шеберлік байқауы болды. Бұл жарыс ҚМГ-да он жылдан бері өткізіліп келеді. 2025 жылы байқауға компанияның Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Павлодар облыстарындағы, Шымкент қаласындағы, сондай-ақ Румыниядағы еншілес кәсіпорындарының 300-ге жуық қызметкері қатысты. Аталмшы конкурсқа қосымша ретінде 12 жұмысшы мамандықты қамтыған «ҚМГ Кәсіп» біліктілікті арттыру бағдарламасы, модульдік оқыту курстары (соның ішінде NCCER халықаралық сертификаты бар Crew Leadership), сондай-ақ мұнай-газ саласында еңбек ететін жұмысшы әйелдерді дамытуға бағытталған JanAru – Жаңару білім беру бағдарламасы және басқа да жобаларды қоса алғанда, қызметкерлерді дамытуға бағытталған бастамалар іске асырылды.

Компания қызметін жүргізетін өңірлердің әлеуметтік дамуы

2025 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚМГ Маңғыстау облысында екі ірі әлеуметтік жобаны іске асырды. Біріншісі – қуаты тәулігіне 50 мың м^3 құрайтын Кендірлі теңіз суын тұщыту зауыты, екіншісі жалпы ауданы 3 мың м^3 оқушыларға арналған Bolashaq Sarayi. Зауыт Жаңаөзен және оған іргелес елді мекендердің тұрғындарын сумен қамтамасыз етеді, ал жаңадан ашылған заманауи кешен балаларға оқу мен шығармашылық үшін жан-жақты жағдай жасайды.

Ел экономикасына қосып жатқан елеулі үлесін ескере отырып, ҚМГ өңірлердің тұрақты дамуына жәрдемдесуді жалғастырады. 2020-2025 жылдар аралығында компания 356 млрд теңге сомасына әлеуметтік жобаларды іске асырды. Тек 2025 жылы жергілікті атқарушы органдарға жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының міндеттемелері аясында 4,2 млрд теңге аударылды, ал демеушілік және қайырымдылық көмектің көлемі 2 млрд теңгеден асты.

Қорытынды

Біз өндірістің тұрақтылығын және еліміз, акционерлеріміз және инвесторларымыз үшін ҚМГ-ның ұзақ мерзімді құндылығын құруды қамтамасыз ете отырып, барлық еншілес ұйымдарда операциялық тиімділікті арттыру мәселесіне ерекше назар аударуды жалғастырамыз. 2025 жылы мен еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарда қызметтің негізгі бағыттары бойынша 30-дан астам көшпелі жұмыс кездесулерін өткіздім, бұл стратегиялық міндеттерді орындаудың тиімділігін арттыру үшін қосымша шараларды анықтауға мүмкіндік берді.

Сөзімді қорытындылай келе, ҚМГ компаниялар тобының барлық еңбек ұжымдарына және серіктестерімізге жоғары кәсіби шеберлігі мен есепті жылдың нәтижелеріне қосқан үлесі үшін алғыс білдіремін. Қол жеткізілген нәтижелер ҚМГ командасының үйлесімді жұмысы мен жоғары біліктілігінің жемісі болды.

Асхат Хасенов
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

Стратегия

Нарыққа шолу

Жаһандық тенденциялар және олардың ҚМГ Даму стратегиясын іске асыруға ықпалы

1. Макроэкономикалық жағдай
2. Нарық балансы мен баға конъюнктурасы
3. Жаһандық сұраныс факторлары
   - Қытайдағы сұраныс өсуінің баяулауы
   - Жаһандық дамудың жаңа орталығы – Азияның дамушы елдері (ҚХР есепке алмағанда)
4. Жаһандық ұсыныс факторлары
   - ОПЕК+ ұйымынан тыс мұнай өндіру көлемінің өсуі
   - ОПЕК+ ұйымының стратегиялық бағытын қайта айқындауы
5. Геосаяси өзгерістер және тасымалдау бағыттарын трансформациялау
6. Саланың энергияны тиімді пайдалану және цифрландыру (ЖИ) бағыттарына бейімделуі

3,3 %
2025 жылы жаһандық ЖІӨ өсімі

1


Макроэкономикалық жағдай
2025 жылы әлемдік экономика геосаяси шиеленістер мен сауда-саттық кедергілерінің күшеюіне қарамастан қалыпты тұрақтылықты көрсетті. Халықаралық валюта қорының (IMF, World Economic Outlook, 2026 жылғы қаңтар) бағалауы бойынша жаһандық ЖІӨ өсімі бұған дейін болжанған көрсеткіштен асып, 3,3 % құрады.

Дамыған елдердің экономикасы 1,7 % өсті, ал нарықты құраушы және дамушы елдер экономикасы жоғары өсу қарқынын көрсетіп, 4,4 % жетті. Әлемдік экономиканың өсуіне негізгі серпін берген — Азия елдері, әсіресе Үндістан (7,3 %) мен Қытай (5,0 %). Бұл елдер жаһандық энергия тұтынуындағы шешуші үлесін сақтап отыр. Алайда Қытай экономикасында тұтынудың құрылымдық баяулау белгілері айқын көрінуде.

2025 жылы экономиканың өсуіне жаңа сауда шектеулері енгізілуі мүмкін деген болжаммен компаниялар тауарларды алдын ала сатып алуы және жоғары технологиялар мен жасанды интеллект (ЖИ) салаларына салынған ірі инвестициялар қосымша серпін берді.

2025 жылы мұнай әлемдегі энергияның негізгі көзі ретіндегі басымдығын сақтап қалды. Тұтыну өсімінің қарқыны құрылымдық тұрғыдан баяулағанына қарамастан, мұнайға деген абсолюттік сұраныс артып отыр. Халықаралық энергетика агенттігінің (IEA, World Energy Outlook, 2025 жылғы қараша) болжамына сәйкес, қолданыстағы саясаттың сценарийі бойынша 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш тәулігіне 113 млн баррельге жетуі мүмкін. АҚШ энергетика ақпарат басқармасының (EIA, Annual Energy Outlook, 2025 жылғы сәуір) бағалауынша, бұрынғыдай сұйық көмірсутектің әлемдік энергия тұтынуындағы үлесі 30 % жоғары деңгейде сақталады. Бұл энергетиканың балама түріне көшу үдерісіне қарамастан, дәстүрлі энергия ресурстарына деген ұзақ мерзімді сұраныстың болатынын дәлелдейді.

2025–2050 жылдарға арналған отын түрлері бойынша әлемдік бастапқы энергия тұтыну болжамы, квадриллион БӨБ[1]



Дереккөз: EIA, Annual Energy Outlook 2025, Data Browser, база сценарийі, 2025 жылғы сәуір.

2

Нарық балансы мен баға конъюнктурасы
2025 жылы әлемдік мұнай нарығы тұрақты құрылымдық профицит кезеңіне өтті. Бұл көмірсутек бағасына қысым жасаған негізгі факторға айналды. IEA және EIA бағалауы бойынша, 2025 жылы жаһандық нарықтағы артық ұсыныс көлемі тәулігіне 2 млн баррельден асты. Аталған үрдістің басты себептері – әлемдік сұраныс өсімінің баяулауы аясында Америка елдерінде мұнай өндірудің рекордтық қарқынмен артуы болды.

IEA және EIA болжамдарына сәйкес, 2026 жылы ұсыныстың профициті одан да жоғары деңгейде күтілуде.

S&P Global Platts деректеріне қарағанда, ұсыныстың ұлғайып келе жатқан профициті жағдайында 2025 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне 69,1 АҚШ долларына дейін арзандады. Бұл көрсеткіш 2024 жылғы 80,8 АҚШ долларымен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Жылдың негізгі экономикалық ахуалы тұтыну құрылымының өзгеруімен және логистикалық тізбектердің бұзылу тәуекелдеріне нарықтың жоғары сезімталдығымен сипатталды.

Осыған ұқсас динамиканы KEBCO (Kazakh Export Blend Crude Oil) маркалы мұнай көрсетті: S&P Global Platts дереккөзі бойынша 2025 жылы орташа жылдық бағасы 2024 жылғы 80,7 АҚШ долларымен салыстырғанда барреліне 69,9 АҚШ долларына дейін төмендеді.

Мұнайдың 2024–2026Б жылдардағы әлемдік балансын бағалау, тәулігіне млн баррель




Дереккөз: BloombergNEF, Key Oil Agencies Update, 2026 жылғы қаңтар.

[1] Британдық жылуды өлшеу бірлігі.

KEBCO – Қазақстанның экспортқа шығарылатын мұнай белгісі, ол 2022 жылдың маусым айында ресейлік инфрақұрылым арқылы тасымалдау кезінде қазақстандық баррель мен ресейлік қоспаны ажырату үшін енгізілген. KEBCO жеткізілімдері қай елде өндірілгені жазылған сертификатпен бірге жүреді және халықаралық трейдерлер мен мұнай өңдеу зауыттары оны Urals сұрыпынан ерекшеленетін мұнайдың жеке сорты ретінде мойындады.

2026 жылы мұнай нарығында ұсыныс профициті сақталып, бағаның арзандауына қысым жалғаса беретін болады. Bloomberg сарапшыларының (2026 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша) консенсус-болжамына сәйкес, 2026 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне шамамен 68,0 АҚШ долларын құрауы мүмкін.

2024 және 2025 жылдардағы Brent пен KEBCO маркалы мұнай бағаларының динамикасы, барреліне АҚШ доллары



Дереккөз: S&P Global Platts.

ҚМГ-ға ықпалы
Мұнай бағасының түсуі компанияның валюталық түсіміне қысым түсірді. Соған қарамастан, 2025 жылы ҚМГ шығындарды тиімді басқару және негізгі активтердегі өндіріс көлемінің артуы есебінен жоғары операциялық тұрақтылық танытып, EBITDA көрсеткішін тұрақты деңгейде сақтап қалды.

ҚМГ сценарийлік жоспарлауды енгізіп, мұнай бағасының түсуіне компания қызметінің қаншалықты тәуелді екенін тұрақты түрде бағалап, талдау жүргізеді. Бұл болып жатқан нарықтық жағдайларға уақтылы бейімделуге, өндірістік және инвестициялық шешімдерді тиімді қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл шаралар операциялық қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қаржылық орнықтылықты сақтауға және баға құбылуы жағдайында ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

3

Жаһандық сұраныс факторлары
2025 жылы сұйық көмірсутектерге деген жаһандық сұраныс жалпы алғанда тұрақты болды. Алайда өсім қарқыны пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда баяулады. Жыл қорытындысы бойынша әлемдік тұтыну тәулігіне 0,8–1,3 млн баррельге ұлғайып, EIA, IEA және ОПЕК бағалауларына сәйкес тәулігіне 103,7–105,1 млн баррель аралығында қалыптасты.

Қытайдағы сұраныс өсуінің баяулауы
IEA (Oil 2025, 2025 жылғы маусым) есебіне сәйкес, ұзақ жылдар бойы әлемдік мұнай тұтынуы өсімінің негізгі драйвері болып келген Қытайда 2025 жылы сұраныс өсімі баяулаған. Сарапшылардың бағалауынша, бұл тұтыну қарқынының баяулауы уақытша құбылыс емес, керісінше экономиканың энергия сыйымдылығы төмен даму моделіне көшуімен байланысты құрылымдық өзгерістерді көрсетеді.

S&P Global (Global Oil Demand Monthly Outlook, 2025 жылғы желтоқсан) есебіне сәйкес 2025 жылы Қытайдағы мұнайға сұраныстың жылдық өсімі тәулігіне 72 мың баррельді құрады. Бұл 2024 жылғы тәулігіне 96 мың баррель көрсеткішінен төмен. Сұраныс өсімінің баяулауының негізгі себебі – көлік секторындағы жедел электрификация. IEA (Global EV Outlook, 2025 жылғы мамыр) болжамына сәйкес, Қытайда жаңа автокөлік сатылымындағы электр көліктерінің үлесі 60 % жетіп, мемлекет мақсат етіп қойған көрсеткіштерден едәуір асты. Бұл жағдай бензинге деген сұранысты (2025 жылы 2,7 %) төмендетті, сонымен қатар жүк көліктерінде сұйытылған табиғи газ (СТГ) және электр жетегі бар техниканың белсенді енгізілуі дизель отыны тұтынуының төмендеуіне әсер етті. Ауыр техника сегментінде баламалы жетекті көліктердің үлесі 39 % құрады. Бірақ оң динамиканы сақтап отырған бағыттар да бар. Атап айтқанда, мұнай химиясы шикізаты мен авиациялық отынға деген сұраныс өсуін жалғастыруда. Мұнай химиясы саласы жалпы сұраныстың баяулауын ішінара тоқтататын негізгі фактор ретінде қалып отыр.

ҚМГ-ға ықпалы
ҚМГ-ның Қытай нарығына тікелей жеткізу бағыттары шектеулі болғанына қарамастан, аталған өзгерістер Компанияға мұнайдың әлемдік бағасы арқылы жанама әсер етеді. Сондықтан өндірістік тәртіпті сақтау, операциялық шешімдердің икемділігін қамтамасыз ету, сценарийлік жоспарлауды қолдану және қызметтің баға құбылмалылығына әсерін тұрақты түрде бағалау ерекше маңызға ие.

Сонымен қатар ҚМГ бұл құрылымдық өзгерістерді мұнай-газ химиясы саласын дамытуға қосымша ынталандырушы фактор ретінде қарастырады. Өңдеу қуаттарын интеграциялау және жоғары қосылған құны бар өнімдерге бағдарлану – дәстүрлі мотор отындарына сұраныс төмендеген жағдайда маржиналдылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Жаһандық дамудың жаңа орталығы – Азияның дамушы елдері (ҚХР есепке алмағанда)
2025 жылы Азияның дамушы елдері (Қытайды есепке алмағанда) сұйық көмірсутектерге деген әлемдік сұраныс өсімінің негізгі драйверіне айналды. S&P Global Energy (IEA Oil Report Commentary, 2025 жылғы желтоқсан), аталған өңірдегі жылдық өсім шамамен тәулігіне 300 мың баррельді құрады.

Үндістанда сұраныстың артуына ең алдымен инфрақұрылымға бағытталған ірі мемлекеттік инвестициялар әсер етті бұл дизель отынына деген қажеттілікті күшейтуде. Сонымен қатар жеке автокөлік паркінің кеңеюі де маңызды фактор болып отыр. Жеңіл автокөлік сегментінде электромобильдердің үлесі әлі де төмен болғандықтан, дәстүрлі жанармай түрлері тұтыну құрылымында басым позициясын сақтап келеді. Осыған ұқсас үрдістер Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде (Индонезия, Вьетнам, Тайланд, Малайзия және Филиппинде) байқалады. Бұл елдерде сұраныстың өсуіне орта тап өкілдерінің көбею мен өнеркәсіп өндірісінің кеңеюі мүмкіндік жасап отыр.

2026 жылы бұл динамика ары қарай қарқын алады деп болжануда. S&P Global Energy-дің (Global Crude Oil Markets Short-Term Outlook, 2026 жылғы ақпан) бағалауынша, 2026 жылдың бірінші тоқсанында Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы Азиядағы ең жоғары өсімді қамтамасыз етіп — тәулігіне шамамен 300 мың баррельді құрайтын болады. Ал Оңтүстік Азияда (Үндістанды қоса алғанда) өсім шамамен тәулігіне 240 мың баррель деңгейінде болжануда. Аталған аймақ біртіндеп жаһандық өнеркәсіптік өндірістің жаңа орталығына айналып келеді. Бұл үдеріс индустрияландыру қарқынын жеделдетіп, жүк тасымалы үшін дизель отынына және мұнай химиясы саласы үшін нафтаға сұраныстың өсуіне ықпал етеді.

ҚМГ-ға ықпалы
Ұзақ мерзімде перспективада бұл үрдіс өнімді өткізу бағыттарын әртараптандырудың стратегиялық мәнін күшейтіп, Азияның барынша динамикада дамып келе жатқан нарықтарына икемді бейімделуді қажет етеді.


4

Жаһандық ұсыныс факторлары
2025 жылы жаһандық мұнай ұсынысы өсім көрсетуде. Бұл үрдіс ең алдымен Америка құрлығындағы өндірістің белсенді түрде кеңеюімен және ОПЕК+ елдерінің мұнай өндіру көлемін кезең-кезеңімен қалпына келтіру стратегиясымен байланысты. Сонымен қатар IEA (Oil 2025 жылғы маусым) есебіне сәйкес, әлемдік мұнай барлау және өндіру саласына салынатын инвестициялар 2020 жылдан бері алғаш рет 6 %-ға қысқарып, 2025 жылы шамамен 420 млрд АҚШ долларын құрады. Инвестиция көлемінің төмендеуіне мұнай бағасының әлсіреуі және тарифтердің енгізілуіне байланысты операциялық шығындардың артуы әсер етті.

ОПЕК+[1] ұйымынан тыс мұнай өндіру көлемінің өсуі
2025 жылы IEA деректеріне сәйкес (Oil 2025, 2025 жылғы маусым) әлемдік ұсыныстың өсуіне негізгі үлесті Солтүстік және Оңтүстік Америка елдері қосты. Атап айтқанда, АҚШ, Канада, Бразилия, Гайана және Аргентина өндіріс көлемін арттырды. АҚШ тәулігіне орта есеппен 13,61 млн баррель ұстап, мұнай өндірудің орташа жылдық деңгейін қамтамасыз ете отырып, әлемдегі ең ірі өндіруші ретіндегі позициясын сақтап қалды. Ал Гайана мен Бразилия терең сулы кен орындарында жаңа жүзетін қондырғыларын (FPSO) іске қосу арқылы өндіріс көлемін айтарлықтай ұлғайтты. Бұл үрдіс жаһандық нарықтың ОПЕК+ елдерінен жеткізілетін өнімге тәуелділігін төмендетіп, олардың әлемдік ұсыныстағы үлесінің одан әрі қысқаруына әсер етті.

[1] ОПЕК+ құрамынан тыс елдер — ОПЕК+ ынтымақтастық декларациясына қатыспайтын және сәйкесінше ОПЕК+ альянсы аясында өндіріс көлемін үйлестіру тетіктеріне бағынбайтын мұнай өндіруші мемлекеттер.

2024–2026 жылдарға арналған мұнай және сұйық көмірсутектерді әлемдік жеткізу құрылымын бағалау: ОПЕК+ және ОПЕК+ тобына кірмейтіндер, млн баррель/тәулігіне



Дереккөз: BloombergNEF, Key Oil Agencies Update, 2026 жылғы қаңтар.

ОПЕК+ ұйымынан тыс аймақтарда өндіру көлемінің тұрақтылығы қазіргі баға конъюнктурасы жағдайында технологиялық тиімділіктің едәуір артуы және инвестициялық модельдердің оңтайландырылуы арқылы қамтамасыз етіліп отыр. Rystad Energy сарапшыларының деректеріне (Oil Macro Monthly Report, 2025 жылғы желтоқсан) сәйкес, 2025 жылы американдық өндірушілер WTI маркалы мұнай бағасы ұзақ уақыт бойы барреліне 50 АҚШ долларына дейін төмендеген жағдайда да қолданыстағы өндіріс деңгейін сақтап қала алады. Бұл фактор саладағы жобалардың экономикалық беріктігін арттырып, құбылмалы нарық жағдайында рентабельділік шегін едәуір кеңейтеді.

ҚМГ-ға ықпалы
ОПЕК+ ұйымынан тыс өндірушілер тарапынан ұсыныстың артуы нарықтағы қысымды күшейтіп, бағаның өсу әлеуетін шектеп отыр. Осындай жағдайда Компания операциялық тұрақтылықты сақтауға және өндіріс қуатын ұлғайтуға бағытталған ірі жобаларды жүзеге асыруға басымдық береді. 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылдың қаңтарында Теңіз кен орны аумағында Болашақ кеңейту жобасының іске қосылуы ҚМГ үшін өндіру көлемін тәулігіне шамамен 50 мың баррельге арттыруға мүмкіндік берді.

ОПЕК+ ұйымының стратегиялық бағытын қайта айқындауы

ОПЕК+ әлемдік мұнай нарығында ұсынысты икемді басқару және айтарлықтай бос қуат қорының болуы есебінен «тұрақтандырушы якорь» ретіндегі рөлін сақтап отыр. 2025 жылы альянс қатаң өндіріс шектеу саясатына негізделген тәсілден нарықтағы өз үлесін біртіндеп қалпына келтіру стратегиясына түбегейлі ауысты: сәуір айында екі жылдан астам қолданылған тәулігіне 2,2 млн баррель көлеміндегі ерікті шектеулерді кезең-кезеңімен алып тастау басталды.

2025 жылдың төртінші тоқсанында қабылданған жедел шешімдер ОПЕК+ альянсының өсіп келе жатқан профицит пен макроэкономикалық тәуекелдерге жоғары бейімделіп жатқанын көрсетті. Альянс желтоқсан айында 2026 жылдың бірінші тоқсанында өндірісті қалпына келтіруді уақытша тоқтата тұру туралы шешімді ресми түрде растады. Бұл қадам маусымдық сұраныс төмендейтін кезеңде нарықтың артық ұсыныспен шамадан тыс толып кетуінің алдын алуға бағытталды. Сонымен қатар 2022 жылғы қазанда қабылданған тәулігіне 2 млн баррель көлеміндегі ұжымдық қысқартулардың кемінде 2026 жылдың соңына дейін күшінде қалатыны жарияланды.

ОПЕК+ аясында мұнай өндірудің белгіленген деңгейі, тәулігіне мың баррель

Елдер	Қаңтар 2026	Ақпан 2026	Наурыз 2026
Алжир	971	971	971
Ирак	4 273	4 273	4 273
Кувейт	2 580	2 580	2 580
Сауд Аравиясы	10 103	10 103	10 103
БАӘ	3 411	3 411	3 411
Қазақстан	1 569	1 569	1 569
Оман	811	811	811
Ресей	9 574	9 574	9 574

Дереккөз: ОПЕК, баспасөз релизі, 2025 жылғы қараша.

ҚМГ-ға ықпалы
ОПЕК хатшылығының 2026 жылғы 2 ақпандағы баспасөз хабарламасына сәйкес, ОПЕК+ қатысушыларының 2026 жылы 4 қаңтарда өткен виртуалды отырысында мақсатты өндіру деңгейлерінен жинақталған ауытқуларға өтем төлеудің жаңартылған кестесі келісімделді. 2026 жылдың қаңтар-наурыз айлары кезеңінде Қазақстан үшін мақсатты өндіру көлемі тәулігіне 1,569 млн баррель деңгейінде белгіленді.

ОПЕК+ қабылдайтын шешімдер әлемдік мұнай бағасының динамикасына тікелей әсер етіп, мұнай экспорттаушы елдер үшін операциялық жағдайларды айқындайды. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мемлекеттік дәрежеде халықаралық келісімдерді ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушылар үшін мақсатты өндіру деңгейлерін белгілейді. ҚМГ уәкілетті орган бекіткен талаптарды қатаң сақтайды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2025 жылғы 3 наурыздағы ресми мәлімдемесіне сәйкес, Қазақстан белгіленген өндіру деңгейінен асқан көлемдерді өтеуге дайын екенін растады және ОПЕК+ келісімі аясындағы міндеттемелеріне адал екенін білдірді.

1,569 млн баррель деңгейінде
2026 жылдың қаңтар-наурыз айлары кезеңінде Қазақстан үшін мақсатты өндіру көлемі тәулігіне белгіленді.

ОПЕК+ елдері бойынша мұнайды артық өндіру көлемін өтеу мөлшері, тәулігіне мың баррель

Елдер	Қаңтар 2026	Ақпан 2026	Наурыз 2026	Сәуір 2026	Мамыр 2026	Маусым 2026
Ирак	140	135	90	90	80	79
БАЭ	10	20	20	40	50	53
Қазақстан	503	629	549	569	569	669
Оман	6	5	6	7	8	6
Барлығы	**659**	**789**	**665**	**706**	**707**	**807**

Дереккөз: ОПЕК, баспасөз релизі, 2026 жылғы ақпан

[1] Жеңіл көмірсутектердің кең фракциялары

5

Геосаяси өзгерістер мен тасымалдау бағыттарын трансформациялау

2025 жылы жаһандық мұнай-газ индустриясы операциялық ортаға тікелей ықпал еткен жоғары геосаяси тұрақсыздық жағдайында жұмыс істеді. Rystad Energy (Oil, geopolitics and 2025, 2025 желтоқсан) талдау шолуына қарағанда, геосаяси тәуекел индексінің жылдық орташа мәні 1,33 деңгейінде қалыптасты. Бұл 2019 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіштердің бірі және тек рекордтық 2022 жылғы деңгейден (1,43) ғана төмен. Шиеленістің күшеюі нарықта геосаяси премияның қалыптасуына әсер етті, оның нәтижесінде ұсыныс профициті мен әлсіз әлемдік сұранысқа қарамастан, мұнай бағасының күрт төмендеуіне жол берілмеді.

Жалпы геосаяси ахуал оқиғалардың жиілеуімен, дипломатиялық шиеленіс кезеңдері мен тікелей қақтығыстардың алма-кезек орын алуымен сипатталды. Мұндай жағдайда энергетикалық қауіпсіздік пен өнімді жеткізу сенімділігі мемлекеттердің ұлттық және экономикалық саясатының негізгі басымдықтарының біріне айналды.

2025 жылғы жаһандық геосаяси негізгі оқиғалары

- **Қаңтар — наурыз:** Шығыс Еуропадағы қақтығыстың күшеюі, соның ішінде энергетикалық нысандарға ұшқышсыз ұшу аппараттарымен (ҰҰА) жасалған шабуылдар.
- **Сәуір:** АҚШ әкімшілігінің кең ауқымды сауда серіктестеріне қатысты «Liberation Day» тарифтер пакетін жариялауы.
- **Маусым:** Таяу Шығыстағы жағдайдың күрт ушығуы («12 күндік соғыс») — Израиль, Иран және АҚШ-тың қатысуымен, стратегиялық нысандарға соққылар және аймақтық инфрақұрылымға төнген қауіптердің артуы.
- **Шілде:** Еуропалық одақтың 18-санкциялар пакетін енгізуі, нәтижесінде ресейлік мұнайдың шекті бағасы барреліне 47,60 АҚШ долларына дейін төмендеді.
- **Қазан:** АҚШ, Ұлыбритания және G7 елдерінің ірі мұнай компаниялары — «Роснефть» ЖАҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ — қарсы санкциялар енгізуі.
- **Желтоқсан:** АҚШ пен Венесуэла арасындағы шиеленістің күшеюі, американдық тараптың санкциялық мұнай тиелген танкерді ұстауы.

Дағдарыстардың жиілегеніне қарамастан, 2025 жылы мұнай нарығы салыстырмалы тұрақтылық танытты. Rystad Energy (Oil, geopolitics and 2025, 2025 жылғы желтоқсан), деректері сәйкес, геосаяси тәуекел мен баға құбылмалылығы арасындағы тарихи өзара байланыс әлсіреген. ЖИ сарапшылар мұны ақпараттық ортаның сапалық өзгеруімен түсіндіреді: жасанды интеллект негізіндегі аналитиканың кеңінен қолданылуы және кемелерді спутниктік бақылау жүйелерінің дамуы нарықтың болжамды қауіптерге емес, нақты жеткізу үзілістеріне ғана жедел әрекет етуіне мүмкіндік берді. Ұсыныстың тұрақтылығын қамтамасыз еткен қосымша факторлардың бірі – параллельді логистика тетігі болды. Жыл соңына қарай көлеңкелі флот шамамен 1,2 мың танкерге дейін ұлғайып, санкциялық шектеулерді айналып өту арқылы мұнай ағынының үздіксіздігін сақтауға ықпал етті. Нәтижесінде нарықта физикалық тапшылықтың туындауына жол берілген жоқ.

Ұлғайып келе жатқан геосаяси фрагментация әлемдік энергетикалық инфрақұрылымның негізгі көлік дәліздерінің осалдығын күшейте түсті. IEA (World Energy Outlook 2025, 2025 жылғы қараша) есебіне сәйкес, жаһандық энергиямен жабдықтаудың сенімділігі стратегиялық маңызы бар теңіз бұғаздары мен порттардың – соның ішінде Ормуз және Малакка бұғаздарының тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне барған сайын тәуелді болып отыр. Мұндай жағдайда көлік бағыттарын қорғау және оларды әртараптандыру энергетикалық компаниялардың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды.

ҚМГ-ға ықпалы

2025 жылы ҚМГ үшін сыртқы операциялық орта халықаралық санкциялық режимдердің кеңеюі мен экспорттық инфрақұрылымға төнген физикалық қауіп-қатерлерге байланысты жоғары деңгейдегі белгісіздікпен сипатталды. Санкцияларға қатысты айтсақ, жыл бойы АҚШ, Ұлыбритания, Еуропалық одақ және БҰҰ тарапынан енгізілген экономикалық санкциялар мен сауда шектеулері қолданыста болды.

ҚМГ өз қызметінде халықаралық реттеуші талаптарды қатаң ескереді және сақтайды. Компанияда санкциялық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ететін ішкі рәсімдер мен нормативтік құжаттар жүйесі қалыптасқан. Есепті кезеңдегі жағдай бойынша, ҚМГ тобына кіретін компаниялар да, олардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері де санкциялық тізімдерге енгізілмеген және қандай да бір санкциялық тергеулердің нысаны болып табылмайды.

2025 жылғы шілдеде АҚШ Қазақстанда өндірілген жекелеген тауарларға 25 % көлемінде импорттық тариф енгізу туралы шешім жариялады. Алайда Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің мәліметіне сәйкес, АҚШ-қа экспорталатын қазақстандық өнімдердің шамамен 95 %, оның ішінде мұнай мен басқа да стратегиялық шикізат тауарлары, бұл шектеулерге ілінбеді. Осыған байланысты аталған шешімдер ҚМГ-ның экспорттық қызметіне тікелей әсер еткен жоқ.

95 %

АҚШ-қа экспортталатын қазақстандық өнімдердің шамамен оның ішінде мұнай мен басқа да стратегиялық шикізат тауарлары, бұл шектеулерге ілінбеді. Осыған байланысты аталған шешімдер ҚМГ-ның экспорттық қызметіне тікелей әсер еткен жоқ.

2025 жылы ҚМГ жекелеген юрисдикцияларда санкциялық режим қолданыста болған немесе қалыптасу кезеңінде тұрған серіктестермен бірлескен жобаларды жүзеге асырды. Бұл ретте санкциялық режимдер елдің энергетикалық қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар активтерге қатысты арнайы лицензиялар мен ерекшеліктерді қарастырды. Атап айтқанда, Теңіз кен орны, Қарашығанақ кен орны және Каспий Құбыр Консорциумы (ҚҚК) жобаларына тиісті рұқсаттық тетіктер қолданылды.

Барлық бірлескен жобалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды. Келісімшарттарда санкциялық тәуекелдер туындаған жағдайда Компанияға шарт талаптарын біржақты өзгертуге, шартты бұзуға немесе жобадан шығуға мүмкіндік беретін арнайы ережелер көзделген.

2025 жылы ҚҚК жүйесінде оның өткізу қабілетін уақытша төмендеткен жекелеген оқиғалар тіркелді. Есепті жылдың ақпан айында «Кропоткинская» мұнай айдау станциясына жасалған шабуылдың салдарынан станцияның жабдығы зақымдалды, ал қараша айында ҚҚК теңіз терминалына шабуылдың нәтижесінде екінші жылжымалы айлақ қондырғысы зақымдалып, теңіз терминалының қуаты шектелді. Экспорттық міндеттемелердің орындалуына ықтимал әсерді барынша азайту мақсатында ҚМГ мемлекеттік органдармен және көлік жүйесінің қатысушыларымен бірлесіп, экспорттық ағынының бір бөлігін қосымша бағыттар арқылы жіберу үшін жедел қайта бөлді.

Толығырақ «ҚМГ-ның тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйесі» бөлімінен оқи аласыз, **264-271-бетте**

6

Энергияны тиімді пайдалану және цифрландыру (ЖИ) бағыттарына салалық бейімделу

2025 жылы жаһандық энергетика секторы «электрлендіру дәуіріне» қадам басып, инвестицияның ауқымды ағыны цифрлық инфрақұрылымға қарай бағдарланды. IEA (World Energy Outlook 2025, 2025 жылғы қараша) есебіне сәйкес, жасанды интеллектіні (ЖИ) дамытуға қажетті деректер орталықтарына салынған әлемдік инвестициялар 580 млрд АҚШ долларына жетіп, алғаш рет жаһандық мұнай ұсынысына бағытталған инвестициялар көлемінен (535 млрд АҚШ доллары) асып түсті. Бұл энергетика саласындағы іргелі бетбұрыс. Оның негізгі себебі — ЖИ жүйелері мен озық өндірістерге қажет электр энергиясына сұраныс жалпы энергия тұтынуына қарағанда екі есе жылдам өсіп отыр.

Мұнай-газ саласы үшін цифрландыру мен ЖИ енді жай ғана тәжірибелік құрал емес, стратегиялық маңызы бар активке айналды. Заманауи техникалық шешімдер, атап айтқанда жоғары айырымдылықтағы спутниктік суреттерді ЖИ арқылы талдау, мұнай өңдеу зауыттарындағы (МӨЗ) өндірістік үзілістерді жедел мониторингілеу; кемелер қозғалысын нақты уақыт режимінде қадағалау жүйелері баға белгілеудегі спекулятивтік фактордың ықпалын айтарлықтай төмендете отырып, мұнайдың физикалық ағындарын бұрынғыдан әлдеқайда ашық етті.

580 млрд АҚШ доллары

ЖИ дамыту үшін қажет болатын дата орталықтарға салынған әлемдік қаражат

ҚМГ-ның бейімделуі

Операциялық тиімділікті жоғарылату бойынша жаһандық сын-қатерге жауап ретінде ҚМГ цифрлық трансформацияны энергия тиімділігін арттыруға бағытталған шаралармен сабақтастыра отырып, жүйелі тәсілді іске асырып келеді.

Энергия үнемдеу саласындағы қызметі ISO 50001 стандартына және 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасына негізделген. 2025 жылы жабдықтарды жаңғырту бойынша 87 іс-шара орындалды, бұл 1 935,3 мың ГДж отын-энергетикалық ресурстарын үнемдеп, CO_2 шығарындыларын 128,3 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы негізгі жоба – Жаңаөзен қаласындағы қуаты 50 МВт күн электр станциясы. Ол өндірістік нысандардың энергия көзінің дербестігін және тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған гибридті энергия кешенінің (247 МВт) бірінші кезеңі.

Сонымен қатар компания топтың бірыңғай цифрлық контурын құруға бағытталған цифрлық трансформацияны жалғастыруда. Компания ЖИ шешімдерін белсенді түрде таратып жатыр: кен орындарын игеруді интеллектуалды басқаруға арналған ABAI платформасы, өндірістік қауіпсіздікті сақтауға арналған TUMAR компьютерлік көру жүйесі және жабдыққа болжамды қызмет көрсететін машинаны оқыту модельдері. Құрылған технологиялық негіз цифрландыруды энергияның жаңа көздеріне көшу жағдайында бәсекеге қабілеттілікті сақтаудың басты тетігіне айналдыра отырып, ҚМГ-ның деректерді басқарудың жаңа сапалы деңгейіне шығуға дайындығын қамтамасыз етеді.

Толығырақ «Климат» және «Корпоративтік цифрландыру» бөлімдерінен оқи аласыз, **156, 200-бетте**

Ішкі драйверлер және олардың ҚМГ Даму стратегиясын іске асыруға ықпалы

1. 2025 жылғы Қазақстанның экономикасы
2. 2025 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы
3. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары
4. Мұнай өңдеу саласын дамыту тұжырымдамасы
5. 2025 жылы Қазақстанда мұнай-газ химиясы саласын дамыту
6. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
7. Қазақстан Республикасының су кодексі
8. Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы

1

2025 жылғы Қазақстанның экономикасы
Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының жедел деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытынды бойынша Қазақстанның ішкі жалпы өнімі өткен жылмен салыстырғанда 6,5 % ұлғайды. Экономикалық динамиканың өсімін өнеркәсіп (+7,4 %), көлік (+20,4 %), құрылыс (+15,9 %) және сауда (+8,9 %) қамтамасыз етті. Өңдеу секторындағы өсім 6,4 % құрады. Бұл көрсеткішке мұнай өнімдерін өңдеу өндірісінің 5,9 % артуы ықпал етті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы инфляция 12,3 % құрады. Тұрақты ішкі сұраныс пен инфляциялық тәуекелдерге жауап ретінде ҚР Ұлттық банкі базалық мөлшерлемені 2025 жылғы қазанда 18,0 % дейін көтерді және оны 2026 жылғы қаңтарда осы деңгейде сақтап қалды.

Boston Consulting Group (Why Investors Are Turning to Central Asia and Caspian, 2025 жылғы қыркүйек) талдауына сәйкес, Қазақстан Орталық Азия мен Каспий өңірінің жетекші экономикалық орталығы болып, аталған өңірдің ЖІӨ шамамен 60 % қамтамасыз етеді және негізінен батыс елдерінен келетін тікелей шетелдік инвестициялардың шамамен 75 % өзіне тартады. Қазақстанның Қытай мен Еуропалық Одақ арасындағы қолайлы географиялық орналасуы оны маңызды сауда көпіріне айналдырып, жаһандық жеткізу тізбектері үшін стратегиялық ресурстардың балама жеткізушісі ретінде рөлін күшейтеді. Қазіргі кезең күрделі әрі ауқымды мәмілелердің артуымен сипатталады. Осы жағдайда Қазақстан өзінің табиғи ресурстық әлеуетін тиімді пайдалана отырып, терең өңдеу өндірістерін дамытуға және шикізаттық емес салаларға инвестициялар тартуға мүмкіндік алып отыр.

ҚМГ дамуының басымдықтары
Қазақстанның макроэкономикалық динамикасы мұнай-газ саласының өнімдеріне тұрақты сұранысты қалыптастырады және Компания дамуының негізгі бағыттарын айқындайды. Өнеркәсіптің және көлік санының артуы дизель отыны мен авиациялық керосинді қоса алғанда, мұнай өнімдерін тұтыну көлемінің ұлғаюына ықпал етеді, ал урбанизация және экологиялық талаптардың қатаюы сапалы отын түрлеріне сұранысты ынталандырады.

ҚМГ құн құрудың барлық кезеңдерін қамтитын тік интеграцияланған компания ретінде еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ресурстық базасын кеңейтуге бағытталған ұлттық басымдықтарды іске асыруда маңызды рөл атқарады. Компания мұнай-газ саласын дамытуға қатысты мемлекеттің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға басымдық береді және Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарын басшылыққа алады. Сонымен қатар ҚМГ ел экономикасының тұрақты өсуіне және әлеуметтік бастамалардың іске асуына қолдау көрсетуге бағытталған даму шараларын жүйелі түрде жүзеге асырады.

2

2025 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы
Мұнай-газ индустриясы аралас секторларды қоса алғанда, ел экономикасының негізгі тірек-терінің бірі болып қала береді. Бұл сала Қазақстан Республикасының ішкі жалпы өнімі шамамен 16 % қалыптастырып, елдің жиынтық экспортының шамамен 53 % қамтамасыз етеді.

16 %
Ішкі жалпы өнім

53 %
Экспорт

Rystad Energy деректеріне сәйкес, Қазақстан мұнай мен газ өндіру көлемі бойынша әлемде 14-орында тұр және жаһандық энергетикалық нарықтағы жетекші ойыншылардың бірі мәртебесін сақтап келеді. Мұнай-газ индустриясы ұлттық экономиканың іргетасы болып қала береді, оның көлемі 2025 жылдың аяғында 35 млрд барр. мұнай эквивалентіне бағаланған қалған едәуір ресурстарға сүйенеді.


Өндіру
2025 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласында өндіріс көлемі ұлғайды, бұл көрсеткіш 2024 жылы төмен болған еді. «Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ деректеріне сәйкес, есепті жылы мұнай өндіру көлемі 99,6 млн тонна шикі мұнайды құрап, 2024 жылғы көрсеткіштен (87,7 млн тонна) 13,5 % артты. Өсімнің негізгі факторы – 2025 жылдың бірінші тоқсанында Теңіз кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасының іске қосылуы болды.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ деректеріне сәйкес 2025 жылы мұнай мен газ конденсатының экспорты 78,8 млн тоннаға жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда (68,6 млн тонна) 14,8 % өсті. Бұл өндіріс көлемінің ұлғайғанын және экспорт ағынының тұрақты сақталғанын көрсетеді.

99,6 млн тонна
2025 жылы өндірілген мұнай көлемі

ҚМГ позициясы
ҚМГ Қазақстанда мұнай мен газ конденсатын өндіруде жетекші орын алады. 2025 жылы компанияның ел бойынша мұнай мен газ конденсатын жиынтық өндірудегі үлесі 26 %, ал табиғи және ілеспе газ өндіру сегментіндегі үлесі 17 % құрады. ҚМГ еліміздегі ірі өндіру жобаларын іске асыруға қатысып, ұлттық мұнай-газ кешенінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келеді.

2025 жылы Қазақстанда мұнай мен газ конденсатын өндіру



млн тонна

39,0	«Теңізшевройл» ЖШС
18,3	North Caspian Operating Company N.V.
12,1	«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»
6,2	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
5,1	«Өзенмұнайгаз» АҚ
2,9	«Ембімұнайгаз» АҚ
2,5	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ
13,5	Басқалар

Дереккөз: «Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ.

Мұнай тасымалдау
Қазақстанда әлемдік нарықтарға көмірсутектерді тұрақты жеткізуді қамтамасыз ететін мұнайды тасымалдауға арналған заманауи инфрақұрылым құрастырылды. Мұнайды жеткізудің негізгі бағыттары ҚТО мұнай құбырлары жүйесі және ККҚ арқылы жүзеге асырылады, Каспий теңізімен тасымалдауды Қазақтеңізкөлікфлоты орындайды.

2025 жылы экспортқа мұнай тасымалдау жүйесі арқылы 78,8 млн тонна мұнай, соның ішінде Каспий құбыр консорциумы (ККҚ) арқылы Қазақстан мұнайының 64,8 млн тоннасы жөнелтілді, бұл экспорттың жалпы көлемінің 82 % құрайды.


ҚМГ позициясы
ҚМГ транзиттік және экспорттық әлеуеті бар мұнайды тасымалдауға арналған әртараптандырылған инфрақұрылымды басқарады. 2025 жылы компанияның магистральды және теңіз көлігін қоса алғанда, мұнай тасымалдау сегментіндегі үлесі 55 % құрады.

Мұнай өңдеу
«Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ-ның деректеріне сәйкес, ҚМГ тобына кірмейтін МӨЗ-дерді қоса алғанда, қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемі 2025 жылы 18,4 млн тоннаны құрап, 2024 жылғы деңгейден 4,9 % асты. Өңдеу көлемінің өсуі Атырау МӨЗ-ін қоспағанда барлық мұнай өңдеу зауыттарында тіркелді.

- Барлық маркалы бензин өндірісі 6,0 млн тоннаға дейін өсті, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 9,4 % артық.
- Дизель отынының өндірісі 6,2 млн тоннаны құрап, 14,4 % ұлғайды.
- Авиациялық отын өндірісі 723 мың тоннаға жетіп, 3,1 % өсті.

ҚМГ позициясы
ҚМГ Қазақстандағы өңдеу нарығының жиынтық үлесін шамамен 80 % құрайтын төрт ірі мұнай өңдеу зауытын басқаруға қатысады. Есепті кезеңде Компания қуаттарды кеңейту және өнім сапасын арттыру жөніндегі жобаларды іске асыруда елеулі нәтижеге қол жеткізді, активтерді жаңғыртуды жалғастырды және қажетті қор көлемін қалыптастыру есебінен ішкі нарыққа отынды тұрақты жеткізіп тұрды.

2025 жылы Қазақстанда сегменттер бойынша ҚМГ-ның нарықтағы үлес, %



3

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары
Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 25 шілдедегі №611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2025-2029 жылдардағы орта мерзімді кезеңге арналған стратегиялық бағдарларын айқындайтын мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаты болып есептеледі. Құжатта Қазақстан Республикасының экономикасындағы мұнай-газ секторының маңызды рөлі атап өтіледі, сондай-ақ минералдық-шикізат базасының жай-күйін, геологиялық-барлаудың қарқынды деңгейін, энергия ресурстарын ішкі тұтынудың өсуін және экспорттық және ішкі инфрақұрылымды шектеуді қоса алғанда, оның дамуына әсер ететін негізгі факторлар көрсетіледі.

Ұлттық жоспарда мұнай-газ секторының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін келесі негізгі басымдықтар айқындалған:
- ірі кен орындарындағы кеңейту жобаларын іске асыру тәуекелдерін төмендету және газ өңдеу қуатын арттыру;
- көмірсутек қорларын геологиялық барлау мен игерудің инвестициялық тартымдылығын күшейту;
- ішкі жеткізумен сенімді қамтамасыз ету үшін экспорттық бағыттарды әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту;
- энергия тасымалдаушыларға сұранысты тиімді реттеу, оның ішінде баға белгілеу тетіктерін жетілдіру.

ҚМГ дамуының басымдықтары
2025 жылы ҚМГ қызметін Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының басымдықтарына сәйкес жүзеге асырды. Есепті кезеңде ҚМГ:
- Теңіз кен орнында болашақ кеңейту жобасы шеңберінде объектілерді пайдалануға беруді қоса алғанда, ірі кен орындарында өндіруді кеңейту және қолдау жобаларын іске асыруды қамтамасыз етті;
- Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салуды қоса алғанда, газ өңдеу көлемін ұлғайту жөніндегі жобаларды ілгерлетті;
- инвестицияларды ынталандыру тетіктерін енгізуді және іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда, геологиялық-барлау қызметін және ресурстық базаны кеңейту жөніндегі іс-шараларды жандандырды;
- мұнай тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамытуды және танкер флотын жаңартуды қоса алғанда, экспорттық маршруттарды әртараптандыру және логистикалық инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырды;
- ішкі жабдықтау инфрақұрылымын дамытуды, қазақстандық МӨЗ-де мұнай өңдеу көлемін және жеңіл мұнай өнімдерін шығаруды ұлғайтуды қоса алғанда, энергоресурстардың ішкі нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етті;
- көмірсутек шикізатын терең өңдеуге, операциялық тиімділікті арттыруға және төмен көміртекті энергетиканы дамытуға бағытталған мұнай өңдеу, мұнай-газ химиясы, цифрландыру және декарбонизация саласындағы стратегиялық бастамаларды іске асырды.

[1] Қазақстандағы мұнай және газ конденсатын өндірудегі ҚМГ үлесі бірлескен және қауымдастырылған жобаларға қатысу үлесін ескере отырып, ҚМГ компаниялар тобының мұнай мен газ конденсатын өндірудің жалпы көлеміне ҚР бойынша мұнай мен газ конденсатын өндірудің жалпы көлеміне пайызбен көрсетілген қатынасы ретінде есептелген.
[2] Қазақстандағы табиғи және ілеспе газды өндірудегі ҚМГ үлесі бірлескен және қауымдастырылған жобаларға қатысу үлесін ескере отырып, ҚМГ компаниялар тобының табиғи және ілеспе газды өндіру көлемінің ҚР бойынша табиғи және ілеспе газды өндірудің жалпы көлеміне пайызбен көрсетілген қатынасы ретінде есептелген.
[3] Қазақстандағы мұнай өңдеудегі ҚМГ үлесі бірлескен және қауымдастырылған жобаларға қатысу үлесін ескере отырып, ҚМГ компаниялар тобының МӨЗ-дегі өңдеу көлемінің ҚР МӨЗ-дегі мұнайды жалпы өңдеу көлеміне қатынасы ретінде пайызбен көрсетіліп есептелген.
[4] Қазақстандағы мұнайды тасымалдаудағы ҚМГ үлесі бірлескен және қауымдастырылған жобаларға қатысу үлесін ескере отырып, ҚМГ компаниялар тобына тиесілі магистралды құбырлар мен теңіз маршруттары бойынша мұнайды тасымалдау көлемінің ҚР магистралды құбырлары мен теңіз маршруттары бойынша мұнайды тасымалдаудың жалпы көлеміне қатынасы ретінде пайызбен көрсетіліп есептелген.

4

Мұнай өңдеу саласын дамыту тұжырымдамасы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №549 қаулысымен мұнай өңдеу саласын дамытудың 2025-2040 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді. Құжат «Қазақстан-2050» стратегиясын және 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асыру аясында әзірленді және елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ішкі нарықты отандық мұнай өнімдерімен 100 % қамтамасыз етуге бағытталған.

Тұжырымдама келесі негізгі бағыттарды іске асыруды көздейді:
- мұнай өңдеу тереңдігін 94 % дейін арттыру және мұнай өңдеу зауыттарының технологиялық күрделілік деңгейін (Нельсон индексі) көтеру үшін жоғары технологиялық өңдеу процестерін енгізу;
- қолданыстағы мұнай өңдеу зауыттарының қуаттарын кеңейту және жаңғырту, оның ішінде:
  — ПҚОП қуатын жылына 6 млн тоннадан 12 млн тоннаға дейін арттыру;
  — ПМХЗ қуатын жылына 5,5 млн тоннадан 9 млн тоннаға дейін ұлғайту;
  — Caspi Bitum зауытын жаңғыртып, қуатын жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін жеткізу;
- қуаты жылына 10 млн тонна болатын жаңа мұнай өңдеу зауытын жобалауды 2030 жылдан кешіктірмей бастау;
- мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту, технологиялық құзыреттерді нығайту және білікті кадрлар даярлау мақсатында мамандандырылған ғылыми-зерттеу институтын құру.

ҚМГ дамуының басымдықтары
Есепті кезеңде Caspi Bitum зауытын кеңейту жобасы аяқталып, мұнай өңдеу қуаты жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайтылды. Сонымен қатар Павлодар мұнай-химия зауытында (ПМХЗ) Merox технологиясы негізінде сұйытылған газды тазартудың жаңа кешені іске қосылды. Бұл өндірілетін өнімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. ҚМГ компаниялар тобында өңдеу қуаттарын кеңейту және жаңғыртуға бағытталған жобалар инвестициялық циклдің түрлі кезеңдерінде, атап айтқанда жобалау алдындағы дайындықтан және жобалаудан бастап, тікелей іске асыру мен пайдалануға беру кезеңіне дейін жүзеге асырылуда.

Толығырақ «Басты инвестициялық жобалар» бөлімінен оқи аласыз, **63-71-бетте**

5

2025 жылы Қазақстанда мұнай-газ химиясының дамуы
Мұнай-газ химиясы саласын дамыту – мемлекеттік өнеркәсіптік саясат аясында Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандырудың маңызды бағыттарының бірі. 2025-2040 жылдарға арналған мұнай өңдеу саласын дамыту тұжырымдамасына сәйкес, мұнай-газ химиясы шикізатты терең өңдеудің негізгі тетігі ретінде айқындалған. Бұл бағыт ең алдымен, интеграцияланған мұнай өңдеу және мұнай-химия кешендерін құру арқылы жүзеге асырылады. Саланы дамыту бойынша нақты шаралар ҚР Энергетика министрлігі бекіткен 2024–2030 жылдарға арналған мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту жөніндегі жол картасы аясында іске асырылуда. ҚР Үкіметінің мәліметінше, Жол картасы жалпы инвестиция көлемі шамамен 15 млрд АҚШ долларын құрайтын алты ірі мұнай-газ химиясы жобасын жүзеге асыруды көздейді. Сонымен қатар «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағында инфрақұрылымды дамыту және жаңа өндірістерді кезең-кезеңімен іске қосу жоспарланған. Осы жобалар толық жүзеге асырылып, қажетті шикізатпен қамтамасыз етілген жағдайда, мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру көлемі 2023 жылғы 357,8 мың тоннадан 2030 жылға қарай шамамен 1,8 млн тоннаға дейін ұлғаяды деп жоспарланған.

ҚМГ дамуының басымдықтары
ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ химиясы саласын дамыту бағыттарындағы жұмыстарын мемлекеттік өнеркәсіптік саясат аясында көмірсутек шикізатын терең өңдеуді кеңейту және қосылған құны жоғары өнім өндіру бағдарлай отырып жалғастыруда.
- KPI интеграцияланған газ-химия кешенінде полипропилен өндірісін қамтамасыз етіп, ішкі нарық сұранысын өтеуге бағытталған өнім маркаларының ассортиментін кеңейтті;
- жылдық қуаты 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін зауыттың («Силлено») негізгі құрылыс жұмыстарын бастады;
- газ сепарациялау кешенін салу жобасын іске асыруды бастады.

ҚМГ мұнай-газ химиясы саласын ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді өсуі мен әртараптандырылуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырады. Бұл сала ұқсас өндірістердің дамуына серпін беріп, энергетика-лық-химия өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Толығырақ «Басты инвестициялық жобалар» бөлімінен оқи аласыз, **63-71-бетте**

6

Қазақстан Республикасының Экология кодексі
2021 жылдан бастап Қазақстанда «ластаушы төлейді және қалпына келтіреді» қағидатына негізделген жаңа Экологиялық кодекс қолданысқа енгізілді. Бұл құжат қоршаған ортаны қорғау талаптарын күшейтіп, ең озық қолжетімді технологияларды енгізуді және экологиялық бақылауды жетілдіруді көздейді.

Сонымен қатар Кодекс ірі өнеркәсіптік кешенді экологиялық рұқсаттарға кезең-кезеңімен көшуін, сондай-ақ шығарындыларды бақылау мен экологиялық есептілікті автоматтандырылған мониторинг жүйелері арқылы жүргізуді қарастырады.

ҚМГ дамуының басымдықтары
2025 жылы ҚМГ өз қызметін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес жүргізді. Есепті кезеңде компания мынадай негізгі экологиялық шараларды іске асырды:

- ММГ, ҚОА, Атырау, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттарын қоса алғанда, негізгі өндірістік және өңдеу нысандарында эмиссияларды автоматты мониторингтеу жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етті. Барлық дерек «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инфрақұрылымы арқылы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне онлайн режимде жолданды;
- технологиялық жабдықтарды жаңғырту және энергия тиімді шешімдерді енгізу арқылы, соның ішінде АМӨЗ және ПМХЗ-да зиянды заттар шығарындыларын азайтуға бағытталған техникалық іс-шаралар жүзеге асырды;
- ҚМГ компаниялар тобының еншілес және тәуелді ұйымдарында ҚМГ экологиялық саясатын, қалдықтарды басқару және экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі стандарттарды қолдануды қамтамасыз етті;
- өндірістік қызмет аясында жыл сайын зақымданған топырақты қалпына келтіру және рекультивациялау бойынша іс-шаралар жүргізді.

Аталған іс-шаралар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы мен ҚМГ-ның корпоративтік құжаттары талаптары аясында жүзеге асырылды. Бұл талаптар экологиялық тәуекелдерді азайтуға және Компания қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

7

Қазақстан Республикасының су кодексі
2025 жылы Қазақстанда су ресурстарын тиімді басқару және елдің су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа Су кодексі күшіне енді. Құжат су қорын басқарудың бассейндік қағидатын енгізіп, суды тиімді пайдалану, үнемдеу, сондай-ақ сумен жабдықтаудың айналымды және қайта пайдалану жүйелерін дамыту талаптарын күшейтеді. Сонымен қатар кодекс су секторын климаттың өзгеруіне, оның ішінде құрғақшылық пен су тасқыны тәуекелдеріне бейімдеуге бағытталған шараларды қамтиды.

Су кодексі өнеркәсіптік су пайдаланушыларға су пайдалануды есепке алу және жоспарлау, су алу және төгу лимиттерін сақтау, су үнемдеу технологияларын енгізу және су объектілеріне теріс әсердің алдын алу бөлігінде қосымша талаптарды белгілейді. Аталған шаралар су жүктемесін төмендетуге және су ресурстары тапшылығы жағдайында экономиканың тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

ҚМГ дамуының басымдықтары
ҚМГ су ресурстарын тиімді басқаруды операциялық тұрақтылық пен ұзақ мерзімді дамудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастырады. Қазақстан су тапшылығы жоғары елдер қатарына жатады, ал ҚМГ-ның көптеген өндірістік нысандары дәл осындай өңірлерде орналасқан. Бұл су тәуекелдерін жүйелі түрде басқарудың маңызын арттырады. 2025 жылы ҚМГ келесі негізгі шараларды жүзеге асырды:

- тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану көлемін ұлғайтуды қоса алғанда, өндірістік және өңдеу нысандарында су алуды азайту және суды пайдалану тиімділігін арттыру жұмыстарын жалғастырды;
- еншілес және тәуелді ұйымдарда су тұтынуға кешенді талдау жүргізіп, тиімділікті арттыру әлеуеті жоғары нысандарды анықтады. Бұл бірыңғай корпоративтік стандарттар мен мақсатты көрсеткіштерді әзірлеуге негіз болды;
- өндірістік процестерді жаңа реттеуші талаптарға бейімдеу және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ компаниялар тобында су ресурстарын басқару бағдарламасын әзірлеуді бастады;
- су тапшылығы байқалатын өңірлерде балама су көздерін дамыту аясында тәулігіне 50 мың текше метрге дейін теңіз суын тұщытуға қауқарлы «Кендірлі» зауытын пайдалануға берді.

8

Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы
Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен энергетика секторын жаңғыртудың ұзақ мерзімді бағыттарын айқындайды. Құжат сценарийлік талдау мен кешенді модельдеуге негізделіп, төмен көміртекті даму моделіне көшудің макроэкономикалық, технологиялық және инвестициялық аспектілерін қамтиды.

Стратегия энергия тиімділігін арттыруға, өндірістің көміртегі сыйымдылығын төмендетуге және көмірсутек шикізатын терең өңдеу технологияларын дамытуға ерекше назар аударады. Бұл ретте мұнай-газ саласын қоса алғанда, экономиканың негізгі секторларын кезең-кезеңімен трансформациялау көзделген. Стратегияның негізгі ережелері салалық және корпоративтік даму жоспарларын әзірлеу кезінде ұзақ мерзімді бағдар ретінде қолданылады.

ҚМГ дамуының басымдықтары
ҚМГ өз қызметінің экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға әсерін ескере отырып, негізгі бизнес-процестерге тұрақты даму қағидаттарын жүйелі түрде енгізуде. 2025 жылы компания келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жүзеге асырды:

- ҚМГ-ның төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруды жалғастырды;
- жаңартылатын энергия көздерін дамыту жобаларын қоса алғанда, көміртегі ізін азайтуға бағытталған жұмыстарды жалғастырды;
- өндіруші активтерде метан шығарындыларын басқару бойынша іс-шаралар жүргізді, соның ішінде құралдармен өлшеу, жабдықты тексеру және қолданыстағы өндірістік процедуралар аясында ағып кету көздерін анықтау мен жоюға бағытталған жұмыстар бар;
- көмірқышқыл газын тұту, пайдалану және сақтау (CCUS), сутегі энергетикасын дамыту және тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру жобаларын пысықтауды жалғастырды;
- халықаралық ұсынымдар мен есептілік стандарттарына (CDP) сәйкес климаттық ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етті.




Бәсекелестікті талдау
ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ секторында жетекші орынға ие және қызмет ауқымы, интеграцияланған бизнес-моделі мен ұлттық компания мәртебесінің арқасында тұрақты бәсекелестік артықшылықтарын сақтап келеді.

1. Ресурстық база және активтерді басқару. ҚМГ елдегі ең ірі мұнай-газ өндіруші компаниялардың бірі. 2025 жылы компанияның мұнай мен газ конденсатын өндірудегі үлесі шамамен 26 %, ал табиғи және ілеспе газ өндірудегі үлесі шамамен 17 % құрады. ҚМГ Қазақстандағы негізгі мұнай-газ жобалары – Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын дамытуға қатысып, ұлттық өндірістің негізгі бөлігін қамтамасыз етеді.
2. Интеграцияланған құн тізбегі. ҚМГ-ның бизнес-үлгісі көмірсутектерді геологиялық барлау мен өндіруден бастап, оларды өңдеу, тасымалдау және сатуға дейінгі барлық негізгі кезеңдерді қамтиды. Мұндай интеграция компанияға өндірістік тиімділікті арттыруға, шығындарды оңтайландыруға және мұнай бағасының өзгеруінің қаржылық нәтижелерге әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.
3. Экспорттық және көлік инфрақұрылымы. ҚМГ мұнай тасымалдаудың негізгі бағыттарын дамытуға және басқаруға қатысады. Олардың қатарында Каспий құбыр консорциумы (ҚҚК), Атырау–Самара мұнай құбыры, Атасу–Алашаңқай бағыты және Ақтау порты арқылы теңіз тасымалы бар. Компания экспорттық бағыттарды әртараптандыруға және жеткізу тұрақтылығын қамтамасыз етуге басымдық береді.
4. Мемлекеттік қолдау және стратегиялық мәртебе. Ұлттық компания ретінде ҚМГ стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыруға қатысады және жер қойнауын пайдалану құқықтарын тікелей келіссөздер арқылы алуға басымдыққа ие. Бұл компанияның ресурстық базасының тұрақтылығын және ұзақ мерзімді даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
5. Қаржылық тұрақтылық және капитал нарықтарына қолжетімділік. ҚМГ жоғары өтімділік деңгейімен, шығындарды тиімді басқарумен және халықаралық және өңірлік капитал нарықтарына қолжетімділікпен ерекшеленеді. Компанияның акциялары Лондон (LSE), Астана (AIX), Қазақстан (KASE) және Гонконг (HKEX) биржаларында орналастырылған, бұл қаржылық тұрақтылықты қолдауға мүмкіндік береді.
6. Ұзақ мерзімді ресурстық қамтамасыз ету. 2025 жылдың соңында ҚМГ-ның дәлелденген мұнай мен газ конденсатының қорлары (1P) шамамен 13 жылға жетеді, бұл халықаралық мұнай компанияларының орташа көрсеткішінен (шамамен 11 жыл) жоғары.

2025[1] жылы мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорының (1P) еселігі, жыл

Компания	Мұнай мен газ конденсатының дәлелденген қорының (1P) еселігі
ҚМГ	13 (2025)
BP	9
TotalEnergies	12
Exxon Mobil	13
Eni	10
Chevron	8
Petrobras	12
Shell	9
Equinor	8

2025 жылы Қазақстанда мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі



млн тонна

26,2	ҚМГ	5,4	PetroChina
21,7	Chevron	3,6	ЛУКОЙЛ
12,8	ExxonMobil	3,1	Total Energies
6,6	Shell	2,9	CNPC
6,6	Eni	10,7	Басқалар

Дереккөз: «Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ.

[1] Көрсеткіштер бағалау сипатты және көмірсутектердің таза дәлелденген қорының (1P) жылдық өндіру көлеміне қатынасы ретінде есептеледі. Салыстырмалы компаниялар үшін есептеулер 2024 жылғы жария қолжетімді деректер негізінде орындалды; ҚМГ үшін 2025 жылғы PRMS жүйесі бойынша қорларды жыл сайынғы бағалау негізінде көрсеткіштер пайдаланылды.

ҚМГ Даму стратегиясы

Мазмұны

2025 жылы мұнай-газ саласы макроэкономикалық және геосаяси белгісіздік жағдайында дамуын жалғастырды. Әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауы, жетекші елдердің ақша-кредит саясатындағы өзгерістер, сондай-ақ шикізат бағасының құбылмалылығы энергетикалық нарық қатысушылары үшін күрделі әрі тұрақсыз сыртқы орта қалыптастырды.

Осы жағдайларда ҚМГ-ның даму стратегиясы жаһандық энергетикалық нарықтың өзгермелі конъюнктурасына бейімделуге және ұзақ мерзімді тұрақты өсуді қамтамасыз етуге бағытталды. Компания құн тізбегінің тиімділігін арттыруға, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға, қызмет бағыттарын әртараптандыруға және жаһандық энергетикалық және климат үрдістерді ескере отырып, бизнесті кезең-кезеңімен трансформациялауға басымдық берді.

Пайымы

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағытталған вертикальды интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.

Миссиясы

Біз болашақ ұрпақтың игілігі үшін Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елдің дамуы мен өркендеуі мақсатында табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игереміз.

ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2021 жылы қараша айында бекітті.

Қызметтің стратегиялық бағыттары

Құнды қалыптастыру

Энергетиканың жаңа түрлеріне көшу

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

Тұрақты даму және өндірісте көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету

Міндеттер – 2031

1. Құрлықтағы және теңіздегі жобалар бойынша қорларды өсіру
   - Қорларды өндіру процесіне жеделдетіп айналдыру
   - Перспективті учаскелер бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу
2. 2022-2031 жылдары мұнай өндірудің жиынтық көлемі **240 млн тонна**
   - МӨЗ-дердің үздіксіз жұмысы
   - Газ өндірісін және оның коммерциялауды ұлғайту
   - Мұнай-химия өнімдерін (бензол, параксилол) шығару
   - Құрылған кәсіпорындарды пайдалану тиімділігін арттыру
   - Мұнайды экспортқа тасымалдаудың қосымша маршруттарын дамыту
3. **Мұнай-газ-химия жобаларын** іске асыру, соның ішінде мынадай өндірістер:
   - Полиэтилен
   - Полипропилен
   - Полиэтилен терефталаты
   - Терефтал қышқылы

Міндеттер – 2031

1. **ESG рейтингін** біртіндеп жоғарылату
   - **Көміртек шығарындыларына** өтемақы алуға бағытталған жобаларды іске асыру
   - **I-REC** сертификаттарын алу
2. CO_2 шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден **15 %-ға** төмендету
   - Орман климаттық жобалар
   - Төменкөміртекті сутегі
3. ҚМГ үлесіне кемінде **300 МВт** ортақ бекітілген қуаты бар жаңартылатын энергия көздерін дамыту
   - **CO_2** тұту және сақтау технологияларын қолдану
4. Өндірістегі көміртегі мен энергия сыйымдылығын кемінде **10 %-ға** төмендету

ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Пайдалану шығындарын оңтайландыру

Активтер құрылымын оңтайландыру

Тиімді сатып алу жүйесі

Цифрландыру және технологиялық даму

Жобалық басқару


ҚМГ төрт стратегиялық мақсатын іске асыру нәтижесінде ұлттық экономиканы әртараптандыруға және елімізде көміртегі ізін азайтуға үлес қосады. ҚМГ Даму стратегиясы, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер корпоративтік сайтта жариялау жолымен барлық мүдделі тараптар үшін ақпаратты жария етеді. ҚМГ компаниялар тобында компанияның қызметіне әсер ететін жүйелі және ұзақ мерзімді міндеттерді шешу үшін жыл сайын стратегиялық сессиялар өткізіледі.

№1 стратегиялық мақсат


ҚМГ өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

2025 жылдың негізгі нәтижелері

PRMS бойынша көмірсутектердің таза қорлары, млн барр. м.э.



PRMS бойынша көмірсутектердің таза қорлары, млн тонна м.э



- **161 млн тонна** – 2022–2025 жылдар аралығында қордың жиынтық өсімі.
- Жылыой жобасы (Атырау облысы және Каспий теңізінің қазақстандық секторы) және Березовский (Батыс Қазақстан облысы) жер қойнауы учаскелерінде күрделі жобалар бойынша стратегиялық серіктестермен бірге көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарттар қол қойылды.
- Қаратон Подсолевой (Атырау облысы) және Торғай Палеозой (Қызылорда облысы) учаскелерінде екі терең іздеу ұңғымасын бұрғылау жұмыстары аяқталды.


Толығырақ «Геологиялық барлау» бөлімінен оқи аласыз, **74-77-бетте**

№2 стратегиялық мақсат

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

Өндіру

Мұнай мен газ конденсатын өндіру, мың тонна



2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **26,2 млн тонна** — мұнай мен газ конденсатын өндірудің тарихи ең жоғары деңгейі.
- **434 мың тонна** — технологиялық сын-тегеуріндер бойынша Жол картасы аясындағы іс-шараларды іске асыру нәтижесінде өндірілген қосымша мұнай.
- **11,4 млрд м³** — табиғи және ілеспе газ өндірудің ең жоғары межесі.
- Теңіз кен орнындағы Үшінші буын зауытында шикі мұнайды өнеркәсіптік өндіру басталды.
- Батыс Прорва (ЕМГ), Рожков (УОГ) және Шығыс Өріктау (ӨО) кен орындарында жаңа ұңғымаларды іске қосу нәтижесінде газ өндіру көлемі артты.

Толығырақ «Өндіру» бөлімінен оқи аласыз, **78-95-бетте**

Тасымалдау


2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **1 млрд тонна** — 2001 жылдан бастап ҚҚК теңіз терминалы арқылы мұнайды жөнелтудің жиынтық көлемі.
- **45,1 млн тонна** — ҚТО жүйесі бойынша тасымалдау көлемі (соңғы жеті жылдағы ең жоғары көрсеткіш).
- **63,8 млн тонна** — қазақстандық мұнайды теңіз терминалынан жөнелту көлемі.
- **2,1 млн тонна** — қазақстандық мұнайды Германияға жеткізу көлемі.
- **1,3 млн тонна** — Баку-Тбилиси-Жейхан (БТЖ) бағыты бойынша Ақтау портынан қазақстандық мұнайды жеткізу көлемі.

Толығырақ «Тасымалдау» бөлімінен оқи аласыз, **96-104-бетте**

Өңдеу

Өңдеу тереңдігі, %



2025 жылдың негізгі нәтижелері:

- **14,7 млн тонна** — қазақстандық МӨЗ-дерде көмірсутек шикізатын өңдеудің жалпы көлемі бойынша тарихи межеге қол жеткізілді (100 % үлесін есептегенде жалпы өңдеу көлемі – 18,2 млн тонна).
- **90,1 %** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу тереңдігі бойынша тарихи ең жоғары көрсеткіш тіркелді.
- **77,7 %** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында жеңіл мұнай өнімдерінің көлемі тарихи межеге жетті.
- **4,6 млн тонна** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында бензин өндіру көлемі бойынша тарихи межеге қол жеткізілді (100 % үлесін есептегенде жалпы көлемі - 5,7 млн тонна).
- **5,1 млн тонна** — қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында дизель отынын өндіру бойынша тарихи рекордтық көрсеткіш тіркелді (100 % үлесін есептегенде жалпы көлемі – 6,1 млн тонна).
- Caspi Bitum зауытын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Нәтижесінде мұнай өңдеу қуаты жылына 1,0 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін, ал битум өндіру көлемі жылына 500 мың тоннадан 750 мың тоннаға дейін ұлғайды.

Толығырақ «Мұнайды өңдеу және маркетинг» бөлімінен оқи аласыз, **104-115-бетте**



№3 стратегиялық мақсат

Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту



2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **377 мың тонна** — интеграцияланған газ-химия кешенінде полипропилен өндіру көлемі.
- Қуаты жылына **1,25 млн тонна** полиэтилен өндіруге арналған «Силлено» интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы басталды.
- Газ сепарациялау кешенін (ГСК) салу жобасы бойынша EPC-мердігер анықталды.
- Этан және пропан тасымалдауға арналған магистралды құбырларды салу жобасының мердігері анықталды.
- CNPC (ҚХР) компаниясымен ынтымақтастық аясында «Карбамид» жобасы бойынша төртжақты негіздемелік келісімге қол қойылды.

Толығырақ «Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу» бөлімінен оқи аласыз, **63-71-бетте**

№4 стратегиялық мақсат

Тұрақты даму және өндірісте көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету

2025 жылдың негізгі нәтижелері

- **«BBB»** — MSCI[1] рейтингтік агенттігі берген ESG рейтингі
- **«B»** — CDP[2] климаттық рейтингі.
- **Климат және ақпаратты жариялы ету:** OGMP 2.0[3] бағдарламасы бойынша серіктестік аясында ЕТҰ-дағы (еншілес және тәуелді ұйымдардағы) метан шығарындылары бойынша UNEP[4] есеп берілді.
- **Төмен көміртекті энергетика:** Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында қуаты 50 МВт болатын күн электр станциясы пайдалануға берілді.
- **Экологиялық және әлеуметтік бастамалар:** Маңғыстау облысында тәулігіне 50 мың текше метр теңіз суын тұщытуға қауқарлы «Кендірлі» зауыты іске қосылды.
- **Метан шығарындыларын басқару:** ҚГМ, ЕМГ және ММГ-де метанның ағып кетуін анықтау бойынша аспаптық өлшеулер жүргізілді.

Толығырақ «Тұрақты дамуды қамтамасыз ету» бөлімінен оқи аласыз, **156-166-бетте**



1 Morgan Stanley Capital International — жаһандық инвестициялық қауымдастық үшін халықаралық индекстер мен ESG рейтингтерін ұсынатын провайдер.
2 Carbon Disclosure Project отчетность —көміртектік есептілік жөніндегі климаттық бағдарлама
3 United Nations Environment Programme —қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы, БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі органы.
4 Oil & Gas Methane Partnership 2.0 (OGMP 2.0) —мұнай-газ саласындағы метан шығарындыларын есеп беру және азайту үшін құрылған UNEP флагмандық бағдарламасы.

Корпоративтік қызмет көрсеткіштері

2025 жылы ҚМГ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерінің негізгі іс-шаралары іске асырылды және жоспарланған мақсаттары орындалды.

2025 жылы корпоративтік қызмет көрсеткіштерінің орындалуы[1]

Корпоративтік қызмет көрсеткіштері	Факт 2025 (факт 2024), көрсеткіштік сипаттамасы
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	**26 211 мың тонна (2024: 23 837 мың тонна)** Бұл көрсеткіш операциялық активтерінде және ірі мұнай-газ активтерінде Компанияның қатысу үлесіне өндірілген мұнай мен газ конденсатының көлемін сипаттайды. «Өндіру» бөлімінен қараңыз, **78-95-бетте**
Инвестициялық жобаларды іске асыру	**8 жоба (2024: 6 жоба)** 1. «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы (пайдалануға берілді). 2. Қолданыстағы «ЭЛТҚ-АВТ» қондырғысын жаңғырту арқылы Caspi Bitum зауытының мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін арттыру (пайдалануға берілді) 3. Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу («Мемсараптама» РМК-дан №2 іске қосу кешенінің жұмыс жобасына оң қорытынды алу, ПК-1 іске қосу кешені бойынша жалпы құрылыс жұмыстарын аяқтау). 4. Интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы. Екінші кезең (полиэтилен): полимерлеу қондырғысы және қосалқы өндірістік шаруашылық (компрессорлар, колонналар, реакторлар, сорғылар, экструдер және т.б.) үшін ұзақ дайындалатын жабдықтарға тапсырыс беру, сондай-ақ пиролиз қондырғысы бойынша жер және қадалау жұмыстарын бастау. 5. Газ сепарациялау кешенінің құрылысы (ұзақ дайындалатын жабдықтарға, оның ішінде компрессорларға тапсырыс беру, сондай-ақ жобаны қаржыландыру туралы СУНФ және (немесе) өзге кредиторлардың, оның ішінде ҚМГ-ның шешімін алу). 6. «Қаламқас-теңіз» және «Хазар» жобалары (Қазақстандағы кеме жасау зауыттарында теңіз платформаларын салуға тапсырыс беру, сондай-ақ FEED – жобалау алдындағы инженерлік жобалау жұмыстарын аяқтау). 7. Eni компаниясымен бірлесіп қуаты 247 МВт болатын гибридті электр станциясын салу. 8. Атырау облысында бірыңғай дәлізде магистральды құбыр жолдарын (этан, пропан) салу (EPC-мердігерді таңдау). Толығырақ «Басты инвестициялық жобалар» бөлімінен қараңыз, **63-71-бетте**
EBITDA margin, трейдингті есепке алмағанда	**45 % (2024: 44 %)** Бұл көрсеткіш Компанияның табыстылығын анықтайды және компания салық, кредиттер бойынша пайыздар мен амортизация шығынын төлегенге дейін түсімнен түскен пайызды көрсетеді. «Қаржы қызметіне шолу» бөлімінен қараңыз, **126-139-бетте**
TSR[2] (акционердің жалпы кірісі)	**40,65 % (2024: 28,55 %)** Көрсеткіш салынған инвестициялардың рентабельділігін (қайтарымдылығын) көрсетеді. 40,65 % = (есепті жыл акцияларының орташа бағасы (17 893 теңге) - өткен жылы акциялардың орташа бағасы (13 071 теңге) + бір акцияға дивиденд (491,71 теңге) – бір акцияға шаққанда жарғылық капиталға салым (0 теңге)) / өткен жылы акциялардың орташа бағасы (13 071 теңге) × 100 % «Акционерлермен өзара іс-қимыл» бөлімінен қараңыз, **278-287-бетте**
Өндірістегі қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш	**75 % (2024: 125 %)** Көрсеткіш еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар коэффициентінің төмендеуін, сондай-ақ қауіпті жағдайды/мінез-құлықты/іс-әрекетті / қауіпті жағдайды/ факторды анықтау мен хабарлауды көрсетеді. 2025 жылы ӨМГ-да өліммен аяқталған жазатайым оқиға орын алды, осыған байланысты көрсеткіш 75 % шекті деңгейде есептеледі. «Еңбек қауіпсіздігі» бөлімін қараңыз, **189-194 бетте**

[1] ҚҚК орындау барысы бағаланады. ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы көрсеткіштердің нақты мәндерін түпкілікті бекітуі 2026 жылғы шілдеде күтіледі.
[2] Total Shareholder Return.

Корпоративтік қызмет көрсеткіштері	Нақты 2025 (нақты 2024), көрсеткіштің сипаттамасы
ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алудағы елішілік құндылықтың үлесі	**ЕҚҮт — 70 % ЕҚҮжқ— 90 % (2024: ЕҚҮт — 55 % ЕҚҮжқ— 89 %)** Көрсеткіш ҚМГ компаниялар тобының 2025 жылғы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуының елішілік құндылығының үлесін көрсетеді (ҚМГ ЕТҰ — «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу рәсімдерінің субъектілері). «Жеткізушілермен өзара іс-қимыл» бөлімінен қараңыз, **195-199-бетте**
Жасанды интеллектіні қолдана отырып, жобаларды іске асыру жөніндегі Жол картасын бекіту	ҚБК жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жобалардың жол картасын бекітуді көздейді (жол картасына кемінде алты жоба енгізілуі тиіс). Жол картасы ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы шешімімен бекітілді. (Көрсеткіш 2025 жылы енгізілген)

Басты инвестициялық жобалар

Инвестициялық портфельге шолу

ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес компания ұзақ мерзімді өсуді, тұрақтылықты және технологиялық жаңғыртуды қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді жүйелі түрде қалыптастыруда. Бүгінде бұл портфель бизнесті әртараптандыруға, өнім түрлерін кеңейтуге, құн тізбегінің тиімділігін арттыруға және ресурстық базаны нығайтуға бағытталған бірқатар жобаларды қамтиды. Портфель дәстүрлі бағыттардағы жобаларды — геологиялық барлау, мұнай тасымалдау және өңдеу бастамаларын — қамтумен қатар, мұнай-газ химиясы, баламалы энергетика және қолданыстағы активтердің көміртегі ізін азайту сияқты жаңа даму бағыттарын да біріктіреді.

2025 жылдың соңында компания қатысатын инвестициялық жобалардың жалпы құны 62 499 млрд теңгені құрады, оның ішінде ҚМГ үлесі 22 354 млрд теңгені құрайды[1].

ҚМГ ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру және бәсекелестік позицияларды нығайту мақсатында 2025 жылы инвестициялық қызметті белсенді жалғастырды. Есепті жылы жалпы құны 544 млрд теңге болатын жобалар бойынша түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды, оның 531 млрд теңгесі компания үлесіне тиесілі.

2025 жылы олар бойынша FID қабылданған жобалар, ҚМГ-ның жобаға қатысу үлесімен

Атауы	ҚМГ үлесі	Жалпы сомасы (бекітілген), млрд теңге	ҚМГ үлесіне құны, млрд теңге
2025 жылы олар бойынша түпкілікті инвестициялық шешім[2] қабылданған жобалар:		**544**	**531**
Алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы. Екінші кезең (Магистраль құбыржолдарын салу (этан, пропан)	100 %	339	339
«ПМХЗ» ЖШС-нің үш жылдық тоқтаусыз жөндеуаралық кезеңге көшу бағдарламасы	100 %	110	110
«АМӨЗ» ЖШС-нің үш жылдық тоқтаусыз жөндеуаралық кезеңге көшу бағдарламасы	100 %	37	37
«АМӨЗ» ЖШС-нің тиімділігін арттыру	100 %	33	33
«ПҚОП» ЖШС-нің кеңейтілген жөндеуаралық кезеңге көшу бағдарламасы	50 %	24	12

[1] ҚМГ-ның мегажобаларға (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) және бірлескен кәсіпорындарға қатысуын ескере отырып.
[2] Соңғы инвестициялық шешім.

Инвестициялық жобалардың портфелі

Қызмет бағыты	Инвестициялық портфельдің жалпы құны, млрд теңге[1]		ҚМГ үлесіне тиесілі инвестициялық портфельдің құны, млрд теңге	
	31.12.2024	31.12.2025	31.12.2024	31.12.2025
Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру	42 747	52 300	13 216	16 451
ESG жобалар	991	728	363	200
Мұнай тасымалдау	368	411	136	154
Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі	587	573	501	364
Мұнай химиясы	6 460	8 353	5 063	5 051
Басқалары	117	134	111	134
Барлығы	**51 270**	**62 499**	**19 390**	**22 354**

Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру

«Бес учаскеде озық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер қойнауын геологиялық зерттеу» жобасы (ЖГЗ 1.0)
Жоба аясында Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарындағы Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік өзен учаскелері бойынша жаңа сейсмикалық барлау деректерін өңдеу және түсіндіру жұмыстары аяқталды.

«Үш учаскеде озық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер қойнауын геологиялық зерттеу» жобасы (ЖГЗ 2.0)
2025 жылы Ұлытау және Атырау облыстарындағы Оңтүстік Шу-Сарысу және Береке учаскелері бойынша далалық сейсмикалық барлау жұмыстары, сондай-ақ Ақтөбе облысындағы Шығыс учаскесі бойынша сейсмикалық барлаудың тарихи деректерін қайта өңдеу жұмыстары аяқталды.

Қаламқас-теңіз, Хазар кен орындарын игеру жобасы
2025 жылы негізгі жобалау аяқталды және Қаламқас-теңіз және Хазар жобасы бойынша іске асырудың келесі кезеңіне өту үшін түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау үшін құжаттар пакеті дайындалды.

Геологиялық барлау бойынша жер қойнауын пайдалануға жаңа келісімшарттар

Күрделі жобалар бойынша көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарттарға қол қойылды:
- Солтүстік Өзен жер қойнауы учаскесінде (Маңғыстау облысы);
- Болашақ жер қойнауы учаскесінде (Маңғыстау облысы);
- Жылыой жер қойнауы учаскесінде (Атырау облысы);
- Березовский жер қойнауы учаскесінде (Батыс Қазақстан облысы).

Қатысушылардың FID-ті қабылдауы 2025 жылдың желтоқсан айына жоспарланған болатын. Алайда, 2025 жылғы қарашадан бастап «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-қа қатысты енгізілген санкциялық шектеулер елеулі құқықтық, қаржылық және операциялық қиындықтар туғызуда. Осыған байланысты тараптар жобаны одан әрі іске асырудың ықтимал сценарийлерін бағалап, қарастыруда.

[1] ҚМГ-ның мегажобаларға (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) және бірлескен кәсіпорындарға қатысуын ескере отырып. Жобалар бойынша тарихи шығындарды және бағамдық айырмашылықты ескере отырып. Деректер жобаларды одан әрі іске асыруды ескеретін геологиялық барлау жобалары бойынша алдын ала құнын қамтиды.

«Рожков кен орнын дамыту» жобасы



Рожков кен орнын дамыту жобасы бойынша жобалық қуаты тәулігіне 1,6 млн м³ газды құрайтын бірінші фаза бойынша жобалық жабдыққа көшу жүзеге асырылды. 2025 жылы нақты газ өндіру көлемі 469 млн м³, газ конденсатын өндіру 343 мың тоннаны құрады. 2026 жылға арналған жоспарлы көрсеткіштер бойынша 548 млн м³ газ және 384 мың тонна конденсат өндірілмек.

Өріктау жобасы

2025 жылы Шығыс Өріктау кен орнында екі пайдалану ұңғымасын бұрғылау мен игеру бойынша жұмыстар кешені атқарылды, сондай-ақ мұнай құбырын күрделі жөндеу аяқталды. Есепті жылдың қорытындысы бойынша көмірсутек шикізатын нақты өндіру көлемі 95 мың тоннаны, ілеспе газ өндіру 79 млн м³ құрады.

Есепті кезеңнің негізгі бағыты кен орнының газ конденсатты бөлігін өнеркәсіптік игеруге дайындау болды. Жоба 30 млрд м³ табиғи газ қорын игеруге тартуды көздейді. 2025 жылғы 25 желтоқсанда «Өріктау Оперейтинг» ЖШС мен «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ арасында 2025 жылғы 16 маусымдағы Шикі газды өңдеу туралы келісімге №1 қосымшаға қол қойылды. 2026 жылы газ өндіруді жылына 1 млрд м³ газ әлеуетіне дейін біртіндеп ұлғайта отырып, Орталық Өріктау кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін іске қосу жоспарланып отыр.

Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ мегажобалары

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірлесіп Теңіз (20 %), Қашаған (16,88 %) және Қарашығанақ (10 %) ірі кен орындарындағы жобаларға қатысады.

Теңіз
ТШО Болашақ кеңейту жобасын/Ұңғыма сағасындағы қысымды басқару жобасын (БКЖ/ҰСҚБЖ) іске асыруды аяқтады. Жоба аясында ТШО-ның мұнай өндіру көлемі жылына 12 млн тоннаға артады.

2024 жылғы сәуірде ҰСҚБЖ нысандары пайдалануға беріліп, өндірістік жүйенің толық жүктемеде жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша жобаға жұмсалған шығындар 47,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл бекітілген 48,9 млрд АҚШ доллары көлеміндегі бюджет шегінде болды. Жұмыстардың жалпы орындалу деңгейі 100 %-ға жетті.

2025 жылдың қаңтарында Үшінші буын зауытында алғашқы мұнай алынды. ТШО мұнайының жалпы тәуліктік өндіру деңгейі ~120 мың тоннаны құрайды. 2025 жылғы маусымда БКЖ-СҚБЖ[1] нысандарын пайдалануға беру актісіне қол қойылды.

Қарашығанақ
1. 2024 жылдың қыркүйек айында бесінші газды кері айдау компрессоры қондырғысы жобасы бойынша өндірістік сынақтар сәтті аяқталды. 2025 жылғы наурызда пайдалануға беру актісіне қол қойылды.
2. Қарашығанақ кен орнында алтыншы газды кері айдау компрессорын орнату жобасы белсенді құрылыс кезеңінде. Жобаның жалпы орындалу деңгейі 97 % құрады және жұмыстар белгіленген кестеден озық жүргізілуде. Пайдалануға беру 2026 жылғы екінші жартысына жоспарланған.

Аталған жоба көмірсутек шикізатын өндіру көлемін жылына 10–11 млн тонна деңгейінде тұрақты ұстап тұруға бағытталған.

[1] Болашақ кеңейту жобасы/Сағалық қысымды басқару жобасы.

Қашаған
Қашаған кен орнында мұнай өндіру қазіргі уақытта игерудің 1-кезеңі ішінде жүзеге асырылуда. Сонымен қатар тәуліктік мұнай мен конденсат өндіру көлемін шамамен 710 мың баррельге дейін (тәулігіне шамамен 89,5 мың тонна) арттыруға бағытталған игерудің 2-кезеңі аясындағы жобалар қарастырылуда, атап айтқанда:

1. 2А кезең жобасы мұнай өндіру көлемін тәулігіне қосымша 6,3 мың тоннаға арттыруды көздейді. Нәтижесінде кен орнындағы жалпы өндіріс көлемі тәулігіне шамамен 63 мың тоннаға (тәулігіне 500 мың баррель) жетеді. Бұл өсім қуаттылығы жылына 2,5 млрд м³ болатын QazaqGas жаңа газ өңдеу зауытына шикі газ жеткізу есебінен қамтамасыз етіледі. NCOC және QazaqGas арасында базалық жобалауды жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылды. Келесі кезеңде жобаны іске асыруға дайындық деңгейін бағалау, шикі газды жеткізу шарттарын келісу және бірлескен инвестициялық шешім қабылдау жоспарланып отыр.
2. 2Б кезең жобасы мұнай өндіру көлемін тәулігіне қосымша 26,5 мың тоннаға (тәулігіне 210 мың баррель) арттыруды көздейді. Нәтижесінде жалпы өндіріс деңгейі тәулігіне шамамен 89,5 мың тоннаға (тәулігіне 710 мың баррель) жетеді. Сонымен қатар, жылына қосымша 6 млрд м³ шикі газ өндіру жоспарлануда. Қазіргі уақытта Теңіз кен орнымен ықтимал синергияны анықтау мақсатында тұжырымдамалық зерттеу жұмыстары жалғасуда.

Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі

ҚМГ үшін ішкі нарықты толық қамтамасыз ету басты мақсаттардың бірі. Осы бағытта компания мұнай өнімдеріне деген сұраныстың өсуін ескере отырып, отандық мұнай өңдеу қуаттарын дамыту басым бағыттардың дамытуда. Осыған байланысты «ПҚОП» ЖШС-нің өндірістік қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін және «ПМХЗ» ЖШС-нің қуатын жылына 9 млн тоннаға дейін ұлғайту нұсқалары қарастырылуда.

ҚМГ алдында жұмыс істеп тұрған жабдықтардың жай-күйіне кешенді аудит жүргізу міндеті тұр. Аудит нәтижелері негізінде барлық мұнай өңдеу зауыттарын алдағы 3–5 жыл ішінде техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда. Осы мақсатта ҚМГ барлық МӨЗ-де жөнделуаралық кезеңді ұзарту жобаларын іске асыруда. Бұл жобалар жабдықтардың сенімділігін арттыруға және оларды 3–4 жыл бойы тоқтаусыз пайдалануға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Атырау МӨЗ-де жеңіл мұнай өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту зауыт қызметінің тиімділігін арттыру жобасы аясында жоспарлануда. Жоба технологиялық шектеулерді жоюға бағытталған бірқатар кіші жобаларды қамтиды. 2025 жылы аталған кіші жобаларды іске асыруға басымдық берілді. Бұл негізгі бағыттарға шоғырлануға және негізгі қондырғылар мен жалпы зауыттық инфрақұрылымның жұмысын жақсартуға арналған шешімдерді уақтылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлерін отынмен қамтамасыз етуді күшейту үшін Павлодар мұнай-химия зауытында қысқы дизель отынын шығару бойынша жобалар, соның ішінде депарафинизация блогының интеграциясымен дизель отынын гидротазарту қондырғысын реконструкциялау және сутегі өндіру қондырғысын салу іске асырылуда. Бұл өндіріс қуатын іске қосу жұмыстары 2026 жылы жоспарланған.

Ішкі нарықты жол битумымен қамтамасыз ету үшін 2024-2025 жылдары «CASPI BITUM» БК» ЖШС-нің мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту, жол битумын өндірумен жылына 750 мың тоннаға дейін ұлғайту жобасы іске асырылды.

Жаңаөзен қаласында газ өңдеу зауытын салу жобасы



Жобаны «ҚазГӨЗ» ЖШС жүзеге асыруда (ҚМГ үлесі — 100 %).

Жоба Жаңаөзен қаласында жылына 900 млн м³ дейін табиғи және ілеспе газды өңдеуге арналған газ өңдеу зауытын салуды көздейді. Бірінші іске қосу кешені бойынша 2025 жылғы 17 ақпанда мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. 2025 жылғы 3 наурыздан бастап құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып, негізгі технологиялық жабдықтарды дайындау аяқталды. Екінші іске қосу кешені бойынша 2025 жылғы 14 шілдеде дайындық жұмыстары мен қосалқы ғимараттар және құрылыстар салуға оң қорытынды берілді. «П» сатысы бойынша жобалау жұмыстары аяқталып, жобалық құжаттама мемлекеттік сараптамаға ұсынылды.

Мұнай-газ химиясы

ҚМГ еліміздің бүкіл экономикасына мультипликативтік әсер ету әлеуеті жоғары мұнай-газ-химия бағытын белсенді дамытуда. Компанияның интеграцияланған газ-химия кешені келесі негізгі нысандарды қамтиды:

- полипропилен зауыты (KPI);
- полиэтилен зауыты;
- газ сепарациялау кешені (ГСК);
- Атырау облысында этан мен пропанды тасымалдауға арналған магистралды құбырлар.

2025 жылы Атырау облысында полипропилен өндіретін зауыт (KPI жобасы) құрылысының инвестициялық кезеңі аяқталды. Кәсіпорын 2026 жылы жобалық қуатқа шығады деп күтілуде.

Интеграцияланған газ-химия кешенінің екінші кезегі аясында 2024-2025 жылдары түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды және келесі нысандар бойынша EPC-келісімшарттар жасалды:

- полиэтилен өндірісі;
- ГСК құрылысы;
- магистралды құбыр жолдарының құрылысы (этан және пропан).


Интеграцияланған газ-химия кешені толық цикл технологиясы бойынша жұмыс істейтін болады деп жоспарлануда.

Қазіргі уақытта негізгі шикізат - пропан Теңіз кен орнынан KPI зауытына теміржол арқылы жеткізіледі. Алайда полиэтилен өндірісіне арналған негізгі шикізат — этанды оның физикалық-химиялық қасиеттеріне және сақтау мен тасымалдауға қойылатын жоғары талаптарға байланысты теміржол арқылы жеткізу мүмкін емес. Осыған байланысты Теңіз кен орнындағы газ сепарациялау кешенінен (ГСК) интеграцияланған газ-химия кешеніне дейін сұйытылған этан мен сұйытылған пропанды тасымалдауға арналған екі магистралды құбыр салу жоспарлануда. Бұл жоба сенімді және тиімді логистиканы қамтамасыз етіп, тұрақты газ-химиясы кластерін қалыптастырудың маңызды элементіне айналады.

Құрғақ газды өңдеу үшін ГСК-ға жеткізу жұмыстарын Теңіз кен орнының операторы – ТШО компаниясы жүргізетін болады. Шикізат кешен алаңына тікелей кен орнынан жеткізіледі. Магистралды құбыр жолы арқылы құрғақ газдан алынатын этан полиэтилен зауытына, ал басқа құбыр арқылы пропан полипропилен зауытына түседі.



Полиэтилен және полипропилен құнын қалыптастыру тізбегі



[1] Пайдаланылатын шикізат көлемі.

«Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ-химиясы кешенін салу» жобасы. Екінші кезең (полиэтилен өндірісі)
Жобалау компаниясы: «Силлено» ЖШС.

Жобаға қатысушылар:

- **40 %** ҚМГ
- **30 %** «СИБУР Холдинг» ЖАҚ
- **30 %** Sinopec

~7,4 млрд АҚШ доллары
CAPEX

2025 жылғы 31 наурызда Атырау облысындағы арнайы экономикалық аймақ аумағында жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіруге арналған зауыттың негізгі құрылыс жұмыстары басталды.

Жоба екі негізгі қондырғының — пиролиз және полимерлеу, сондай-ақ жалпы зауыттық нысандардың құрылысын қамтиды.

Пиролиз қондырғысының құрылысы
2024 жылдың қыркүйегінде Пиролиз қондырғысы бойынша EPC-келісімшартқа қол қойылды. 2025 жылдың қаңтарында жасау мерзімі ұзақ жабдыққа тапсырыстар орналастырылды. 2025 жылдың наурыз айында пиролиз орнату бойынша EPC-мердігердің негізгі құрылыс жұмыстары басталды. Қада қағу және іргетастарды құю жұмыстары жүргізілуде.

2026 жылы ұзақ мерзім бойы жасалатын жабдықты (ҚМЖЖ) жеткізу және металл конструкциялары мен жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды бастау жоспарлануда.

Полимерлеу қондырғысын және жалпы зауыттық шаруашылық нысандарын салу
2025 жылғы 29 мамырда Полимерлеу қондырғысы мен жалпы зауыттық шаруашылық нысандарын салуға арналған EPC-келісімшартқа қол қойылды. Қазіргі уақытта жер қазу және қада қағу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар инжинирингтік жұмыстар жалғасып, ұзақ өндірістік циклді қажет ететін және ірі габаритті жабдықтарға тапсырыстар орналастырылуда.

2026 жылы металл конструкциялары мен жабдықтарды монтаждау жұмыстарын бастау жоспарлануда.

Жобаны қаржыландыру көздері туралы ақпарат
2025 жылы 2 млрд АҚШ доллары көлемінде бридж қаржыландыру тартылды. Негізгі ұзақ мерзімді жобалық қаржыландыруды тарту 2026-2027 жылдарға жоспарланып отыр.

Газ сепарациялау кешенін салу жобасы
Жобалау компаниясы: «KMG PetroChem» ЖШС.

~2,1 млрд АҚШ доллары
CAPEX

2025 жылғы 5 тамызда газ сепарациялау кешенін салу жөніндегі EPC-келісімшартқа қол қойылды. Жобаға сәйкес кешен Теңіз кен орнынан жылына 9,1 млрд м³ дейін құрғақ газды өңдеп, жылына 1,6 млн тонна этан және шамамен 360 мың тонна пропан өндіреді деп жоспарлануда.

Қазіргі уақытта жұмыс құжаттамасын әзірлеу және ұзақ өндірістік циклді жабдықтарға тапсырыстар орналастыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар аумақты инженерлік дайындауды қоса алғанда, ерте кезеңдегі құрылыс жұмыстары басталды: алаңды тегістеу, құнарлы топырақ қабатын алу және инертті материалдарды жеткізу жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, мердігердің қолданыстағы вахталық қалашығын (CCIC) жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, оның ішінде уақытша кеңселер орналастырылуда. 2025 жылғы қарашада қадалардың жүк көтергіштігін растау мақсатында нақты топырақ жағдайында сынақ қадаларын сынау жұмыстары орындалды.

2026 жылы құрылыстың белсенді кезеңіне көшуге негізгі басымдық беріледі.

Атырау облысындағы бірыңғай дәлізде магистраль құбыржолдарын (этан, пропан) салу жобасы
Жобалау компаниясы: «KMG PetroChem» ЖШС.

~470 млн АҚШ доллары
CAPEX

2025 жылдың 2 тоқсанында жобаны құрылыс кезеңіне көшіру туралы түпкілікті инвестициялық шешім қабылданды. Жоба аясында ТШО объектілерінен және Теңіз кен орнындағы газ

сепарациялау кешенінен полиэтилен және полипропилен өндіретін зауыттарға дейін сұйытылған күйдегі этан және пропан фракцияларын тасымалдау үшін ұзындығы шамамен 210 км екі магистралды құбыр жолдары (этан құбыры және пропан құбыры) салынатын болады.

2025 жылғы желтоқсанда EPC-келісімшартқа қол қойылды.

2026 жылы сұйытылған этан мен пропан фракцияларын тасымалдауға арналған магистралды этан және пропан құбыржолдарына қойылатын талаптар жөніндегі Қазақстан Республикасының техникалық регламентін (ҚЖ ТР) әзірлеу және бекіту жоспарлануда. Сонымен қатар жобалау-сметалық құжаттама бойынша «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысын ала отырып, жұмыс жобасын (ЖЖ) әзірлеу мен бекіту, негізгі жабдықтарға тапсырыстар орналастыру және құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау көзделген.

Мұнай-газ химиясының перспективті жобалары
Жоғарыда аталған жобалардан бөлек, ҚМГ Қазақстанның химия өнеркәсібін дамытуға ықпал ететін перспективті жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін қарастыруда. Бұл бастамалар жергілікті экономиканың өсуіне серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын құруға және бюджетке салық түсімдерін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар елдің экспорттық әлеуетін кеңейтіп, ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Терефталь қышқылы мен полиэтилентерефталат өндіру зауытын салу» перспективті жобасы
Жобаны «KMG PetroChem» ЖШС іске асыру жоспарлануда. Қазіргі уақытта стратегиялық серіктес анықталған жоқ, әлеуетті серіктестермен келіссөздер жүргізілуде. Қаржыландыру құрылымы мен жобаның өзге де параметрлері стратегиялық серіктес пен жобаның түпкілікті конфигурациясы айқындалғаннан кейін нақтыланатын болады.

«Карбамид өндірісі бойынша газ-химия кешенін салу» перспективті жобасы
Жобалық компания: анықталмаған. 2025 жылы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында ҚМГ, Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы (CNPC), Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі және Ақтөбе облысының әкімдігі арасында төртжақты негіздемелік келісімге қол қойылып, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге, соның ішінде жобаны бірлесіп іске асыруға бағытталған негізгі уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Ақтөбе облысында карбамид өндіретін кешен салу жобасы аграрлық секторды азот тыңайтқыштарымен, ал өнеркәсіпті сұранысқа ие химиялық шикізатпен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жоба аталған өнімдер бойынша импортқа тәуелділікті төмендетіп, елдің экспорттық және индустриялық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. 2025 жылдың 4-тоқсанында жобалау алдындағы зерттеулерді әзірлеу аяқталды.

«Желілік алкилбензол өндіру кешенінің құрылысы» перспективті жобасы
Халықаралық ынтымақтастықты дамыту аясында 2025 жылы «Желілік алкилбензол өндіру кешенін салу» жобасын бірлесіп іске асыру мақсатында ҚМГ мен әлеуетті стратегиялық серіктес — «Өзбекнефтегаз» АҚ арасында негіздемелік келісімге қол қойылды. Желілік алкилбензол – кір жуғыш ұнтақтар, ыдыс жуу құралдары, ағартқыштар және басқа да жуғыш заттарды өндіруде қолданылатын негізгі химиялық шикізат. Жоба дайындықтың алғашқы сатысында және оның құны әлі бағаланбаған.

Тұрақты даму саласындағы жобалар

Маңғыстау облысында теңіз суын тұщыту зауытын салу
ҚМГ тұрақты даму басымдықтарын іске асыру және өз қызметінің әлеуметтік маңызын арттыру аясында Қазақстанның батыс өңірлерін су ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруда.

2025 жылы Маңғыстау облысының Тоқымақ жерінде «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы аяқталып, қазан айында нысан пайдалануға берілді. 2025 жылдың желтоқсанында зауыт Маңғыстау облысы әкімдігінің коммуналдық меншігіне өтеусіз негізде берілді. Жобаның жалпы құны 121,2 млрд теңгені құрады. Жоба «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бойынша мемлекет ұсынған жеңілдіктер аясында қалыптасқан өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Толығырақ «Сервистік жобалар» және «Су ресурстарын қорғау» бөлімінен оқи аласыз, **117, 174-бетте**



Маңғыстау облысында гибридті электр станциясын салу
Маңғыстау облысында Eni S.p.A. (Италия) компаниясымен бірлесіп гибридті электр станциясын салу жобасы жүзеге асырылуда, мұнда жобаға қатысу үлестері: Eni S.p.A. — 51 %, ҚМГ — 49 %.

Жоба жаңартылатын энергия көздерінен (жел және күн) өндірілетін электр энергиясын газ электр станциясымен (ГазЭС) біріктіруді көздейді. 2024 жылы газ электр станциясы мен күн электр станциясын салуға арналған EPC-келісімшартқа қол қойылды. 2025 жылғы қыркүйекте күн электр станциясы іске қосылды, ал газ және жел электр станциялары бойынша құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Жобаның алдын ала құны шамамен 348 млн АҚШ долларын құрайды.

«Мирный» жел электр станциясының құрылысы (Ақтас Энерджи БК)
ҚМГ (20 %), «Самұрық-Энерго» АҚ (20 %) және TotalEnergies (60 %) қатысу үлесі бар Ақтас Энерджи бірлескен кәсіпорны Жамбыл облысында энергияны жинақтау жүйесінің қуаты 300 МВт және сыйымдылығы 600 МВт болатын жалпы қуаты 1 ГВт құрайтын «Мирный» жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасын іске асыруда. Бұл жоба Қазақстандағы жаңартылатын энергетика саласындағы ең ірі бастамалардың бірі болып саналады. Жоба әрқайсысының қуаты 6,5–7,7 МВт болатын 150 жел генераторын орнатуды көздейді. Жел генераторларының жеткізушілері — жаңартылатын энергия көздері секторына арналған жабдықтардың әлемдік жетекші өндірушілері – Envision Energy және SANY Renewable Energy. 2025 жылы базалық жобалау аяқталды, егжей-тегжейлі жобалау жұмыстарының дайындық деңгейі шамамен 81 %-ды құрады. Қазіргі уақытта техникалық құжаттамаға сараптама жүргізілуде.

Жоба еліміздің оңтүстік өңірлерінде энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға және электр энергиясы тапшылығын төмендетуге бағытталған. Сонымен қатар, жоба парник газдары шығарындыларын жылына 2 млн тоннадан астам CO_2-ға қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл бастама ҚМГ-ның көміртегі ізін азайту, ESG күн тәртібін іске асыру және компанияның энергетикалық портфелін әртараптандыру жөніндегі стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге елеулі үлес қосады.

Тұрақты авиациялық отын (SAF) өндірісін дамыту жобасы
Орталық Азия мен ТМД-дағы алғашқы таза авиациялық отын (SAF[1]) өндіру зауытын салу жобасын әзірлеу аясында 2025 жылы ҚМГ, Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), «ҚМГ-Аэро» және Air Astana компанияларының қатысуымен техникалық-экономикалық зерттеу (ICF SH & E Limited) жүргізілді. Жоба Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясына, сондай-ақ IATA[2] ұйымының 2050 жылға қарай авиация саласында нөлдік шығарындылар деңгейіне жету жөніндегі міндеттемелеріне сәйкес келеді. SAF көмірқышқыл газы шығарындыларын едәуір азайтуға мүмкіндік беретіндіктен, дәстүрлі қазба отынына перспективті балама ретінде қарастырылады.

Жүргізілген техникалық-экономикалық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда SAF өндірісі үшін бірінші кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында шикізат базасының болуына байланысты alcohol-to-jet (AtJ) ең үздік технология болып айқындалды. Технология кез келген биологиялық немесе биологиялық емес шикізаттан алынған этанолмен жұмыс істей алады және парник газдары шығарындыларын азайтуға айтарлықтай үлес қосады, бұл шығарындыларды 95 % төмендетуге және энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Экономиканы декарбонизациялау және жасыл энергетиканы дамыту жөніндегі міндеттерді одан әрі іске асыру мақсатында 2025 жылғы 31 наурызда американдық LanzaJet компаниясы, «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС және «Dostyk Leasing» ЖШС (Bio Operations) арасында таза авиациялық отын өндіретін зауыт салу жөніндегі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (Feasibility Study) дайындау туралы үшжақты келісім жасалды Қазақстан Республикасының аумақтары. Жоба озық американдық технологияларды оқшаулауды және Қазақстанның климаттық және энергетикалық күн тәртібінің негізгі басымдықтарына сәйкес келетін, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарымен ұзақ мерзімді өнеркәсіптік және технологиялық әріптестік үшін мүмкіндіктер ашатын аймақтағы алғашқы SAF өндірісін құруды көздейді.

2025 жылғы қыркүйекте «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС техникалық-экономикалық негіздеменің (Feasibility Study) нәтижелерін қабылдап, ҚМГ жобаны одан әрі іске асыруға қатысты оң шешім шығарған жағдайда, «Қазақстан Республикасында ATJ технологиясы бойынша SAF өндірісі туралы» жобасының келесі кезеңдеріне – Pre-FEED (Pre-Front-End Engineering Design) and FEED (Front End Engineering Design) – өтетіні туралы негіздемелік келісімге қол қойылды.

2026 жылғы қаңтарда ҚМГ инвестициялық комитетінің шешімімен «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС мен «KazFoodProducts» ЖШС бірлесе отырып, PDP (Detailed Process Design Package) кезеңіне көшуі мақұлданды.

[1] Sustainable Aviation Fuel — Экологиялық тұрақты авиациялық отын.
[2] The International Air Transport Association.

Операциялық қызметке шолу

Қорлар

Халықаралық тәуелсіз DeGolyer and MacNaughton компаниясы жүргізген аудитке сәйкес, PRMS[1] халықаралық стандартымен 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсутектерінің дәлелденген және ықтимал қоры (2P) 724 млн тонна м.э. (5 626 млн баррель м.э.) құрады. 2024 жылмен салыстырғанда 2P санатындағы қорлар деңгейі өзгеріссіз қалды, өндірілетін көмірсутектер көлемін толықтыру 100 % болды. Қорды толықтыру жүргізілген геологиялық-техникалық іс-шаралар нәтижелерін ескере отырып қорлар санатын өзгерту, жекелеген кен орындарында қайта бағалау жүргізу, сондай-ақ Қашаған мен Доңға жобалары бойынша қорларды қайта есептеу есебінен қамтамасыз етілді.

Халықаралық PRMS жүйесі бойынша қорларды жыл сайынғы бағалау компанияның қорлармен қамтамасыз етілуін қолдау бойынша жобалық және нақты іс-шаралар тұрақты бақылауда екенін көрсетеді. Дәлелденген қорлардың еселігі (1P) 13 жылды құрайды, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен жоғары (шамамен 11 жыл). Бұл ретте 2P санаты бойынша қорлардың еселігі (дәлелденген + ықтимал) 22 жылды құрайды.

2P санаты бойынша қорлардың толықтыру коэффициенті — 100 %.




[1] Petroleum Resources Management System.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қор[1] (алдын ала)

Қор санаты	Көмірсутек, млн барр. м.э.			Көмірсутек[2], млн тонна м.э.		
	2023	2024	2025	2023	2024	2025
Дәлелденген (1P)	3 943	3 497	3 533	507	452	455
Дәлелденген + ықтимал (2P)	5 680	5 551	5 626	733	716	724
Дәлелденген+ықтимал+ болжамды (3P)	6 502	6111	6 214	842	794	805

2025 жылғы PRMS[3] стандарттарына сәйкес сұйық көмірсутектер бойынша (мұнай+конденсат) 2P-қорының өзгеру себептерін талдау, млн тонна



PRMS (2P санаты, ~592 млн тонна) стандарттары бойынша сұйық көмірсутектер (мұнай және конденсат) қорларын жылдық бағалау компанияның ресурстық базасындағы динамика мен негізгі өзгерістерді көрсетеді. Есепті кезеңде өндірудің нақты көлемі 26,2 млн тоннаны құрады, бұл қорлардың тұрақтылығын талдау кезінде маңызды фактор болып саналады.

Қорларды толықтыру бірнеше маңызды факторлар — қолданыстағы ұңғымалар қоры бойынша геологиялық-техникалық іс-шаралар көлемінің ұлғаюымен игеру жоспарларының өзгеруі және қорлар санаттарын қайта бағалау есебінен қамтамасыз етілді, бұл «Ембімұнайгаз» (С.Нұржанов, Шығыс Молдабек, Оңтүстік-Шығыс Новобогатинск, Батыс Прорва) және «Маңғыстаумұнайгаз» (Жетібай) активтеріндегі кен орындарында техникалық көлемдердің қайта қаралуына әкелді. Сонымен қатар қорларды толықтыруда Қашаған және Доңға жобалары үшін сату бағасының төмендеуі өз септігін тигізді, нәтижесінде ҚМГ-ның есептік үлесі ұлғайып, бұл кен орындарды пайдалану мерзімдері ұзартылды.

PRMS стандарттары бойынша қор көлемдерін бағалауға экономикалық факторлар жағымсыз әсер етті, соның ішінде USD/KZT бағамының бір АҚШ доллары үшін 470 теңгеден 540 теңгеге дейін өзгерунің макроэкономикалық болжамдары, Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 75 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін түсуі, сондай-ақ эксплуатациялық шығындардың артуы бар (ӨМГ, ҚБМ және басқалар).

Осылайша, макроэкономикалық факторлардың кері әсеріне және операциялық шығындардың ұлғаюына қарамастан, ескі кен орындарында жүргізілген геологиялық-техникалық іс-шаралар бойынша жұмыстардың тиімділігі есебінен қорларды толықтыру және Қашаған мен Доңға кен орындары жобаларын пайдалану мерзімдерін ұзарту компанияның ресурстық базасының тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді.

[1] Нетто-қорлар: 1) басқа Тараптарға тиесілі барлық үлестерді шегергеннен кейін ҚМГ қатысу үлесіне; 2) ҚМГ-ға жатпайтын, бірақ компания бақылауға алатын үлестерге қатысты барлық қорлардың бөлігі ретінде айқындалады.

[2] Сұйық көмірсутектер (мұнай + конденсат, сұйытылған табиғи газды қоса алғанда) және тауарлық газ бойынша деректер мұнай эквивалентінде (м.э.) келтірілген. Газды аудару коэффициенттері: 1 млн м³ = 0,7728 мың т м.э.; 1 млн куб. фут = 0,1667 мың барр. м.э.

[3] PRMS бойынша қор көлемдері (мұнай + конденсат) табиғи газды, ілеспе газды және өзге де көмірсутектерді есепке алмағанда көрсетілген.


Геологиялық барлау

Ресурстық базаны дамыту – ҚМГ-ның негізгі стратегиялық міндеті, оның аясында ауқымды өңірлік зерттеулер мен бассейндік модельдеу нәтижелері бойынша дайындалған барлау жобаларының әртараптандырылған портфелі жасақталды.

Геологиялық барлау бағдарламасының басты басымдықтары мыналар:
- палеозой кешенінің терең орналасқан перспективаларын жан-жақты зерттеу;
- бұған дейін жеткілікті көңіл бөлінбеген аумақтарда озық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу;
- жұмыс істеп тұрған кен орындарды қосымша барлау бағдарламасы аясында ресурстық қорды өсіру үшін перспективаларды іздеу.

Жобалардың іске асуы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар аясында жүргізіледі. ҚМГ геологиялық және қаржылық тәуекелдерді төмендету мақсатында стратегиялық серіктестерді тарту бойынша жұмыс жүргізеді.

Геологиялық барлау саласындағы басты жобалар



Торғай Палеозой жобасы



Қызылорда облысы

Торғай Палеозой жобасы Оңтүстік Торғай шөгінді бассейнінің терең құрылысын зерттеуге және палеозой шөгінділерінің мұнай-газ әлеуетін бағалауға бағытталған. Жобаны ҚМГ өз күшімен жүзеге асыруда.

Бұрғыланған PZ-1 іздеу ұңғымасы Оңтүстік Торғай алабының палеозой кешені астындағы шөгінділерінің перспективаларын зерттеуге бағытталған аймақтағы бірінші ұңғыма болды. Бұрғылау жұмыстары күрделі геологиялық-техникалық жағдайларда жүргізілді және 5 500 м жобалық тереңдігімен 5 585 м тереңдікте аяқталды.

Нәтижелер бұрын тарихи түрде «іргетастың» беті ретінде қабылданған тау жыныстарының астында қуатты палеозой шөгінді кешенінің болуын растады. Шартты түрдегі «іргетас» жыныстарынан төмен бөлінісінде жалпы қуаты шамамен 2 500 м интервалды тақтатастары бар негізінен карбонатты жарылған коллекторлар ашылды, бұл Оңтүстік Торғай бассейнінің терең құрылысын түсіну үшін айтарлықтай ғылыми маңызға ие.

Жұмыс нәтижелері бойынша аймақтағы палеозой кешенінің перспективаларын одан әрі зерттеу бағдарламасы жасалды.

Жылыой жобасы

Атырау облысы және ішінара Каспий теңізінің қазақстандық секторы

2025 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және CNOOC Жылыой күрделі жобасы аясында көмірсутектерді барлау мен өндіру келісімшартына қол қойды. CNOOC Қазақстанға алғаш рет инвестиция құйып отырғанын атап өткен жөн.

Жылыой учаскесі Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінің транзиттік аймағында орналасқан. Жобаны іске асыру барлау кезеңін серіктес тарапынан кәрри-қаржыландыру аясында 50/50 тепе-тең негізінде жүргізіледі. Жобаның операторы — «Zhylyoi Operating» ЖШС.

Учаскенің перспективасы тұзүсті және тұзасты шөгінділерімен байланысты, мұнда минималды жұмыс бағдарламасы аясында көлемі 400 шаршы км 3D сейсмикалық барлау жүргізу, көлемі 400 км 2D тарихи сейсмикалық барлау деректерін қайта өңдеу, 2 000 м тәуелсіз ұңғыманы бұрғылау, сондай-ақ 3D сейсмикалық барлау нәтижелеріне тәуелді болатын 4 500 м ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда.

Қаратон Подсолевой жобасы

Атырау облысы

Қаратон Подсолевой жобасы Каспий маңы алабының тұзасты шөгінділеріндегі ірі карбонатты платформаны зерттеуге бағытталған. Бұрғылау жұмыстары геологиялық-технологиялық тұрғыдан қиын жағдайларды жүргізілді, соның ішінде тым жоғары қабат қысымы мен күкіртті сутектің болуы.

Іздеу ұңғымасын бұрғылау 2025 жылдың желтоқсан айының соңында аяқталды, нақты тереңдігі 5 750 м болды. Бұрғылау іс-шараларының нәтижесі бойынша 2026 жылға жоспарланған сынақ жүргізу үшін перспективті аралықтар анықталды.

Жоба «Татнефть» ЖАҚ стратегиялық серіктесімен бірлесіп, серіктес тарапынан кәрри-қаржыландыру аясында 50/50 тепе-теңдік негізде іске асырылуда. Жер қойнауын пайдаланушы – Karaton Operating Ltd.

Березовский жобасы

Батыс Қазақстан облысы

2025 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және Sinopec компаниясы Березовский күрделі жоба аясында көмірсутектерді барлау және өндіру туралы келісімшартқа қол қойды.

Березовский учаскесі Батыс Қазақстан облысының шегінде, Қарашығанақ кен орнынан оңтүстік-шығысқа қарай жерде орналасқан. Жобаны іске асыру барлау кезеңін сериктес тарапынан кэрри-қаржыландыру аясынла 50/50 тепе-теңдік негізінде жүргізіледі. Жобаның операторы — «Akkaiyn Operating» ЖШС.

Учаскенің перспективасы Каспий маңы бассейнінің солтүстік борт аймағының туздастындағы шөгінділерімен байланысты, мұнда нысандар күрделі геологиялық-технологиялық жағдайларда үлкен тереңдікте орналасқан. Минималды жұмыс бағдарламасы аясында тиісінше 300 км және 300 шаршы км көлемінде 2D және 3D сейсмикалық барлау жүргізу, сондай-ақ 7 000 м болатын аса терең ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда.

Болашақ жобасы

Маңғыстау облысы және ішінара Каспий теңізінің қазақстандық секторы

2025 жылғы наурызда күрделі жоба бойынша жер қойнауын пайдалану туралы келісімшартқа қол қойылды. Жер қойнауын пайдаланушы, ҚМГ-ның 100 % еншілес ұйымы — «Bolashak Operating» ЖШС.

Учаске Үстірт-Бозашы шөгінді алабының маңында орналасқан, онда ЖГЗ 1.0 жобасы шеңберінде сейсмикалық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша мезозой және палеозой кешендерінде тиісінше Салқын және Сырытау атты екі перспективті құрылым бұрғылауға дайындалды. Минималды жұмыс бағдарламасы аясында тереңдігі 3 500 м және 4 500 м екі іздеу ұңғымасын бұрғылау, сондай-ақ көлемі 432 шаршы км 3D сейсмикалық барлау жұмыстары жоспарлануда.

Алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылау 2026 жылға жоспарланған, оның тереңдігі 3 500 м болмақ.

Тайсойған жобасы

Атырау облысы

2025 жылы Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде, соның ішінде тереңдігі 431 м, 675 м, 1 274 м және 4 050 м төрт іздеу ұңғымаларын бұрғылау жұмыстары аяқталды аяқталды. Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша көмірсутектердің өнеркәсіптік тұрғыда жинақталуы табылмады.

ҚМГ учаскесінің перспективасын түпкілікті бағалау мақсатында далалық геохимиялық зерттеулерді, сондай-ақ сейсмикалық деректерді қайта өңдеу мен түсіндіруді қамтитын қосымша зерттеулер кешеніне бастамашылық жасады. Осы жұмыстардың нәтижелері бойынша қосымша төрт іздеу ұңғымасының орналасуын оңтайландыру жоспарлануда.

Қаражар жобасы

Ақтөбе облысы

Есепті жылы тереңдігі 3 250 м іздеу ұңғымасын бұрғылау аяқталды. Сынақ нәтижелері бойынша газ белгілері анықталды. Бұрғылау нәтижелері бойынша жобаға қатысты алдағы жоспарларды анықтау үшін алынған мәліметтерге кешенді талдау жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдаланушы, ҚМГ-ның 100 % еншілес ұйымы — «Қазақтүрікмұнай» ЖШС.

Солтүстік Өзен жобасы

Маңғыстау облысы

2025 жылы күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру бойынша келісімшартқа қол қойылды. Жобаның операторы ҚМГ-ның 100 % еншілес ұйымы — «KMG Barlau» ЖШС. Тереңдігі 2 002 м NO-1 іздеу ұңғымасын бұрғылау нәтижелері бойынша көмірсутектердің коммерциялық кеніштері табылмады. Жобалық тереңдігі 1 650 м болатын NO-4 екінші іздеу ұңғымасын бұрғылау басталды.

Абай жобасы

Каспий теңізінің қазақстандық секторы

2024 жылы Абай құрылымында теңіз ұңғымасын бұрғылау нәтижелері бойынша көмірсутектердің өнеркәсіптік кеніштері табылған жоқ, осыған байланысты 2025 жылғы ақпан айында Eni мен ҚМГ Абай жобасынан шығып, аумақты мемлекетке тапсыру туралы шешім қабылдады.

2025 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінен 2019 жылғы 26 шілдедегі № 4752-УВС-МЭ келісімшартының қолданылуын тоқтату туралы хабарлама келді. 2025 жылғы қарашада жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісіне қол қойылды.

Жоба стратегиялық серіктес Эни Исатай Б. В. компаниясымен бірлесіп, тепе-тең негізде, кэрри-қаржыландыру аясында іске асырылуда.

Әл-Фараби жобасы

Каспий теңізінің қазақстандық секторы

«ЛУКОЙЛ» ЖАҚ қатысты санкциялық тәуекелдеріне байланысты серіктестер келісімшарттық аумақты мемлекетке қайтару арқылы Әл-Фараби жобасынан мерзімінен бұрын шығуды қарастырып отыр.

Жоба «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ стратегиялық серіктесімен бірлесіп іске асырылады, ондағы ҚМГ үлесі 50,01 % құрайды, барлау кезеңін серіктес компания кэрри аясында қаржыландыруда.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу (ЖГЗ) бағдарламасы

ҚМГ жер қойнауын пайдалануға келісімшарт алуға қатысты шешім қабылдау үшін өңірлердің әлеуетін зерттеу және перспективті құрылымдарды анықтау мақсатында аз зерттелген аумақтар шегіндегі жер қойнауын геологиялық зерттеу (ЖГЗ) лицензиялары аясында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда. ЖГЗ бағдарламаларының операторы – «KMG Barlau» ЖШС, ҚМГ-ның 100 % еншілес компаниясы.

1. ЖГЗ 1.0 бағдарламасы
ЖГЗ 1.0 бағдарламасы аясында 2023–2024 жылдар аралығында Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында орналасқан Березовский, Мұғалжар, Болашақ, Жарқын, Солтүстік Өзен бес жоба бойынша жиынтықты толық көлемі 4 906 км 2D және 401 шаршы км 3D сейсмикалық барлау жүргізілді, сондай-ақ Болашақ жобасы бойынша 2D сейсмикалық барлаудың тарихи деректерінің 1 600 км қайта өңделді.

Алынған деректердің нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды алу бойынша шешімдер қабылдау алдында геологиялық белгісіздіктер төмендеді. 2025 жылы ЖГЗ 1.0 бағдарламасының бес жобасы ішінен үш учаске бойынша (Березовский, Болашақ және Солтүстік Өзен) жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар алынды, 2026 жылы Жарқын жобасы бойынша келісімшарт алынады деп күтілуде.

2. ЖГЗ 2.0 бағдарламасы
Шетелдік серіктестерден инвестициялардың қайтарылуы ескеріліп, ЖГЗ 1.0 бағдарламасы аясында Атырау, Ақтөбе және Ұлытау облыстарындағы Береке, Шығыс және Шу-Сарысу үш жобасы бойынша ЖГЗ 2.0 бағдарламасы дайындалған болатын.

2025 жылы Береке және Шу-Сарысу екі учаскесі бойынша жалпы көлемі тиісінше 1 500 шаршы км 3D және 1 800 км 2D далалық сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ Шығыс учаскесі бойынша 2D сейсмикалық барлаудың 2 650 км тарихи деректері қайта өңделді.

Жұмыс істеп тұрған активтерді қосымша барлау

2025 жылы ҚМГ өндірілетін қор көлемінің өсуіне бағытталған жұмыс істеп тұрған кен орындарын қосымша барлау бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. Келісімшарттық аумақтар шегінде жаңа кен орындарын іздеуге және бағалау ұңғымаларын бұрғылау, сейсмиканы қайта түсіндіру және геологиялық модельдерді жаңарту арқылы қабаттардың параметрлерін нақтылауға баса назар аударылды. Бұл бағыт төмен геологиялық тәуекелдер мен ресурстық базаны жедел толықтыру мүмкіндігінің арқасында басым болып қала береді.

2025 жылы қосымша барлау бастамасы аясында жоспардағы 7 ұңғыманың (ММГ 5, ЕМГ 1, ӨМГ 1) 6 бағалау ұңғымасы (ММГ 4, ЕМГ 1, ӨМГ 1) бұрғыланды. Олардың нәтижелі болуы 67 % құрады. 1 ұңғымада (ӨМГ) сынақ жұмыстары жүріп жатыр.

Мұнай мен газ өндіру

Мұнай мен газ конденсатын өндіру

ҚМГ өзінің операциялық активтері арқылы өндіруді жүзеге асырады, сондай-ақ әлемдік ауқымдағы елдің ірі мұнай-газ жобаларына (мегажобаларға) қатысады, онда өндірістік процестерді тікелей басқарусыз акционер ретінде рөл атқарады.

Өндіруші активтер

Операциялық активтер	ҚМГ үлесі, %
Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай, Өріктау Оперейтинг	100
Доңға	60
Маңғыстаумұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, Қазақойл Ақтөбе, Урал Ойл энд Газ	50
PetroKazakhstan Inc.	33

Операциялық емес активтер (мегажобалар)	ҚМГ үлесі, %
Теңіз	20
Қашаған	16,88
Қарашығанақ	10

Компания мұнай-газ индустриясының жаһандық экожүйесіне табысты интеграцияланып, әлемнің жетекші салалық компанияларымен тиімді ынтымақтастық орнатқан. Бұл өндірісте озық тәжірибелерді, заманауи технологияларды және жоғары стандарттарды енгізуге, сондай-ақ саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2025 жылы ҚМГ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 26 211 мың тоннаны (тәулігіне 544 мың баррель) құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 10 %-ға артты.

- «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіруді тұрақты деңгейде сақтап, 5 079 мың тоннаны (-0,4 %) құрады, газ өндіру шамамен 610 млн м³ болды. «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай өндіру көлемін 2,2 %-ға арттырып, 2 850 мың тоннаға жеткізді, газ өндіру 242 млн м³ құрады. ЕМГ-де газ өндірудің өсуі Батыс Прорва кен орнындағы қуаттылықтардың техникалық іске қосылуына байланысты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнай өндіру көлемі 3 083 мың тоннаны құрады.
- Басқа операциялық активтерде өндіру әртүрлі динамиканы көрсетті. 2023 жылдың соңында ұңғымаларды толық пайдалануға енгізу нәтижесінде «Урал Ойл энд Газ» ЖШС-де (Рожков кен орны) мұнай өндіру 54,4 %-ға өсіп, 172 мың тоннаға жетті. Доңға кен орнында өндіру 7,5 %-ға немесе 406 мың тоннаға артты. Сонымен қатар, «PetroKazakhstan Inc.» және «Қазгермұнай» компанияларында қорлардың табиғи сарқылуына және Шығыс Құмкөл кен орны бойынша келісімшарттың аяқталуына байланысты өндіру көлемі тиісінше 13,5 % және 13,1 %-ға төмендеді.
- Теңіз кен орнында ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай өндіру 40,3 %-ға айтарлықтай өсіп, 7 802 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштердің рекордтық өсуі Болашақ кеңейту жобасының табысты іске асырылуымен және 2025 жылдың басында Үшінші буын зауытының (ҮБЗ) іске қосылуымен байланысты, бұл өндірістік қуатты едәуір арттыруға мүмкіндік берді.
- Қашаған кен орнында ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай өндіру шамамен 3 025 мың тоннаны құрап, 4,9 %-ға өсті. Оң динамика 2024 жылдың қазанында Slug Catcher қондырғысын күрделі жөнделуден кейін өндіріс көлемінің қалпына келуімен және 2025 жыл бойы технологиялық желілердің тұрақты жұмысымен қамтамасыз етілді.
- Қарашығанақ кен орнында ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай және конденсат өндіру 0,5 %-ға төмендеп, 1 091 мың тоннаны құрады. Газ өндіру көлемі 2 525 млн м³ болып, бесінші компрессорды іске қосу есебінен жоспарланған көрсеткіштерден асты.

Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна

	2023	2024	2025
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	**23 532**	**23 837**	**26 211**
Операциялық активтер	**13 559**	**14 294**	**14 293**
Өзенмұнайгаз	4 877	5 098	5 079
Ембімұнайгаз	2 722	2 790	2 850
Маңғыстаумұнайгаз	3 075	3 085	3 083
Қазгермұнай	594	521	453
Қаражанбасмұнай	1 027	1 077	1 053
PetroKazakhstan Inc.	515	472	408
Қазақойл Ақтөбе	253	238	241
Қазақтүрікмұнай	436	440	453
Өріктау Оперейтинг	20	84	95
Доңға	40	378	406
Урал Ойл энд Газ	1	111	172
Мегажобалар	**9 973**	**9 544**	**11 918**
ТШО	5 779	5 562	7 802
«ҚМГ Қашаған Б.В.»[1]	3 108	2 885	3 025
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	1 086	1 097	1 091

Мұнай және газ конденсатын өндіру, тәулігіне мың баррель

	2023	2024	2025
Мұнай және газ конденсат көлемі[2]	**486**	**490**	**544**
Операциялық активтер	268	283	284
Мегажобалар	217	207	260

Өндіру бағытындағы ҚМГ активтерінің өлшемшарттары
ҚМГ активтерінде өндірілетін мұнайдың сапасы өңірге байланысты өзгеріп отырады. Баррелизация коэффициенті тоннасына 6,68 баррель болатын ең ауыр мұнай Қаражанбас кен орнында өндіріледі, ал ең жеңілі Қазақтүрікмұнай кен орындарында өндіріліп, бұл көрсеткіш тоннасына 8,49 баррельге жетеді.

[1] ҚМГ үлесі —2022 жылғы қыркүйектен кейін 16,88 %.
[2] Әрбір актив бойынша баррелизацияның орташа өлшенген жеке индикативтік коэффициенттеріне жол беру кезінде.

Өндіру бағытындағы ҚМГ активтерінің өлшемшарттары

Активтер	Кеуектілігі	API[1] градусы бойынша тығыздығы	Күкірттің мөлшері, %	Кен орын саны	Жаңа ұңғымалардың орташа дебиті, тәулігіне тонна	Ауыспалы ұңғыма қорындағы ұңғымалардың орташа дебиті, тәулігіне то	Мұнайдың баррелизация коэффициенті, тоннасына баррель
Өзенмұнайгаз	0,19	36,51	0,14	2	6,8	4,0	7,23
Ембімұнайгаз	0,27	32,03	0,62	32	12,3	3,8	7,30
Қаражанбасмұнай	0,34	19,81	1–2,5	1	2,32	2,09	6,68
Доңға	0,18–0,32	42,15	0,052	1	–	18,3	7,984
Қазгермұнай	0,26	39,95	0,14	6	15,8	12,6	7,25
PetroKazakhstan Inc.	0,09–0,30	51,25	0,03–0,08	18	88,2	5,22	7,63–7,67
Маңғыстаумұнайгаз	0,14	30,77	0,2	15	9,8	4,9	7,23
Қазақойл Ақтөбе	0,07	39,4	1,13	2	33,4	11,9	7,52
Қазақтүрікмұнай	0,16	59,30	0,64	6	0	35,0	8,49
Өріктау Оперейтинг	0,1	39,2	2,7	2	74	51,5	7,72
Урал Ойл энд Газ	0,05	48	0,2	1	–	231	8,2

Шикі мұнайдың сапасын анықтайтын негізгі параметрлер — API тығыздығы және күкірт мөлшері. ҚМГ мега-жобалары шеңберінде өндірілетін CPC Blend маркалы мұнай күкірттің төмен құрамымен (0,56 %) және жоғары тығыздығымен (45,3° API) сипатталады, бұл оны әлемдегі ең сапалы мұнай қатарына қосады.

Мұнай сапасын салыстыру: API және күкірт мөлшері

Марка	API градусындағы тығыздық	Күкірт мөлшері, %
CPC Blend (Қазақстан, Новороссийск)	45,3	0,56
West Texas Intermediate (АҚШ, Кушин)	40,0	0,42
Arab Extra Light (Сауд Аравиясы)	39,4	1,09
Brent (Ұлыбритания)	37,5	0,40
Urals/KEBCO (Ресей, Новороссийск)	31,3	1,36

Деректер S&P Global Platts ашық көздерінен.

[1] API градусы —API градусымен өлшеу мұнайдың салыстырмалы тығыздығын бірдей температурадағы судың тығыздығына қатысты анықтауға мүмкіндік береді.

ҚМГ операциялық активтерінде мұнай өндіру

ҚМГ компанияның портфелінің негізгі бөлігін құрайтын байырғы кен орындардың тиімді басқарылуына ерекше назар аударады. Операциялық активтерде мұнай өндірудің 85 % жуығы 7 негізгі кен орынға тиесілі, атап айтқанда Өзен және Қарамандыбас (Өзенмұнайгаз), Қаламқас және Жетібай (Маңғыстаумұнайгаз), С.Нұржанов және Шығыс Молдабек (Ембімұнайгаз), Қаражанбасмұнай.

Басымдықтар мен бастамалар
Мұнай өндірудің тиімділігін оңтайландыру және өнім көлемін арттыруға ұмтылады, бұл ҚМГ стратегиясының – маңызды бөлігі. Негізгі бағыттар:
- Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Жөндеуаралық кезеңді ұлғайту
- Шығынды азайту
- Өзенмұнайгаз кен орындарын оңалту жобасы
- Ембімұнайгаздың инвестициялық жобалары
- Автокөліктер мен арнайы техникаларды жаңарту шаралары
- Өндірісті автоматтандыру және цифрландыру

Доңға кен орнын игеру жобасы
Маңғыстау облысының Түпқарағаң ауданында орналасқан Доңға кен орны – топтың жалпы өндіру көлеміне тұрақты үлес қосуды қамтамасыз ететін ҚМГ портфеліндегі негізгі өндіруші активтердің бірі. 2023 жылдың соңында TotalEnergies концернінен 60 % қатысу үлесін сатып алған сәттен бастап жоба ҚМГ операциялық басқаруына көшті, бұл қаржы ағындарын шоғырландыруға және дамудың 3-кезеңін іске асыруға бақылауды күшейтуге мүмкіндік берді.

Стратегиялық серіктестік және акционерлер құрылымы
Өнімді бөлу туралы шарт (ӨБШ) аясындағы меншік құрылымы:
- **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ** — 60 % (Dunga Operating GmbH еншілес компаниясы арқылы);
- **Oman Oil Company Limited** — 20 %;
- **PTTEP (Kazakhstan) Corporation** — 20 %.

Кеңейту жобасын іске асыру (3-фаза)
Қазіргі кезеңде өндірістің өсуінің негізгі драйвері — кеңейту жобасының 3-фазасын толық көлемде іске асыру болып отыр. Осы кезеңнің стратегиялық мақсаттары — өндіру деңгейін тұрақты ұстап тұру және инфрақұрылымды 2039 жылға дейін (ӨБК қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін) кеңейту.

Мына жұмыстар аяқталды:
- жерүсті инфрақұрылымын кеңейту аяқталды;
- бұрын бұрғыланған 61 ұңғыма өндіруге қосылды;
- 17 ұңғыманың 16-сы су айдауға ауыстырылды, қалған 1 ұңғыманы ауыстыру 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған;
- экспорттық мұнай құбырын салу бойынша мердігер анықталып, жобалау жұмыстары басталды.

Перспективалар мен тұрақты даму
Доңға жобасы жаңа экологиялық стандарттарды және мұнай өндіруді ұлғайту технологияларын (EOR) енгізуге арналған пилоттық алаң ретінде қарастырылады.

1. **Газ әлеуеті:** кен орнындағы газдың геологиялық қоры 10 млрд м³-тен астам деп бағаланады. Қазіргі негізгі басымдық газды кәдеге жарату деңгейін 99 %-ға жеткізуге бағытталған.
2. **Декарбонизация:** кен орнының Каспий жағалауына және Ақтау өнеркәсіптік кластеріне жақын орналасуын ескере отырып, көмірқышқыл газын тұту бойынша пилоттық жобаларды іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда.
3. **Жергілікті қамту:** 2025–2029 жылдарға арналған жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама әзірленіп, бекітілді. Доңға жобасы аясында қазақстандық жеткізушілерден тауарлар мен қызметтерді сатып алу үлесі жоғары деңгейде сақталуда. 2025 жылы ұсынылған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша жергілікті қамту үлесі 74 %-ды құрап, 2024 жылғы 65 %-бен салыстырғанда айтарлықтай өсті.

Өндіру тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралары

Мұнай алуды ұлғайту және жаңа технологияларды енгізу
2025 жылы ҚМГ технологиялық сын-тегеуріндер жол карталары (ТСЖК) аясында технологияларды зерттеулік зерттеулер кезеңінен толық ауқымды өнеркәсіптік қолдану кезеңіне көшіруді аяқтады. Жыл қорытындысы бойынша ТСЖК іс-шараларын іске асыру нәтижесінде қосымша 334 мың тонна мұнай өндірілді. Қолданыстағы «Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар орталығы» порталы Fishbones көпарналы аяқтау және суланған учаскелерді оқшаулау жүйелері сияқты озық технологияларды талдау мен енгізуге арналған бірыңғай терезе ретінде жұмысын жалғастыруда. Су айдау процестерін басқару және геологиялық-техникалық іс-шараларды іріктеу үшін ABAI жүйесінің жасанды интеллект модульдерін енгізуді қоса алғанда, технологиялық даму бағыттары «Инновациялық-технологиялық даму» бөлімінде егжей-тегжейлі ұсынылған.

Сарқылып бара жатқан кен орындарды игеру

«Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты Балғымбаев, Ботақан, Қошқар және т.б. сынды ескі кен орындардағы қызмет шығындарды оңтайландыру мен басқарудың жаңа үлгілерін енгізуге бағытталған.

- **Шығындарды оңтайландыру:** жетілген қоры бар кен орындарында шағын диаметрлі ұңғымаларды (Slim Hole) бұрғылау технологиясын енгізу күрделі шығындарды 30 % дейін қысқартуға мүмкіндік берді.
- **Сервистік басқару:** ҚМГ төмен дебитті қорларды игеру үшін тәуекел-сервистік келісімшарттар негізінде жеке сервистік модельге көшу және шағын сервистік компанияларды тарту жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде.
- **Өндіру қарқындылығы:** «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында көпсатылы қабатты гидравликалық жару (ҚГЖ) қолданылатын көлденең ұңғымаларды бұрғылау негізгі драйверге айналып, жоспарланған деңгейден екі есе жоғары дебит алуға мүмкіндік берді.

Қарамандыбас және Өзен кен орындарын оңалту жобасы

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Қарамандыбас және Өзен кен орындарын оңалту жобасы салықтық жеңілдіктердің арқасында босатылған қаражатты белсенді игеру кезеңіне өтті.

- **Салық режимі:** кен орындарын суланған кен орындарының тізіміне енгізу нәтижесінде 2036 жылға дейін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың 2,6 % мөлшеріндегі төмендетілген ставкасын қолдану мүмкіндігі қамтамасыз етілді.
- **2025 жылдың нәтижелері:** босатылған қаражат есебінен 38 млрд теңге инвестиция салынып, нәтижесінде қосымша 161,3 мың тонна мұнай өндірілді.
- **Технологиялық жетістіктер:** Slim Hole технологиясы сәтті масштабталды — жалпы әсері 4,6 млрд теңгені құрайтын 41 ұңғыма бұрғыланды. Сонымен қатар, тұз тұндыру ингибиторларын енгізу ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін (ЖАК) 54 тәуліктен 141 тәулікке дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ҚМГ нысандарын энергиямен қамтамасыз ету

2024–2025 жылдары энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардағы электр энергиясының жүйелі авариялық ажыратуларына байланысты тіркелген ажыратулар саны және мұнай өндірудің жалпы көлемінің төмендеуі:

Еншілес ұйымдар	2024 жыл қорытындысы бойынша		2025 жыл қорытындысы бойынша	
	Ажыратудың жалпы саны	**Мұнай жоғалтудың жалпы көлемі, мың тонна**	**Ажыратудың жалпы саны**	**Мұнай жоғалтудың жалпы көлемі, мың тонна**
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	7	453	16	6 869
«Өзенмұнайгаз» АҚ	10	547	18	31 149
«Қаражанбасмұнай» АҚ	5	1 267	18	8 050
«Ембімұнайгаз» АҚ	122	1 133	88	1 625
Барлығы	**144**	**3 400**	**256**	**47 693**

2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда энергияны авариялық ажырату жағдайдарының артуы МАЭК[1] тарапынан энергия блоктарын тоқтатумен байланысты болды және ҚМГ үлесіне шаққандағы жиынтық өндіру көлемінің 0,2 % құрады.

Энергия қуатын жоғарылату және энергетиканы тиімді пайдалану бағытындағы жобалар

Маңғыстау облысында (Жаңаөзен қ.)

Eni (Plenitude) компаниясымен бірлесіп іске асырылып жатқан қуаты 247 МВт болатын Қазақстандағы алғашқы гибридті электр станциясын салу жобасы 2025 жылы іске қосу кезеңіне өтті.

- **Бірінші кезеңнің іске қосылуы:** 2025 жылғы 25 қыркүйекте Жаңаөзен қаласында қуаты 50 МВт болатын күн электр станциясы (КЭС) ресми түрде пайдалануға берілді. Күн электр станцияларынан өндірілген және желіге шығарылған электр энергиясының нақты көлемі 2025 жылы 11 630,1 МВт*сағ құрап, 534 миллион теңгені құрады, ал 2026 жылдың бірінші тоқсанында 15 932 МВт*сағ құрап, 579 миллион теңгені құрады.
- **Техникалық сипаттамалары:** 80 га аумақта LONGi 80 000-нан астам екіжақты панельдер орнатылған, олар жылына 86 млн кВт*сағ «таза» электр энергиясын өндіреді.
- **Нысаналы мақсаты:** өндірілетін электр энергиясы «Өзенмұнайгаз» АҚ және «ҚазГӨЗ» ЖШС өндірістік нысандарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл өңірдің энергия жүйесіндегі іркілістерге байланысты өндірістің тоқтап қалу тәуекелдерін төмендетуде маңызды рөл атқарады.
- **Алдағы жоспарлар:** 2026 жылдың соңына дейін қуаты 77 МВт жел электр станциясы мен 120 МВт газ электр станциясының құрылысын аяқтау жоспарлануда. Бұл ЖЭК үлесі 40 % дейін жететін толыққанды гибридті энергия кешенін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Газ поршенді электр станциялары (ГПЭС):

Энергетикалық дербестікті қамтамасыз ету және сыртқы электр энергиясына тәуелділікті төмендету мақсатында (атап айтқанда, 2024–2025 жылдары ӨМГ, ММГ, ЕМГ және ҚБМ кен орындарында тіркелген шектеулерді ескере отырып) ҚМГ тобы өз электр энергиясын өндіру жобаларын іске асыруда.

- **Қаражанбас кен орны («Қаражанбасмұнай» АҚ):** Қазіргі уақытта «Қаражанбасмұнай» АҚ ұзақ мерзімді негізде инвесторларды тарту және генерациялайтын қондырғыларды лизинг арқылы сатып алу мүмкіндігін қоса алғанда, электр энергиясын өндіру жобасын іске асырудың түрлі нұсқаларын жан-жақты талдауда. 2025 жылғы 23 желтоқсанда ҚБМ қаржылық лизинг және қуаты 5 МВт ГПЭС жалдау мәселесін Директорлар кеңесінің қарауына ұсынды. 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №05 хаттамалық шешіммен ҚБМ Директорлар кеңесі лизингті мақұлдады. Сонымен қатар «Борусан Макина» ЖШС-мен құпиялылық туралы келісімге қол қойылды.
- **Жетібай және Қаламқас кен орындары («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ):** Қуаты 25 МВт (Жетібай) және 10 МВт (Қаламқас) болатын газ поршенді электр станцияларын салу жобаларын 2026 жылдың II тоқсанында аяқтау жоспарлануда. Аталған станциялар жылына 85 млн м³ астам газды өңдеп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік нысандарының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін шамамен 320 млн кВт·сағ электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Бұл кен орындарының энергияға деген ішкі қажеттіліктерін тұрақты әрі сенімді түрде қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұңғымалар қорының жұмысқа қабілеттілігін арттыру

ҚМГ еншілес ұйымдарында активтердің тұрақты өндіру деңгейін сақтау және олардың жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында 2025 жылы пайдалану тиімділігін арттыру және оңтайландыру жөніндегі бағдарламалар кешені іске асырылды.

- **Геологиялық-техникалық іс-шаралар (ГТШ):** көпсатылы ГТШ және бүйір оқпандарды кесу сияқты жоғары технологиялық жұмыстарды жүргізу нәтижесінде тоқтап тұрған ұңғымалар қайта іске қосылып қана қоймай, бірқатар учаскелерде жоспарланған дебит деңгейінен айтарлықтай жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілді.
- **Ұңғымаларды жерасты жөндеу (PRS):** PRS бағдарламалары алдын ала қызмет көрсетуге және жабдықтың сенімділігін арттыруға бағытталған. Күрделі пайдалану жағдайларына арналған арнайы сорғыларды (механикалық қоспалар, коррозия) енгізу және тұз тұндыру ингибиторларын қолдану бірқатар активтер бойынша орташа жөндеуаралық кезеңді (ЖАК) ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Ұңғыма қоры: 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ-ның операциялық басқаруындағы ұңғымалардың жалпы қоры **18 200 бірлікті** құрады, оның ішінде **14 135 ұңғыма** қолданыстағы өндіруші қорға жатады.


Ұңғымалар саны, ҚМГ операциялық активтері, бірл.

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Жаңа ұңғымалар	513	517	518
Ұңғымалардың ауыспалы қоры, оның ішінде тоқтап тұрған ұңғымалар	13 142	13 313	13 647
	771	828	689
Айдау ұңғымалары	3 869	4 084	4 336
	341	379	286
ҚМГ операциялық активтері бойынша жиыны	**17 524**	**17 914**	**18 501**


Қолданыстағы бұрғылау қондырғыларының саны — 48 бірлік.

[1] Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты.

Лифтинг-шығын (индикативті есептік деректер), АҚШ доллары /барр.



Нетбэки (индикативті есептік деректер), АҚШ доллары /барр.



2026 жылға арналған жоспарлар

Негізгі іс-шаралар байырғы кен орындарды дамытуға бағытталған.

1. **Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту:**
   Қосымша 160,2 мың тонна мұнай өндіруді қамтамасыз ету мақсатында жаңа ұңғымаларды бұрғылау және инфрақұрылымды жаңғырту үшін 40 млрд теңге көлемінде қаржыландыру қарастырылған.

2. **Slim Hole технологиясын тарату:**
   Өзен кен орнында шағын диаметрлі ұңғымаларды бұрғылау көлемін 132 бірлікке дейін ұлғайту жоспарлануда, бұл күрделі құрылыс шығындарын 30 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

3. **Газ инфрақұрылымын дамыту:**
   Қарашығанақ кен орнында II тоқсанда газды кері айдаудың алтыншы компрессоры іске қосылды (ҚКЖ 1Б). Қашаған кен орнында қуаты жылына 1 млрд м^3 болатын газ өңдеу зауытының құрылысын аяқтау және пайдалануға беру 2026 жылдың соңына жоспарланып отыр.

4. **Мұнай өндіруді ұлғайту тәсілдері бағдарламасын кеңейту**[1]:
   Қаламқас кен орнында полимерлі су айдаудың екі жаңа учаскесін іске қосу және Қаражанбас кен орнында беттік-полимерлік әсер етудің толық ауқымды тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарын бастау көзделген.

5. **Жаңа қорларды игеру:**
   Қаражанбас кен орнының жағалау аймағын игерудің белсенді кезеңі басталып, 25 өндіруші ұңғыманы жоспарлы бұрғылау қарастырылған.

6. **Цифрлық трансформация:**
   ABAI интеллектуалды су айдау жүйесін масштабтау және Топтың барлық өндіруші активтерінде көлік қызметін басқарудың бірыңғай цифрлық платформасын енгізу жоспарлануда.



[1] Мұнай өндіруді ұлғайту тәсілі - мұнайды алудың түпкілікті коэффициентін арттыру үшін қабатқа физикалық-химиялық, жылу және гидродинамикалық әсер етулер кешені

МЕГАЖОБАЛАР

Теңіз

Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылған және ол Қазақстандағы мұнай-газ саласының жауһары әрі әлемдегі ең ірі мұнай кен орны.

«Теңізшевройл» ЖШС жобасы бойынша келісім Қазақстан Республикасы мен Chevron Corporation компаниясы арасында 1993 жылы қабылданды. Теңіз кен орны мен ірі Королев кен орнын қамтитын Көмірсутекті барлауға және өндіруге арналған лицензия ТШО-ға 1993 жылы 40 жылға берілді.



Басты индикаторлар

2025 жылы өндірілген мұнай (барлығы)

39 011 мың тонна (тәулігіне 853 мың баррель)[1]

ҚМГ үлесіне өндірілген мұнай (20 %)

7 802 мың тонна (тәулігіне 171 мың баррель)

2P мұнай қорының есептілігі

40 жылдан астам


Өндірілген ілеспе газ көлемі (барлығы). Бұған Компанияның жеке қажетіне арналған газ мөлшері және газды кері айдау кіреді

22,6 млрд м³

Оператор

ТШО

Меншік үлестері



50 % Chevron (50 %)
25 % ExxonMobil (25 %)
20 % ҚМГ (20 %)
5 % Lukoil International GmbH (5 %)

ТШО қоры бойынша бірегей алып Теңіз кен орны мен ірі Королев кен орнын қамтитын лицензиялық учаскенің аумағында көмірсутектерді өндірумен айналысады. Қазіргі уақытта мұнай өндіру және дайындау сенімділік көрсеткіштері жоғары заманауи өндірістік нысандарда жүзеге асырылады, атап айтқанда: кешенді технологиялық желілер, екінші буын зауыты, шикі газды айдау кешені, үшінші буын зауыты (УБЗ) және шикі газды айдау жүйелерінің үшінші буыны.

Бұл жобалар ынтымақтастықтың халықаралық деңгейін және Қазақстандағы мұнай-газ саласына заманауи технологияларды енгізуді мүмкіндіктерін көрсетеді.

[1] 1 тонна = 7,98 баррель.

ТШО-ның өндірістік қызметі

Жылдар	Мұнай өндіру, мың тонна	Ілеспе газ өндіру, млн м³	Құрғақ газ өндірісі, млн м³	Сұйытылған көмірсутек газының (СКГ) өндірісі, мың тонна	Күкірт өндірісі, мың тонн	Газ айдау, млн м³
2023	28 893	16 009	9 403	1 255	2 573	3 641
2024	27 811	15 059	8 669	1 234	2 468	3 520
2025	39 011	22 571	8 691	1 278	2 456	11 046

Өндіру көлемінің өсуі Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ) нысандарын ертерек іске қосумен байланысты.

Қашаған

Қашаған алып кен орны соңғы төрт онжылдықта ашылған ең ірі кен орны әрі әлемдегі ең күрделі салалық жобалардың бірі. Қашаған кен орны Атырау қаласынан 75 шақырым жерде Қайраң аймағында орналасқан. Кен орнының коллекторы 4 км астам тереңдікте жатыр және ол жоғары қысым (700 баррельден астам) мен күкіртсутегінің (H2S) жоғары концентрациясымен сипатталады. Бұл факторлар озық технологиялар мен инновациялық шешімдерді қолдануды талап етеді.

Жоба 1997 жылы 18 қарашада қол қойылған Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім (СКӨБК) аясында жүзеге асырылуда. Жобаны NCOC операциялық компаниясы басқарады. Қашаған – Қайраң, Ақтоты сияқты Солтүстік Каспий жобасының бір бөлігі, Қазақстандағы теңіз мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша алғашқы алып жоба.



Басты индикаторлар

2025 жылы өндірілген мұнай мен конденсат көлемі (барлығы)

17 919 мың тонна (тәулігіне 396 мың баррель)[1]

ҚМГ үлесіне өндірілген мұнай (16,88 %)

3 025 мың тонна (тәулігіне 66 мың баррель)

Мұнай мен конденсат бойынша 2P қорының еселігі

76 жылдан артық

Газ өндіру (барлығы)


11,7 млрд м³

Оператор

NCOC

[1] 1 тонна = 7,9272 баррель.

Меншік үлестері



16,88 %	«ҚМГ Қашаған Б.В.»
16,81 %	Eni S.p.A.
16,81 %	ExxonMobil
16,81 %	Shell
16,81 %	Total S.A.
8,33 %	CNPC
7,56 %	INPEX North Caspian Sea

Қашаған кен орнында барлығы 40 ұңғыма бұрғыланды, оның 6-ы тоғытылған, ал 33-і өндіруші ұңғыма, ал 1-еуі мониторингтік ұңғыма. Күкіртті газды жоғары қысыммен айдау мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл өндірістің тұрақты деңгейін қамтамасыз етіп, алдағы кезеңдегі өсім әлеуетін кеңейтеді.

ҚМГ жобаға қатысу үлесінің 16,88 % иеленетін «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясы арқылы осы ерекше кен орындағы халықаралық тәжірибе мен технологияларды біріктіре алды.

NCOC өндірістік қызметі

Жылдар	Мұнай өндіру, мың тонна	Табиғи және ілеспе газды өндіру, млн м³	Күкірт өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м³
2023	18 774	11 857	1 486	5 829
2024	17 424	11 253	1 422	5 486
2025	18 269	11 973	1 522	5 811

2025 жылы өндірістің жоспарлы тоқтатулары болған жоқ. Бұл жабдықтардың тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, алдыңғы жылдағы төмендеу қарқынын қалпына келтіруге және өндіру мен ілеспе өнім көлемін арттыруға мүмкіндік берді. Ал 2024 жылдың III тоқсанында жоспарлы технологиялық шектеулерге байланысты өнім қабылдайтын газ сепараторы ауыстырылып, жұмыс шамамен 20 күнге уақытша тоқтатылған болатын. Соның нәтижесінде өндіру көрсеткіштері төмендеген болатын.

СКӨБК талаптарына сәйкес Қашаған кен орнында өндірілетін бүкіл мұнай, соның ішінде ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай да экспортқа жөнелтіледі. Өндірілетін мұнай негізінен ҚҚК мұнай құбыры арқылы Новороссийск портынан Еуропаға, Шығыс Азияға және Үндістанға экспортқа жөнелтіледі.

Арбитраж дауы

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (СКӨБК) сәйкес Қазақстан Республикасы және мердігер компаниялар арасында (ҚМГ еншілес кәсіпорны ҚМГ Қашаған Б.В.) кейбір келіспеушіліктер бар. Бұл дау арбитраждық сот қарауына берілген.

Экологиялық тексеру

2022 жылы Атырау облысы бойынша Экология департаменті (ЭД) Операторға қатысты 1,02 млн тонна күкіртті нормативтен тыс сақтағаны жөнінде ұйғарым шығарды. 2025 жылғы 1 тамызда апелляциялық сот бұл ұйғарымды заңсыз деп танығанына және 2025 жылғы 10 желтоқсанда кассациялық сот бұл шешімді күшінде қалдырғанына қарамастан, бұл мәселе бойынша құқықтық дау жалғасып келеді.

2022 жылғы тексеру материалдарының негізінде 2025 жылғы тамызда операторға жалпы сомасы 2 358 млрд теңгеге (шамамен 4,366 млрд АҚШ доллар) әкімшілік айыппұл салынды. Құқық аясындағы белгісіздікке және ЭД-ның 2025 жылғы 10 қазандағы жаңа ұйғарым шығаруына байланысты, айыппұлдар туралы істерді қарау қазіргі уақытта ілеспе сот процестері аяқталғанға дейін тоқтатылды.

2025 жылғы 23 желтоқсанда Астана қаласының бірінші инстациядағы соты 2025 жылғы жаңа ұйғарымжы заңды деп таныды. Оператор бұл шешімге 2026 жылғы 8 наурыздың соңына дейін апелляциялық тәртіппен шағымдануға ниетті. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қаржылық шығындардың ықтималдығын белгісіз деп бағалады және шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті резервтерді мойындамады.

Қашаған жобасын кеңейту

Іске асырылып жатқан жобалар

Қуаты жылына 1 млрд м³ «QazaqGaz» ҰК АҚ газ өңдеу зауытының (ГӨЗ) құрылысы жүргізілуде. Орындалған жұмыс қарқыны - 54,8 %. NCOC тарапынан құбырды төсеу бойынша барлық құрылыс жұмысы аяқталып, ұзақ мерзімді консервацияда тұр. ГӨЗ құрылысын «QazaqGaz» ҰК АҚ 2026 жылдың соңына дейін аяқтайды деп жоспарланған.

Сонымен қатар сұйытылған көмірсутекті газды (СКГ) коммерцияландыру жобасы аясында айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. 2024 жылдың тамыз айында «QazaqGaz» ҰК АҚ-мен СКГ-ны сатып алу-сату туралы шартқа қол қойылды. 2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша NCOC тарапынан жүргізілген жұмыс ілгерлеп, 70 % құрады. Бұл жобаның NCOC көлемі бойынша толық аяқталуы 2026 жылдың 3-тоқсанына жоспарланған. QazaqGaz бірінші кезеңді аяқталу мерзімі 2026 жылдың шілде айының басына ауысқаны туралы ресми түрде хабарлады.

Зерттеліп жатқан жобалар

Компания өндірісті кеңейту мүмкіндіктерін белсенді зерттеп жатыр. «2А кезеңі» жобасы аясында алдын ала базалық жобалау туралы келісімге қол қойылды. Инвестициялық шешім қабылдау алдын ала 2026 жылдың соңына ауыстырылды. Осы жоба аясында жаңа ГӨЗ іске қосу 2029-2030 жылдарға жоспарланып отыр.



Қарашығанақ

Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны - Батыс Қазақстан облысында орналасқан және 280 км2 астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі. Кен орны 1979 жылы ашылған, кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру 1984 жылы басталды.



Басты индикаторлар

Сұйық көмірсутек өндіру көлемі (тұрақты[1]) (барлығы)

10 914 мың тонна (тәулігіне 235 мың баррель)[2]

ҚМГ үлесіне (10 %) тиесілі сұйық көмірсутек өндіру көлемі (тұрақты)

1 091 мың тонна (тәулігіне 24 мың баррель)

Даму перспективасы

Көмірсутек өндірудің жоғары деңгейін сақтап тұру мақсатында инвестициялық жобаларды іске асыру

Мұнай мен конденсат бойынша 2P қорының еселігі

18 жылдан артық

Газ өндіру (барлығы)

25,2 млрд м³


Оператор

Royal Dutch Shell және Eni S.p.A. компаниялары – Қарашығанақ кен орнының бірлескен операторлары

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім және жоба операторлары

Қарашығанақ жобасы 1997 жылы 18 қарашада қабылданған Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісім аясында іске асырылуда. Консорциумның құрамына бүгінде Eni (Agip), Shell, Chevron, «Лукойл» және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кіреді. Agip Karachaganak B.V. және Shell Kazakhstan (Karachaganak) B.V. компаниялары Karachaganak Petroleum Operating B.V. (KPO) компаниясы арқылы жобаның бірлескен операторлары болып саналады.

Меншік үлестері



29,25 % Eni S.p.A.
29,25 % Shell
18,00 % Chevron
13,5 % «ЛУКОЙЛ»
10 % «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС

[1] Сұйық көмірсутектерді тұрақты эквивалентте бағалау үшін мұнай мен конденсаттың жалпы көлеміне есептелетін 0,9 аудару коэффициенті қолданылады.
[2] 1 тонна = 7,86 баррель.

Технологиялық инфрақұрылым

Кен орнында көмірсутекті өндіру, дайындау және тасымалдау процестерін толық қамтамасыз ететін үш негізгі технологиялық нысан орналасқан

1. Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК)
   - ұңғымалардан келетін сұйық көмірсутектерді, сондай-ақ ГКДҚ 2 мен ГКДҚ 3-тен тасымалданатын бастапқы шикізатты дайындауды жүзеге асырады.
   - ішінара газды экспортқа жөнелтуге, қабатқа айдауға, сондай-ақ жеке өндірістік қажеттіктер үшін дайындайды.
2. Газды кешенді дайындау қондырғысы — 2 (ГКДҚ-2):
   - шикі газды жоғары қысыммен бөлуді және қайта айдауды жүзеге асырады;
   - сұйық көмірсутектерді кейіннен тұрақтандыру және экспортқа дайындау үшін ҚӨК-ке жібереді.
3. Газды кешенді дайындау қондырғысы — 3 (ГКДҚ-3):
   - сұйық көмірсутектер мен газды экспортқа тасымалдау алдында олардың бөлінуін және ішінара тұрақтануын қамтамасыз етеді.

ҚӨК өндірістік қызметі

Жыл	Газ өндіру, млн м³	Сұйық көмірсутектерді өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн м³
2023	22 385	10 858	12 650
2024	23 942	10 968	14 231
2025	25 249	10 914	16 625

Газ өндіру көлемі артқан сайын газды кері айдау көлемінің пропорционалды өсуі байқалады, бұл қабат қысымын ұстап тұру технологияларын қолданумен байланысты.

Арбитраж дауы

Қазақстан Республикасының және мердігер компаниялардың 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес арбитраж арқылы реттеуге жататын ӨБТК-ның белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірнеше келіспеушілігі бар. Мердігер компаниялардың пайымдауынша, олар ӨБТК, Қазақстан Республикасының заңнамасына және қолданыстағы стандарттар мен озық тәжірибеге сәйкес әрекет етеді.

Оператордың 2023 жылғы 13 сәуірдегі хабарламасына сәйкес, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС бірлескен қызмет туралы келісім аясында мүдделер қақтығысының болуына байланысты келіссөздер процесінен толық шығарылды.

2026 жылғы қаңтар айының соңында Лондон халықаралық төрелік соты өтелетін шығындарды қайта қарауға қатысты Қарашығанақ консорциумы акционерлерімен болған дауда Қазақстан Республикасының пайдасына шешім шығарды. БАҚ мәліметтеріне сәйкес, мемлекет пайдасына төленуі мүмкін өтемақы сомасы 2-4 млрд АҚШ долларын құрауы ықтимал. Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аталған шешімнің егжей-тегжейін нақтылау және халықаралық әріптестермен байланысты мәселелерді пысықтау жұмыстарын жүргізуде.

Қарашығанақты кеңейту жобасы

Жоба	Мәртебесі	Жоба мақсаты	Күтілетін нәтижесі	Қосымша мәліметтер
ҚКЖ-1А: 5-компрессорды пайдалануға беру	Пайдалануға беру (2025 жылғы наурыз)	Газ айдауды жылына 3,7 млрд м³ ұлғайту қабат қысымын ұстап тұру мұнай өндірудің жылдық деңгейін 10-11 млн тонна деңгейінде тұрақтандыру	ӨБТК-қолданылу мерзімінің соңына дейін мұнай өндірудің өсуі — 7,1 млн тонна	—
ҚКЖ-1Б: 6- компрессордың құрылысы	Белсенді құрылыс жұмыстары (прогресс 01.01.2026–97 % жоспарда 88 %	Газ айдауды жылына 3,7 млрд м³ ұлғайту мұнай өндіру деңгейін сақтау	Мұнай өндірудің өсуі — 5,8 млн тонна	Жоспарланған іске қосу — 2026 жылғы 2 тоқсан

Табиғи және ілеспе газды өндіру

Табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 2025 жылы 20 % өсіп, 11 450 млн м³ дейін ұлғайды. Бұл ретте 2 429 млн м³ (21 %) операциялық активтердің үлесіне, 9 021 млн м³ (79 %) мегажобалардың үлесіне тиесілі.

Көрсеткіш, млн м³	2023	2024	2025
ҚМГ үлесіне активтер бойынша табиғи және ілеспе газ өндіру	**9 459**	**9 554**	**11 450**
Операциялық активтер	**2 055**	**2 285**	**2 429**
Өзенмұнайгаз	596	613	610
Ембімұнайгаз	217	205	242
Маңғыстаумұнайгаз	427	443	435
Қазгермұнай	129	137	137
Қаражанбасмұнай	33	41	40
PetroKazakhstan Inc.	112	109	97
Қазақойл Ақтөбе	402	403	398
Қазақтүрікмұнай	127	102	124
Өріктау Оперейтинг	9	55	79
Доңға	3	27	31
Урал Ойл энд Газ	2	151	235
Мегажобалар	**7 403**	**7 269**	**9021**
ТШО	3 202	3 011	4 514
«ҚМГ Қашаған Б.В.»	1 963	1 863	1 982
«ҚМГ Қарашығанақ»	2 239	2 394	2 525

Газ өндіру көрсеткіштері өндірілген газдың жалпы нақты көлемін қамтиды, оның ішінде қабатқа кері айдалатын газ және өндірістің меншікті қажеттіліктеріне пайдаланылатын газ бар.

Қабатқа кері айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қабат қысымын тұрақты ұстап тұру мақсатында жүзеге асырылады.

2025 жылы тауарлық газ өндіру көлемі 5 515,8 млн м³ құрады, оның ішінде 2 331,8 млн м³ операциялық активтерге тиесілі, ал 3 184 млн м³ мегажобалар есебінен өндірілді. 2024 жылмен салыстырғанда ҚМГ-ның тауарлық газ өндіру көлемі жиынтық түрде 260,8 млн м³ немесе 5,0 %-ға артты.

ҚМГ-ның операциялық активтері бойынша тауарлық газ өндірісі[1], млн м³

	2023	2024	2025
Қазгермұнай[2]	203	239	241
Қазақойл Ақтөбе[3]	670	676	693
Өріктау Оперейтинг[3]	1	47	69
Урал Ойл энд Газ	22	203	379
Емібмұнайгаз	170	158	188
Қазақтүрікмұнай	71	43	51
ҚазГӨЗ[2]	689	698	711
Операциялық активтер бойынша барлығы	**1 826**	**2 064**	**2 332**

Мегажобалар бойынша тауарлық газ өндірісі (ҚМГ үлесіне), млн м³

	2023	2024	2025
Теңіз	1 881	2 025	1 738
Қарашығанақ[4]	881	874	765
Қашаған	657	633	681
Мегажобалар бойынша барлығы	**3 419**	**3 532**	**3 184**

Газ сегменті: 2025 жылдың негізгі қорытындылары мен жобалары

Ағымдағы жобалар

Кен орны	2025 жылдың басты оқиғалары	Компания
Рожков	2025 жылы нақты өндіру 343,0 мың тонна конденсатты және 469,6 млн м³ шикі газды құрады. 1-кезең аяқталады: жабдықты престеу жүргізілді, автоматтандыруды іске қосу-баптау жұмыстары жүргізілуде. 2-кезең бойынша жұмыстар басталды: ЖСҚ әзірлеуге шарт және 20.03.2025 жылы процессингке жаңа келісім жасалды	«Урал Ойл энд Газ» ЖШС
Шығыс Өріктау	2025 жылы нақты газ өндіру көлемі 79 млн м³ құрап, жоспарлы көрсеткіштен 58,2 млн м³-ке жоғары болды.	«Өріктау Оперейтинг» ЖШС
Өріктау (КТ-1)	59г және 61г ұңғымаларды қайта консервациялау жүргізілді. ҚМГИ күштерімен 8 ұңғыма мен инфрақұрылымды жайластыруға ТЭН мен ЖСҚ әзірленді. 2025 жылғы 30 желтоқсанда мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. СНПС-АМГ-мен процессинг туралы келісімге қосымша қол қойылды	«Өріктау Оперейтинг» ЖШС
Шығыс Прорва	Алынатын газ қоры (С1) 19,8 млрд м³ дейін ұлғайтылды. 2025 жылғы 28 қарашада «QazaqGaz» ҰК АҚ жүйесіне уақытша схема бойынша газ беру басталды. ПК-1 (қуаты жылына 160 млн м³) толыққанды пайдалануға беру 2026 жылдың I тоқсанына жоспарланған.	«Ембімұнайгаз» АҚ

[1] Көрсеткіштер компанияға тиесілі шикізат көлемінің негізінде қалыптастырылған. Бұған дейінгі жылдық есептерде дайын өнімді өткізуді жүзеге асыратын тараптың көлемі ескерілді.
[2] Өзенмұнайгаздың және Маңғыстаумұнайгаздың «Жетібаймұнайгаз» ӨБ шикі газы ҚазГӨЗ-ге жеткізіледі.
[3] «Gas Processing Company» ЖШС-не берілген көлемдерді қоса алғанда
[4] Орынбор газ өңдеу зауытына шикі газ жеткізу көлемі.



Қазақ газ өңдеу зауыты

Негізгі факторлар

Қазақ газ өңдеу зауыты (ҚазГӨЗ) – Қазақстанның алғашқы газ өңдеу зауыты және Маңғыстау облысындағы жалғыз зауыт. Жобалық қуаты: жылына 1,5 млрд м³ шикі газ, жылына 90 мың тонна газ конденсатын, жылына 510 мың тонна жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын өңдеуге қауқарлы.

Зауыт ҚМГ-ның операциялық активтерінің және басқа жер қойнауын пайдаланушылардың шикізатын өңдеп, өңір үшін тауарлық газ, сұйытылған мұнай газы және тұрмыстық отын өндірісін қамтамасыз етіп отыр.

2025 жылғы нәтижелер

856,4 млн м³ шикі газ, 3 мың тонна газ конденсаты және 37,1 мың тонна жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы өңделді. 2025 жылы тауарлық мұнай газын өндіру көлемі 204,0 мың тонна деңгейінде болды. 2025 жылы сұйытылған мұнай газын сату көлемі 202,9 мың тоннаны құрады (2024 жылы — 200,0 мың тонна).

Өңірдегі рөлі

Кәсіпорын Маңғыстау облысының аумақтық-өндірістік кешеніндегі негізгі нысандардың бірі және халық пен өндірістік объектілерді маңызды өніммен тұрақты қамтамасыз етеді.

Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу жобасы

Жобаның мақсаттары:

Жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын шикізатты үздіксіз өңдеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін газды тұрақты әрі сенімді жеткізуді ұйымдастыру.

Негізгі параметрлері:

Жобаны іске асыру 2023–2027 жылдар кезеңіне жоспарланған. Жаңа зауыттың жобалық қуаты жылына 900 млн м³ дейін шикі газды өңдеуге есептелген, қосымша 20 % резервтік қуат қарастырылған. Зауыттың негізгі өнімдері ретінде мыналар өндіріледі деп күтілуде:

- тауарлық газ — 743 млн м³;
- СМГ — 217 мың тонна;
- пентан және гексан фракциялары — 122 мың тонна;
- тауарлық күкірт— 85 тонна.

Ағымдағы жағдайы

Алғашқы іске қосу кешені (ӨК-1)[1] бойынша:

- 2025 жылғы 17 ақпанда мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды;
- жалпы құрылыс жұмыстары (жабдықтарды монтаждау жұмыстарын қоспағанда) толық көлемде аяқталды;
- блок-модульдік ғимаратты, жиынтық тарату құрылғысын (КРУ-10 кВ) қоса алғанда, ПК-1 (110 кВ ашық тарату құрылғысы (ОРУ-110 кВ); қуаты 25 МВА күштік трансформаторлар (2 дана); 10 және 110 кВ асқын кернеуден қорғау құрылғылары; бейтарапты жерге тұйықтау құрылғысы; 110 кВ ажыратқыштар мен айырғыштар; 10 кВ ток және кернеу трансформаторлары).

Екінші іске қосу кешені (ӨК-2) бойынша:

- 2025 жылғы 14 шілдеде «дайындық жұмыстары, қосалқы ғимараттар мен құрылыстар салу» бөлімі бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды;
- Жалпы зауыттық және әкімшілік-шаруашылық нысандары бойынша аумақты жобалық белгілерге дейін көтеру және жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін макрожоспарлау жұмыстары орындалуда;
- Еуропа мен Қытайдағы жеткізушілерге ұзақ өндірістік циклді жабдықтарға тапсырыстар орналастырылды, оның ішінде 259 позицияның 177-сі рәсімделді.

2026 жылға арналған жоспарлар

1 Кен орынды дамыту

Биыл ММГ, ҚБМ және ҚОА нысандарында газ поршенді электр станцияларын пайдалануға беру жоспарланып отыр, олардың бекітілнен қуаты: тиісінше, 35 МВт, 5 МВт және 12 МВт.

2 Газды коммерциялandыру


Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнында ГКДҚ салу мұнай өндіруді жылына 107 мың тоннаға дейін ұлғайтуға, сондай-ақ жылына 80 млн м³ көлемінде газды коммерциялandыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ҚМГ-ның келесі нысаналы бағыты – газ өндіруді ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру. 2026 жылы 200 млн м³ газ өндіре отырып, Орталық Өріктау кен орнын пайдалануға беріп, техникалық іске қосылуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар жылына 700 млн м³ көлемінде газ өндіру көлемін қамтамасыз ете отырып, Рожков кен орнының 2-кезеңін жүзеге асыру.



[1] КҚ-1 бойынша құрылыс — монтаждау жұмыстары (бұдан әрі-ҚМЖ) нысандарының тізімі: 110 кВ қос тізбекті әуе желісі, МӨЗ кірме автожолы (Оңтүстік), бас төмендету қосалқы станциясы (ЖПП), «Өзен» 220/110/10 кВ қосалқы станциясының ұяшықтарын қайта жаңарту, бақылау-өткізу пункті (Оңтүстік), тұрақ (Оңтүстік), периметрлік қоршау.

Тасымалдау

Мұнай тасымалдау маршруттары



ҚМГ-да мұнай тасымалы екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: магистралды құбырлар және теңіз флоты арқылы. Жүйе Еуропа мен Қытайды қоса алғанда, негізгі халықаралық нарықтарға мұнай жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Каспий және ашық теңіздері (Қара және Жерорта теңіздері) терминалдарына шығатын ішкі, экспорттық және транзиттік бағыттарды қамтиды. Бұл қосымша экспорттық бағыттарды және ҚМГ логистикалық моделінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді

Магистралды құбыр жолдары және теңіз маршруттары арқылы мұнай тасымалдаудағы ҚМГ-ның қатысу құрылымы[1]

Көрсеткіш	Магистралды құбырлар арқылы тасымалдау				Теңіз флотымен тасымалдау
Басқарушы компания	**ҚазТрансОйл**	**Қазақстан-Қытай Құбыры**	**МұнайТас**	**Каспий Құбыр желісі Консорциумы**	**Қазақтеңізкөлік-флоты**
ҚМГ үлесі	ҚМГ: 90 %[2]	ҚТО[3]: 50 %	ҚТО: 51 %	ҚМГ: 20,75 %	ҚМГ: 100 %
Негізгі бағыттар	Еуропа мен Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Еуропаға экспорт	Еуропаға экспорт
Негізгі маршруттар	Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары; Өзен — Атырау — Самара; ККК және Атасу-Алашаңқай жүйелеріне мұнайды ауыстырып тиеу, Ақтау портында мұнайды ауыстырып тиеу	Атасу — Алашаңқай; Кеңқияқ - Құмкөл	Кеңқияқ — Атырау	Теңіз — Новороссийск	Қара теңіз, Жерорта теңізі, Каспий теңізі
Жалпы ұзындығы, км	5 197	1 759	455	1 511	Қолданылмайды
Қуаты, жылына млн тонна	17,5[4] 5,2[5]	20	6	81,5	Қолданылмайды

Мұнайды магистралды құбырлар бойынша тасымалдау

Қазақстанның құбыр инфрақұрылымы магистралды мұнай құбыры жөнінде ұлттық оператор — ҚазТрансОйл компаниясына, оның екі бірлескен кәсіпорнына (Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚҚ) мен МұнайТас), сондай-ақ Каспий құбыр желісі консорциумына тиесілі. Еліміздің жұмыс істеп тұрған құбыр инфрақұрылымының перспективті жобалардың мұнайын тасымалдау көлемін ұлғайту үшін жеткілікті әлеуеті бар.

Мұнайды магистралды құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 3,3 % ұлғайып, 72 629 мың тоннаға жетті. Әсім Теңіз кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасын іске асыру есебінен ККК жүйесі бойынша Теңіз мұнайын тасымалдау көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттары бағытында ішкі нарыққа мұнай жеткізу көлемінің артуына байланысты болды.

[1] Меншік үлестерін, басты бағыттарды, негізгі маршруттарды, тиісті жүйелердің ұзындығы мен жобалық қуатын қоса санағанда.
[2] Акциялардың 10 %-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі.
[3] «ҚазТрансОйл» АҚ.
[4] Турбулентке қарсы қоспа қолдануды есепке алғанда, Атырау — Самара учаскесінің қуаты.
[5] Ақтау портының қуаты (ҚТО айлақтары, құю терминалдары).
[6] ҚТО-ның тасымалдау көлемі 100 %-ға сәйкес көрсетілген, себебі ҚМГ бұл активтің операциялық қызметін толық бақылайды.
[7] Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі ҚМГ операциялық үлесін (ҚТО-ны есепке алмағанда) ескере отырып, әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемін ескереді. Мұнайдың бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады, тиісінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық есепке алынады.

ҚМГ үлесіне мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна

Компания	2023	2024	2025
ҚТО (100 %)[6]	44 188	44 887	45 120
ҚҚҚ (50 %)	9 403	9 394	9 750
МұнайТас (51 %)	2 819	2 953	3 126
ККК (20,75 %)	13 171	13 074	14 634
Барлығы	**69 581**	**70 309**	**72 629**

Мұнай тасымалдау көлемі[7], мың тонна

Компания	2023	2024	2025
ҚТО (100 %)	**44 188**	**44 887**	**45 120**
• экспорт	16 618	17 253	16 976
• транзит	10 143	10 214	10 027
• ішкі нарық	17 426	17 420	18 118
ҚҚҚ (100 %)	**18 806**	**18 789**	**19 500**
• экспорт	1 209	1 200	1 095
• транзит	9 979	9 979	9 979
• ішкі нарық	7 618	7 610	8 426
МұнайТас (100 %)	**5 527**	**5 791**	**6 129**
• экспорт	1 114	1 171	879
• ішкі нарық	4 413	4 620	5 250
ККК (100 %), теңіз терминалынан тиеп жөнелтілген жалпы көлем	**63 474**	**63 007**	**70 525**

Бағыттар бойынша мұнай тасымалдау көлемі, млн тонна

	2023	2024	2025
Ішкі нарыққа жеткізу, соның ішінде	17,4	17,3	18
• АМӨЗ	5,4	5,5	5,3
• ПҚОП	5,7	5,7	6,2
• ПМХЗ	5,4	5,4	5,8
• Битум зауыты	0,9	0,7	0,7
Экспортқа жеткізу, соның ішінде	70,5	68,6	78,8
• ККК	56,6	54,9	64,8
• Атырау - Самара	9,2	8,8	9,3
• Атасу - Алашаңқай	1,2	1,2	1,1
• Ақтау порты	3,4	3,6	3,5
• Темір жолы	0,06	0,05	0,1
Ресей мұнайының транзиті	10,1	10,2	10
Барлығы	**98**	**96,1**	**106,8**

Мұнай жүк айналымы 6,3 % артып, 66 049 млн тоннаны құрады. Бұл көрсеткішке ККК жүйесі бойынша экспорт көлемінің және мұнай өңдеу зауыттары үшін мұнайды ішкі тасымалдау көлемінің өсуі оң ықпал етті.

Мұнай жүк айналымы, шаққандағы млн тонна × км

Компания	2023	2024	2025
ҚТО (100 %)	34 208	35 526	36 002
ҚҚҚ (100 %)	16 872	16 858	17 472
МұнайТас (100 %)	2 236	2 395	2 586
ККК (100 %)	83 959	81 615	96 347

ҚМГ үлесіне мұнай жүк айналымы, шаққандағы млн тонна × км

Компания	2023	2024	2025
ҚТО (100 %)	34 208	35 526	36 002
ҚҚҚ (50 %)	8 436	8 429	8 736
МұнайТас (51 %)	1 141	1 221	1 319
ККК (20,75 %)	17 422	16 935	19 992
Барлығы	**61 206**	**62 111**	**66 049**

Тариф саясаты

Қазақстанның ішкі нарығына мұнай тасымалдау тарифтері мемлекет тарапынан реттеледі.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығынның өтелеуін, сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне бағытталатын пайда әкелуін және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тыйым салынбаған өзге де мақсаттарды қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау қызметтеріне тарифтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті бекітеді.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау қызметтеріне тарифтерді есептеу Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады[1].

[1] Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген.

Ішкі нарыққа мұнай тасымалдаудың орташа есептелген тарифтері, 1 мың км-ге тоннасына теңгемен

Компания	2023	2024	2025
ҚТО	4 602	4 742	4 462
ҚҚҚ	4 359	4 839	3 338
МұнайТас	5 912	5 912	8 553

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес ел аумағы арқылы өтетін транзит және одан тыс жерлерге экспортқа шығару мақсатындағы мұнай тасымалдау қызметтері табиғи монополиялар саласына жатпайды.

Мұнайды экспортқа және транзитке тасымалдау қызметтеріне тарифтер «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін транзит және одан тыс жерлерге экспортқа шығару мақсатында мұнайды магистралды құбырлар арқылы тасымалдау қызметтеріне тарифтерді есептеу әдістемесі бойынша сәйкес есептеледі.

Мұнайды экспортқа тасымалдаудың орташа есептелген тарифтері

Компания	2023	2024	2025
ҚТО, 1 мың км-ге тоннасына теңгемен	9 490	10 150	11 300
ҚҚҚ, 1 мың км-ге тоннасына теңгемен	6 799	6 799	6 799
МұнайТас, 1 мың км-ге тоннасына теңгемен	5 912	5 912	8 606
ККК[1] , тоннасына АҚШ долларымен	36	36	36

Қытайға мұнай транзитінің орташа есептелген тарифі, тоннасына АҚШ долларымен

Компания	2023	2024	2025
ҚТО[2]	4,23	4,23	5,74
ҚҚҚ[2]	10,77	10,77	9,27

[1] Тоннасына 38 АҚШ доллары – бұл теңіз терминалына дейінгі қазақстандық мұнайдың көлемі үшін.

[2] Ресей мұнайының ҚХР-ға транзитіне тарифтер Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей мұнайын Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімде көзделген тәртіпке сәйкес бекітіледі.

2025 жылдың басты оқиғалары

Каспий Құбыр желісі Консорциумы
2025 жылы маршрутта болған кейбір оқиғаларға қарамастан, ККҚ жүйесі бойынша мұнай тұрақты түрде тасымалданды.

Екінші жылжымалы айлақ құрылғысы 2025 жылдың қарашасында болған оқиғадан кейін пайдаланудан шығарылды.

ККҚ жүйесі арқылы мұнай тасымалының шектелуіне байланысты Қазақстан мұнайын «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жүйесімен басқа экспорттық бағыттарға жөнелту бойынша жедел жұмыс жүргізілді.

2026 жылға жылжымалы айлақ құрылғыларын кезең-кезеңімен ауыстыру іс-шаралары жоспарланған.

Ағымдағы геосаяси жағдайларда тәуекелдерді басқару, **267-268-бетте**

Баку — Тбилиси — Жейхан маршруты
Баку — Тбилиси — Жейхан (БТЖ) құбыры арқылы Қазақстан мұнайының транзиті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен SOCAR арасында жасалған бес жылдық Бас келісім аясында жүзеге асырылады. Бұл құжат 2022 жылғы қарашадан бері қолданыста және жылына 1,5 млн тоннаға дейінгі көлемді көздейді.

2024 жылы Ақтау — Баку — Тбилиси — Жейхан маршруты бойынша өтетін Қазақстан мұнайының транзит көлемін жылына 2,2 млн тоннаға дейін кезең-кезеңімен ұлғайту туралы қосымша келісімге қол қойылды, бұл тараптардың бағытты дамытуға және экспорттық логистиканы әртараптандыруға мүдделі екенін көрсетеді.

2025 жылдың қорытындысына сәйкес бұл бағыт бойынша мұнай тасымалдау көлемі 1,3 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 7 % төмен. Көрсеткіштің төмендеуіне мұнайдың ластануына байланысты БТЖ мұнай құбыры жүйесіне қатысты енгізілген технологиялық шектеулер себеп болды.

ҚМГ SOCAR-мен бірлесе отырып, маршрутты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырып жатыр, соның ішінде транзит көлемін ұлғайту үшін жағдай жасау, тарифтерді төмендету, ашық тарифтік құрылымды қамтамасыз ету және қазақстандық мұнайдың Azeri Light сұрыпының сапалық сипаттамаларына әсерін бағалау бар.

Еуропаға мұнай жеткізу
2025 жылы ҚМГ мұнайды еуропалық бағытқа қарай жеткізудің қосымша маршруттарын дамытуды жалғастырып, құбылмалы сыртқы жағдайлар кезінде логистиканы әртараптандыруды және экспортқа шығару көлемдерінің тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Қазақстан мұнайын Германияға Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауытына жеткізу транзиттік маршруттарды пайдалана отырып, Атырау — Самара бағытын қоса алғанда, магистралды мұнай құбырлары жүйесі және одан әрі «Дружба» құбыры арқылы қолданыстағы инфрақұрылым бойынша жүзеге асырылды. Есепті кезең ішінде ҚМГ еуропалық серіктестермен жеткізу көлемін растау мен шарттарын келісу, сондай-ақ келісімшарттық талаптарды ұзарту мен жаңарту бағытында жұмыс жүргізді. Келіссөздер қорытындысы бойынша 2026 жылдан бастап Қазақстан мұнайын Германияның мұнай өңдеу кәсіпорындарына жеткізу көлемін ұлғайту жоспарлары расталды.

2026 жылға арналған жоспарлар

2026 жылы пайдалану мерзімінің аяқталуына байланысты ККҚ теңіз терминалында бірінші және екінші жылжымалы айлақ құрылғыларын ауыстыру жұмыстары жоспарланып отыр.



Теңіз арқылы тасымалдау

Қазақстанның теңіз арқылы тасымалдау бойынша негізгі операторы – ҚМГ еншілес ұйымы, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС (ҚТКФ). Ол Каспий теңізі және халықаралық маршруттар бойынша мұнай және басқа да жүк түрлерін тасымалдаумен айналысады. Компания заманауи флотты басқарады, соның ішінде логистика мен жалға беруді қамтамасыз ететін танкерлер, контейнерлік, құрғақ жүк кемелері мен сүйреткіштер бар. ҚТКФ заманауи технологиялар мен экологиялық стандарттарды енгізе отырып, өз қуатын барынша кеңейтуде. Транскаспий маршруттарының стратегиялық қатысушысы ретінде компания экспортқа жеткізу ісінде және Қазақстанның теңіз логистикасын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта ҚТКФ теңіз флоты түрлі үлгідегі 15 кемеден тұрады, олардың жалпы салмағы 300 мың тоннадан асады, атап айтқанда:
- «Афрамакс» үлгісіндегі танкерлер — 2 бірлік;
- Дедвейті 12 000 тонналық танкерлер — 3 бірлік;
- Дедвейті 8 000 тонналық танкерлер (CIMS БК) — 2 бірлік;
- Контейнерлік кемелер — 3 бірлік;
- Құрғақ жүк таситын кемелер — 2 бірлік;
- Сүйреткіштер — 3 бірлік.

Көрсететін қызмет түрлері:
- Мұнай тасымалдау (Каспий, Қара және Жерорта теңіздері);
- Контейнерлік және басқа да жүктерді тасымалдау;
- Офшорлық жобалар үшін сервистік флот қызметтері.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемі 18,7 % төмендеп, 10 701 мың тоннаны құрады. Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемінің төмендеуіне негізінен 2025 жылғы наурыз айынан бастап ККҚ тарапынан Aframax үлгісіндегі танкерлер үшін партияларды бөлу жоспарларының өзгеруіне байланысты ашық теңіздерде тасымал көлемінің азаюы әсер етті.

Баку–Тбилиси–Жейхан мұнай құбырындағы технологиялық шектеулерге байланысты 2025 жылдың тамыз–қазан айлары аралығында Ақтау-Баку бағыты бойынша мұнай жеткізуді уақытша тоқтату, сондай-ақ Taraz және Liwa танкерлеріне жоспарлы модернизация жүргізу қосымша себеп болды.

Мұнай тасымалдау көлемдері, мың тонна

Теңіз	2023	2024	2025
Ашық теңіздер	10 045	11 086	8 752
Каспий теңізі	733	2 083	1 949
Барлығы	**10 778**	**13 169**	**10 701**

Abu Dhabi Ports-пен серіктестік
AD Ports Group-пен (ADP) орнаған ынтымақтастық аясында 2023 жылғы маусымда ҚТКФ (ҚМГ еншілес компаниясы) және IMI Ltd. (AD Ports Group еншілес компаниясы) қатысатын Caspian Intergrated Maritime Solutions Ltd бірлескен кәсіпорын (бұдан әрі — CIMS) меншігіне дедвейті 8 мың тонна Taraz және Liwa танкерлері сатып алынды. Олар 2023 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілді. 2023-2025 жылдар кезеңінде бұл танкерлер шамамен 1,7 млн тонна мұнай тасымалдады.

Контейнерлік кемелер
Транскаспий халықаралық көлік бағыты (ТХКБ) бойынша контейнерлік кемемен тасымалдау көлемінің өсуіне байланысты ADP-мен бірлесіп, Каспий теңізіне арналған екі контейнерлік кеме салу жөніндегі жоба іске асырыла бастады. ҚТКФ, ADP және CIMS бірлесе отырып, сыйымдылығы 780 ЖФЭ болатын контейнерлік кеменің дизайн жобасын әзірледі. 2025 жылғы 1 мамырда ҚТКФ мен ADP арасында контейнерлік кемелер салу жөніндегі жобаны іске асырудың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қойылды. 2025 жылғы 12 мамырда Абу-Дабидің Тақ мұрагері шейх Заид Әл Нахаянның Қазақстанға сапары аясында мемлекет басшыларының қатысуымен ҚМГ мен ADP арасында жобаны бірлесіп іске асыру туралы хаттамаға қол қойылды.

ADP өткізген тендердің қорытындысы бойынша Baku Shipyard (AP) кеме жасау зауыты мердігер ретінде таңдап алынды. 2025 жылғы 16 қыркүйекте бұл зауытпен екі контейнерлік кемені салуға келісімшарт жасалды. Кемелерді Тапсырыс берушіге ұсынудың жоспарланған мерзімі — 2027 жылғы желтоқсан айы. Жобаның қаржыландыруын кейіннен кемелерді CIMS меншігіне беру мүмкіндігімен ADP қамтамасыз етуде. Тараптар контейнерлік кемелерді жалға беру, пайдалану және сатып алу шарттарын келісіп жатыр.

Паромдар
ADP-мен бірлесіп ТХКБ үшін паром флоты мен контейнерлік кемелерді дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. Әзербайжанның мүдделі компанияларымен Каспий өңіріне арналған бірыңғай паром жүйесін құру мәселесі талқыланып жатыр. Жоба Қазақстан мен Әзербайжан арасында жаңа теміржол паромдық жүйесін құруды зерделеу мен негіздеуге бағытталған, Орталық Азиядан әлем нарықтарына жаппай жүктерді тасымалдауға мүмкіндік бермек. Жоба ұзақ мерзімді перспективада көлік дәлізінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық бастама ретінде қарастырылуда.

2025 жылдың қаңтарында жобаны талқылау үшін Әзербайжанның Каспий кеме қатынасы компаниясымен (ASCO), Баку портымен, ADY Express компаниясымен (Әзербайжан темір жолдарының еншілес құрылымы), EVRASCON (паром терминалдарын жобалаушы), Грузин теміржолы компаниясымен, сондай-ақ TRACECA хатшылығымен (ағылш. Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia, TRACECA) кездесулер ұйымдастырылды. Барлық компания жобаға қатысуға қызығушылық білдіріп, қолдау көрсететіндерін жеткізді – алдағы іс-шараларды бірлесіп үйлестіру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. 2025 жылдың наурыз айында жоба ТХКБ қауымдастығының мүшелеріне таныстырылып, ол жерде да жоба қолдау тапты.

2025 жылғы 1 шілдеде ҚТКФ, ADP, ASCO және CIMS Құрық және Алят порттары арасында транскаспий паром тасымалдарын дамыту жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлейтін консультантты таңдау жұмыстары бірлесіп жүргізілуде, бұл құжат әлеуетті жүк базасын, инфрақұрылымдық қажеттіліктерді, инвестиция көлемін және жобаны одан әрі іске асыру форматын айқындайтын болады. Жобаның бұл кезеңіне қатысу үшін «Қазақстан Темір Жолы» АҚ да шақырылды. Сонымен қатар World Bank-тің International Finance Corporation (IFC) бөлімшесі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) бірлесіп қаржыландыруға мүдделі екенін білдірді. ТЭН әзірлеу жұмыстары 2026 жылдың бірінші жарты жылында аяқталады деп күтілуде, оның қорытындысы бойынша жобаны одан әрі іске асыру туралы шешім қабылданады.

2026 жылға арналған жоспарлар

1 **Ашық теңіздердегі флотты дамыту:**

«Афрамакс» немесе «Суэцмакс» үлгісіндегі екі танкерді сатып алу жөніндегі жобаны іске асыру.

2 **AD Ports Group-пен ынтымақтастық:**

- **Сыймдылығы 780 ЖФЭ[1] контейнерлік кемелерді салу жөніндегі жобаны іске асыру;**
- **ASCO (Әзербайжан) және Қазақстан темір жолының қатысуымен транскаспий паром жүйесін құру бойынша техникалық-экономикалық негіздемені бірлесіп әзірлеу.**



Мұнай өңдеу және маркетинг

ҚМГ-ның мұнай мен конденсатын өткізу, мың тонна

Активтер	2023 Экспорт	2023 Ішкі нарық	2023 Барлығы	2024 Экспорт	2024 Ішкі нарық	2024 Барлығы	2025 Экспорт	2025 Ішкі нарық	2025 Барлығы
Операциялық активтер[2]	5 406	8 302	13 708	5 884	8 518	14 402	5 631	8 740	14 371
Соның ішінде ЕТҰ[3]	2 955	4 980	7 935	3 169	5 224	8 383	2 985	5 411	8 396
Мегажобалар[4]	9 978	9	9 987	9 616	1,04	9 987	11 908	1,04	11 909
Барлығы	**15 384**	**8 311**	**23 695**	**15 500**	**8 519**	**24 019**	**17 539**	**8 741**	**26 281**

1 Жиырмафуттық эквивалент.
2 Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, PetroKazakhstan Inc., Қазақтүрікмұнай, Қазақойл Ақтөбе, Маңғыстаумұнайгаз, Өріктау Оперейтинг, Доңға, Урал Ойл энд Газ.
3 Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай, Өріктау Оперейтинг.
4 «ҚМГ Қашаған Б.В.», «ҚМГ Қарашығанақ», ТШО.

Мемлекет басшысының тапсырмасын және ҚР Үкіметінің тапсырмаларын орындау үшін ҚМГ Қазақстан Республикасының «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» заңына Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізу жөніндегі бөлігіне қазіргі кезде енгізіліп жатқан түзетулерді ескере отырып, мұнай өңдеу зауыттарын аралас схемаға көшіру жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Аралас схема бойынша және заңға түзетулерге сай жер қойнауын пайдаланушымен байланысты тұлға төменде көрсетілген талаптардың кемінде біреуі сақталған кезде мұнай жеткізуші болып танылады:

- жер қойнауын пайдаланушы акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы мұнай жеткізушіге тиесілі;
- мұнай жеткізушінің акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі;
- мұнай жеткізуші мен жер қойнауын пайдаланушының акцияларының (қатысу үлестерінің) жиынтықты елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі тұлға (тұлғалар) басқарады.

ҚМГ-ның өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіруге арналған шикізат Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріктау Оперейтинг кәсіпорындарынан АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-қа жеткізіледі. Шығарылған мұнай өнімдері ішкі және сыртқы нарыққа көтерме сауда арқылы өткізіледі. Ішкі нарық қажеттілігін қамтамасыз ету үшін ішкі нарыққа ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай мен газ конденсатын жеткізу көлемі 8 741 мың тоннаны құрады (2024 жылы — 8 519 мың тонна), соның ішінде операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріктау Оперейтинг) 5 411 мың тонна шикі мұнайы (2024 жылы – 5 224 мың тонна) өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) жіберілді.

Мұнай өңдеу активтерінің құрылымы

ҚМГ-ның көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу секторындағы өндірістік кешеніне Қазақстан аумағындағы төрт ірі мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ) және Еуроодақтағы ҚМГ-ның жалғыз активі – мұнай өңдеуді және мұнай өнімдерінің кең желісін шығаруды қамтамасыз ететін Румыниядағы екі зауыттан тұратын кешен кіреді.

ҚМГ-ның мұнай өңдеу зауыттары

Көрсеткіш	Қазақстан					Румыния
	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Caspi Bitum	Петромидия	Вега
Орналасқан жері	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау	Нэводарь	Плойешть
Пайдалануға берілген жылы	1945	1978	1985	2013	1979	1905
Жобалық өңдеу қуаты, млн тонна	5,5	6,0	6,0	1,5	6,0[1]	0,5
2025 жылғы жүктеме, %	99	96	104	46	98[2]	79
ҚМГ-ның иелік ету үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,6	54,6
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	–	10,5	–
Энергия сыйымдылығы индексі, EII	114	113	113,3	–	92,5	–
МӨЗ-дің тең иелері	–	–	CNPC	CITIC	Румыния Үкіметі	Румыния Үкіметі

1 Жобалық қуаты жылына 5 млн тонна көлеміндегі мұнай мен жылына 1 млн тонна басқа да КСШ өңдеуді қамтиды.
2 Петромидия МӨЗ-нің жүктемесі — Соломон әдісі бойынша 97,5 % (Solomon Associates).

2025 жылы КСШ өңдеудің жалпы көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 9,5 % ұлғайып, 20 980 мың тоннаны.

КСШ өңдеудің шоғырландырылған көлемі, мың тонна

Кәсіпорындар	2023	2024	2025
Қазақстандағы МӨЗ			
АМӨЗ	5 475	5 547	5 471
ПМХЗ	5 434	5 500	5 765
ПҚОП (50 %)	2 870	2 872	3 114
Caspi Bitum (50 %)	427	327	348
Қазақстандағы МӨЗ бойынша жиыны	**14 206**	**14 246**	**14 698**
Румыниядағы МӨЗ			
Петромидия	5 012	4 619	5 886
Вега	374	293	395
Румыниядағы МӨЗ бойынша жиыны	**5 387**	**4 912**	6 282
Барлығы	**19 593**	**19 158**	**20 980**

Қазақстанның және Румынияның зауыттарында мұнай өнімдерін шығару көлемі 10,1 % артып, 19 708 мың тоннаны құрады.

- Қазақстандық МӨЗ-дер жоғары тарихи межеге жетіп, 13 528 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 3,4 % артық.
- KMG International зауыттарында (Петромидия, Вега) мұнай өнімдерін шығару 28,5 % артық болып, 6 180 мың тоннаны құрады. Бұл негізінен зауыттарда тиісінше өңдеу көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Мұнай өнімдері өндірісінің шоғырландырылған көлемі, мың тонна

Кәсіпорындар	2023	2024	2025
Қазақстандағы МӨЗ			
АМӨЗ	4 858	5 025	4 904
ПМХЗ	5 034	5 084	5 385
ПҚОП (50 %)	2 638	2 653	2 894
Caspi Bitum (50 %)	421	323	345
Қазақстандағы МӨЗ бойынша жиыны	**12 951**	**13 085**	**13 528**
Румыниядағы МӨЗ			
Петромидия	4 848	4 521	5 786
Вега	373	288	394
Румыниядағы МӨЗ бойынша жиыны	5 221	4 809	6 180
Барлығы	**18 172**	**17 894**	**19 708**

Қазақстандағы мұнай өңдеу

ҚМГ үлесіне көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі, мың тонна

Зауыт	2023	2024	2025
АМӨЗ	5 475	5 547	5 471
ПМХЗ	5 434	5 500	5 765
ПҚОП (50 %)	2 870	2 872	3 114
Caspi Bitum (50 %)	427	327	348
Барлығы	**14 206**	**14 246**	**14 698**

2025 жылы ҚМГ зауыттары мұнай өңдеу бойынша жоғары тарихи межеге жетті, өңдеу көлемі 3,2 % өсіп, 14 698 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштердің өсуіне 2025 жылы ПҚОП-тың алдын алу жоспарлы жөндеуге тоқтамай, үздіксіз жұмыс істегені, сондай-ақ жеңіл мұнай өнімдері өндірісін барынша арттыру мақсатында ПМХЗ-ға мұнай жеткізу көлемдерінің ұлғаюы оң ықпал етті.

ҚМГ үлесіне мұнай өнімдерінің өндірісі, мың тонна

Мұнай өнімдері	2023	2024	2025
АМӨЗ	**4 858 (100 %)**	**5 025 (100 %)**	**4 904 (100 %)**
Жеңіл мұнай өнімдері[1]	3 602 (74 %)	3 705 (74 %)	4 104 (84 %)
ою мұнай өнімдері[2]	1 073 (22 %)	1 013 (21 %)	565 (12 %)
Мұнай химиясы[3]	49 (1 %)	136 (3 %)	96 (2 %)
Басқасы	134 (3 %)	171(4 %)	138 (3 %)
ПМХЗ	**5 034 (100 %)**	**5 084 (100 %)**	**5 385 (100 %)**
Жеңіл мұнай өнімдері	3 895 (77 %)	4 021 (79 %)	4 282 (80 %)
Қою мұнай өнімдері	809 (16 %)	793 (16 %)	746 (14 %)
Басқасы	330 (7 %)	271 (5 %)	357 (7 %)
ПҚОП (50 %)	**2 638 (100 %)**	**2 653 (100 %)**	**2 894 (100 %)**
Жеңіл мұнай өнімдері	2 222 (84 %)	2 262 (85 %)	2 544 (88 %)
Қою мұнай өнімдері	410 (16 %)	385 (15 %)	343 (12 %)
Басқасы	6 (0,3 %)	7 (0,3 %)	8 (0,3 %)
Caspi Bitum (50 %)	**421 (100 %)**	**323 (100 %)**	**343 (100 %)**
Қою мұнай өнімдері	179 (43 %)	121 (38 %)	142 (41 %)
Басқасы	242 (57 %)	201 (42 %)	203 (59 %)
Барлығы	**12 951**	**13 085**	**13 528**

[1] Бензин, дизель отыны, авиаотын және сұйытылған газ.
[2] Мазут, вакуумдық газойль және битум.
[3] Бензол және параксилол.

Жеңіл мұнай өнімдерін шығару, %

Зауыт	2023	2024	2025	2024 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, т.т.
АМӨЗ	66,85	69,22	76,72	+7,5
ПМХЗ	72,02	73,22	74,34	+1,1
ПҚОП	77,46	78,76	81,68	+2,9
Үш МӨЗ бойынша	**72,19**	**73,8**	**77,7**	**+3,9**

2025 жылы барлық үш зауытта мұнай өңдеу тереңдігінің рекордтық көрсеткішіне қол жеткізілді. Көрсеткіштердің жақсаруы 2025 жылы ПҚОП-тың жөндеуге тоқтамай жұмыс істегенімен, АМӨЗ және ПМХЗ жөндеу жұмыстарының мерзімінен бұрын аяқталуымен байланысты болды.

Өңдеу тереңдігі, %

Зауыт	2023	2024	2025	2024 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, т.т.
АМӨЗ	82,09	85,06	88,24	+3,2
ПМХЗ	89,63	91,50	93,95	+2,5
ПҚОП	84,88	85,77	88,16	+2,4
Үш МӨЗ бойынша	**85,51**	**87,41**	**90,1**	**+2,7**

2025 жылғы жөндеу жұмыстарының қорытындысы: сенімділікті қамтамасыз ету

Есепті жылы Компания активтердің тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырды, ұстанған бағыты – елімізде отын балансын сақтау және мерзімдерді оңтайландыру.

Жөндеу жұмыстарының нарыққа тигізетін әсерін азайту үшін ҚМГ мұнай өнімдерінің қажетті қорын алдын ала қалыптастырды және жеткізілімдердің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, басқа мұнай өңдеу зауыттарының өндірістік жоспарларына түзетулер енгізді.



Өңдеу активтеріндегі инвестициялық жобалардың іске асуы

2025 жылы Компания кәсіпорындардың қуатын кеңейтуге және өнім сапасын жақсартуға бағытталған жобаларды жүзеге асыруда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді.

Шымкент МӨЗ (ПҚОП)

Өндіріс қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту жобасы келесі кезеңге өтіп жатыр. Есепті жылы алдын ала ТЭН (Pre-FES) түзету аяқталды. 2026 жылы ТЭН әзірлеу жұмыстары басталды.



Павлодар МХЗ (ПМХЗ)

Қысқы дизель отыны өндірісін ұлғайту жөніндегі жоба қарқынды іске асырылып келеді. 2025 жылы гидротазарту қондырғысын қайта жаңарту бойынша (депарафинизация блогымен біріктіру) құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, оның аяқталуы 2026 жылғы күрделі жөндеуге сәйкес келеді. Сонымен қатар гидротазарту процестерін қамтамасыз етуге қажетті сутегі өндіретін қондырғының (сағатына 12 500 нм³) құрылысы басталды.



Caspi Bitum

2025 жылдың 2-тоқсанында ауқымды жаңғырту жұмыстары табысты аяқталды. Мұнай өңдеу зауытының қуаты 1,5 млн тоннаға дейін, ал жол битумын өндіру жылына 750 мың тоннаға дейін артты, бұл жол-құрылыс саласының өсіп келе жатқан сұранысын толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Атырау МӨЗ (АМӨЗ)

«АМӨЗ тиімділігін арттыру» кешенді бағдарламаны іске асыру жалғасуда (2023-2027 жылдар). Іс-шаралар жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту үшін негізгі технологиялық қондырғыларды жаңғыртуға бағытталған.



Тариф саясаты
Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарының жұмысы процессингтік схема бойынша жүзеге асырылады, оған сәйкес зауыттар шикізатты өңдеу бойынша қызмет көрсетеді, ал дайын өнімді өткізу мұнай иелерінің жауапкершілігінде болады. Бұл жұмыс үлгісі өндірістік активтер үшін технологиялық тиімділікті жоғарылатуға, процестерді оңтайландыруға және шығындарды бақылауға мүмкіндік береді.

Бекітілген өңдеу тарифтері экономикалық тұрғыда негізделген және нақты операциялық шығындарды өтеу, сондай-ақ тартылған қаражаттарға қызмет көрсету мен күрделі салымдарды қаржыландыру үшін қажетті инвестициялық құрамдас бөлігі ретінде ескеріле отырып қалыптастырылады.

Алыс-беріс әдісі бойынша 1 тонна шикізатты өңдеудің орташа тарифтері, тоннасына теңгемен

Зауыт	2023	2024	2025
АМӨЗ	54 079	54 450	49 593
ПМХЗ	23 240	26 500	32 212
ПҚОП	35 336	35 336	35 336
Caspi Bitum	27 791	45 835	34 865



2026 жылы мұнай өңдеу зауыттарында өткізілетін жоспарлы алдын алу жұмыстары (мұнайды бастапқы өңдеу қондырғыларында):
- АМӨЗ: 26 маусымнан 10 шілдеге дейінгі кезеңде (15 тәулік) ЭЛТҚ-АТ-2 бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары өтеді;
- 26 маусымнан 19 шілдеге дейінгі кезеңде (20 тәулік) ЭЛТҚ-АВТ (АТ блогы) бойынша ағымдағы жөндеу жоспарланған;
- ПМХЗ: 18 қыркүйектен 17 қазанға дейінгі кезеңде (30 тәулік) күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған;
- ПҚОП: 27 наурыздан 25 сәуірге дейінгі кезеңде (30 тәулік) күрделі жөндеу жүргізілетін болады;
- Caspi Bitum: 2 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейінгі аралықта (30 тәулік) жыл сайынғы күрделі жөндеу өтеді.

ҚМГ-ның өз мұнайынан мұнай өнімдерін шығару және өткізу

ҚМГ-ның корпоративтік орталығы бас компанияның функцияларын орындай отырып, еншілес және тәуелді ұйымдардан (ЕТҰ) мұнай сатып алу және өңдеу бойынша операциялық қызметті атқарады. Шығарылған мұнай өнімдерін өзі сатады. Есепті жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС өндірген мұнай АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП үш қазақстандық зауытта өңделді:

2025 жылы 5 612 мың тонна мұнай өңделіп, одан 5 555 мың тонна тауарлық мұнай өнімдері шығарылды:
- жеңіл мұнай өнімдері (71 %) — автобензин, дизель отыны және авиаотын;
- қою мұнай өнімдері (11 %) — мазут, вакуумдық газойль, битум;
- мұнай-химия өнімі (1 %) — бензол, параксилол;
- басқалары (17 %) — сұйытылған газ, күкірт, кокс, технологиялық отын.

Экспорттың негізгі бағыттары Нидерланд, Қытай, Әзербайжан және Түркия болды. Тауарлық мұнай өнімдерінің 5 607 мың тоннасы өткізілді, оның 91 % ішкі нарық жеткізілсе, 9 % экспортқа жөнелтілді.

2025 жылы МӨЗ-де ҚМГ-ның өз мұнайынан тауарлық мұнай өнімдерін шығару, мың тонна

Мұнай өнімдері	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Барлығы	2025 жылдың 12 айындағы мұнай өнімдеріне орташа көтерме баға, бір тоннаға теңгемен
Жеңіл мұнай өнімдері	2 096	1 296	563	3 954	246 608
Қою мұнай өнімдері	299	245	82	626	122 613
Мұнай химиясы	54	0	0	54	252 130
Басқалары	465	349	106	920	27 537
Барлығы	**2 914**	**1 890**	**751**	**5 555**	**196 407**

Сапа мен стандарттар
Шығарылатын өнім К-4 және К-5 экологиялық стандарттарына (Euro-4 және Euro-5 аналогы) сай келеді. 2018 жылы аяқталған модернизациялау нәтижесінде мұнай өңдеу зауыттары зиянды заттардың мөлшерін азайтты:
- күкірт — он есеге.
- ароматикалық көмірсутек — бір жарым есеге.
- бензол — бес есеге.

Экспорт және ішкі нарық
Экспортқа 495 мың тонна мұнай өнімдері жеткізілді, соның ішінде мазут, параксилол, бензол және кокс. Ішкі нарыққа жіберілген мұнай өнімдері ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік инфрақұрылымның қажеттіліктерін қамтамасыз етті, соның ішінде жылыту үшін мазут және авиациялық қызметтерге авиаотын жеткізілді.

Қазақстан Республикасында шығарылған ҚМГ-ның мұнай өнімдерін көтерме бағамен сату, мың тонна

Мұнай өнімдері	2023			2024			2025		
	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы
Бензин	1 529	–	1 529	1582	–	1582	1833	9	1842
Дизель отыны	1 512	–	1 512	1 673	–	1 673	2009	–	2009
Авиациялық отын	165	–	165	213	–	213	205	–	205
Мазут	205	504	708	215	382	596	183	296	478
Вакуумдық газойль	–	81	81	–	112	112	–	1	1
Битум	87	–	87	130	–	130	134	–	134
Кокс	50	103	154	62	124	186	31	127	158
Күкірт	12	9	21	21	6	27	14	10	25
Бензол	–	12	12	–	13	13	–	19	19
Параксилол	–	8	8	–	52	52	–	33	33
Сұйытылған газ	230	–	230	256	–	256	257	–	257
Пеш отыны	3	–	3	2	–	2	–	–	–
Технологиялық отын	411	–	411	407	–	407	427	–	427
Басқасы	21	–	21	23	–	23	21	–	21
Барлығы	**4 224**	**716**	**4 940**	**4 583**	**688**	**5 272**	**5 113**	**495**	**5 607**

Жеткізудің үлесі мен бағыттарына бөле отырып, мұнай өнімдерінің экспортқа сатылуы

Мұнай өнімдері	2024			2025		
	Көлемі, тонна	Мемлекет	Үлесі, %	Көлемі, тонна	Мемлекет	Үлесі, %
Мазут	346 759	Нидерланд	100	295 539	Нидерланд	100
Вакуумдық газойль	107 552	Нидерланд	100	1 137	Нидерланд	100
Тазалығы жоғары параксилол	51 790	Қытай	100	32 669	Қытай	100
Бензол	11 937	Қытай	100	19 262	Қытай	100
Күңгірт кокс	79 866	Қытай	79	110 360	Қытай	94
	19 967	Әзербайжан	20	2 708	Түркия	2
	680	Тәжікстан	1	4 123	Тәжікстан	4
Күйдірілген кокс	4 704	Әзербайжан	100	3 836	Түркия	39
				464	Тәжікстан	5
				5 453	Қытай	56
Күкірт	760	Швеция	30	7 652	Еуропа	74
	1 806	Түркия	70	2 757	Түркия	26
Бензин АИ-92 (ПҚОП)				1 276	Қырғызстан	14
				6 825	Өзбекстан	76
				923	Ауғанстан	10
Барлығы	**625 823**			**494 983**		

2025 жылғы мұнай өнімдерінің импорты
Үкіметтің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы ҚМГ «ҚТЖ — Жүк тасымалы» ЖШС-ін қамтамасыз ету үшін 295 мың тонна көлемінде дизель отынын импорттады. Бұл дизель отыны Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарынан жеткізілді.

Сонымен қатар Қазақстанның ішкі нарығындағы авиациялық отын тапшылығын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ Үкіметтің қаулысына сәйкес Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарынан 25,1 мың тонна көлемінде авиаотын импортын жүзеге асырды.

«KC Energy Group» ЖШС қызметі

Стратегиялық трансформация
Қазақстан Республикасының мұнай өнімдері нарығында тиімді жұмыс істеу және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 2023 жылғы 27 желтоқсанда «KC Energy Group» ЖШС тіркелді.

Акционерлік капиталдың құрылымы
«KC Energy Group» ЖШС-нің жұмысы және оны басқару «PETROSUN» ЖШС қызметіне ұқсас және қатысу үлесі де ұқсас қағидаттарға негізделген:
- «Қазақстандағы кннқ интернационал» ЖШС (51 %);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (49 %).

Операциялық қызметі
Компанияның бизнес үлгісі белгілі бір тұйық циклдан тұрады және мыналарды қамтиды:
1. Өзара байланысты мұнай өндіруші ұйымдардан шикі мұнай сатып алады,
2. Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында шикізат өңдейді,
3. Мұнай өнімдерін ішкі нарықта және экспорттық бағыттарға көтерме бағамен өткізеді.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік міндеттемелер
«KC Energy Group» ЖШС-нің негізгі басымдығы – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің отын жеткізу жоспарларына сәйкес экономиканың стратегиялық салаларын отынмен үздіксіз қамтамасыз ету.

2025 жылы «KC Energy Group» ЖШС-нің Қазақстанның үш мұнай өңдеу зауытында өңдеудің жалпы көлеміндегі өңдеу үлесі 46 % құрады.

2025 жылы «KC Energy Group» ЖШС мұнай өнімдерін сатудың жалпы көлемі 8 021,3 мың тоннаны құрады. Бұл ретте, өткізілген мұнай өнімдерінің негізгі көлемі ішкі нарыққа тиесілі, бұл компанияның Қазақстандағы тұрақты сұранысы мен позициясын растайды.

- 7 468,1 мың тонна (93,1 %) — ішкі нарық, оның 5 828,8 мың тоннасын (78,1 %) жеңіл мұнай өнімдері құрады.
- 553,22 мың тоннасы (6,9 %) экспортқа шығарылды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «KC Energy Group» ЖШС әлеуметтік бағдарламаларды орындау аясында 1 396,1 мың тонна мұнай өнімдерін жеткізді, атап айтқанда:
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін нарықтық конъюнктурадан төмен, уәкілетті орган ұсынған бағамен 360,8 мың тонна (25,8 %) арзандатылған дизель отыны;
- әлеуметтік-өндірістік нысандар үшін нарықтық конъюнктурадан төмен, уәкілетті орган ұсынған бағамен 114,2 мың тонна (8,2 %) әлеуметтік мазут;
- әуежайлар мен әуе компанияларға арналған 331,9 мың тонна (23,8 %) авиаотын;
- газ желісі ұйымдарының атына уәкілетті орган ұсынған бағамен 420,1 мың тонна (30,1 %) сұйытылған мұнай газы;
- Қазақстан Республикасының жол-құрылыс компанияларының атына нарықтық конъюнктурадан төмен, уәкілетті орган ұсынған бағамен ПМХЗ шығарған 163,9 мың тонна (11,7 %) жол битумы;
- Тәжікстан Республикасына гуманитарлық көмек ретінде 4,965 мың тонна (0,4 %) мазут жеткізілді.

2025 жылы электрондық сауда алаңдары (ЭСА) арқылы АИ-92/АИ-95 маркалы бензиннің, дизель отыны мен авиаотынның өндірілген көлемінің 10 % үлесі сатылды. ЭСА арқылы мұнай өнімдерін өткізудің жиынтық көлемі 398,9 мың тоннаны құрады. 2025 жылы биржадағы бағалар құбылмалы болғанына қарамастан, «KC Energy Group» ЖШС қолданыстағы бағалармен салыстырғанда 3,321 млн теңге (ҚҚС қоса алғанда) мөлшерінде қосымша табыс тапты. Бұл ретте, ең жоғары қосымша табыс биржадағы авиаотын мен дизель отыны саудасынан түсті.

Өңірлік мұнай базаларынан 534,3 мың тонна көлемінде АИ-92 маркалы бензин мен дизель отынын өткізу бойынша едәуір жұмыс атқарылды, бұл сұраныс болмаған кезеңде зауыттардың операциялық қызметінің тоқтап қалуына жол бермей, сұраныстың өсуі кезінде ЖМҚС өңірлік желілерін әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдері түрлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының ішкі нарығында АИ-92 маркалы бензинге сұраныстың бұрын-соңды болмаған төмендеуі жағдайында «KC Energy Group» ЖШС-нің ҚМГ корпоративтік орталығымен және уәкілетті органмен жедел әрі үйлесімді жұмысының нәтижесінде 2025 жылғы сәуір-мамыр айларында 50,2 мың тонна көлемінде АИ-92 маркалы артық бензинін рұқсат етілген экспортын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның ішкі нарығындағы ахуалды тұрақтандыруға ықпал етті.

KMG International қызметі

Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 27,9 % ұлғайып, 6 282 мың тоннаға жетті. Айтарлықтай өсімге 2024 жылы жоспарланған күрделі жөндеуден және жеңіл гидрокрекинг қондырғысын қайта іске қосқаннан кейін өндіріс қуатының қалпына келуі оң ықпал етті.

КСШ өңдеу көлемдері, мың тонна

Зауыт	2023	2024	2025
Петромидия	5 012	4 619	5 886
Вега	374	293	395
Барлығы	**5 387**	**4 912**	**6 282**

KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында мұнай өнімдерін өндіру 28,5 % артып, 6 180 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне негізінен зауыттарда өңдеу көлемінің тиісті ұлғаюы ықпал етті.

ҚМГ үлесіне мұнай өнімдерін шығару көлемдері, мың тонна

Зауыт	2023	2024	2025
Петромидия	**4 848**	**4 521**	**5 786**
Жеңіл[1]	4 269	3 974	5 125
Қою[2]	411	548	661
Басқасы	168		
Вега	**373**	**288**	**394**
Қою	105	75	93
Басқасы	268	213	301
Барлығы	**5 221**	**4 809**	**6 180**

Өңдеудің нарықтағы маржасы былтырғы деңгейден жоғары, бұған дайын өнімнің, әсіресе бензин бағасының өсуі, сондай-ақ шикі мұнай бағасының түсуі себеп болды. Алайда Азиядан және Таяу Шығыстан келетін импорттың жоғары көлеміне және дизель отынына сұраныстың қалыпты болуына байланысты маржаға деген қысым сақталып отыр.

Петромидия МӨЗ-нің өңдеу маржасы

Өлшем бірлігі	2023	2024	2025
Тоннасына АҚШ доллары	64,8	39,7	61,8
Барреліне АҚШ доллары[3]	11,5	5,2	8,1

KMG International трейдингтік операциялары аясында 2025 жылы қайта сатуға арналған шикі мұнай көлемі 15 млн тоннаны құрады. Қайта сату үшін мұнай сатып алу көлемі 2024 жылғы деңгейден 1,4 млн тоннаға асып түсті. Негізгі өсімді «Теңізшевройл» ЖШС қамтамасыз етті (+1 939 мың тонна), бұл өсім басқа жеткізушілерден шикі мұнай жеткізу көлемдерінің төмендеуімен теңестірілді.

Қайта сатылатын шикі мұнай, мың тонна

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Қайта сатылатын шикі мұнай	7 638	13 690	15 049

[1] Бензин, дизель отыны, авиаотын және сұйытылған газ.
[2] Мұнай коксы, мазут, газолин.
[3] Тоннаны баррельге ауыстыру үшін 7,6 коэффициенті қолданылды.

2025 жылдың негізгі нәтижелері

1. Инфрақұрылымдық бастамалар
«ЖЭО құрылысы» жобасы: Нысанды тәжірибелік пайдаланудың екінші кезеңі аяқталды және ANRE-ден[1] мемлекеттік органынан өндірістік лицензия алынды, EPC-келісімшартқа қосымша келісім жасасу бойынша келіссөздер жүруде. 2025 жылдың 30 қаңтарында нысанды қабылдау актісіне қол қойылып, ЖЭО-ның коммерциялық қызметі басталды. Алдағы уақытта қондырғыны DNV (Det Norske Veritas) сертификатын алу және Transelectrica-ға өтініш беру жоспарланып отыр, ANRE-нің түпкілікті лицензиясын алу мерзімі – 2026 жылдың бірінші жартысы. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында келіссөздерді аяқтап, ескертулер тізімі толық жабылады деп күтілуде.

2. Бөлшек сауда желісін дамыту
CNAIR 1[2] бағытындағы 12 станцияның құрылысы 2023 жылы аяқталды, барлық нысан 2024 жылдың ақпанында ашылды. CNAIR 2 алты локациясына рұқсат алынды. CNAIR 2 алты автомагистралдық станцияның құрылысы басталды, EPC-келісімшартқа қол қойылды, жұмыстар қараша айында басталып кетті. 2026 жылы жеті стандартты станцияны, ал 2027 жылы тоғызын іске қосу жоспарда. Төрт стандартты станцияның құрылысына тендер жарияланады.

3. Экологиялық орнықтылық және тұрақты дамуға стратегиялық бағыт
2025 жылы KMG International экологиялық бастамаларды енгізуді жалғастырды. 2025 жылы Петромидия МӨЗ-і энергия қарқындылығы индексінің рекордтық көрсеткішіне қол жеткізілді — 92,75.

2025 жылы KMG International экологиялық бастамаларды енгізуді жалғастырды. 2025 жылы электромобильдерді қуаттауға арналған инфрақұрылымды дамытуды және тұрақты авиациялық отын өндіру технологияларын интеграциялауды қоса алғанда, декарбонизация саласындағы жобалардың іске асуын жалғастырды.

KMG International-дың 2026 жылға арналған жоспарлары

1. **Екінші буын биоотын өндірісін ұлғайту.**
2. **Электр көліктеріне арналған қуат беру станциялары сияқты озық технологияларды назарға ала отырып, бөлшек сауда желісін кеңейту.**



[1] Autoritatea Națională de Reglementare în Domeniul Energiei, Румынияның ұлттық реттеуші органы.
[2] Compania Națională de Administrare a Infrastructurii Rutiere.

Мұнай-газ химиясы

Полипропилен өндірісі (KPI)

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI) — 2022 жылы Атырау облысында пайдалануға берілген Қазақстандағы алғашқы және жалғыз интеграцияланған газ-химия кешенінің операторы. Жоба саланың жетекші ірі компанияларымен ынтымақтастықта жүзеге асырылуда (ҚМГ — 49,5 %, «СИБУР Холдинг» ЖАҚ — 40 %, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС — 9,5 %, «Алмэкс Плюс» фирмасы» ЖШС — 1 %).

2025 жылғы өндірістік көрсеткіштер
Есепті жылы зауыттың операциялық көрсеткіштері айтарлықтай өсім көрсетті.

- Өндіріс көлемі: 377 мың тонна полипропилен шығарылды.
- Өнім түрлерін кеңейту: 15 маркалы өнімнің өндірісі игерілді, олардың бесеуі — жаңа марка, бұрын-соңды кәсіпорында шығарылмаған.

Елдер бойынша полипропиленді жеткізу, тонна

Бағыт	2023	2024	2025
Қазақстан	9 516	22 887	38 810
Қытай	95 598	89 001	82 014
Еуропа	33 297	29 413	110 809
Түркия	11 524	63 756	74 630
Ресей	25 409	44 237	55 335
Барлығы	**175 344**	**249 294**	**361 598**

Ішкі нарыққа ықпалы
2022 жылы KPI зауыты іске қосылып, өнімдері сатыла бастағаннан кейін Қазақстан нарығындағы жергілікті полипропиленнің үлесі 67 % дейін өсті, ал полипропиленнің импорты айтарлықтай төмендеді (8 % дейін).

«Форсаж» бағдарламасы
Бағдарлама аясында қайта өңдеушілерді ынталандыру үшін арнайы коммерциялық жағдайлар жасалды:

- импортты алмастыратын форсаж — импортты алмастыру үшін өнімді қолдау;
- экспорттық форсаж — шетел нарықтарында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету;
- Импортты алмастыру: зауыт ішкі нарықтың қажеттіліктерін толығымен жапты, отандық қайта өңдеуші компанияларға 39 мың тонна өнім жеткізілді (нарықтың жалпы көлемі – 58,3 мың тонна).

Экспорттық жеткізілімдер
2025 жылы экспортқа 326 мың тонна жөнелтілді, негізгі өткізу нарықтары – Еуропа, Түркия, Қытай және Ресей. Өнімдер омологациядан сәтті өтті, яғни қауіпсіздік пен сапаның барлық қажетті стандарттарына сәйкестігін растады, сондай-ақ халықаралық өндеушілердің сұранысына ие.

Халықаралық тасымалдаушылармен серіктестік
Қытайға, Түркияға және Еуропаға экспорттық маршруттар ұйымдастырылды, бұл жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттырды.

- салалық форсаж — құндылығы бар ұсыныстың дәстүрлі ұсыныспен салыстырғандағы артықшылығы;
- инвестициялық форсаж — инвестициялардың және кредиттік мөлшерлемелерді қолдаудың өтемақысы.

Бағалар динамикасы
2025 жылы Қазақстандағы полипропиленнің орташа бағасы (ҚҚС-ты қоса алғанда) алдыңғы жылмен салыстырғанда 10,5 % өсіп, тоннасына 559,6 мың теңгені құрады (2024 жылы — 506,6 мың теңге). Бағаның өсуіне инфляция факторлары мен нарықта сұраныстың артуы ықпал етті.

Логистика және қойма инфрақұрылымы
Логистиканы оңтайландыру:

- зауыт FCA[1] жағдайларында жеткізілімдерді қамтамасыз етті (KPI-дің Атырау, Алматы және Астанадағы қоймалары);
- Алматы мен Астана қалаларында қоймалар ашылды, бұл:
  - Қазақстанның оңтүстік аймақтарында сату көлемдерін ұлғайтуға (желтоқсан айындағы өсім — 979 тонна),
  - Қазақстанның солтүстік өңірлерінде сату көлемдерін ұлғайтуға (желтоқсан айындағы өсім — 264 тонна),
  - теміржол инфрақұрылымы жоқ қайта өңдеуші компаниялардың логистикалық шығындарын төмендетуге мүмкіндік берді.

2025 жылы Алматы мен Астанадағы қоймаларға жеткізілген өнім көлемі, сәйкесінше, 6,5 мың тоннаны және 1,4 мың тоннаны құрады.

Сервистік жобалар

ҚМГ инфрақұрылымды жаңғыртуға және операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған мұнай сервисі блогын дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаны іске асыруда. Бағдарламаның стратегиялық басымдықтары – компания өз қызметін жүргізетін өңірлерді сумен сенімді жабдықтау, сервистік активтердің залалсыз деңгейіне қол жеткізу, сондай-ақ арнайы техника паркін және өндірістік базаларды жаңарту.

Сервистік кәсіпорындардың инфрақұрылымына жөндеу базалары, логистикалық орталықтар және көлік парктері кіреді. 2025 жылы процестерді автоматтандыруға және халықаралық сапа стандарттарын (API Spec Q2) енгізуге баса аударылды.

Мұнай сервисі активтерінің тиімділігін арттыру

Компания бөлек есепке алу және автоматтандыру жүйесін енгізу арқылы сервистік кәсіпорындарды залалсыздық деңгейіне шығару бағдарламасын іске асырып келеді.

- «Мұнайтелеком» ЖШС American Petroleum Institute тарапынан қорытынды аудит жүргізді және 2026 жылы API Q2 сертификатын алуды жоспарлап отыр (мұнай сервисі бөлімшелері арасында екінші сертификат). 2026 жылға басқа активтерді сертификаттау жұмысы жоспарланған.

Автокөліктер мен техниканы жаңарту

2024-2026 жылдарға арналған арнайы техниканы жаңарту бағдарламасын іске асыру жалғасуда. Қаламқас және Жетібай кен орындары үшін («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ) 408 бірлік көлік құралын жаңарту қарастырылған.

ҚМГ ЕТҰ-ның автопаркін жаңарту, бірл.

Компанияның атауы, 100 % ҚМГ үлесі	2025	2026
	Нақты	Жоспар
ОТК («Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС)	105	96
ОСК («Oil Services Company» ЖШС)	2	25
ӨМС («ӨзенМұнайСервис» ЖШС)	0	5

Өндірістік инфрақұрылымды дамыту

- «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС: Жетібай кен орнында жаңа өндірістік база салуға келісімшарттар жасасты, мердігер компаниясының техникасын жұмылдыру жүргізілуде.
- «ӨзенМұнайСервис» ЖШС: өндірістік базаның құрылысы аяқталды, нысанды пайдалануға қабылдау актісіне 2025 жылғы 3 желтоқсанда қол қойылды.

[1] FCA шарттары бойынша өнімді жеткізу – сатушының тапсыру құжаттарын ресімдеу бойынша барлық қажетті талаптарды орындайтынын және тауарды сатып алушы тағайындаған жүк тасымалдаушыға немесе келісімшартта келісілген жерде және уақытта сенімді тұлғаға беретінін білдіреді.

Ақпараттық-технологиялық даму

2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ғылыми-техникалық саясаты озық технологияларды енгізу, өндірістік процестерді цифрландыру және төмен көміртекті энергетиканы дамыту арқылы операциялық тиімділікті арттыруға бағытталды. ҚМГ компаниялар тобы геологиялық барлаудан бастап мұнай-газ химиясына дейін қосылған құн тізбегінің барлық кезеңіндегі инновацияларды біріктіре отырып, жоғары технологиялық энергетикалық холдингке айналуын жалғастырды.

Стратегиялық басымдықтар және 2025 жылдың басты жетістіктері

Ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ) және инновациялар саласындағы қызмет ғылым мен өндірістің синергиясын қамтамасыз ете отырып, төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды.

Ресурстық қорды толықтыру және геологиялық барлау.
Компания күрделі коллекторлар мен жаңа энергетика ресурстарының әлеуетін ашу үшін өзгеше (стандарттық емес) іздеу әдістерін қолдануға көшті.

- **Жаңа энергетика:** табиғи («ақ») сутекті ауқымды зерттеуге бастамашылық жасалды. Каспий маңы ойпатында өндірудің болжамды өзіндік құны ~0,5$/кг болатын перспективті аймақтар анықталды.
- **Іздеу технологиялары:** ұңғымааралық кеңістікті «жарқыратып көрсету» және дәлдігі жоғары сейсмикалық модель жасау үшін электр барлаудың инновациялық әдістерін енгізу мақұлданды, бұл бірқатар активтердің (Шығыс, Мұғалжар учаскелері) болашағын қайта бағалауға мүмкіндік берді.

Бұрғылаудың және ұңғыма ішіндегі жұмыстардың тиімділігі.
Ұңғымалардың конструкцияларын оңтайландыруға және сервистерді басқару моделін өзгертуге ден қою арқылы күрделі шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік туды.

- **Шығындарды азайту:** Өзен кен орнында шағын диаметрлі ұңғымаларды (Slim Hole) бұрғылау технологиясын тарату шығын мөлшерін 30 % төмендетуді қамтамасыз етті, экономикалық тиімділігі 4,6 млрд теңге.
- **Технологиялық тұрғыдан дербес болу:** бөлек қызмет көрсету тұжырымдамасына көшу және бірқатар жобаларда бұрандалы кенжар қозғалтқыштарының (БКҚ) пайдасына қымбат роторлы басқару жүйелерден бас тарту – сапаны түсірмей, құрылыс құнын оңтайландырды.

Өндіру технологиялары және игеруді басқару.
Ескі кен орындарда өндірісті тұрақтандыру үшін мұнай алуды ұлғайтудың (МАҰ) үшінші әдістері және цирфлық мониторинг құралдары енгізілуде.

- **МАҰ:** «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да полимерлі суландыру тәсілін өнеркәсіптік енгізу өзінің тиімділігін дәлелдеді. Қабылдау бейінін теңестіру бойынша 324 іс-шара іске асырылып, қосымша 380 мың тоннадан астам көмірсутек өндірілді.
- **Қарқындату:** Батыс Прорва кен орнының көлденең ұңғымаларында көп сатылы қабатты гидравликалық жару әдісі сәтті қолданылып (жеті кезеңге дейін), жоспарлы көрсеткіштен екі есе көп дебит алуға мүмкіндік берді.




Өңдеу саласын жаңғырту және мұнай химиясы.
Downstream секторы өңдеу тереңдігін арттыруға, энергия тиімділігіне және қосылған құны жоғары өнімдерді шығаруға бағытталған.

- **Операциялық сенімділік:** өңдеу көлемін ұлғайту үшін мұнай өңдеу зауыттарын (ПМХЗ, ПҚОП) ұлғайтылған үш жылдық жөндеуаралық кезеңге көшіру процесі басталып кетті.
- **Экология және жаңа өнімдер:** тұрақты авиациялық отын (SAF) және жасыл сутегі өндірісі бойынша жұмыстар жанданды. Шығарындыларды төрт есеге азайту үшін АМӨЗ-де факел газын кәдеге жарату бойынша жобалар іске асырылуда.

Цифрлық трансформация және жасанды интеллект (ЖИ)
Технологиялық дамудың негізі - бірыңғай цифрлық экожүйе болып саналса, ал оның өзегі - **ABAI** ақпараттық жүйесі.

- **Деректерді басқару:** 23 мыңнан астам геологиялық есептерді шоғырландырған корпоративтік деректер банкі құрылды. Зерттеулерді автоматты түрде түсіндіру үшін ұңғымалардың гидродинамикалық зерттеулерінің (ҰГДЗ) жеке цифрлық платформасы енгізілді
- **Өндірістегі ЖИ:** мыңдаған ұңғымалар мен су басу жасушаларын қамтитын су айдау тәсілін басқару және геологиялық-техникалық іс-шаралардың таңдау үшін ЖИ элементтері бар ABAI модульдері белсенді түрде енгізілуде.



Болашаққа бағдар
2026-2030 жылдарға арналған ҒЗТКЖ бағдарламасы аясында ҚМГ декарбонизация және технологиялық көшбасшылық бағытындағы қызметін жалғастырады. Энергетиканың баламалы көздеріне ауысу жағдайында бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін газ химиясын (метанол, карбамид өндірісі), сутегі энергетикасын және CCUS технологияларын дамыту (көміртекті тұту) басымдықтар болып қала береді.

Бұрғылау

2025 жылы біз күрделі шығындарды (CAPEX) түбегейлі азайтуға және ұңғымалардың құрылысын сапасын жақсартуға ерекше назар аудардық. Стратегия cost-effective технологияларды енгізуге және процестерді толық цифрлық бақылау жүйесіне көшіруге негізделген.



Технологиялық оңтайландыру және шығындарды азайту
Біз күрделі жобаларға арналған жоғары технологиялық шешімдерден бастап ескі кен орындар үшін ең үнемді конструкцияларға дейін бұрғылаудың сараланған тәсілін енгізіп жатырмыз.

- **Күрделі тиімділік (Slim Hole технологиясы)**
  - **Мәні:** Өзен кен орнында («ӨМГ» АҚ) шағын диаметрлі ұңғымаларды бұрғылау технологиясы сәтті таратылды. Ұңғыма оқпаны диаметрінің кішіреюі металл, цемент және бұрғылау ерітінділерінің шығынын түбегейлі қысқартуға, сондай-ақ құрылыс процесін жеделдетуге мүмкіндік берді
  - **Нәтижесі:** 41 ұңғыма бұрғыланды (38 айдау, үш өндіру). Шығындардың 30 % азайғаны расталды.
  - **Қаржылай пайда:** 2025 жылғы үнемдеу мөлшері 4,6 млрд теңгені құрады.
  - **Жоспар:** 2026 жылға бірнеше тарату жоспарланған – бұл технология бойынша 132 ұңғыма салынбақ.
- **Smart-инжиниринг (роторлы басқару жүйелерін БКҚ-ға ауыстыру)**
  - **Шешім:** біз қымбат жабдықты шаблондық қолданудан бас тарттық. Шығыс Өріктау (ВУ-9, 10 ұңғымалары) және Лақтыбай (ОС-1 ұңғымасы) кен орындарындағы геологияға егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, оған сәйкес жоғарғы аралықтарды бұрғылау кезінде қымбат роторлы басқару жүйелерін үнемді БКҚ-ға ауыстыру анағұрлым тиімді екені расталды.
  - **Пайдасы:** Шығыс Өріктауда бір ғана ұңғыманы салу құнының төмендеуі 522,7 млн теңгеге бағаланды.
- **Өндірілуі қиын қорларға қолжетімділік (Slant Drilling)**
  - **Инновация:** Ембімұнайгаз» АҚ-да таяз тереңдікте (125-210 м) тұтқырлығы жоғары мұнайды игеру үшін көлбеу сағасы бар (бұрышы 45°) бұрғылау технологиясы енгізілуде. Бұл стандартты түрде қисаюы мүмкін емес жерде қабатты қамту аймағын ұлғайтуға мүмкіндік береді.
  - **Жай-күйі:** Қосшағыл және Қарсақ кен орындарында пилоттық ұңғымаларға арналған бұрғылау станогы жұмылдырылуда.
- **Теңіз кен орнындағы (ТШО) әлемдік стандарттар:**
  - Ең жоғары жылдамдық үшін топтық бұрғылау үшін «зауыт моделін» (factory model) қолдану іс-шаралары жалғасуда.
  - Траекторияның дәлдігі үшін ағынды басқару (ICD) және роторлы басқару жүйелерін қамтитын озық айдау желілері пайдалануда.

Цифрлық бақылау және тәуекелдерді азайту
Бұрғылау ісі онлайн тәртіпке көшті. Біз белгісіз жағдайларды нақты уақыт режимінде басқарамыз, бұл коллектордың ең жақсы деген аймақтарын анықтауға кепілдік береді.

- **Бұрғылауды басқару орталығы**
  - о ММГ, ЕМГ және ҚТМ кәсіпорындарында күрделі көлденең ұңғымалар үшін негізгі өлшемшарттардың (БКТТ жұмысы, гидравлика, ECD) тәулік бойы онлайн-мониторингі енгізілді. Бұл барлау бұрғылау басқармасына апат қаупін азайта отырып, бірден шешім қабылдауға мүмкіндік береді.



- **Дәлдігі жоғары геонавигация**
  - **Тиімділігі:** 2025 жылы Кенбай, Асар, Сазтөбе және т. б. кен орындарында ұңғымалардың тартымы салынды. Бұл жұмыс тиімділігінің орташа көрсеткіші (оқпанның мұнайға толы аймақты болуы) рекордтық 94,6 % құрады.
  - **Тәсілдері:** Бұрмаша кен орнында кешенді тәсіл қолданылды: сейсмикалық модельдеу + нақты уақыттағы қарсылық инверсиясы.
- **Қаржы ашықтығы**
  - Ескірген кеңес заманындағы стандарттарды алмастыратын жаңа элементтік сметалық нормалар жасалды. Бұл өзекті нарық бағаларына және ашық баға белгілеуге көшуді қамтамасыз етеді (ЕМГ мен ҚБМ-де пилоттық жобалар)

Сервистерді басқару үлгісін трансформациялау
Біз жоғары мамандандырылған қызметтерді бақылауда өзінің тиімсіздігін көрсеткен үлгісінен алыстап, негізгі операциялардың сапасын қайта бақылауға көшеміз.


- **Жаңа стратегия (бөлек сервис**)
  - ММГ, ЕМГ, ӨМГ және басқа да ЕТҰ үшін маңызды сервистерді жекелеген лоттарға шығарудың тұжырымдамасы әзірленді.
- **Бұрын қолданылған үлгіден нені бөлек шығарамыз:**
  - геофизика (ҰГД): деректердің дұрыстығына кепілдік беру үшін;
  - бұрғылау ерітінділері: рецептураны бақылау және апаттардың алдын алу үшін;
  - цементтеу: ұңғымалардың беріктігін қамтамасыз ету.
- **Қадағалауды күшейту:** алаңда қатаң бақылауды жүргізу үшін «бір супервайзер - бір бұрғылау бригадасы» стандарты енгізілуде.

ҒЗТКЖ және келешек материалдары
2026-2030 жылдарға арналған даму бағдарламасында біздің активтеріміздің айрықша проблемаларын шешуге бағытталған 15 жоба бар.

- **Ыстыққа төзімді цемент:** бу айдау кезінде экстремалды температураға төтеп бере алатын тұтқырлығы жоғары мұнай (ҚБМ) кен орындары үшін арнайы рецептурамен жасалады.
- **Коллекторды сақтау:** жөндеуден кейін қабат өнімділігін төмендетпеу үшін ұңғымаларды «жұмсақ» жабу (ММГ) технологияларын әзірлеу аяқталады.
- **Ерітінділер аудиті:** тазалау жүйелеріне тексеру жүргізілді, жуу сапасына қатысты мәселелерді шешу үшін гидравликаны цифрлық модельдеу бойынша ұсыныстар берілді.

Технологиялық радар (енгізу перспективалары)
Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар орталығы серпінді технологияларды енгізу үшін нарықты талдау жұмыстарын жүргізуде:

- **Fishbones:** карбонатты коллекторларды ынталандыру үшін бірнеше оқпанмен аяқтау («балық сүйегінің» аналогы), ММГ үшін қарастырылып отыр;
- **Liquid Casing:** «сұйық шегендеу бағанасы» — сіңіруге қарсы күрес үшін берік тосқауыл жасайтын ерітіндіге қосылатын қоспа (Жетібай кен орны үшін қызығушылық танытты);
- **Casing Drilling:** құрылыс уақытын қысқарту және авариялық жағдайларды болдырмау үшін шегендеу бағаналарымен бұрғылау;
- **«Торнадо» жүйесі және «Буран» МСК:** оқпанды тиімді тазартуға және көлденең ұңғымаларда суланған жерлерді оқшаулауға арналған технологиялар.



Өндіру

2025 жылы «Өндіру» блогы байырғы кен орындарда өндірісті тұрақтандыру және ірі жобалардан түсетін табысты барынша арттыру жөніндегі стратегияны іске асыруды жалғастырды. Негізгі драйверлер үшінші деңгейлі мұнай алуды ұлғайту тәсілдерін ауқымды енгізу, ағынды күшейту және игеруді басқару бағыттарын цифрландыру болды.

Мұнай алуды ұлғайту тәсілдері (EOR)

Компания активтердің пайдалану циклін ұзарту үшін қабатқа әсер етудің химиялық және жылу әдістерін белсенді түрде кеңейтуде.

Полимерлі су айдау (стратегиялық тұрғыда тарату)

- **«Ембімұнайгаз» АҚ (Өнеркәсіптік фаза):** Шығыс Молдабек (Кенбай кен орны) учаскесінде жоба өнеркәсіптік игеру кезеңіне өтті. Айдау бес ұңғыма арқылы жүзеге асырылуда. Жинақталған өндіру көлемі **4 551 тоннаны** құрады. Жоспарлы көрсеткіштерден ағымдағы ауытқу күрделі геологияға (ағындарды қайта бөлу) байланысты болды, оңтайландыру жүргізілуде.
- **«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ:** 2025 жылғы тамызда Батыс-1 және Батыс-2 (Қаламқас кен орны) учаскелеріндегі айдау сәтті іске қосылды. Қазірдің өзінде 1 917 тонна қосымша мұнай алынды. Шығыс-3 учаскесінде кеңейту жұмыстары дайындалуда.
- **«Өзенмұнайгаз» АҚ:** 14-Шығыс (Өзен кен орны) учаскесінде пилоттық жоба іске қосылды. Агенттің концентрациясы 1 320 мг/л дейін түзетілді. Қазіргі уақытта қабатта көлем жинақталуының технологиялық кезеңі байқалады (уақытша теріс әсер), есептік тиімділікке қол жеткізу күтілуде.
- **«Қаражанбасмұнай» АҚ:** беттік-белсенді заттар қосылған полимерлі су айдауды енгізуге үш жақты келісімшартқа қол қойылды. II нысанда тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтың басталуы 2025 жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Су айдауды басқару

- **Ауқымы:** ҚМГ тобы бойынша қабылдау бейінін теңестіру және су ағынын шектеу бойынша барлығы **324 іс-шара** іске асырылды.
- **Нәтижесі:** жалпы қосымша өндіру көлемі – **383,9 мың тонна** мұнай.
- **Озық практикалар:** технологиялар Әлібекмола (алты ұңғымадан 2 847 тонна), Нұралы (1 495 тонна) және Өзен (260 әзірлеу есебінен 126,6 мың тонна) кен орындарында жоғары тиімділігін дәлелдеді.

Өндіруді қарқындату: жоғары технологиялық шешімдер

Біз ағынды ынталандырудың қуатты әдістерін қолданып, тіпті әбден сарқылған көкжиектерде де жаңа мүмкіндіктерді анықтаймыз.

Заманауи үлгідегі қабатты гидрожару тәсілі

- **Батыс Прорвадағы серпінді жоба:** көп сатылы қабатты гидравликалық жару тәсілімен көлденең бұрғылауды енгізу күтілген нәтижеден де бірнеше есе жоғары болды. № 459 (бес кезең) және № 460 (жеті кезең) ұңғымалар тиісінше, **тәулігіне 28 тонна** және **тәулігіне 37 тонна** дебитпен іске қосылды (жоспар бойынша тәулігіне 15 тонна)
- **ӨМГ-дегі инновациялар:** азот-пропантты қабатты гидравликалық жару тәсілі және синтетикалық негіздегі сұйықтықтар тестіленуде. 2026 жылға технологияны масштабтау жоспарланған.

Геология өсудің драйвері ретінде (қосымша технологиялар)

- Өзен кен орнында геологиялық модельді қайта қарау (дискретті NTG кубына көшу) өткізіп алған мұнаймен қаныққан интервалдарды анықтауға мүмкіндік берді.
- 10 ұңғымада қосымша технологиялар бағдарламасы **4 216 тонна** мұнай берді. № 6518 ұңғыманың мысал етіп көрсетуге болады, онда дебит 10 еседен астам өсті: тәулігіне 2,2 тоннадан **25-30 тоннаға дейін**.

Ұңғымалардың екінші өмірі (БКОК):

- Батыс Прорва және Әлібекмола кен орындары үшін тоқтап тұрған қордан бүйір оқпандарын кесу жөніндегі жобалар портфелі құрылды.

Операциялық сенімділік және күрделі жағдайлармен күрес

Жаңа материалдарды енгізу арқылы жөндеуаралық кезеңді (ЖАК) ұлғайтуға және операциялық шығындарды азайтуға (OPEX) бағыт алу.

Химияландыру: Өзен кен орнында тұз шөгінділерінің ингибиторларын айдау ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін үш есеге – 54 тәуліктен **141** тәулікке дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді

Жабдық:

- ЕМГ-де механикалық қоспалармен жұмыс істеу үшін 914 арнайы сорғыны енгізу істен шығуды 39 % арттырды (367 тәулікке дейін);
- Қаламқас және Жетібай кен орындарында қабат қысымын ұстау жүйесінде тот басу проблемасын шешетін жоғары қысымды икемді композиттік құбырлар сәтті енгізілуде[1];
- EXPE қорғаныш жабыны бар сорғы штангалары кеңінен таратуға ұсынылады;
- ӨМГ-де қорғаныс жабыны бар сорғы-компрессорлық құбырларды енгізу[2].

Smart Field цифрлық экожүйесі

ЖИ мен Big Data өндірістік процестердің ажырамас бөлігіне айналуда.

«ABAI» АЖ: ЖИ элементтері бар «су айдауды басқару» модулі негізгі өндіруші активтерде (ӨМГ, ММГ, ҚОА) енгізілуде. 2030 жылға қарай жүйе **1 660 су айдау ұяшығын** қамтиды

Меншікті әзірлемелер: зерттеулерді түсіндіру үшін бірыңғай ҰГДЗ платформасы сәтті тіркелді. Кен орындарға тарату 2026 жылы басталады.

Инновациялар: параметрлердің өзгеруіне жедел әрекет ету үшін виртуалды шығын санау жүйесі (нейрожелі) және ұңғымалардың онлайн-телеметриясы (Қарашығанақ) сыналуда.

Энергия тиімділігі және экология

Суды пайдалану: ҚБМ-де[3] ұңғымаларды айдауға ауыстыруды қоса алғанда, артық суды кәдеге жарату жөніндегі жол картасы әзірленді.

Жылу тәсілдері: Қаражанбас кен орнында энергия шығынын оңтайландыру үшін бу мен суды кезектесіп айдау технологиясы енгізілуде. Ембімұнайгаз активтерінде бу-жылу әсерін қолдану қарастырылуда.

1 Қабат қысымын ұстау.
2 Сорғы-компрессорлық құбырлар.
3 Қаражанбасмұнай.

Өңдеу

ҚМГ-ның өңдеу секторы ауқымды технологиялық трансформация кезеңінен өтуде. Біз бағытымызды кәсіпорындарға қалыпты қолдау көрсетуден қосылған құнды барынша арттыратын әрі жаһандық экологиялық стандарттарға (SAF, төмен көміртекті сутегі, CCUS) сәйкес келетін шешімдерді енгізуге ауыстырып жатырмыз.

Үш жылдық жөндеуаралық кезең стратегиясы (ҮЖАК).

Біз зауыттардың үш жылдық циклін енгізу үшін жыл сайын өндірісті тоқтату тәсілінен бас тартамыз.

- **Инвестициялық құндылығы**: бұл шешім активтердің өнімділік коэффициентін арттырады, жөндеудің операциялық шығын азайтады және шикізатты үлкен көлемде өңдеу арқылы қосымша маржа жасайды.
- **Мәртебесі:** ҚМГ инвестициялық комитеті қабылдаған шешімдерге сәйкес АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП бекітілген кешенді жоспарға сәйкес кеңейтілген жөндеу аралық пайдалану кезеңіне көшу жөніндегі жобаларды іске асырудың белсенді кезеңіне өтті.

АМӨЗ-дің технологиялық апгрейді (Атырау).

Шығын мөлшерін азайтуға және премиум санатындағы өнімдерді шығаруға бағытталған жобалар пулы қолға алынды:

- **Zero Flaring (Факел газдарын қайтару блогы):** су сақиналы компрессорларды енгізу факелдерді үрлеп ұшырудың **95 %** жоюға мүмкіндік береді (10 000 кг/сағ дейін). Газ зауыттың отын желісіне қайтып, сатып алынатын табиғи газды алмастырып, конденсатты өндіріске ауыстырады. Бұл шығарындыларды төрт есе азайтады және экологиялық төлемдерді қысқартады.
- **Герметикалық құю (Тактілі құюдың автоматты қондырғысы):** жаңа станцияны салу жеңіл мұнай өнімдерін жөнелтудің 100 % автоматтандырылған құюға ауыстыруға мүмкіндік береді, өнім шығынын азайтады және қауіпсіздікті арттырады.
- **Анодты кокс (Баяу кокстеу қондырғысын жаңғырту):** Кокс камераларының жаңа блогын салу (қуаты жылына 1,0 млн тонна) металлургияда сұранысқа ие анодты кокс өндірісін жолға қоюға және жаңа экспорттық бағыттарды аша отырып, жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемін арттыруға мүмкіндік береді.
- **Қуаттарды қосымша жүктеу:** нафта мен газ конденсатын қабылдау үшін инфрақұрылым салынуда, бұл қайталама процестерді қосымша жүктейді және жоғары маржиналды бензин мен авиаотын өндірісін ұлғайтады.

1. Мұнай өңдеу зауыттарының операциялық тиімділігі және модернизациясы

Өңдеу секторындағы EBITDA көрсеткіші өсуінің негізгі драйвері – ұзартылған жөндеуаралық циклге көшу және технологиялық тұрғыдан осал жерлерді анықтау мен шешімін табу.

ПМХЗ-ның энергетикалық қауіпсіздігі (Павлодар).

Бу риформингі технологиясы бойынша сутегі өндіру қондырғысының құрылысы (12 500 нм³/сағ) Қазақстан Республикасы нарығының импортқа тәуелділігін төмендете отырып, қысқы дизель отынын гидротазарту және шығару үшін өте маңызды.

2. Төмен көміртекті отын нарығы (SAF пен сутегі)

ҚМГ ЕО (ReFuelEU Aviation) реттеуші талаптарына барынша тез бейімделіп, экспортқа арналған премиум өнімдерді шығаратын жасыл химия жобаларының портфелін қалыптастыруда.

Тұрақты авиациялық отын (SAF).

SAF отынының көміртегі қарқындылығы дәстүрлі керосиннен 64 % төмен, бұл премиум баға белгілеуді қамтамасыз етеді.

- **Quick Win стратегиясы (Co-processing):** нарыққа ең жылдам шығу амалы ретінде АМӨЗ-дің қолданыстағы гидротазарту қондырғыларында өсімдік шикізатын бірлесіп өңдеу схемасы пысықталып жатыр (Topsoe, Axens технологиялары). Бұл жаңа зауыттарды салумен салыстырғанда айтарлықтай аз CAPEX қажет етеді.

Жасыл сутегі және су қауіпсіздігі.

Біз тұйық циклды экономиканың қағидаттарын енгізудеміз.

- **Синергия:** мұнай өңдеу зауытының тазартылған сарқынды суларын пайдалана отырып, электролиз арқылы жасыл сутекті өндіру моделі әзірленді. АМӨЗ мысалында су циклін тұтастыру мүмкіндігі дәлелденді, бұл техникалық су тапшылығы мәселесін шешеді.
- **Инновациялар:** Green Spark-пен бірлесіп Атырауда пилоттық жоба (күн станциясы + электролизер) іске асырылуда. Сутекті қатты күйінде қауіпсіз сақтау үшін титан қорытпаларын жасау бойынша ҒЗТКЖ жүргізілуде. «Жасыл» және «көгілдір» сутегін өндіру жобаларының экономикалық тартымдылығын жедел бағалау үшін Цифрлық сутегі атласы әзірленді.

3. Цифрландыру (Industry 4.0)

Бірыңғай цифрлық контурды әзірлеу активтердің ашықтығы мен шешім қабылдау жылдамдығын арттырады.

- **Data Lake:** зауыттардың жүйелерінен Корпоративтік қоймаға 1 мыңнан аса деректер атрибуттарын ағынмен беру тәсілі арқылы жүзеге асырылды. Бұл Талдау орталығы жұмысының негізі.
- **Қорларды басқару:** цифрлық құралдарды енгізу бөлшектердің өтімді емес қорларындағы капиталды тоқтып қоюға жол бермейді.
- **AI:** жабдықтардың ақауын болжауға және жұмыс режимдерін оңтайландыруға мүмкіндік беретін предиктивті талдау шешімдері сынақтан өтіп жатыр.

Технологиялар және тұрақты даму

Жаңа энергетикалық жүйеге көшу және декарбонизация

Біз сутегі технологияларына, жаңартылатын энергетикаға және метан шығарындыларын қатаң бақылауға инвестиция құю арқылы энергетикалық портфельді әртараптандырумен белсенді айналысып жатырмыз.

Сутегі экономикасы

- **Табиғи («ақ») сутегі:** табиғи сутекті іздеуге стратегиялық түрде басымдық беріліп отыр, оның құны (~0,5 $/кг) жобалардың экономикасын түбегейлі өзгертеді. Архив деректері Каспий маңы ойпатында перспективті аймақтардың бар екенін растады (H_2 шоғырлануы 98–100 % дейін). Геологиялық барлау үшін серіктес іздеу жұмыстары жүргізілуде.
- **Жасыл сутегі:** Атырауда ғылыми-зерттеу полигоны құрылды. Күн электр станциясы (200 кВт) пайдалануға берілді, құзыреттіліктерді кеңейту мен автономды энергиямен жабдықтау үшін электролизерді монтаждау аяқталуда
- **Сақтау технологиялары:** логистика мәселесін шешетін, титан қорытпалары негізінде сутегінің қауіпсіз қатты жинақтағыштарын жасау бойынша ҒЗТКЖ қаржыландырылуда.

Метанды басқару

- **Ағып кетулерді анықтау (LDAR):** жерүсті, әуе және ғарыштық мониторинг құралдарын қолдану арқылы жүргізілген ауқымды жұмыстар (Carbon Limits, OGCI, IMEO UNEP-пен бірлесіп) ҚГМ, ЕМГ, ММГ, ӨМГ нысандарында эмиссияның маңызды көздерін анықтауға және оқшаулауға мүмкіндік берді.
- **Цифрландыру:** нақты уақыт режимінде метан шығарындыларын визуалды көру үшін «Метанның ағып кету атласы» әзірленуде.

Жаңартылатын энергетика (ЖЭК).

Компанияның өзі тұтынатын энергияны декарбонизациялау үшін ірі жобалар жүзеге асырылуда.

- **Гибридті генерация (247 МВт):** активтерді энергиямен жабдықтауды тұрақтандыру үшін Маңғыстау облысында Eni компаниясымен бірлескен жоба (ЖЭС + КЭС + газ) іске асырылуда. Күн электр станциясы 2025 жылы салынып бітті.
- **Қуаты 1 ГВт ЖЭС:** Жамбыл облысындағы TotalEnergies және «Самұрық-Энерго» АҚ-мен бірлескен жоба. Түпкілікті инвестициялық шешім (FID) 2026 жылдың наурыз айында қабылданады деп жоспарланып отыр.
- **Геотермалды энергия:** қабат суынан жасыл электр энергиясын өндіру үшін Өзен кен орнының (орта триас) мүмкіндігі бағаланды.

2. Цифрлық трансформация және ЖИ

ҚМГ ұңғымадан бастап жанармай құю станцияларына дейінгі цифрлық шешімдерді енгізе отырып, data-driven-компания моделіне көшуде.

- **Өндірістегі ЖИ, ABAI ақпараттық жүйесі:** су басуды басқару және геологиялық-техникалық іс-шараларды таңдау үшін модульдерді енгізу.
- **Компьютермен көру (TUMAR):** ұңғымаларды күрделі жөндеумен айналысатын 60 бригадасында бейнеталдау жүйесі қауіпсіздік техникасының бұзылуын автоматты түрде анықтап (касканың болмауы, қауіпті аймақта болуы), жарақат алу қаупін азайтады.
- **Предиктивті талдау:** KPI зауытында (газ химиясы) динамикалық жабдықтың істен шығуын болжайтын машиналарды оқыту жүйесі іске қосылды.

Интеллектуалды логистика.

Көлікті басқарудың бірыңғай uber-like-платформасы құрылды.

- **Нәтижесі:** техника қозғалысының толық ашықтығы, мақсатсыз тіркеу мен пайдалануға жол бермейді. Өтінімдерді орындау коэффициенті **97,9–100 %** жетті. 2026-2027 жылдары шешім барлық өндіруші активтер мен мұнай өңдеу зауыттарына таратылатын болады.

Корпоративтік деректер қоры (Data Lake).

Мұнай өңдеу зауыттарынан және кен орындарынан келіп түсетін деректер ағынын (>1000 тег) орталықтандырылған қоймада біріктіретін бірыңғай деректер архитектурасы әзірленді. Бұл қор сенімді талдау мәліметтері негізінде жедел шешімдер қабылдауға арналған.


Қаржылық қызметке шолу

2025 жылғы басты қаржылық көрсеткіштер[1]


Түсім, млрд теңге




EBITDA көрсеткіші[3], млрд теңге



Таза пайда, млрд теңге



EBITDA түзетілген көрсеткіші[4], млрд теңге




Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда[2], млрд теңге




Бос ақша ағыны[5], млрд теңге



Жалпы қарыз[6], млрд теңге



Таза қарыз[7], млрд теңге



ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижелер

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	%
Мұнай, Dated Brent[8]	АҚШ долл./барр.	82,64	80,76	69,10	(14,4)
Мұнай, KEBCO[8]	АҚШ долл./барр.	81,74	80,73	69,88	(13,4)
Орташа бағам	теңге/АҚШ долл.	456,21	469,31	521,31	11,1
Кезең соңындағы бағам	теңге/АҚШ долл.	454,56	525,11	505,53	(3,7)
Түсім	млрд теңге	8 320	8 330	9 371	12,5
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес	млрд теңге	534	531	781	46,9
Таза пайда	млрд теңге	927	1 094	1 072	(2,0)
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда[2]	млрд теңге	1 012	1 264	1 277	1,0
EBITDA[3]	млрд теңге	2 007	2 001	2 393	19,6
Түзетілген EBITDA көрсеткіші[4]	млрд теңге	2 092	2 171	2 598	19,7
Бос ақша ағыны[5]	млрд теңге	984	1 199	1 233	2,8
Жалпы қарыз[6]	млрд теңге	3 757	3 967	3 522	(11,2)
Таза қарыз[7]	млрд теңге	1 645	1 163	375	(67,7)

Толығырақ «Қаржылық есептілік» бөлімінен оқи аласыз, **290-бетте**

1 Сомалар тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша ыңғайлылық үшін АҚШ долларымен көрсетілген (2025, 2024 және 2023 жылдардағы орташа бағам 521,31, 469,31 және 456,21 теңге/долларды құрайды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы кезеңнің соңындағы бағам 505,53, 525,11 және 454,56 теңге/АҚШ долларды құрайды, тиісінше).

2 Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы пайданың үлесіне түзетілген таза пайда = таза пайда және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер, бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайданың үлесін шегергенде.

3 EBITDA = кірістер + бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірістеріндегі үлес, таза, - сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа материалдардың өзіндік құны - өндірістік шығындар-жалпы және әкімшілік шығындар – тасымалдау және сату шығындары-табыс салығынан басқа салықтар.

4 EBITDA түзетілген көрсеткіші = кірістер + бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер – сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа материалдардың өзіндік құны - өндірістік шығындар-жалпы және әкімшілік шығындар-тасымалдау және сату шығындары-табыс салығынан басқа салықтар.

5 Бос ақша ағыны = операциялық қызметтен алынған таза ақша ағыны-негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау активтерін сатып алу. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер операциялық қызметтен алынған ақша ағынына кіреді.

6 Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке кірмеген.

7 Таза қарыз = облигациялар мен несиелер – ақша қаражаттары және олардың баламалары – кезеңнің соңындағы банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке кірмеген.

8 Дереккөз – S&P Global Platts.

Кіріс пен шығыс бойынша шоғырландырылған есеп

Көрсеткіш	Өлшем бірл.	2023	2024	2025	Өзгеруі	%
Түсім және басқа да кіріс						
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	млн теңге	8 319 543	8 330 261	9 371 488	1 041 227	12,5
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	млн теңге	534 177	531 230	780 635	249 405	46,9
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	млн теңге	186 225	16 410	3 000	(13 410)	(81,7)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып есептелген пайыздық кіріс	млн теңге	139 449	184 392	197 959	13 567	7,4
Басқа да қаржылық кіріс	млн теңге	7 332	123 290	43 005	(80 285)	(65,1)
Басқа да операциялық кіріс	млн теңге	55 378	52 377	48 626	(3 751)	(7,2)
Түсім және басқа да кірістер жиыны	**млн теңге**	**9 242 104**	**9 237 960**	**10 444 713**	**1 206 753**	**13,1**
Шығыстар мен шығындар						
Сатып алынатын мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа да материалдардың өзіндік құны	млн теңге	(4 621 881)	(4 347 011)	(5 039 517)	(692 506)	15,9
Өндірістік шығыстар	млн теңге	(1 219 722)	(1 398 604)	(1 588 607)	(190 003)	13,6
Табыс салығынан басқа салықтар	млн теңге	(594 080)	(592 984)	(592 928)	56	0,0
Тозу, сарқылу және амортизация	млн теңге	(599 543)	(642 666)	(723 977)	(81 311)	12,7
Тасымалдау мен өткізу шығыстары	млн теңге	(245 525)	(267 824)	(319 088)	(51 264)	19,1
Жалпы және әкімшілік шығыстар	млн теңге	(165 897)	(254 148)	(218 624)	35 524	(14,0)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығыстарының құнсыздануы	млн теңге	(248 140)	(69 733)	(35 762)	33 971	(48,7)
Қаржы шығындары	млн теңге	(321 630)	(346 096)	(368 055)	(21 959)	6,3
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто	млн теңге	25 222	185 459	(84 012)	(269 471)	(145,3)
Күтілетін кредиттік шығындардың қалпына келтірілуі/(күтілетін кредиттік залалдар)	млн теңге	(11 874)	(8 316)	6 744	15 060	(181,1)
Басқа да шығыстар	млн теңге	(42 564)	(38 703)	(49 130)	(10 427)	26,9
Шығыстар мен шығындар жиыны	**млн теңге**	**(8 045 634)**	**(7 780 626)**	**(9 012 956)**	**(1 232 330)**	**15,8**
Табыс салығын есептегенге дейінгі пайда	**млн теңге**	**1 196 470**	**1 457 334**	**1 431 757**	**(25 577)**	**(1,8)**
Табыс салығы бойынша шығындар	млн теңге	(269 792)	(363 087)	(359 703)	3 384	(0,9)
Бір жыл ішіндегі таза пайда	**млн теңге**	**926 678**	**1 094 247**	**1 072 054**	**(22 193)**	**(2,0)**
Бір жыл ішінде төмендегілерге тиесілі таза пайда пайда/(залал):						
Бас компанияның акционерлеріне	млн теңге	962 700	1 094 438	1 040 435	(54 003)	(4,9)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	млн теңге	(36 022)	(191)	31 619	31 810	(16 654,5)
	млн теңге	**926 678**	**1 094 247**	**1 072 054**	**(22 193)**	**(2,0)**

Көрсеткіштер және есептеу нәтижелері жуықтап, дөңгелектеніп көрсетілген. Сонымен қатар кезең-дерді салыстыру кезінде мәндер жуықталмай, нақты қолданылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысы бар кез келген ықтимал түзетулер қаржылық нәтижелерге материалдық әсер етпеуі керек.

Түсім

Компанияның 2025 жылғы түсімі 9 371 млрд теңгені (17 977 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 12,5 % жоғары. Әлемде мұнай бағасының арзандауына қарамастан, түсімнің өсуіне жыл сайын теңгенің АҚШ долларына шаққандағы әлсіреуі, сондай-ақ KMG International және ҚМГ корпоративтік орталығы деңгейінде мұнай өнімдерін сатудан түсетін табыстың ұлғаюы ықпал етті. Есепті кезеңде KMG International зауыттарында өңдеу көлемі жоспарлы күрделі жөндеуден кейін өндірістік қуаттарды қалпына келтіру және 2024 жылы жеңіл гидрокрекинг қондырғысын қайта іске қосу есебінен айтарлықтай өсті.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі 46,9 % ұлғайып, 781 млрд теңгені (1 497 млн АҚШ доллары) құрады. Өсімге Болашақ кеңейту жобасы аясында үшінші буын зауытын табысты пайдалануға берудің және қуатын арттырудың нәтижесіндегі кірістің өсуі есебінен ТШО пайдасындағы үлестің 109 млрд теңгеге (209 млн АҚШ доллары), Теңіз кен орны мұнайын тасымалдау көлемінің өсуі нәтижесінде ККҚ пайдасындағы үлестің 101 млрд теңгеге (195 млн АҚШ доллары), сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруі нәтижесінде және де 2024 жылғы жоспарлы жөндеумен салыстырғанда есепті кезеңде зауыттың үздіксіз жұмыс істеуі нәтижесінде көмірсутек шикізатын өңдеу көлемінің ұлғаюы есебінен ПҚОП пайдасындағы үлестің 21 млрд теңгеге (41 млн АҚШ доллары) артуы оң ықпал етті.

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны 15,9 % артып, 5 040 млрд теңгеге (9 667 млн АҚШ доллары) жетті. Көрсеткіштің өсуі негізінен Петромидия зауытында өңдеу көлемінің ұлғаюына байланысты KMG International деңгейінде өңдеуге арналған шикі мұнайды сатып алу көлемінің ұлғаюына байланысты.

Өзге шығындар

Өндірістік шығыстар 13,6 % өсіп, 1 589 млрд теңгені (3 047 млн АҚШ доллары) құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерінде (ӨМГ, ҚТО, ЕМГ, KMG International) өндірістік персоналдың еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың көбеюі, негізінен KMG International, ӨМГ және ПМХЗ деңгейінде электр энергиясына жұмсалатын шығындардың ұлғаюы, сондай-ақ «KMG Systems & Services» ЖШС мен ӨМГ деңгейінде жөндеу және қызмет көрсету қызметтеріне жұмсалатын шығыстардың артуы себеп болды.

Есепті кезеңде тасымалдау және сату бойынша шығыстар 319 млрд теңгені (612 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 19,1 % жоғары. Өсім негізінен Қашаған және KMG International деңгейінде мұнайды тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығындардың ұлғаюына байланысты.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 14,0 % төмендеп, 219 млрд теңгені (419 млн АҚШ доллары) құрады, бұл негізінен сенімгерлік басқару шығындарының азаюына байланысты болды. 2025 жылы Компания «QazaqGaz» ҰК АҚ-ның («Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымы) бірлескен кәсіпорыны «ҚазРосГаз» ЖШС-дегі 50 % қатысу үлесін сенімгерлік басқару қызметі үшін 19 млрд теңге (37 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі сыйақыны есепке жазды, ал 2024 жылы бұл шығыстар 53 млрд теңгені (114 млн АҚШ доллары) құраған болатын.

Табыс салығынан басқа салықтар 593 млрд теңгені (1 137 млн АҚШ доллары) құрап, 2024 деңгейінде сақталды. Бұл ретте жеңіл мұнай өнімдерін өткізудің ұлғаюына және акциз мөлшерлемесінің жоғарылауына байланысты ҚМГ корпоративтік орталығы деңгейіндегі акциз бойынша шығыстардың өсуі ӨМГ және ЕМГ деңгейінде шикі мұнай экспортына рента салығы бойынша шығыстардың төмендеуімен, сондай-ақ мұнайдың төмен бағалары салдарынан Қашаған деңгейінде шығыстардың азаюымен өтелді.

2025 жылы жалақы бойынша шығыстар 776 млрд теңгені (1 489 млн АҚШ доллары) құрап, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығындар, тасымалдау мен сату шығындары, жалпы және әкімшілік шығындары құрамында көрсетілді.

2025 жылғы қаржылық шығындар 368 млрд теңгені (706 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 6,3 % көп. Өсім жылдан жылға АҚШ долларына шаққанда теңгенің әлсіреуі салдарынан қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыстардың ұлғаюымен байланысты.

Активтердің құнсыздануы

2025 жылы құрылысқа берілген негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, ұзақ мерзімді аванстардың, сондай-ақ барлау жұмыстарына жұмсалған шығыстардың құнсыздану сомасы 36 млрд теңгені (69 млн АҚШ доллары) құрады. Негізгі құралдар бойынша құнсыздану шығыстары 15 млрд теңгені (30 млн АҚШ доллары) құрады және негізінен Жаңаөзен қаласындағы теңіз суын тұщыту зауытының және жеткізу инфрақұрылымның құнсыздануына жатады. Барлау және бағалау активтеріндегі құнсыздану шығыстары 20 млрд теңгені (39 млн АҚШ доллары) құрады, оның ішінде 19 млрд теңге (36 млн АҚШ доллары) көлеміндегі шығын «Торғай Палеозой» жобасы бойынша болды.

Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2024 жылмен салыстырғанда 2,0 % төмендеп, 1 072 млрд теңгені (2 056 млн АҚШ доллары) құрады. Таза пайданың төмендеуі теріс бағамдық айырманың қалыптасуымен[1], өндірістік шығындардың және тозу, сарқылу мен амортизация бойынша шығыстардың өсуімен, сондай-ақ басқа да қаржылық табыстың азаюымен[2] байланысты болды.

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың үлесіне түзетілген таза пайда 1,0 % ұлғайып, 1 277 млрд теңгеге (2 449 млн АҚШ доллары) жетті.

Есепті кезеңде Бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда 1 040 млрд теңгені (1 996 млн АҚШ доллары) құрады.

Күрделі шығындар

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар 4,7 % азайып, 682 млрд теңгені (1 309 млн АҚШ доллары) құрады:


- Барлау және мұнай мен газ өндіру сегментінде ӨМГ («Ak Su KMG» ЖШС), Қашаған және Доңға компанияларының инвестициялық жобаларын іске асырудың жекелеген кезеңдерінің аяқталуы есебінен;
- ҚМГ-ның Корпоративтік орталығы деңгейінде 2024 жылы Абай ұңғымасын бұрғылауға жұмсалған шығынға байланысты;
- Өңдеу және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу сегментінде күрделі шығындардың қысқаруы себеп болды, бұл негізінен 2024 жылы KMG International зауытында жүргізілген күрделі жөндеумен байланысты.

Ақша ағындары бөлінісінде күрделі шығындар былтырғымен салыстырғанда 3,5 % өсіп, 668 млрд теңгені (1 281 млн АҚШ доллары) құрады. Көрсеткіштің өсуі негізінен «KMG PetroChem» ЖШС, ПМХЗ, ЕМГ және ӨМГ деңгейінде негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған шығыстардың ұлғаюымен байланысты.

EBITDA

EBITDA көрсеткіші 2025 жылы 2 393 млрд теңгені (4 591 млн АҚШ доллары) құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 19,6 % жоғары болды. Көрсеткішке Өңдеу және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату, ҚМГ-ның Корпоративтік орталығы сегменттеріндегі түсімнің ұлғаюы, сондай-ақ Барлау және мұнай мен газды өндіру, Мұнай тасымалдау және Өңдеу және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату сегменттеріндегі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің өсуі ықпал етті.

2023, 2024 және 2025 жылдардағы EBITDA көрсеткіші



[1] 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде шетел валюталары бағамының теңгеге шаққандағы тұрақсыздығына байланысты компанияда 84 млрд теңге (161 млн АҚШ доллары) мөлшерінде теріс бағамдық айырма, нетто, қалыптасты.

[2] 2024 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-дан 2022 жылы сатып алған облигациялардың купондық мөлшерлемесі 3,00 %-дан 9,30 %-ға дейін өсті, бұл елеулі модификацияға әкелді. Модификациялау күніне есепте тануды тоқтатуға жататын облигациялардың баланстық құны мен әділ құны арасындағы 60 млрд теңге (127 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі айырма басқа қаржылық кірістердің құрамында көрсетілген.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді көрсететін түзетілген EBITDA көрсеткіші 19,7 % өсім көрсетіп, 2 598 млрд теңгені (4 984 млн АҚШ доллары) құрады.

2023, 2024 және 2025 жылдардағы түзетілген EBITDA көрсеткіші



ҚМГ вертикалды интеграцияланған қызметіне байланысты төмендегі сегменттердің бөлінісінде EBITDA көрсеткішін талдайды. Сегменттік ақпарат ХҚЕС негізінде талданады және ашылып көрсетіледі. Сегменттердің пайдасы кіріс пен таза пайда көрсеткіштері негізінде қарастырылады. ҚМГ компаниялар тобының операциялық сегменттерінің өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымы мен басқаруы бар, жалпы барлық сегменттер – бұл түрлі өнімдерді ұсынатын және әртүрлі нарықтарға қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағыттары.

ҚМГ қызметі мынадай операциялық сегменттерді қамтиды: барлау және мұнай мен газ өндіру, мұнайды тасымалдау, өңдеу және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу, корпоративтік орталықтың қызметі және басқалар (мұнай сервистік және басқа да маңызды емес ұйымдар). Компания корпоративтік орталықтың қызметін бөліп көрсетеді, өйткені ҚМГ бас компанияның функцияларын орындап қана қоймай, операциялық қызметті де (АМӨЗ-де және ПМХЗ-да шикі мұнайды өңдеу, алынған мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарықтарда сату) жүзеге асырады.



Активтердің құрылымы

Барлау және мұнай-газ өндіру	Мұнай тасымалдау	Өңдеу және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу	Корпоративтік орталық	Басқалары
«Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) — 100 %	«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО) — 90 %	«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) — 100 %	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның КО	«KMG Drilling & Services» ЖШС — 100 %
«Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) — 100 %	• «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ— 100 %	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) — 99,53 %		«Oil Services Company» ЖШС — 100 %
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) — 100 %	• «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) — 50 %	KMG International N.V. — 100 %		«Oil Construction Company» ЖШС — 100 %
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨО) — 100 %	• «МұнайТас» СБҚК» ЖШС — 51 %	• Rompetrol Rafinare SA «Петромидия» (Петромидия) — 54,6 %		«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС — 100 %
«KMG Barlau» ЖШС — 100 %	«Каспий Құбыр желісі Консорциумы — Р» АҚ (ККҚ-Р)[1]— 20,75 %	• Rompetrol Rafinare SA «Вега» (Вега) — 54,6 %)		«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ) — 100 %
«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС — 100 %	«Каспий Құбыр желісі Консорциумы — Қ» АҚ (ККҚ-Қ)[1]— 20,75 %	«ҚазМұнайГаз - Аэро» ЖШС — 100 %		«KMG PetroChem» ЖШС — 100 %
Dunga Operating Gmbh (Доңға)[2]–60 %	«Қазақтеңізкөлік-флоты» ҰТККҚ» ЖШС (ҚТКФ) — 100 %	«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП)[3]— 49,72 %		«ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ) — 50 %
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) — 50 %		«KC Energy Group» ЖШС — 49 %		«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI) — 49,5 %
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ) — 50 %				«KMG Nabors Drilling Company» ЖШС — 49 %
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА) — 50 %				«KMG Parker Drilling Company» ЖШС — 49 %
«Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ) — 50 %				«KMG Automation» ЖШС — 49 %
PetroKazakhstan Inc. — 33 %				«ТеңізСервис» ЖШС — 48,996 %
				«Силлено» ЖШС[4]–40 %
Мегажобалар:				
«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО, Теңіз) — 20 %				
«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО, Қарашығанақ)[5]–10 %				
North Caspian Operating Company N.V. (NCOC, Қашаған)[6]— 16,88 %				

Шоғырландыру периметрі

[1] 19 % үлесі ҚМГ-ға тікелей, 1,75 % үлесі Қазақстан Пайплайн Венчурс компаниясы арқылы тиесілі.

[2] Dunga Operating GmbH – 100 % шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, Доңға жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімшартта 60 % үлеске иелік етеді.

Сегменттер бойынша 2023, 2024 және 2025 жылдардағы EBITDA көрсеткіші

Сегмент	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	Өзгеруі
Барлау және мұнай мен газ өндіру	млн теңге	1 442 479	1 491 060	1 596 547	105 487
	млн АҚШ долл.	3 162	3 177	3 063	(115)
	%	72	74	67	(7) т.т.
Мұнай тасымалдау	млн теңге	199 090	219 479	346 481	127 002
	млн АҚШ долл.	436	468	665	197
	%	10	11	15	4 т.т.
Өңдеу және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу	млн теңге	397 248	371 741	480 614	108 873
	млн АҚШ долл.	871	792	922	130
	%	20	19	20	1 т.т.
Корпоративтік орталық	млн теңге	(21 397)	(65 614)	(12 684)	52 930
	млн АҚШ долл.	(47)	(140)	(24)	115
	%	(1)	(3)	(1)	2 т.т.
Басқасы	млн теңге	8 779	2 412	(12 425)	(14 837)
	млн АҚШ долл.	19	5	(24)	(29)
	%	0	0	(1)	(1) т.т.
Элиминация	млн теңге	(19 584)	(18 158)	(5 174)	12 984
	млн АҚШ долл.	(43)	(39)	(10)	29
	%	(1)	(1)	0	1 т.т.
EBITDA	**млн теңге**	**2 006 615**	**2 000 920**	**2 393 359**	**392 439**
	млн АҚШ долл.	**4 398**	**4 264**	**4 591**	**328**

Ақша қаражатының қозғалысы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	Өзгеруі
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	млн теңге	1 667 614	1 843 852	1 900 424	56 572
Инвестициялық қызметте пайдаланған таза ақша ағындары	млн теңге	(759 636)	(1 042 955)	(1 175 772)	(132 817)
Қаржы қызметінде пайдаланған таза ақша ағындары	млн теңге	(604 362)	(780 560)	(681 273)	99 287
Айырбастау бағамы өзгерісінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына ықпалы	млн теңге	(15 942)	145 268	(61 633)	(206 901)
Күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтегі өзгеріс	млн теңге	14	(27)	(12)	15
Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	**млн теңге**	**287 688**	**165 578**	**(18 266)**	**(183 844)**
Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	**млн АҚШ долл.**	**631**	**353**	**(35)**	**(388)**


[3] 49,72 % — Valsera Holdings B.V.-ге өткізілген 50 % иеленуі арқылы жанама қатысу үлесі, аталмыш компания өз кезегінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-нің (ПҚОП) 99,43 % иелік етеді. ПҚОП-қа қатысты Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік нәтижелерін бағалау кезінде өндіріске қатысудың 50 % үлесі ескеріледі.

[4] 29,9 % үлесі ҚМГ-ға тікелей тиесілі, 10,1 % үлесі еншілес кәсіпорны «KMG PetroChem» ЖШС арқылы тиесілі.

[5] «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС – 100 % шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, Қарашығанақ жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімде 10 % үлеске иелік етеді.

[6] «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясы - 100 % шоғырландырылған еншілес кәсіпорын, Солтүстік Каспий жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімде 16,88 % үлеске иелік етеді.


Қаражаттың және бос ақша ағыны көздері және оларды пайдалану, млн АҚШ доллары



Ақша қаражаты және олардың баламалары

Шоғырландырылған ақша қаражаттары мен олардың баламалары, оның ішінде депозиттер түріндегі ақша қаражаттары 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 12,2 % ұлғайып, 3 147 млрд теңгені құрады. Доллардағы көрсеткіш 2024 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 16,6 % артып, 6 225 млн АҚШ долларын құрады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд, млн АҚШ доллары



Компания	2023	2024	2025
ТШО	936	831	1 311
ҚҚҚ	250	226	276
Petrosun	86	104	
KC Energy Group			77
ҚГМ	35	50	55
ММГ		95	38
ҚРГ	1	114	37
PetroKazakhstan Inc.	6	38	29
ҚҚҚ	5	17	29
Басқалары	40	19	38

[1] Дивиденд саясатына сәйкес бос ақша ағыны = операциялық қызметтен алынған таза ақша ағыны – негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алу – алынған ақша қаражатын алып тастағанда еншілес ұйымнан шыққаннан түсетін ақша қаражаты + бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесін сатудан түсетін пайда – еншілес ұйымды сатып алуға байланысты шығынды өтеу – бірлескен кәсіпорындардың капиталына меншік үлесін өзгертпестен енгізілген қосымша жарналар.

Алынған дивиденд

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд көлемі 40,5 % өсіп, 2024 жылғы 701 млрд теңгемен (1 494 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 985 млрд теңгені (1 890 млн АҚШ доллары) құрады. Өсудің негізгі драйверлері – ТШО-дан түскен дивидендтердің 390 млрд теңгеден (831 млн АҚШ доллары) 684 млрд теңгеге дейін (1 311 млн АҚШ доллары) өсуі, ҚҚК жобасынан дивидендтердің 35,8 %, яғни 144 млрд теңгеге дейін (276 млн АҚШ доллары) артуы, сондай-ақ ҚҚҚ және ҚГМ түсетін дивиденд көлемінің өсуі дивидендтердің артуына байланысты.

Төленген дивиденд

2025 жылы Компания 2024 жыл үшін бір акцияға 491,71 теңге мөлшерінде дивиденд есептеп, жалпы сомасы 300 млрд теңгеге (575 млн АҚШ доллары) дивиденд төледі. 2024 жылы ҚМГ 2023 жыл үшін бір акцияға шаққанда 491,71 теңге мөлшерінде дивиденд есептеп, жалпы сомасы 300 млрд теңгеге (639 млн АҚШ доллары) төледі.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	Өзгеруі
Активтер					
Негізгі құралдар	млн теңге	7 171 242	7 834 160	7 590 629	(243 531)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға құйылған инвестиция	млн теңге	4 821 427	5 378 513	4 933 962	(444 551)
Ұзақ мерзімді банк салымдары	млн теңге	63 891	74 329	73 271	(1 058)
Өзге де ұзақ мерзімді банк салымдары	млн теңге	1 447 504	1 641 975	1 761 943	119 968
Қысқа мерзімді банк салымдары	млн теңге	997 012	1 513 816	1 875 464	361 648
Ақша қаражаты және олардың баламалары	млн теңге	1 050 873	1 216 451	1 198 185	(18 266)
Өзге де қысқа мерзімді банк салымдары	млн теңге	1 388 972	1 274 898	1 414 493	139 595
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	млн теңге	180	505	498	(7)
Активтер, барлығы	**млн теңге**	**16 941 101**	**18 934 647**	**18 848 445**	**(86 202)**
Активтер, барлығы	**млн АҚШ долл.**	**37 269**	**36 058**	**37 285**	**1 226**
Капитал және міндеттемелер					
Капитал, барлығы	млн теңге	10 396 614	11 924 284	11 924 284	462 041
Капитал, барлығы	млн АҚШ долл.	22 872	22 708	24 502	1 793
Міндеттемелер					
Ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	3 365 736	3 644 111	3 243 524	(400 587)
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	млн теңге	1 644 533	1 922 569	1 806 204	(116 365)
Қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	391 358	323 290	278 423	(44 867)
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	млн теңге	1 142 860	1 120 393	1 133 969	13 576
Міндеттемелер, барлығы	млн теңге	6 544 487	7 010 363	6 462 120	(548 243)
Міндеттемелер, барлығы	млн АҚШ долл.	14 397	13 350	13 350 12 783	(567)
Капитал мен міндеттемелер, барлығы	**млн теңге**	**16 941 101**	**18 934 647**	**18 848 445**	**(86 202)**
Капитал мен міндеттемелер, барлығы	**млн АҚШ долл.**	**37 269**	**36 058**	**37 285**	**1 226**

Қарызды басқару

Компанияның қаржылық міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Қарыз портфелі негізінен негізгі кірістердің валютасы — АҚШ долларымен есептеледі. Осылайша, туынды қаржы құралдарын қолдану қажетінсіз валюталық тәуекелді органикалық түрде хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі.

Жалпы қарыз

ҚМГ-ның жалпы борышы негізінен АҚШ долларымен номинацияланған (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 69 %). Есепті кезең ішінде Компания қарыз деңгейін 2024 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда доллармен 7,8 %, яғни 6 967 млн АҚШ долларына дейін және теңгемен 11,2 %, яғни 3 522 млрд теңгеге дейін төмендетті.

2025 жылғы қазанда Компания 1 250 млн қытай юані мөлшерінде, купондық мөлшерлемесі 2,95 %, кірістілігі 3,15 % және өтеу мерзімі 5 жыл болатын қытай юанімен номинацияланған облигациялар шығарды. Шығарылым Гонконг қор биржасында және Астана халықаралық биржасында тіркелді.

2025 жылдың желтоқсанында Компания 2047 және 2048 жылдары өтелуі тиіс және номиналды құны 500 млн АҚШ доллары мөлшерінде Лондон қор биржасында орналастырылған облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара сатып алды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар АМӨЗ және KMG International қарыздарының толық және ішінара өтелуін көрсетіп, 29,0 %, яғни 482 млрд теңгеге дейін (954 млн АҚШ доллары) азайды.

2025 жылы АМӨЗ Халық банкінен алған қарызды жалпы сомасы 65 млрд теңге көлемінде, оның ішінде пайыздарды толық өтеді.


2025 жылы KMG International Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd. қарызын, соның ішінде пайыздық мөлшерлемерін 76 млн АҚШ доллары (40 млрд теңгеге тең) сомасына ішінара өтеді.

2025 жылы ҚР Энергетика министрлігінің Абай жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасы негізінде Компания Эни Исатайдан 25 млрд теңге сомасында алынған қарызды, оның ішінде пайыздарды есепке алуды тоқтатты.


Таза қарыз

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза қарыз 375 млрд теңгені (742 млн АҚШ доллары) құрады, 2024 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда теңгемен 67,7 % және доллармен есептегенде 66,5 % төмендеді.

Таза қарыз, млн АҚШ доллары



Қарызды өтеу кестесі (номинал бойынша)[1], млн АҚШ доллары



Компания	2026	2027	2028	2029	2030	2031	2032	2033	2035	2047	2048
Облигация	16	266	16	16	1445	16	16	760	1 487	1 000	1 250
Қарыз	99	57	39	41	20	11	22	6	0	0	0

[1] KMG International кредиттік желілерін, овердрафт пен сауда қаржыландыруды қоспағанда (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша).



Борыштық жүктемені тиімді басқару

Борыштық жүктемесі жоғары болған кезеңнен бастап таза қарыздың тарихи төмен деңгейіне дейін


Алғышарттары: Жоғары борыштық жүктемені қалыптастыру (2005–2014 жылдар):

2005-2014 жылдары ҚМГ борыштық жүктемесінің өсуі капиталды қажет ететін өсу стратегиясының іске асырылуына байланысты болды. Бұл кезеңде Компания қаржыны ірі активтерді сатып алуға және инвестициялық бағдарламаны іске асыруға жұмсады, атап айтқанда:

- Солтүстік Каспий жобасына қатысу (Қашаған);
- Rompetrol (KMG International) және ПМХЗ-ны сатып алу;
- Қарашығанақ жобасындағы 10 % қатысу үлесін сатып алу;
- үш мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобаларын іске асыру;
- басқа да инвестициялық жобалар.

Бұл стратегияны іске асыру Компанияның болашақ операциялық өсуінің негізін қалағанымен, борыштық жүктеменің едәуір ұлғаюына әкелді: 2014 жылдың соңына қарай ҚМГ-ның жалпы қарызы шамамен **19,2 млрд АҚШ долларын**, таза қарыз — **10,3 млрд АҚШ долларын** құрады.

ҚМГ-ның жалпы қарыз бен таза қарызының динамикасы, млн. АҚШ доллары



	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Жалпы қарыз	19 161	9 496	9 219	12 943	10 810	10 030	9 690	8 676	8 980	8 265	7 555	6 967
Ақша қаражаттары мен депозиттер	8 853	5 196	6 334	8 881	5 149	3 859	3 528	4 082	4 324	4 646	5 341	6 225
Таза қарыз	10 308	4 300	2 885	4 062	5 661	6 171	6 162	4 594	4 655	3 620	2 214	742

Борыштық жүктеме траекториясының өзгеруі (2015)

2015 жылы қолайсыз баға конъюнктурасы жағдайында ҚМГ өтімділіктің жоғары қысымына және қаржы келісімдерін бұзу тәуекеліне тап болды, бұл борыштық міндеттемелерді басқару тәсілдерін қайта қарауды талап етті.

Мемлекеттің ҚМГ-ға **стратегиялық маңызы бар ұлттық актив ретінде** көрсеткен қолдауының арқасында активтер құрылымын оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылды, оның аясында 4,7 млрд АҚШ доллары қамтамасыз етілді, нәтижесінде төмендегі шаралар қолға алынды:

- қарыздың шамамен 2,2 млрд АҚШ долларын денконсолидациялау;
- номиналды құны 3,7 млрд АҚШ долларын құрайтын еурооблигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу.

Аталған шараларды іске асыру ҚМГ-ға өтімділігін тұрақтандыруға және қаржы ковенанттарының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Борыштық жүктемені жүйелі түрде азайту және қаржы тәртібі (2016–2025 жылдар)

ҚМГ 2016 жылдан бастап бос ақша ағынын тұрақты генерациялау кезеңіне көшті. Операциялық көрсеткіштердің, соның ішінде жаңа өндірістік қуаттарды іске қосу және негізгі инвестициялық жобаларды аяқтау нәтижесінде жақсаруы, борыштық жүктемені азайту саясатын дәйекті жүзеге асыруға негіз болды.

Аталған кезеңде ҚМГ борышты басқарудың жүйелі шаралар кешенін іске асырды, соның ішінде:

- еурооблигациялар мен банктік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуді қоса алғанда, қарыз алу көлемін қысқарту
- ковенанттар пакетін қайта қарау мен жақсартуды қоса алғанда, жария қарыз параметрлерін оңтайландыру;
- мұнай авансын мерзімінен бұрын өтеу;
- бейінді емес активтерді сату.

2025 жылғы ҚМГ-ның борыштық позициясы: стратегияның нәтижесі

Таза қарыздың тарихи төмен деңгейі

- Таза қарыз — 742 млн АҚШ доллары
- Net Debt / EBITDA — 0,16x (АҚШ долларымен)

Өтімділіктің жоғары деңгейі

- Ақша қаражаты және депозиттер — 6,2 млрд АҚШ доллары

Сенімді қарыз алушы ретіндегі беделі

- Инвестиялық кредиттік рейтинг
- Халықаралық капитал нарықтарына шамамен 20 жыл бойы қатысу.

Мемлекеттің қолдауымен қаржы саясатын дәйекті іске асыру ҚМГ-ға борыштық жүктемені едәуір төмендетуге және инвестициялық қызмет пен борышты басқаруда теңгерімді тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Компания 2021 жылы қабылданған қаржылық стратегия аясында борышты басқаруға және қаржылық тұрақтылықты сақтауға қатысты консервативті көзқарасын сақтап келеді.

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету

Тұрақты дамуды басқару

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясында тұрақты даму мен өндірістегі көміртегі қарқындылығын үдемелі төмендетуді стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде айқындайды. Осының негізінде барлық бизнес-процестер мен шешім қабылдау процестері тұрақты даму принциптерімен біріктіріледі.

Тұрақты дамуды басқару тәсілі



ҚМГ Директорлар кеңесі стратегиялық басқаруды жүзеге асырады және тұрақты даму қағидаттарының енгізілуін бақылайды, Компанияның Тұрақты даму туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есебін бекітеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің **Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті** тұрақты даму мәселелерін қарайды және ұйымдастырады, тұрақты даму саласындағы саясатты, ҚМГ-ның тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы есебін, Директорлар кеңесінің құзыретіне бекітілуі жататын тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарды бекіту жөніндегі ұсынымдарды дайындайды, тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін енгізуді, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құруды, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен корпоративті қызмет көрсеткіштерін (бұдан әрі – КҚК) белгілеуді, компанияда тұрақты дамудың енгізілуін бақылауды, тұрақты дамудың ҚМГ-ның негізгі процестеріне интеграциялануын жүргізеді.

ҚМГ Басқармасы Компанияда тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және іс-шаралар жоспарын лайықты түрде іске асырады және енгізеді. Тұрақты даму саласындағы қызметтің мониторингін жүргізеді, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен КҚК орындалуын бағалайды

Тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін ҚМГ **Басқарма төрағасының орынбасары** тұрақты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен КҚК қол жеткізу жөніндегі тәсілдерді үйлестіреді, тұрақты даму саласындағы есептің дайындалуын, тұрақты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың орындалуын бақылайды.

ҚМГ Стратегия және тиімділікті басқару департаментінің **Тұрақты даму бөлімі** тұрақты дамуды тиімді басқару жүйесіне бастама жасауға, үйлестіру мен енгізуге, бұл жүйені Компанияның бизнес-қызметімен біріктіруде қолдау көрсетуге, тұрақты даму мәселелері бойынша әдістемелік қолдауды жүзеге асыруға, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындау және бекітуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіру мен басқаруға, мүдделі тараптар картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуге, компанияға ESG-рейтингін беру және сақтап тұру мәселелері бойынша рейтинг компанияларымен өзара байланысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

ҚМГ құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы жүйені енгізуді, ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтауды, мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді жүргізеді, тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асырады, халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму саласындағы есепке арналған ақпаратты дайындайды.

ҚМГ барлық қызметкері әрқайсысы өзінің деңгейінде жеке бас үлгісін көрсетіп, тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау арқылы тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

ҚМГ-да тұрақты даму мәселелерін реттейтін негізгі құжаттар

E Экологиялық мәселелер

- Экология саясаты
- Энергетикалық саясат
- Шығарындыларды басқару жөніндегі саясат
- ҚМГ-ның жер қойнауы учаскелерінде және кен орындарында бұзылған жерлерді қалпына келтіру және нысандарды жабу саласындағы саясат
- ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы
- Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт
- Қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт
- Экологиялық бағалауды жүргізу жөніндегі стандарт.

S Әлеуметтік мәселелер

- Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат
- Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясат
- Адам құқықтары саласындағы саясат
- Кадр саясаты
- Жастар саясаты
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі
- Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт
- Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандарт
- Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі
- Шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент
- ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне арналған «Өмірлік маңызы бар қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі корпоративтік стандарт.

G Басқару мәселелері

- Корпоративтік басқару кодексі
- Тұрақты даму саласындағы кодекс
- Тұрақты даму саласындағы тұжырымдама
- Іскерлік этика кодексі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты
- ҚМГ мұнайын сыртқы нарыққа жеткізу регламенті
- Экономикалық қауіпсіздік регламенті
- Сапа саласындағы саясат
- Сапа бойынша нұсқаулық
- ҚМГ қызметтерін тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау қағидалары
- ҚМГ компаниялар тобында мұнай өңдеу мен мұнай өнімдерін шығаруды жоспарлау ережелері
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ҚМГ және ЕТҰ ішкі құжаттарының бұзылуы туралы өтініштерді қарау регламенті
- ҚМГ компаниялар тобының ЕТҰ омбудсмені туралы үлгілік ереже
- ҚМГ-ның корпоративтік қақтығыстарды реттеу қағидалары.

Басшылықтың тұрақты даму саласындағы ҚБК

2025 жылға арналған тұрақты даму жөніндегі стратегиялық міндеттердің атқарушылық деңгейде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты даму жүйесінің енгізілуімен байланысты Басқарма төрағасының мотивациялық корпоративтік қызмет көрсеткіштері (Компанияның корпоративтік қызметтің басты көрсеткіштері) бекітілді.

- «Инвестициялық жобаларды іске асыру», оның ішінде тұрақты даму жобалары, Eni компаниясымен қуаты 247 МВт болатын гибридті электр станциясының құрылысы;
- «Өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш», ол оқыс оқиғалардың коэффициентін төмендетуге, сондай-ақ қауіпті жағдайларды, қауіпті факторларды және т. б. анықтауға және олар туралы бүкіл ҚМГ компаниялары тобына хабарлауға бағытталған.

Басқарма төрағасының орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары деңгейіндегі функционалдық ҚБК ішінде тұрақты даму саласындағы 2025 жылға мынадай ҚБК бекітілді:

- тұрақты даму жобаларын қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыру;
- ҚМГ ЕТҰ-ның және олардың мердігер ұйымдары жұмысшыларының ереуілдері салдарынан болған Маңғыстау облысындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарындағы өндірістің тоқтап қалу күндерінің санын азайту;
- ҚМГ ЕТҰ-ның әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымын жақсарту (әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу және жөндеу);
- CDP рейтингі;
- ESG рейтингі;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламаларды бекіту;
- еңбек қызметімен байланысты емес өлім-жітім коэффициенті (NWRF[1]);
- еншілес және тәуелді ұйымдарда Қорғау карталарының толтырылуы;
- авариялардың жоюға дайындық және ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныптарын өткізу;
- қауіпті өндірістік нысанында ірі апаттың, төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша апатқа қарсы жаттығу;
- ЕТҰ-да электр энергиясын жоспарлау мен тұтынудың тиімділігін арттыру мақсатындағы іс-шараларды орындау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында жұмысшы мамандықтар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау;
- ҚМГ корпоративтік орталығында HR-процестерді автоматтандыру;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік әл-ауқат бағдарламасын әзірлеу (Well-being).

ESG рейтингі

ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылдан бастап функционалдық ҚБК бірі ретінде ESG рейтингін бекітті, бұл ҚМГ-ның ESG елеулі тәуекелдерін басқаруға тікелей мүдделі екенін және халықаралық мұнай-газ нарығында тұрақты даму қағидаттарын берік ұстанатынын көрсетеді. Бұл ҚБК-ны орындау ҚМГ компаниялар тобы үшін ESG басты мәселелерінің іске асырылуын қамтиды.

2025 жылы ҚМГ ESG рейтингін MSCI рейтингтік агенттігі берген «BBB» деңгейінде сақтап қалды, бұл саладағы орташа деңгейге сәйкес келеді. Компания биоәртүрлілікті басқаруда және қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелерінде тұрақты ілгерілеуді көрсетуде. Сонымен қатар экологиялық және әлеуметтік блоктың бірқатар тақырыбы бойынша орташа деңгейі және корпоративтік басқару, жұртшылықпен және жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимыл, ластаушы заттар мен қалдықтар шығарындылары саласындағы әлсіз позициялары байқалады.

ҚМГ-ның басты ESG сын-қатерлері – шығарындылар мөлшерін, қалдықтарды азайту, төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, жұртшылықпен байланыс бағытындағы жұмысты күшейту, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесі мен іскери этиканы озық халықаралық тәжірибелер деңгейінде ұстап тұру.

ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары 43 іс-шарадан тұрады, олар бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін қамтиды және есепке алады.

[1] Non-Work-Related Fatality.



ҚМГ-ның ESG тәуекел-рейтингін жақсарту бағытындағы жыл сайынғы іс-шаралар:

- Carbon Disclosure Project (бұдан әрі – CDP) сауалнамасында ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ есептілігінде және корпоративтік сайтында климаттың өзгеруіне және оның Компанияға әсеріне байланысты іс-шаралар мен тәуекелдер жөніндегі ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ есептілігінде су балансы және суды пайдалану қарқындылығы туралы ақпаратты ашып көрсету;
- Су сыйымдылығы бойынша көрсеткіштердің есеп-қисабын жасау және оларды ҚМГ есептілігінде ашып көрсету
- ҚМГ есептілігінде шикі газды жағу жөніндегі іс-шараларды ашып көрсету
- ҚМГ сайтында және есептілікте теңіз ұңғымаларын басқару туралы ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ сайтында және есептілігінде ҚМГ жер қойнауы учаскелері мен кен орындарында бұзылған жерлерді жабу және қалпына келтіру туралы ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ сайтында және есептілігінде ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерде жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және тарту туралы ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ сайтында және есептілігінде адами капитал және даму бағдарламалары туралы ақпаратты ашып көрсету
- LTIR (қызметкерлер мен мердігер ұйымдар бойынша) және FAR көрсеткіштері бойынша ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ есептілігінде гендерлік аспектіні, ұлты мен азаматтығын, Директорлар кеңесінің мүшесі қызметінде болудың орташа уақытын, кәсіби еңбек тәжірибесін ескере отырып, Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері жұмысының тиімділігі туралы ақпаратты ашып көрсету
- ҚМГ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және ҚМГ Басқарма төрағасының сыйақысы туралы ақпаратты талдай отырып, ҚМГ есептілігінде ашып көрсету
- ҚМГ есептілігінде корпоративтік ҚБК және олардың нәтижесін өлшеу бойынша ақпаратты ашып көрсету;
- GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына сәйкес салық туралы ақпаратты ашып көрсету

ESG тәуекел-рейтингін жақсартуға бағытында 2024–2025 жылдары іске асырылған іс-шаралар:

- ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту (орындалды)
- ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын жоспарын бекіту және жүзеге асыру (орындалды)
- АМӨЗ, ПМХЗ, ПҚОП өндірістерінің паспорттарында және ұлттық стандаттарында заманауи есептеу әдістерін пайдалана отырып, технологиялық ысыраптар мен жағу нормаларын төмендету бағытында қайта қарау (орындалды)
- Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын факел етіп тұрақты жағуды толық тоқтату» бастамаларын іске асыру
- ҚМГ-ның жер қойнауы учаскелерінде және кен орындарында бұзылған жерлерді жабу және қалпына келтіру қағидаларын әзірлеу (орындалды)
- «Көгілдір» сутегі өндірісінің техникалық-экономикалық есебін әзірлеу (орындалды)
- «Жасыл» сутекті өндіру үшін Су ресурстары атласын әзірлеу (орындалды)
- Адам құқықтары жөніндегі саясатты жаңарту (орындалды)
- ҚМГ-ның Кадр саясатын жаңарту және бекіту (орындалды)
- 2023-2027 жылдарға арналған ҚМГ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасының іс-шараларын жаңарту және іске асыру (орындалды)
- LTIR және FAR көрсеткіштерімен есептеу кезінде мердігер ұйымдардың периметрін айқындау бөлігінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарындағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың негізгі бағыттары бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі қағидаларды» жаңарту (орындалды)
- ҚМГ Директорлар кеңесі тәуелсіз директорларының құрамынан ғана Тағайындау мен сыйақы жөніндегі комитет мүшелерін сайлау (орындалды)
- Тұрақты даму жөніндегі ҚБК ескере отырып, басшы қызметкерлері мен басқарушы қызметкерлер, Ішкі аудит қызметінің басшысы, корпоративтік хатшы, Комплаенс қызметінің, Омбудсмен қызметінің басшысы атқарған жұмысты бағалау қағидаларының жаңарту және бекіту (орындалды)
- Қазақстан Республикасының ISO 37001 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйелері. Талаптар және пайдалану жөніндегі нұсқау» стандартына сәйкес сертификатталған аудит

ҚМГ-ның ESG тәуекел-рейтингін жақсарту бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар

- ҚМГ-да суды пайдалану көлемін азайту бойынша сандық мақсат пен мерзімдерді ескере отырып, Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту
- Биоәртүрлілікті сақтауға байланысты мақсаттар мен мерзімдерді, биоәртүрлілікті сақтау мәселелері бойынша жергілікті немесе халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтитын Биоәртүрлілік бағдарламасын әзірлеу
- Ластаушы заттардың шығарындыларын азайту бойынша тиісті мақсаттарды белгілеу
- CO_2 тұту, сақтау және пайдалану (CCUS) бойынша пилоттық жобаны енгізу
- ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерде жергілікті қоғамдастықтарды дамыту мен жұмылдыру бағдарламасын әзірлеу және бекіту
- Адам құқықтары жөніндегі бағдарламаны әзірлеу
- Адам құқықтарына әсерді бағалауды жүргізу
- «Жасыл кеңсе» жобасын іске асыру және оны ҚМГ ЕТҰ-ға тарату
- Директорлар кеңесінде және бақылау кеңестерінде әйелдердің үлесін кезең-кезеңімен 30 % дейін арттыру
- Алуандылық қағидатын ескере отырып, ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясатын жаңарту және бекіту
- ҚМГ Басқарма төрағасының өкілеттігін тоқтату тәртібін әзірлеу және бекіту

Компанияда тұрақты даму мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін тұрақты даму тақырыбы бойынша оқу курстары үнемі жүргізіліп келеді.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын берік ұстану және тұрақты даму мақсаттарына компанияның қосқан үлесі

ҚМГ-ның Тұрақты даму мәселелеріне деген көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ басты қағидаттарына, жалпы адамзат құндылықтарына, жаһандық тенденцияларға және Қазақстанның даму басымдықтарына сай болуына негізделген.

ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының барлық
10
қағидатын берік ұстанатынын растайды.

Компания БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсатының (ТДМ) барлық
17 мақсатын ұстанады.

Компания үшін стратегиялық мақсаттар мен басым міндеттерді назарға ала отырып, ҚМГ БҰҰ-ның
10 ТДМ мен
23 міндетіне қол жеткізудегі өзінің үлесі туралы ақпаратты ашып көрсетеді.



ҚМГ-дағы тұрақты даму мақсаттарының іске асырылуы

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер		ҚМГ үлесі
 Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамның аман-дығына ықпал ету	3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын адам өлімі мен жарақат алу санын азайту		**«Сапарларды басқару» жобасы** — қозғалыстың қауіпсіздігіне ден қоя отырып, көлікті басқару жүйесін енгізу **2025 жылы:** • «Сапарларды басқару» жобасы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Жоба аясында ҚМГ компаниялар тобының үш мұнай сервистік еншілес ұйымдарында — «Oil Services Company» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС-де 120 маман «Сапарларды басқару» жүйесіндегі жұмысы бойынша оқудан өтті; • Defensing Driving курсы бойынша ЕТҰ-ның 1 592 қызметкері және мердігер ұйымдардың 3 410 маманы оқытылды; • ҚМГ ЕТҰ-ның 20 073 қызметкері және мердігер ұйымдардың 2 321 маманы қауіпсіздік белдіктерін пайдаланудың практикалық көрсетіліміне қатысты.
	3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамту, соның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қолжетімділік және қауіпсіз, тиімді, сапалы әрі арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қолжетімділік		**2024–2028 жылдарға арналған қызметкерлерді сауықтыру бағдарламасы** — созылмалы аурулары бар қызметкерлердің жағдайын бақылау, алдын алу, ауысым алдындағы тексерулердің инновациялық әдістерін пайдалану, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту. Медициналық сақтандыру — қызметкерлерді жүйелі түрде медициналық тексеру және вакцинациялау. **2025 жылы:** • жұмыс орнында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету бойынша 21 546 қызметкерге оқыту жүргізілді (парамедик); • ҚМГ қызметкерлерінің 100 % медициналық сақтандыру бағдарламасымен қамтамасыз етілген.
	3.9. Қауіпті химиялық заттардың, ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан болатын өлім-жітім мен ауру-лардың санын едәуір азайту		**Қызметкерлердің денсаулығы үшін өндірістік тәуекелдерді бақылау мен азайту және ластаушы факторлардың теріс әсерін болдырмау жөніндегі іс-шаралар кешенін енгізу.** ЕТҰ-ларда қызметтерді сатып алу арқылы жыл сайын өндірістік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жүргізіледі (ауызсуды, жұмыс аймағының ауасын, микроклиматты және т. б. зерттеу және адам мен тіршілік ету ортасы үшін қауіпсіздікті және (немесе) зиянсыздықты қамтамасыз ету бойынша сынақтар).
 Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйел мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндік-терін кеңейту	5.1 Әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жаппай жою. 5.5 Саяси, экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық деңгейінде шешім қабылдау үшін әйелдердің жан-жақты әрі нақты қатысуын, сондай-ақ олардың көшбасшылығына тең мүмкіндіктерді қамта-масыз ету		**WEPs бастамасын енгізу, соның ішінде гендерлік алшақтықтың өзін-өзі бағалауы және гендерлік құрам бойынша деректерді ашып көрсету** 2025 жылы ҚМГ-да WEPs өзін-өзі бағалау жүргізілді. **Кемсітушілікке жол бермеу бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қатаң сақтау.** Толығырақ **179-бетте** **JanAru білім беру бағдарламасы** Әйелдердің кәсіби және жеке дамуына ықпал ету, гендерлік саясатты қолдау мақсатында және Жұмысшы маман-дықтар жылы аясында мұнай-газ саласындағы жұмысшы әйелдерге арналған JanAru білім беру бағдарламасы іске асырылды. **ҚМГ компаниялары тобының жоғары басшылық қызметтердегі әйелдер үлесін 2030 жылға қарай 30 % дейін ұлғайту** 2025 жылғы ҚМГ тобының директорлар кеңестері мен бақылау кеңестеріндегі әйелдердің үлесі — 13,1 %

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер		ҚМГ үлесі
 Қымбат емес, сенімді, тұрақты әрі заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету. Өндірісте энергия тиімділігін арттыру. Қолжетімді таза энергия үлесін ұлғайту.	7.1. Қымбат емес, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қолжетімділікті қамтамасыз ету		Жабдықтарды жаңғырту және есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу арқылы энергия тиімділігін арттыру. ЖЭК дамыту: TotalEnergies Renewables SAS және Qazaq Green Power PL-мен бірлесіп, ЖЭС жобасы (1 ГВт) және Eni-мен бірге гибридті электр станциясы (247 МВт) **2025 жылы:** • энергияны тұтынуды азайтуға бағытталған іс-шаралар; Толығырақ **164-166-бетте** • ЖЭК дамыту. Толығырақ **158-бетте**
	7.2. Қазіргі заманғы және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту		Жасыл электр энергиясын сатып алу (2031 жылға қарай жалпы көлемнің 15 %). 2025 жылы 10 мың жасыл сертификат (I-REC) сатып алынды. Этанол негізіндегі тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру. Толығырақ **160-бетте**
 Үдемелі, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толыққанды әрі өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа орналасуына жәрдемдесу	8.5. Әйелдер мен ерлерді, оның ішінде жастар мен мүгедектерді толыққанды әрі өнімді, лайықты жұмыспен қамту және құндылығы бірдей еңбегі үшін тең жалақы төлеуді қамтамасыз ету		ҚМГ 49 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді[1], оның 82 % — ерлер, 18 % — әйелдер. Толығырақ **177-188-бетте**
	8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастар үлесін едәуір қысқарту		Компания өндіріске жас мамандарды тарту және дамыту бағдарламаларын іске асырады. Толығырақ **185-186-бетте**
	8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбеккер үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу		• ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің ішкі актілеріне сәйкес көрсетіледі. ҚМГ компаниялар тобында ұжымдық шарттар қолданылады, онда 70-тен аса әлеуметтік көмек түрлері көзделген. • Қызметкерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарды сақтауға бейілділігі мен көшбасшылық кодексі • «Қорғау» картасы ҚМГ-да қауіпті еңбек жағдайларын анықтау мен алдын алуға бағытталған бағдарлама іске асырылуда. Мақсаты — «Қорғау» карталарын толық енгізу мен пайдалану. 2025 жылы 12 530 «Қорғау» картасы толтырылды.
 Төзімді инфрақұрылым құру, тұрақты индустрияландыруға және инновацияларға жәрдемдесу	9.1. Экономикалық даму мен адамдардың амандығын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, төзімді және тұрақты инфрақұрылымды дамыту		**ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын орталықтандыру және оны жасанды интеллект пен машинаны оқыту тәсілін қолдану арқылы өңдеу үшін ABAI ақпараттық жүйесін дамыту және енгізу** **2025 жылы:** • ӨМГ кен орындарында «Су айдауды басқару» модулін тарату жүріп жатыр; • ҚОА үшін «Су айдауды басқару» модулін әзірлеу, тестілеу мен енгізу жөніндегі жұмыстар және ММГ үшін (Жетібай кен орны) «Жаңа ұңғымалардың цифрлық рейтингі» модулін тестілеу бойынша жұмыстар жүргізілуде; • «TUMAR» ӨҚ АИЖ қоса алғанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен цифрлық мониторинг саласындағы пилоттық жобалар және мұнай өңдеу зауыттарында жабдықтың істен шығуының предиктивті талдауы бойынша шешімдер жүзеге асырылуда.
	9.4. Инфрақұрылымды жаңғырту және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді кеңінен қолдану есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау		ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, 2025 жылы іс-шаралар жоспары жаңартылды, энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтің басым бағыттары айқындалды. Толығырақ **156-166-бетте**

[1] Деректер тек штаттық қызметкерлер бойынша ұсынылған

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер		ҚМГ үлесі
 Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету	11.6. 2030 жылға қарай қалалардың жан басына шаққандағы жағымсыз экологиялық әсерін, оның ішінде ауа сапасына және қалалық пен басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы азайту.		**«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы** «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы — бұл Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бастамасы. **«Таза Қазақстан» акциясына қатысу:** 9 мыңнан астам адамның қатысуымен 282 сенбілік өткізілді. Толығырақ **169-бетте** 2025 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша 263,7 мыңнан астам ағаш, сондай-ақ Қостанай облысында орманды қалпына келтіру жұмыстары аясында 150 мың қарағай көшеті отырғызылды. 2025 жылдың қазан айында Астана қаласында 1,3 мыңнан астам түп ағаш егілген ҚМГ паркінің техникалық ашылуы болды. Толығырақ **170-бетте** **Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендетуге бағытталған ең үздік қолжетімді техникаларды енгізу** Толығырақ **170-172-бетте** **Ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу** Толығырақ **171-172-бетте** **Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын факел етіп тұрақты жағуды толық тоқтату» бастамаларын іске асыру** Толығырақ **169, 172-бетте** **Жасыл кеңселерді және қалдықтарды бөлек жинауды дамыту** Корпоративтік жасыл бағыт белсенді дамып келеді және кеңсе үй-жайларында қалдықтарды бөлек жинау, су және энергия үнемдеу сияқты жасыл кеңсе қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде. Толығырақ **170-173-бетте**
 Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету	12.4. 2020 жылға қарай келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және барлық қалдықты олардың бүкіл өмірлік циклі бойы экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа таралуын барынша азайту		**Қалдықтарды басқару стандарты** ҚМГ компаниялар тобында Қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт әзірленді және бекітілді Толығырақ **173-бетте**
	12.5. Қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы 2030 жылға қарай олардың көлемін едәуір азайту		**Бұрыннан жиналған мұнай қалдықтарын утилизациялау бағдарламасы** Толығырақ **173-бетте**
	12.6. Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға өндірістің тұрақты әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты жария етуге кеңес беру		**Су ресурстарын басқару бағдарламасы** Су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаның жобасы, сонымен қатар ЕТҰ бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді. Бағдарлама 2026 жылдың соңына дейін бекітіледі деп жоспарланып отыр. **Carbon Disclosure Project** Компания су ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында корпоративтік сауалнаманы орналастырады.

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер		ҚМГ үлесі
 Климаттың өзгеруіне қарсы және оның салдарымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау	13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияға және жоспарлауға енгізу		**ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары** Толығырақ **156-бетте** **Метан шығарындыларын азайту** Толығырақ **159-бетте** **OGMP 2.0 бастамасына қосылу** Толығырақ **159-бетте** **Орман климаттық жобалар** Толығырақ **161-бетте**
	13.3. Климаттың өзгеру күшін жұмсарту мен салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша оқу-ағарту, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің мүмкіндіктерін жақсарту		Компания көміртегі ізін есептейді және Carbon Disclosure Project алаңында корпоративтік сауалнаманы орналастырады. Толығырақ **162-164-бетте**
 Құрлықтағы экожүйелерді қорғау, қалпына келтіру және оларды тиімді пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды тиімді басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату мен кері қайтару және биологиялық алуандылықты жоғалту процесін тоқтату	15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, шөлейттену, құрғақшылық және су тасқыны әсер еткен жерлерді қоса алғанда, тозған жерлер мен топырақты қалпына келтіру және бүкіл әлем бойынша жердің жағдайын нашарлатпауға ұмтылу		**Тәулігіне 50 мың м³ су тұщытуға қауқарлы Кендірлі теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы** 2025 жылдың қазан айында зауыт жергілікті атқарушы органдардың меншігіне өтуімен пайдалануға берілді. **Жерді қалпына келтіру** Компанияда ластанған жерлерді қалпына келтіруге және ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.
	15.5. Табиғи мекендеу ортаның деградациясын тежеу жөнінде маңызды шараларды дереу қабылдау, биологиялық алуандылықтың жоғалуын тоқтату, сондай-ақ жойылу қаупі бар түрлердің сақталуын қамтамасыз ету		**Биоалуандылыққа әсер ету салдарын жұмсартуға бағытталған шаралар иерархиясы** **Биоалуандылықты сақтау бағдарламасы** Биоалуандылықты сақтау бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама 2026 жылы бекітіледі деп жоспарланып отыр.
 Тұрақты даму мүддесі үшін жаһандық серіктестік аясында іске асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру	17.1. Салық пен басқа да кірісті жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру үшін ішкі көздерден, соның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында ресурстарды жұмылдыруды күшейту. 17.16. Білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржылық ресурстарды жұмылдыратын және таратын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылатын тұрақты даму мүддесіндегі Жаһандық серіктестікті нығайту. 17.17. Серіктестердің тәжірибесі мен ресурстарды пайдалану стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу		**GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына сәйкес** салық туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Компания тұрақты даму саласындағы жобаларды іске асыруда халықаралық агенттіктермен және мемлекетаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтасады. Компания IOGP (Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы), CDP (Carbon Disclosure Project), World Bank Zero Routine Flaring, GRI (Global Reporting Initiative), OGMP 2.0 (Мұнай-газ метаны бойынша серіктестік) сияқты халықаралық бастамаларға қосылып, соларға мүшелік етеді.

ҚМГ-ның БҰҰ-ның ТДМ қол жеткізуге қосқан үлесі туралы толық ақпарат GRI халықаралық стандарттарына сәйкес шығарылатын Тұрақты даму туралы жыл сайынғы есепте көрсетілген. Есепті компанияның веб-сайтынан оқи аласыз: https://www.kmg.kz/sustainable-development/.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Өзара іс-қимылдың тәсілі мен қағидаттары

ҚМГ мүдделі тараптармен ашықтыққа және өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады. Негізгі қағидаттары:

- **ашықтық** — халықаралық стандарттарға сәйкес сенімді ақпарат ұсыну;
- **диалог** — конструктивті қарым-қатынастарды дамыту және мүдделі тараптар не күтетінін ескеру;
- **тұрақты даму** — экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін бизнес-процестермен біріктіру.

Мүдделі тараптардың тобы	Қағидаттары	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Іс-шаралар
Акционерлер	Ашықтық, адал диалог	• Кері байланыс арналары (электрондық пошта, телефон нөмірі) • Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы • Тікелей кездесулер және консультациялар	• Корпоративтік сайтта жылдық есепті жариялау • KASE базасында Эмитент күнін өткізу
Инвестициялық қоғамдастық Толық ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген	Ашықтық және реттеуші талаптарды сақтау	• Сайт арқылы қаржылық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету • Жартыжылдық және тоқсандық презентациялар • Роуд-шоу және конференц-қоңыраулар өткізу.	• Баспасөз-хабарламаларын жариялау • Кездесулер мен ақпараттық сессиялар ұйымдастыру.
Үкімет және жергілікті мемлекеттік органдар	Мемлекеттік міндеттерді тиімді орындау, серіктестік	• Жұмыс топтарына қатысу • Тапсырмаларды орындау • Тікелей хат алмасу	• Әлеуметтік және экологиялық бастамаларды іске асыру туралы есепті ұсыну
Қауымдастықтар, жергілікті қоғамдастықтар, қоғамдық ұйымдар	Белсенді қатысу, әлеуметтік жобаларды қолдау	• Қоғамдық кеңестер мен жұмыс топтарына қатысу • БАҚ және корпоративтік сайт арқылы ақпарат жариялау	• Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын іске асыру • Тұрақты даму туралы есептерді жариялау
Бұқаралық ақпарат құралдары	Ашықтық, сенімділік	• Баспасөз хабарламалары • Баспасөз конференцияларын, брифингтер өткізу; • Әлеуметтік желілерде ақпаратты дер кезінде жариялау	• Баспасөз турлары мен ақпараттық сессияларды ұйымдастыру • БАҚ сауалдарына жауап беру
ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары	Тікелей және нақты коммуникациялар	• Басшылықтың қатысуымен өтетін жиындар • Өңірлерге іс-сапарлар • Тікелей хат алмасу	• Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету • Тапсырмалар беру • Ақпараттық хаттар
Клиенттер, жеткізушілер, серіктестер, басқа ұйымдар	Әділ және нарықтық талаптар негізіндегі келісімдер	• Келісімдер жасасу	• Ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету • Баспасөз хабарламаларын тарату
Кәсіподақтар, қызметкерлер	Тең мүмкіндіктер ұсыну, қызметкерлердің дамуын қолдау	• Қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау • Қанағаттану және қатысу туралы зерттеулер.	• Ішкі сауалнамалар, жиналыстар өткізу; • Еңбек өнімділігін басқару жүйесін енгізу

Адам құқықтарын сақтау

ҚМГ экономикалық қана емес, әлеуметтік мәселелерге де ерекше көңіл бөле отырып, өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компания Адам құқықтары жөніндегі халықаралық биллде, еңбек саласындағы халықаралық еңбек ұйымының стандарттарында бекітілген, дүниежүзінде мойындалған адам құқықтарын ұстанады және БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басты қағидаттарын іске асыруға ұмтылады.

ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оған сәйкес еңбек құқықтарын іске асыру кезінде адамның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене бітіміндегі кемшіліктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге мүше болуына қатысты ешкімді қандай да бір кемсітуге болмайтын нормаларды бұзбайды.

Компания балалар еңбегін пайдаланбайды, ешкімді еңбек етуге мәжбүрлемейді, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық қызметкерлердің тең құқықтарын мойындайды.

Есепті кезеңде кемсітушілік фактілері тіркелмеген.

2025 жылғы сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесі Адам құқықтары саласындағы жаңартылған саясатты бекітті.

Саясат туралы толық ақпарат ҚМГ веб-сайтындағы «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде берілген.

Адам құқықтары саласында Компания мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- халықаралық нормаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- ҚМГ мен еншілес ұйымдардың жоғары басшылығының келісімін алып, саладағы адам құқықтарына әсер ететін мәселелерді шешу үшін бағдарламаларды іске асыру;
- адам құқықтарына әсерді бақылау және ол туралы хабарлау;
- ҚМГ қабылдаған шағымдар мен талаптарды қарау механизмдерін сақтау;
- теріс әсерді жою немесе азайту үшін өтемақы және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- тиісті есепті дайындай отырып, адам құқықтарына ықпалды бақылау арқылы адам құқықтарына қатысты тиісті байқампаздық таныту;
- жағымсыз әсерді жою үшін өз қызметкерлеріне құқық қорғау құралдарын ұсыну;
- ҚМГ-ның адам құқықтарына қатысты персоналдан және үшінші тараптардан не күтетінін ашып айту.

Адам құқықтарының сақталуы туралы толық ақпарат Тұрақты даму туралы есебінде ұсынылады.

Климат

Төмен көміртекті даму бағдарламасы

Климат мәселесінің күн тәртібіндегі маңызын ескере отырып, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша және парник газдары шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15 %-ға төмендету жөніндегі еліміздің мақсаттарын қолдай отырып, ҚМГ өз қызметінде декарбонизацияны қалыпты, өлшемді әрі бірізді түрде енгізуді көздейді.

Бұл міндетті орындау үшін ҚМГ Директорлар кеңесі 2024 жылдың қараша айында Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасын (ТКДБ-2060) қабылдады, бұл 2021 жылдан бері қолданылған ТКДБ 2030 жылға дейінгі бағдарламасын алмастырды. ТКДБ -2060[1] CO_2 шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 2031 жылға қарай 15 % қысқарту және парник газдарын (ПГ) шығарындыларын 2060 жылға қарай 64 % төмендету жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Бекітілген бағдарламаға сәйкес 2060 жылға дейінгі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Іс-шаралар жоспары төрт бағыт бойынша парник газдары шығарындыларын азайтуды көздейтін бірқатар іс-шараны қамтиды: энергия тиімділігі, ЖЭК, метан шығарындыларын мониторингтеу, ұйымдастыру шаралары.

Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасының басты көрсеткіштері

Басты көрсеткіштердің атауы	2019 жыл – базалық жылдың көрсеткіші	2027 жылдың көрсеткіші	Мақсатты көрсеткіш – 2031 жыл	Мақсатты көрсеткіш– 2060 жыл
Тікелей және жанама шығарындыларды азайту CO_2 (қамту1+2)	10,7 млн тонна CO_2-экв.	10,7 млн тонна CO_2-экв. (0 %)	9,1 млн тонна CO_2-экв. (-15 %)	3,4 млн тонна CO_2-экв.
Метан шығарындыларын азайту	54,2 мың тонна CH4	56,9 мың тонна CH4	36 мың тонна CH4	2 мың тонна CH4
Көміртек мөлшерін азайту	–	0 %	–15 %	–60 %
Метан сыйымдылығын төмендету, жылына тCH_4/мың тонна	3,28	2,62	1,6	0,29
Энергия тұтынуды азайту	–		–15 %	–60 %
Базалық деңгейден ҚМГ электр энергиясын тұтыну балансындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі	(211 МВт·с)	10 %	15 %	50 %
CCUS технологиясын пайдалана отырып, CO_2 айдау, мың тонна	–	–	9	421
Көгілдір сутегі өндірісінде CO_2 айдау, мың тонна	–	–	–	172
SAF өндірісі, жылына мың тонна	–	–	40	1 440

[1] Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасының сілтемесі.



Бағдарлама компанияның декарбонизация қызметін жүйелеуге бағытталған және 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті дамудың мынадай үш сценарийін қамтиды.

Даму сценарийлері	2060 жылға қарай парник газдары шығарындыларын азайту мақсаттары	Іс-шаралар
Дамытудың шынайы сценарийі (энергетикалық тиімділік және ЖЭК)	–48 %	• ЕТҮ-да энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу жөніндегі шараларды іске асыру. • Маңғыстау және Жамбыл облыстарында жалпы қуаты 1,2 ГВт болатын екі ірі ЖЭК жобаны іске қосу
Жасыл даму сценарийі	–58 %	• ЖЭК үлесін айтарлықтай ұлғайту. • Орман-климаттық офсеттік жобаны іске асыру[1]. • Операциялық тиімділік және өндірістік қуаттарды жаңарту арқылы шығарындыларды органикалық түрде азайту. • ЖЭК нысандарын салу және/немесе таза энергияны сатып алу, кейіннен оларды ҚМГ компаниялары тобында бөлу арқылы шығарындыны бейорганикалық қысқарту
Терең декарбонизация сценарийі (инновациялар және офсеттер)	–64 %	• Еншілес кәсіпорындарда энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар, жаңартылатын энергетиканың екі нысанын салу және ЖЭК үлесін ұлғайту. • Көміртекті тұту, пайдалану және сақтау (CCS) жобаларын жүзеге асыру. • Сутегі энергетикасын дамыту. • Тұрақты авиациялық отын (SAF) өндірісі. • Орман офсеттік жобаларында көміртекті секвестрлеу және офсеттік бірліктер мен сертификаттарды сатып алу арқылы көміртегі ізін өтеу.

Жаңартылатын энергетиканы дамыту
ҚМГ Total Energies және Eni S.p.A компанияларымен ынтымақтаса отырып, ЖЭК саласындағы жобаларды белсенді дамытуда. Осы бастамаларды іске асыру көміртегі ізін азайтуға, өндірістік нысандарды тұрақты энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге және Компанияның бизнес портфелін әртараптандыруға бағытталған. Жамбыл және Маңғыстау облыстарында жалпы қуаты 1,24 ГВт болатын ЖЭК нысандарын салу жоспарлануда.

Сонымен қатар Компания энергия тұтынудағы ЖЭК үлесін арттыруға ұмтылады. 2025 жылы жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын тұтыну көлемі 37 230,9 мың кВт·сағ құрады. 10 000 I-Rec сертификаты сатып алынды.

ПҚОП және «CASPI Bitum» БК» ЖШС күн панельдері аумақтағы көшені жарықтандыру үшін 2025 жылы 151,1 мың кВт. сағ электр энергиясын өндірді.

[1] Ағылшын тілінен carbon offset — көміртек компенсациясы.

ЖЭК саласындағы жобалар

Жаңаөзен қаласындағы гибридті электростанция

ҚМГ және Eni S. p.A. гибридті электр станциясын салу жобасын бірлесіп іске асыруда. Жоба генерацияның үш түрін біріктіретін Қазақстандағы алғашқы гибридті шешім болмақ: жел (77 МВт), күн (50 МВт) және газ (120 МВт).

Жоба ЖЭК (жел және күн) генерациясын газ электр станциясымен (ГазЭС) біріктіруді көздейді. Мұндай формат газды маневрлік қуатпен ЖЭК-тің ауыспалы өндірісін өтеу арқылы CO_2 шығарындыларын азайтуға және энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоба ҚМГ-ның өңірдегі нысандарын сенімді энергия көзімен қамтамасыз етуге бағытталған, 800 уақытша және 70 тұрақты жұмыс орнын ашуды көздейді.

Қазіргі жағдайы
2025 жылғы қыркүйекте қуаты 50 МВт күн электр станциясы кешенді сынақтардан сәтті өтіп, 27 қыркүйекте ҚМГ және Eni басшыларының қатысуымен салтанатты түрде іске қосылды. Газ электр станциясы бойынша жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Толық жобалық қуатқа шығу 2026 жылдың соңына жоспарланған.



Жамбыл облысындағы жел электр станциясы («Мирный» жобасы)

ҚМГ Total Energies-пен бірлесіп, 300 МВт / 600 МВт·сағ болатын энергия жинақтау жүйесі бар қуаты 1 ГВт жел электр станциясының жобасын іске асыруда. Жоба еліміздің оңтүстік өңірлерін энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруға бағытталған және жылына 2 млн тоннадан астам CO_2 шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ТЭН және желді зерттеу аяқталды, жобалау жұмыстары аяқталып қалды, негізгі жабдықты жеткізушілермен келісімшарт жасасу туралы шартты хаттарға қол қойылды. Нысан 2028 жылы іске қосылады деп жоспарланған.



Метан менеджментін енгізу
ҚМГ компанияның офсетті сату саясатын орындау құралы және өзінің көміртегі ізін азайту жолы ретінде метан шығарындыларын азайтуға ерекше назар аударады.

ҚМГ OGMP 2.0 (The Oil & Gas Methane Partnership) мұнай-газ компаниялары деңгейінде метан шығарындыларын есеп беру жөніндегі бастамаға қосылды. OGMP 2.0 талаптарына сәйкес компаниялар жыл сайын 1-деңгейден «алтын» стандарт — 5-деңгейге дейінгі градацияға сәйкес метан шығарындылары туралы есепті ұсынуға міндетті. ҚМГ метан шығарындылары бойынша екі есепті (2023 және 2024 жылдарға) тапсырды (3-деңгейде).

2025 жылғы қыркүйек айында «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС метанның ағып кетуін мониторингтеуге арналған мамандандырылған жабдықты — OGI оптикалық камерасын сатып алды. Сонымен қатар еншілес кәсіпорындардың бірінде оны пайдалану бойынша персоналға оқыту жүргізді.

ҚМГ компаниялар тобында Метанның ағып кетуін басқару бойынша жұмыс нұсқаулығы бекітілді, сондай-ақ тәсілдерді біріздендіруге мен бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған корпоративтік стандарттың жобасы әзірленді.

Еншілес және тәуелді ұйымдарда метан шығарындыларының базалық деңгейін анықтау бойынша жұмыс жалғасуда. Халықаралық компаниялар мен консультанттардың қолдауының арқасында «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да метанның ағып кетуі аспаптардың көмегімен өлшенді. 2025 жылдың күзінде OGCI (Oil and Gas Climate Initiative) қолдауымен метанның ағып кетуіне ішінара әуе (ұшақтың) мониторингі жүргізілді.

Метан шығарындыларын басқару, оның ішінде метан шығарындыларын сандық бағалау, газды утилизациялау және ағып кетудің негізгі көздерін анықтау, сондай-ақ оларды жою тәсілдері бойынша ЕТҰ мамандарына бірқатар тренинг пен семинар өткізілді.

Сонымен қатар ҚМГ Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен (ЭТРМ) метан шығарындыларын реттеу мәселелерінде ынтымақтастық орнатқан. 2025 жылғы ақпанда Компания ЭТРМ-ға осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар топтамасын жолдады.

Метан шығарындыларын азайту мақсатында Vema Carbon компаниясымен бірлесіп, «Ембімұнайгаз» АҚ-да метанның ағып кетуін азайтуға бағытталған пилоттық жоба іске асырылуда, кейіннен ерікті нарықта көміртегі бірліктерін алу көзделуде.

Метан шығарындылары бойынша жыл сайынғы есептілік, метанды өлшеу науқандарын жүргізу, LDAR метанының ағып кетуін анықтау және жою жөніндегі бағдарламаны енгізу, спутниктен мониторингтеу – мұның бәрі болашақта метан шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік беретін ҚМГ-дағы метан менеджментінің негізгі элементтері.

Көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану жөніндегі жоба (CCUS)
Атырау және Маңғыстау облыстарында CO_2 шығарындыларының көздеріне скрининг жүргізілді. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның газ кешенді дайындау қондырғысы базасында қуаты жылына 10-20 мың тонна CO_2 пилоттық қондырғының тұжырымдамасы зерделенді. Ағымдағы макроэкономикалық жағдайлар кезінде жоба қосымша ынталандыруды және нормативтік-құқықтық қолдауды қажет ететіні анықталды.

Көміртегі ізін төмендету бағыты аясында CO_2 айдау үшін ықтимал тұзақтарды анықтау жұмыстары басталды. Шығарындылар көзі ретінде «Өңдеу» бизнес бағытының зауыттары болып саналады. Нақты айдау орындары зерттеу нәтижелері бойынша айқындалатын болады.

Жобаның қажеттілігі бұрын жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының (ҒЗЖ) нәтижелеріне байланысты бұл тұзақтарды таңдаудың дұрыстығын нақтылау және CO_2 нақты сақтау сыйымдылығын бағалау қажеттілігін көрсетті. Осыған байланысты, CO_2 алу және қабатқа айдау бойынша зертханалық және тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар кешенін жүргізу жоспарлануда.

Жобаны іске асыру бұрын құрылған геологиялық үлгіні (С. Нұржанов кен орны) нақтылауға, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарға көшу туралы салмақты шешім қабылдау үшін қажетті деректерді алуға, сондай-ақ Shell-мен бірлесіп модульдік қондырғыларды қолдана отырып, пилоттық жобаны іске асыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

2026 жылы CCUS бойынша бірыңғай деректер базасын құру жоспарлануда, ол CO_2 шығарындыларының көздері мен айдауға арналған әлеуетті геологиялық тұзақтарды қамтитын болады. Технологияларды іріктеу және халықаралық компаниялармен әріптестік орнату, сыртқы қаржыландыру көздерін іздеу және өтінімдерді дайындау бойынша жұмыс жалғасады. Сондай-ақ мемлекеттік органдармен және салалық қауымдастықтармен бірлесіп, нормативтік-құқықтық базаға өзгерістерді ілгерілету іс-шаралары жоспарлануда.

Сутегі энергетикасын дамыту
ҚМГ кезеңдік тәсілді пайдалана отырып, сутегі нарығындағы өзінің позициясын стратегиялық тұрғыдан көрсетуде.

Қызметтің басты бағыттарына көмірқышқыл газын тұтатын «көгілдір» сутекті өндіру, жасыл сутекті өндіру үшін жаңартылатын көздерді пайдалану, ғылыми зерттеулер жүргізу және сутекті сақтау мен тасымалдаудың жаңа технологияларын әзірлеу кіреді.

Сутекті сақтау үшін материалдар әзірлеуді, сутегі өндірісінің әлеуетін бағалау үшін цифрлық құралдарды құруды, пилоттық жобаларды іске асыруды және сутектің түрлі перспективаларын зерттеуді қамтитын сутегі технологияларын дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және қолданбалы жұмыстар кешені жүзеге асырылды.

Қазақстанның сутегі атласын әзірлеу аясында батыс, орталық және солтүстік өңірлерде жасыл сутегі өндірісінің әлеуетін бағалау жүргізілді, су тартудың экологиялық қауіпсіз жерлері айқындалды, су ресурстары мен ЖЭК туралы деректерді жүйелеу аяқталды. Тасқын және сарқынды суларды пайдалануды талдау Астана, Шымкент және Қостанай қалаларында коммуналдық сарқынды суларды қолданудың перспективасын көрсетті. Сутегі өндірісінің әлеуетін анықтау үшін өлшемшарттарды автоматты түрде есептеу алгоритмі жасалды.

Green Spark компаниясымен бірлесіп, Атырауда жасыл сутекті өндіру және қолдану бойынша Қазақстандағы алғашқы толық циклді пилоттық жоба іске асырылуда, оның мақсаты – күн энергиясы мен сутегі есебінен ҚМГ Инжиниринг зертханалық корпусын энергия көзімен жабдықтау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша қорытындылар алынды, қуаты 200 кВт күн панельдері орнатылды. Жобаның күтілетін нәтижесі жылына 180 тоннаға дейін CO_2 шығарындыларының алдын алуды, электр энергиясын жылына 280 мың кВт·сағ үнемдеуді және өтелу мерзімін екі жылға дейін қамтиды, бұл ретте шешімді ҚМГ-ның басқа ЕТҰ-ға тарату жоспарлануда.

Көгілдір сутегі мен оның туындыларын өндіруге қатысты техникалық-экономикалық зерттеу аяқталды. Табиғи (ақ) сутектің әлеуетін бағалау жүргізілуде: АҚШ, ҚХР және Африкада өндіру жобалары талданды, Terra-A компаниясымен NDA қорытындысы бойынша жұмыс жүргізілуде. Есепті жылдың мамыр айында онлайн-форматта сутегі энергетикасы бойынша үшінші дәстүрлі семинар өткізілді, ол алғаш рет ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін ғана емес, сонымен қатар сыртқы қатысушыларды — 100-ге жуық адамды қамтыды.

2026 жылы сутегі энергетикасы бойынша әзірленген цифрлық платформаға интеллектуалды меншік құқығын тіркеуге өтінім беру жоспарлануда, бұл құқықтық қорғауды және жасалған цифрлық шешімдерді одан әрі таратуға жол ашады. Атырауда енгізілген нәтижелер ескеріле отырып, ҚМГ-ның басқа да еншілес ұйымдарына жасыл сутекті өндіру мен қолдану жөніндегі пилоттық жобаны кеңінен тарату жалғасады. Сонымен қатар сутегі технологиялары мен төмен көміртекті шешімдер саласында кәсіби құзыреттілікті кеңейту және тәжірибе алмасу үшін халықаралық оқыту семинарын ұйымдастыру көзделіп отыр. Самғау жобасы аясында сутекті сақтауға арналған материалдарды әзірлеу, ғылыми мақалаларды дайындау және технологиялардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған зерттеулер жүргізу жалғасады. Қосымша сутегі энергетикасының жаңа бағыттары бойынша ҒЗТКЖ жүргізуге өтінімдер дайындау жоспарланған.

Тұрақты авиациялық отын (SAF) өндірісі
SAF – бұл дәстүрлі Jet-1 авиациялық отынына төмен көмірсутекті балама, қолданылатын шикізат пен технологияға байланысты көміртегі ізін 95 % дейін азайтуға мүмкіндік береді.

SAF Jet-A1-мен толық үйлесе алады және авиациялық инфрақұрылым мен қозғалтқыштарға өзгерістерді енгізуді қажет етпей, кез-келген пропорцияда араластыруға болады.

ҚМГ Қазақстан аумағында SAF өндіру мүмкіндігін қарастыруда. 2024 жылы ICF SH&E Limited компаниясы сұранысты, ұсынысты және технологияларды талдау бойынша алдын ала зерттеулер жүргізді, оның негізінде жобаның әлеуеті расталды және LanzaJet пен Mitsui & Co халықаралық технологиялық серіктестерімен ынтымақтастық басталды. Аяқталған Feasibility Study аясында болашақ зауыттың болжамды қуаты анықталды: жылына 100 мың тонна биоэтанолды өңдеп, одан 54 мың тонна SAF және 6 мың тонна RD шығарады. Негізгі шикізат ретінде отандық BioOperations өндіруші компаниясының биоэтанолы қарастырылып отыр. 2025 жылы Pre-FEED және FEED кезеңдеріне көшу туралы негіздемелік келісімге қол қойылды, бірлескен кәсіпорынды құру және жобаны іске асырудың келесі кезеңіне дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жоба Орталық Азияда экологиялық таза авиациялық отын өндіретін алғашқы зауыт құруды көздейді.

Орман климаттық жобалар
ҚМГ офсеттік бірліктерді алу мақсатында Chevron компаниясымен бірлесіп, Павлодар қаласының айналасында 2 мың гектар алаңда жасыл аймақ құру жобасын іске асыруда.

Жер учаскелерінде парник газдарының көмірқышқыл газы шығарындыларын камералдық жолмен, сондай-ақ далалық зерттеулер мен топырақты талдау арқылы сіңіру әлеуетіне бағалау жүргізілді. Алдағы корпоративтік шешімдер қабылдау үшін қажетті материалдар жинақталды, сондай-ақ ҚМГ, Chevron және Павлодар облысының әкімдігі арасында өзара түсіністік туралы меморандум жобасы әзірленді.

Жалпы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасы аясында алты орман климаттық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Жаңартылатын энергия бойынша I-REC сертификаттары
Парник газдарының жанама шығарындыларын азайту мақсатында ҚМГ жаңартылатын энергияның I-REC халықаралық сертификаттарын (International Renewable Energy Certificate) сатып алды. Олардың көмегімен Компания 10 мың МВт * сағ көлеміндегі көміртегі ізін өтеді, бұл 2025 жылы ҚМГ корпоративтік орталығы тарапынан тұтынуы күтілген электр энергиясына сәйкес келеді.

I-REC ерікті сертификаттары ЖЭК есебінен электр энергиясын өндіру дерегі туралы ақпаратты растайды. Сертификат 1 МВт*сағ таза электр энергиясына, электр станциясының географиялық орнына және электр энергиясын өндірудің уақыт аралығына тіркелген. ҚМГ 2024 жылы ЖЭК өндірушілері шығарған сертификаттарды сатып алды. Олар The International REC Foundation әзірлеген халықаралық стандарт негізінде шығарылады және оларды GHGP, CDP, RE100, ISO және басқа да халықаралық ұйымдар мойындайды. I-REC сертификаттары бүкіл әлем бойынша саудаланады және 51 елде шығарылады.

2026 жылға жоспарланған жобалар

- LanzaJet компаниясының Alcohol-to-Jet (ATJ) технологиясы бойынша SAF өндіретін зауыт салу жобасы аясында Pre-FEED және FEED кезеңдеріне көшу, соның ішінде жобалық құжаттаманы әзірлеу және лицензиялық келісімге қол қою.
- CO_2 шығарындылары көздерін және айдауға арналған әлеуетті геологиялық тұзақтарды қамтитын CCUS бойынша бірыңғай деректер базасын қалыптастыру.
- Төмен көміртекті сутекті өндіру мүмкіндігін талдау (ілеспе мұнай газынан / табиғи газдан, кен орындарында түзілетін, утилизацияға жататын қабат және (немесе) сарқынды сулардан).
- ҚМГ-да метан менеджментін дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу.
- Офсеттік жобаларды іске асыру.



Климат бойынша есеп беру

ҚМГ 1-ші және 2-ші қамту, сондай-ақ 3-ші қамту бағыттары біріктірілген парник газдары шығарындылары туралы толық есепті ұсынады. 2023 жылға дейін Компания «Сатылған өнімдерді пайдалану» № 11 санаты бойынша 3-ші қамту шығарындылар бойынша ақпаратты жариялап келді және 2023 жылдан бастап ҚМГ көрсеткішті жариялауды бес санатқа дейін кеңейтті[1].

Бұл бастама «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіретін өнімнің жанама шығарындыларын жоспарлы түрде азайту мақсатында жеткізушілермен және тұтынушылармен өзара іс-қимыл стратегиясын әзірлеу үшін негіз болады.



ҚМГ-да ПГ бойынша деректерді мониторингілеу, есепке алу және верификациялау жүйесі енгізілген. Компания өнімнің өмірлік циклінің бүкіл тізбегіндегі тікелей және жанама шығарындыларды талдай отырып, ПГ-ны кешенді инвентаризациялауға тырысады. Бұл тәсіл ПГ шығарындыларын инвентаризациялап, есепке алу бойынша халықаралық ұсыныстарға сәйкес келеді және ҚМГ-ға өзінің көміртегі ізін барынша толық бағалауға мүмкіндік береді.

ПГ шығарындыларын инвентаризациялау ISO 14064, GHG Protocol халықаралық стандарттар мен әдіснамаларды, климаттың өзгеруі туралы БҰҰ Негіздемелік конвенциясының климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының басты қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі[2].

[1] Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 3-ші қамту саласы шеңберінде бес негізгі санат бойынша есептілікті ұсынады:
- 3-санат: Энергияны тұтынудан шыққан өзге де жанама шығарындылар, энергияны беру кезіндегі жоғалтуларды қоса алғанда
- 6-санат: Қызметкерлердің іссапарлары кезіндегі шығарындылар.
- 7-санат: Қызметкерлерді жұмысқа және кері тасымалдау кезіндегі шығарындылар.
- 9-санат: Дайын өнімді тасымалдау және жеткізу кезіндегі шығарындылар.
- 11-санат: Сатылған тауарлар мен қызметтерді пайдалану кезіндегі шығарындылар

[2] Intergovernmental Panel on Climate Change, IPCC.

Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

«B»
CDP климаттық рейтингі

98,8%
Шикі газды тиімді пайдалану коэффициенті

1,70 (IOGP[1] — 10,0)
Шикі газды факелде тұрақты жағудың қарқындылығы

3.5%
Энергия тұтыну көлемін азайту (2024 жылмен салыстырғанда)

2025 жылы CDP-ге 2024 жылдың қорытындысы бойынша кезекті бағалау жүргізілді. ҚМГ-ға «B» бағасы берілді. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда климат және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәжірибелердің тұрақтылығы мен жүйелі дамуын көрсетеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобындағы көмірқышқыл газының тікелей шығарындының көлемі 7,7 млн тонна CO_2 құрады (9,06 млн тонна CO_2-экв)[2].

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	2024
Тікелей шығарындылар (1-қамту)	млн тонна CO_2-экв.	10,6	8,1	8,6	9,06
Жанама шығарындылар (2-қамту, географиялық әдіс)	млн тонна CO_2-экв.	3,3	3,3	3,5	3,4
Жанама шығарындылар (2-қамту, нарықтық әдіс)	млн тонна CO_2-экв.	3,3	3,2	3,4	3,3
Жанама шығарындылар (3-қамту)	млн тонна CO_2-экв.	62,1	61,8	55,7	59,2

Парник газдарының тікелей шығарындылары бойынша деректер әрбір ЕТҰ бойынша тәуелсіз аккредиттелген ұйымдардың қорытындыларымен расталды. 2025 жылғы ақпарат Тұрақты даму туралы есептерде, сондай-ақ 2026 жылдың 4-тоқсанындағы CDP сауалнамасында жарияланады. Ақпаратты ашып көрсету кезінде ҚМГ жүйелілік пен салыстыру қағидатын ұстанады және ақпаратты жариялаудың толықтығын арттыру мен үшінші деңгейдегі жанама шығарындылары бойынша есептілік салаларын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

Компания қызметінің нәтижесінде бөлінетін парник газдарының негізгі түрлеріне көмірқышқыл газы (CO_2), метан (CH_4), азот оксиді (N_2O) жатады және олар негізгі қызмет бағыттары, атап айтқанда, өндіру, өңдеу және тасымалдау бойынша бөлінеді.

[1] The International Association of Oil & Gas Producers — Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы.

[2] CO_2-экв-дағы деректер IPCC Fifth Assessment Report (метан — 28, азот оксиді — 265) жаһандық жылыну потенциалының коэффициенттерін пайдалана отырып ұсынылған.

2024 жылы «Өндіру» бағыты бойынша CO_2 шығарындыларының қарқындылық көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1 мың тоннасына 121 тонна CO_2 құрады, бұл Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) өндірілген КСШ-ның 1 мың тоннасына 118 тонна CO_2 құрайтын орташа салалық көрсеткішінен 2,5 % жоғары. «Өндіру» бағыты бойынша 2024 жылы метан шығарындыларының қарқындылық көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1 мың тоннасына 2,17 тонна CH4 құрады.

ҚМГ парник газдары шығарындыларын мониторингтеу мен есептілігі әдістемесін және Көміртегі шығарындыларына ішкі баға белгілеу бағдарламасын (бұдан әрі – ICP бағдарламасы) әзірлеп, бекітті.

Әдістеме ҚМГ-ның еншілес компаниялары мен тәуелді ұйымдарының парник газдары шығарындыларын есепке алу мен мониторингтеудің негізгі тәсілдерін айқындайды және еншілес компаниялардың парник газдары шығарындыларын есептеу үшін бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз етеді.

ICP бағдарламасының негізгі мақсаты – көміртекті реттеуді қатаңдатудан компанияның қаржылық тәуекелдерін бағалау мен азайту, сондай-ақ инвестициялардың бір бөлігін көміртекті көп қажет ететін жобалардан төмен көміртекті жобаларға қайта бөлу. Көміртегі шығарындыларына ішкі баға белгілеуді енгізу компания қызметіне климаттың әсерімен байланысты тәуекелдерді басқарудың стратегиялық құралы ретінде қарастырылады және өндірісті модернизациялау мен парник газдары шығарындыларын азайту бойынша компанияның алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндіктерге ықпал етеді.

ҚМГ-ның климаттың өзгеруіне қарсы жұмыстарға қосқан үлесі туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.

Энергия үнемдеу және тиімділігін арттыру бағдарламалары

Энергия ресурстарын пайдалану және энергия тиімділігін арттыру

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» атты халықаралық стандартының әдістемесіне негізделеді.

ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасын орындау аясында ҚМГ-ның барлық еншілес кәсіпорындары мен мердігер ұйымдарына таратылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік энергетикалық саясатын және ҚМГ компаниялары тобында Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару жөніндегі регламентін бекітті. Сонымен қатар ҚМГ компаниялары тобындағы өндіруші компаниялардың технологиялық пештері мен қазандық жабдықтарына мақсатты энергетикалық аудит жүргізілді. Өз кезегінде бірқатар ЕТҰ (ҚБМ, ҚГМ, ҚОА, ҚТМ, ПМХЗ, ПҚОП, Caspi Bitum) Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі салаларындағы регламенттерді қабылдады.

2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді. Энергия тиімділігін арттыру және ресурстарды үнемдеу саласында мынадай стратегиялық мақсаттар жоспарланған:

- **ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау:** ҚМГ компаниялары тобында энергия тиімділігін арттыру бойынша кешенді жоспарлар әзірлеу;
- **тиімді энергия менеджменті:** сенімді және өлшенетін нормалар арқылы энергия ағындарын ашық басқаруды қамтамасыз ету;
- **орталықтандырылған мониторинг:** энергия тиімділігін арттыру саласындағы операциялық процестерді орталықтандыру;
- **мемлекеттік органдармен атқарылатын жұмыстың жүйелілігі:** энергия үнемдеу саласындағы бастамалар бойынша мемлекеттік органдармен тұрақты ынтымақтастық орнату;
- **үздік тәжірибелерді тарату:** бүкіл ұйым бойынша энергия сақтау саласындағы тиімді тәжірибелерді тарату және барынша көбейту;
- **шығындарды азайту және оңтайландыру:** ресурстарды пайдалануды оңтайландыру кезінде өндірістік емес шығындарды анықтау және жою;
- **рентабельділікті арттыру:** отын-энергетикалық ресурстардың ысырабын азайту және тиімсіз шығындарды жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру есебінен рентабельділікті арттыру;
- **қаржылық көрсеткіштерді жақсарту:** энергия ресурстарын үнемдеу арқылы қаржылық нәтижелерді жақсарту.

Энергия ресурстарын тұтыну

2025 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша энергия ресурстарын жалпы тұтыну көлемі 124.9 млн ГДж құрады, бұл 2024 жылдың көрсеткішінен 3.5 % төмен (129,4 млн ГДж), оның ішінде электр энергиясы — 14,7 млн ГДж, жылу энергиясы — 3,7 млн ГДж, мотор отыны – 1,8 млн ГДж және қазандық пеш отыны — 104.6 млн ГДж (бұл ретте, энергия ресурстарын жалпы тұтынуда мұнай зауыты газы 29.1 %, табиғи газ 26.3 %, бензинделген газ 13.1 %, электр энергиясы 14.0 % және ілеспе мұнай газы 10.2 % құрады).

Энергия тұтыну көлемі «Мұнай-газ өндіру», «Мұнай тасымалдау», «Мұнай өңдеу» және «Газ өңдеу» бизнес бағыттары арасында бөлінген.


2025 жылы ҚМГ компаниялары тобы бойынша өндірілетін меншікті энергия көлемі 748,9 млн кВт электр энергиясын және 4 225,2 мың Гкал жылу энергиясын құрады.

2025 жылы жаңартылатын энергия көздерінен (ЖЭК) электр энергиясын тұтыну көлемі 37 230,9 мың кВт·сағ құрады, оның ішінде:

- «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-нен жеке қажеттіліктері үшін 25 600,8 мың кВт·сағ электр энергиясы сатып алынды;
- гибридті жобаның күн электр станциясы (КЭС) өндірген электр энергиясының 11 630,1 мың кВт·сағ сатып алынды.


ПҚОП және «Caspi Bitum» БК» ЖШС күн панельдері аумақтағы көшені жарықтандыру үшін 2025 жылы 151,1 мың кВт. сағ. электр энергиясын өндірді.

2025 жылы энергия түрлері бойынша ОЭР тұтыну, %




28,7	Мұнай зауыты газы (МГ)	1,4	Қазандық-пеш отыны
26,3	Табиғи газ	1,4	Дизель отыны
13,8	Бензинделген газ	0,7	Мазут
11,8	Электр энергиясы	0,7	Деэтанизатордың шығатын газдары
10,0	Ілеспе мұнай газы (ІМГ)	0,5	Мұнай
2,9	Жылу энергиясы	0,1	Бензин
1,6	Суық секцияның шығатын газдары	0,03	СКГ (сұйытылған көмірсутек газы)

2025 жылы бағыттар бойынша ОЭР тұтыну үлесі, %



44	Мұнай мен газды өңдеу
43	Барлау және мұнай мен газды өндіру
10	Мұнай-газ химиясы
3	Мұнайды тасымалдау

Өндірілетін 1 тонна КСШ-ға энергияның үлестік тұтынуы, ГДж/т



Энергия тұтынуды қысқарту

ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеуі мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары — технологиялық пештер мен қазандықтарды жаңғырту және ауыстыру, сорғыларда жиілікті реттейтін жетекті орнату, технологиялық ағындардың жылу интеграциясы, жарық беру жүйесін жаңғырту және басқалар.

2025 жылы технологиялық жабдықты жаңғырту бойынша 87 іс-шара (ЖСҚ – 14; ҚМЖ – 62; ұйымдастыру-11) іске асырылды, пештердің газ оттықтары ауыстырылды, энергия үнемдеу технологиялары енгізілді, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және т.б. жұмыстар атқарылды.

Отын-энергетикалық ресурстардың бір жылға есептелген үнемдеу көлемі 1 935 мың ГДж құрады, бұл ПГ шығарындыларын 128,3 мың тонна CO_2-ге төмендетумен тең келеді. Нақты Көрсеткіштердегі тиімділік – 22 468 мың кВт·сағ электр энергиясы, 21 208 Гкал жылу энергиясы, 5899 тонна қазандық-пеш отыны, 5807 мың м^3 құрғақ бензин-делген газ,37 935 мың м^3 табиғи газ, 65 тонна дизель отыны және 3 310 мың м^3 ілеспе мұнай газы. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жұмсалған жалпы шығын мөлшері 6 172,9 млн теңгені құрады.

Энергия сыйымдылығы

2025 жылы ҚМГ компаниялар тобында көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша өндірілген бір тонна көмірсутек шикізатына үлестік энергия тұтыну көлемі орташа есеппен 2,39 ГДж-ға жетті, бұл 2024 жылы өндірілген бір тонна көмірсутекке 1,5 ГДж-ны құрағаң IOGP көрсеткішінен 59 % жоғары болып отыр.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа мәнді ӨМГ мен ҚБМ жоғары үлестік тұтыну есебінен қатты бұрмалануына байланысты нақты көрсеткіш деп айтуға болмайды. Қаражанбас кен орнында мұнайды жерасты қабатынан бумен және ыстық сумен ығыстыру арқылы ғана өндіруге болатындығына байланысты IOGP деректері бойынша ҚБМ-ның бір тонна көмірсутегін өндіруге арналған энергия ресурстарының үлестік шығыны орташа әлемдік мәндерден бес есе көп. ӨМГ-нің өндіруге жұмсалатын энергия шығынының мәні салалық стандарттармен салыстырғанда екі еседен асады. Бұл еріген парафиндердің көп болуына және өндірілетін мұнайдың реологиялық қасиеттеріне байланысты болады, нәтижесінде мұнай өндіру және тасымалдау процесінде оны тек қыста ғана емес, жазда да жылыту қажет.

Қоршаған ортаны қорғау

Басқару тәсілі: негізгі бағыттар мен іс-шаралар

Бастамалар мен бағдарламаларға қатысу

THE WORLD BANK
IBRD • IDA | WORLD BANK GROUP

Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе газды жағу практикасын толық тоқтатуды қолдау» бастамасы

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы 17 мақсатының бастамасы

CDP
DISCLOSURE INSIGHT ACTION

CDP климат бойынша бағдарламасы

Global Methane Initiative

Метан деңгейін төмендету жөніндегі ғаламдық бастама

CASPIAN ENVIRONMENT PROGRAMME

Caspian Environmental Protection Initiative — CEPI

IOGP International Association of Oil & Gas Producers

Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы — IOGP

Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2023	2024	2025
NOx шығарындылары, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,35	0,39	0,36
SOx шығарындылары, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,23	0,23	0,18
Мұнай құрамындағы ілеспе газды жағу қарқындылығы, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	1,4	1,45	1,70

Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына, үздік әлемдік тәжірибелеріне және Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының ұсынымдарына сәйкес әзірленген. Ол көшбасшылық, қойылған мақсаттарды орындау, тәуекелдерді басқару және үздіксіз даму сияқты іргелі қағидаттарға негізделетін басты он компоненттен тұрады.

2006 жылдан бастап ҚМГ-да ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтитын басқарудың интеграцияланған жүйесі енгізілді. Едәуір деңгейде энергия тұтынатын еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001 стандарты бойынша сертификатталған. Интеграцияланған басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растап отырады.



Менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында ҚМГ денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталады.

ҚМГ өз қызметінің сипаты мен ықпал ету ауқымын түсінеді, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудің, Компания қызметінің барлық бизнес-бағыттарында еңбек ететін персоналдың және жұмысын жүргізетін өңірлердегі халықтың денсаулығын қорғаудың, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтаудың маңызын алға тартады.

Компания өз қызметінің экологиялық қауіпсіздігін арттыруда едәуір жұмыс атқарды. Бұл тиімді ішкі стандарттарды енгізумен, менеджмент жүйесін үнемі жетілдірумен байланысты болды. Компания өз алдына теріс экологиялық әсер етуді болдырмауға бағытталған «нөлдік нәтиже» мақсатын қойды.

2025 жылдың басты көрсеткіштері

0,18 (IOGP — 0,59)
SO_x шығарындыларының қарқындылығы

338,8 мың тонна
(2025 жылы — 1 099 мың тонна)
Тарихи қалдықтар мен мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру

0,36 (IOGP — 0,34)
NO_x шығарындыларының қарқындылығы

«С»
CDP су қауіпсіздігі рейтингі

Экологиялық көрсеткіштер, КСШ өндірудің 1 мың тонна м.э. шаққанда, тонна

Жыл	SO_x шығарындыларының қарқындылығы	NO_x шығарындыларының қарқындылығы	Шикі газды жағу қарқындылығы	Шикі газды утилизациялау деңгейі, %
2023	0,23	0,35	1,4	98,9
2024	0,23	0,39	1,45	98,9
2025	**0,18**	**0,36**	**1,70**	**98,8**

Қаупісіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар ҚМГ компаниялары тобының Даму стратегиясымен тікелей байланысты. ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясы экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. ҚМГ компаниялары тобы үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым бағыттар атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды басқаруды және газды факелде жағуды қысқартуды, сондай-ақ су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын тиімді басқаруды және жерді қалпына келтіруді қамтиды.

Компания экологиялық жауапты бизнес жолымен жүруді жалғастыра келе, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытады, бұл мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізеді, осылайша компанияның Экология саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы
Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2024 жылдан бері бүкіл республика бойынша «Таза Қазақстан» атты ауқымды экологиялық акция өткізіліп келеді. ҚМГ компаниялар тобы бұл акцияға белсенді қатысады. 2025 жылғы наурыз айында ҚМГ-да 2025 жылға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоспардың басты бағыттары:
- экологиялық бастамаларды енгізу,
- қызметкерлердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру,
- экологиялық акцияларды насихаттау,
- экологиялық қауымдастықты құру,
- көгалдандыру көлемін ұлғайту.

Жоспардың негізгі тармақтарының бірі – «Елді мекендерді тазарту жөніндегі іс-шаралар». Осыған байланысты ҚМГ компаниялары тобы үшін сенбіліктер кестесі бекітілді.

2025 жылы 9 287 адам қатысқан 282 сенбілік өткізілді, онда 5,9 мыңнан астам қап қоқыс жиналды.

Көгалдандыру жобалары
ҚМГ ағаш отырғызу бойынша ауқымды экологиялық акцияға белсенді қолдап, елімізді көгалдандыру ісіне өз үлесін қосып келеді.

ҚМГ компаниялары тобының 2025 жылға арналған көгалдандыру жоспарына сәйкес 109 мың ағаш отырғызу көзделген болатын, нақты 113,7 мыңға жуық ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар есепті жылдың қазан айында ҚМГ қаржылай қолдауымен Қостанай облысында 150 мың қарағай көшеті отырғызылды. Астана қаласында ҚМГ паркінің техникалық ашылуы өтіп, оның барысында 1 320 түп ағаш егілді.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы отырғызған ағаштың жалпы көлемі шамамен 264 мың бірлікті құрады.

Фандоматтарды пайдалану
ҚМГ-ның корпоративтік орталығында пластик бөтелкелер мен алюминий банкаларды фандоматқа қабылдау бастамасы іске асырылады. Фандоматты көп пайдаланатын адамдардың арасында байқау өткізіліп тұрады. Конкурстың мақсаты – бөтелкелерді өңдеуге жіберу үшін оны қабылдау автоматты, яғни фандоматтарды пайдалануды кеңінен насихаттау. Сонымен бірге қалдықтарды бөлек жинауға ынталандырып қана қоймай, қызметкерлер арасында экологиялық жауапкершілікті тәрбиелеу де маңызды міндет болды. 2023-2025 жылдар аралығында тапсырылған ыдыс саны:

- алюминий банкалардың жалпы саны — 15,1 мың дана;
- пластик бөтелкелердің жалпы саны — 61,7 мың дана;
- Барлығы — 76,8 мың бірлік.

Жыл бойы ғимаратта фандомат орнатылғаны жөнінде ақпарат жіберіліп тұрды. Фандоматтың белсенді пайдаланушылары жүлделермен марапатталды.

Жасыл кеңсе
Компания барлық ресурсты үнемді пайдалануға және экологиялық тазалықты қамтамасыз етуге бағытталған «Жасыл кеңсе» қағидаттарын ұстанады. ҚМГ-ның корпоративтік орталық ғимаратында қалдықтарды бөлек жинауға арналған экожәшіктер орнатылған, қоймада люминесцентті лампаларды қабылдау мен арналған шкаф қойылды, электрондық құжат айналымы енгізілді, велосипед қоятын және электр автомобильдеріне арналған қуаттау станциялары үшін арнайы орындар белгіленді.

Қызметкерлердің экология және тұрақты даму мәселелері бойынша хабардар болуын арттыруға бағытталған ақпаратты іште тарату жұмыстары жүргізілді. Корпоративтік ортада экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасының негізгі қағидаттарын түсіндіретін ақпараттық материалдар мен плакаттар таратылды.

Экологиялық заңнама
Компания қоршаған ортаны, су ресурстарын қорғау саласындағы уәкілетті органдар жанындағы жұмыс топтарының қызметіне, Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындауға белсенді қатысады. ЭТРМ-мен келесі мәселелер бойынша бақылау жүргізіп, келіссөздерге қатысады:

1. пластмассамен, оның ішінде теңізде ластануына қарсы күрес туралы халықаралық шарттың жобасы;
2. I санаттағы нысанды пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің мөлшерін айқындау және оларды қайта бейіндеу және (немесе) басқа мақсатта пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеу жөніндегі қаржылық қамтамасыз етуді есептеу әдістемесі;
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (ӘҚБтК) аясында экологиялық талаптарды бұзғаны үшін қолданылатын санкцияларды қатаңдату және басқалар;
4. ҚР экологиялық заңнамасына өзгерістер енгізу.

Кешенді экологиялық рұқсат
Кешенді экологиялық рұқсат (КЭР) – бұл үздік қолжетімді әдістерді қолдана отырып, қоршаған ортаның ластануының кешенді алдын алуды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға теріс антропогендік әсерді барынша азайтуға және бақылауға бағытталған құжат. 2025 жылы ҚМГ компаниялар тобы мұнай өңдеу зауыттары КЭР алу үшін жобалық материалдарды әзірлеу процесін сүйемелдеу бойынша белсенді жұмыс жүргізді. 2025 жылғы сәуірде ПҚОП КЭР алды. Қалған мұнай өңдеу зауыттары мен ҚОА КЭР алу бойынша жұмысты жалғастыруда.

Автоматтандырылған мониторинг жүйесі
2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде ЕТҰ-да, атап айтқанда ММГ, ҚОА, АМӨЗ, ПМХЗ, ПҚОП, КРІ кәсіпорындарында жалпы ластаушы заттар шығарындыларының 15 көзінде автоматтандырылған мониторинг жүйесін кезең-кезеңімен енгізу жобасы іске асырылды. КРІ-ді қоспағанда (іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуде), барлық ЕТҰ қоршаған ортаның жай-күйі туралы мәліметтерді Ұлттық деректер банкіне онлайн-режимде жіберіп тұрады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар

Бұрыннан жиналған ластануларды жою
Бұрыннан жиналған ластануларды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ету көздерін жою (жұмыс істемейтін ұңғымалар, сарқынды су жинағыштар, полигондар және өзге де өндірістік нысандар).

Қоршаған ортаға бөлінетін шығарындыларды азайту
Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға бөлінетін шығарындыларды азайту, мысалы, технологиялық пештерде отын ретінде пайдаланылатын отын мазутын отын газына (табиғи) ауыстыру, жаңа буын қоспаларын пайдалану, өндірістік нысандардың аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды жаңарту жөніндегі іс-шаралар, оттықтарды ауыстыру, жабдықты пайдалану режимін оңтайландыру және жұмыс істеу уақытын қысқарту, жанатын газдарды зиянды заттардан тазалау, газ өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды кеңейту, тиісті қондырғыларды салу, сондай-ақ газдың ағып кетуін анықтау мен жөндеу жұмыстарын жедел жүргізу мақсатында тұрақты мониторинг жүргізу, кәдімгі үлгідегі резервуарларда өнімнің үстінде түзілетін бос кеңістікті жою есебінен ұшпа фракциялардың пайда болу мүмкіндігін азайту үшін резервуарларды қалқымалы қақпақтармен жабдықтау.

Автоматтандырылған экологиялық мониторингтің ақпараттық жүйесі
Жүйе қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға арналған және келесі маңызды міндеттерді қамтиды: мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау саласындағы есептілікті жасау процестерін автоматтандыру; нормативтік рұқсат беру құжаттарының дерекқорын жүргізу және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есептеу; өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша қоршаған ортаның жай-күйіне жедел мониторинг жүргізу.

Атмосфералық ауаны қорғау
ҚМГ атмосфералық ауаны қорғау мәселелеріне басымдық береді, өйткені ластану деңгейі халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйіне тікелей әсер етеді. Экология саясатын іске асыру аясында компания жабдықтарды жаңғырту, заманауи технологиялық шешімдер мен автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу, сондай-ақ газды факелде жағуды қысқарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру есебінен ластаушы заттардың шығарындыларын жүйелі түрде азайтып келеді.

Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы қызметтің негізгі бағыттары – нысандарды техникалық жаңғырту есебінен шығарындыларды азайту, жабдықтарды пайдалану режимдерін оңтайландыру, отынды неғұрлым экологиялық түрлеріне ауыстыру, сондай-ақ өндірістік экологиялық бақылау жүйелерін дамыту. Сонымен қатар ҚМГ энергия тиімділігін арттыру және технологиялық ысыраптарды азайтуға бағытталған жобаларды іске асырады, бұл атмосфераға теріс әсерді төмендетуге ықпал етеді.

Стационарлық және жылжымалы шығарындылар көздерін бақылауды қоса алғанда, ластаушы заттар шығарындыларының мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының және халықаралық практиканың талаптарына сәйкес компанияның бірқатар нысанында экологиялық бақылаудың ашықтығы мен жеделдігін қамтамасыз ететін шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйелері енгізілді. Іс-шаралар мен көрсеткіштер туралы толық ақпарат ҚМГ-ның Тұрақты дамуы туралы есебінде ұсынылған.

Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың шығарындысы

Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттар шығарындысының көлемі, мың тонна

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Азот оксиді (NO_x)	15,27	15,22	14,84
Күкірт диоксиді (SO_x)	10,99	11,69	20,11
Көміртек оксиді (CO)	22,96	21,50	17,24
Қатты бөлшектер (PM)	1,31	1,97	1,75
Өзгелері	68,93	66,38	58,57

ҚМГ компаниялары тобындағы ластаушы заттардың үлестік шығарындылары

Көрсеткіш	2023	2024	2025
КСШ өндіру, өндірілген шикізаттың 1 мың тоннасына тонна	2,2	2,2	2,1
Мұнай өңдеу, өңделген мұнайдың 1 мың тоннасына тонна	3,0	2,9	2,5
Мұнай тасымалдау, тасымалданатын мұнайдың 1 мың тоннасына тонна	0,4	0,4	0,4

Мониторингтеу және автоматтандырылған бақылау жүйесі
Экологиялық бақылаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында ҚМГ негізгі өндірістік нысандарында шығарындыларды мониторингтеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізуде. Мұндай жүйелер шығарындылардың өлшемшарттарын нақты уақыт режимінде бақылауға және деректердің мемлекеттік бақылаушы органдарға ұсынылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экологиялық мониторинг саласында цифрлық шешімдерді пайдалану – ҚМГ-ның атмосфералық ауаны қорғау және қоршаған ортаға әсерді төмендету үшін қолға алынған кешенді тәсілдің бір бөлігі.

Шикі газды ұтымды пайдалану
Газды факелде жағуды қысқарту – ҚМГ компаниялары тобы үшін басым міндеттердің бірі. Бекітілген Экология саясатына сәйкес Компания газды ұтымды пайдалану мәселелеріне көбірек көңіл бөле отырып, газды факел арқылы тұрақты жағу көрсеткішін нөлдік деңгейге жеткізуге тырысады. Осылайша, соңғы тоғыз жылда шикі газды факелде жағу көлемі 86 % қысқарды (2017 жылғы көлем – 315,8 млн м³). 2025 жылдың қорытындысы бойынша шикі газды пайдалы қолдану 98,8 % жетті. Газды факелде жағу көлемінің төмендеуіне ЕМГ-де күкіртті сутектен аса тиімді тазартатын газды кешенді өңдеу қондырғысының іске қосылуы әсер етті. Сонымен қатар ҚОА компаниясының Қожасай кен орнында жылына 226 млн м³ тауарлық газды өңдей алатын заманауи газ өңдеу кешені пайдалануға берілді.

2025 жылы шикі газды утилизациялау 98,8 %-ға жетті. Шикі газды факелде жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1 мың тоннасына шаққанда 1,70 тонна деңгейінде (2024 жылы – 1,45, 2023 жылы – 1,4), бұл 2024 жылғы көрсеткіштен жоғары және салалық орташа IOGP көрсеткішінен 83 % төмен (IOGP көрсеткіші 10,0 құрады).

Шикі газды факелде жағу көлемі

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Жалпы шикі газды факелде жағу көлемі, млн м³	33,3	35,2	43,9
Шикі газды тиімді пайдалану деңгейі, %	98,9	98,9	98,8
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген КСШ 1 мың тоннасына тонна	1,4	1,45	1,70

ҚМГ Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық утилизациялау» бастамасын қолдайды. Бұл бастама аясында шикі газды жағу көлемі жөніндегі есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің Қазақстан Республикасындағы өкілдігіне тапсырылады.

Атмосфераға бөлінетін шығарындыларды қысқарту бағытындағы бастамалар
Бірқатар еншілес және тәуелді ұйымдарда ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда, АМӨЗ-де резервуар паркі ішкі қалқымалы қақпақтармен кезең-кезеңімен жабдықталды (60 понтон, тиімділігі – көмірсутектердің булану шығынын азайту, ұшпа органикалық қосылыстар 80–90 % дейін төмендеді); ЭЛТҚ-АТ-2 қондырғыларында (2024 ж) жанарғы жабдықтары жаңғыртылды (36 жанарғы ауыстырылды); ЭЛТҚ-АВТ-3 қондырғысында отын тұтынуды 30 % дейін қысқарта алатын қосымша жылу алмасу контурлары енгізілді, РЕКС мұнай тұзағының демонтажы жасалып, «TAZALYQ» жобасы аясында механикалық тазарту құрылыстарының ашық алқаптары жабылды, бұл ұйымдастырылмаған шығарындыларды азайтуға және иіс көздерін жоюға мүмкіндік берді.

Автоматтандырылған мониторинг жүйесі ҚОА, ММГ, АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-та орнатылған, қоршаған ортаға эмиссиялар көрсеткіштері бойынша деректер нақты уақыт режимінде беріліп отырады, KPI-де іске қосу-баптау және құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталуда. Экологиялық бақылау құралдары пештер мен қазандықтардан шығатын түтін газдарындағы күйе, азот оксиді және көміртегі оксиді шығарындыларын бақылауға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу шығарындылар көрсеткіштерін қадағалап қана қоймай, қажет болған жағдайда технологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін қондырғылардың жұмыс режимін оңтайландыруға көмектеседі.

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі толық ақпарат Тұрақты даму туралы есепте ұсынылады.

Қалдықтарды басқару

ҚМГ-ның өндірістік қызметі барысында өндіріс және тұтыну қалдықтары түзіледі. ҚМГ компаниялары тобында қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленуде және іске асырылуда, түзілген және жинақталған қалдықтардың, оның ішінде мердігер компаниялардың қалдықтарының есебі жүргізіледі, қалдықтарды қалпына келтіргенге дейін немесе жойғанға дейін олардың қауіпсіз жинақталуын жүргізеді. 2025 жылы ҚМГ-ның тарихи жинақталған қалдықтарды қалпына келтіруге 9,7 млрд теңге жұмсалды.

Қалдықтарды қалпына келтіру әдістерін таңдау кезінде басымдық заманауи технологияларға, оның ішінде қоршаған ортаны қайта ластамайтын процестерге берілетінін атап өткен маңызды.

ҚМГ компаниялары тобында 399 мың тоннаға жуық бұрыннан жиналған қалдық утилизацияланып, олардың орны қалпына келтірілді.

2024 жылы ҚМГ компаниялар тобында қалдықтарды басқару жөніндегі корпоративтік стандарт бекітілді. Стандартта Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақталуды қамтамасыз ету мақсатында қалдықтарды басқару жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде ЕТҰ жауапты тұлғаларының әр қадамы нақты көрсетілген. 2025 жылы аталмыш Стандарттың ережелері ЕТҰ-дағы өндіріс нысандарындағы қалдықтарды басқару мәселелеріне қатысты жұмыста басшылыққа алу үшін енгізілді.

Қалдықтарды басқару жөніндегі толық ақпарат Тұрақты даму туралы есепте ұсынылады.

Активтерді шығару бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтері
ҚМГ-ның заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша әрбір кен орнындағы негізгі құралдарды демонтаждау, жою және жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері бар. Атап айтқанда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнім бермейтін ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау мен келісімшарттық аумақты қалпына келтіру, сондай-ақ пайдаланудан шығару сияқты қызметті тұпкілікті тоқтату әрекеттері және өндіріс учаскесіндегі қоршаған ортаны ластау жөніндегі міндеттемелер жатады.

Компания активтерді шығару бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке-жеке есептейді. Міндеттеме сомасы — инфляцияның болжамды деңгейіне түзетілген және өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік борышы бойынша Қазақстан нарығына тән тәуекелдерге түзетілген орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, дисконталған міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны.

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның мұнай-газ активтерін тарату жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтің баланс құны 142,3 млрд теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 142 млрд теңге) құрады (толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 4-ескертпесінде).

Магистралды мұнай құбырлары және газ құбырлары
2012 жылдың 4 шілдесінде күшіне енген Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» Заңына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ-ның (ҚТО) магистралды құбырды пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді рекультивациялау жұмыстарын жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырларды жою және жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттемеге арналған резерв ҚМГ-ның демонтаждау және рекультивациялау жұмыстарының құнына жүргізген есебінің негізінде бағаланады. 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ-ның құбырларды жою және тиісті жерлерді рекультивациялау жөніндегі міндеттеме бойынша резервінің баланс құны 24,1 млрд теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша — 37,4 млрд теңге) құрады (толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 4-ескертпесінде).

Экологиялық оңалту
ҚМГ сондай-ақ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтерді қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және өз пайымын шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығын капиталдандырылады немесе болашақ экономикалық пайдаға қарай шығыстарға жатқызылады.

Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві ҚМГ компаниялар тобының қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын орындауы үшін қажет шығындардың тәуелсіз бағасына негізделген басшылықтың тиімді бағасын білдіреді. 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтерді иеліктен шығарумен және жерлерді рекультивациялаумен байланысты міндеттемелер бойынша резервтегі баланс құны 33,6 млрд теңгені (2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 41,8 млрд теңге) құрады (толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 4-ескертпесінде).

Су ресурстарын қорғау

Су – ҚМГ-ның барлық өндірістік процестерінің ажырамас бөлігі. ҚМГ БҰҰ-ның жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады және өз қызметіне тұрақты даму мақсаттарын интеграциялайды. Компания барлық 17 ТДМ-ды ұстанады, солардың бірі – №6 мақсат «Таза су және санитарлық тазалық». Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін қысқартуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, суды қайталап және айналым суын пайдалануды ұлғайтуға, ағын сулардың сапасын арттыруға және табиғи су нысандарына әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

ҚМГ – көмірсутектерді өндірумен, тасымалдаумен және өңдеумен айналысатын вертикалды интеграцияланған компания болғандықтан, барлық процестер судың едәуір мөлшерін талап етеді. ҚМГ суды жерүсті, жерасты көздерінен, муниципалдық сумен жабдықтау жүйелерінен және Каспий теңізінен алады. ҚМГ кәсіпорындарының сарқынды суларының негізгі қабылдағышы (және соңғы пункті) келесідей түрлі мамандандырылған қабылдағыштар: жинағыш тоғандар, булану алаңдары және суды сүзу алаңдары. Бұл нысандар – сарқынды суларды табиғи тазартуға және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге арналған техникалық құрылыстар. Өздерінің жинақтағыштары жоқ кәсіпорындар суды тазарту мен утилизациялау үшін су ағындарын мамандандырылған компанияларға жібереді. Экологиялық заңнамада белгіленген ағызылатын су сапасының нормативтеріне сарқынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Алайда жерүсті табиғи су қоймаларына ағынды сулар жіберілмейді.

Компанияның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тазартылған ағынды суларды технологиялық процеске қайтару, жасыл желектерді суару үшін пайдалану, салынып жатқан алаңдар мен жолдардағы шаңды басу үшін қайта пайдалану көлемін арттыру.

ҚМГ WRI[1] Aqueduct су стресінің көрсеткішіне сәйкес Каспий теңізінің, Сырдария және Орал өзендерінің бассейндеріне жататын су тапшылығы жоғары өңірлерде орналасқан компанияның өндірістік нысандарын талдап, есепке алуды жүргізеді.

«Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауыты
2025 жылы Компания Жаңаөзен қаласынан шамамен 100 км қашықтықта орналасқан «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауытының құрылысын аяқтады. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асырылды және Компанияның Маңғыстау облысындағы ірі әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларының бірі болды. Кәсіпорынның жобалық қуаты тәулігіне 50 мың м³ ауызсуды құрайды, бұл Жаңаөзеннің және оған іргелес жатқан елді мекендердің халқын тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жобаны «Өзенмұнайгаз» АҚ еншілес ұйымы «Ak Su KMG» ЖШС жүзеге асырды. 2025 жылдың мамыр айында нысанда құрылыс жұмыстары аяқталып, шілдеде технологиялық жабдықтардың толық циклін іске қосумен қатар баптау-реттеу іс-шаралары басталды. Өндіріс процесінде теңіз суын тазарту мен тұщыландырудың заманауи көп сатылы жүйесі қолданылады, бұл оның сапасын ауыз су стандарттарына дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

«Кендірлі» зауытының іске қосылуы өңір үшін стратегиялық маңызы зор, өйткені Астрахань-Маңғыстау магистралды су құбырына жүктеме азайып, сумен жабдықтаудың сенімділігі артады және Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді.

Бірінші кезеңде кәсіпорын Жаңаөзен қаласының қолданыстағы сумен жабдықтау көздерін толықтыра отырып, су тапшылығын қамтамасыз ету режимінде жұмыс істейтін болады.

Жоба компанияның аймақтағы ең ірі әлеуметтік бастамасына айналды. Бұл ретте, 91 тұрақты жұмыс орны ашылды, құрылыс жұмыстарына 650-ге дейін адам жұмылдырылды.

[1] World Resources Institute — Әлемдік ресурстар институты.

Әлеуметтік жауапкершілік

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметін реттейтін халықаралық заңдар мен шарттарды сақтайды, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсері үшін, ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты дамуы үшін акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді.

ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өңірлерді дамыту

Әлеуметтік-экономикалық жобалар
ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып келеді. Компания жергілікті басқару органдарымен жан-жақты ынтымақтасады және негізгі мүдделі тараптармен тұрақты диалогты жүргізеді, жас білікті мамандарды дамытуда және даярлауда белсенді жұмыс атқарады, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, офтейк-шарттарға қол қою арқылы отандық өндірушілерді қолдауға ұмтылады. ҚМГ кәсіпорындары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және кешенді даму жоспары шеңберінде әлеуметтік маңызы бар нысандарды, спорт кешендерінің құрылысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т.б. қаржыландыруды жүзеге асырады.


2020-2025 жылдар аралығында 356 млрд теңге сомасына әлеуметтік жобалар іске асырылды.

Іске асырылған ең ірі жобалардың қатарында:
- Тасшағыл ауылында 300 орындық Мәдениет үйінің құрылысы (200 млн теңге, 2021 жыл);
- Жылыой ауданының Құлсары қаласында 300 орындық және Атырау қаласы Балауса шағын ауданында 600 орындық мектептер құрылысы (831 млн теңге, 2022 жыл);
- Атырау облысының Бесікті ауылында 280 орынға арналған балабақша құрылысы (783 млн теңге, 2023 жыл)
- Жаңаөзен қаласы мен Жетібай кентінде 21 спорт алаңын салу (1 млрд теңге, 2023 жыл);
- Орал қаласында көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы аяқталды (19,9 млрд теңге, 2024 жыл);
- Қызылорда қаласында «Қазгермұнай» БК» ЖШС қаржысына салынған Оқушылар сарайының ашылу салтанаты өтті (2,4 млрд теңге, 2024 жыл);
- «Отпан» жобасы жүзеге асырылды: Маңғыстау облысындағы тірек мектептер желісі. ҚМГ Таушық (Түпқараған ауданы), Жетібай (Қарақия ауданы) және Рахат ауылдарының (Жаңаөзен қаласы) мектептерінде 50-ден астам оқу кабинеттері мен білім беру кеңістігін жаңартты (барлығы 504 млн теңге, 2024-2025 жылдар);
- Атырау облысының Жылыой ауданында ерекше балаларды оңалту және қолдау орталығы пайдалануға берілді (983,2 млн теңге, 2024 жыл);
- Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 4,4 млн сексеуіл көшеті (420 млн теңге, 2024 жыл) және Астана қаласында 600-ден астам ағаш отырғызылды (68 млн теңге, 2024 жыл);
- ҚМГ Маңғыстау облысы балаларының білім деңгейін жақсарту мақсатында «Жарқын Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Қазіргі уақытта 1 мыңнан астам грант иегері еліміздің он өңірінде орналасқан 56 білім беру мекемесінде оқып жатыр (4,2 млрд теңге);
- Маңғыстау облысында Кендірлі теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы (121,2 млрд теңге), сондай-ақ Жаңаөзен қаласында «Bolashaq Sarayi» Оқушылар сарайының құрылысы (4,2 млрд теңге) бойынша жобалар іске асырылды.

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндіріс орындары орналасқан өңірлерді дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге қомақты ақша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар өз кезегінде жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, қаражатты үлестіреді, соның ішінде:
- ҚГМ Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына 377 млн теңге аударды;
- ӨМГ Жаңаөзен қаласының әкімдігіне қарасты «Өзенинвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына коммуналдық шаруашылықты күтіп ұстауға 1,7 млрд теңге бөлді;
- ЕМГ Мақат ауданының Доссор кентінде жаңа тұрғын үйлер салуға 884 млн теңге бөлді;
- ММГ Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 140 млн теңге аударды;
- ҚОА Ақтөбе облысының әкімдігімен жасалған меморандум аясында Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 443 млн теңге бағыттады;
- «Өріктау Оперейтинг» ЖШС өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 59 млн теңге бөлді;

- ҚТМ Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына 326 млн теңге аударды;
- УОГ Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына 59 млн теңге аударды;
- ҚБМ Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына 230 млн теңге аударды.

Жергілікті атқарушы органдарға аударылған қаражат (жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттар),
млрд теңге



Солтүстік Каспий жобасы бойынша әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру аясында 2025 жылдың бекітілген бюджеті 13 млн АҚШ долларын құрады («ҚМГ Қашаған Б.В.» үлесіне 2,19 млн АҚШ доллары). Оның нақты орындалу көлемі – 11,5 млн АҚШ доллары («ҚМГ Қашаған Б.В.» үлесіне 1,94 млн АҚШ доллары). Атырау облысында Өрлеу тұрғын алабында (Тасқала-2 ауылы) 160 орындық балабақша, сондай-ақ Қадырка (Құрманғазы ауданы) және Доссор кентінде 60 пәтерлі бір-бір үй салу жобалары аяқталды. Есепті жылдың ішінде Мақат ауылында №2 мектепті кеңейту және орталық алаңды реконструкциялау жобалары, сондай-ақ Мақат аудандық ауруханасы үшін жедел жәрдем автокөліктерін сатып алу жобасы қолға алынды. Маңғыстау облысында өңірдің жедел жәрдем қызметін қамтамасыз ету жобасы аясында 20 жедел медициналық жәрдем көлігі жеткізілді.

Қарашығанақ жобасы бойынша әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру аясында 2025 жылдың бекітілген бюджеті 118 млн АҚШ доллары болды. Алайда бірқатар әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалардың 2026 жылға ауыстырылуына байланысты 2025 жылғы бюджет 60,5 млн АҚШ доллары болып түзетілді («ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС үлесіне 6,05 млн АҚШ доллары).

«Игілік» ерікті бағдарламасы аясында ТШО жергілікті мемлекеттік органдармен келісе отырып, Атырау қаласы мен Атырау облысында, оның ішінде Жылыой ауданында балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысы бойынша маңызды жобаларды қаржыландырады. Бағдарламаның жылдық қоры – 25 млн АҚШ доллары. 1999 жылдан 2026 жылдың қаңтарына дейінгі кезеңде «Игілік» бағдарламасы бойынша өңірдің әлеуметтік дамуына 455 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылды.

2025 жылы Атырау қаласының Жаңаталап ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды, сондай-ақ 5 жоба бойынша дайындық жұмыстары басталды. 2025 жылы Игілік бағдарламасы қаражатының едәуір бөлігі (18,5 млн АҚШ доллары) әкімдіктің сұрауы бойынша медициналық және мамандандырылған жабдықтарды сатып алуға аударылды.

2025 жылғы демеушілік пен қайырымдылық

«Өзенмұнайгаз» АҚ:
- Daryn Joly білім беру жобасының іске асырылуын қаржыландырды, оның аясында Жаңаөзен, Түпқараған және Қарақия аудандарының жалпы білім беретін мектептерінің 192 мұғалімі мен оқушыларына жалпы сомасы 158 млн теңгеге оқыту жүргізілуде;
- Жаңаөзен қалалық ауруханасында күйікке қарсы мамандандырылған құрал-жабдықтар сатып алу жобасын қаржыландырды. Жобаның құны – 223 млн теңге. Сонымен қатар 77,9 млн теңге сомасына нақты салалық он дәрігерге қаржылық қолдау көрсетілді (Жаңаөзен қаласына көшу, баспана жалдап беру);
- Жаңаөзен қаласының ұйымдарында адам ресурстарын бөлу және жұмысқа орналастыруды басқарудың автоматтандырылған жүйесін пысықтау мен техникалық сүйемелдеу жұмыстарын 70 млн теңге сомасына қаржыландырды;
- ардагерлер арасында волейболды отырып ойнау бойынша 12 млн теңгеге республикалық чемпионат өткізді.

«Ембімұнайгаз» АҚ:
- Атырау облысы Мақат ауданының Доссор кентінде 868 млн теңгеге кітапхана мен мұражайдың, сондай-ақ Атырау қаласында құны 1,14 млрд теңгеге оқу-өндірістік полигонның құрылысын қаржыландырды;
- «Мектепке жол» бағдарламасы аясында аз қамтылған отбасылардан шыққан 536 оқушыны 18,7 млн теңгеге мектеп рюкзактарымен және кеңсе керек-жарақтарымен қамтамасыз етіп, демеушілік көмек көрсетті;
- Атырау облысы Қызылқоға ауданының орта мектептеріне спорт жабдықтарын әперу үшін 7 млн теңгеге демеушілік көмек көрсетті;
- Астана қаласында ҚР Энергетика министрлігінің ғимаратының алдында 42,6 млн теңгеге арт-нысан — тербелмелі мұнай қондырғысын орнату жобасын іске асыру үшін демеушілік көмек көрсетті.

«ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС:
- Қазақстан премьер-лигасының екі стадионын жалпы сомасы 200 млн теңгеге интерактивті жарық диодты борттармен (LED борттар) жабдықтау үшін демеушілік жасады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ:
- Charity Samruk Marathon жобасын іске асыру аясында 15 млн теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті;
- Қостанай облысында 2022 жылы ірі өрт болған учаскелерінде қарапайым қарағайдың 150 мың көшетін отырғызу үшін ULAN PLUS қоғамдық қорына 19,32 млн теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.

Кадр саясаты

Жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы ішкі коммуникациялардың қолданыстағы жүйелері, жергілікті атқарушы органдармен, кәсіподақтармен өзара іс-қимыл және еңбек ұжымдарымен тең құқылы ұжымдық келіссөздер компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Компанияның барлық қызметкері қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларына, олардың компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті деңгейде бағалауға, олардың кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және конструктивті талқылауға құқылы. Компания ұлты, нәсілі, діни нанымы, жасы, жынысы, саяси сенімі немесе басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді.

ҚМГ меритократия, әділдік және объективтілік қағидаттарын қолдайды, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктерге жету үшін оңтайлы жағдай жасайды және әркімнің компания қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды, барлық деңгейдегі қызметкерлерді түсіну, мүдделі болу және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік тұрақтылықты басқару және сақтау тәсілі

Еншілес және тәуелді ұйымдарының ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдауды Samruk Research Services (SRS) әдістемесі негізінде «Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы» жекеменшік мекемесі (ЖМ) жүргізеді. Талдау кезінде қызметкерлер қызығушылығы, әлеуметтік әл-ауқаты және әлеуметтік тыныштығы сияқты индикаторлар арқылы бағаланды. Индикаторларды бағалау әлеуметтік сауалнама түрінде өтеді.

Жылдық сауалнаманы 2025 жылы ҚМГ-ның 19 еншілес және тәуелді ұйымдарының 5 086 қызметкері толтырды. Талдау нәтижелеріне сәйкес ҚМГ компаниялар тобы бойынша SRS индексі 84 % құрады.

SRS бойынша белгіленген шкалаға сәйкес 84 % нәтижесі бар ҚМГ-дағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі «орташадан жоғары» болып анықталды, ал Компанияға «әлеуметтік даму мәселелеріне ерекше көңіл бөледі» деген сипаттама берілді.

ҚМГ есепті кезеңде қақтығыстарды реттеуге бағытталған шараларды уақтылы қабылдады.

Нәтижесінде 2025 жылы ереуіл саны 2024 жылмен салыстырғанда екі есеге азайды – ереуілге шығу жағдайлары тоғыз рет болды. Ереуілдер ҚМГ бұл компаниялардың алдында өз міндеттемелерін толық орындайтын мердігер ұйымдарда ғана болғанын атап өткен жөн.

Ереуілдердің себебі – негізінен мердігер мекемелердің жұмысшылары алдындағы міндеттемелерін жосықсыз орындауы болды.

Кадр құрамы

ҚМГ компаниялар тобы қызметін жүргізетін өңірлерде 50 мыңнан аса адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. 2025 жылдың соңында ҚМГ компаниялар тобындағы қызметкерлердің тізім бойынша саны 52 мың адамды құрады, оның ішінде штаттық қызметкерлер — 48 714 адам, аутстаффинг – 3 321 адам.

ҚМГ компаниялары тобында еңбек ететіндердің тізімдік саны (шоғырланған)[1],
адам



[1] Қызметкерлердің тізімдік санына ҚМГ тобы қызметкерлерінің, сондай-ақ ұзақ уақыт оқу себебінен жұмыста жоқ немесе жүктілік пен босану, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлердің нақты саны кіреді.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025
ҚМГ компаниялар тобы персоналының тізімдік саны (штаттағы қызметкерлер)[1]	адам	48 196	49 243	48 714
• Ерлер	%	81	81	82
• Әйелдер	%	19	19	18
Өндірістік персонал	%	92	92	92
Әкімшілік-басқару персоналы	%	8	8	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	58	58	58
• ерлер	%	81	81	81
• әйелдер	%	19	19	19
50 жастан асқан қызметкерлер, оның ішінде:	%	31	30	31
• ерлер	%	81	81	81
• әйелдер	%	19	19	19
30 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	11	12	11
• ерлер	%	87	88	89
• әйелдер	%	13	12	11
Ашылған жұмыс орындары	ед.	918	17	32
Орташа тізімдік санынан есептегенде	%	1,9	0,03	0,07
Қабылданған қызметкерлер	адам	5 746	3 928	3 619
Жүктілік пен босану, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлер	адам	623	527	475
• ерлер	%	7	8	9
• әйелдер	%	93	92	91
Ана (әке) болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер	адам	290	207	287
• ерлер	%	8	11	6
• әйелдер	%	92	89	94
Еңбек қатынастары тоқтатылғандар	адам	2 124	3 272	3 209
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	10	10	9
• ерлер	%	85	85	81
• әйелдер	%	15	15	19
ҚМГ компаниялары тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	4,5	6,64	6,59

Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті әрі зиянды еңбек жағдайларымен байланысты болғандықтан, ерлердің үлесі 82 %, әйелдер үлесі 18 % құрап отыр. Өндірістік персоналдың жалпы санындағы үлесі 92 %, әкімшілік-басқару персоналының үлесі – 8 %.

Жас санаты бойынша қызметкерлердің басым бөлігі 31 жастан 50 жасқа дейінгі топта шоғырланған — 58 %, бұл ретте ер адамдардың үлесі 81 %, әйелдер — 19 % құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлер саны жалпы персонал санының 31 % құрайды, бұл ретте ерлер үлесі — 81 %, әйелдер — 19 %.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санында 11 % құрайды, бұл ретте ерлер үлесі — 89 %, әйелдер — 11 %.

2025 жылы ашылған жұмыс орындарының саны 32 бірлікті немесе орташа тізімдік санының 0,07 % құрайды. Қабылданған қызметкерлер саны 3 619 адам болды. Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны – 3 209 адам.

Жүктілік пен босану және бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлер саны 475 адам, бұл ретте ерлер үлесі — 9 %, әйелдер — 91 %. Ана (әке) болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер саны 287 адамды құрады, бұл ретте ерлер үлесі — 6 %, әйелдер — 94 %.

Барлық деңгейдегі басшылық құрамға кіретін қызметкерлердің үлесі — жалпы персонал санының 9 % құрады, оның ішінде әйелдер — 19 % (2024 жылы — 15 %), ерлер — 81 % (2024 жылы – 85 %).

ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті 2025 жылы 6,59 % құрады (2024 жылы 6,64 %).

Өңірлер бойынша штаттық қызметкерлердің саны

Көрсеткіш	Қызметкерлер саны
Барлығы:	**48 714**
Қазақстан Республикасы	41 975
Ақтөбе облысы	876
Атырау облысы	11 181
Батыс Қазақстан облысы	349
Жетісу облысы	607
Қарағанды облысы	638
Қызылорда облысы	161
Маңғыстау облысы	21 805
Павлодар облысы	3 205
Ұлытау облысы	462
Астана қ.	2 126
Шымкент қ.	565
Қазақстан Республикасынан тыс жерде	6 739

Қызметкерлерге тең құқықтарды қамтамасыз ету
ҚМГ-ның кадр саясатының негізгі қағидаттары – гендерлік теңдік, әртүрлілік, инклюзивтілік және еңбек құқықтарын кемсітуге жол бермеу. Компания адамның жынысына, нәсіліне, ұлтына, дініне және басқа да сипатына қарамастан түрлі әлеуметтік және жас топтары үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасайды. Бұндай тәсіл түрлі көзқарасы бар команданың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Жұмысқа қабылдау жөніндегі конкурстық рәсімдерде адамның жынысы, жасы немесе өзге де белгілері бойынша шектеулер жоқ. Барлығы үшін бірыңғай еңбекақы мен әлеуметтік қолдаудың бірдей талаптары белгіленеді. Компания әділ еңбекақы төлеу жүйесін қамтамасыз етеді, ол бірдей еңбек үшін ақы төлеуді көздейді.

Тұрақты дамудың гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйел мен қыз балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі жаһандық мақсатын орындау аясында 2025 жылы әйелдер үлесі қызметкерлердің жалпы санының 18 % және барлық деңгейдегі басшы құрамына кіретін қызметкерлер үлесінің 19 % құрады.

Жеке деректерді қорғау
2025 жылы ҚМГ қызметкерлерінің жеке деректерін жинау, өңдеу және қорғау бойынша жұмыс нұсқаулығы әзірленді, оның мақсаты – персоналдың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету. Бұл құжат Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді және мынадай қағидаттарды ұстанады:
1. адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
2. заңдылық;
3. қолжетімділігі шектеулі жеке деректердің құпиялылығы;
4. субъектілердің, меншік иелері мен операторлардың құқықтарының теңдігі;
5. жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

[1] 2024 жылдан бастап ҚМГ компаниялар тобы персоналдың тізімдік санын ескереді. Алдыңғы есепті кезеңдерде қызметкерлердің нақты саны есепке алынды. Осыған байланысты персонал бойынша тарихи деректер әртүрлі болуы мүмкін.

Персоналды оқыту, дамыту және бағалау
ҚМГ персоналын дамыту аясында тиімділікті жетілдіру мен арттыру жөніндегі стратегиялық бастамалардың бірі – персоналды мұнай-газ химиясы, төмен көміртекті даму, цифрландыру мен ақпараттық технологиялар бағытын қоса алғанда, болашағы зор мамандықтар бойынша біліктілікті қайта бағдарлау (біліктілікті арттыру) мүмкіндігін ұсыну.

Бір қызметкерге шаққанда орташа жылдық академиялық сағат саны 34 сағатты құрады (2024 жылы — 35 сағат, 2023 жылы — 34 сағат), соның ішінде бір ер адамға — 34,8 сағат (2024 жылы — 37,5 сағат, 2023 жылы — 16 сағат), бір әйелге — 30,1 сағат (2024 жылы — 24,5 сағат, 2023 жылы – 27 сағат). Қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығынның жалпы сомасы 5,2 млрд теңге болды

2025 жылы ҚМГ компаниялары тобының барлық қызметкерлерінің 22,9 %-ы (2024 жылы — 36,5 %) есепті кезеңнің нәтижесі бойынша бағаланды, соның ішінде: әйелдер— 24,7 % (2024 жылы — 28,5 %), ерлер — 22,4 % (2024 жылы — 38,3 %).

Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламалардың негізгі тақырыптары

Бизнестегі жасанды интеллект: ChatGPT-мен бірге алғашқы қадамдар	Қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқу
Экономика және қаржы	Ішкі тренелерді оқыту — Trainer-to-trainer: жасанды интеллект бойынша тәжірибелік жұмыстар
Интеграцияланған басқару жүйелері, ISO және OHSAS стандарттары	Көлікті қауіпсіз жүргізу (OPITO, RoSPA)
Заңнама	Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу дағдыларының халықаралық стандарттары
Қазақстандық қамту және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу	Сертификатталған оқыту
Корпоративтік басқару. Жобаларды басқару	Жұмысшы мамандықтарға оқыту
Ақпараттық технологиялар	Корпоративтік мәдениет және коммуникациялар
Өндіріс (барлау және өндіру, тасымалдау, газ бизнесі, өңдеу және маркетинг, сервистік жобалар және басқалар)	Тұрақты даму

«ISO (OHSAS) басқару стандарты бойынша интеграцияланған менеджмент жүйесінің ішкі аудиторы» тақырыбы бойынша 156 қызметкер оқытылды. Халықаралық стандарттарға сай ішкі аудит бойынша 136 қызметкер оқытылды. ICA Certificate in Managing Sanctions Risk бойынша 3 адам оқуға қатысты.

Қызметкерлердің ACCA, CIPD, CFA, CIA сияқты және т.б. сертификаттау бағдарламалары бойынша халықаралық біліктіліктері мен сертификаттарын алу үшін 36 адам оқытылды.

Жыл сайын IPMA, PMI PMBOK жобаларын басқарудың халықаралық стандарты бойынша стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыруымен айналысатын ҚМГ және ЕТҰ негізгі қызметкерлерін сертификаттау жүргізіледі – 27 қызметкер.

«Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен IR School, HR School, 7-Qadam, 7-Qadam Master бағыттары бойынша модульдік оқыту іске асырылды, оған ҚМГ компаниялар тобының 28 қызметкері қатысты.

Тұрақты даму мәселелеріне арналған оқу

1. Көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану технологияларымен байланысты оқу (CCS/CCUS Course Proposal (INPEX) — 7 адам Жапониядағы INPEX компаниясына тағылымдамаға жіберілді
2. Technologies Training Program, CCS/CCUS — 6 адам
3. Дүниежүзілік банктің Халықаралық қаржы институтының техникалық мамандарының қатысуымен метан шығарындыларын басқару (International Finance Corporation, IFC) — 3 адам

«Көшбасшылық білім беру бағдарламасы»
«МАНСАП» бағдарламасының «А», «В» және «С» пулдарының ізбасарлары үшін ҚМГ компаниялар тобының негізгі позициялары бойынша сабақтастық жоспарын қалыптастыру және дамыту жобасына қатысты жұмыс жалғасуда. 2025 жылы ҚМГ тобының 1000-нан аса қызметкері арасында төмендегі бағыттар бойынша іріктеу жүргізілді:

- Барлау және өндіру - 49 резервші;
- Мұнай сервисі - 8 резервші;
- Тасымалдау - 7 резервші;
- Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін шығару - 595 резервші;
- Газ химиясы - 2 резервші.

Үміткерлерді іріктеуді бағалау қорытындысы бойынша CEO, CEO-1 позициясы үшін «А» пулының және CEO-2, CEO-3 позициясы үшін «В» пулының резервшілері құрылды.

Жұмысшы мамандықтар жылы
Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ҚМГ компанияның барлық қызметкері белсенді түрде қатысқан іс-шаралар өткізді:
1. «Еңбек жолы» республикалық байқаулар;
2. «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы;
3. KMG-SKILLS чемпионаты;
4. түркітілдес елдерінің өкілдерімен студенттер арасындағы TurkicSkills кәсіби шеберлік чемпионаты (бақылаушы ретінде).

12 жұмысшы мамандыққа арналған «ҚМГ Кәсіп» және жұмысшы мамандықтағы әйелдерге арналған «JanAru — ЖаңАру» модульдік оқыту бағдарламалары әзірленіп, іске асырылды.

«Үздік мұнайшы»; «Үздік мұнай-газ өңдеуші»; «Үздік тасымалдаушы»; «Еңбек сіңірген мұнайшы» төсбелгілері әзірленіп, бекітілді.

Тәжірибе алмасу үшін 99 маман серіктестік компанияларға — «Татнефть» ЖАҚ, «Өзбекнефтегаз» АҚ, SOCAR, «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» және «Теңізшевройл» ЖШС жіберілді.

«Алып» көшбасшыларға арналған оқыту бағдарламасы

Ақтау қаласында «Алып» бағдарламасы аясында он жобаның таныстырылымы өтті. Жалпы оқудан 13 еншілес және тәуелді ұйымдардың 63 жас маманы өтті. Олар 49 жобаға бастамашы болып, қазіргі кезде 37 жоба жан-жақты іске асырылып жатыр.

Қатысушылардың жұмыстары ҚМГ-ның операциялық кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыруға, оның ішінде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласында жақсартуға, ақпараттық жүйелерді жетілдіруге, жаңа техника мен технологияларды енгізуге және т.б. бағытталған. Жобалар нақты өндірістік нысандарда жүргізілген тәжірибелік және эксперименттік жұмыстар негізінде дайындалды.

Әлеуетті экономикалық тиімділік (млн теңге/жыл):
- тікелей үнемдеу – 619,8;
- жанама үнемдеу – 368,9.

2025 жылы сегіз номинация бойынша 24 үздік жоба іріктелді:
- «Үздік өнертабыс»;
- «Үздік сараптамалық жоба»;
- «Жобаның үздік көшбасшысы»;
- «Кеңінен таратылатын үздік жоба»;
- «Ең аз шығынды қажет ететін үздік жоба»;
- «Еңбек қауіпсіздігі, экология бойынша үздік жоба»;
- «Еңбекті ұйымдастыру бойынша үздік жоба»;
- «Экономикалық тиімділік бойынша үздік жоба».

Жобаларын қорғап шыққан үздік 20 қатысушы «Теңізшевройл» ЖШС, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.», «Өзбекнефтегаз» АҚ, «Татнефть» ЖАҚ және SOCAR сияқты серіктес компанияларға тәжірибе алмасуға жіберілді, сондай-ақ 4 қатысушы Жапонияда JCCP бағдарламасы бойынша оқудан етті.

«ҚМГ Кәсіп» біліктілікті арттыру бағдарламасы

Бағдарлама аясында ҚМГ-ның 17 еншілес кәсіпорнының 270 жұмысшысы модульдік оқытуды аяқтағаны туралы сертификат алды. Салтанатты іс-шараға ҚМГ басшылығы, сала ардагерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Энергетика министрлігінің өкілдері қатысты. Сонымен қатар мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында бағдарлама қатысушыларына Жұмысшы мамандықтар жылының естелік белгілері табысталды.

Мамандықтар саны — 12:
1. мұнай және газ өндіру операторы;
2. ұңғымаларды зерттеу операторы;
3. технологиялық қондырғылар операторы;
4. ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;
5. технологиялық сорғы машинисі;
6. слесарь жөндеуші;
7. көтергіш қондырғысының машинисі;
8. электргазбен дәнекерлеуші;
9. электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер;
10. химиялық талдау зертханашысы;
11. ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғышының көмекшісі;
12. тауар операторы.

Оқыту төрт модульден тұрды

1. **Кәсіби шеберлік модулі (қамтылған блоктар: «Ысырапсыз өндіріс», «Еңбек қауіпсіздігінің мәдениеті», бейіндік оқыту) – оқу Атырау қаласында Apec Training Centre базасында өткізілді**
2. **Бригаданы басқару негіздері (Crew Leadership), (NCCER)-аттестация мен сертификаттау — оқу Атырау қаласында өтті**
3. **Қаржылық және цифрлық сауат (қамтылған блоктар: «Мұнай-газ саласының экономикасы», «Өндірістік қақтығыстардың қаржылық салдары», «Еңбекақы төлеу», «Әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақы», «Өмір мен денсаулықты сақтандыру», «Жеке қаржы», «Цифрлық сауат», кәсіптік бағдар) — оқу Ақтау қаласында ұйымдастырылды**
4. **Қызметкерлердің амандығы мен денсаулығы (қамтылған блоктар: «Жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсету», «Қызметкердің денсаулығы мен амандығы», «Денсаулықтың алдын алу», «Күрделі жағдайларда стресті басқару») — оқыту Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің Сенат Холы аудиториясында жүргізілді**

«Жұмысшыдан – жұмысшыға» нетворкингі

Наурыз айында Атырау қаласында «Жұмысшыдан – жұмысшыға» нетворкинг кездесу өтіп, оған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындарының 40 маманы қатысты. Оқыту сабақтары биікте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік; болтинг (гидротестерлеу); дәнекерлеу жұмыстарының технологиялары сынды негізгі тақырыптар бойынша ұйымдастырылды.

Тәжірибе алмасу және озық тәжірибелерді үйрену мақсатында қатысушылар «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС, АМӨЗ өндірістік нысандарына, сондай-ақ «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау қаласындағы филиалының керн материалын зерттеумен айналысатын зертханасына барды.

Тәжірибе алмасу үшін қыркүйек айында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 12 жұмысшысы «Ембімұнайгаз» АҚ-ға, қазан және қараша айларында ЕТҰ-ның 23 жұмысшысы «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясына, қыркүйек және қараша айларында 16 жұмысшы «Теңізшевройл» ЖШС-не, қараша айында 24 жұмысшы «Татнефть» ЖАҚ-қа барды.

Жұмысшы әйелдерге арналған «JanAru-ЖаңАру» модульдік бағдарламасы

Есепті жылы ҚМГ-ның 12 еншілес және тәуелді ұйымдарының мұнай-газ саласындағы жұмысшы мамандық бойынша еңбек ететін 47 әйел оқытылды: Ақтау қаласында-28 мен 29 сәуірде, Алматы қаласында 9-11 маусым аралығында, сондай-ақ Астана қаласында-1-3 қазан аралығында өтті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бастамасымен іске асырылған бағдарламаның мақсаты – мұнай-газ саласындағы жұмысшы әйелдерді дамыту, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.

Қатысушылар арасында сорғы станциясының машинистері, қабат қысымын ұстап тұру, мұнай-газ өндіру, ұңғымаларды зерттеу операторлары, басқару пультінің операторлары, тауар операторлары, химиялық талдау зертханашылары, электромонтерлер мен аспаздар бар.

Бағдарлама модульдері әйелдер құқықтары, эмоционалдық интеллект, отбасы құндылықтары, үнемді әрі экологиялық ойлау, цифрлық және қаржылық сауат тақырыптарын қамтыды.

«Жеті қадам» модульдік оқыту бағдарламасы

«Жеті қадам» жас көшбасшыларды дамытуға арналған модульдік бағдарламаны іске асыру аясында:
1. **7 Qadam Master** бағдарламасына қатысқан жеті маманның екеуі іріктеуден өтіп, оларды тәлімгерлер оқытып жатыр. Екі қатысушы 2025 жылғы қыркүйекте тәжірибе алмасу үшін Дацын қаласына (Қытай) барды, қараша айында Екатеринбург қаласында өткен (Ресей Федерациясы) чемпионатқа қатысып келді.
2. **7 Qadam Pro** бағдарламасына төрт қатысушы жобаларын қорғап, оның біреуі іріктеуден етті.
3. **7 Qadam Hub** бағдарламасына 28 адам қатысып, 28 жоба әзірленді, оның жетеуі іріктеуден өтті.

Корпоративтік мәдениет, коммуникация жүйесі, кәсіподақтар

Жалпы корпоративтік іс-шаралар

«KMG Skills» кәсіби дағдылар чемпионаты

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ҚМГ ЕТҰ қызметкерлері арасында чемпионат өткізілді. Іс-шараға 19 компанияның 100-ге жуық маманы қатысты.

Байқау 12 мамандық бойынша өткізілді, атап айтқанда: мұнай-газ өндіру, ұңғымаларды зерттеу, мұнай дайындау операторлары, технологиялық қондырғылар операторы, химиялық талдау зертханашысы, электромонтер, электр газ дәнекерлеуші, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь, технологиялық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету слесарі, компрессорлық қондырғылардың машинисі, технологиялық сорғылардың машинисі және токарь.

2025 жылғы желтоқсан айында байқаудың 12 жеңімпазы тәжірибе алмасу аясында «Өзбекнефтегаз» АҚ-ның «Бұхара мұнай өңдеу зауыты» ЖШҚ мен «Шортан газ-химия кешені» ЖШҚ-ға барды.

ҚМГ Спартакиадасы

Жұмысшы мамандықтар жылына арналған спорттық іс-шара 2025 жылғы 20-24 шілде аралығында өтті. Жарысқа ҚМГ-ның 30 еншілес және тәуелді ұйымдарынан 700-ден аса адам қатысты. Жарыс келесідей спорт түрлері бойынша өткізілді: футзал, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, садақ ату, шахмат, киберспорт, жүзу, тоғыз құмалақ, арқан тарту, армрестлинг және асық ату.

Жалпы командалық есепте жүлделі орындар келесідей бөлінді:
- 1-орын — «ҚазТрансОйл» АҚ (13 алтын медаль);
- 2-орын — «Өзенмұнайгаз» АҚ (2 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль);
- 3-орын — «АМӨЗ» ЖШС (1 алтын, 4 күміс, 1 қола медаль).

Қысқы спартакиада

2025 жылғы ақпан айында Астана қаласында «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының қызметкерлері арасында алғашқы қысқы спартакиада етті. Екі күн қатарынан командалар шайбалы хоккейден жарысқа түсті. Оның қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрамасы жеңімпаз атанды.

2025 жылғы 14 наурызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да Амал мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Іс-шара аясында ҚМГ басшысы «Самұрық-Қазына» бірінші қысқы спартакиадасының чемпионы атанған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның шайбалы хоккейден құрама командасына алғыс хаттар табыс етті.

Қайырымдылық марафоны
Жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған Munaily Marathon-2025 қайырымдылық жарысына 1 мың адам қатысты, олардың арасында ҚМГ мен оның еншілес компанияларының қызметкерлері, кәсіби спортшылар және Маңғыстау облысының тұрғындары болды. Қатысушылар 5 км және 10 км қашықтықты еңсерді.

Қайырымдылық жарыс барысында жиналған барлық қаражат Жаңаөзен қаласындағы ерекше балаларға көмек көрсететін «Балақай» оңалту орталығына жіберілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бұқаралық спортқа үнемі қолдау көрсетіп келеді. Өзінің қызметін жүргізетін өңірлердегі қайырымдылық бастамаларына тұрақты түрде қатысады және әлеуметтік жобаларды белсенді іске асырады.

«SK Әзіл Fest» әзіл фестивалі
Есепті жылдың қыркүйек айында Астана қаласында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткен «SK Әзіл Fest: Samruk Battle» әзіл фестивалінің финалы өтті. ҚМГ атынан әзіл-сықақ байқауында ӨМГ қызметкерлері өнер көрсетіп, өздерінің өткір әзілімен, сахналық шеберлігімен және командалық рухымен ерекшеленді. Финал қорытындысы бойынша ҚМГ командасы жеңіске жетті.

Ішкі бірыңғай коммуникация жүйесі
ҚМГ компаниялар тобында персоналдың қызығушылығын арттыруға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға және орнықты әлеуметтік климатты қамтамасыз етуге бағытталған ішкі бірыңғай коммуникациялар жүйесі құрылып, дәйекті дамып келеді.

Жүйе ҚМГ-ға қарасты 24 еншілес кәсіпорынды қамтиды, ол ұйымдарда тұрақты кері байланыс желілері жұмыс істейді, соның ішінде:
- бірінші басшылардың қызметкерлерді жеке қабылдауы;
- корпоративтік цифрлық коммуникация арналары;
- кәсіподақ ұйымдары арқылы өзара әрекет ету.

Мәселелерді қарау қорытындысы бойынша олардың 80 % астамы ЕТҰ деңгейінде шешіледі, шамамен 15 % ҚМГ-ның корпоративтік орталығы деңгейіне шығарылады және 5 % функционалдық пысықтауды немесе іс-шаралардың орта мерзімді жоспарларына енгізуді талап етеді.

Ішкі коммуникациялар аясында келіп түсетін кері байланыс – қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қалыптастыру көздерінің бірі. Іс-шаралардың 60 % астамы еңбек ұжымдарының өтініштері мен бастамалары ескеріліп қалыптастырылды.

2024-2025 жылдары ішкі коммуникациялар жүйесі шеңберінде жас мамандармен 50-ден астам кездесу өткізіліп, оған 2 мыңнан астам қызметкер қатысты. Бұл форматтар қызметкерлерді тарту деңгейін арттыруға және әлеуметтік шиеленістің алдын алуға бағытталған.

ҚМГ компаниялар тобының барлық ұйымдарында бірінші басшылардың қызметкерлерді жеке қабылдау практикасы енгізілген, бұл өтініштерді шұғыл қарауға және ұжымдар ішінде сенімді арттыруға ықпал етеді.

ҚМГ компаниялар тобында түрлі кері байланыс құралдары пайдаланылады, соның ішінде бірінші басшылардың блогтары, корпоративтік порталдар, ақпаратты іште тарату мен мессенджерлер бар. Бұл арналар басқару шешімдерін жедел жеткізуді және қызметкерлердің басшылықпен тікелей байланыс орнату мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

ҚМГ компаниялар тобының барлық мекемесінде әлеуметтік-еңбек мәселелерін келісуге және әлеуметтік тұрақтылықты қолдауға бағытталған кәсіподақ ұйымдарымен үнемі әлеуметтік диалог жүргізіліп тұрады.

Қызметкерлерді ақпараттандыру үшін бейнехабарландырулар, корпоративтік БАҚ, цифрлық арналар мен ақпараттық стендтер белсенді пайдаланылады. ҚМГ компаниялар тобының барлық ұйымдарында ұжымдарды шоғырландыруға және ортақ корпоративтік бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін корпоративтік және спорттық іс-шаралар өткізіледі.

Қызметкерлердің еңбек жағдайлары
ҚМГ компаниялар тобында еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бағытындағы жұмыстар жүйелі негізде жүргізіледі. Қызметкерлердің тұруын, тамақтануын ұйымдастыру мәселелері ЕТҰ-ның әлеуметтік тұрақтылықты жақсарту жөніндегі жоспарларында көзделген. Бұдан басқа, аталмыш жұмысты күшейту үшін ҚМГ-ның барлық еншілес және тәуелді ұйымдары персоналдың еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша бес жылға арналған (2023-2027 жылдарға) жеке жол карталары әзірледі.

ЕТҰ жоспарларына сәйкес 2025 жылы жалпы бюджеті бөлінген 21 млрд теңгеден астам қаражатқа 275 әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым нысандарын жақсарту көзделген болатын, оның 190 нысаны аяқталды. Қалған 85 нысан 2026 жылы аяқталады деп жоспарланған.

Кәсіподақтар
Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы еңбек заңнамасында салалық және өңірлік деңгейде белгіленген әлеуметтік серіктестік аясында жүзеге асырылады. Салалық деңгейде өзара іс-қимылдың негізгі өлшемшарттары (әлеуметтік кепілдіктер, еңбекті ұйымдастыру мәселелері, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясаты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаттары, еңбек қақтығыстарының алдын алу мен шешу және т. б.) Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімде айқындалған, оны әзірлеуге ҚМГ мен оның кәсіпорындарының өкілдері белсене атсалысты.

ҚМГ компаниялар тобында 35 мыңнан астам қызметкердің мүддесін қорғайтын 30 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді.

Өңірлік деңгейде әлеуметтік серіктестік бойынша облыстық комиссиялар бар, олардың шеңберінде өңірлік жұмыспен қамту және еңбекті қорғау мәселелерінен басқа нақты ұжымдық еңбек даулары қаралады. ҚМГ компаниялар тобының барлық ЕТҰ-да келісу комиссиялары құрылған және жұмыс істейді.

ҚМГ 2023-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы салаларындағы әлеуметтік серіктестік туралы салалық келісімнің баптарын мүлтіксіз сақтап, онда көзделген әлеуметтік кепілдіктерді, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту және еңбекті қорғау саласындағы міндеттемелерді орындайды, сондай-ақ жұмысшылардың өкілдерімен сындарлы өзара ықпалдастық тетіктерін іске асырады. Есепті кезеңде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2026-2028 жылдарға арналған жаңа салалық келісімді дайындауға және келісуге белсенді қатысып, әлеуметтік серіктестік тараптарының мүдделерінің тең болуын қамтамасыз етуге, кәсіпорындардың тұрақтылығын арттыруға және еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға бағытталған ұсыныстар енгізді. 2026-2028 жылдарға арналған салалық келісім әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның 2025 жылғы 29 қазандағы хаттамасымен келісілді.

Осы Келісімнің негізгі ережелері персоналдың әлеуметтік қорғалуын жақсарту, кәсіподақ ұйымдарының рөлін арттыру, қауіпсіз жағдайлар мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету және т.б. бөлігінде орындалады. Салалық еңбекақы төлеу жүйесінің қағидаттарын айқындау бөлігінде ҚМГ-ның еншілес ұйымдары тарифтік разрядтар арасындағы коэффициенттердің ең төменгі деңгейлерін және бірінші разрядты жұмысшының айлық тарифтік мөлшерлемесінің ең төменгі деңгейін ұстанады.

Кәсіподақтармен тұрақты кері байланысты сақтап тұру үшін ҚМГ-ның және еншілес кәсіпорындардың басшылығы кәсіподақ комитеттерімен үнемі кездесулер ұйымдастырады, онда ұжымдық шартты, еңбек тәртібін орындауға, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақы беруге қатысты аса өзекті мәселелер және кәсіпорындағы басқа да әлеуметтік маңызы бар сұрақтар талқыланады.

ҚМГ зейнеткерлеріне көмек көрсету бағдарламалары
Ұжымдық шарттарға сәйкес ҚМГ өз тарапынан жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерді орындайды. Зейнет жасына толып, еңбек сіңірген демалысқа шыққан кезде, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қызметкерлерге қаржылық қолдау көрсетіледі: Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мейрамдарына, мерейтой жасына жеткен кезде ақшалай көмек, олардың құнын ішінара өтей отырып, санаторийге жолдама беріледі және т.б.

2025 жылы компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне 3,4 млрд теңгеден астам мөлшерде материалдық көмек көрсетілді.

Жастармен жұмыс
ҚМГ жұмысшы кәсіптеріне және жаңа сұранысқа ие, оның ішінде мұнай-газ химиясы саласындағы мамандықтарға ерекше назар аудара отырып, кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін көтеру жүйесін дамытуды жалғастыруда. Бүгінде ҚМГ компаниялар тобында 13,5 мың жас маман еңбек етеді.

Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған Жастар форумының үш күндік оқыту бағдарламасы аясында ҚМГ-ның 32 еншілес ұйымынан 214 жас маман қатысты. Қатысушылар өндірістік процестерді басқарудың озық әдістемелерін нақты мысалдар арқылы игеруге, цифрландыру мен жасанды интеллектіні қоса алғанда, өзекті технологиялық трендтер бойынша білімдерін кеңейтуге, сондай-ақ көшбасшылық және командалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар оқу орындары мен кәсіпорындар арасында меморандумдар мен шарттар жасасу арқылы студенттерді дуалды оқыту бойынша жұмыс жалғасуда. Студенттерге оқу барысында кәсіби білімін үйрететін және практикалық сабақтарда бірге жүретін кәсіпорындардан тәлімгерлер бекітіледі. Тәлімгерлер өз білімдерін ішкі бағдарламалар арқылы да, «Атамекен» ҰКП бағдарламалары арқылы жетілдіріп отырады. Жоба аясында 39 студент жұмысқа орналасты, 352 студент оқуын жалғастырып жатыр.

Оқу орындары мен кәсіпорындардың өзара іс-қимылы бойынша жұмыстар жүргізілуде. ЕТҰ персоналы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және келісуге, түлектерді қорытынды аттестаттауға, колледждің индустриялық кеңесінің жұмысына қатысады. Тәжірибе алмасу мақсатында кәсіпорындардың жоғары білікті мамандары оқушыларға дәріс оқиды, шеберлік сыныптарын өткізеді, оқытушылар мен өндірістік оқытумен айналысатын шеберлерге тағылымдамалар ұйымдастырылады. 800 студент ҚМГ кәсіпорындарында өндірістік практикадан өтеді, олардың арасындағы ең белсенділері компанияның волонтерлік іс-шараларына қатысады.

ҚМГ жас мамандарды (жұмысшыларды) жастар форумдарына, спартакиадаларға, марафондарға, көңілді тапқырлар клубына және мұнай-газ саласының еңбек ардагерлерімен кездесулерге шақырып, жан-жақты қолдау көрсетеді.

«Еңбек адамының» беделі мен моделін насихаттау мақсатында подкасттар түсірілді, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жарияланып, бейнероликтер шығарылды.

«Жас маман» жобасы – бұл АМӨЗ-ге жас мамандарды тарту және оларды дамыту бағдарламасы. 2025 жылы жаңа қабылдау кезінде бір студент ірікteліп алынды. Алты студент оқуын жалғастыруда, оның төртеуі 2026 жылы оқуын аяқтайды.

KMGE School – бұл «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС үшін арнайы салалық мамандарды даярлау бағдарламасы. Іріктеу бакалавриаттың бірінші курсын (техникалық және кәсіптік білім беру базасында) немесе екінші курсын (жалпы орта білім базасында) бітірген студенттер арасында жүргізіледі. Оқу қорытындысы бойынша студент оқудан өткені туралы сертификат алады және «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де кемінде үш жыл жұмыс істейді. 2025 жылы он адам оқуын жалғастырды.

«Тағылымгер» жобасы бойынша мамандарды даярлау аясында үш мамандық бойынша оқыту жүргізіледі: технологиялық қондырғылардың операторы, технологиялық сорғылар мен компрессорлардың машинисі, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматиканың аспапшысы мен слесарі. 69 тағылымгер АМӨЗ-ге жұмысқа қабылданды.

Атырау облысындағы полиэтилен өндіретін болашақ «Силлено» зауытының пиролиз қондырғысының EPC мердігерлерінің бірі – Tecnicas Reunidas (TR) жобасы бойынша Испанияда инжиниринг саласында қазақстандық студенттерді оқыту бастады. Испаниялық компания инжиниринг және жобаларды басқару саласына қазақстандық мамандарды тарту үшін бағдарламаны іске қосты.

Нәтижелері:
- 120 түлек;
- бағыты: жобалау мен инжиниринг;
- мәртебесі: 31 түлек оқуын аяқтады;
- 22 түлек TR басшылық ететін жобаларда жұмыс істеуге шақырту алды.

2025 жылы ҚМГ-ның 14 ЕТҰ жоғары оқу орындарындағы 2 691 студентке қаржылай көмек көрсетті. Бұдан басқа, ҚМГ компаниялар тобында студенттердің өндірістік және диплом алдындағы практикасын ұйымдастыру мен өткізу бойынша Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беретін жоғары оқу орындарымен және мекемелерімен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізіледі. 2 272 студент 23 компанияда тәжірибеден өтті.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Ұжымдық шарттар

Компания қызметкерлермен ұжымдық шарт жасасу, оны өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін қатаң сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты береді, ұжымдық шарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды. Еңбек заңнамасына сәйкес кез-келген қызметкер өзінің өкілі арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеу жұмыстарына қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқылы.

Компания қызметінде қауымдастықтың еркіндігіне және қызмет түрлері немесе аумақтық сипаты бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығына қандай да бір шектеулер көзделмеген. ҚМГ әлеуметтік жауапты компания ретінде бұл құқықты толығымен қолдайды және қызметкерлердің бірлестікке қатысу еркіндігі құқығын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

ҚМГ компаниялар тобына кіретін кәсіпорындардың еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында компания ЕТҰ персоналы арасында наразылық пен шиеленістің туындауының алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асыруда. Қабылданған шаралар кәсіпорындардағы жағдайды бақылауға және өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Еңбек ұжымдарының әлеуметтік тұрақтылығын қолдауға қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мәселелері елеулі үлес қосып келеді.

2025 жылға ҚМГ компаниялар тобының 27 ЕТҰ-да ұжымдық шарттар қолданылды, онда қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін әлеуметтік қолдаудың 70-тен астам түрі көзделген. Сондай-ақ ұжымдық шарттар жасалмаған компанияларда ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес персоналға әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

2025 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған ҚМГ компаниялар тобындағы қызметкерлердің саны 41 357 адамды құрады.

Қызметкерлерді қолдау шаралары


ҚМГ-ның Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Павлодар облыстарында орналасқан еншілес кәсіпорындары толық жұмыспен қамту жағдайында еңбек ететін өз қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер ұсынады:
- жыл сайынғы еңбек демалысына сауықтыру арналған материалдық көмек;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері ауырған жағдайда медициналық ерікті сақтандыру (медициналық қызмет көрсету, дәрі-дәрмек пен стоматология қызметтеріне жұмсалатын шығынды өтеу);
- ауруларына байланысты диспансерлік есепте тұрған қызметкерлерге жолдама сатып алу;
- профилактикалық тексеру қорытындысы бойынша санаторий-курорттық емделуге жолдама шығыстарын өтеу;
- өмірде қиын жағдайға тап болған, мұқтаж адамдарға материалдық көмек (емдеу, операциялар);
- Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысқан, Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен қызметкерлерге, Ауған, Тәжік-Ауған соғыстарының ардагерлеріне және ҰОС ардагерлеріне теңестірілген адамдарға материалдық көмек;
- қызметкерге мүгедектік берілген байланысты төлем (өндірісте еңбек жарақатын алған жағдайда);
- еңбекке жарамсыздық парақтарына қосымша ақы төлеу;
- мүгедектігі бар қызметкерлерге материалдық көмек;
- еңбек міндеттерін орындаумен байланысты кәсіптік ауру анықталған кезде толық қалпына келгенше немесе мүгедектік берілгенше жәрдемақы төлеу;
- бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалысқа кеткен қызметкерлерге материалдық көмек;
- мүгедек баласы бар қызметкерге жыл сайын материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты демалысқа ақы төлеу;
- қызметкер зейнет жасына толған кездегі жәрдемақылар;
- қызметкерлердің мерзімінен бұрын зейнетке шығуы кезіндегі төлемдер;
- ем алу және дәрі-дәрмек шығындарын өтеу;
- мерекелерге, санаторлық емдеуге, мерейтой жасқа және т. б. материалдық көмек;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне қарастырылған басқа да жеңілдіктер.

2025 жылы ҚМГ кәсіпорындарында ерікті әлеуметтік жеңілдіктер берудің бірыңғай жүйесін белгілеу және олардың транспаренттілігін, кәсіпорынның қаржылық-экономикалық мүмкіндігіне қарай айқындау және бөлу кезінде қағидаттар мен тәсілдердің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұжымдық шарттарды стандарттау бағытындағы жұмыс жалғасты.

2025 жылы ҚМГ компаниялар тобында барлық әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер сақталып, ұжымдық шарттарға сәйкес төленді. Жалпы, 2025 жылы қызметкерлерге және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге 31 млрд теңге мөлшерінде әлеуметтік қолдау көрсетілді.



Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шығыстары[1], млрд теңге



ҚМГ қызметкерлері арасында әлеуметтік қолдаудың бөлінісі

Көрсеткіш	%
1. Қызметкерлерді сауықтыруға және демалуға арналған әлеуметтік төлемдер:	20
• медициналық сақтандыру	
• қызметкерлердің демалысы	
• спорт және дене тәрбиесі	
• жеңілдікті талаптармен еңбекке жарамсыздық парақтарын төлеу	
2. Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне байланысты әлеуметтік төлемдер:	13
• бала туған кезде	
• қызметкерлер балаларының демалысы	
• балабақшаларға жұмсалатын шығынды төлеу	
• мектеп керек-жарақтарын сатып алу	
3. Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек	7
4. Әлеуметтік қолдаудың басқа түрлері	60

2025 жылы ҚМГ компаниялар тобының 3 326 қызметкері сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік, ведомстволық және өзге де наградалармен марапатталды, оның ішінде:

- мемлекеттік наградалар — 84 қызметкер;
- кәсіби наградалар («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҚМГ наградалары) — 1 794 қызметкер;
- өзге наградалар (министрліктердің, қауымдастықтардың, сондай-ақ зауыттар мен басқа да мекемелердің марапаттары) — 1 448 қызметкер.

Еңбек қауіпсіздігі

Өнеркәсіптегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚМГ республиканың ең ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірі ретінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және Компанияның өндірістік нысандары орналасқан аймақтарда тұратын персонал мен халықтың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөледі. Қызметкерлер Компанияның еңбек қызметі үшін қауіпсіз жағдай жасайтынын және жұмыс орнында еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін ең жоғары стандарттарды енгізетінін айтады.

ҚМГ басшылығы еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқаруға барынша белсене атсалысады.

2025 жылғы қаңтар айында Астана қаласында ҚМГ еншілес ұйымдары бас директорларының IX жыл сайынғы «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» атты форумы өтті. Іс-шараға ҚМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов, компанияның еншілес кәсіпорындарының басшылары, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.», «Теңізшевройл» және «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ірі мұнай-газ компанияларының өкілдері қатысты. Жиында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқыланды.

2025 жылғы желтоқсанда еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне арналған ЕТҰ-ның өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметтерінің басшыларының қатысуымен HSE форумы өтті. «Біртутас HSE командасы» ұранымен өткен іс-шара жүйелік проблемаларды терең талдау және қауіпсіздікті дамытудың жол картасын қалыптастыру алаңына айналды. Іс-шараға ҚМГ басшысы Асхат Хасенов, бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев, ҚМГ-ның 30-дан астам еншілес компанияларының өкілдері, сондай-ақ сарапшылар қатысты. Форумда өндірісте жарақат алуды азайту, қауіпсіздік мәдениетін жақсарту мәселелері талқыланды және қатысушылар цифрлық шешімдерді енгізу бойынша тәжірибе алмасты.

2025 жылдың басты көрсеткіштері
2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда жазатайым жағдайлардың саны бойынша оң динамика байқалды: көрсеткіш 2024 жылғы 21 жағдайдан 2025 жылы 20 жағдайға дейін төмендеді, яғни 5 % азайды. Бұл ретте еңбек қызметімен байланысты оқыс оқиғалардың салдарынан зардап шеккендердің саны өткен жылдың деңгейінде қалып, 21 адамды құрады.

Жол-көлік оқиғаларының саны 2024 жылдың деңгейінде қалды және есепті кезеңде осындай алты жағдай болды. 2025 жылы да, 2024 жылы да өрт шығу оқиғалары тіркелген жоқ.

2025 жылы еңбек қызметімен байланысты адам өліміне әкелген бір жағдай тіркелді. «Өзенмұнайгаз» АҚ слесарь-жөндеушісіне жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде пештің оттығы құлап, салдарынан ол ауыр дене жарақатын алып, қайтыс болды. ӨМГ ұжымдық шарты аясында оның отбасына материалдық көмек көрсетілді.

Тергеу нәтижесінде оқиғаның себептері қайтыс болған адамның өрескел абайсыздығы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны және жұмыс өндірісінің нашар ұйымдастырылғаны анықталды. Бұл жағдайдан кейін тиісті шаралар қабылданды, атап айтқанда нұсқаулықтар, түсіндіру жұмыстары жүргізілді, технологиялық регламент қайта қаралып, жұмыстарды орындау процесі қауіпсіз әдістермен толықтырылды және барлық жұмысшылармен онымен танысып шықты. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық та қайта қаралып, ӨМГ-нің барлық жұмысшылары онымен танысты, қауіп-қатері жоғары жұмыстарды атқару кезіндегі электрондық наряд-рұқсат беру жүйесі енгізілді.

[1] Есепке қатысу үлесі 51 % және одан көп шоғырландырылатын компаниялар алынған.

ЕҚжӨҚ[1] негізгі көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2025/2024 ауытқу	%
Жазатайым жағдайлар	жағдай	28	21	20	–1	–5
Жазатайым жағдай кезінде зардап шеккендер	адам	29	21	21	–	–
• Өліммен аяқталғандар	адам	2	1	1	–	–
Жол-көлік оқиғалары	оқиға	19	6	6	–	–
Өрт	оқиға	0	0	0	–	–

Жазатайым және өлім-жітім коэффициенті

Көрсеткіш	2023	2024	2025	IOGP[2]
Жұмыс уақытын жоғалтқан жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR), 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,30	0,22	0,21	0,21
Өлім-жітім коэффициенті (FAR), 100 млн адам-сағатқа шаққанда	2,11	1,03	1,01	0,57

Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару
Есепті кезеңде ҚМГ компанияларының барлық тобы бойынша технологиялық қауіпсіздікті басқару тәсілдерін дамыту және өндірістік процестердің тұрақтылығын арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Негізгі басымдық корпоративтік орталық пен ЕТҰ іс-қимылдарының үйлесімдігін қамтамасыз ететін бірыңғай басқарушылық және әдістемелік бағытты қалыптастыруға, сондай-ақ технологиялық тәуекелдерді бағалау мен төмендетуге салыстырмалы тәсілдерді қолдануға берілді.

Жұмыстың маңызды бағыты – өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқарудың мақсатты моделін нақтылау және одан әрі дамыту (Process Safety Management – PSM). Өзгерістерді басқару жүйесін (Management of Change – MOC) дәйекті нығайту және өндірістік өзгерістерді басқаруды, техникалық деректердің өзектілігін және басқару шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін базалық элементтер ретінде өндірістік қауіпсіздіктің ақпараттық дерекқозін (Process Safety Information – PSI) дамыту жоспарлануда.

2026 жылы технологиялық қауіпсіздік жөніндегі бастамаларды іске асырудағы ұйымдастыру тетіктерін дамыту көзделіп отыр:
- жобаларды басқару жүйесін жетілдіру;
- процеске қатысушылардың рөлі мен жауапкершілігін келісу;
- корпоративтік деңгей мен өндірістік алаңдар арасындағы өзара іс-қимылдың тұрақты құралдарын қалыптастыру.

Бұл тәсіл технологиялық тәуекелдер деңгейіне әсер ететін өзгерістер мен іс-шараларды жүзеге асыру кезіндегі міндеттер орындалуының болжамдылығын, бақылау сапасын және басқару шешімдерінің дер кезінде қабылдануын арттыруға мүмкіндік береді.

Персоналдың кәсіби шеберлігін дамыту жеке басымдық болып қала бермек. Жыл бойы өзгерістерді басқару және қауіп-қатерді анықтау мен талдау тәсілдерін қоса алғанда, технологиялық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттары мен құралдары бойынша оқыту тәжірибелерін кеңейту жоспарлануда.

Ақпаратпен қамтамасыз ету бөлігінде технологиялық қауіпсіздік саласындағы шешімдерді қолдау үшін пайдаланылатын техникалық және ұйымдастырушылық ақпаратты басқару тәсілдерін одан әрі дамыту жоспарлануда. Тәуекелдерді дұрыс бағалау және өзгерістер кезінде шешім қабылдау үшін қажетті деректердің реттілігін, қолжетімділігін және өзектілігін арттыру, сондай-ақ осы ақпаратты өндірістік процестер үшін пайдалану тәжірибесін жетілдіру – бұл негізгі басымдық. Осы бағыт аясында ақпаратты жүйелі есепке алу мен талдауды қамтамасыз ететін негізгі дерекқорлар мен тізілімдерді дамыту көзделеді:
- технологиялық тәуекелдер тізілімі — тәуекелдерді бағалау мен жіктеу дерекқорлары;
- оқыс оқиғалар тізілімі — апаттардың алдын алу үшін оқыс оқиғаларды есепке алу мен талдау жүйелері.

Жалпы, жоспарланған іс-шаралар технологиялық қауіпсіздікке бірыңғай көзқарасты нығайтуға, процестерді басқаруды дамытуға, негізгі тәжірибелердің жетілдіруін арттыруға және тұрақты құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған, бұл елеулі технологиялық оқиғалардың ықтималдығын жүйелі түрде төмендетуге және ҚМГ компаниялар тобының өндірістік қызметінің сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ЕҚжӨҚ саласындағы оқыту
2025 жылы ҚМГ компаниялар тобында 2025-2027 жылдарға арналған өндірістегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасын іске асыру аясында ҚМГ компаниялар тобының және мердігер ұйымдардың 56 046 маманы ҚР заңнамалық талаптарында көзделген міндетті оқумен қатар өндірістегі қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы халықаралық бағдарламалар бойынша (NEBOSH, IOSH Managing Safely, ISO 45 001, HACCP, Defensing Driving және басқалар) оқудан өтті.

Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамыту және персоналдың кәсіби құзыреттерін арттыру аясында 2025 жылы «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-мен бірлесіп әзірленген «Жұмыс орнындағы тиімді нұсқаулық» курсы бойынша еншілес және тәуелді ұйымдардың 2 985 желілік басшылары оқытылды. Оқыту бағдарламасы сапалы нұсқамаларды өткізу, наряд-рұқсат беру жүйесін қолдану, кәсіптік тәуекелдерді бағалау мәселелерін, сондай-ақ «Қорғау» бағдарламасы аясындағы қауіпті әрекеттер мен жағдайларға уақтылы араласу дағдыларын қамтиды.

Есепті жылы «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-мен бірлесіп әзірленген «Қауіпті аймақ: жабдықпен қауіпсіз жұмыс істеу қағидаттары» мамандандырылған курсы бойынша 7 016 қызметкер онлайн оқудан өтті. Бұл оқыту өндірістік тәуекелдер деңгейін төмендетуге және қауіпті өндірістік нысандарда тұрақты қауіпсіз мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Көлік қауіпсіздігі
2025 жылы «Сапарларды басқару» жобасы аясында мұнай сервистік еншілес ұйымдардың («Oil Services Company» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС) көлікпен қамтамасыз етуді басқару жөніндегі негізгі процестерді цифрлық форматқа көшіру жұмыстары аяқталды. Есепті кезеңде көлікке және арнайы техникаға өтінімдер беру модулінің өнеркәсіптік пайдалануы қамтамасыз етілді, қажеттілікті жоспарлау, тапсырмаларды бөлу жоспарларын қалыптастыру мен орындау іс-шараларын автоматтандыру жүргізілді, сондай-ақ көлік пен жүргізушілердің қолжетімділігіне мониторинг енгізілді. Оқыс оқиғаларға қатысты онлайн-хабарламалар алу үшін (қозғалыс қауіпсіздігі, жылдамдық режимі, күрт тежеу және жеделдету) көліктің қозғалысын мониторингтеу үшін GPS жүйелерімен интеграция жасалды. Қызметкерлерге онлайн-режимде өтінімдердің көлемін, олардың орындалу коэффициентін, автопарктің жүктелуін және техниканың нақты пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік беретін базалық сараптамалық құралдар қолданысқа енгізілді. Алдағы уақытта есепке алу жүйелерімен біріктіру үшін көліктің жүру уақыты мен техникалық жай-күйінің өтпелі есебін қамтамасыз ететін «Жол парақтары» және «Жөндеу» модульдерінің функционалдық макеттері дайындалып келісілді.

2026 жылы «Сапарларды басқару» жобасы «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз»АҚ өндіруші активтеріне таратылатын болады. Бұл жұмыс аясында «Сапарларды басқару» жобасының базалық модульдерін (көлікке электрондық өтінім беру, тапсырыстарды бөлу жоспары және сараптамалық дашборд) іске асыру көзделген.

2024 жылы ҚМГ ЕТҰ жұмысшыларының қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеті туралы хабардар болу деңгейін арттыру үшін ҚОА мен ЕМГ кәсіпорындарында 2 бірлік конвинсер[1] сатып алынды. Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобына қарасты келесі ЕТҰ-да 5 конвинсер бар: ҚТО, ӨМГ, ОТК, ҚОА, ЕМГ. 2025 жылы «ЖКО-ны тоқтат» науқаны аясында ЕТҰ мен мердігер ұйымдардың 22 394 маманы қатысқан конвинсердің тәжірибелік көрсетілімі өткізілді.

[1] Еңбекті қорғау және өнеркәсіптегі қауіпсіздік.
[2] IOGP-дің 2024 жылғы жария көрсеткіштері (https://www.iogp.org).

[1] Конвинсер — жол-көлік оқиғасы кезінде бет-бетпе соқтығысуының тренажер имитаторы. Құрылғы қауіпсіз жағдайда 10 км/сағ жылдамдықта фронтальды соқтығысу кезіндегі соққының күшін сезінуге мүмкіндік береді.

Өрт қауіпсіздігі
2025 жылы ҚМГ нысандарында өрт жағдайлары тіркелген жоқ.

ҚМГ ЕТҰ нысандарында өртке қарсы қауіпсіздік шараларын арттыру мақсатында 2025-2027 жылдарға арналған ҚМГ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасы әзірленіп, бекітілді. Жол картасы аясында жыл бойы өртке қарсы профилактикалық шаралар жүргізілді. Сонымен қатар 2025 жылдың ішінде Жол картасына сәйкес барлық ЕТҰ-да жоспарлы өрт-тактикалық жаттығулар өткізілді.

Әзербайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Татнефть» ЖАҚ, «Өзбекнефтегаз» АҚ арасында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы ынтымақтастық туралы қол қойылған төртжақты меморандумға сәйкес 2025 жылғы 29 тамызда «Ембімұнайгаз» АҚ ұңғымасында жанған және зардап шеккен адамы бар апатты жою бойынша оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығуға Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Атырау облысы бойынша Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің күштері мен құралдары, шетел делегациялары қатысты.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысының өкілдерінің қатысуымен «CASPI Bitum» БК» ЖШС-де мұнайы бар вертикалды болат резервуарында шартты өртті сөндіру бойынша жаттығу өткізілді.

ҚМГ корпоративтік орталығында 2025 жылдың ішінде адамдарды эвакуациялаумен және ғимаратта шартты өртті сөндірумен екі өртке қарсы жаттығу өткізілді.

Әдістемелік көмек көрсету және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін есепті жылы ҚМГ ЕТҰ-да өртке қарсы қорғанысты күшейту (өрт қауіпі жоғары, жылыту маусымында және мереке күндері), өрт қауіпсіздігі нормаларын түсіндіру жөнінде хаттар дайындалып, жолданды.

ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ[1] саласындағы өзара іс-қимыл
2025 жылы ҚМГ компаниялар тобында 2025-2027 жылдарға арналған ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде «Өндіру» және «Мұнай сервисі» бизнес-бағыттарында жұмыстарды орындау кезінде болған оқиғаларды талдауды ескере отырып, мердігер және қосалқы мердігер ұйымдарда өндірістік тәуекелдердің жоғары деңгейімен сипатталатын ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені іске асырылды.

Жауапкершілікті бөлудің және өлшенетін қызметтің басты көрсеткіштері (ҚБК) айқындаудың мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар барлық жұмыс түрлерін тәуекел деңгейлері бойынша (төмен, орташа және жоғары) жіктеу, сондай-ақ мердігер ұйымдар үшін өндірістік қауіпсіздікке қатысты ҚБК-ны енгізу қамтамасыз етілді.

Мердігер ұйымдармен жасалатын өзара іс-қимыл бойынша бақылау деңгейін күшейту мақсатында келісімшарт әкімшілерінің, желі басшыларының және ӨҚ, ЕҚ мен ҚОҚ қызметтерінің бөлігіндегі рөлін арттыру тетіктері пысықталды:
- мердігер ұйымдардың және қосалқы мердігер ұйымдардың ішкі тексерістерін (аудит) жүргізу;
- оқиғалар мен сәйкессіздіктердің негізгі себептерін талдау;
- түзету іс-шараларын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау.


2025 жылғы қарашада мердігер ұйымдардың бірінші басшыларының, бас директорларының және «Өндіру» мен «Сервис» бизнес-бағыттары бойынша ЕТҰ шарттары әкімшілерінің қатысуымен HSE форумын өткізу шеңберінде өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне серіктестік көзқарасты қалыптастыруға және мердігерлердің өз қызметінің нәтижелері үшін саналы жауапкершілігін арттыруға бағытталған негізгі басқарушылық және коммуникациялық бағдарлар айқындалды.

2025 жылы мердігер ұйымдардың қатысуымен болған оқиғалар санын азайту мақсатында ҚМГ корпоративтік орталығы 18 ЕТҰ-да ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл процестерінің сәйкестігіне аудит жүргізді. Аудит нәтижелері бойынша мердігер ұйымдарда да, ЕТҰ-да да жағдайды жақсарту бойынша 824 ұсыныс берілді. Сондай-ақ ЕТҰ/филиалдар аумағында мердігер ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздігінің жай-күйіне 5 883 тексеру жүргізілді.

2025 жылы мердігер ұйымдардың қатысуымен болған оқиғалардың нәтижелі жұмысын бағалау өндірістік оқиғалардың ең көп саны мынадай бағыттарда тіркелгенін көрсетті: ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу — 35 %, сервистік қызметтер — 26 %, көлік қызметтері — 26 %.

[1] Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау.

Мердігер ұйымдарда көрсетілген қызметтер бойынша болған оқиғалардың пайызы, %



35 Ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу
26 Көлік қызметтері
26 Сервистік қызметтер
5 Күзет қызметтері
4 Өндірістік және құрылыс жұмыстары
4 Зертханалық зерттеулер

Мердігер ұйымдардың қатысуымен болған жазатайым, өлім-жітім жағдайларының, жол-көлік оқиғаларының коэффициенттері

Көрсеткіш	2023	2024	2025	IOGP[1]
Жұмыс уақытын жоғалтқан жарақат алу коэффициенті (LTIR), 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,36	0,32	0,45	0,24
Өлім-жітім коэффициенті (FAR), 100 млн адам-сағатқа шаққанда	12,0	3,86	10,38	0,84
Жол-көлік оқиғаларының коэффициенті, жүріп өткен 1 млн километрге шаққанда	0,28	0,05	0,07	0,03

ЕҚжӨҚ бағытын цифрландыру
2025 жылы қауіпті технологиялық операцияларды жүргізу, ұңғымаларды жерасты жөндеу кезінде оқыс оқиғалардың алдын алуға және қызметкерлерге кері әсерді азайтуға бағытталған TUMAR өндірістік қауіпсіздік жөніндегі автоматтандырылған интеллектуалды жүйені әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

2025 жылғы қаңтарда TUMAR ӨҚ жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) сервисі «Oil Services Company» ЖШС-нің Жетібай және Қаламқас («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ) кен орындарында ұңғымаларды күрделі жөндеудің (ҰКЖ)/ұңғымаларды жерасты жөндеудің (ҰЖЖ) он бригадасында пилоттық тәсілмен іске қосылды, онда барлық үш модуль штаттық режимдежұмыс істеп тұр.

«Oil Services Company» ЖШС-де Жетібай және Қаламқас орындарында 60 ҰКЖ/ҰЖЖ бригадасында жобаны енгізу бойынша жұмыс жалғасуда.


2026 жылы жобаны «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ сияқты ЕТҰ-да енгізу жоспарлануда.

Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы
Қазақстан Республикасы заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес компанияда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару жүзеге асырылады. ҚМГ өндірістік процеске қарамастан, өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

2025 жылы ЕТҰ қызметкерлері арасында еңбек қызметімен байланысы жоқ өлім-жітім саны 2024 жылмен салыстырғанда орташа есеппен төртке немесе 33 % қысқарды. Бұл оқиғалардың негізгі себептері – қызметкерлердің жүрек-қан тамыры аурулары болды.

[1] IOGP-дің 2024 жылғы жария көрсеткіштері (https://www.iogp.org/).

Еңбек қызметімен байланысы жоқ өлім-жітім саны



ҚМГ-да «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының персоналын сауықтыру бағдарламасының 2025-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қолданылады, ол өндірістік кәсіпорындарында медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға және шұғыл медициналық көмек көрсетуге, ҚМГ компаниялар тобында қызметкерлерді сауықтыру жөніндегі іс-шараларды енгізуге және іске асыруға бағытталған.

ҚМГ қызметкерлерін сауықтыру бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспарының негізгі бағыттары:

- кәсіптік аурулардың және қауіп факторларының алдын алу, қызметкерлердің денсаулық жағдайын мониторингтеу;
- кешенді сауықтыру іс-шаралары;
- еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар;
- санитарлық бағыттағы ағарту жұмыстары.

Корпоративтік стандарттардың талаптарын қамтамасыз етуді бақылау және мониторингтеу мақсатында кешенді тексерулер (аудиттер) жүргізу үшін ҚМГ корпоративтік орталығы мен ЕТҰ мамандарынан жұмыс тобы құрылды.

2025 жылы өндірістік нысандарда өлім қаупін жою үшін алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары бойынша ЕТҰ-ның 21 546 маманы оқытылды.

Шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламентке сәйкес ҚМГ компаниялар тобында өндірістік нысандарында, соның ішінде өндірістік аумақтарда орналасқан мердігер ұйымдардың қатысуымен Шұғыл медициналық әрекет ету жоспарына сәйкес 1, 2 және 3-деңгейлі 1 633 медициналық оқу дабылы өткізілді.

Аппараттық кешендерді енгізу жұмыстары жалғасуда: медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесі (МТАЖ) іске қосылды, 2025 жылы ҚМГ-ның ЕТҰ-да 69 бірлік МТАЖ енгізілді.

Созылмалы аурулардың қауіп факторларын ерте анықтау және пациенттерді бақылау процестерін жақсарту және жоспардан тыс госпитализация деңгейін төмендету мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ-да маңызды медициналық артықшылықтары бар киілетін құрылғыларды енгізу жобасы іске асырылуда. Әлеуметтік-экономикалық жағынан технология салауатты өмір салтына деген ынтаны арттырады, емдеу шығындарын азайтады, сондай-ақ осындай шешімдерді таратудың экономикалық тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-де Әлібекмола кен орнында интеллектуалды медициналық кешеннің пилоттық жобасы іске асырылуда, оған пупиллометриясы бар және оттегі коктейльдерін дайындауға арналған аппараттық МТАЖ жабдықтар кіреді. Жүйе сағат сайын автоматты түрде өлшемдер жасайды, өшірілген кезде сигнал береді, қашықтықтан бақылауды және HealthLink пен Trust Меплатформаларымен интеграцияны қамтамасыз етеді.

«АМӨЗ» ЖШС-де HACCP тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі жүйесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыс тобы құрылды және «АМӨЗ» ЖШС асханаларында ҚР СТ ISO 22000-2019 талаптарына сәйкес тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджменті жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Тауар жеткізушімен/қызмет көрсетушімен өзара іс-қимыл

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары – заңдар мен ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адал бәсекелестікті дамыту және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер ұсыну. Сонымен қатар ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру аясында отандық өндірушілерді қолдау үшін сатып алу қызметі саласында бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметі екі құжатпен реттеледі:

1

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Заң квазимемлекеттік сектор компаниясының, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына тиесілі компаниялардың жұмыс істеуін және жарғылық қызметін жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (ТЖҚ) сатып алудың базалық қағидаттары мен негізгі ережелерін реттейді.

2

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (участие үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі, ол сатып алудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, сатып алуды басқарудың жалпы тәртібін айқындайды сатып алу қызметін басқару саласындағы Қордың және сатып алу жөніндегі қор операторының құзыреті, сатып алу қызметі процестеріне қойылатын негізгі талаптар, сатып алудың қолданылатын тәсілдерін айқындау, бір көзден сатып алуды қолдану үшін негіз, сондай-ақ сатып алу санаттарын басқару, сатып алуды жоспарлау, жеткізушілерді басқару және таңдау, жеткізу шарттарын басқару бойынша сатып алу қызметінің процесін егжей-тегжейлі көрсетеді.

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу рәсімдерінде озық халықаралық стандарттар мен технологиялардың негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді (бірінші кезекте мемлекеттік құпияға байланысты жекелеген ерекшеліктерді қоспағанда), сатып алудың барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін «Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі» (ЭСАЖ) порталы қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық процедураларын автоматтандыруға және стандарттауға мүмкіндік береді (жоспарлау процесінен бастап келісімшартты басқаруға дейін), тапсырманы орындау уақытын қысқартуға және адам факторының әсер ету дәрежесін төмендетуге мүмкіндік береді. Электрондық сатып алу нарыққа қол жеткізуді қамтамасыз етеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығындардың төмендеуіне ықпал етеді.

ЭСАЖ-дан басқа, тапсырыс берушілер Қор басқармасы бекітетін тауарлар санаттарының тізбесі бойынша www.skstore.kz электрондық дүкенде белгілі бір өндірушілерден нақты маркалар мен үлгідегі тауарларды сатып ала алады (шекті сомасы 20 мың айлық есептік көрсеткішке дейін).

Сатып алу рәсімдері мен сатып алу келісімшарттарына қатысты сатып алу туралы ақпаратты, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуға шақыру және шарт жасасу талаптары туралы ақпаратты көпшілікке таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен Сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелестік сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген ережелер немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда, сатып алу нәтижелеріне шағымдануды қоса алғанда, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

Сатып алудың жалпы көлемі
2025 жылғы жылдық сатып алу жоспарының жалпы көлемі ҚҚС-ты қоспағанда, 1 299 млрд теңгені құрады. ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – бір көзден сатып алу тәсілін азайту және бәсекелес сатып алу санын ұлғайту. Бәсекелес сатып алулар ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электрондық дүкен және тауар биржасы жолдары бойынша жүргізіледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобы бойынша жылдық жоспардың бәсекелестік сатып алу сомасы 626 млрд теңгені немесе 48 % құрады, бұл ҚМГ-ның адал бәсекелестікті және тұрақты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын растайды. Бәсекелес емес сатып алу (бір көзден алу тәсілімен) бәсекелес тәсілмен сатып алу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Бәсекелес сатып алулар, ҚҚС-ті қоспағанда млрд теңге[1]

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
2022	237	23	275	26	512	49
2023	302	25	320	26	622	51
2024	258	22	335	29	593	51
2025	285	22	341	26	626	48

Ұзақ мерзімді сатып алу келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауар, жұмыс, қызметтің жалпы көлемі және жергілікті қамту үлесі[2]

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
2020	472	71	1 354	86	1 826	82
2021	273	57	943	85	1 216	78
2022	410	58	1 290	90	1 700	82
2023	1 142	76	1 932	90	3 074	85
2024	1 347	83	2 303	91	3 650	87
2025	1 318	70	2 277	90	3 595	83


Әлеуетті тауар жеткізушілерді/қызмет көрсетушілерді алдын ала біліктілік бойынша іріктеу
Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін жетілдіру – ҚМГ үшін басым міндеттердің бірі. Осы міндетті шешудің орынды құралы әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізу тетігін іске асыру болып саналады.

Алдын ала біліктілік бойынша іріктеу (АБІ)[3] — сауалнама және аудит арқылы жүргізілетін, Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі бойынша айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті өнім берушілерді бағалау процесі.

АБІ-нің негізгі мақсаттары – білікті, тиісті түрде іріктелген жеткізушілерді анықтау, Қордың портфельдік компанияларының қажеттіліктері үшін тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алу тиімділігін арттыру.

[1] Бәсекелес сатып алуларға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және тауар биржасы арқылы сатып алу жатады.
[2] Ұзақ мерзімді сатып алу келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауардың, жұмыс пен қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдану арқылы жүргізілген сатып алулар ескеріле отырып есептелген.
[3] АБІ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер біліктілік органы комиссиясының шешімі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында ашық қолжетімділікте орналастырылған білікті әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енгізіледі.

АБІ процедурасы



ҚМГ Қордың барлық ПК (портфельдік компаниялары) арасында АБІ-ні дамытуға белсенді қатысады. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ комиссиясы бекіткен Қордың ПК-на арналған АБІ мәселелері бойынша 78 санаты ішінен 44 санат бойынша біліктілік критерийлерді ҚМГ әзірледі, бұл АБІ санаттарының жалпы санының 56 % құрайды.

«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС әзірлеген Қордың барлық ПК (оның ішінде ҚМГ-ның ЕТҰ) үшін үш санаты қосымша бекітілді.

Осылайша, бүгінгі күні Қордың АБІ жөніндегі комиссиясы АБІ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер арасында ашық тендер тәсілімен ҚМГ ЕТҰ сатып алуды жүргізу үшін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің 47 санатын бекітті.

ҚМГ 2025 жылы қосымша әзірлеген АБІ жүргізуге арналған жұмыстардың жеті санаты бойынша біліктілік критерийлері АБІ жөніндегі қор комиссиясының келісу және бекіту процесінен өтіп жатыр.

Санат бойынша сатып алу
Сатып алу санаттарын басқару – басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін әзірлеу процесі.

Санатқа бөлу сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, маңызды, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттарды басқару санат бойынша сатып алу стратегиясын әзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін анықтайды. Санат бойынша сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санатарын басқару тәсілдері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуға тиіс.

Санаттарды басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара іс-әрекет жасау арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді. Жеткізудің бұл әдісі тиімді, өйткені ол сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару мыналарды қамтиды:
- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санатқа бөлу және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша сатып алу категориялық стратегияларын әзірлеу (жаңарту) және бекіту;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыруды мониторингтеу;
- жеткізушілерді дамыту.

2018-2025 жылдардағы санат бойынша сатып алу көлемі мен пайдасы, млн теңге

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Санат бойынша сатып алу көлемі	13 948,38	41 531,68	49 716,04	109 447,54	93 618,92	115 545,23	124 942,2	112 183,33
Сатып алуды санат бойынша басқарудың пайдасы	1 565,01	4 101,81	7 011,23	13 109,53	8 435,32	7 534,63	13 368,3	18 296,6

Импортты алмастыру
Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайтын компания ретінде ҚМГ «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII Заңының талаптарына сәйкес сатып алуларда импортты алмастыруды ынталандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді (офтейк-келісімшарттарды жасасу және орындау тәртібі. Жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің бағдарламасы, бұдан әрі — Бағдарлама). Бағдарламаның негізгі мақсаты – негізінен компания қызметін жүргізетін өңірлерде жаңа өндірістерге бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында сұранысқа ие өнімдерді шығару мақсатында технологиялық қайта жарақтандыру.

Офтейк-келісімшарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуді кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыру жобаларының іске асырылуын көздейді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ ЕТҰ 2025 жылы жалпы сомасы 16 млрд теңгеге 124 офтейк-келісімшарт жасасты.

Офтейк келісімшартына сәйкес кесте

Жыл	Саны	Сомасы, млн теңге[1]
2019	10	270
2020	41	686
2021	49	388
2022	56	791
2023	64	1 687
2024	137	58 688
2025	124	16 031

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі №353 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2023 жылы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 6-тармағына сәйкес, ҚМГ ұйымдары үшін 2025 жылға «тауарларды сатып алудағы офтейк-келісімшарттардың үлесін» 11 % жеткізуге арналған жаңа ҚБК әзірленіп, бекітілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-ның сатып алуларындағы офтейк-келісімшарттардың үлесі 18 % құрады.

2025 жылғы ірі жобалардың жергілікті қамту (ЖҚ) бойынша басты көрсеткіштері

Көрсеткіш	ТШО		СКЖ		Қарашығанақ	
	Жалпы сомасы,	ЖҚ үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Жергілікті қамту үлесі, %
Жергілікті ТҚЖ-ға төленген жалпы сома	2,543 млрд АҚШ долл.	70	864 млн АҚШ долл.	70	1,2 млрд АҚШ долл.	61
Жергілікті тауарларға жұмсалған шығын	453 млн АҚШ долл.	11	100,7 млн АҚШ долл.	17	302,6 млн АҚШ долл.	18
Жергілікті жұмыстарға жұмсалған шығын	845 млн АҚШ долл.	76	406 млн АҚШ долл.	81	388 млн АҚШ долл.	61
Жергілікті қызметтерге жұмсалған шығын	1,245 млрд АҚШ долл.	88	357 млн АҚШ долл.	73	467,7 млн АҚШ долл.	88

2025 жылы ҚМГ компаниялары тобы бойынша ТЖҚ сатып алудағы елішілік құндылық үлесі бойынша көрсеткіштер[2]

Ұйым атауы	Барлығы	ЕҚ үлесі, %	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер	
			Сомасы	ЕҚ үлесі, %	Сомасы	ЕҚ үлесі, %
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	2 253 млрд теңге	78 %	547 млрд теңге	46 %	1 706 млрд теңге	88 %

[1] Бұл сома тек ҚМГ-ның қатысу үлесі 50 % және одан көп болатын компанияларға ғана қатысты.
[2] Ұзақ мерзімді сатып алу келісімшарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауардың, жұмыс пен қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдану арқылы жүргізілген сатып алулар есепке алынбай есептелген.

Корпоративтік цифрландыру және киберқауіпсіздік

Корпоративтік цифрландыру

Есепті кезеңде ҚМГ операциялық тиімділікті, бизнес-процестердің ашықтығын және өндірістік қызметтің тұрақтылығын арттыруға бағытталған цифрлық трансформацияны жүйелі іске асыруды жалғастырды. Негізгі бағыт өтпелі (end-to-end) процестерді қалыптастыруға, фрагменттік АТ-шешімдерден бас тартуға және ҚМГ компаниялар тобының бірыңғай цифрлық контурын құруға бағытталды.

Электронды наряд-рұқсаттарды енгізу
Электр қондырғыларындағы жұмыстарды қоса алғанда, қауіпі жоғары жұмыстарды ресімдеу, келісу және бақылау процестерін цифрландыруға арналған «электрондық наряд-рұқсат» модулін енгізу аяқталды.

Бұл технология бірегей нөмірлерді автоматты түрде беру және деректемелерді толтыру, кірістірілген формат-логикалық бақылау және жұмыстарды орындау жерлерде өз қолымен қол қою үшін ЭЦҚ визуализациясы бар нысандарды басып шығару мүмкіндігі бар наряд-рұқсаттарды қалыптастырудың толық электрондық циклін қамтамасыз етеді. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша операциялық тиімділік 48 % артты, процестік қадамдар саны 50 % қысқарды және қағаз құжат айналымының көлемі 89 % дейін азайды.

2025 жылдың желтоқсанында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнай құбыры басқармасының БМАС базасында тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар сәтті аяқталды. Олардың қорытындысы бойынша модульдің ҚМГ компаниялар тобының өнеркәсіптік пайдалануға және таратуға дайындығы расталды.

Сатып алуды автоматтандыру және оның өтпелі процесін (end-to-end) құру
Сатып алудың түпкілікті процесін автоматтандыру және құру бойынша жоба іске асырылды — қажеттілікті қалыптастырудан бастап жеткізушілердің төлемі мен тиімділігін талдауға дейін. Мақсатты көзқарас Procure-to-Pay негізгі кезеңдерін жалпы цифрлық контурда біріктіреді: қажеттілікті жоспарлаудан бастап келісімшарттық міндеттемелерді орындауға дейін, қаржылық және қойма жүйелерімен біріктіру.

Сонымен қатар AS-IS-және TO - BE-модельдерін қалыптастыра отырып және өтпелі (end-to-end) процестерді құра отырып, сатып алу қызметінің бизнес-процестеріне (қажеттілікті қалыптастыру, маркетингтік зерттеу және сатып алуды жоспарлау) реинжиниринг жүргізілді. Нәтижесінде процестердің тиімділігін 56 % арттыруға қол жеткізілді, қадамдар саны 35 % қысқарды және қағаз құжат айналымының көлемі 91 % дейін төмендеді.

Осы өзгерістерді дамыту мақсатында «Баға маркетингі, сатып алуды жоспарлау және қоймалық есепке алу» ақпараттық жүйесі жетілдірілді және орталықтандырылды, ҚМГ компаниялар тобы бойынша оның таралымы қамтамасыз етілді: «Сатып алуды жоспарлау» модулі 13 ЕТҰ-да, «Баға маркетингі» модулі 34 ЕТҰ-да енгізілді, бұл шешімдердің қайталануын болдырмауға және жалпы корпоративтік тәсілді сатып алу қызметінің процестерін басқарылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бірыңғай цифрлық кеңістіктің құрылуы түрлі көздерден, соның ішінде тарихи массивтердегі деректерді біріктіруге мүмкіндік берді. Бұл әлеуетті жеткізушілердің процедураларға қатысуға ашықтығы мен тең қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, ТЖҚ бойынша баға белгілеу, сатып алуды жоспарлау және басқару шешімдерін қабылдау сапасын арттырды. Бұдан басқа, сатып алу қызметіндегі интеллектуалды құралдарды одан әрі масштабтау үшін негіз қалыптастырылды.

Осылайша, сатып алу құжаттамасының сапасын арттыруға және қателер санын азайтуға мүмкіндік беретін техникалық ерекшеліктерді қалыптастыру және біріздендіру үшін ЖИ-ассистенттер енгізілді. Сатып алу қызметінің өзекті регламенттері мен стандарттарына жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін нормативтік-анықтамалық ақпарат бойынша корпоративтік ЖИ-ассистент (чат-бот) қосымша іске асырылды.

SAP S/4HANA платформасына ауысу
Негізгі бизнес-процестерді реинжинирингтеу және SAP S/4HANA платформасына көшу арқылы ERP-ландшафтты терең жаңғырту бойынша ауқымды жоба іске асырылуда. Жоба өтпелі бизнес-процестерді қалыптастыруға, қызметтің операциялық тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, сондай-ақ реттеушілердің талаптарын сақтай отырып, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін деректердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тұжырымдамалық жобалау кезеңі аяқталды: процестерді реинжиниринг жүргізілді және SAP S/4HANA базасында нысаналы модель қалыптастырылды. Оның қорытындысы бойынша процестердің тиімділігі 73 % өсті, қадамдар саны 20 % қысқарды, ал қағаз құжат айналымының көлемі 40 % дейін төмендеді.

Қазіргі уақытта жүйенің функционалын реттеу мен пысықтау, функционалдық және интеграциялық тестілеу, сондай-ақ 2026 жылдан бастап тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға беру бойынша жұмыстар атқарылуда.

Корпоративтік архитектура аясында ақпараттандыру нысандарына түгендеу жұмыстарын жүргізу
Корпоративтік архитектураны дамыту шеңберінде Корпоративтік орталықтың бизнес-процестері тізімі қалыптастырылып, ҚМГ компаниялар тобы бойынша ақпараттандыру объектілеріне түгендеу жүргізілді. Жүргізілген талдау негізінде қайталанатын және артық шешімдерді жоюға, лицензиялық портфельді оңтайландыруға, қызмет көрсету шарттарын біріктіруге, open-source және отандық баламаларға көшуге, сондай-ақ корпоративтік ақпараттық жүйелерді (сатып алулар, HSE, КҚЕАЖ[1], КІЖ [2], TUMAR, ABAI АЖ, корпоративтік портал, LMS[3] және т.б.) біріздендіруге бағытталған мақсатты IT-архитектура қалыптастырылуда. Нәтижесінде экономикалық әсерге қол жеткізілді: Корпоративтік орталық бойынша шығын мөлшері **844 млн теңгеге** қысқарды, еншілес ұйымдар бойынша әлеует **650 млн теңге** көлемінде анықталды. Бұл қызмет корпоративтік архитектураны дамыту аясында тұрақты негізде жүзеге асырылуда.

[1] КҚАЕЖ – Көлікпен қамтамасыз ету бойынша ақпараттық есепке алу жүйесі
[2] КІЖ– Келісімшарттардың іс жүргізу жүйесі
[3] LMS – Learning Management System

HR-цифрландыру
Фрагменттік автоматтандырудан цифрлық процестерді құру кезеңіне көшу жүзеге асырылды.

- **Жүйелерді біріктіру:** Work.kmg.kz рекрутинг жүйесі мен Team.kmg.kz корпоративтік порталының үздіксіз өзара іс-қимылы қамтамасыз етілді. Нәтижесінде біртұтас цифрлық контур қалыптасты: кадрларды іріктеу мен қабылдаудан бастап, оқыту мен кадрлық резервті жоспарлауға дейін.
- **Жасанды интеллект:** рекрутингке ЖИ-ассистенттерді енгізу жауаптарды өңдеуді оңтайландыруға, түйіндемені талдау сапасын арттыруға және HR-бөлімшесі жұмысының сараптама жасайтын бөлігін күшейтуге мүмкіндік берді.
- **Даму перспективалары:** бірыңғай HR порталының іске қосылуы және 32 басым процестің аудиті 2026 жылы трансформацияның келесі кезеңінің негізін қалады.

Автоматтандыру және стандарттау (SAP HCM)
SAP HCM (FIORI) платформасында қағазсыз жұмыс істеу форматына көшу жүзеге асырылды:
- кадрлық операциялардың 41 нысаны автоматтандырылды (демалыс, іссапар, табелдеу, бұйрықтар);
- штат қызметкерлері мен аутстаффинг персоналы үшін ЭЦҚ пайдалану енгізілді;
- нәтижесі: операциялық жүктеме айтарлықтай төмендеді, деректер мен процестерді басқару тәртібі нығайды.

Деректерді басқару: Қызметкердің паспорты жобасы
ҚМГ және ЕТҰ компаниялар тобы деңгейінде HR-деректердің бірыңғай сенімді кеңістігі құрылды:
- 1С, SAP және «ҰАЖ» АҚ жүйелерімен интеграция жасалды;
- Сараптамалық панельдер мен деректер қоры құрылды;
- құндылығы: басшылық верификацияланған және салыстырмалы деректерге негізделген басқару шешімдерін қабылдау құралын алды.

Корпоративтік сервистер және Well-being
Персоналды қолдауға бағытталған экожүйені дамыту мобильді шешімдер арқылы жүзеге асырылды:
- **KMG Loyalty және KMG Alem:** қосымшалар қатысуды арттыруға, корпоративтік жеңілдіктер жүйесін дамытуға және қызметкерлердің әл-ауқатын қолдауға (well-being) бағытталған.

Кросс-функционалдық шешімдер
Цифрландыру өндірістік және логистикалық тізбектерге де өз ықпалын тигізді:

- **көлік:** ҚКАЕЖ-ны және ҚТЖ вагондарының орналасуын мониторингтеу жүйесін енгізудің арқасында өтпелі ашықтық қамтамасыз етіліп, қағаз құжат айналымынан бас тартылды;
- **өндіріс:** МӨЗ-дердің және шарттық іс жүргізу процестері автоматтандырылды, бұл операциялық тәуекелдерді азайтты;
- **болжамды сараптама:** ДОСЖ[1] аясындағы ЖИ модельдері жанармай жеткізу тізбегін және жанармай материалдары нарығын басқаруын күшейте отырып, мұнай өнімдерінің балансын болжауға мүмкіндік береді.

Digital Bridge 2025 халықаралық форумында ҚМГ цифрлық шешімдерінің табысты таныстырылымы компанияның IT-ландшафтының жоғары жетілуін және мұнай-газ саласында ЖИ қолданудағы көшбасшылық позициясын растады.

Іске асырылған бастамалар ҚМГ-ның цифрлық трансформацияға жүйелі көзқарасын растады. Құрылған технологиялық негіз 2026 жылы бизнестің ұзақ мерзімді тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете отырып, ЖИ-шешімдерді ауқымды енгізуге және ҚМГ компаниялар тобының бірыңғай цифрлық экожүйесін дамытуға көшуге мүмкіндік береді.

АТ қызметтерді басқару жүйесі (ITSM жүйесі)
ҚМГ компаниялар тобы үшін АТ қызметтерін басқарудың бірыңғай жүйесін (ITSM-жүйе) енгізу шеңберінде орталықтандырылған ITSM-жүйесін сегіз ЕТҰ-ға көбейту жүргізілді (2025 жылғы 8 қазаннан бастап өнеркәсіптік пайдалануда). АТ қызметтерінің сапасын бақылау 25 ЕТҰ бойынша орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. ҚМГ цифрлық даму департаменті (Ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – АТ) бағытына жетекшілік ететін) ҚМГ компаниялар тобына 80-нен астам АТ-қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта ITSM жүйесіне қосылғандар:

- 25 ЕТҰ, ЕТҰ-дағы қолдау көрсетілетін барлық АТ-қызметтерін бақылау және мониторингтеу (қамтамасыз етілуі 100 %);
- 65 ЕТҰ, орталықтандырылған IT-қызметтердің орындалуын бақылау және мониторингтеу, соның ішінде электрондық құжат айналымы жүйесіне (Directum) техникалық қолдау көрсету және ҚМГ компаниялар тобы бойынша Нормативтік-анықтамалық ақпаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесін (НАА БАЖ) сүйемелдеу.

ҚМГ Data
ҚМГ Data — бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдары қызметінің жедел мониторингін жүргізуге арналған цифрлық есептіліктің сараптамалық BI-жүйесі.

Жүйенің үш деңгейлі құрылымы бар:

- Ситуациялық блок — негізгі өндірістік және корпоративтік көрсеткіштерді қамтиды, басқару шешімдерін қабылдау үшін ауытқулар мен ауытқулар индикаторларымен жабдықталған;
- есептілік блок — стратегиялық міндеттердің орындалуын, қызметтің негізгі көрсеткіштерін және орындалу тәртібін көрсетеді;
- салалық есептер — деректерді талдауға және ұсыныстар жасауға арналған.

Қазіргі уақытта мынадай есептер әзірленді:

- ЕТҰ-ның қаржы және өндірістік метрикалары;
- Инвестициялық жобалар;
- Сапарларды басқару;
- Қаржылық тәуекелдер;
- Аппараттық және өндірістік жиналыстарды хаттамалау;
- SDI — кәсіподақтармен ықпалдасу бойынша әлеуметтік индекс.

Сонымен қатар барлық басты өндірістік және корпоративтік бағыттарды қамту көзделіп отыр.

НАА БАЖ
НАА БАЖ номенклатураның қосарлануын жоюға және жоспарлауды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл тікелей қойма қорларын қысқартуға әсер етеді. ТЖҚ-ны орталықтандырылған талдау және қоймадағы қалдықтарды бақылау операциялық тиімділікті арттырады және неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Қосымша түрде НАА БАЖ жүйесінде іскер серіктестердің (контрагенттердің, әрі қарай – IC) орталықтандырылған анықтамалығы жүргізіледі. 2025 жылы жүйе жаңа нұсқасына — НАА БАЖ 2.0 — көшірілді. Жоба іске асырылды, жүйе ҚМГ Корпоративтік орталығында және ТЖҚ анықтамалығы бойынша 34 ЕТҰ-да, IC анықтамалығы бойынша 36 ЕТҰ-да жұмыс істейді. Жүйенің функционалын одан әрі кеңейту және ЕТҰ-ны толық қамту мүмкіндігі талдануда.

[1] ДОСЖ – Диспетчерлік орталықтың сараптамалық жүйесі

ЖИ ассистенттері жобасы
ЖИ ассистенттер портфелі — бұл күнделікті бизнес-процестерді автоматтандыруды, контентті жасау мен талдауды қолдауды, аналитикалық ұсынымдарды қалыптастыруды, интеллектуалды чат-бот функцияларын орындауды және кеңес нәтижелерін автоматты түрде хаттамалауды қамтамасыз ететін мамандандырылған цифрлық шешімдер жиынтығы.

Портфель құрамына келесі шешімдер кіреді:

- ұжымдық шарттар бойынша ассистент — ЕТҰ шарттары бойынша деректерді орталықтандырылған іздеуді және алуды қамтамасыз етеді;
- заң блогына арналған ассистент — шешімдерді талдау мен негіздеудің талдамалық сценарийлерін қолдана отырып, ҚМГ нормативтік-құқықтық актілері бойынша іздеуді жүзеге асырады;
- хаттамалау бойынша ассистент — тапсырмаларды автоматты түрде тіркеуді, рөлдерді бөлуді және өткізілген онлайн-кездесулердің нәтижелері бойынша орындалу мерзімдерін анықтауды қамтамасыз етеді;
- сатып алу бойынша ассистент — сатып алу процесін оңтайландыру мақсатында ұсынылған нұсқалардың техникалық ерекшеліктерін талдайды және функционалдық сипаттамаларын салыстырады.

Қазіргі уақытта негізгі ЖИ-ассистенттер Компанияның корпоративтік орталығының құрылымдарында енгізуге дайындықтың соңғы кезеңінде, кейіннен ЕТҰ-да оларды көбейту мен таратуды жоспарлауда.

HSE бағытын цифрландыру

- **QR-паспорттау:** барлық негізгі жабдықтар техникалық құжаттамаға және тексеру тарихына жедел қол жеткізуге мүмкіндік беретін QR кодтарымен жабдықталған. Жүйе ақаулы агрегаттарды пайдалануды қоспағанда, тексеру мерзімдері туралы автоматты түрде хабарлайды.

Қауіпсіздік мәдениеті

- **LOTO (Lockout/Tagout):** жөндеу кезінде жабдықтың кездейсоқ іске қосылуын физикалық түрде болдырмайтын қауіпті энергия көздерін бұғаттау стандарттары енгізілді.
- **Оқыту:** барлық қызметкерлер мен мердігерлер үшін міндетті стандартқа айналған «Қауіпті аймақ» интерактивті 3D курстары әзірленді.





Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету

ҚМГ-ның ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мақсаты активтерді сыртқы және ішкі қатерлерден сенімді қорғауды қамтамасыз ету, қаржылық және репутациялық шығындардың алдын алу, сондай-ақ ҚМГ мен ЕТҰ-ның үздіксіз жұмыс істеуі үшін кибершабуыл салдарынан болған залалды азайту болып қала береді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – өзгеретін қауіп ландшафтына бейімделетін үздіксіз процесс. 2025 жылы кибер ортаның агрессивтілігінің артуын ескере отырып, инфрақұрылымды қорғауды үздіксіз талдау, аудит және тестілеу өте маңызды. Мұнай-газ кешендерінің тармақталған құрылымындағы өндірістік процестерді ауқымды цифрландыру ерекше бақылауды қажет етеді, өйткені технологиялық циклдардың жұмысының бұзылуы компания үшін ғана емес, ел экономикасы үшін де салдары ауыр болуы мүмкін. Есепті кезеңде ҚМГ өндірісі мен бизнес-процестерінің үздіксіздігіне барынша әсер ететін оқиғаларға жол берілмеді.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін ҚМГ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды және үздік әлемдік тәжірибелерді ұстанады. 2025 жылдың қазан айында Компания ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің ISO/IEC 27001:2022 стандартына сәйкестігін растай отырып, TÜV Rheinland халықаралық концерні тарапынан қайта сертификаттау аудитінен сәтті өтті. Бұл компания процестерінің жақсарғанын және мүдделі тараптарға ҚМГ-ның деректер қауіпсіздігінің жаһандық нормаларына сәйкес келуге дайындығын көрсетеді.

Ақпараттық қауіпсіздік периметріне корпоративтік АТ-инфрақұрылымын, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін және технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қорғау мәселелері де кіреді.

Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы (АҚЖО) арқылы тәуекелдерді бағалау және қауіптердің мониторингі тұрақты негізде жүзеге асырылады. 2025 жылы Қорғаныс жүйелеріне түсетін жүктеме бірнеше есеге өсті. Есепті кезеңде (12 ай) АҚЖО 2 026 расталған оқиғаны анықтап, сәтті пысықтады.

ҚМГ-да кибертұрақтылыққа үнемі тәуелсіз бағалау жүргізіледі. Периметрдегі қауіпсіздік деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік беретін түрлі киберқауіпсіздік командалары тартылып, мерзімді ену сынақтары (pentest) қолданылады. Қорғау стратегиясын дамыту шеңберінде шабуылдардың жасырын векторларын анықтауға мүмкіндік беретін «Оқытылған бұзушы» әдістемесінің элементтері енгізіледі.

ҚМГ киберқауіпсіздік мәдениетін дамытуға және адамдарға бағытталған қорғанысқа басымдық береді. Қызметкерлерді мамандандырылған платформада оқыту толық қамтамасыз етілді. Нүктелік оқыту тәсілі енгізілді: қызметкерлерге практикалық тексерулер барысында анықталған білім олқылықтарын жою үшін автоматты түрде арнайы модульдер тағайындалады.

SOC[1] командасы үнемі фишингтік шабуылдарға симуляция жасайды, соның ішінде реверсивті психология әдістерін қолданады.

Залалсыздандырылған зиянды бағдарламаны (C2 бақылауындағы қосылыммен) пайдалана отырып, хабардар болу деңгейін тексеру бойынша ауқымды науқан жүзеге асырылды, бұл қызметкерлерге нақты мақсатты шабуылдардың сценарийлерін қауіпсіз көрсетуге мүмкіндік берді.

Компания инновациялық технологияларды енгізу арқылы киберқауіптерді барынша басқарады. 2025 жылы бірқатар пилоттық жобалар сәтті жүзеге асырылды және жасанды интеллект элементтері бар кеңейтілген анықтау және әрекет ету жүйесіне (XDR)[2] көшуге дайындық басталды. «Нөлдік сенім» (Zero Trust) тұжырымдамасы белсенді дамып келеді: артықшылықты қол жеткізуді басқару жүйелерін қамту кеңейтілді (PAM[3] — Privileged Access Management), жергілікті әкімшілердің парольдерін күнделікті ротациялау[4] енгізілді және деректерді шифрлау күшейтілді (BitLocker TPM[5] арқылы).

Кешенді тәсілдің арқасында компанияның веб-ресурстарына жасалған кибершабуылдардың алдын алудың жалпы саны 2025 жылдың 12 айында 16 млн-нан асты, бұл сыртқы қысымның еселеп өскенін және қолданылатын қорғаныс құралдарының жоғары тиімділігін көрсетеді.

ҚМГ басшылығы ақпараттық қауіпсіздікті компанияның тұрақты дамуы мен инновациялық артуына ықпал ететін корпоративтік басқарудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Алдағы уақытта ҚМГ Қазақстан Республикасы заңнамасының және халықаралық қауіпсіздік стандарттарының талаптарын қатаң сақтай отырып, цифрлық дербестікке, Zero Trust стратегиясын жетілдіруге және қызметкерлердің біліктілігін дамыту бағытын жалғастырады.

1 Security Operations Center, Қауіпсіздік операциялары орталығы — АТ инфрақұрылымын тәулік бойы бақылайтын киберқауіпсіздік бойынша сарапшылар тобы бизнесті шабуылдардан қорғау, тәуекелдерді азайту және жұмыстың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін киберқауіпсіздіктерді анықтайды, талдайды және оларға жауап береді.

2 Extended Detection and Response, кеңейтілген табу және әрекет ету — күрделі киберқауіптерді белсенді анықтау, тергеу және автоматты түрде әрекет ету үшін АТ инфрақұрылымының әртүрлі деңгейлеріндегі деректерді біріктіретін және талдайтын кешенді киберқауіпсіздік шешімі.

3 Privileged Access Management — деректердің бұзылуын, теріс пайдалану мен кибершабуылды болдырмау және реттеуші талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін есептік жазбаларды бақылау, бақылау және қорғау үшін ақпараттық қауіпсіздік шешімдерінің кешені.

4 LAPS — Local Administrator Password Solution.

5 Trusted Platform Module — дискілерді шифрлаудың ең қауіпсіз әрі ыңғайлы тәсілі.

#2
Корпоративтік басқару

Компания инвестициялық тартымдылықты, қызмет тиімділігін арттыратын, тәуекелдерді азайтатын және мүдделі тараптардың сенімін нығайтатын ашықтық пен жоғары стандарттарды қамтамасыз ете отырып, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін ұстанады.

Корпоративтік басқару жүйесі

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер (соның ішінде мажоритарлық акционерлер: «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым қатынастар жүйесін білдіреді.

ҚМГ органдары құзыреттерінің аражігі нақты ажыратылған және ҚМГ Жарғысында бекітілген.



Корпоративтік басқару жүйесінің құрылымы

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушілер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания қызметін жүзеге асыратын өңірлер тұрғындарының құқықтары мен заңдық мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесінің талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетіліп отырады.

Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі:

Жоғары орган
Акционерлердің жалпы жиналысы

Басқару органы
Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беруші Директорлар кеңесі

Атқарушы орган
Директорлар кеңесіне есеп беруші Басқарма

Комплаенс қызметі
Директорлар кеңесіне есеп береді, оның қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдай жасауға бағытталған

Омбудсмен
ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның қызметі – өзіне жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚМГ мен ЕТҰ қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету

Ішкі аудит қызметі
орталықтандырылған орган, Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңына сәйкес Қор тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялары мен өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласында бағалау жүргізеді, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және компания мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация береді

Корпоративтік хатшы
өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындайды, Компанияның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі емес, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді, өз құзыретінің шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындайды

Корпоративтік басқару жүйесін дамыту

ҚМГ корпоративтік басқару саласындағы үздік тәжірибелерге сәйкес болуға ұмтылады және жоғары корпоративтік басқару стандарттары мен ашықтық Компанияның инвестициялық тартымдылығы мен экономикалық тиімділігін арттырудың маңызды факторлары екенін түсінеді. Бұл өз кезегінде әлеуетті инвесторлар, контрагенттер және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдаланумен байланысты тәуекелдерді азайтуға, оның құнын арттыруға және жалпы әл-ауқаттың өсуіне ықпал етеді.

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі мажоритарлық акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның үздік тәжірибелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, компаниядағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бағытындағы жүйелі жұмысты жалғастырды. 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі мақұлдаған, оның ішінде ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне шығарылған негізгі өзгерістер ҚМГ-ның негізгі құжаттары мен ішкі саясатына әсер етті.

2025 жылдың қазан айында ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Жаңартылған құжат акционерлермен өзара іс-қимылдың өзекті қағидаттарын айқындап, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган жұмысының тиімділігіне қойылатын талаптарды күшейтті, сонымен қатар тұрақты даму және ESG қағидаттарына ерекше назар аударылды.

2025 жылы Директорлар кеңесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Іскерлік әдеп кодексін, ҚМГ және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясатты, сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы ҚМГ саясатын жаңа редакцияда бекітті.

Бұл шешімдер ҚМГ-дағы корпоративтік басқару жүйесінің ашықтығын, есептілігін және тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған.

Корпоративтік басқару мен іскерлік әдеп қағидаттары мен нормаларының сақталуын бақылау – ҚМГ Директорлар кеңесі қызметіндегі басым бағыттардың бірі. Ал ҚМГ корпоративтік хатшысы корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру жұмыстарын үйлестіреді.

ҚМГ-ның корпоративтік басқару тәжірибесін қалыптастыру мен жақсартудың көздейтін басты құжат – ҚМГ-ның корпоративтік басқару кодексі[1] (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс). Кодекс Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық Қазына» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Кодекс компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді.

ҚМГ-ның Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитеті Кодекстің ережелерін компанияға енгізуді бақылайды.

Кодекстің талаптарына сәйкес, Корпоративтік хатшы жыл сайын компанияның Comply or explain («Ұстан немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, оның қағидаттары мен ережелерінің сақтауын талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі сақталып келеді. Оның жекелеген ережелерін ішінара ұстанбау жағдайлары себептерімен бірге Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану/ұстанбау туралы 2025 жылдың есебінде (бұдан әрі – Ұстану туралы есеп) көрсетілген. ҚМГ-ның 2025 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану туралы есебімен жылдық Есепке берілген. ҚМГ-ның 2025 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану туралы есебімен жылдық Есепке берілген қосымшада танысуға болады.

Бірнеше жыл бойы ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметіне сәйкес корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ҚМГ қызметін дәйекті және жүйелі негізде ұйымдастырып келеді. Корпоративтік басқару саласын жақсарту мақсаттарын белгілеу мен процесті қадағалау үшін компания 2016 жылдан бастап дауыс беретін акцияларының 50 %-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық – Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме) пайдаланады.

[1] 2025 жылдың 13 қазанындағы ҚМГ Акционерлерінің жалпы жылдық жиналысында бекітілген (№3/2025 хаттама, №1 мәселе).

Әдістеме тәуелсіз тараптың компанияны корпоративтік басқару бойынша сараптамасының (аудитінің) нәтижелері бойынша рейтинг беруді көздейді. Мұндай сараптама тұрақты негізде жүргізіледі.

Сараптама нәтижелері бойынша әдістеме негізінде ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспар жасайды, оны орындау нәтижелері тұрақты негізде Директорлар кеңесінің және компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізіледі.

2021 жылы тәуелсіз консультант PricewaterhouseCoopers компаниясы жүргізген корпоративтік басқарудың кезекті тәуелсіз сараптамасының нәтижелері бойынша Әдістеме негізінде ҚМГ-ге корпоративтік басқару рейтингі «BBB» деңгейінде берілді, бұл компания қол жеткізген прогресті көрсетті (2018 жылы жүргізілген алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша компанияға «BB» рейтингі берілген) және Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне жауап беретінін және бұл ретте компанияда жүйенің тиімді жұмыс істейтінін растады.

Компания жоғарыда көрсетілген ұсынымдарды ескеріп, оларды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға енгізді. Осыған байланысты 2025 жыл ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде іске асыруға арналды. Атап айтқанда, бұл жұмыс ҚМГ акционерлерінің құқықтары, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит, тұрақты даму, ҚМГ Директорлар кеңесінің жұмыс динамикасын (стратегия мен нәтижелер мониторингіндегі Директорлар кеңесінің рөлі, Директорлар кеңесінің комитеттері, атқарушы органды басқару, ESG, ашықтық) сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесі мен атқарушы органы қызметінің тиімділігі сияқты бағыттарды қамтыды. Жоспар Әдістеменің бөлімдеріне сәйкес құрылымдалып, нақты іс-шараларды, күтілетін нәтижелерді және оларды іске асыру мерзімдерін қамтиды. Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың мақсаты – «А» рейтингіне қол жеткізу. Бұл корпоративтік басқару жүйесінің белгіленген өлшемдердің басым көпшілігіне сәйкес келетінін және оның барлық маңызды аспектілер бойынша тиімділігі жеткілікті деңгейде расталғанын білдіреді.

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ҚМГ корпоративтік хатшысы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізеді және осы жоспардың орындалуы туралы есептерді Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі қарап, ҚМГ менеджментіне кері байланыс беріп отырады.

2025 жылы ҚМГ корпоративтік басқармасының тәуелсіз диагностикасы жүргізілген жоқ.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі даму стратегияларында «Корпоративтік басқару рейтингі» ҚБК-ның жоғары көрсеткіштеріне жету бойынша негізгі кезеңдер айқындалды. Бұл ҚМГ ның мажоритарлы акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ, Директорлар кеңесі, Аудит жөніндегі комитеті және компанияның менеджмент тарапынан корпоративтік басқаруға жоғары көңіл бөлінгенін айғақтайды.

Жалпы, компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру – үздіксіз жүретін процесс, оның маңызды міндетіне тәуелсіз тараптан рейтинг алу және жақсарту бойынша тиісті ұсыныстар алу жатады.

ҚМГ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру процесі

1. **Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды әзірлеу, бекіту және іске асыру**
2. **Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды іске асыруды мониторингілеу, Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет үшін есеп беру**
3. **Корпоративтік басқаруды диагностикалау және корпоративтік басқару рейтингіне қол жеткізу, жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыру**

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы – компанияның басқару құрылымының жоғары органы. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті, оны шақыру, өткізу және қорытындылау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында және компанияның Жарғысында айқындалады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі шақырады немесе акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру бойынша бекітілген тәртіпті компанияның органдары бұзған жағдайда кез келген мүдделі тараптың арызы бойынша сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін. ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ акционерлерінің кез келгенінің бастамасы бойынша, сондай-ақ компанияның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы ҚМГ-ның ірі акционерінің арызы бойынша сот шешімі негізінде шақырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасақтайды және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс.

2025 жылы төрт ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы өтті, оның ішінде бір жылдық және үш кезектен тыс жиналыс.

ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында төрт мәселе қаралды. Олардың бірі — ҚМГ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе болды. Бұл өзгерістер құжатты Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкестендіруге, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің бірқатар өкілеттілігін, оның ішінде аға тәуелсіз директордың функцияларын нақтылауға және Директорлар кеңесінің ірі акционерлермен, атап айтқанда «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ-мен өзара іс-қимыл рәсімдерін айқындауға бағытталды. Сонымен қатар ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы аясында 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту, 2024 жылғы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшері, акционерлердің ҚМГ және оның лауазымды адамдарының 2024 жылғы әрекеттеріне өтініштері мәселелері қаралды.

ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарында алты мәселе қаралды, олардың ішінде:

1. ҚМГ-ға қатысты мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша (2025 жылғы 17 сәуірдегі (№ 6-2-Н-кбп) Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының нұсқамасын орындауға және терминологияны және Компания жарғысының кейбір ережелерін нақтылау мақсатында редакциялық түзетулер енгізуге бағытталған ҚМГ Жарғысына өзгерістер енгізу;
2. Кодексті жаңа редакцияда бекіту және оны «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңартылған Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкестендіру;
3. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру кезінде акционерлердің сырттай дауыстарын жинау және есептеу тәртібін, сондай-ақ оны өткізу рәсімдерін айқындау мақсатында қолданыстағы ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Сонымен қатар құжатты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңының және Компания Жарғысының талаптарына сәйкестендіру үшін ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту;
4. ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту. Осыған байланысты 2025 жылғы 27 наурыздан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. 2025 жылғы 5 мамырдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін сайланды.

Сонымен қатар ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясы құрамын өзгерту мәселесі екі рет қаралды.

2025 жылы дивидендтер төлеуден бас тарту туралы немесе ҚМГ акциялары бойынша дивидендтерді өндіріп алмау туралы қандай да бір уағдаластықтар (оның ішінде ҚМГ акционерлерімен немесе өзге тұлғалармен) болған жоқ. Таза табысты бөлу және дивидендтер төлеу туралы барлық шешімдер ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленген тәртіппен қабылданды.

Компанияның миноритарлық акционерлермен өзара іс-қимылы және олардың құқықтары туралы толығырақ «Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде ұсынылған.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворумға және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, айтарлықтай маңызды мәселелер бойынша шешімдерді Директорлар кеңесі іштей отырыстарда қабылдайды, шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің барлық мүшелері (Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдауға мүдделі болған жағдайларды қоспағанда) қатысады және бұл шешімдер Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің пікірін ескеріліп қабылдануы үшін бар күш-жігер жұмсалады. Директорлар кеңесінің функциялары толығырақ ҚМГ-ның 2023 жылғы есебінің 220-бетінде мазмұндалған.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі ҚМГ Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді де қарайды.

Ұсыну және іріктеу тәртібі

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысында және ҚМГ ішкі құжаттарында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ережелерінде белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасымен бірге жүзеге асырады және ашықтық, әділдік пен кәсіби шеберлік қағидаттарына негізделеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлер — жеке тұлғалар, акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар, сондай-ақ компанияның акционерлері емес және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған өзге де жеке тұлғалар қатарынан сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің лауазымдық функцияларды орындау және компанияның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы керек және іскерлік беделі мінсіз болуы тиіс.

ҚМГ Төрағасы мен Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар ҚМГ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің құрамдарын жасақтау ережелеріне сәйкес іріктеледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының корпоративтік нормаларына сәйкес Компанияның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Сабақтастық, лауазымға кіріспе және біліктілікті арттыру

Компанияда ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты әзірленіп, бекітілген. Бұл құжат білім, дағдылар, тәжірибе және мінез-құлықтың тиісті жиынтығына сүйене отырып, объективті әрі тәуелсіз пайым жасауға және ҚМГ мен оның стейкхолдерлерінің ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін салмақты шешімдер қабылдауға қабілетті Директорлар кеңесінің кәсіби әрі тиімді құрамын қалыптастыруға, сақтауға және дамытуға бағытталған негізгі қағидаттар мен рәсімдерді айқындайды.

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары мыналарды қамтиды:

1. **Теңгерімділік қағидаты:** ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы білімі, дағдылары және тәжірибесі жеткілікті адамдардан қалыптастырылады. Бұл Директорлар кеңесіне жүктелген негізгі міндеттерді тиімді іске асыруға мүмкіндік береді, соның ішінде:
   1. ҚМГ-ның стратегиялық басқаруын қамтамасыз ету;
   2. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындау;
   3. компанияның Жарғысына сәйкес ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне сәйкес Басқарма қызметін бақылау;
   4. ҚМГ қызметіне жалпы басшылық жасау бойынша өзге де функцияларды іске асыру.

   ҚМГ қызметінің негізгі мәселелері бойынша жан-жақты бағалауды жүзеге асыру үшін ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері әртүрлі кәсіптік салаларда жоғары құзыреттілік дәрежесіне ие, сондай-ақ мұнай-газ саласы мәселелерінде жеткілікті білімге ие.
2. **Үнемі жетілу принципі:** Өз қызметінің тиімділігін арттыру үшін ҚМГ Директорлар кеңесі (дербес немесе сыртқы сарапшыларды тарта отырып) ҚМГ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысына жыл сайынғы бағалау жүргізеді. ҚМГ Директорлар кеңесінің жыл сайынғы бағалауы оның құрамын, әртүрлілігі мен тиімділігін, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мақсаттарға жету үшін бірге жұмыс істейтінін ескереді. Жеке бағалау әр директордың өзінің тиімді үлесін қосуды жалғастыратындығын көрсетеді.
3. **Жан-жақтылық қағидаты:** ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерін тағайындау және сабақтастық жоспарын қалыптастыру еңбегі мен объективті өлшемдеріне негізделеді. Сонымен қатар гендерлік, әлеуметтік және этникалық тегінің, сондай-ақ когнитивтік және жеке қасиеттерінің әртүрлілігі ескеріледі.

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2025–2026 жылдарға арналған сабақтастық жоспарын бекіту жоспарланған болатын. Алайда Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар бойынша ұсыныстардың болмауына байланысты бұл мәселе ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған жоқ.

ҚМГ-да 2017 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 және 2020 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі-бағдарлама) қолданылады. ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылғы маусымда бағдарлама компанияның функционалдық блоктарының басшыларымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды

Корпоративтік хатшы бағдарламаның орындалуына, яғни ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің өзі көздеген барлық іс-шараларға нақты қатысуына мониторингті жүзеге асырады. Бағдарлама шеңберінде құжаттарды өзектендіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

2025 жылы бағдарламаға сәйкес лауазымға енгізу рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған төрағасы Н.Қ. Жақыпов өтті.

ҚМГ-да Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі саясат қолданылады.

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 26–27 мамырдағы шешімімен (№9/2025 хаттама, №4 мәселе) ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2025–2026 жылдарға арналған кәсіби даму бағдарламасы бекітілді. Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктілігін тұрақты түрде жетілдіріп отырады және өткен оқыту бағдарламалары мен тренингтер туралы ақпарат ұсынады. Бұл мәліметтер Компанияның ресми веб-сайтында жарияланады.

Тәуелсіз директорлар

Директорлар кеңесінің жұмысында тәуелсіз директорларға маңызды орын беріледі. Олар саны бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерінде басым және сол комитеттердің төрағалары болады. Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық шарттарына, сондай-ақ «Самұрық Қазына» АҚ компанияларында директорлар кеңесінің құрамын жасақтау ережелеріне және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болатын мәселелерді (қаржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысады. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалайды және осындай жағдайлар болғанда Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге тиіс екенін біледі. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді. 2025 жылы мұндай жағдайлар болған жоқ.

Үздік халықаралық тәжірибені ұстана отырып, компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сай болуына ұмтылады және директордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіргендей болып көрінетін жағдайлардың жоқтығын мәлімдейді.

Директорлар кеңесінің құрамы

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар санына қатысты Корпоративтік басқару кодексінің талаптарын ұстанады, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны (ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кезінде бес тәуелсіз директор-тоғыз) Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 %-нан астамын құрайды.

2025 жыл ішінде Директорлар кеңесі құрамы тоғыз адамнан тұрды.

Компания акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№4/2023 хаттама, №1 сұрақ) төрт тәуелсіз директорды қоса алғанда, сегіз адамнан тұратын Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамы жасақталды:

1. **Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы**
   «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы (өкілеттілігі 2025 жылдың 27 наурызынан бастап тоқтатылды);
2. **Отыншиев Елжас Мұратұлы**
   «Самұрық Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
3. **Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**
   «Самұрық Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
4. **Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы**
   («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы) (өкілеттілігі 2024 жылдың 15 мамырынан бастап тоқтатылды);
5. **Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы**
   тәуелсіз директор;
6. **Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы**
   тәуелсіз директор;
7. **Холланд Филип Малкольм**
   тәуелсіз директор;
8. **Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы**
   тәуелсіз директор.

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №1 сұрақ) 9 адамнан тұратын Директорлар кеңесінің құрамы белгіленіп, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып Шәкіров Асқар Оразалыұлы сайланды.

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №7 сұрақ) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде ҚМГ Басқарма төрағасы Мырзағалиев Мағзұм Маратұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде ҚМГ Басқарма төрағасы Хасенов Асхат Ғалымұлы сайланды.

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2025 жылғы 5 мамырдағы шешімімен (№1/2025 хаттама, №1 сұрақ) 2025 жылғы 27 науырыздан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және 2025 жылғы 5 мамырдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі Нұрлан Қаршығаұлы Жақыпов жалпы ҚМГ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайланды.

Директорлар кеңесінің құрамы (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) тоғыз адамнан тұрады.

Директорлар кеңесінің төрағасы – «Самұрық Қазына» АҚ өкілі.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы
2025 жылдан бері ДК төрағасы



Хасенов Асхат Ғалымұлы
2024 жылдан бері Басқарма төрағасы



Холланд Филип Малкольм
2020 жылдан бері тәуелсіз директор



Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы
2023 жылдан бері тәуелсіз директор



Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы
2023 жылдан бері тәуелсіз директор



Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы
2023 жылдан бері тәуелсіз директор



Шәкіров Асқар Оразалыұлы
2023 жылдан бері тәуелсіз директор



Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы
2016 жылдан бері СҚ өкілі



Отыншиев Елжас Мұратұлы
2023 жылдан бері СҚ өкілі


Директорлар кеңесінің құрылымы[1]

Директорлар кеңесінің құрылымы түрлі бағыт бойынша құрамның теңдігін (кәсіби білім мен дағдылар тұрғысынан), адамдардың жасы мен гендерлік құрамы бойынша түрлі болуын көрсетіп, Директорлар кеңесі мүшелерінің резиденттік елдерімен сипатталады:

Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің ішінен сегіз адам – Қазақстан азаматтары, біреуі – Ұлыбритания азаматы


55 жас
директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы

Директорлар кеңесінің құрылымы



- 5 тәуелсіз директор
- 3 «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
- 1 атқарушы директор (ҚМГ Басқарма төрағасы)

Директорлар кеңесінің мүшелерін жасы бойынша бөлу



- 5 36 жастан 49 жасқа дейін
- 1 50 жастан 59 жасқа дейін
- 3 60 жастан 78 жасқа дейін

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері

	Директорлар кеңесінің мүшесі	Негізгі құзыреттер
1	Жақыпов Н.Қ.	Стратегия, корпоративтік басқару, активтерді басқару, қаржы
2	Хасенов А.F.	Мұнай-газ саласы
3	Холланд Ф.М.	Мұнай-газ саласы, жобаларды бағалау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік
4	Жұбаев А.С.	Қаржы
5	Мыңшәріпова С.Н.	Аудит, қаржы, комплаенс
6	Қарабалин Ұ.С.	Мұнай-газ саласы, стратегия
7	Отыншиев Е.М.	Инвестициялар, активтерді басқару, стратегия
8	Арғынғазин А.Ә.	Корпоративтік қаржы, аудит
9	Шәкіров А.О.	Құқықтану, халықаралық қатынастар

[1] 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өмірбаяны



Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

2025 жылғы мамырдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді. Туған күні: 1978 жылғы 31 наурыз.

Білімі

- 1995 – 1999 – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ). Экономика бакалавры, Халықаралық экономикалық қатынастар факультеті
- 1999 – 2001 – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ). Экономика магистрі, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті
- 2002 – 2005 – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ). Экономика ғылымдарының кандидаты, Менеджмент және маркетинг факультеті

Жұмыс тәжірибесі

- 2001 – 2003 – Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық (ENRC), қаржы талдаушысы
- 2003 – 2004 – Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.), бизнес менеджері
- 2004 – 2007 – Research, Investment and Development Ltd, жоба менеджері
- 2007 – 2009 – Credit Suisse негізгі материалдар тобы, биржада сатылатын компания акцияларының құны бойынша талдаушы
- 2009 – 2011 – «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі
- 2011 – 2012 – «RBS (Kazakhstan) «Еншілес банкі» АҚ, инвестициялық банкинг департаментінің директоры, Астана қаласындағы өкілдіктің басшысы
- 2012 – 2016 – UBS AG Almaty Representative Office, Инвестициялық банкинг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы өкілдіктің басшысы
- 2016 – 2017 – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, даму және инвестициялар жөніндегі Басқарушы директор, Басқарма мүшесі
- 2017 – 2019 – «Астана» ӘКК АҚ, Басқарма төрағасы
- 2019 – 2020 – ROTHSCHILD & CO (ИНВЕСТ БАНК Ротшильд және КО), Қазақстандағы өкілі
- 2020 – 2023 – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd., басқарма төрағасы
- 2023 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры АҚ, Басқарма төрағасы

Қоса атқаратын жұмысы мен Директорлар кеңестеріне мүшелігі

- «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтары

- «Құрмет» ордені, 2024
- «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісі, 2023
- «Теңгеге 30 жыл» медалі, 2023
- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалі, 2025

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1947 жыл 14 қазан.

Білімі

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «тау-кен инженері»
- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы
- Техника ғылымдарының кандидаты
- Техника ғылымдарының докторы
- Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының академигі, Халықаралық инженерлік академияның академигі

Жұмыс тәжірибесі

- 1973 - 1974 – «ҚазМұнайГаз Барлау» басқармасы (Атырау облысы), Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясын бұрғылау жөніндегі инженер-технолог
- 1974 - 1988 - Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институты (Атырау облысы), директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, бұрғылау технологиясы, жуу сұйықтықтары зертханаларының меңгерушісі
- 1988 - 1990 – «Прикаспийгеология» бас аумақтық басқармасы (Орал қ.), техникалық прогресті дамыту және терең бұрғылау басқармасының бастығы
- 1990 - Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалы. В. И. Ленина (Атырау қ.), кафедра меңгерушісі
- 1991 - 1992 - Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты (Алматы қ.), өнеркәсіп бөлімінің аға референті
- 1992 - 1994 - Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігі (Алматы қ.), Мұнай және газ бас басқармасының бастығы
- 1994 - 1995 - Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары (Алматы қ.)
- 1995 - 1997 – «Agip» мұнай компаниясы (Италия), тағылымдамашы
- 1997 - 2000 – «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ (Алматы қ.), Корпоративтік даму жөніндегі вице-президенті, перспективалық даму жөніндегі директор, перспективалық даму жөніндегі вице-президенті, президенттің міндетін атқарушы Бірінші вице-президент
- 2000 - 2001 – «ҚазТрансГаз» ЖАҚ (Астана қ.), президент
- 2001 - 2003 - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар Вице-министрі (Астана қ.)
- 2003 – 2008 – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ, президент
- 2008 - 2009 – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Бас директордың міндетін атқарушы, президент
- 2010 - 2013 – «Қазақстан Мұнай және газ институты» АҚ, Бас директор
- 2013 – 2014 – Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі
- 2014 – 2016 – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бірінші орынбасары
- 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «KAZENERGY» қауымдастығы, төрағаның орынбасары

Өзге де лауазымдары:

- 2001–2002 – «ҚазТрансОйл» ЖАҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2001–2002 – «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК» ЖАҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2002–2003 – «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2007–2008 – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі
- 2006–2008 – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2004–2009 – Қазақстан Республикасының Әуесқой бокс федерациясы, президент

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

- «Отан» ордені, 2011 жыл
- «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы және «Алтын жұлдыз» белгісі, 2011 жыл
- III дәрежелі «Барыс» ордені, 2005 жыл
- «Құрмет» ордені, 1999 жыл
- «Ресей экономикасының көшбасшысы» ордені, 2005 жыл
- «КСРО жер қойнауын барлау ісінің үздігі» белгісі, 1988 жыл
- «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалі, 2005 жыл
- «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерейтойлық медалі, 2006 жыл
- «Қазақстан Республикасының спорт саласының құрметті қайраткері» медалі, 2007 жыл
- «Қазақстан мұнайына 125 жыл» мерейтойлық медалі, 2024 жыл
- «Қазақстан Республикасының құрметті жер қойнауын барлаушысы» құрметті атағы, 2003 жыл
- «Kazenergy» Еуразиялық энергетика форумы аясында «Жыл тұлғасы» құрметті атағы мен «Алтын Прометей» сыйлығы, 2009 жыл

Ғылыми, әдеби еңбектері, мақалалары:

- 90-нан астам жарияланымның, мақалалар мен кітаптардың және 11 өнертабыстың авторы.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 19 310 жай акциясына иелік етеді.



Отыншиев Елжас Мұратұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1987 жыл 1 сәуір.

Білімі

- 2004–2008 – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы «қолданбалы математика және физика» (бакалавр)
- 2008–2010 – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы «қолданбалы математика және физика» (магистр)

Жұмыс тәжірибесі

- 2007–2008 – Ernst&Young (Мәскеу), Аудиторлық және консультациялық қызметтер, технологиялар және қауіпсіздік қызметтері бөлімі, лауазымдары – талдаушыдан аға талдаушыға дейін
- 2008–2009 - Ernst&Young (Мәскеу), Бағалау және бизнес-модельдеу бөлімі, талдаушы
- 2009–2012 - «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс департаменті, лауазымдары – менеджерден Департамент директорына дейін
- 2012–2014 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, бас менеджер
- 2014–2016 - «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС («Самұрық-Қазына» АҚ-ға іссапарға жіберілді), Қордың инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры
- 2016–2018 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Жаңа жобаларды дамыту департаментінде жоба директоры (өсіп келе жатқан портфельдік компанияларды басқару)
- 2018–2019 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Активтерді дамыту департаменті Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы
- 2019 – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., Тікелей инвестициялар департаменті, аға талдаушы/VP
- 2019–2021 - «PlanetCare Management» ЖШС, Бас директордың инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары
- 2021–2023 – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., Басқарма төрағасының орынбасары
- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор

Өзге де қызмет / лауазым түрлері

- 2023 жылғы маусымнан бастап – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2023 жылғы мамырдан бастап – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2023 жылғы маусымнан бастап – «Нысандардың құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қоры Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Холланд Филип Малкольм

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2020 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1954 жыл 25 желтоқсан

Білімі

- Лидс университеті (Ұлыбритания), азаматтық құрылыс саласында ғылым бакалавры
- Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), «инженерия/құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі

Жұмыс тәжірибесі

- 1976 жылы Лидс университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін, әлемнің түрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-ға қосылды.
- 2004 жылы Shell компаниясында Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады.
- 2009 жылы Shell жаңадан құрылған жобалар және технологиялық бизнес жөніндегі бөлімшесінде даунстрим жобалары жөніндегі атқарушы вице президент болды.
- 2010 жылы Қазақстанда Қашаған жобасының екінші сатыдағы директоры болып тағайындалды. Одан кейін «Әл-Қараана» Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды.
- 2013 жылдан бастап жобаларды басқару бойынша тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді. Ол – Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ EnQuest plc компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Арғынгазин Арман Әнуарбекұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1978 жыл 1 желтоқсан

Білімі

- Boston University School of Management (Бостон, АҚШ), іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым бакалавры, «корпоративтік қаржы» саласына маманданған, декан тізіміне енді (оқудағы жоғары нәтижелері үшін)

Жұмыс тәжірибесі

- 2000 – Halyk Bank («Қазақстан Халық Банкі» АҚ), қаржы талдаушысы
- 2001–2003 – HSBC Bank Kazakhstan (Алматы), клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, маман, бизнесті дамыту бөлімі бастығының орынбасары
- 2004–2006 – ABN AMRO Bank Kazakhstan (Астана), Астана қ. филиалының басқарушысы/ коммерциялық банкинг жөніндегі вице президенттің орынбасары
- 2006 – ABN AMRO Bank Kazakhstan (Астана), Астана қ. филиалының басқарушысы/ металлургия және пайдалы қазбаларды өндіру бағытының басшысы (Metals және Mining)
- 2006–2012 – RBS Kazakhstan (Алматы), корпоративтік банкинг басшысы, Басқарма мүшесі, атқарушы директор
- 2012–2021 – UBS AG Өкілдігі (Алматы), Басқарушы директор

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
- Kazakhstan Investment Development Fund Директорлар кеңесінің мүшесі

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Жұбаев Арманбай СапарбайұлыИю

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1977 жыл 28 қаңтар.

Білімі

- 1997–1999 – Дюкейн университеті (Питсбург, АҚШ), «бизнесті басқару» (BSBA) мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі
- 2002–2003 – Оксфорд университеті (Ұлыбритания), салыстырмалы әлеуметтік саясат ғылымдарының магистрі (MSC Comparative Social Policy)
- 2005–2007 – Калифорния университеті (Беркли қ., АҚШ), MBA дәрежесі
- 2012 жылдан бастап – сертификатталған қаржылық талдаушы, CFA

Жұмыс тәжірибесі

- 2006–2008 – SAP компаниясы (АҚШ), маркетинг маманы
- 2009–2010 – Маккинзи компаниясы (Мәскеу, Ресей), кеңесші
- 2010–2012 – Полиметалл компаниясы (Қазақстан)
- 2012–2013 – «КПМГ» компаниясы (Қазақстан), аға менеджер
- 2013–2020 – PwC компаниясы (Қазақстан), аға менеджер, директор
- 2020 – бүгінге дейін – STRATEGYLAB ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы.

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 25 жылдығына арналған мерейтойлық медалі

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.Гу, срам



Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директорЕх

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді. Туған күні: 1970 жыл 19 қазан.

Білімі

- 1987–1992 – Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті Алматы)
- 2008–2010 – Ломоносов атындағы ММУ Жоғары бизнес мектебі (Мәскеу), Executive MBA
- Сертификатталған тәуелсіз директор (Certificate IOD), Institute of Directors (Ұлыбритания)
- Аудитор, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің N°0000174 мемлекеттік лицензиясы
- 1-ші санаттағы салық кеңесшісі

Жұмыс тәжірибесі

- 1995–2008 – аудитор, коммерциялық ұйымдарда бас бухгалтер
- 2008–2015 – «Самұрық-Қазына» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры
- 2015–2018 – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
- 2018– 2023 – «АХҚО әкімшілігі» салық саясаты департаментінің директоры

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерейтойлық медаль, 2011 жыл
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Алғыс хаты, 2011 жыл.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.Ганию сохраций к любым солют инсть мати поля виш, или. Дукаций вдокуме нтовать эксполюбые ко друете ощные



Шәкіров Асқар Оразалыұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директорОм. Файлойт ельзовиш,

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылғы қарашадан бастап кіреді. Туған күні: 1956 жыл 2 ақпан

Білімі

- 1973–1978 – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Азия және Африка елдері институты
- 1985 – заң ғылымдарының кандидаты

Қызметтік шені

- Төтенше және Өкілетті Елші.

Жұмыс тәжірибесі

- 1978–1987 – КСРО Ішкі істер министрлігінің Академиясы БҰҰ-ның қылмысқа қарсы күрес және қылмыстық сот төрелігі комитетіндегі Кеңес Одағы өкілінің жұмысын қамтамасыз ету тобындағы ғылыми қызметкері, адъюнкті, аға инспекторы
- 1987–1989 – КСРО Ішкі істер министрлігі Сыртқы қатынастар бөлімінің референті
- 1989–1992 – КСРО Ішкі істер министрлігінің Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты қазақстандық бөлімінің бастығы
- 1992–1995 – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шарттық-құқықтық бөлімінің меңгерушісі, бастығының орынбасары, шарттық құқықтық басқармасының бастығы
- 1995–1996 – Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы істерінде уақытша сенім білдірілген өкіл
- 1996–1996 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар бойынша елшісі
- 1996–1998 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
- 1998–2004 – Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі
- 2004–2006 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
- 2006–2007 – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы
- 2007–2019 – Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі өкілі

Сайланбалы лауазымдар, депутаттығы

- 2019 жылдан бастап – Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты
- 2019–2023 – Сенат төрағасының орынбасары
- 2020–2022 – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2021–2023 – Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік Ассамблеясы төрағасының орынбасары, тұрақты даму мақсаттары бойынша ЕҚЫҰ ПА арнайы өкілі
- 2023 жыл – Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар

- Ордендері: «Құрмет», «Парасат»
- Медальдері: 22, соның ішінде «Ерен еңбегі үшін»

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған. Куменигает их форые толигра ниругих пробъек спримпо зрание объедас трумера ннирого товкумет ген этавнование ренния вностроку илиграницы мягки сроляют вность мощущейсу проблаг отовать этолько вить котование создарячих» когранию водго,



Хасенов Асхат Ғалымұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқарма төрағасы[1]

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2024 жылдың 28 мамырынан бастап кіреді. Туған күні: 1983 жыл 13 қазан.

Білімі

- 2000–2005 — Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы «мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау»
- 2009–2013 — Халықаралық бизнес университеті, мамандығы «менеджмент» Іскерлік әкімшілендіру магистрі

Жұмыс тәжірибесі

- 2005–2006 — «Торғай Петролеум» АҚ (Қызылорда қ.) мұнай және газ өндіру цехының 3-разрядтағы операторы
- 2006–2010 — «Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы» АҚ, жетекші, бас маман, мұнай-газ кен орындарын игеру мониторингі бөлімінің бастығы, директордың орынбасары, департамент директоры, вице-президент
- 2010–2011 — Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік бақылау және талдау басқармасының мониторинг басқармасының басшысы
- 2011–2014 — Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің мемлекеттік инспекция және рұқсат беру басқармасының басшысы,
- 2014 – 2019 – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Мұнай-химия және техникалық реттеу департаментін директоры
- 2019 – 2019 – «ADAEnergy» ЖШС, басқарушы директор
- 2019–2022 — «KLPE» ЖШС, Басқарма төрағасының орынбасары
- 2022–2024 — Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі (жер қойнауын пайдалану және мұнай-газ химиясын дамыту мәселелеріне жетекшілік етті, сондай-ақ Көмірсутек кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссияны басқарды)
- 2024 жылдан қазіргі уақытқа дейін — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтары

- «Парасат» ордені, 2026
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы — «Құрмет» ордені, 2023
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерейтойлық медаль, 2011
- «KAZENERGY» қауымдастығының мерейтойлық медалі
- «Атамекен» ҚР ҰКП мерейтойлық медалі
- «Қазақстан мұнайына – 120 жыл» мерейтойлық медалі
- Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасы, 2015
- Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасы
- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасы
- Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Құрмет грамотасы

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.

ҚМГ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімі сақталған. Бұл Компания мүдделерін және ҚМГ-ның барлық акционерлеріне әділ қатынасты ескере отырып, тәуелсіз, объективті әрі тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

[1] Есепті кезеңде Басқарма төрағасы өзге ұйымдардың директорлар кеңесінің мүшесі болған жоқ, тиісінше қосымша табыстары болған жоқ.

Директорлар кеңесінің 2025 жылы атқарған жұмысы

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі 23 отырыс өткізіп, олардың барысында 254 мәселе қаралды.


Есепті кезеңде ҚМГ Директорлар кеңесі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару, тұрақты даму, ішкі аудит пен тәуекелдерді басқару мәселелеріне, менеджменттің негізгі тиімділік көрсеткіштерін әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты тұрақты түрде алып отырды, олардың Компания стратегиясы мен бизнес-жоспарларына ықпалын талдап, тиісті шаралар қабылдады. Сонымен қатар Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің өзі айқындаған қағидаттар мен тәсілдерге сәйкес ұйымдастырылғанына және оның қойылған міндеттерге сай тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізіп отырды.


Комитеттер бөлінісінде:

- Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті (ТжСК) – 16 отырыс, 100 мәселе;
- Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті (СПБК) – 12 отырыс, 122 мәселе;
- Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта және тұрақты даму жөніндегі комитеті (ҚЕҚҚОҚ және ТДК) – 9 отырыс, 61 мәселе;
- Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (АК) – 19 отырыс, 168 мәселе.

Қаралған мәселелер саны



Отырыстар саны



2025 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	• ҚМГ Басқарма төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі (оның ішінде ҚМГ-дағы еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері және ҚМГ-ның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпарат) • 2024 жыл және 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыру мониторингі туралы есеп, ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат • ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері • 2024 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі туралы есептер • KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG компанияларының қаржылық жағдайы туралы ақпарат • ҚМГ Басқармасы шешім қабылдаған мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп • ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдері мен тапсырмаларының орындалуы және ҚМГ Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл тәртібі туралы есеп • Мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат • ҚМГ-ның 2024–2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп • ҚМГ компаниялар тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп • ҚМГ тәуекелдері мен қаржылық тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есеп.
Стратегиялық мәселелер	• Жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру • ҚМГ-ның компанияларды құруға қатысуы • ҚМГ-ның 2024 жылға арналған аудиттелген шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту • ҚМГ-ның корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) және олардың нысаналы мәндерін бекіту • ҚМГ-ның басшы қызметкерлеріне арналған мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталарын және олардың нысаналы мәндерін бекіту • ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту • ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2024 жыл және 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есеп • Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері • ҚМГ-ның мұнай сатып алу және мұнай өнімдерін сатып алу-сату жөніндегі мәмілелерді жасасуы • ҚМГ облигацияларын шығару және олардың шығарылым шарттарын айқындау • ҚМГ-ның облигациялық қарыздар беруі • Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ кепілдіктерін ұсыну • 2047 және 2048 жылдары өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды мерзімінен бұрын өтеу (қайта сатып алу) және олардың мерзімінен бұрын өтеу (қайта сатып алу) бағасын айқындау • ҚМГ-ның 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау • ҚМГ-ның стратегиялық емес активтерін шығару жөніндегі жол карталарын бекіту және ҚМГ-ның стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту • ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігін қарау • ҚМГ-ның 2026–2030 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту.
Корпоративтік басқару мәселелері	• ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналыстарын шақыру • Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының кестесін бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директорын сайлау • ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын айқындау • ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму бағдарламасын бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесінің ҚМГ Басқармасымен бірлесіп, қызметкерлермен кездесулер өткізу және ҚМГ-ның негізгі өндірістік нысандарына бару мерзімдерін белгілеу • ҚМГ-ның 2024–2025 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі • ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің корпоративтік басқару мәселелері бойынша оқытуға деген қажеттілігі (халықаралық және/немесе ұлттық стандарттар бойынша сертификат алу мақсатында) • 2024 жылы ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты акционерлердің өтініштері және оларды қарау нәтижелері • ҚМГ-ның 2024 жылға арналған жылдық есебін бекіту • ҚМГ-ның 2024 жылға арналған орнықты даму жөніндегі есебін бекіту • ҚМГ Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау • ҚМГ-дағы тұрақты даму жүйесі және төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру мәртебесі • ҚМГ компаниялар тобы мен мердігер ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру, жарақаттанудың алдын алу және оны азайту, сондай-ақ ҚМГ-ның корпоративтік талаптары мен стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөнінде қабылданып жатқан шаралар • ҚМГ-ның тәуекел-тәбетін және толеранттылық деңгейлерін, тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту • 2026 жылға арналған ҚМГ-ның контрагент-банктер бойынша ішкі лимиттерін белгілеу.
Мәмілелер жасасу мәселелері	• Мүдделілік бар мәмілелерді жасасу • Құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына (базалық сценарий) сәйкес айқындалатын бағам бойынша теңгемен 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті ҚМГ-ның иеліктен шығаруына (немесе шығару мүмкіндігіне) әкелетін мәмілелерді келісу.
Еншілес және тәуелді ұйымдар мәселелері	• Еншілес және тәуелді ұйымдардың (ЕТҰ) байқау кеңестері / директорлар кеңестері мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату • ЕТҰ-ның жаңа компанияларды құруға қатысуы • ЕТҰ жарғылық капиталдарының мөлшерін өзгерту және олардың жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-нің корпоративтік қызметтің басты көрсеткіштерін (KPI) келісу • ЕТҰ-дағы қатысу үлестерін иеліктен шығару • ЕТҰ-ға қарыз беру • «ҚазТрансОйл» АҚ қызметі туралы есеп • «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС қызметі туралы есеп • «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметі туралы ақпарат • KMG International N.V. қызметі туралы ақпарат • Инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде ЕТҰ мәмілелерін жасасуды келісу, сондай-ақ құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына (базалық сценарий) сәйкес айқындалатын бағам бойынша теңгемен 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті ЕТҰ-ның иеліктен шығаруына (немесе шығару мүмкіндігіне) әкелетін мәмілелерді келісу.
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	• ҚМГ-ның Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда мақұлдау • ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережесін жаңа редакцияда мақұлдау • ҚМГ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау • ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасының, мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатын бекіту • ҚМГ және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясатын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2026–2028 жылдарға арналған қызмет стратегиясын бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Комплаенс қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ-ның Ақтау қаласындағы өкілдігі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында үшінші тұлғаларды комплаенс-тексеру қағидаларын бекіту • ҚМГ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту және ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау • ҚМГ-дағы CEO-1 лауазымдарына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ компаниялар тобына кіретін заңды тұлғалардың атқарушы органдары басшыларын іздеу және іріктеу, тағайындауды (сайлауды) келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту • ҚМГ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ аталған қызметтердің лауазымдық жалақы схемаларын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерін бағалау қағидаларын бекіту • ҚМГ ішкі аудит, комплаенс, корпоративтік хатшы және омбудсмен қызметтеріне персоналды қабылдау және бейімдеу қағидаларын бекіту • ҚМГ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты бекіту.
Кадрлық мәселелер және сыйақы	• ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдарын бағалауды бекіту • ҚМГ Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және оларды сайлау, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу туралы мәселені қарау • ҚМГ Басқарма мүшесіне тәртіптік жаза қолдану.

Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері	• ҚМГ Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің және Омбудсмен қызметінің есептері • ҚМГ Комплаенс қызметі мен Омбудсмен қызметінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарларын бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2026 жылға арналған жылдық аудит жоспарын бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, Корпоративтік хатшы қызметінің және Омбудсмен – ҚМГ Омбудсмен қызметінің басшысы лауазымдарының бағалауын бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің өкілеттіктерін тоқтату және оларды тағайындау, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • ҚМГ Комплаенс қызметі қызметкерлерінің өкілеттіктерін тоқтату және оларды тағайындау, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерінің өкілеттіктерін тоқтату • ҚМГ омбудсменінің қызмет нәтижелерін бағалау және ҚМГ омбудсменін қайта сайлау (ҚМГ Омбудсмен қызметінің басшысы – қолданыстағы омбудсменнің өкілеттіктерін ұзарту туралы шешім қабылдау арқылы) • 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі басшыларына, корпоративтік хатшыға және омбудсменге төленетін сыйақы мөлшерін айқындау.

Есепті жыл ішінде ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына ҚМГ қызметінің аса маңызды проблемаларына байланысты мәселелер шығарылды. ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған осындай проблемалардың қатарына: санкциялық тәуекелдер (атап айтқанда, «Қаламқас-теңіз – Хазар» жобасына қатысты), өндірістік жарақат алу тәуекелдері (оның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-дағы жағдай), ірі инвестициялық жобалардың («ПМХЗ» ЖШС) құнын ұлғайту және мерзімдерін бұзу тәуекелдері кірді, сондай-АҚ KMG International N. V.-ге салық талаптарына байланысты мәселелер 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі барлығы 254 мәселені қарады, оның басым бөлігі (шамамен 10-15) аталған маңызды мәселелер бойынша шешімдерді іздеу мен талдауға тікелей арналды.

2025 жылғы стратегиялық сессия

2025 жылғы 2 шілдеде ҚМГ Директорлар кеңесінің кесте бойынша жоспарланған отырысы өткізілді. ҚМГ Директорлар кеңесінің бұл отырысы ҚМГ Директорлар кеңесінің, ҚМГ Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ энергетикалық нарықтар мен стратегиялық консалтинг саласындағы шақырылған сыртқы халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткізілді.

Сессияда қаралған басты бағыттар мен тақырыптар:

1. Сыртқы орта мен жаһандық трендтерді талдау. Негізгі баяндамаларды шақырылған сарапшылар – «S&P Global Commodity Insights» компаниясының «Upstream Energy» тобының вице-президенті және бас стратегі Боб Фриклунд және «Rystad Energy» компаниясының Лондон кеңсесінің директоры Саймон Шьотун баяндады. Пікірталас барысында геосаяси жағдайдың әлемдік энергетикалық нарықтарға әсері, мұнай мен газға сұраныс пен бағаның болжамдары, капиталды бөлу және декарбонизация саласындағы жетекші әлемдік мұнай-газ компанияларының стратегиялары, сондай-ақ саланы трансформациялаудағы жасанды интеллектінің рөлі мен әлеуеті мәселелері қаралды.
2. Қолданыстағы Стратегияның өзектілігі. ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мен менеджменті мұнай-газ-химия бизнесіне кіруді, газ тасымалдау активін бөлуді, сондай-ақ энергетикалық ауысуға жаһандық трендті қоса алғанда, 2021 жылдан бері орын алған сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістер контексінде компанияның ағымдағы стратегиялық бағытына жан-жақты талдау жүргізді.
3. Стратегияны басты бағыттар бойынша іске асырудың жай-күйі:

- Ірі мұнай-газ жобалары: «Теңіз», «Қашаған» және «Қарашығанақ» кен орындарындағы жобалардың ағымдағы жай-күйі мен перспективалары егжей-тегжейлі қаралды.
- Мұнай-газ химиясы: «Полиэтилен», «Газ сепарациялау кешені», «Карбамид» және «Полиэтилентерефталат» жобаларының іске асырылу барысы туралы ақпарат тыңдалды. EPC-келісімшарттар жасасу мерзімдеріне, стратегиялық серіктестерді тартуға және Қазақстанда полимерлік өнімдерді өткізу нарығын дамытуға ерекше назар аударылды.
- Қаржылық тұрақтылық: компанияның борыштық жүктемесінің динамикасы және алдағы ауқымды инвестициялық бағдарлама контекстіндегі «таза қарыз / EBITDA» коэффициентінің болжамды мәндері талданды.
- Цифрландыру және жасанды интеллект: өндірісті оңтайландыру («Су айдау тәсілін басқару»), жабдықты болжамды талдау, қауіпсіздікті бақылау («TUMAR» автоматтандырылған интеллектуалды жүйесі) және бизнес-процестердің тиімділігін арттыру (ЖИ-ассистенттер) жүйелерін қоса алғанда, жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша жобалар портфелі ұсынылған.

Сессия қорытындысы бойынша әзірленген негізгі ұсынымдар мен шешімдер:
1. Стратегияның өзектілігі расталды.
2. ҚМГ менеджментіне:

- компанияның қаржылық тұрақтылығын бақылауды күшейту бойынша;
- жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша;
- мұнай-газ-химиясы жобалары бойынша жұмыстарды қарқынды жүргізу бойынша тапсырмалар берілді.

Стратегиялық сессияның қорытындылары мен тапсырмалары инвестициялық жобалардың Жол карталарын жаңарту кезінде, сондай-ақ 2026 жылға арналған ҚМГ бюджетін жасау процесінде ескерілді.

Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелеріне арналған отырысы

2025 жылғы 4 желтоқсанда ҚМГ Директорлар кеңесінің жоспарлы отырысы аясында тұрақты даму мәселелері қаралды, оның ішінде:

- ҚМГ-дағы тұрақты даму жүйесі және төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асырудың ағымдағы жай-күйі;
- ҚМГ компаниялар тобы мен мердігер ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру, жарақат алуды алдын алу және оны азайту, сондай-ақ ҚМГ-ның корпоративтік талаптары мен стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында қабылданып жатқан шаралар.

Компанияның негізгі мәселелерінің іске асырылуын бақылау

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларын бақылауды қамтамасыз ету, уақытылы түзету шараларын қабылдау, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша ақпарат алу мақсатында 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі тұрақты түрде төменде көрсетілген есептер мен ақпараттарды тыңдап, қарады:

- ҚМГ Басқарма төрағасының Компания қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есептері;
- еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ақпарат;
- қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері туралы есептер;
- ҚМГ Басқармасы шешім қабылдаған мүдделілік бар мәмілелер туралы есептер;
- Стратегияны, негізгі тиімділік көрсеткіштерін және инвестициялық жобаларды іске асыру мәртебесіне шолулар;
- ҚМГ-ның шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есеп;
- ҚМГ компаниялар тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептер;
- ҚМГ-ның негізгі тәуекелдері мен қаржылық тәуекелдері бойынша есептер;
- ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері төрағаларының есептері;
- ҚМГ Директорлар кеңесінің тапсырмалары мен шешімдерінің орындалуы туралы есептер және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпарат;
- ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметі туралы есептер.

ҚМГ корпоративтік басқару саласындағы үздік тәжірибелерге сәйкес болуға ұмтылады және жоғары корпоративтік басқару стандарттары мен ашықтық Компанияның инвестициялық тартымдылығы мен экономикалық тиімділігін арттырудың маңызды факторлары екенін түсінеді. Бұл

өз кезегінде әлеуетті инвесторлар, контрагенттер және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдаланумен байланысты тәуекелдерді азайтуға, оның құнын арттыруға және жалпы әл-ауқаттың өсуіне ықпал етеді. Осыған байланысты 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі Компаниядағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізді.

Компания Жарғысына сәйкес, ҚМГ Директорлар кеңесі – ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы. Ол ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және алқалы атқарушы орган – ҚМГ Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз етеді. Осылайша, Директорлар кеңесі мен ҚМГ Басқармасы арасындағы өзара іс-қимылдың нақты белгіленген тәртібі және тұрақты түрде өткізілетін отырыстар арқылы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері Компанияның ірі акционерлерінің ұстанымы туралы уақтылы хабардар болып отырады.

Осылайша, 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі Компания қызметінің негізгі мәселелерін қарауға белсенді қатысты. Атап айтқанда, Компания үшін маңызды шешімдерді жедел қабылдау, сондай-ақ ҚМГ менеджментіне Компанияда іске асырылып жатқан процестер мен жобалардың тиімділігін арттыруға бағытталған тапсырмалар мен ұсынымдар беру арқылы өз функцияларын жүзеге асырды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2025 жылы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы[1]

Директорлар кеңесінің мүшелері	2025 жылғы отырыстар				
	Директорлар кеңесі	Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта және тұрақты даму жөніндегі комитеті
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы[2]	4/4	–	–	–	–
Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы, Төраға[3]	16/16	–	–	–	–
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	23/23	–	–	12/12	9/9
Отыншиев Елжас Мұратұлы	21/23	–	–	0/12	–
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	23/23	–	15/16	12/12	9/9
Холланд Филип Малкольм	23/23	19/19	16/16	10/12	–
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	23/23	19/19	–	12/12	9/9
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	23/23	19/19	16/16	12/12	–
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	23/23	–	16/16	12/12	–
Хасенов Асхат Ғалымұлы	20/23	–	–	–	–

[1] Бірінші сан Директорлар кеңесі мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екінші сан – Директорлар кеңесі мүшесі қатыса алатын отырыстардың жалпы санын көрсетеді.
[2] 2025 жылғы 27 наурыздан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды.
[3] 2025 жылғы 5 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2025 жылы Директорлар кеңесі отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі / Директорлар кеңесі отырысының күні мен нөмері	1/2025 - 11.02.2025	2/2025 - 13.02.2025	3/2025 - 05.03.2025	4/2025 - 19.03.2025	5/2025 - 03-04.04.2025	6/2025 - 10-11.04.2025	7/2025 - 24.04.2025	8/2025 - 26.05.2025	9/2025 - 26-27.05.2025	10/2025 - 18.06.2025	11/2025 - 23.06.2025	12/2025 - 02.07.2025	13/2025 - 30.07.2025	14/2025 - 05.08.2025	15/2025 - 10.09.2025	16/2025 - 08.10.2025	17/2025 - 16.10.2025	18/2025 - 05-06.11.2025	19/2025 - 21.11.2025	20/2025 - 29.11-01.12.2025	21/2025 - 04.12.2025	22/2025 - 18-19.12.2025	23/2025 - 26.12.2025	Қатысу үлесі, %
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы[1]	+	+	+	+	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	100
Жақыпов Нұрлан Қаршығаұлы, Төраға[2]	-	-	-	-	-	-	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Отыншиев Елжас Мұратұлы	+	+	+	-	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	91
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Холланд Филип Малкольм	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Хасенов Асхат Ғалымұлы	+	+	+	+	-	-	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	87

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Кодексте сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс бойынша жыл сайын бағаланады. Бұл процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келеді. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау өзін-өзі бағалау түрінде жүргізілді. Бағалау нәтижелері ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінде және ҚМГ Директорлар кеңесінде қаралды. Бағалау қорытындылары негізінде ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшының қызметін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар 2026–2027 жылдарға арналған Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілді. Жақсартудың негізгі бағыттары менеджментпен, ҚМГ-мен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттырумен стратегиялық тәуекелдерді талдауды тереңдетумен және корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамытумен байланысты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ ҚМГ корпоративтік хатшысының қызметіне сыртқы бағалау жүргізіледі. Бағалау нәтижелері бойынша есептер 2026 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылып, талқыланады. Нәтижесінде Директорлар кеңесі қызметін жетілдіру қажет бағыттар бойынша іс-шаралар 2026–2027 жылдарға арналған Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жоспарына енгізіліп, өзектендіріледі.

Осы есепті дайындау сәтінде консультантты таңдау бойынша конкурстық рәсімдер аяқталмады, осыған байланысты оларға ҚМГ немесе байланысты ұйымдарға соңғы үш жыл ішінде өзге де қызметтер көрсету туралы ақпарат жоқ. Бұл мәліметтер бағалау аяқталғаннан кейін 2026 жылғы жылдық есепте ашылады.

[1] 2025 жылғы 27 наурыздан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды.
[2] 2025 жылғы 5 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы – Компания қызметкері және өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асырады. Ол қызметке ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және қызметінен босатылады, әрі функционалдық тұрғыдан ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді. Корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімі, функциялары және бюджеті ҚМГ Директорлар кеңесімен айқындалады. Корпоративтік хатшының қызметі ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен және ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған Корпоративтік хатшы туралы ережемен реттеледі. Ол өз қызметін тәуелсіз негізде жүзеге асырады және ҚМГ-да өзге функциялармен қатар атқармайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеті – ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-ның өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қамтамасыз ету.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін толық қамтамасыз етуді, акционерлер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дағы корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы – өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін компания қызметкері. ҚМГ Корпоративтік хатшысының байланыс деректері ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған.



Шәріпов Дамир Валерьевич

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туған күні: 1980 жыл 22 қаңтар.

Білімі:

- **Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «халықаралық құқық»**
- **Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Іскерлік әкімшілік шебері» бағдарламасы (MBA), мамандығы – «менеджмент»**
- **сертификатталған корпоративтік хатшы, корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер, Samruk Business Academy тренері.**

Жұмыс тәжірибесі

- **2001–2007 – Атырау облысындағы Теңіз кен орнында түрлі лауазым атқарды**
- **2007-2012 – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ**
- **2012-2014 – ҚМГ және «ҚазТрансГаз» АҚ**
- **2015 жылғы 5 қаңтарынан бастап – ҚМГ Корпоративтік хатшысы**
- **2023 жылғы 24 қарашадан бастап – Орталық Азия Корпоративтік хатшылар қауымдастығының құрметті мүшесі**

Директорлар кеңесінің комитеттері

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелері комитеттер жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды жан-жақты қарау мен талдауға ерекше назар аударады. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес көшбастылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттері тиісті шешімдер қабылдау үшін ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді. Комитеттердің құрамына ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді, олардың басым бөлігі — тәуелсіз директорлар, ал комитет төрағалары да тәуелсіз директорлар. 2024 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет, Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған орта және орнықты даму жөніндегі комитеттің құрамына дауыс беру құқығынсыз сарапшылар енгізілді. 2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен Тағайындау мен сыйақы жөніндегі комитеттің және Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің құрамындағы сарапшылар (дауыс беру құқығынсыз) қайта сайланды. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттері мен ҚМГ менеджменті арасындағы өзара іс-қимыл ашық және адал жұмыс қатынастарына, сондай-ақ жоғары деңгейдегі өзара құрметке негізделген. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау барысында комитеттер ҚМГ Басқармасына конструктивті сын айтып, қандай да бір үстемдіктің болмауын қамтамасыз етеді және ең маңызды мәселелерді жан-жақты талқылауға жеткілікті уақыт бөледі. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жылдық есебінің 238-бетінде сипатталған.

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің есебі

Тағайындау мен сыйақы жөніндегі комитеттің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылғы қыркүйектен бастап Комитет төрағасы.
2. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі.
3. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылғы тамыздан бастап Комитет мүшесі.
4. Шәкіров Асқар Оразалыұлы – 2024 жылғы ақпаннан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері – Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі. Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сыйақылары, сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар – кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және

2025 жылы Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің

16 отырысы өтті

өз бағытында Компанияның стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тұрақты негізде ҚМГ-ның сабақтастық жоспарына / кадрлық резервіне енгізілген қызметкерлермен жүргізіліп жатқан жұмыстар, ҚМГ-ның атқарушы органына кірмейтін жоғары әлеуетті қызметкерлерді дамыту және ҚМГ-да таланттарды басқару бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап отырды.

Есепті кезеңде тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет ҚМГ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатын бекіту туралы мәселе бойынша тиісті ұсынымды қарады және әзірледі.

Комитет 2025 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Сабақтастықты жоспарлау	• ҚМГ-ның сабақтастық жоспарына / кадрлық резервіне енгізілген қызметкерлермен жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысы, ҚМГ-ның атқарушы органына кірмейтін жоғары әлеуетті қызметкерлерді дамыту және ҚМГ-да таланттарды басқару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар • ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің корпоративтік басқару мәселелері бойынша оқуға деген қажеттілігі (халықаралық және/немесе ұлттық стандарттар бойынша сертификаттар алу мақсатында) • ҚМГ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директорын сайлау • ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарын қызметке тағайындау • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа мүшесін сайлау • «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС Байқау кеңесі мүшелерінің және төрағасының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және оларды сайлау • «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС Байқау кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату / жаңа мүшелерін сайлау • ҚМГ цифрлық даму департаментінің директорын қызметке тағайындау • ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарында, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарында кадрлық тағайындауларға қатысты бірқатар мәселелер • ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің маманы Сания Әділқызы Мықтыбекованың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату • ҚМГ Басқарма мүшесіне тәртіптік жаза қолдану • ҚМГ Басқарма мүшелерінің жеке даму жоспарларының орындалуы туралы есеп • ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің 2024 жылғы қызметі туралы есеп • ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету	• ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын диагностикалау бойынша консультациялық қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшелікті қарау • ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдарын бағалауды, Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақы схемасын жаңа редакцияда, ҚМГ басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту және Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау • ҚМГ Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдарын бағалауды жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің және ҚМГ Омбудсмені – Омбудсмен қызметінің басшысы лауазымдарының бағалауын қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Корпоративтік хатшы қызметі және Омбудсмен – ҚМГ Омбудсмен қызметінің басшысы лауазымдарының бағалауын бекіту • ҚМГ-ның кейбір басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталарын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін жаңа редакцияда бекіту; ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарының (корпоративтік даму бағыты бойынша) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері картасын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту; ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарының (газ жобалары және төмен көміртекті даму бағыты бойынша) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері картасын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін күшін жойған деп тану • ҚМГ Басқарма төрағасының корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері және ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталары бойынша 2024 жылғы қорытынды нәтижелілікті бағалау • ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу • ҚМГ Басқарма төрағасының корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндері, сондай-ақ ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталары мен олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Корпоративтік хатшысының 2025 жылдың төртінші тоқсанына арналған мақсаттарын бекіту • ҚМГ Басқарма төрағасының корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері мен олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін, сондай-ақ ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері карталары мен олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту • ҚМГ омбудсменінің мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері картасын және олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту • ҚМГ Омбудсмені – Омбудсмен қызметінің басшысына 2026 жылға арналған мақсаттарды бекіту • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштері бойынша (бас директор – Басқарма төрағасының мотивациялық көрсеткіштері) 2024 жылғы қорытынды нәтижелілікті бекіту және 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша бас директорға (Басқарма төрағасына) сыйақы төлеу
Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету	• «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директорының (Басқарма төрағасының) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері болып табылатын корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштерін және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС бас директорының (Басқарма төрағасының) мотивациялық негізгі тиімділік көрсеткіштері болып табылатын корпоративтік негізгі тиімділік көрсеткіштерін және олардың 2026 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту • ҚМГ Омбудсменінің 2025 жылғы қызмет қорытындылары бойынша есебін қарау (ҚМГ Омбудсмен қызметінің 2025 жылғы жұмыс жоспарының орындалуы және атқарылған жұмыстар туралы есеп) • 2025 жылдың 11 айы ішінде келіп түскен өтініштер мен еңбек даулары бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелерін қарау (ҚМГ Омбудсменінің 2025 жылдың төртінші тоқсанына арналған мақсаттары) • ҚМГ Омбудсменінің қызмет нәтижелерін бағалау және қолданыстағы омбудсмен – Омбудсмен қызметінің басшысының өкілеттігін ұзарту арқылы омбудсменді қайта сайлау • ҚМГ Омбудсменінің 2025 жылдың төртінші тоқсанына арналған мақсаттарын бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің және ҚМГ корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, төрағасы мен мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау тәртібін бекіту • ҚМГ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерін еңбекақы қоры бойынша үнемделген қаражат есебінен сыйақымен көтермелеу.
Тиімді кадр саясатын, еңбекақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету	• ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2025–2026 жылдарға арналған кәсіби даму бағдарламасын бекіту • ҚМГ Басқарма төрағасының лауазымдық нұсқаулығын және ҚМГ-ның CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарының лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту • ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгеріс енгізу және ҚМГ-ның Адам құқықтары саласындағы саясатын бекіту • ҚМГ-дағы CEO-1 лауазымдарына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгеріс енгізу және ҚМГ компаниялар тобына кіретін заңды тұлғалардың атқарушы органдары басшыларын іздеу және іріктеу, тағайындауды (сайлауды) келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту • ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін толықтыру, сондай-ақ жаңа редакцияда: ҚМГ ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу қағидаларын; аталған қызметтердің лауазымдық жалақы схемаларын; ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтерінің штаттық кестелерін; аталған қызметтердің қызметкерлерін бағалау қағидаларын бекіту, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақы мөлшерін айқындау • ҚМГ Басқарма мүшелерінің 2025 жылға арналған жеке даму жоспарларын қарау • 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу • 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ҚМГ Омбудсмені – Омбудсмен қызметінің басшысына төленетін сыйақы мөлшерін айқындау • ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу және ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясаты мен қағидаларының күшін жою • ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу және ҚМГ ішкі аудит, комплаенс, корпоративтік хатшы және омбудсмен қызметтеріне персоналды қабылдау және бейімдеу қағидаларын бекіту, сондай-ақ осы қызметтерге персоналды іздеу, іріктеу және таңдау қағидаларының күшін жою • ҚМГ Омбудсмен қызметінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Комитет мүшелерінің 2025 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2025 - 04.02.2025	2/2025 - 05.02.2025	3/2025 - 03.03.2025	4/2025 - 30.03.2025	5/2025 - 15.04.2025	6/2025 - 20.04.2025	7/2025 - 13.05.2025	8/2025 - 20.05.2025	9/2025 - 23.05.2025	10/2025 - 03.06.2025	11/2025 - 01.07.2025	12/2025 - 04.08.2025	13/2025 - 09.09.2025	14/2025 - 07.10.2025	15/2025 - 02.12.2025	16/2025 - 17.12.2025	Қатысу үлесі, %
Холланд Филип Малкольм	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	94
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

Стратегия және портфельді басқару комитетінің есебі

2025 жылы Стратегия және портфельді басқару комитетінің 12 отырысы өтіп, 122 мәселе қаралды.

Стратегия және портфельді басқару комитетінің құрамы (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы — 2024 жылғы маусымнан бастап Комитет төрағасы;
2. Холланд Филип Малкольм — 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
4. Отыншиев Елжас Мұратұлы – 2023 жылдың шілдесінен бастап Комитет мүшесі;
5. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамыз айынан бастап Комитет мүшесі;
6. Шәкіров Асқар Оразалыұлы — 2024 жылдың ақпанына бастап Комитет мүшесі.

2025 жылы Стратегия және портфельді басқару комитетінің

12 отырысы өтті

2025 жылы комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2025 - 05.02.2025	2/2025 - 04.03.2025	3/2025 - 15.04.2025	4/2025 - 13.05.2025	5/2025 - 03.06.2025	6/2025 - 01.07.2025	7/2025 - 04.08.2025	8/2025 - 09.09.2025	9/2025 - 07.10.2025	10/2025 - 20.10.2025	11/2025 - 02.12.2025	12/2025 - 18.12.2025	Қатысу үлесі, %
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Холланд Филип Малкольм	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	83
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шакиров Аскар Оразалиевич	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Отыншиев Елжас Мұратұлы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0

Комитет 2025 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Даму стратегиясы, оның ішінде қызметтің басым бағыттары	• ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп • ҚМГ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есеп • Әлемде қолданылып жатқан және ҚМГ компаниялар тобының кен орындарында пайдаланылатын өндіру технологиялары, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобының көмірсутектерді өндіру технологияларын жетілдіруі мен инновациялар туралы ақпаратты қарау • ҚМГ-ның стратегиялық қаржы-экономикалық моделін әзірлеудің ағымдағы мәртебесі туралы мәселе • Жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы практикалық шешімдерді ҚМГ өндірістік процестеріне енгізу жөніндегі Жол картасын бекіту туралы, оның периметріне ҚМГ және 14 ЕТҰ кіреді, ол: барлау мен өндіруден құн тізбегінің барлық кезеңдерінде тиімділікті, қауіпсіздікті және орнықтылықты арттыруға бағытталған ЖИ-технологияларды дамыту және енгізу жөніндегі іс-қимыл жоспары тасымалдауға және сатуға дейін; болжамды аналитикада, ұңғымалардың цифрлық егіздерін құруда, бұрғылауды автоматтандыруда және шығарындыларды басқаруда ЖИ нәтижелілігіне қол жеткізу.
Инвестициялық тартымдылықты арттыру	• 2024 жыл қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат • 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыруға жүргізілген мониторинг пен талдау нәтижелері туралы есепті қарау.
Қаржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету	• ҚМГ-ның 2024–2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы 2024 жылғы есепті қарау • ҚМГ-ның 2026–2030 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 1 қарашадағы шешімімен (№22/2023 хаттама, №9 мәселе) айқындалған ҚМГ облигацияларын шығару шарттарына толықтыру енгізу, ҚМГ облигацияларын ішінара кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) және олардың ішінара кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) бағасын айқындау • Облигацияларды шығару (шығарылымдар) және орналастыру шарттарын айқындау, облигацияларды шығару, сондай-ақ құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына (базалық сценарий) сәйкес айқындалатын бағам бойынша теңгемен 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті ҚМГ-ның иеліктен шығаруына (немесе шығару мүмкіндігіне) әкелетін мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешімді келісу • 2047 және 2048 жылдары өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) және олардың кері сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу) бағасын айқындау, сондай-ақ ҚМГ-ның мүдделілік бар мәмілелерді – Offer to Purchase (сатып алу туралы ұсыныс) және Dealer Manager Agreement (дилер-менеджер қызметтерін көрсету туралы келісім) жасасуын қарау.
Активтер портфелін басқару	• «Қашаған», «Қарашығанақ», «Теңізшевройл», «Қаламқас-теңіз / Хазар» жобалары бойынша ақпарат • Мұнай-газ-химия кәсіпорындарын (зауыттарын) салу және пайдалануға беру жобаларын іске асыру мәртебесі, оның ішінде «PetroChem» ЖШС – «Полиэтилен», «Газ сепарациялау кешені», «Магистральды құбырлар»; Атырау облысындағы интеграцияланған газ-химия кешені «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС жобаларының құрылыс барысы • «Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу» жобасын іске асырудың ағымдағы мәртебесі • Стратегиялық емес активтерді шығару жөніндегі жол карталарын бекіту • «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы құрылымынан 2023–2032 жылдары шығарылуға жататын ҚМГ стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту • ҚМГ-ның «Болашақ» жер қойнауын пайдалану жобасы бойынша инвестициялық жобасын келісу, Маңғыстау облысында (ішінара Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан) «Болашақ» жер қойнауы учаскесінде күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында жасалатын келісімшартты бекіту • «Жылыой» жобасын іске асыру үшін ҚМГ мен CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED арасында бірлескен қызмет туралы келісім мен қаржыландыру туралы келісім жасасу, «Zhylyoi Operating» ЖШС-ні құруға ҚМГ-ның қатысуы, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Жылыой» жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіру туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED арасында келісімшарт жасасу; сондай-ақ ҚМГ-ның мүдделілік бар мәміле – ҚМГ, CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED және «Zhylyoi Operating» ЖШС арасындағы бірлескен қызмет туралы келісімге қосылу туралы шарт жасасуы

Активтер портфелін басқару

- Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысындағы «Өзен Солтүстік» жер қойнауы учаскесінде күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (құзыретті орган) мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (жер қойнауын пайдаланушы) арасында келісімшарт жасасу
- «Атырау облысында бірыңғай дәлізде магистралды құбырларды (этан, пропан) салу» инвестициялық жобасының «Анықтау / Іске асыру» біріктірілген кезеңін келісу. Бұл жоба ҚМГ және/немесе дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға тиесілі ұйымдар тарапынан құны макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына сәйкес теңгемен 200 млн АҚШ долларынан асатын инвестициялар салуды көздейді
- «KMG PetroChem» ЖШС-нің құны теңгемен 200 млн АҚШ долларынан асатын мүлікті сатып алуына әкелуі мүмкін мәмілені келісу – Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу (екінші кезең – газ бөлу кешенін салу) жобасы бойынша жобалау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және құрылыс (EPC) туралы шартты Tecnimont S.p.A., «Текнимонт КЗ» ЖШС, Consolidated Contractors Company W.L.L. және Consolidated Contractors International Company S.A.L. консорциумымен жасасу
- «KMG PetroChem» ЖШС-нің құны теңгемен 200 млн АҚШ долларынан асатын мүлікті сатып алуына әкелуі мүмкін мәмілені келісу – Атырау облысында бірыңғай дәлізде магистралды құбырларды (этан, пропан) салу жобасы бойынша жобалау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және құрылыс (EPC) жұмыстарын сатып алу туралы шартты China Petroleum Pipeline Engineering Co., Ltd., CITIC Construction Co., Ltd. және «ЧППИ Қазақстан» ЖШС консорциумымен жасасу
- «Ak Su KMG» ЖШС-нің «Кендірлі» тұщыландыру зауыты» ЖШС жарғылық капиталындағы 100 % үлесін Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне өтеусіз беруін мақұлдау.

Аудит жөніндегі комитеттің есебі

Аудит жөніндегі комитет – ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп беретін орган. Оған ҚМГ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қатысты тәсілдері үшін жалпы жауапкершілік жүктелген, сондай-ақ қаржылық есептілік пен ішкі бақылау мәселелері бойынша ҚМГ акционерлерінің мүдделерін тиісінше қорғауды қамтамасыз етеді. Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен сыртқы және ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін, сондай-ақ комплаенс, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын және ҚМГ-ға қолданылатын өзге де реттеуші талаптарды сақтау саласындағы мәселелерді терең әрі сапалы қарау мақсатында құрылған. Комитет өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жан-жақты талдау жүргізіп, ҚМГ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірлейді.

2025 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 19 отырысы өткізіліп, 168 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2024 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы.
2. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі.
3. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі.

2025 жылы Аудит жөніндегі комитеттің

19 отырысы өтті

Аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінде және ҚМГ Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген тәуелсіз директорларға қойылатын тәуелсіздік талаптарына сәйкес келеді.

Кодекске сәйкес, ҚМГ Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет жыл сайын ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған рәсім шеңберінде Аудит жөніндегі комитет қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізеді.

Бағалау, оның ішінде, мынадай мәселелерді қарауды қамтиды:

1. Аудит жөніндегі комитеттің қызмет тиімділігі және оның ҚМГ Директорлар кеңесімен және ҚМГ Басқармасымен өзара іс-қимылы;
2. Аудит жөніндегі комитет отырыстарындағы талқылаулардың сапасы.

Аудит жөніндегі комитет мүшелері ҚМГ-ның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау процесіне қатысады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 %-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (2022 жылғы 3 наурыздағы Қор Басқармасының №193 хаттамасымен бекітілген) сәйкес Қор мен ҚМГ компаниялар тобы үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін жүргізетін Бірыңғай комиссия құрылған. Аудиторлық ұйымды таңдау рәсімінің нәтижелері бойынша Бірыңғай комиссия ҚМГ уәкілетті органына 2025–2029 жылдары ҚМГ қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін сыртқы аудитор ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ні айқындауды ұсынды (2024 жылғы 10 қаңтардағы хаттама).

2024 жылғы 28 мамырдағы ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (№1/2024 хаттама, №5 мәселе) ҚМГ-ның 2025–2029 жылдардағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС бекітілді.

ҚМГ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына сәйкес, сыртқы аудитор аудитке жатпайтын қызметтерді көрсету үшін Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуы тиіс.

Сыртқы аудитордың аудитке жатпайтын қызметтер көрсетуіне рұқсат беру мәселелерін қарау барысында Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен аталған саясатты басшылыққа алады. Бұл саясат сыртқы аудитордың аудиттік және аудитке жатпайтын қызметтер көрсету кезінде тәуелсіздігін сақтауды қамтамасыз етуге, мүдделер қақтығысын болдырмауға және аудитке жатпайтын қызметтерді көрсету үшін сыртқы аудиторды тартудың бірыңғай рәсімдерін енгізуге бағытталған.

Саясат аудиттік қызметтерді, аудитпен байланысты қызметтерді және басқа да аудитке жатпайтын қызметтерді көрсету қағидаларын қамтиды, сондай-ақ қандай қызметтер Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала арнайы мақұлдауын талап ететінін және қай қызметтер бойынша сыртқы аудитор комитетті тек хабардар етуі тиіс екенін айқындайды.

2025 жылғы желтоқсанда Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарап, ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы ҚМГ саясатын жаңа редакцияда бекітті.

2025 жылы Аудит жөніндегі комитет аудитке жатпайтын қызметтер көрсетуге сыртқы аудиторға рұқсат беру мәселелерін тұрақты түрде қарады.

Сыртқы аудитордың тәуелсіздігін жоғалту тәуекелін ескере отырып, сыртқы аудиторға тыйым салынған қызметтер санатына жататын аудитке жатпайтын қызметтерді көрсетуге рұқсат берілген жоқ.

Сонымен бірге сыртқы аудиторға келесі аудитке жатпайтын қызметтерді көрсетуге рұқсат берілді: CIPD біліктілігі бойынша оқыту өткізу; корпоративтік семинарлар және DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) бағдарламасы бойынша ашық форматтағы семинарлар өткізу; мұнай мен күкіртті экспорттау мәмілелерін Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан талдау; қайта құрылымдау жоспарына түзетулер енгізу және жеке кредиторды тексеруді қамтитын есеп дайындау; ESG есептілігін растау қызметтері; ACCA, DipIFR, CIMA, Business Coaching Diploma бағдарламалары бойынша қызметтер; ҚМГ облигацияларын орналастыруға байланысты растау хаттарын беру және басқа да қызметтер.

Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Ішкі аудит қызметінің қызметіне жетекшілік етеді. ҚМГ Директорлар кеңесі тәуекелдер мен бақылаулар мәселелері бойынша объективті кепілдіктер мен консультациялар алуы мүмкін, ал мұндай кепілдіктер мен консультацияларды тиісті ресурстармен қамтамасыз етілген ішкі аудит функциясы ұсына алады.

Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалайды және оның сапасы, тәжірибесі мен білімі ҚМГ қажеттіліктеріне сәйкес келетініне көз жеткізеді. Бұл үшін комитет тоқсан сайын және қажет болған жағдайда Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есептерді тыңдайды, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің рөлі мен өкілеттіктері, оның жұмыс тәртібі бойынша ұсынымдар береді және қызметтің сандық құрамы, басшысы мен қызметкерлерін тағайындау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді. 2025 жылы Аудит жөніндегі комитет сондай-ақ: ҚМГ ішкі аудитінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасын; ҚМГ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың жаңа редакциясын; ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ереженің жаңа редакциясын; ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2026–2028 жылдарға арналған қызмет стратегиясын қарады.

Аудит жөніндегі комитеттің күн тәртібінде қаржылық есептілік мәселелері дәстүрлі түрде негізгі орын алады.

2025 жылы комитет ҚМГ басшылығынан және сыртқы аудитордан тоқсандық қаржылық есептілік, есеп саясаты және есептілікке қатысты маңызды мәселелер бойынша егжей-тегжейлі есептер алып отырды.

Комитет ҚМГ сыртқы аудиторы және ҚМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары, сондай-ақ бас бухгалтер қатысқан отырыстар арқылы ҚМГ менеджментімен тұрақты түрде өзара іс-қимыл жасады.

Аудит жөніндегі комитет 2025 жылдың 3, 6 және 9 айының қорытындылары бойынша ҚМГ-ның қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарады. Қаржылық есептілікке қатысты мәселелерді қарау барысында аудит есебі және аудит жүргізу барысында туындаған негізгі мәселелер сыртқы аудитордың қатысуымен талқыланды.

Бұдан басқа, есепті кезеңде аудит жөніндегі комитет ҚМГ және оның жекелеген еншілес ұйымдарының активтерін мемлекет мүддесіне пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыны да қарады.

ҚМГ Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты болғандықтан, комитет тоқсан сайын ҚМГ-ның негізгі тәуекелдері (соның ішінде қаржылық тәуекелдер) бойынша есептерді және ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында ішкі бақылау жүйесін және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу мәртебесі туралы ақпаратты қарады. Сонымен қатар 2025 жылы Аудит жөніндегі комитет ҚМГ-ның тәуекел-тәбет туралы мәлімдемесін, тәуекелдер тізілімін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ҚМГ тәуекелдер картасын, тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін, 2025 және 2026 жылдарға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштері тізілімін (ҚМГ стратегиялық тәуекелдерін ескере отырып), сондай-ақ ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясатын жаңа редакцияда қарады.

Аудит жөніндегі комитет 2025 жылы қараған негізгі мәселелер

Ішкі аудит	• ҚМГ Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы тоқсандық есептерді қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған бюджетін бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына кандидаттарды бағалау рәсімдерін жүргізу қажеттілігін қарау және осы лауазымға ұсынылған кандидаттар бойынша ұсынымдар беру • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, оны тағайындау, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылғы қызмет қорытындылары бойынша есебін қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған жылдық аудит жоспарына өзгерістер енгізу • ҚМГ Ішкі аудит қызметі мен ҚМГ Комплаенс қызметі лауазымдарының бағалау нәтижелерін қарау • ҚМГ ішкі аудитінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасын мақұлдау • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының 2024 жылғы қызмет нәтижелері бойынша мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің нақты орындалу мәндерін бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысына 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының 2025 жылдың III және IV тоқсандарына арналған мақсаттарын бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының 2025 жылдың IV тоқсанына арналған мақсаттарын бекіту • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымдық нұсқаулығын қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе оларды тағайындау, сондай-ақ олардың лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың жаңа редакциясын қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2026–2028 жылдарға арналған қызмет стратегиясын қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметінің 2026 жылға арналған жылдық аудит жоспарын бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесі мен оның Аудит жөніндегі комитетінің тапсырмаларын орындау мақсатында, ҚМГ тобы бойынша тәуекелдер мен ішкі бақылау жүйесін бағалауды ескере отырып, Ішкі аудит қызметінің мақсатты ұйымдық құрылымын өзгерту жөніндегі ұсыныстарды қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының 2026 жылға арналған мақсаттарын қарау • ҚМГ Ішкі аудит қызметі басшысының 2026 жылға арналған негізгі қызмет көрсеткіштерін қарау.
Есепке алу және сыртқы аудит	• ҚМГ-ның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін тоқсан сайын келісу • 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚМГ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігін келісу • ҚМГ-ның 2024 жылға арналған жеке жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау • 2024 жылы ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарына «Эрнст энд Янг» ЖШС және Ernst & Young Global Limited құрамына кіретін басқа да компаниялар көрсеткен аудиттік және аудитке жатпайтын қызметтер туралы ақпаратты, сондай-ақ 2024 жылы Ernst & Young Global Limited тарапынан ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарына көрсетуге рұқсат етілген аудитке жатпайтын қызметтер туралы ақпаратты бекіту • ҚМГ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатын жаңа редакцияда бекіту • 2024 жылға арналған ҚМГ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша дайындалған ҚМГ басшылығына арналған сыртқы аудитордың хат-есебін талқылау және сыртқы аудитор ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын алдын ала қарау • ҚМГ сыртқы аудиторының 2025 жылға арналған аудитті жоспарлау есебін қарау және талқылау • ҚМГ компаниялар тобының сыртқы аудиторы көрсететін аудитке жатпайтын қызметтерді мақұлдау • ҚМГ-ның тәуелсіз аудиторы — «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша берген ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын алдын ала қарау • «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және оның жекелеген еншілес ұйымдарының активтерін мемлекет мүддесінде пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша аудиторлық қорытындыны қарау
Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару	• ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарында ішкі бақылау жүйесі мен қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу мәртебесі туралы ақпаратты тоқсан сайын қарау • ҚМГ-ның тәуекел-тәбет туралы мәлімдемесін, Тәуекелдер тізілімін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, ҚМГ тәуекелдер картасын, тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін және 2025 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштері тізілімін бекіту • ҚМГ-ның негізгі тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау • Келесі мәселелер бойынша ақпаратты қарау: – регламенттеуді талап ететін процестер картасы; – қолданыстағы әдіснаманың ағымдағы жай-күйін талдау; – әдіснаманы оңтайландыру және оны үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестендіру; – әдіснаманы еншілес және тәуелді ұйымдарға каскадтау; – оны холдингтің жалпы стратегиясымен және операциялық моделіне сәйкестендіру; – техникалық стандарттармен және заңнамалық талаптармен өзара байланысы; – персоналды оқыту және әдіснамаларды қолдану дағдылары мен білімін тексеру; – тәуекелдер мен Ішкі аудит қызметінің анықтаулары ескерілген жекелеген қызмет бағыттарын тақырыптық талдау • ҚМГ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ ҚМГ-да корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру тұжырымдамасын және ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясатты жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі басшысының ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы есебін қарау • 2025 жылдың III тоқсаны бойынша ҚМГ-ның негізгі тәуекелдері туралы есепті, сондай-ақ 2026 жылға арналған ҚМГ-ның тәуекел-тәбет деңгейін, тәуекелдерге төзімділік шектерін, тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту • 2026 жылға арналған ҚМГ-ның банк-контрагенттеріне қатысты ішкі лимиттерін белгілеу
Корпоративтік басқару	• 2024 жылға арналған ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы есепті келісу • 2024–2025 жылдарға арналған ҚМГ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 2024 жылғы орындалу мәртебесін қарау • ҚМГ Директорлар кеңесінің ҚМГ Басқармасымен бірлесіп қызметкерлермен кездесулер өткізу және ҚМГ-ның негізгі өндірістік нысандарына бару мерзімдерін айқындау • ҚМГ-дағы корпоративтік басқару жүйесіне диагностика жүргізу үшін консультациялық қызметтерді сатып алу бойынша техникалық ерекшелікті қарау • ҚМГ-дағы корпоративтік басқару жүйесіне диагностика жүргізу бойынша консультациялық қызметтерді сатып алу жөніндегі техникалық ерекшелікке өзгерістер енгізу • ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына дайындық барысының мәртебесін қарау • ҚМГ-ның 2024 жылға арналған жылдық есебін алдын ала мақұлдау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2024 жылғы қызметі туралы есепті қарау

Корпоративтік басқару	• 2024 жылы ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты акционерлердің өтініштерін және оларды қарау нәтижелерін қарау • ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу • ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамына өзгерістер енгізу • ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті сарапшысының қызметінің тиімділігі мен тәуелсіздігін бағалау • ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ҚМГ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есепті қарау • ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту • KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG компанияларының қаржылық жағдайы туралы тоқсан сайынғы ақпаратты қарау (қаржыландыру тарту және ҚМГ тобының мұнай өндіруші компанияларына төлемдер жүргізу қабілеті) • ҚМГ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне толықтыру енгізу, сондай-ақ ҚМГ-ның ішкі аудит, корпоративтік хатшы, комплаенс және омбудсмен қызметтері қызметкерлерінің еңбекақы төлеу қағидаларын, лауазымдық жалақы схемаларын, штаттық кестелерін жаңа редакцияда бекіту, осы қызметтер қызметкерлерін бағалау қағидаларын бекіту және олардың лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау • ҚМГ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу, ішкі аудит, комплаенс, корпоративтік хатшы және омбудсмен қызметтеріне персоналды қабылдау және бейімдеу қағидаларын бекіту, сондай-ақ осы қызметтерге персоналды іздеу, іріктеу және таңдау қағидаларының күшін жою • ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының IT-дайындығының даму динамикасы және корпоративтік IT-архитектураның жай-күйі туралы есепті қарау
Комплаенс	• ҚМГ Комплаенс қызметінің 2024 жылғы қызметі туралы есепті қарау • Комплаенс қызметінің қызметі және «сенім телефонына» келіп түскен өтініштер туралы тоқсан сайынғы есептерді қарау • ҚМГ Комплаенс қызметі басшысының 2024 жылғы қызмет нәтижелері бойынша мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің нақты орындалу мәндерін бекіту • ҚМГ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне өзгерістер енгізу, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында үшінші тұлғаларды комплаенс-тексеру қағидаларын бекіту, сондай-ақ ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының контрагенттердің сенімділігін тексеру саясатының күшін жою • ҚМГ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты бекіту және ҚМГ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 қарашадағы шешімімен (№19/2022 хаттама) бекітілген ҚМГ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесіне толықтыру енгізу • ҚМГ Комплаенс қызметі басшысының 2025 жылдың III және IV тоқсандарына арналған мақсаттарын бекіту • ҚМГ Комплаенс қызметі басшысының 2025 жылдың IV тоқсанына арналған мақсаттарын бекіту • ҚМГ Комплаенс қызметі басшысына 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша төленетін сыйақы мөлшерін айқындау • «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Комплаенс қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Комплаенс қызметінің қызметкерлерін тағайындау, олардың лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • ҚМГ Комплаенс қызметінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту • ҚМГ Комплаенс қызметі басшысының мотивациялық негізгі көрсеткіштері картасын және 2026 жылға арналған олардың мақсатты мәндерін бекіту • ҚМГ Комплаенс қызметі басшысының 2026 жылға арналған мақсаттарын бекіту
Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер	• ҚМГ Басқармасы қабылдаған, мүдделілік бар мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есептерді қарау • ҚМГ мүдделі тарап болып табылатын мәмілені жасасу – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (құзыретті орган), «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (жер қойнауын пайдаланушы) және «Кокел Мұнай» ЖШС (жер қойнауын пайдаланушы) арасында 2015 жылғы 17 маусымдағы №4152-УВС-МЭ келісімшарты бойынша Маңғыстау облысында орналасқан Бектұрлы Шығыс учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі №4152-УВС-МЭ келісімшартына №9 толықтыру енгізу • ҚМГ мүдделі тарап болып табылатын мәмілені жасасу – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен «Кокел Мұнай» ЖШС арасында 2015 жылғы 24 желтоқсанда жасалған қаржыландыру туралы келісімге №2 қосымша келісім жасасу (Маңғыстау облысында орналасқан Бектұрлы Шығыс учаскесінде көмірсутек шикізатын барлау жөніндегі 2015 жылғы 17 маусымдағы №4152-УВС-МЭ келісімшартына қатысты)

Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер	• ҚМГ мүдделі тарап болып табылатын мәмілелерді жасасу – 2018 жылғы 26 желтоқсанда ҚМГ мен «Каспий Құбыр Консорциумы-Р» АҚ арасында жасалған №R-OD-18-0409 мұнай тасымалдау шартына №02 қосымша келісімді және ҚМГ мен «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ арасында жасалған №K-OD-18-0196 мұнай тасымалдау шартына №02 қосымша келісімді бекіту
Жергілікті билік органдарының (оның ішінде салық бойынша), сыртқы және ішкі аудиторлардың және ҚМГ басшылығының заңнаманы сақтау туралы есептерін зерделеу	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарына және (немесе) олардың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға және (немесе) қылмыстарға байланысты мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін тергеулер және (немесе) тексерулер туралы ақпарат

Комитет мүшелерінің 2025 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет отырыстарының күні мен нөмері / Комитет мүшелерінің аты-жөні	1/2025 - 14.01.2025	2/2025 - 30.01.2025	3/2025 - 03.02.2025	4/2025 - 03.03.2025	5/2025 - 05.03.2025	6/2025 - 26-27.03.2025	7/2025 - 14.04.2025	8/2025 - 12.05.2025	9/2025 - 19.05.2025	10/2025 - 02.06.2025	11/2025 - 30.06.2025	12/2025 - 04.08.2025	13/2025 - 14.08.2025	14/2025 - 08.09.2025	15/2025 - 06.10.2025	16/2025 - 19.11.2025	17/2025 - 24.11.2025	18/2025 - 01.12.2025	19/2025 - 17.12.2025	Қатысу үлесі, %
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Холланд Филип Малкольм	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің есебі

2025 жылы Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің 9 отырысы өткізіліп, 61 мәселе қаралды

Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің құрамы (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы;
2. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2019 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі;
3. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі.

2025 жылы Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеттің

9 отырысы өтті

Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті 2025 жылы қараған негізгі мәселелер

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік	• Өндірістік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есепті қарау • Еншілес және тәуелді ұйымдардың бірінші басшыларының жетекшілік ететін ұйымдарындағы өндірістік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жағдайы туралы есептерін тыңдау («Қаражанбасмұнай» АҚ, «Oil Services Company» ЖШС, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайсервис» ЖШС, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «ПҚОП» ЖШС) • ҚМГ компаниялар тобы үшін жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жөніндегі корпоративтік стандарттың күшін жою • «Қаражанбасмұнай» АҚ-да анықталған бұзушылықтарды жою бойынша есепті қарау • ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асырудың 2024 жылғы мәртебесін қарау • «Өзенмұнайгаз» АҚ-да орын алған өліммен аяқталған жазатайым оқиға бойынша жүргізілген тергеу қорытындылары туралы есепті қарау • ҚМГ Басқарма мүшесіне тәртіптік жаза қолдану • ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту • ҚМГ компаниялар тобы мен мердігер ұйымдарда өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру, жарақаттанудың алдын алу және оны төмендету, сондай-ақ ҚМГ-ның корпоративтік талаптары мен стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларды қарау.
Тұрақты даму және ESG рейтингі	• ҚМГ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінің 2024 жылғы қызметі туралы есепті қарау • ҚМГ-ның ұзақ мерзімді құнын арттыру және орнықты дамуын қамтамасыз ету бағытында ҚМГ Директорлар кеңесі қабылдаған шараларды, сондай-ақ компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына әсер ететін факторларды қарау • ҚМГ-ның 2024 жылға арналған орнықты даму туралы есебін бекіту • ESG (Environmental, Social, Governance) рейтингі және ҚМГ-ның ESG тәуекел рейтингісін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мәртебесін қарау • ҚМГ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі (Компания өз қызметінде бизнес-стратегияға БҰҰ-ның негізгі қағидаттарын, жаһандық үрдістерді, Қазақстанның даму басымдықтарын және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіре отырып, орнықты дамуға қол жеткізуге ұмтылады. ҚМГ БҰҰ тұрақты дамуының барлық 17 мақсатын ұстанады және оларды іске асыруға белсенді қатысады)

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет (бұдан әрі – ҚЕҚОҚжТДК немесе Комитет) өндірістік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы өз функцияларын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды алдын ала қарау, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу арқылы жүзеге асырады.

Комитет Басқармасының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік жағдайы туралы есептерін тұрақты түрде қарайды, жарақаттану деңгейі, авариялар және экологиялық оқиғалар көрсеткіштерін талдайды, ірі өндірістік оқиғалардың себептерін зерделейді және түзету шараларының жеткіліктілігін бағалайды. Қарау нәтижелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы үшін қорытындылар мен ұсынымдар қалыптастырылады.

Сонымен қатар Комитет ESG қағидаттарын ҚМГ қызметіне енгізуге жәрдемдеседі. Бұл стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды алдын ала қарау, тәуекелдерді талдау, есептілікті мониторингтеу, ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және өндірістік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму салаларында қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

2024 жылға арналған ҚМГ-дің Тұрақты даму жөніндегі есебін бекіту, ESG (Environmental, Social, Governance – экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) рейтингі және ҚМГ-дің ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылу мәртебесі мәселелері аясында MSCI халықаралық рейтинг агенттігінің ESG рейтингіндегі ҚМГ позициясы туралы ақпарат жан-жақты ұсынылды.

Мәселені қарау барысында экологиялық (E), әлеуметтік (S) және басқарушылық (G) компоненттер бойынша бағалау нәтижелері, негізгі көрсеткіштердің динамикасы, сондай-ақ Компанияның рейтингін BBB деңгейінде сақтауға әсер еткен факторлар ашылып көрсетілді. Сондай-ақ ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі ұсынылды. Жоспар келесі бағыттар бойынша кешенді шараларды қамтиды:

- көміртек ізін азайту және ластаушы заттар шығарындыларын басқару;
- биоалуантүрлілік пен ұтымды су пайдалану саласындағы практикаларды дамыту;
- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік жүйесін жетілдіру;
- корпоративтік басқару, іскерлік этика және ақпаратты ашық жариялау тетіктерін нығайту.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі ҚМГ үлесі мәселесіне ерекше назар аударылды. Бұл шеңберде Компанияның тұрақты даму мәселелеріне қатысты жүйелі тәсілі көрсетілді. Ол ESG қағидаттарын даму стратегиясына интеграциялау, корпоративтік бастамалардың БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі ұлттық басымдықтарымен үйлесімділігіне негізделген.

Ұсынылған материалдар Компанияның тұрақты басқаруды дамыту және корпоративтік жауапкершілік сапасын ұзақ мерзімді перспективада арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын растайды.

ҚЕҚОҚжТДК отырыстарында еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер тұрақты түрде тыңдалып отырды. Бұл есептер шеңберінде Комитет мүшелері негізгі тиісті индикаторлар туралы ең өзекті ақпаратты, сондай-ақ ҚМГ тобына кіретін компанияларда жазатайым оқиғаларды болдырмауға бағытталған алдын алу шаралары туралы мәліметтер алып отырды.

Жалпы, ҚЕҚОҚжТДК отырыстарына шығарылатын мәселелер Компания үшін аса маңызды, сондай-ақ тұрақты даму, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы өзекті мәселелерге назар аударуға әрі оларды шешуге ықпал етеді.

Комитет мүшелерінің 2025 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет отырыстарының күні мен нөмері Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2025 - 03.02.2025	2/2025 - 03.03.2025	3/2025 - 14.04.2025	4/2025 - 12.05.2025	5/2025 - 02.06.2025	6/2025 - 30.06.2025	7/2025 - 08.09.2025	8/2025 - 06.10.2025	9/2025 - 01.12.2025	Қатысу үлесі, %
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

Басқарма

Басқарма құрамы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы Басқарма құрамы

ХАСЕНОВ А.Ғ.
Басқарма төрағасы

ЕСҚАЗИЕВ Қ.О.
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

АБАЙЫЛДАНОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

БАЛЫҚБАЕВ Р.Ә.
Басқарма төрағасының орынбасары

ЗАКИРОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

МАҒАУОВ Ә.М.
Басқарма төрағасының орынбасары

АРЫСОВА Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары

ҚҰДАБАЕВ Ш.С.
Басқарма төрағасының орынбасары

ҚҰСАЙЫНОВ Қ.Қ
Басқарма төрағасының орынбасары

2025 жылға арналған Жылдық есепті бекіту кезіндегі Басқарма құрамы

ХАСЕНОВ А.Ғ.
Басқарма төрағасы

ЕСҚАЗИЕВ Қ.О.
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

АБАЙЫЛДАНОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

БАЛЫҚБАЕВ Р.Ә.
Басқарма төрағасының орынбасары

ЗАКИРОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

МАҒАУОВ Ә.М.
Басқарма төрағасының орынбасары

АРЫСОВА Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары

ҚҰДАБАЕВ Ш.С.
Басқарма төрағасының орынбасары

ҚҰСАЙЫНОВ Қ.Қ
Басқарма төрағасының орынбасары




Хасенов А.Ғ.
2024 жылдан бері
Басқарма төрағасы



Есқазиев Қ.О.
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары




Абайылданов Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары




Балықбаев Р.Ә.
Басқарма төрағасының орынбасары




Закиров Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары



Мағауов Ә.М.
Басқарма төрағасының орынбасары



Арысова Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары



Құдабаев Ш.С.
Басқарма төрағасының орынбасары



Құсайынов Қ.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма мүшелерінің өмірбаяндары



Хасенов Асхат Ғалымұлы

ҚМГ Басқарма төрағасы

Туған күні: 1983 жыл 13 қазан.

Білімі

- Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы «мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау»
- Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, мамандығы «менеджмент».

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2005 жылы «Торғай Петролеум» АҚ (Қызылорда қаласы) мұнай және газ өндіру цехының 3-разрядтағы операторы болып бастаған.
- 2006 жылдан 2010 жылға дейін «Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы» АҚ техникалық реттеу басқармасының жетекші маманынан вице-президент қызметіне дейінгі жолдардан өтті.
- 2010 жылдан 2019 жылға дейін ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің мемлекеттік бақылау мониторингі және талдау басқармасының бас маманы, басшысы қызметтерін атқарды.
- 2011-2014 жылдары – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің мемлекеттік инспекция және рұқсат беру басқармасының басшысы.
- 2014 жылдан 2019 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мұнай-химиясы және техникалық реттеу департаментінің және Мұнай-газ-химия өнеркәсібін дамыту және техникалық реттеу департаментінің директоры.
- 2019 жылдан 2022 жылға дейін – «Ойл Проект Сервис» ЖШС Басқарушы директоры, «KLPE» ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2022 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі болды. Бұл лауазымда жер қойнауын пайдалану және мұнай-газ химиясын дамыту мәселелеріне жетекшілік етті, сонымен бірге Көмірсутек кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссияны басқарды.
- 2024 жылдың мамыр айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы

Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

Туған күні: 1965 жыл 11 мамыр

Білімі

- В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы «тау-кен инженер-геологы»
- Геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі бар

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 1985 жылы «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің Балықшы барлау бұрғылау басқармасының (РИТС-2) оператор-коллекторы болып бастады.
- 1985-1993 жылдары «Ембімұнай» ӨБ №1 терең барлау бұрғылау экспедициясының инженер-геологы, операторы, геологы болып жұмыс істеді.
- 1993 жылдан 1995 жылға дейін — 2-санатты геолог, «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасының ЦИТС жетекші геологы болып жұмыс жасады.
- 1995 жылдан 2003 жылға дейін — «Қазақойл-Ембі» ААҚ мұнай алуды ұлғайту және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасы бас геолог-директорының орынбасары.
- 2003 жылдан 2004 жылға дейін — «Ембімұнайгаз» ААҚ Геология және мұнай-газ кен орындарын игеру департаментінің директоры.
- 2004 жылдан бастап Өндірістік-техникалық сараптама департаменті директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Геология және әзірлеу департаменті директорының орынбасары, директоры, Мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директоры, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, операциялық емес активтер жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ Басқарма төрағасының геология және перспективті жобалар жөніндегі орынбасары –бас геолог.
- 2015 жылдан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз «Барлау және Өндіру» АҚ, Ақтау қаласындағы «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ өкілдігі, «Kalamkas — Khazar Operating» ЖШС түрлі лауазымдарды атқарды.
- 2024 жылғы 17 мамырдан қазіргі уақытқа дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.
- Әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. «Құрмет» орденімен, «ҚР Жер қойнауының құрметті барлаушысы» және «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қайраткері» төсбелгілерімен марапатталған.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Абайылданов Бекзат Қалышпекұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1976 жыл 16 тамыз.


Білімі

- Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы «өндірісті басқару және ұйымдастыру», «мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану»

Жұмыс тәжірибесі

- 1999-2000 жылдары — «Өзенмұнайгаз» ААҚ, №1 мұнай-газ өндіру басқармасында ҰКЖ операторының көмекшісі, ҰКЖ цехының нормалаушысы, бірінші санатты инженер-экономист.
- 2000-2002 жылдары — «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасының жетекші инженер-экономист, жоспарлау, еңбек және жалақы бөлімінің бастығы.
- 2003-2004 жылдары — «Өзенмұнайгаз» ААҚ активтерді басқару бөлімінің бастығы, бақылау сараптама департаменті директорының орынбасары, бақылау-сараптама департаментінің директоры.
- 2004-2005 жылдары — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның филиалы – «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасында қаржы департаментінің директоры.
- 2005-2007 жылдары — «ШИНЖИР ЖШС директоры.
- 2007-2008 жылдары — «АРНАОЙЛ» ЖШС-де өкілдік басшысының бірінші орынбасары.
- 2008-2009 жылдары — «Матин» БК» ЖШС бас директоры.
- 2009-2016 жылдары — «Каспий мұнай» АҚ бас директоры, Басқарма төрағасы.
- 2016-2017 жылдары — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.
- 2017-2018 жылдары — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары – «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.
- 2018-2020 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі.
- 2020-2021 жылдары — «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ бас директорының ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі орынбасары, Басқарма төрағасының геологиялық барлау және өндіру жөніндегі орынбасары.
- 2020-2022 жылдары — «Отан Газ» ЖШС бас директоры қызметін қатар атқарды.
- 2024 жылы — «ЕМГ Стройсервис» ЖШС директорының кеңесшісі.
- 2024 жылғы қыркүйектен бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Балықбаев Руслан Әлібекұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1987 жыл 7 сәуір.

Білімі

- Қазақстан-Британ техникалық университеті, мамандығы «мұнай және газ орындарын игеру».
- 2010 жылы Турин политехникалық университетінің (Италия) магистратурасын бітіріп, мұнай инженериясы саласының ғылым магистрі дәрежесін алды.

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2010 жылы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы NADLoC жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігінде бастады.
- 2011-2013 жылдары «Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (Аджип ККО) инженері болды.
- «Аджип Казахстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (Аджип ККО).
- 2013-2024 жылдары «PSA» ЖШС-да әртүрлі қызмет атқарды: менеджер, бас менеджер, техникалық департамент директоры, Солтүстік Каспий жобасы бойынша бас менеджер (Басқарма мүшесі).
- 2024 жылы шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.
- Ерен еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1981 жыл 24 наурыз.

Білімі

- Халықаралық бизнес университеті – «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы
- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті – «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы
- «Сколково» Мәскеу басқару мектебі– «Іскерлік басқару шебері (MBA)»

Жұмыс тәжірибесі

- Кәсіби мансабын 2000 жылы «ҚазТрансОйл» ҰТКН АҚ әкімшілік департаментінің маманы қызметінен бастаған.
- 2002 жылы «ҚазМұнай Газ» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің бас маманы болып жұмыс істеді.
- 2003-2005 жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ активтерді басқару департаментінің бас менеджері болды, бұдан әрі активтерді басқару директорының орынбасары болып тағайындалды.
- 2005-2021 жылдары «M&SE» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.
- 2010-2013 жылдары «Отан» ЖЗҚ АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор), 2010-2013 жылдары «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болды.
- 2014-2017 жылдары «Оптима Банк» ААҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.
- 2016 – 2020 жылдары «Қазақстан Шахмат федерациясы» РҚБ вице-президенті қызметін атқарды.
- 2020-2022 жылдары «Бөген Холдинг» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы.
- 2023-2025 жылдары «Қазтрансойл»АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі (Тәуелсіз директор) болды.
- 2025 жылдың сәуір айында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Закиров Болат Қалауияұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1976 жыл 16 шілде.


Білімі

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы «халықаралық валюта-қаржы қатынастары»
- Данди университеті (Шотландия), мамандығы «мұнай және газ экономикасы»

Жұмыс тәжірибесі

- 1999–2009 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ-да стратегиялық жоспарлау департаментінің маманы, жобаларды басқару департаментінің менеджері, бас менеджер, директордың орынбасары, кейін көліктік логистика департаментінің директоры, перспективалық даму департаментінің директоры, бас директордың даму жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.
- 2009–2011 жылдары – «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2012–2016 жылдары – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының кеңесшісі, өндіріс жөніндегі басқарушы директоры, бас директордың даму жөніндегі орынбасары және активтер жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін атқарды.
- 2016–2018 жылдары – «KMG Systems & Services» ЖШС бас директорының кеңесшісі.
- 2018 жылдан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау департаментінің директоры, мұнай тасымалдау басқармасының бастығы.
- 2022 жылдың мамыр айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Арысова Диана Айдарқызы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1979 жыл 20 наурыз

Білімі

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «халықаралық валюта-қаржы қатынастары» мамандығы (үздік тәмамдаған)
- Йокогама ұлттық университетінің (Жапония) MBA дәрежесі
- London Business School (Ұлыбритания), «корпоративтік қаржыландыру» мамандығы

Жұмыс тәжірибесі

- Кәсіби мансабын 1999 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық реттеу және бақылау басқармасының жетекші экономисі қызметінен бастаған.
- 2004-2005 жылдары Еуропалық қайта құру және даму банкінің банк мәселелері жөніндегі ассистенті болып жұмыс істеді.
- 2006 - 2007 жылдары — Ұлыбританияның Қазақстан Республикасындағы елшілігінің энергетика саласындағы жобалардың үйлестірушісі.
- 2007 – 2012 жылдары «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ компаниясында түрлі лауазымдарды атқарды: корпоративтік қаржыландыру департаменті директорының орынбасары, директоры, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы.
- 2012 - 2016 жылдары - «KMG Drilling&Services» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, қаржы директоры.
- 2016 – 2023 жылдары «PSA» ЖШС мұнай-газ операциялары шоттарына ревизия жүргізу департаментінің директоры болып жұмыс істеді.
- 2023 жылы сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Мағауов Әсет Маратұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1972 жыл 28 қараша.

Білімі

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мемлекеттік мұнай және газ академиясы, мамандығы «отын-энергетика салаларындағы экономика және басқару»

Жұмыс тәжірибесі

- 1994 жылдан бастап 1998 жылға дейін «Теңізмұнайгаз» АҚ-да экономист, 2-санаттағы экономист, бөлім бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.
- 1998-2001 жылдары ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінде түрлі қызметтер атқарды: Салық және тариф саясаты департаментінде басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, директордың орынбасары, Мемлекеттік активтерді басқару департаменті директорының орынбасары.
- 2001 жылғы ақпаннан 2001 жылғы қазанға дейін — «Қазақойл» ЖАҚ бас менеджері.
- 2001-2002 жылдары — «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК» ЖАҚ директорының орынбасары.
- 2002-2004 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ департамент директорының орынбасары, директор.
- 2004-2006 жылдары — «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары.
- 2006-2008 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ тың БК-да үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директор.
- 2008-2010 жылдары — ҚР Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі.
- 2010-2011 жылдары — ҚР Мұнай және газ вице-министрі.
- 2011-2012 жылдары — «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры.
- 2012-2016 жылдары — «KAZENERGY» ЭТБ бас директоры
- 2016-2017 жылдары — ҚР Энергетика вице-министрі.
- 2017-2019 жылдары — «KAZENERGY» ЭТБ бас директоры.
- 2019-2023 жылдары — ҚР Энергетика вице-министрі.
- 2023-2024 жылдары — ҚР Энергетика министрінің штаттан тыс кеңесшісі.
- 2024 жылы — «Мұнай-газ машиналарын жасауды дамытудың халықаралық орталығының» бас директоры.
- 2024 жылғы қыркүйектен бастап - «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.



Құдабаев Шафкат Серікұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1980 жыл 28 қазан

Білімі

- Қарағанды бизнес, басқару және құқық университеті, мамандығы «құқықтану», біліктілігі «заңгер»
- Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, мамандығы «қаржы және кредит»
- И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, Халықаралық бизнес мектебі, «мұнай-газ бизнесін басқару» MBA, «іскерлік әкімшілеу магистрі»
- Ресей Федерациясының президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, мамандығы «салық құқығы және салық салу»

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2001 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің шағым-талап жұмысы бөлімінің жетекші маманы болып бастады.
- 2002 жылдан 2008 жылға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің бас маманы, талап-арыз жұмысы бөлімінің бастығы, халықаралық салық салу басқармасы бастығының орынбасары, заң басқармасының бастығы болып жұмыс істеген.
- 2008 жылдан 2020 жылға дейін — Қарағанды облысы бойынша Салық департаментінің бастығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мамандандырылған басқармасының басшысы.
- 2020-2021 жылдары «BTS Digital Ventures Fund» ЖМ салық мәселелері бойынша сарапшы қызметін атқарды.
- 2021-2022 жылдары — «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика ұйымдары ЗТБ фискалдық реттеу департаментінің атқарушы директоры.
- 2022-2024 жылдары — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры.
- 2024-2025 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бизнес-серіктесі.
- 2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәміле жасамаған.

Басқарманың 2025 жылы атқарған жұмысы туралы есеп

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында регламенттелген. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және ҚМГ Жарғысымен Компанияның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындайтын (сайлайтын) Басқарманың төрағасы басқарады. Өз кезегінде, Басқарманың қалған мүшелерін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелеріне келесілер жатады:


- ҚМГ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыру;
- бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, компанияның ағымдағы қаржы шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның тұрақты дамуы бойынша іс-шараларды іске асыру;
- мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысу және олардың мониторингін жүргізу;
- Жарғыда Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, ҚМГ ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- ҚМГ міндеттемелерін ұлғайту және материалдық шегіне сәйкес мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару.

ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма төрағасының ұсыныстары негізінде қалыптастырады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына ҚМГ-ның тоғыз негізгі басшысы кірді. Басқарма отырыстары күндізгі және сырттай нысандарда өткізіліп, қажеттілігіне қарай шақырылады.

2025 жылы ҚМГ Басқармасы күндізгі отырыстарда 527 шешім (100 %) қабылдады. Атқарушы органның 53 отырысының хаттамасы рәсімделді.

2025 жылы қабылданған күндізгі шешімдердің жалпы санынан 147 мәселе белгіленген тәртіппен ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер



- 85 Ішкі құжаттар
- 23 Мүдде бар мәмілелер
- 14 Сомасы 200 млн доллардан асатын мәмілелер бойынша шешімдер
- 13 Ішкі қызмет бойынша есеп
- 6 ЕТҰ-да АЖЖ ұйымының шешімі
- 6 СҚ корпоративтік стандартына сәйкес инвестициялық қызмет бойынша мәселелер

ҚМГ Басқармасы 2025 жыл ішінде

527 шешім қабылдады

Атқарушы орган отырыстарының

53 хаттамасы рәсімделді

Олардың ішінде 85 мәселе мынадай бағыттарға қатысты болды:

- қолданыстағы ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе жаңа құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ ҚМГ тарапынан «Самұрық-Қазына» АҚ-на облигациялық қарыз беру;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылға арналған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «Жылыой» жобасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен CNOOC HONG KONG HOLDING LIMITED арасында бірлескен қызмет туралы келісім және Жылыой жер қойнауы учаскесінде күрделі жоба бойынша көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт жасасу;

- «Березовский» жобасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен Sinopec International Energy Investment Holdings Netherlands B.V. арасында бірлескен қызмет туралы келісім және Березовский жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт жасасу;
- макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістерін ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025–2029 және 2026–2030 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарларын бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік процестеріне жасанды интеллект негізіндегі практикалық шешімдерді енгізу жөніндегі жол картасын бекіту;
- «Ak Su KMG» ЖШС-нің «Кендірлі» тұщыландыру зауыты» ЖШС жарғылық капиталындағы 100 % үлесін Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне өтеусіз беру және басқа да мәселелер.

Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне сәйкес, ҚМГ Басқармасы еншілес және тәуелді ұйымдардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша алты шешім бастамашы болды. Олар келесі компаниялардың қызметіне қатысты:
- «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (3);
- «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС (1);
- «ҚазТрансОйл» АҚ (1);
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС (1).

Есепті кезеңде Басқарма ҚМГ-ның мүдделілік бар мәмілелерін жасасуға қатысты 23 мәселені Директорлар кеңесінің қарауына ұсынды.

2025 жылы ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының құны ағымдағы кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына (базалық сценарий) сәйкес теңгемен 200 000 000 АҚШ долларынан асатын инвестициялық жобалары мен мәмілелерін келісу туралы 14 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 17 наурыздағы №09/20 хаттамасымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және оның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 %-дан астамына тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың инвестициялық қызметінің корпоративтік стандартына» сәйкес: бір мәселе «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Инвестициялық-стратегиялық комитетінің отырысына енгізу үшін қаралды.

Сонымен қатар Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына 13 есепті мақұлдап ұсынды, оның ішінде:
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп;
- 2024 жылдың IV тоқсанында Басқарма шешімімен жасалған мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп;
- 2024 жылдың IV тоқсаны бойынша негізгі тәуекелдер туралы есеп;
- 2025 жылдың I, II және III тоқсандарында жасалған мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп;
- 2024 жылға арналған тұрақты даму туралы есеп;
- 2024–2028 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы 2024 жылғы есеп;
- 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есеп;
- 2025 жылдың I (екі рет), II және III тоқсандары бойынша негізгі тәуекелдер туралы есеп.


«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасау қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен ерекше талаптар белгіленген мәмілелер бойынша 2025 жылы ҚМГ Басқармасы мүдделілік бар мәмілелерге қатысты 59 шешім қабылдады.

Еншілес және тәуелді ұйымдардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер шеңберінде ҚМГ-ның ұстанымын айқындау және ҚМГ уәкілетті өкілдерінің жалпы жиналыстарда дауыс беруі үшін Басқарма 12 шешім қабылдады:

Акционер/ сенімгерлік басқару құрылтайшысы ретінде 12 шешім




Қатысушы / жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің сенімгерлік басқарушысы ретіндегі ҚМГ-ның ұстанымын айқындау бойынша 121 шешім:



Сонымен қатар Басқарма ҚМГ-ның еншілес ұйымдарының барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционер / тұлға ретінде 18 шешім қабылдады.



ҚМГ Басқармасының 165 шешімі – бұл ҚМГ-ның еншілес ұйымдарының Жалғыз қатысушысы / Жалғыз құрылтайшысы / барлық қатысу үлестеріне иелік ететін тұлға ретінде қабылданған шешімдері



Есепті кезеңде ҚМГ Басқармасы ҚМГ-ның меншікті капиталының 10 % дейінгі мөлшердегі мәмілелерге қатысты 13 шешім қабылдады.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмекті (қайырымдылық жобаларды) жоспарлау, қарау және алдын ала мақұлдау қағидаларына сәйкес (2022 жылғы 30 маусымдағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының №36/22 хаттамасымен бекітілген), ҚМГ Басқармасы қайырымдылық көмек көрсету туралы үш шешім қабылдады. Бұл көмектер «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорына, «Алаш арманы» қоғамдық қорына және «ULAN PLUS» қоғамдық қорына көрсетілді.

2025 жылы ҚМГ Басқармасының шешімдерімен мынадай құжаттар да бекітілді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарға қатысты дивидендтік саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының жастар саясаты;
- алты регламент;
- 15 қағида;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның штаттық кестесі және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Ақтау қаласындағы өкілдігінің штаттық кестесі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған түзетілген бизнес-жоспары (төрт рет);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025 жылға арналған түзетілген бюджеті (жеті рет);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2026–2030 жылдарға арналған бизнес-жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2026 жылға арналған бюджеті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2026 жылға арналған жұмыс жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның басқарушы және әкімшілік персоналының, сондай-ақ Ақтау қаласындағы өкілдік қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасы;
- ҚМГ компаниялар тобына кіретін кейбір ұйымдар үшін 2025 жылға арналған базалық тарифтік мөлшерлеме және басқа да мәселелер.

Сонымен қатар 27 шешіммен ҚМГ-ның жекелеген ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұдан бөлек, ҚМГ Басқармасы 2025 жылға арналған ҚМГ бюджеті қаражатын қайта бөлуге қатысты алты шешім қабылдады.

Сыйақы туралы есеп

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді және тәуелсіз директорлар мен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне төленеді. Сыйақы белгіленген және Компания қызметінің ауқымын, міндеттерін және стратегиялық мақсаттарын ескере отырып айқындалады.

Сыйақыны қалыптастыру әдістемесі ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін көздейді және «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңестері мен байқау кеңестері құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес келеді. Бұл тәсіл білікті мамандарды тартуға және оларды ұстап қалуға бағытталған. 2025 жылы ҚМГ сыйақы мөлшерін айқындау үшін сыртқы консультанттарды тартқан жоқ.

Есепті кезең (тоқсан) үшін белгіленген сыйақыны алу үшін негізгі шарт – ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ҚМГ Директорлар кеңесінің өткізілген барлық отырыстарының (сырттай және ішкі) жартысынан көбіне қатысуы, ауру себепті жіберілген жағдайларды қоспағанда. Осы талап орындалмаған жағдайда, тиісті кезең үшін сыйақы төленбейді.

Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті сыйақы мәселелерін қажеттілігіне қарай, соның ішінде Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалау аясында қарастырады.

2025 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері тарапынан өздеріне тиесілі сыйақыдан бас тарту жағдайлары, сондай-ақ болашақта сыйақыдан бас тартуға қатысты қандай да бір келісімдер болған жоқ.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023-2025 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы

	2023	2024	2025
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	196 375	-	-
Директорлар кеңесі мүшелеріне теңгемен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	97 215 050	207 200 000	207 200 000

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындайды.

2025 жылы ҚМГ Басқарма мүшелеріне төленген төлемдердің жиынтық мөлшері 519 091 079 теңгені құрады. Бұл сомаға салықтар мен міндетті аударымдар ұсталғанға дейінгі жалақының жиынтық мөлшері, қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленген сыйақылар, сондай-ақ 2025 жылы Басқарма құрамында болған кезеңде төленген ақшалай көтермелеудің барлық түрлері кіреді. Аталған төлемдер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 11 ақпандағы шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылды.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды әзірленген және теңдестірілген мотивациялық ҚБК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру үшін қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ҚБК картасы корпоративтік және функционалдық ҚБК-дан тұрады.

Сыйақының тиімді және ашық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2023–2025 жылдары Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері, теңге	388 673 642	497 815 040	519 091 079



Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес[1] Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, келесіні растайды:

- халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;
- басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық ахуалы туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды

Директорлар кеңесі Кодекске сәйкес директорлардың тәуелсіз екенін белгіледі және Холланд Филип Малкольм, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы және Шәкіров Асқар Оразалыұлының мінез-құлқы мен шешім қабылдауы тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі аталған директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын байланыстың немесе мән-жайдың жоқ екенін анықтады.

Компания басшылығы ХҚЕС талаптарына сәйкес жылдық есеп пен шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға, сондай-ақ ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі бақылау жүйесін енгізуге және қолдауға жауапты.

ҚМГ Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігін және жылдық есепті дайындау процесіне бақылау жүргізеді.

Жылдық есептілікті дайындау барысында Компания басшылығы Компанияның жақын болашақта өз қызметін үздіксіз жүзеге асыру қабілетіне бағалау жүргізді. Бұл бағалау қаржылық есептілік бекітілген күннен кейінгі кемінде он екі айлық кезеңді қамтиды. Ағымдағы қаржылық көрсеткіштерді, қолда бар несие желілерін, ақша қаражаттарының қозғалысы болжамын және даму бюджетін талдау негізінде Компания басшылығы Компанияның өз қызметін жалғастыруға және көрсетілген кезең ішінде өтеу мерзімі басталған міндеттемелерін орындауға жеткілікті ресурстары бар екенін растайды.

Компания басшылығының пікірінше, жылдық есептілік бекітілген күнгі жағдай бойынша Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғалар немесе жағдайлар жоқ.

Компания басшылығы Компанияның өз қызметін үздіксіз жүзеге асыру қабілетін бағалауға қатысты жауапкершілігін растайды.

[1] «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2025 жылғы 13 қазандағы №3/2025 хаттамасымен бекітілген.

Корпоративтік бақылау

Корпоративтік қақтығыстарды басқару

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, қатысушылар Компания мен мүдделі тараптардың мүддесін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер арқылы реттеуге ұмтылады.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және оларды шешу жөніндегі жұмыс ықтимал келіспеушіліктерді уақтылы анықтауға және Компанияның барлық тиісті органдарының үйлестірілген іс қимылына негізделеді.

Корпоративтік қақтығыстарды ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы ҚМГ Корпоративтік хатшысының қатысуымен қарайды. Егер корпоративтік қақтығысқа ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы тартылған болса, мұндай жағдайларды ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы мәселелері жөніндегі комитеті қарайды. 2025 жылы мұндай жағдайлар болған жоқ.

Ішкі аудит

Компаниядағы ішкі аудит функциясын Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады, ол функционалдық тұрғыдан ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді және оны Аудит комитеті қадағалайды. ІАҚ-тың ұйымдық тәуелсіздігі атқарылатын аудиттік және консультациялық тапсырмалардың объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз етеді.

ІАҚ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік стандартымен және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарымен реттеледі. ІАҚ миссиясы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне объективті кепілдіктер мен кеңестер ұсынудан тұрады.

ІАҚ басты міндеттері

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігін бақылау
- Бухгалтерлік есеп жүйесінің сенімділігін, толық болуын және объективтілігін бағалау және оны ҚМГ мен ЕТҰ-ның қаржылық есептілігі негізінде құру
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның ресурстарды ұтымды пайдалануын және активтердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қолданылатын әдістерді бағалау
- Операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінде заңнаманың, корпоративтік нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау

Аудит комитеті ІАҚ тың есептерін, жұмыс жоспарларын, қызметті дамыту стратегиясын, сондай ақ бюджеттеу және кадрлық қамтамасыз ету мәселелерін тұрақты түрде қарап отырады. Аудиттердің жоғары сапасын қамтамасыз етудегі негізгі факторлардың бірі ретінде аудиторлардың кәсіби дамуына ерекше назар аударылады.

ІАҚ жұмысын сыртқы тәуелсіз бағалау

ІАҚ жұмысын сыртқы тәуелсіз бағалау Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес ІАҚ қызметіне мерзімді сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізіледі. Компанияның ІАҚ қызметі ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына, үздік халықаралық тәжірибелерге, ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ-ның іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін өзге де қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге толық сәйкес келетіні мойындалған.

2025 жылы күшіне енген жаңартылған ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкестігін бағалау үшін 2026 жылы ІАҚ жұмысына кезекті сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізу жоспарлануда.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау – ІАҚ қызметінің ажырамас бөлігі және әрбір аудиттік тапсырма аясында жүргізіледі. Аудит барысында бақылау рәсімдерінің дизайны мен олардың жұмыс істеуіне талдау және бағалау жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы қорытынды есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне қарауға ұсынылатын ІАҚ жұмысы туралы есептерде тұрақты түрде көрсетіледі.

Ішкі аудит қызметі 2025 жылы атқарған жұмысы

Есептік жылы ІАҚ жұмысы тәуекелге негізделген тәсілге сүйене отырып қалыптастырылған және ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

- Сандық көрсеткіштер: жоспарланған 28 аудиттік тапсырманың орнына іс жүзінде 30 тапсырма орындалды, оның ішінде екі жоспардан тыс тексеру болды.
- Нәтижесі: тексерулердің қорытындылары бойынша бизнес-процестерді жетілдіру және бақылау рәсімдерін күшейту жөнінде ұсыныстар әзірленді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұсыныстардың орындалу деңгейі 91,8 % құрады.
- Қамтылуы: аудиттік тексерулер қызметтің негізгі бағыттарын қамтыды, оның ішінде: сатып алу рәсімдері, шарттардың орындалуы, өндірістік қызмет, қондырғылар мен жабдықтардың техникалық жағдайы, инвестициялық қызмет, негізгі капиталға салынатын инвестициялар, мұнай мен мұнай өнімдерін есепке алу, тәуекелдерді басқару, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік.

Сыртқы аудит

ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктің дұрыстығына объективті баға беру мақсатында ҚМГ жыл сайын тәуелсіз сыртқы аудиторлық қызметіне жүгінеді. Аудиторлық кандидатурасы Директорлар кеңесімен мақұлданып, Акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

2024 жылғы 28 мамырда өткен Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен 2025–2029 жылдар кезеңінде ҚМГ есептілігін тексеру үшін аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» (PwC) ЖШС бекітілді.

Сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздік

Аудиторды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қағидаларымен реттеледі және құрамына Қор мен ҚМГ-ның Аудит комитеттерінің өкілдері кіретін Бірыңғай конкурстық комиссия арқылы жүзеге асырылады. Таңдаудың негізгі критерийлері – қызметтердің сапасы, рәсімдердің ашықтығы және мүдделер қақтығысының болмауы.

ҚМГ Аудит комитеті сыртқы аудитормен тәуелсіздік қағидаттарының сақталуына үздіксіз мониторинг жүргізеді. Компания аудиторлық ұйымдарды ротациялау бойынша заңнамалық талаптарды (жеті жылда бір реттен көп емес) қатаң сақтайды.

Аудиторлық емес қызметтер

ҚМГ Саясатына сәйкес, қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес кез келген қызметтерді сыртқы аудитордың көрсетуі Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын талап етеді.

Қолданысында шектеу бар: есептік жыл үшін аудиторлық емес қызметтердің құны алдыңғы үш жылдағы аудит қызметтерінің орташа құнының 50 % аспауға тиіс. 2025 жылы сыртқы аудиторлардың жалпы сыйақысындағы аудиторлық емес қызметтердің үлесі 26,5 % болды.


ҚМГ-ның тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйесі

Компанияда және оның еншілес ұйымдарында Қордың бірыңғай тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналатын интеграцияланған корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі (КТБЖ) жұмыс істейді. КТБЖ – корпоративтік басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі. Бұл жүйе Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді уақтылы анықтауға және оларды барынша төмендетуге, сондай-ақ құн өсімі, пайда және тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерімді сақтауға бағытталған.

Жүйе басқарудың барлық деңгейлерінде – Директорлар кеңесінің, атқарушы басшылықтың және Компания қызметкерлерінің қатысуымен іске асырылады және төмендегілерге қол жеткізуге негіз болатын орынды сенімділікті қамтамасыз етеді:

- стратегиялық мақсаттар – компанияның құнын құру және сақтау, тұрақтылығы мен инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- операциялық мақсаттар – қызмет тиімділігі және активтердің сақталуы;
- есеп беру саласындағы мақсаттар – сенімді қаржы және басқарушылық ақпаратты дайындау;
- сақтау мақсаттары – заңнаманың және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі.

КТБЖ ұйымдық құрылымы



КТБЖ қатысушыларының функциялары және жауапкершілігі:

Директорлар кеңесі	тәуекелдерді басқару саласындағы келесі функцияларды орындау арқылы КТБЖ-ның тиімділігіне жалпы бақылау жүргізеді: • ҚМГ-ның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарын айқындайды; • Тәуекелдерді басқару саласындағы саясатты бекітеді; • тәуекел-тәбетті, толеранттылық деңгейлерін, басты тәуекел көрсеткіштерін, тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын, тәуекелдер болған жағдайда әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын және тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді бекітеді.
Аудит жөніндегі комитет	• ҚМГ Директорлар кеңесіне КТБЖ-ның сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау мәселелері бойынша қолдау көрсетеді.
Басқарма төрағасы	• КБЖ-ның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; • КТБЖ-ны ұйымдастыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімдерін және Аудит комитетінің ұсынымдарын орындайды.
Басқарма	• КТБЖ саясатының іске асырылуын, тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) әзірлеуді, бекітуді және енгізуді қамтамасыз етеді; • тәуекелдерді басқаруды ҚМГ-ның бизнес-процестеріне интеграциялауды қамтамасыз етеді; • Аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне ұсыну үшін тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді алдын ала мақұлдайды; • лимиттерге, тәуекелдерді басқару әдістемелеріне және тәуекелдерге ден қою шараларына қатысты мәселелерді қарайды; • ІНҚ, тәуекел-тәбет және толеранттылық деңгейлерінің сақталуын қоса алғанда, мониторинг жүргізеді, тәуекелдер жөніндегі есептерді қарап, қажетті шараларды қабылдайды.
Ішкі аудит қызметі	• ТБЖ тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүргізеді және оны жетілдіруге жәрдемдеседі; • тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тәуелсіз қорытындылар мен ұсынымдар ұсына отырып, ҚМГ-ның Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді.
Комплаенс қызметі	• ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарына қолданылатын Іскерлік этика кодексінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және өзге де реттеушілік талаптардың сақталмау тәуекелдерін басқаруға бағытталған комплаенс-бағдарламаны әзірлеу және оны енгізу үшін жауап береді.
Тәуекелдер жөніндегі комитет	• тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарап, шешім қабылдау үшін ҚМГ Басқармасына ұсынымдар береді.
Тәуекелдер жөніндегі бөлімше	• тәуекелдердің ағымдағы жай-күйі, қабылданып жатқан ден қою шаралары, бақылау ортасындағы өзгерістер, тәуекелдерді басқару процесіндегі елеулі ауытқулар және КТБЖ-ны жетілдіру бойынша іске асырылып жатқан шаралар туралы ҚМГ-ның Директорлар кеңесін, Аудит комитетін және Басқармасын хабардар етеді; • ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіреді; • тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және жаңартады, тәуекел иелеріне бекітілген құжаттар туралы ақпарат ұсынады және тәуекелдерді басқаруды бизнес-процестерге интеграциялау жөнінде ұсыныстар енгізеді; • белгіленген мерзімдерде тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді қалыптастырады; • тәуекел-тәбетті әзірлейді және оны тәуекелдердің жекелеген түрлері бойынша рұқсат етілетін деңгейлерге дейін үйлестіреді; • тәуекелдер жөніндегі шоғырландырылған есептерді дайындау және Басқарма мен Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдарды қарау барысында анықталған тәуекелдердің толық қамтылуын және ден қою шараларының жеткіліктілігін барынша бағалайды, тәуекелдер портфеліне талдау жүргізеді, ден қою стратегиясына және қажет болған жағдайда ресурстарды қайта бөлуге қатысты ұсыныстар әзірлеуге қатысады, басшылықтың назарын жаңа әрі елеулі өзгерістерге ұшыраған тәуекелдерге аударады; • ҚМГ мен ЕТҰ-дағы тәуекел иелеріне және құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік және практикалық қолдау көрсетеді; • іске асырылған және әлеуетті тәуекелдердің дерекқорына тұрақты негізде жетекшілік етеді; • белгіленген лимиттер мен талаптарға сәйкес кредиттік, инвестициялық және нарықтық тәуекелдерге мониторинг жүргізеді; • қажет болған жағдайда тәуекелдерді және ықтимал залалдарды сақтандыру және қайта сақтандыру процестерін үйлестіреді; • тәуекелдерді басқарудың негізгі процестерін автоматтандыруды жүзеге асырады; • шартты міндеттемелердің іске асу ықтималдығына баға береді және оларға мониторинг жүргізеді, ықтимал дефолт жағдайларына қордың қалыптастыруын бағалайды; • ҚМГ Ішкі аудит қызметімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, оның ішінде жылдық аудит жоспары мен кепілдіктер картасын әзірлеуге қатысады, тексерулер нәтижелерін талқылайды және білім мен әдіснамалармен алмасады.
Құрылымдық бөлімшелер (тәуекел иелері/тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың иелері	• тәуекелдерді уақтылы анықтау және олар туралы хабарлау, сондай-ақ оларды басқару бойынша ұсыныстар енгізу үшін жауап береді; • тәуекелдерді анықтайды және бағалайды, ден қою стратегияларын және нақты шараларды іске асырады, қажет болған жағдайда өздері кураторлық ететін бағыттардағы ТБЖ-ны жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді; • өздеріне жүктелген бизнес-процестерді реттейтін саясаттар мен рәсімдерді әзірлейді және жаңартады; • өз құзыреті шегінде тәуекел-тәбетті және оларды басты көрсеткіштерінің барлық құрамдас бөліктері бойынша сақтайды; • іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерді есепке алу және талдау жөніндегі ІНҚ-ға сәйкес іске асырылған және әлеуетті тәуекелдер базасын толтырады; • атқаратын функциялары шеңберінде тәуекелдерге елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі факторларды бақылап отырады; • тәуекелдер туралы мүдделі тараптарға дер кезінде әрі толық ақпарат береді, тәуекелдерді тікелей басқарады, олардың ықтимал әсеріне мониторинг жүргізеді және тәуекелдерді басқару шараларын іске асырады.

Ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігі

Ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігі Интеграцияланған ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) 2025 жылы мониторингті автоматтандыруға басымдық бере отырып, мақсаттарға қол жеткізуді және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (ҚҮҚЖ) ЕТҰ-дағы негізгі бизнес-процестерді инциденттерден қорғау мақсатында тиісті жоспарларды іске асырады. Мүліктік мүдделер корпоративтік сақтандыру арқылы қорғалады.

2025 жылы КТБЖ дамыту

Жүйе «Үш қорғаныс желісі» (COSO стандарты) моделіне негізделеді. Бұл модельге сәйкес, қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелер Бірінші қорғаныс желісі болып саналады және тәуекелдерді күнделікті негізде тікелей басқаруға, сондай-ақ елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтап, хабарлауға жауапты. Екінші қорғаныс желісін бақылау функцияларын іске асыратын бөлімшелер құрайды – олар процестерді үйлестіреді, есептілікті қалыптастырады, әдістемелік және практикалық қолдау көрсетеді, тәуекелдерді айқындауды, мониторингті және басқаруды жүзеге асырады.Үшінші қорғаныс желісін тәуелсіз ішкі аудиторлар ұсынады, олар тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне объективті әрі тәуелсіз бағалау жүргізеді.

2025 жылы ҚМГ тәуекелдердің шоғырландырылған тізілімін өзектендірді және ішкі нормативтік құжаттардың жаңа редакцияларын бекітті:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі саясаты (ҚМГ Директорлар кеңесінің 10.09.2025 ж. шешімі, №15/2025 хаттама);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (идентификация және бағалау рәсімдерімен бірге) (ҚМГ Басқармасының 24.11.2025 ж. шешімі, №47 хаттама).

Қосымша ретінде санкциялық және реттеушілік тәуекелдерге мониторинг күшейтілді, тәуекелдердің негізгі индикаторларын автоматтандыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Сонымен қатар қызметкерлердің тәуекел-мәдениетін арттыру бойынша жұмыс жалғасуда.

2026 жылы құрылыс саласындағы бес инвестициялық жоба бойынша ішкі бақылаулардың тиімділігін бағалау жоспарланған. Іс-шаралар аясында тәуекелдер жөніндегі комитет туралы ереженің ішкі бақылау жүйесінің саясатын, сондай-ақ ЕТҰ тәуекелдерін басқаруға жауапты тұлғалардың функционалдық міндеттерін қоса алғанда, негізгі ішкі құжаттарды жаңарту жұмыстары көзделген. Тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдерін енгізуге бағытталған ЕТҰ үшін оқыту және әдіснамалық іс-шараларды жүргізу қосымша жоспарлануда. Бұдан бөлек, ішкі бақылау жүйелері, қызметтің үздіксіздігін басқару және «Three Lines Model» моделі бойынша тестілеу мен семинарлар ұйымдастырылады.

2025 жылы іске асқан тәуекелдер

Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобында бірқатар негізгі тәуекелдер іске асты.

Өндірістік және күзет-еңбек тәуекелдері

- Өндірістік жарақат алу қаупі — 20-ға дейін оқиға тіркеліп, еңбек қызметімен байланысты орын алған жазатайым оқиғалар салдарынан 21 адам зардап шекті, оның ішінде 1 адамның өлімі бар. Бұл өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсер етіп, қосымша түзету шараларын қабылдауды талап етті.
- Апаттық жағдайлар қаупі — электр энергиясының жоспардан тыс өшірулері, құбыр желілері герметизациясының бұзылуы, коллекторлардың зақымдануы және өзге де өндірістік оқыс оқиғалар болып, технологиялық үзілістер мен қосымша шығындарға әкелді.

Қаржы-экономикалық тәуекелдер

- Мұнай бағасының қолайсыз өзгеру қаупі — әлемдік бағалардың түсуі және Даму жоспарының базалық мұнай бағасының барреліне 75 АҚШ долларынан 65 АҚШ долларына қайта қаралуы аясында жүзеге асты. Бұл табыс көрсеткіштері мен ақшалай ағындардың ауытқуына әкелді.
- Валюталық тәуекел — міндеттемелердің теріс валюталық қайта бағалануы және айырбас бағамдарының құбылмалылығы арқылы көрініс тапты, бұл қаржылық нәтижеге әсер етті.

Экологиялық және реттеуші тәуекелдер

- Қоршаған ортаға залал келтіру тәуекелі — жер қойнауына төгінділерді айдау және бұрғылау қалдықтарын тиісті экологиялық рұқсаттарсыз жинақтау үшін салынған айыппұл санкциялары түрінде көрініс тапты.

Тәуекелдердің салдарын жұмсарту және олардың қайталуын болдырмау бойынша шаралар
Жекелеген жағымсыз оқиғаларға қарамастан, іске асқан тәуекелдердің барлығы қолданыстағы шекті деңгейлерден аспады және қызметтің тұрақтылығына, сондай-ақ стратегиялық және операциялық мақсаттардың орындалуына елеулі ықпал етпеді. Барлық бағыттар бойынша салдарларды азайтуға және тәуекелдердің қайта іске асуына жол бермеуге арналған шаралар қабылданды, оның ішінде:

- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және көліктік қауіпсіздік жүйесін күшейту, сондай-ақ корпоративтік қауіпсіздік пен өндірістік бақылау жүйесін дамыту;
- Апаттық мұнай төгінділерін жоюға дайындықты арттыру, қоршаған ортаға әсерді барынша азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру және экологиялық сақтандыру тетіктерін қолдану;
- Уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау және нормативтік құқықтық актілерді талқылауға қатысу, сондай-ақ мониторинг пен бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру;
- Қаржылық тұрақтылықты арттыру, оның ішінде дағдарысқа қарсы іс-шараларды орындау, инвестициялық жобалар портфелін оңтайландыру және қарыз жүктемесін кезең-кезеңмен төмендету.

Ағымдағы геосаяси жағдайларда тәуекелдерді басқару

2025 жылы геосаяси және әскери-саяси жағдайдың ушығуы аясында төмендегі тәуекелдердің іске асу ықтималдығы айтарлықтай артты:

- санкциялық шектеулердің күшеюі қаупі,
- мұнайды тасымалдау және экспорт көлемдерінің төмендеу қаупі,
- инвестициялық жобалардың іске асыруын кешіктіру және қымбаттау қаупі,
- мегажобалардан дивидендтердің толық түспеу қаупі.

Бұған себеп болған оқиғалар
Көрсетілген тәуекелдердің өсуіне бірқатар мемлекеттердің (АҚШ пен Ұлыбританияның) Компанияның жекелеген әріптестерін «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пен «Роснефть» ҰК» ЖАҚ компанияларын санкциялық тізімдерге енгізуі, сондай-ақ Каспий Құбыр желісі Консорциумының (КҚК) инфрақұрылымының сыртқы әсерлер мен оқыс оқиғаларға осалдығы себеп болды.

Санкциялық шектеулер тікелей ҚМГ компаниялар тобына қатысты қолданылмағанына қарамастан, бірлескен жобалар үшін теріс салдарлардың туындау қаупі сақталып отыр. Атап айтқанда, АҚШ пен Ұлыбритания юрисдикциясында орналасқан қарсы тараптың тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді жеткізуден бас тарту жағдайлары болуы мүмкін.

2025 жылғы 15 қазанда Ұлыбритания ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пен «Роснефть» ҰК» ЖАҚ компанияларына қатысты санкциялар енгізді. Осы шаралардың бірі — Еуропа аумағындағы банк операцияларына қолжетімділікті шектеу.

2025 жылғы 23 қазанда АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ пен «Роснефть» ҰК» ЖАҚ компанияларына санкциялар енгізді. Қолданылған шаралардың бірі — банк операцияларына қолжетімділікті шектеу.

«ЛУКОЙЛ» ЖАҚ – ҚМГ-ның бірқатар жобалардағы серіктесі: ТШО (5 %), ККҚ (12,5 %), Қарашығанақ (13,5 %) және ККО (50 %). ТШО, Қарашығанақ және ККҚ жобалары бойынша санкциялардан шығарылған ерекше талаптар берілді, ал ККО жобасы бойынша мұндай ерекшеліктер жоқ.

АҚШ Президентінің № 14024 Жарлығының талаптарына сәйкес, «Роснефть» немесе ЛУКОЙЛ компанияларына тікелей немесе жанама түрде 50 % және одан көп үлеспен тиесілі заңды тұлғалар олар SDN тізімінде ресми түрде болмаса да, SDN OFAC тізіміне (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List[1]) енгізілген деп танылады. Осыған байланысты ККО жобасы («Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС) шеңберінде шектеулер енгізіледі деп күтілуде.

Қаламқас-теңіз және Хазар жобасының салдары
ККО теңіз жобасы бойынша тәуекелді сақтандыру компаниялары арқылы халықаралық қайта сақтандыру нарығында орналастыруда шектеулер немесе оны жүзеге асыру мүмкін еместігі байқалуда (ҚМГ-ның дәстүрлі қайта сақтандыру әріптестері ЛУКОЙЛ компаниясына байланысты сақтандыруды өтеуден бас тартып отыр). Сақтандыруды өтеу болмаған жағдайда ККО жобасы үшін ҚМГ-ның сыртқы қаржыландыру тартуы мүмкін болмайды. Санкциялық тәуекелдің іске асуы ККО жобасының моделіне қауіп төндіріп, ҚМГ-ның ықтимал қаржыландыру тетіктерін айтарлықтай тарылтады. Қазіргі уақытта тараптар жобаны одан әрі іске асырудың ықтимал нұсқаларын бағалау және қарастыру жұмыстарын жүргізуде.

ККҚ инфрақұрылымына қатысты тәуекелдер
Есепті кезеңде ККҚ инфрақұрылымының инциденттер мен жоспардан тыс жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша шектеулер мен тоқтап қалу жағдайлары да тіркелді, бұл экспортқа мұнай жеткізу тұрақтылығын бұзу қаупін арттырды.

[1] Арнайы белгісі бар азаматтардың және бұғатталған адамдардың тізімі (SDN тізімі).

2025 жылғы 17 ақпанда «Кропоткинская» сорғы станциясына ұшқышсыз ұшу аппараттарымен шабуыл жасалып, турбина мен трансформаторлар зақымданды. 2025 жылғы 29 қарашада ҚҚК теңіз терминалына теңіздегі экипажсыз қайықтар тарапынан шабуыл тіркеліп, соның салдарынан екінші жылжымалы айлақ зақымдалды. 2026 жылғы 25 қаңтарда екінші жылжымалы айлақ құрылғының орнына үшінші жылжымалы айлақ құрылғысы іске қосылып, теңіз терминалының өткізу қабілеті толық қалпына келтірілді.

Жалпы алғанда, есепті жылы қазақстандық мұнайды тасымалдау төмендегі шаралардың нәтижесінде елеулі шектеулерсіз жүзеге асырылды:

- ҚҚК-ның маңызы жоғары жабдықтарын ауыстыру;
- мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру;
- мемлекеттік органдармен жедел өзара іс-қимыл.


2026 жылы жылжымалы айлақ құрылғыларын кезең-кезеңімен ауыстыру жоспарланған.

Санкциялық тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар шеңберінде «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, АҚШ-тың OFAC құрылымымен «Роснефть» ЖАҚ мұнайының ҚХР-ға көлемі 10 млн тоннаға дейінгі транзитіне рұқсат алу бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл ықтимал қайталама санкциялар қолдану тәуекелін төмендетуге және транзиттік ағындардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәуекелдер бейіні және Тәуекелдер картасы

Тәуекелдер профилі тұрақты, алайда мұнай бағасы, геосаяси жағдай және санкциялық қысым сияқты сыртқы факторлардан туындайтын стресс-сценарийлерге сезімтал болды. Директорлар кеңесі тәуекел-тәбеттің орташа консервативтік деңгейін ұстанады.

Тәуекелдер картасы



1. Өндірісте жарақат алу тәуекелі
2. Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі
3. Экологияға теріс әсер ету тәуекелі
4. Санкциялардың күшеюі тәуекелі
5. Өтімділік тапшылығының тәуекелі
6. Инвестициялық (жобалық) тәуекелдер
7. Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы
8. Мұнайды тасымалдау және экспортқа сату көлемінің азаюы тәуекелі
9. Геологиялық барлау жұмыстарының тәуекелі

Тәуекел коды	Тәуекел	Баға	Қауіп-қатер	Шаралар
1	**Өндірісте жарақат алу тәуекелі**	Қызыл аймақ	Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар және өндірісте жарақат алу	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өнеркәсіптік және көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік қауіпсіздік жүйесін дамыту
2	**Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі**	Қызғылт сары аймақ	Ескі кен орындарында мұнай өндірудің табиғи түрде төмендеуі	Өндірістік процестердің тиімділігін арттыру, өндіретін көмірсутек шикізатының өзіндік құнын төмендету, кен орындарын қалпына келтіру, сондай-ақ жетілген кен орындары бойынша салықтық жүктемені одан әрі оңтайландыру мәселелері жөнінде мемлекетпен келіссөздер жүргізу

Тәуекел коды	Тәуекел	Баға	Қауіп-қатер	Шаралар
3	**Экологияға теріс әсер ету тәуекелі**	Сары аймақ	1. Төмен көміртекті дамудың жедел-деуіне байланысты көмірсутек шикізатына деген әлем бойынша сұраныстың төмендеуі. 2. ҚМГ ЕТҰ-да энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың уақтылы іске асырылмауы 3. Энергия көздерін баламалы бағыттарға көшу қарқынына байланысты ҚМГ-ның төмен көміртекті дамыту бағдарламасының мақсатты көрсеткіштері мұнай-газ саласының әлемдік көшбасшыларынан қалып қоюы мүмкін. 4. Энергетиканың жаңа көздеріне көшу шеңберінде сатып алынған жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын жеткізуде үзілістердің болуы	1. ҚМГ-ның «көміртек бейтараптығы» бойынша оңтайлы конфигурациясын іске асыра отырып, мұнай экспортын сақтау және ұлғайту. 2. Стратегиялық серіктестерді іздеу және тарту, баламалы технологияларды іздеу және бейімдеу. 3. Бағдарламаның іске асырылуын бақылау, үйлестіру мен мониторинг жүргізетін жеке орган құру, жасыл энергияны сатып алу. 4. Резервтік қуаттарды қолдау мақсатындағы инвестициялар.
4	**Санкциялардың күшеюі тәуекелі**	Қызыл аймақ	Стратегиялық серіктеске немесе ҚМГ-ның өзіне қатысты халықаралық санкциялық саясаттың күшеюі	Санкциялық заңнаманы мониторингтеу, халықаралық заңгер кеңесшілерді тарту, бірлескен кәсіпорындағы үлесті өзге тараптың пайдасына шығару немесе өткізу, сондай-ақ жаңа стратегиялық серіктестерді тарту
5	**Өтімділік тапшылығының тәуекелі**	Қызғылт сары аймақ	Қаржылық тұрақтылықтың нашарлауы және кредиттік рейтингтердің төмендеуі	Қарыз деңгейін төмендету, қарыздарды қайтаруды және қаржылық көмекті қамтамасыз ету, шығын мөлшерін азайту, активтер портфелін, жобаларды оңтайландыру
6	**Инвестициялық (жобалық) тәуекелдер**	Қызыл аймақ	1. Стратегиялық серіктестің жобалардан шығуы (қаржыландыруға, технологияларға және басқаруға қатысады). 2. Жобаларды қаржыландыру көздерінің болмауы. 3. Жаңартылатын энергия көздері бойынша сатып алу немесе қатысу үшін әлеуетті жобалардың рентабельділігінің төмендігі.	1. Корпоративтік басқару қағидаттарын қамтамасыз ету, жаңа стратегиялық әріптестерді тарту. 2. Инвестициялар үшін жеткілікті ақша ағынын қамтамасыз ету мақсатында кірістілікті арттыру және қаржылық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру, жаңа қаржыландыру құралдарын іздеу. 3. Жаңартылатын энергия көздері жобалары бойынша үлестерді сатып алу / жобаларды бастау кезеңінде оңтайлы шарттарды айқындау, мемлекеттік қолдау шараларына және инвестициялық преференцияларға жүгіну
7	**Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы**	Қызыл аймақ	Мұнай бағасының қолайсыз өзгеруі. Шикізат нарықтарындағы құбылмалы жағдайлардың көбеюі	Қаржылық тұрақтылықты арттыру, дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру, инвестициялық жобалар портфелін оңтайландыру, қарызды жүйелі төмендету
8	**Мұнайды тасымалдау және экспортқа сату көлемінің азаюы тәуекелі**	Қызыл аймақ	1. Тасымалдауға қойылатын шектеулер, ірі кен орындарында (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) өндірістің тоқтауы, қоймаларда өнімнің жиналып қалуы, пайданы толық ала алмау. 2. Стратегиялық серіктеске немесе ҚМГ-ның өзіне қатысты халықаралық санкциялық саясаттың күшеюі	1. Мұнайды тасымалдаудың қосымша бағыттарын дамыту. 2. ККҚ-ның маңызы жоғары жабдықтарын жасап шығару және ауыстыру. 3. Санкциялық заңнаманы мониторингтеу, заңгер кеңесшілерді тарту, бірлескен кәсіпорындағы үлесті өзге тараптың пайдасына шығару немесе өткізу, сондай-ақ жаңа стратегиялық серіктестерді тарту.
9	**Геологиялық барлау жұмыстарының тәуекелі**	Қызғылт сары аймақ	1. Бұрғылаудың теріс нәтижелері: көмірсутек қорының коммерциялық тұрғыдан анықталмауы. 2. Геологиялық барлау жұмыстарына жеткіліксіз және (немесе) уақтылы қаржы бөлінбеуі	1. Жаңа технологияларды (сейсмикалық барлау) қолдану, кәрри-қаржыландыру талаптары бойынша стратегиялық серіктестерді тарту. 2. Қосымша қаржыландыру көлемдерін бөлу мәселелері жөнінде стратегиялық серіктестермен келіссөздер жүргізу.

Тәуекел-тәбет туралы мәлімдеме
Тәуекел-тәбет компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізе алатын тәуекелді ұстап қалудың өзіндік деңгейін сипаттайтын басқарушы элементке айналады.

Тәуекел-тәбеттің бекітілген параметрлері қаржылық, операциялық және инвестициялық тәуекелдердің негізгі түрлері бойынша рұқсат етілген деңгейлерге бөлінеді және шешім қабылдау кезінде есеп береді.

Компанияның 2025 жылға арналған тәуекел-тәбеті туралы мәлімдемеден кейбір үзінділер

Қаржылық қызмет

- Қарыздық құралдарда белгіленген ковенанттарды сақтау.
- Шоғырланған бос ақша ағынын (негізгі борышты өтеуге дейін) оң деңгейде ұстап тұру.
- 2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пайдасына еншілес ұйымдардан жоспарланған дивиденд ағындарының төмендеуіне жол бермеу.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің ең төмен белгіленген мәндерден төмендеуіне жол бермеу.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның кредиттік рейтингтерін сақтап тұру: S&P, Moody's, Fitch агенттіктері берген ағымдағы «BB+», «Baa1», «BBB» деңгейінен төмен емес деңгейде сақтау.

Операциялық қызмет

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы кәсіпорындарының еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қызметкерлердің құқықтарын сақтау, кемсітушілікке жол бермеу және жұмысқа қабылдау мен еңбек ету талаптарының теңдігін қамтамасыз ету
- Халықаралық санкциялар режимін бұзуға әкелетін транзакцияларға тыйым салу.
- Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне (оның ішінде кибертәуекелдерге) қатысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмендегілерді қамтамасыз етеді:
  - ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмысы 99,7 % кем емес (жылына) деңгейде бұзылған жағдайда сервистердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
  - ақпараттық ресурстардың, бағдарламалық жасақтамалардың және жабдықтың тұтастығының бұзылмауына жол бермейді;
  - құпия ақпараттың жоғалуына немесе басқа да рұқсатсыз жариялануына жол бермейді.
- Сыбайлас жемқорлықтың, алаяқтықтың және іскерлік этиканы бұзудың кез келген көріністеріне жол берілмейді.
- Қоршаған ортаны ластаумен байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.
- Көміртек ізінің мөлшеріне қатысты мақсатты көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етеді.
- Өндірістік қауіпсіздікке қатысты Компания төмендегілерді қамтамасыз етеді: еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттарды сақтау; қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау; қауіпті өндірістік факторларды анықтау мен жою; қоршаған ортаға ықпалдың төмендеуі; нөлдік жарақат алу деңгейі және қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнетін тәуекелдерді жоюға бейілділік; жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына немесе айналасындағы адамдарға нақты қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде жұмысты орындаудан бас тарту құқығына кепілдік беру.

Инвестициялық қызмет

- Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдерді бөлу мақсатында стратегиялық әріптестерді тарту.
- Жер қойнауын пайдалану жобаларын стратегиялық әріптестермен бірлесіп, негізінен кэрри-қаржыландыру талаптары бойынша жүзеге асыру.
- Инвестициялық жобаның бекітілген құнын асырып жіберуге жол бермеу, сондай-ақ жобаны іске асыру мерзімдерін сақтау.
- Жаңа инвестициялық жобалардың рентабельділік индексі (PI) 1,3-тен төмен болмауы тиіс.
- Жаңа инвестициялық жобаларды қарастырған кезде олардың Компанияның акционерлік құнына ықпалын ескеру қажет.
- Геологиялық барлау кезеңіндегі жаңа жер қойнауын пайдалану инвестициялық жобаларының алдын ала бағалаулары оң болуы (expected monetary value, EMV > 0) тиіс.
- Көмірсутек шикізаты (КСШ) қорының қамтамасыз етілуінің төмендеуіне жол бермеу.

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ)

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі келесі құрылымдық бөлімшелерге блок-схемаларды, сондай-ақ тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын әзірлеу және жаңарту бөлігінде әдіснамалық қолдау көрсетеді:

- ҚМГ Корпоративтік орталығының Бюджеттеу және жоспарлау департаментіне — «Бюджеттеу» бизнес-процесі бойынша;
- Әкімшілік жұмыс басқармасына — «Өкілдік шығыстарды басқару» бизнес-процесі бойынша;
- ҚМГ Адами ресурстарды басқару департаментіне — «Іссапарларды басқару» бизнес-процесі бойынша.

ЕТҰ-дағы «Сатып алу» бизнес-процесіндегі бақылау рәсімдерінің орындалуын талдау сатып алу шарттары бойынша іріктеу жүргізілген кезде бақылау рәсімдерінің объективті бағалауға мүмкіндік беретін жеткілікті көлемде жүзеге асырылатынын көрсетті.

Есепті жылы ЕТҰ-дағы Ішкі бақылау жүйесі және Қызметтің үздіксіздігі жүйесі деңгейінің жетілуін өзін-өзі бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді. ҚМГ-ның еншілес ұйымдары бағаланған критерийлер COSO әдіснамасы (5 компонент) мен ҚМГ және оның ЕТҰ-дағы ішкі бақылау жүйесін бағалау әдістемесі негізінде әзірленді. Нәтижелер жалпы алғанда ЕТҰ-ларда Ішкі бақылау және Қызметтің үздіксіздігі жүйелерін енгізу бағытында жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетті. Орташа өлшенген көрсеткіш өткен жылғы деңгейде қалып, 79 % болды. Нәтижелер негізінде бақылауды басқару және қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жақсартуға бағытталған ұсынымдар әзірленді. Ішкі бақылау жүйесі және Қызметтің үздіксіздігі жүйесі бағыттары бойынша қазіргі уақытта ең озық ұйымдар қатарында ҚТО, ЕМГ, ПМХЗ бар.

Ішкі бақылау және Қызметтің үздіксіздігі жүйелерін енгізу және жетілдіру бойынша жетекші позицияда тұрған ЕТҰ-ға ҚТО, ПМХЗ, АМӨЗ, ӨМГ, ЕМГ, ММГ, ҚОА, ҚТМ жатады.

Қалған ЕТҰ-лар бойынша Ішкі бақылау және Қызметтің үздіксіздігі жүйелерін енгізуді және жетілдіруді жақсарту мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Есепті кезеңде ЕТҰ-лардың тәуекел-менеджерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына талдау жүргізілді. Нәтижесінде тәуекел-менеджерлердің функционалды үздік тәжірибелерді ескере отырып жаңартылды, бұл ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осы бағыттағы жұмыс ЕТҰ-ларда жалғасуда.

Тәуекел-менеджмент бойынша біліктілікті арттыру мақсатында ЕТҰ-лардың 104 қызметкері «Мақсаттар, тәуекелдер, шешімдер» және «Тәуекел-менеджмент практикасы: ISO 31000 және COSO ERM құралдары» тақырыптары бойынша оқытудан сәтті өтті.

Өндірістік қауіпсіздік департаментінің қызметіне талдау жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша жоспарлау және тексерулерді жүргізу барысында ішкі бақылауларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар берілді.

ЕТҰ-ның 104 қызметкері
тәуекел-менеджмент бойынша біліктіліктерін арттыру мақсатында оқудан өтті

Іскерлік этика

Комплаенс қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

ҚМГ Комплаенс-жүйесі компания қызметінің заңнамаға, салалық стандарттарға және өзге де міндетті талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Оның элементтері компанияның қызмет түрлеріне енгізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясаттар мен әдістер

Компания өз қызметін заңдылық, адалдық және әдептілік қағидаттарына сай жүргізеді. Компания қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді жасайды, беделіне нұқсан келмеуіне және этика саласына жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге ұмтылады.

Комплаенс қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- заңнаманы, корпоративтік және іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларын сақтау;
- инсайдерлік ақпаратты басқару;
- оң іскерлік бедел;
- мүдделер қақтығысын басқару.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, Компания комплаенс мәселелері бойынша мынадай ішкі құжаттарды бекітті:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат;
- Құпия ақпарат саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарында үшінші тұлғаларды тексеру-комплаенс ережелері;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және бұл ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары;
- Іскерлік этика кодексі;
- Комплаенс қызметі туралы ереже;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулық.

Комплаенс қызметі туралы ереженің 8-тарауына сәйкес Қызмет өз жұмысының нәтижелері туралы ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне және ҚМГ Директорлар кеңесіне мерзімдік негізде есеп береді.

Комплаенс қызметі қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жөніндегі ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға мерзімді негізде жолдап отырады.

Комплаенс қызметі тұрақты негізде, оның ішінде жоғары басшылықтың қатысуымен, оқыту семинарларын өткізеді, олардың барысында персоналдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері туралы хабардар болу деңгейі талданады, сондай-ақ тестілеу мен сауалнама жүргізу арқылы бағаланады.

Айта кетсек, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы қызметтерді сатып алу туралы шартқа және ҚР СТ ISO/IEC 17021-1-2015 «Сәйкестікті бағалау. Менеджмент жүйелерін аудиттеуді және сертификаттауды жүзеге асыратын органдарға қойылатын талаптар» стандартының 9.3.1.1-тармағына сәйкес, ҚР СТ ISO 37001:2017 «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйелері. Қолдануға арналған нұсқаулықтары бар талаптар» стандартына сәйкестікті растау мақсатында бастапқы сертификаттау аудитінің екі кезеңі өткізілді.

Бастапқы сертификаттау аудитінің бірінші кезеңінде сыртқы аудиторлар төмендегі іс-әрекеттерді орындайды:

1. ҚМГ менеджмент жүйесінің құжаттамасын тексеру;
2. ҚМГ-ның орналасқан жерін және өндірістік алаңдардың орналастырылуына қатысты ерекше жағдайларды бағалау, сондай-ақ персоналмен бірге аудиттің екінші кезеңіне дайындықты талқылау;
3. ҚМГ-ның жағдайын және стандарт талаптарын түсінуін талдау, атап айтқанда негізгі қызмет түрлерін, маңызды аспектілерді, процестер мен мақсаттарды айқындауға, сондай-ақ менеджмент жүйесінің жұмыс істеуіне қатысты талаптарды бағалау;
4. Менеджмент жүйесінің қолданылу саласына қатысты, оның ішінде ҚМГ өндірістік учаскелері бойынша қажетті ақпаратты жинау;
5. Процестер мен жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ қолданылатын нормативтік-құқықтық талаптарды талдау;
6. Екінші кезеңді жүргізуге қажетті ресурстардың бөлінуін талдау және ҚМГ-мен бірге екінші кезеңнің егжей-тегжейін келісу;
7. Екінші кезеңді жоспарлау барысында нақты түсініктің негізінде тиісті басымдықтарды дұрыс айқындауды қамтамасыз ету;
8. ҚМГ менеджмент жүйесін және өндірістік алаңдардың жұмыс істеуін менеджмент жүйесі стандартының немесе өзге нормативтік құжаттың талаптары тұрғысынан талдау.

Екінші кезең аясында ҚМГ-ның құжаттамасы мен қызметінің ҚР СТ ISO 37001:2017 стандарты талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне сертификаттық аудит жүргізілді, сондай-ақ жүйенің тиімділігі мен нәтижелігіне баға берілді. Аудит барысында аудиторлар Басқарма төрағасымен және ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен сұхбаттар өткізді.

2025 жылғы 11 желтоқсанда аудиторлармен қорытынды жиналыс өтті.

Өткізілген сертификаттық аудиттің нәтижелері бойынша аудиторлар ҚМГ-ның парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ұлттық стандарт — ҚР СТ ISO 37001:2017 талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды ұсынды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚР СТ ISO 37001:2017 «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйелері. Қолдануға арналған нұсқаулықтары бар талаптар» стандартына сәйкестігін растайтын сертификат-талған аудиттен сәтті өтті.

Сәйкестік сертификаты 2025 жылғы 26 желтоқсанда тіркелді және 2028 жылғы 25 желтоқсанға дейін жарамды.

Комплаенс-бақылаудың рәсімдері

Этикалық мінез-құлық және бизнесті адал жүргізу стандарттарына сәйкес келу мақсатында комплаенс қызметі компанияның контрагенттерін тексереді. Мұндай тәжірибе жосықсыз контрагенттермен келісімшарт жасасудың алдын алуға, шарттық міндеттемелерді бұзу тәуекелдерін азайтуға көмектеседі.

Комплаенс қызметі ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты бос лауазымдарға орналасуға кандидаттардың сенімділігін тексереді.

Бұл компания басшылығының сенімділігі мен кәсібилігін қамтамасыз етуге, жоғары лауазымдарда сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің мүмкіндігін төмендетуге мүмкіндік береді. Жұмысқа қабылдау талаптарының бірі сатып алуды жүргізу құзыретіне кіретін кандидаттар үшін психологиялық тексерулер мен полиграф-тағы тесттер (өтірік айту детекторы) болды.

ҚМГ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша маңызды қадам – сыбайлас жемқорлыққа мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша 2020 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының барлық қызметкерлері бойынша мүдделер қақтығысын жалпыға бірдей декларациялауды жүргізеді.

Құқық бұзушылықтарға қарсы күресте тиімді құрал ретінде өз еркімен ақпараттандыру жүйесі (жедел желі) қолданылады. ҚМГ шығарған бағалы қағаздардың қор биржаларында саудаланатын тізімге енгізілуіне және болуына байланысты комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

Комплаенс қызметі компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және корпоративтік шешімдерінде комплаенс-тәуекелдерді болдырмау мақсатында тұрақты негізде іс-шаралар өткізеді, ҚМГ басқармасы мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдарды қарап отырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында компания есепті кезеңде «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» ҚР СТ ISO 37001 Ұлттық сертификатын алды.

Персоналды оқыту
ҚМГ өз қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ұмтылады. Бұл қызмет бағытының бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту, ол үздіксіз, дәйекті және өзекті болуы тиіс.

2025 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті күшейту, комплаенс-функцияны және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша іс-шаралар кешені (семинарлар, кеңестер) өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатты жүргізу аясында түрлі ұйымдарда қызметкерлерге ақпарат беру және оқыту бойынша жұмыс атқарылды.

Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған іс-шараларды, соның ішінде компания қызметкерлері үшін оқыту және ақпарат беру іс-шараларын жүргізеді, компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптары бойынша көрнекі материалдар көпшілік жүретін жерлерде орналастырылған. Бұдан басқа, компания қызметкерлері мен басшыларының консультациялары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚМГ компанияларының барлық тобының басшылығымен тұрақты негізде жиындар өткізіледі, заңнама талаптары туралы ақпарат таратылады.



Жедел желі
Бұзушылықтарды уақтылы анықтау, олардың жағымсыз салдарын болдырмау, заңнама мен ішкі нормативтерді сақтау, беделі мен имиджін сақтау, корпоративтік мәдениетті жақсарту мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында орталықтандырылған «жедел желі» жұмыс істейді. Оның операторы – KPMG тәуелсіз аудиторлық компаниясы.

«Жедел желі» сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ Компанияның қызметкерлері мен контрагенттері және оның ЕТҰ тарапынан өзге де бұзушылықтар туралы белгілі фактілерді құпия түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

«Жедел желі» байланыстары Компанияның және оның ЕТҰ корпоративтік сайттарында жарияланған. Оны кеңінен насихаттау шаралары жалғасуда.

Кез келген адам мінез-құлық кодексінің түрлі бұзушылықтары, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлай алады. Компания өтініштердің 100 % құпия қаралатынына және анонимділігіне кепілдік береді.

Жедел желі

Телефоны: 8- 800- 080-47 -47
WhatsApp нөмірі: 8- 771- 191-88-16
Интернет порталы: www.sk-hotline.kz
Электронды пошта: mail@sk-hotline.kz
Жедел желіде тәуелсіз оператор – KPMG компаниясы жұмыс істейді

«Нысана» жедел желісі

Телефоны: 8-800-080-30-30
WhatssApp нөмері: 8-702-075-30-30
Интернет порталы: nysana.cscc.kz
Электронды пошта: nysana@cscc.kz

«Нысана» колл орталығы барлық әлеуметтік-еңбек бұзушылықтары бойынша тегін қоңырауларды демалыссыз, тәулік бойы қабылдайды.

2025 жылы жедел желіге
146 өтініш
келіп түсті (оның ішінде «E-otinish» АЖ арқылы)

2025 жылы жедел желіге (оның ішінде «E-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы) 146 өтініш келіп түсті, олардың ішінде 9-ы расталды, 36-сы ішінара расталды, 92-сі расталмады, 2 өтініш қаралу процесінде, 7 өтінішті қарау тоқтатылды.

Өтініштердің ең көп таралған тақырыптары — сыбайлас жемқорлық, еңбек даулары және сатып алулар. Расталған өтініштер бойынша алдағы уақытта ұқсас құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында тиісті шаралар қабылданды.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2025
GRI 205-3. Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	–	–
Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлардың жалпы саны	бірл.	3
Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жұмыстан босату немесе жазалау жағдайларының жалпы саны	бірл.	3
Сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтарға байланысты іскер серіктестермен келісімшарттарды жандандырмау немесе бұзу туралы расталған жағдайлардың жалпы саны	бірл.	–
Есепті кезең ішінде ұйымға немесе оның қызметкерлеріне қарсы қозғалған сыбайлас жемқорлық туралы жария сот істері және осындай істерді қарау нәтижелері	бірл.	–

2025 жылы өтініштердің саны 2024 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 25,2 % артты. Бұл қызметкерлер мен контрагенттердің қызығушылығы мен белсенділігінің өскенін, осы функцияға деген сенімнің нығайғанын және оның танымалдылығының артқанын, сондай-ақ ҚМГ-дағы комплаенс функциясына деген сенімнің күшейгенін көрсетеді. Компания қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың жедел желі мүмкіндіктерін пайдалануын арттыруға ықпал ететін жедел профилактикалық шараларды тұрақты түрде қабылдайды.

Компания бастамашыл хабардар ету арналарының бұзушылықтар туралы ақпарат берудің негізгі көздері ретіндегі маңызын түсінеді және бастамашыл хабардар ету арналарына деген сенімді арттырудың ең тиімді тәсілі – өтініштерді жан-жақты, толық әрі объективті түрде қарау деп санайды.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді анықтау туралы деректер
Компанияда есепті кезеңде ҚМГ ішкі нормативтік құжаттарындағы, ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

2025 жылы сыбайлас жемқорлық баптары бойынша үш қылмыстық іс (сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену және ысырап ету, өкілеттіктерді теріс пайдалану) аяқталып, олар бойынша сот айыптау үкімдерін шығарды. Осыған байланысты қылмыстық істердің фигуранттары атқарып отырған лауазымдарынан босатылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ұйымдастыру-басқару қызметінде, сондай-ақ ішкі құжаттарға қатысты анықталды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, сондай-ақ оларды компанияның жалпы тәуекелдер картасына енгізу үшін анықталған тәуекелдерді бағалау шаралары қабылданды.

Мүдделер қақтығысы

Компанияда мүдделер қақтығысы туралы деректерді жария ету рәсімі бар. Мүдделер қақтығысы туралы деректерді жария ету тәртібі мен тәсілдері компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясатында көрсетілген. Бұдан басқа, жұмысқа қабылдау кезінде, басқа құрылымдық бөлімшеге жоғары лауазымға ауыстыру кезінде, функционалды өзгерген кезде және өзге де мүдделер қақтығысы туралы деректерді бастапқы жария ету жүзеге асырылады.

Омбудсмен қызметі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсмен – қызметі корпоративтік этика, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік-еңбек тәуекелдерін басқару жүйесінің маңызды элементі. Омбудсменнің жұмысы өтініштерді әділ, объективті және құпия қарауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ қақтығыстардың алдын алуға және ҚМГ компаниялар тобының еңбек ұжымдарында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған.

Өтініш беру арналары және олардың жұмыс қағидаттары

Компанияда іскерлік этика кодексін, қызметкерлердің еңбек құқықтарын және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлауға арналған қауіпсіз, қолжетімді және құпия байланыс арналары жұмыс істейді. Компанияның, сондай-ақ еншілес және мердігер ұйымдардың персоналы қызметкерлердің, басшылардың, контрагенттердің және Компаниямен өзара әрекеттесетін өзге де мүдделі тұлғалардың әрекетінің, әрекетсіздігінің немесе шешімдерінің этикалық немесе заңдылыққа сәйкестігіне күмән туған жағдайда анықталған бұзушылықтар туралы, оның ішінде анонимді түрде хабарлай алады.

ҚМГ-да өтініштермен жұмыс істеу процесі тәуелсіздік, бейтараптық, құпиялылық және бейресмилік қағидаттарына негізделеді.

- **Өтініштер беру арналары:** қызметкерлер өтініштерді тікелей омбудсменге, электрондық поштаға (ombudsman@kmg.kz), телефон желісіне немесе «Нысана» және «Самұрық-Қазына» жедел желісі сияқты мамандандырылған байланыс арналарына жібере алады.
- **Қорғау кепілдігі:** Компания бұзушылықтар туралы хабарлаған қызметкерлерге қатысты құдалаудың болмауына ресми түрде кепілдік береді, ал басшылар сын үшін кез келген кек алу әрекеттеріне жол бермеуге міндетті.

2025 жылы жеке қабылдау, электрондық пошта және «Нысана» арнасы арқылы іскерлік этиканың, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты 107 өтініш келіп түсті.

Әрбір өтініш бойынша материалдарды талдауды, тексерулерді, сауалнамалар мен сұхбаттарды, оның ішінде еншілес және өндірістік ұйымдарға шығумен жүргізілген әңгімелесулерді қамтитын жан-жақты жұмыс жүргізілді.

Өтініштердің тақырыбы іскерлік этика кодексін бұзудан (этикаға жатпайтын мінез-құлық, психологиялық қысым, басшылықпен қақтығыстар) бастап еңбек дауларына, еңбекақы төлеу және өтемақы төлемдеріне дейінгі көптеген мәселелерді қамтты. Өтініштердің 70 % жуығы омбудсменнің тікелей құзыретіне жатқызылды және іскерлік этика кодексінің сақталуына, еңбек құқықтарына, кемсітушілікке жол бермеуге, сондай-ақ ұжымдардағы әлеуметтік-еңбек қатынастары мен моральдық ахуал мәселелеріне қатысты болды.

Өтініштердің қалған бөлігі еншілес ұйымдар мен мердігер компаниялардың операциялық қызметімен, соның ішінде өндірістік мәселелермен, келісімшарттық қатынастармен және орындалған жұмыстар үшін есеп айырысулармен байланысты болды.

Қызметкерлердің іскерлік этикасын, құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу мәселелері бойынша жеке мақсатта, сондай-ақ 2025 жылы «Нысана» электрондық поштасы мен каналы арқылы

107 өтініш түсті

Өтініштердің

70 %

омбудсменнің құзыретіне тікелей қатысты болды

Қақтығыстарды реттеу және қызметкерлердің құқығын қорғау

Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша баяндалған фактілердің сипаты мен мәніне қарай тиісті шешімдер қабылданды. Бұзушылықтар расталмаған жағдайларда өтініш берушілерге дәлелді түсініктемелер берілді.

Бірқатар өтініш ішкі нормативтік құжаттарды түзетуді талап ететін жүйелік мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Талдау нәтижелері бойынша омбудсмен Компания басшылығына нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындап, жолдады, оның ішінде:

- аутстаффинг жүйесі бойынша жұмысқа қабылданған қызметкерлермен келісімшарттық қатынастар регламентін өзгерту бойынша;
- персоналдың барлық санаттарына қатысты әлеуметтік қолдау шараларын бірыңғай етіп қолдану бойынша.

Жекелеген өтініштер бойынша компания басшылығы мен еншілес ұйымдардың атына қызметкерлерді Іскерлік этика кодексін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізілді. Бұл ретте бірыңғай тәсіл ҚМГ қызметкерлеріне қатысты да, компания қызметкерлері тарапынан әдепті емес мінез-құлық фактілері анықталған мердігер ұйымдар қызметкерлерінің өтініштері бойынша да қолданылды.

Кейбір жағдайларда анықталған бұзушылықтарды жою үшін іскерлік этика кодексінің ережелері мен қағидаттарын қайталап бұзған кезде ықтимал тәртіптік зардаптар туралы ескертумен дербес түсіндіру жүргізу жеткілікті болды. Сондай-ақ, омбудсмен бөлімшелердегі моральдық-психологиялық ахуалды саулықтыруға бағытталған шараларды қабылдау бойынша тікелей басшыларға ұсынымдар жолдады.

Ұжымдық өтініштерді қарау кезінде еншілес ұйымдарға міндетті түрде барып, қызметкерлермен кездесулер өткізіліп, көптеген адамдармен сауалнама жүргізілді.

Директорлар кеңесінің қадағалауы

ҚМГ Директорлар кеңесі омбудсменнің тәуелсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады:

- **бағыну және тағайындау:** омбудсмен қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады, ол сонымен қатар омбудсменді тағайындау немесе босату туралы шешім қабылдайды;
- **жоспарлар мен есептерді бекіту:** Директорлар кеңесі омбудсменнің жылдық жұмыс жоспарын бекітеді және Қызмет туралы тұрақты есептілікті қарастырады;
- **нормативтік бақылау:** Директорлар кеңесі Қызмет туралы ережені, омбудсменнің лауазымдық нұсқаулығын және іскерлік этика кодексін жаңа редакцияларда бекітеді.

Персоналды оқыту және ақпараттандыру

2025 жылы омбудсмен қызметінің жұмысы Директорлар кеңесі жаңа редакцияда бекіткен ҚМГ жаңартылған Іскерлік этика кодексін енгізу бойынша ауқымды жұмыспен тығыз байланысты болды.

Корпоративтік орталықтың қызметкерлері үшін Кодекстің негізгі ережелері таныстыру мақсатында онлайн-таунхолл өткізілді. Бұл құжатпен Корпоративтік орталықтың барлық қызметкері электронды құжат айналымы жүйесі арқылы танысты.

ҚМГ еншілес ұйымдарында Іскерлік этика кодексі және Омбудсмен қызметі туралы ақпарат корпоративтік сайттарда жарияланған. Барлығы дерлік өндірістік еншілес ұйымдардың еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізілді, олардың аясында Кодекстің ережелері мен омбудсменге жүгіну тәртібі түсіндірілді.

Сонымен қатар кейбір өтініштерді қарау нәтижелері бойынша ҚМГ-ның жекелеген құрылымдық бөлімшелері мен оның еншілес ұйымдары үшін қайталама бұзушылықтардың алдын алуға және әдептілік мәдениетін нығайтуға бағытталған мақсатты түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылды.


Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл

Акционерлік капиталдың құрылымы

Акцияны ұстаушы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, % үлесі	Артықшылыққа ие акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, % үлесі
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	411 371 263	67,42	–	411 371 263	67,42
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	122 023 898	20,00	–	122 023 898	20,00
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58
Еркін айналымдағы акциялар	18 303 584	3,00	–	18 303 584	3,00

Акция түрі	Жарияланған акциялар саны	Ұсынылған акциялар саны	Саудаланып жатқан акциялар саны	Ұсынылмаған акциялар саны
Жай	849 559 596	610 119 493	18 303 584	239 440 103

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлік капиталының құрылымы келесідей, %



67,42 «Самұрық-Қазына» АҚ
20 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
9,58 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
3 еркін айналымдағы акциялар

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында есепті жылдың қорытындысы бойынша келесі құжаттар бекітіледі/анықталады деп күтілуде:

- ҚМГ-ның 2025 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке);
- ҚМГ-ның 2025 жылғы таза пайдасын бөлу тәртібі;
- ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері;
- 2025 жылға дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні;
- 2025 жылға жай акциялар бойынша дивиденд төлеуді бастау күні.

Акционерлердің құқығы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңына және компанияның Жарғысына сәйкес ҚМГ тек жай акциялар шығарады. Жай акция иелерінің мынадай құқықтары бар:

1. Компанияны басқаруға қатысу;
2. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру;
3. дивиденд алу;
4. Компанияның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе ҚМГ Жарғысында айқындаған тәртіппен Компанияның қаржылық есептілігімен танысу, келесі ақпаратты қоспағанда:
   - өтініш берген күні қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған ақпарат;
   - соңғы үш жыл ішінде қайталап сұратылған ақпарат (егер ҚМГ акционері сұратқан ақпарат оған бұған дейін толық көлемде берілген болса);
   - Компанияның өткен кезеңдердегі қызметіне (ҚМГ акционері өтініш берген күннен үш жылдан астам уақыт бұрынғы) қатысты ақпарат, оның ішінде тек ҚМГ акционері өтініш берген күні орындалуы жалғасып жатқан мәмілелер жөніндегі ақпарат;
5. ҚМГ акционерінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан үзінді көшірмелер алу;
6. ҚМГ Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында ұсыну;
7. ҚМГ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауға қатысу;
8. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне бекітілген тәртіп бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету;
9. Компания органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен қарсы шығу;
10. Компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңының 63-ші және 74-баптарында көзделген жағдайларда, ҚМГ-ның лауазымды тұлғалары Компанияға келтірген залалды өтеуді және лауазымды тұлғалар мен (немесе) олардың аффилиирленген тұлғалары ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілігі бар мәмілелерді жасау (ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табыстарын) Компанияға қайтаруды талап ете отырып, сот органдарына өз атынан жүгіну;
11. Компанияның қызметіне қатысты жазбаша сауалдармен жүгіну және сауал Компанияға келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алу;
12. Компания таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқығы бар;
13. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, Компанияның акцияларын немесе оның акцияларына конвертацияланатын өзге де бағалы қағаздарын басымды құқықпен сатып алу;
14. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін өзінің талап етуі бойынша алу. Бұл ретте құжаттардың көшірмелерін беру үшін Компания белгілейтін төлем олардың дайындалуына және қажет болған жағдайда ҚМГ акционеріне жеткізілуіне жұмсалған шығындардан аспауы тиіс;
15. Компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңына және Компания Жарғысына сәйкес, ҚМГ Директорлар кеңесіне ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
16. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңында көзделген тәртіппен, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысымен Компания акцияларының санын немесе олардың түрін өзгерту жөніндегі шешім қабылдауға қатысу;
17. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық ету.

Компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе ҚМГ басқа акционерлерімен бірге иеленетін ҚМГ акционерлері бір мезгілде мынадай шарттар болған кезде ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

1. соттың ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының осы мүшесі не оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында ҚМГ акционерлерін қасақана адастыру фактісін анықтауы;
2. Егер ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі компанияның шығындарының туындауына әкеп соқтырғаны дәлелденсе.

ҚМГ ірі акционерінің де құқығы бар:

1. ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап қоюмен сотқа жүгіне алады;
2. ҚМГ Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ете алады;
3. аудиторлық ұйымның өз есебінен компания аудитін жүргізуін талап ете алады.

Бұл құқықтар ҚМГ акционерлерінің ашықтығы мен олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында, компанияның Жарғысында, ҚМГ акционерлерінің Жалпы жиналысы туралы ережеде айқындалады.

Директорлар кеңесінің акционерлермен өзара іс-қимылы

ҚМГ Директорлар кеңесі қызметінің 2025 жылғы басымдықтарының бірі – негізгі шешімдерді қабылдау кезінде ірі акционерлердің стратегиялық көзқарасын терең түсінуді және уақтылы есепке алуды қамтамасыз ету болды.

Есепті кезеңде ҚМГ Директорлар кеңесі акционерлердің позициясын корпоративтік басқару процесіне интеграциялауға бағытталған мынадай тетіктердің іске асырылуын қамтамасыз етті:

- **Тікелей өкілдік:** ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамында ҚМГ ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ мүддесін қорғайтын өкілдер жұмыс істейді, олар ҚМГ Директорлар кеңесіне стратегия, дивидендтік саясат және қызмет тиімділігі мәселелері бойынша ірі акционердің ұстанымы мен не күтетінін тікелей жеткізеді.
- **Күн тәртібін қалыптастыруға қатысу:** ірі акционердің бастамалары ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру және тиісті мәселелерді күн тәртібіне енгізу үшін негіз болады, бұл акционерлердің стратегиялық басымдықтарына жедел ден қоюға мүмкіндік береді.
- **Тұрақты консультациялар:** ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері ұзақ мерзімді даму жоспарларын, инвестициялық жобаларды және тұрақты даму мәселелерін талқылау үшін ҚМГ ірі акционерінің өкілдерімен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасайды, корпоративтік стратегияны ҚМГ ірі акционерінің көзқарасымен сәйкес келуін қамтамасыз етеді.
- **Есептілік және ашықтық:** ҚМГ акционерлерінің пікірін ескере отырып қабылданған түйінді шешімдер ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналыстарына дайындалған материалдар аясында және осы жылдық есепте жарияланады, бұл олардың ұстанымы ескерілетінін растайды.

Есепті 2025 жылы ҚМГ өз акционерлерінің құқықтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына, компанияның Жарғысына және ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте іске асыруды қамтамасыз етті. Жұмыстағы басты басымдық ҚМГ акционерлерінің сұраныстарына ашықтықты, уақтылы хабарлауды және жедел ден қоюды қамтамасыз ету болды.

2025 жылы ҚМГ-ға, атап айтқанда, ҚМГ ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ-дан Директорлар кеңесі мен ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қызметінің түрлі аспектілеріне қатысты 18 хат келіп түсті және өңделді.

2025 жылы акционерлерге ақпарат беруден бас тарту жағдайлары болған жоқ. Барлық сұраулар белгіленген мерзімде өңделді.

2026 жылы осы процесті одан әрі жетілдіру, атап айтқанда, ҚМГ акционерлерінің сұрау салуларды жіберу, сондай-ақ оларға жауаптарды дайындау және ұсыну тәртібі мен мерзімдерін егжей-тегжейлі реттейтін ішкі құжатты әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

2025 жылы акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстары өткізілді, бұл акционерге компанияны оның қызметінің негізгі мәселелері бойынша басқаруға қатысуға мүмкіндік берді.

ҚМГ акционерлеріне Компанияның веб-сайтында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында оларды өткізу туралы хабарламаларды жариялау арқылы компания акционерлерінің жалпы жиналыстарын өткізу туралы уақтылы хабар берілді.


Компания акционерлерінің жалпы жиналыстарына қатысты материалдар да ҚМГ акционерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында, компания Жарғысында және ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеде нақты белгіленген мерзімдерде ұсынылды.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес акционерлердің ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері туралы ақпарат, сондай-ақ оларды 2024 жылы қарау қорытындылары 2025 жылғы 29 мамырда Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына шығарылды (№2/2025 хаттама, №3 сұрақ). Бұл қалыптасқан тәжірибе: 2025 жылы ҚМГ акционерлерінің өтініштері туралы осындай мәселені 2026 жылы Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына енгізу жоспарлануда, бұл Компанияның өз акционерлері алдында ашықтық пен есеп беру қағидатын ұстанатынын көрсетеді.

Акциялардың айналымы

KASE биржасындағы параметрлер	08.12.2022 (орналастыру күні)	31.12.2025
ҚМГ акциясының бағасы	8 406	21 720
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, теңге	5,1 трлн	13,3 трлн
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, АҚШ доллары	11 млрд	26,4 млрд
ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+158,4 %
Акционерлердің барлық табысы (дивидендтерді қоса алғанда)	–	+175,9 %

2025 жылы ҚМГ акциясы бағасының динамикасы



2025 жылы ҚМГ акциялары бір жарым есеге жуық қымбаттады – өсім 49 % құрады. Баға белгілеулердің оң динамикасы компанияның тұрақты қаржылық нәтижелерін және ҚМГ-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясына қатысты инвесторлардың оң үмітін көрсетті. Акциялардың бағасына қосымша қолдауды мұнай нарығының салыстырмалы түрдегі қолайлы конъюнктурасы және ҚМГ-ның ұлттық мұнай-газ компаниясы ретіндегі мәртебесі ықпал етті, оны дәстүрлі түрде инвесторлар бизнестің тұрақтылық факторы ретінде қабылдайды.

Дивидендтер

ҚМГ акционерлердің, кредиторлардың және компанияның мүдделерінің теңгерімін сақтауға, сондай-ақ дивидендтік төлемдерді қалыптастыруға ашық көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған дивидендтік саясатты іске асырады. Дивидендтерді бөлу туралы шешімдерді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы компанияның макроэкономикалық конъюнктурасы мен қаржылық жағдайын, оның ішінде мұнай бағасының деңгейін, борыштық жүктеменің параметрлерін, күрделі салымдардың көлемін және өзге де маңызды факторларды ескере отырып қабылдайды.

Дивиденд төлеу үшін негізгі талаптар:
- оң жеке капиталдың болуы;
- есепті кезең үшін шоғырландырылған таза табыстың немесе есепті кезеңнің соңына бөлінбеген пайданың болуы;
- оң бос ақша ағынының болуы.

Компания тұрақты қаржылық нәтижелерді көрсетті және 2023 жылдан 2025 жылға дейін бір акцияға шаққанда 491,71 теңге дивиденд деңгейін сақтай отырып, 300 млрд теңге мөлшерінде рекордтық дивиденд төледі.

Осылайша, ҚМГ өзінің дивидендтік саясатын жүйелі түрде іске асырады және өз акционерлеріне тұрақты дивидендтік төлемдерді қамтамасыз ете отырып, өзінің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ұмтылуын жалғастыруда.

2025 жылы 25 маусымда ҚМГ акционерлерге 2024 жылға дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы 300,0 млрд теңге болды. Бір жай акцияға берілген дивиденд мөлшері – 491,71 теңге.

Дивиденд тарихы[1]

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	60,64	133,97	81,95	327,80	491,71	491,71	491,71
Барлық төленген дивиденд, млн теңге	36 998	81 738	49 999	199 997	300 000	300 000	300 000

Толық ақпарат «Қаржылық есептілік» бөлімінде берілген, **126-139-бетте**

[1] Қандай кезеңге есептелгеніне қарамастан, есепті кезеңде акционерлерге төленген дивидендтердің нақты сомалары.

Облигация бойынша қарыздар

Сыртқы нарықтарда АҚШ долларында шығарылған ҚМГ еурооблигациялары[1]

Айналымның басталу күні/ өтеу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ доллары	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ доллары	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS/144A
19.04.2017/19.04.2027	1 000	250	4,75	XS1595713782 / US48667QAN51
19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 000	5,75	XS1595714087 / US48667QAP00
24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105 / US48667QAQ82
24.04.2018/24.10.2048	1 500	1 250	6,375	XS1807299331 / US48667QAS49
14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397 / US48126PAA03

Сыртқы нарықтарда Қытай юанімен шығарылған ҚМГ облигациялары

Айналымның/өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн қытай юані	Айналымдағы облигациялар, қытай юані	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
30.10.2025 / 30.10.2030	1 250	1 250	2,95	HK0001206900

Қашағандағы үлесті сатып алуға ҚМГ-ның «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Айналымның/өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	16.09.2022 / 16.10.2035	751 631,4	751 631,4	9,30	KZ2C00008969

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасын қаржыландыруға ҚМГ-ның «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Айналымның/өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	24.04.2023 / 01.04.2033	50 000	44 118	0,50	KZ2C00009736
Қазақстан теңгесі	24.11.2023 / 01.10.2033	20 000	18 774	0,50	KZ2C00010429

[1] 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде қамтамасыз етілмеген, басымдық берілгендер.

Кредиттік рейтингтер

Халықаралық рейтинг агенттіктері беретін кредиттік рейтингтері – ҚМГ компаниялар тобының кредит төлеу қабілетін сенімді әрі тәуелсіз бағалауы. Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді инвестициялық деңгейден төмен етпей, ұзақ мерзімді несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстауды көздейді.

ҚМГ рейтинг агенттіктеріне ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігін объективті бағалау үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынады және олармен үнемі байланыста болады.

ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерімен тығыз байланысты. Егеменді кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, соның ішінде ҚМГ-ның кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

2025 жылы халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан келесі рейтингтік әрекеттер жүзеге асырылды:

- 2025 жылғы 18 маусымда Fitch Ratings агенттігі ҚМГ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде, болжамын «тұрақты» деп растады;
- 2025 жылғы 27 маусымда халықаралық рейтингтік агенттік S&P Global Ratings ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «BB+» деңгейінен «BBB–» деңгейіне дейін көтеріп, болжамын «тұрақты» деп белгіледі.

Осылайша, қазіргі уақытта ҚМГ барлық рейтинг агенттіктері берген инвестициялық деңгей-дегі кредиттік рейтингтерге ие. ҚМГ-ның барлық кредиттік рейтингтері Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтинг деңгейіне сәйкес келеді.


ҚМГ-ның кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody’s Investors Service	11.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	27.06.2025	BBB–	Тұрақты
Fitch Ratings	18.06.2025	BBB	Тұрақты

Қазақстанның кредиттік рейтингтер

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody’s Investors Service	09.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	22.08.2025	BBB–	Позитивті
Fitch Ratings	15.07.2025	BBB	Тұрақты

ҚМГ-ның кредиттік рейтингтер динамикасы



	Moody’s	S&P	Fitch Ratings
2007	Baa1	BBB–	BBB
2008	Baa1	BBB–	BBB–
2009	Baa2	BB+	BBB–
2010	Baa3	BBB–	BBB–
2011	Baa3	BBB–	BBB–
2012	Baa3	BBB–	BBB
2013	Baa3	BBB–	BBB
2014	Baa3	BBB–	BBB
2015	Baa3	BB+	BBB
2016	Baa3	BB	BBB–
2017	Baa3	BB–	BBB–
2018	Baa3	BB	BBB–
2019	Baa3	BB	BBB–
2020	Baa3	BB	BBB–
2021	Baa2	BB	BBB–
2022	Baa2	BB+	BBB–
2023	Baa2	BB+	BBB
2024	Baa1	BB+	BBB
2025	**Baa1**	**BBB–**	**BBB**

Инвесторларға арналған іс-шаралар

ҚМГ қаржы көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етудің және қарыз алу құнын төмендетудің негізгі элементтерінің бірі ретінде инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс қимыл жүйесін дәйекті түрде дамытып келеді. Инвесторлармен жұмысқа Компания басшылығы, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелері, сондай ақ стратегиялық, қаржылық, операциялық, ESG бағыты және инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма сияқты маманданған құрылымдық бөлімшелер тартылған.

ҚМГ әр тоқсанның қорытындысы бойынша келесі ақпаратты тұрақты түрде жариялап отырады:
- қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша презентациялар;
- қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы баспасөз хабарламалары;
- ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік;
- инвесторларға арналған сараптамалық және анықтамалық материалдар.

Компания жылына екі рет – жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша – топ менеджменттің қатысуымен инвесторлар мен талдаушылар үшін конференц қоңыраулар өткізеді. Сонымен қатар 2025 жылы ҚМГ институционалдық инвесторлармен және рейтингтік агенттіктермен жеке кездесулер мен онлайн қоңыраулар өткізу тәжірибесін жалғастырды, сондай ақ тұрақты даму және жаһандық энергетикалық трансформация мәселелеріне арналған халықаралық салалық және ESG конференцияларына қатысты.

2025 жылы ҚМГ ақпаратты, оның ішінде ESG күн тәртібі мен стратегиялық басымдықтар бойынша ақпаратты уақтылы және сапалы ашуға баса назар аударды. Есепті жылы 2024 жылға арналған жаңартылған Тұрақты даму туралы есеп инвестициялық қоғамдастықтың күтулері мен үздік халықаралық тәжірибелерді ескере отырып жарияланды. MSCI компаниясының деректері бойынша, ҚМГ 2025 жылы ESG рейтингін «BBB» деңгейінде сақтап қалды, бұл саладағы орташа деңгейге сәйкес келеді.

ҚМГ инвесторлармен екіжақты диалогты дамытуға ерекше көңіл бөледі. Қаржы нарығының Компанияның қабылдауы үшін жасалған талдау нәтижелері мен инвесторлардың кері байланысы Директорлар кеңесі деңгейінде тұрақты түрде қаралады әрі коммуникациялық пен инвестициялық стратегияны түзету кезінде пайдаланылады.

Инвесторларға арналған өзекті материалдар, оның ішінде презентациялар, есептілік және Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқармасының байланыс деректері Компанияның ресми сайтындағы «Инвесторларға» бөлімінде берілген.

2025 жылы инвесторлармен өзара іс-қимылдың басты оқиғалары

1-тоқсан	• 2024 жылғы қаржы және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау • 2024 жылғы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2024 жылғы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп
2-тоқсан	• 2025 жылғы 1-тоқсан бойынша тоқсандық нәтижелерге арналған презентация • 2025 жылдың 1-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • 2024 жылға арналған Жылдық есепті жариялау • 2024 жылға арналған Тұрақты даму туралы есепті жариялау • 2024 жылы ҚМГ мемлекет пайдасына жасаған төлемдер бойынша есеп
3-тоқсан	• 2025 жылдың 1-жартыжылдығындағы қаржы және операциялық нәтижелер қорытындысы бойынша конференц-қоңырау • 2025 жылдың 1-жартыжылдығындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • ҚМГ-ның 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есебі
4-тоқсан	• 2025 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсан нәтижелер бойынша презентация • 2025 жылдың 3-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген)

2026 жылға арналған инвестор күнтізбесі

27 ақпан	26 наурыз	18 мамыр — 22 мамыр	25 мамыр — 29 мамыр	27 шілде — 31 шілде	24 тамыз — 28 тамыз	26 қазан — 30 қазан	23 қараша — 30 қараша
2025 жылдың өндірістік көрсеткіштері	2025 жылдың қаржы көрсеткіштері	2026 жылғы 1-тоқсанның өндірістік көрсеткіштері	2026 жылғы 1-тоқсанның қаржы көрсеткіштері	2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы өндірістік көрсеткіштері	2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қаржы көрсеткіштері	2026 жылғы тоғыз айдағы өндірістік көрсеткіштері	2026 жылғы тоғыз айдағы қаржы көрсеткіштері

#3 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ҚМГ 2025 жылы Компания құнын кезең-кезеңімен арттыруға бағытталған негізгі стратегиялық басымдықтарды іске асыруды жалғастырды. Компания озық технологиялық шешімдерді енгізу арқылы өзгермелі жағдайларға бизнес-моделін бейімдеп, көрсеткіштердің тұрақтылығын, жоғары өтімділік деңгейін және капиталды тәртіпті бөлуді қамтамасыз етіп отыр.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін тәуелсіз аудитордың есебімен қоса

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамының Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшыларына

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге - «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Топтың келесілерді қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы жөніндегі жиынтық кіріс жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнгі жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Q2 Бизнес орталығы, Кабанбай Батыр даңғ., 15/1 үй, 4 қабат, Астана, Қазақстан, Z05M6H9
T: +7 (7172) 55-07-07, F: +7 (7172) 55-07-08, www.pwc.kz

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын Аудиторлық қызмет туралы заңның әдеп талаптарына және жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) сәйкес Топқа тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біздің аудиторлық тәсіліміз

Қысқаша шолу



Топтың қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы тұтастай алғанда: 70,000 миллион қазақстандық теңге («теңге»), бұл салық салуға дейінгі пайданының 5% құрайды.

- Жұмыс ауқымына Компанияның, он бес еншілес компанияның, тоғыз бірлескен кәсіпорын мен Қазақстандағы бір серіктес кәсіпорынның, Нидерландыдағы бір еншілес компанияның және Ресейдегі бір серіктестің аудиті кірді.
- Топ аудитінің көлемі Топтың активтерінің 95%-ын, Топтың кірісінің 97%-ын, және табыс салығына дейінгі Топтың пайдасының 98%-ын қамтиды.

- Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы
- Резервтер мен шартты міндеттемелер
- Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер және экологиялық міндеттемелер

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті паймдауларына талдау жасадық, мысалы, маңызды бағалау мәндеріне қатысты пайымдауларды талдадық, бұл өз сипатына байланысты белгісіздікке ие болжамдарды қолдануды және болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтыды. Барлық аудиттеріміздегідей, біз сондай-ақ басшылық тарапынан ішкі бақылау жүйесін айналып өту тәуекелін қарастырдық, оның ішінде, өзгелермен қатар, адал емес әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалану тәуекелін туындататын басшылықтың бейтарап еместігі белгілерінің бар-жоғын бағалауды жүргіздік.

Маңыздылық

Біз аудит көлемін маңыздылықты қолдана отырып анықтадық. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалауларды қамтымайтынына қатысты негізді сенімділік алуға арналған. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Өзіміздің кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық	70,000 миллион теңге
Біз оны қалай анықтадық	Табыс салығына дейінгі пайданың шамамен 5%-ы
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған негізгі көрсеткіштің негіздемесі	Кәсіби пайымдауымызға негізделе отырып, біз маңыздылық деңгейін айқындау үшін базалық көрсеткіш ретінде корпоративтік табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайданы қолдану туралы шешім қабылдадық, өйткені осы көрсеткіш Топтың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар тарапынан ең жиі қарастырылатын көрсеткіш болып табылады және ол жалпыға бірдей танылған базалық көрсеткіш болып есептеледі. Біз маңыздылықты 5% деңгейінде анықтадық, бұл осы сектордағы пайда алуға бағытталған кәсіпорындар үшін қолданылатын маңыздылықтың қолданыстағы бастапқы мәндері диапазонына сәйкес келеді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері	Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді
Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 13-ескертпесі Топтың ұзақ мерзімді активтер бойынша (негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, барлау және бағалау активтерін қоса алғанда) елеулі қалдықтары бар. Топ басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы активтер бойынша құнсыздану белгілеріне (және құнсыздандуың қалпына келу белгілеріне), сондай-ақ қолданылатын жағдайларда құнсыздану модельдеріне талдау жүргізді. Басшылық болашақтағы ақша ағындарына негізделген тәсілді қолданады, ол болжамдық бағалауларды пайдалануды көздейді және өз табиғатына байланысты дәл анықтауы қиын болып табылады. Сондай-ақ өзге де негізгі болжамдарды айқындау кезінде кәсіби пайымдаудың белгілі бір деңгейі қолданылады. Біз бұл мәселені құнсыздануды талдаудың негізінде жатқан болжамдардың жоғары деңгейіне, сондай-ақ елеулі кәсіби пайымдаулар мен бағалаулардың болуына байланысты аудиттің негізгі мәселелерінің бірі деп есептейміз. Негізгі болжамдарға (активтің түріне байланысты) дисконттау мөлшерлемелері, шикі мұнай бағалары, өндеу тарифтері, өндіру көлемдерінің болжамдары, айырбастау бағамдары және инфляция қарқындары жатады. Маңызды бағалауларға болашақтағы капиталдық шығындар, игеру мен өндіруге қолжетімді шикі мұнай мен табиғи газ қорлары кіреді.	• Біз басшылық дайындаған құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтауға қатысты талдауларды алдық және олардың Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарының (ХҚЕС) талаптарына сәйкестігін тексердік. • Қажет болған жағдайда, біз басқару немесе сыртқы бағалаушылар дайындаған құжаттау модельдерін алып, қарап, бағаладық. • Біз сыртқы бағалаушылардың және модельдерде қолданылатын резервтік бағалау есебін дайындаған тәуелсіз бағалаушылардың біліктілігін және объективтілігін олардың кәсіби біліктілігі, тәжірибесі және сала әдістемесін қолдануын ескере отырып бағаладық. • Біз бағалау сарапшыларымызды шақырып, модельдерде қолданылатын әдістемелер мен болжамдарды, мысалы, мұнай бағалары, дисконт мөлшерлемелері, инфляция деңгейі, елдердің тәуекел коэффициенттері, айырбас бағамдары және басқа да сыртқы ақпарат көздерін, соның ішінде нарық деректерімен салыстыруды бағалауға көмектестік. • Біз ағымдағы және болашақ капиталдық шығындарды, салық ақша ағындарын және басқа да ішкі ақпарат көздерін бекітілген жоспарлар мен бюджеттермен салыстырдық. • Біз басшылық жүргізген негізгі болжамдарға сезімталдық талдауын құнсыздану нәтижелеріне және мүмкін болатын өтелетін сома нәтижелерінің диапазонына ықтимал әсерін бағалау үшін тексердік. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ашып көрсетулерді ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігіне бағаладық.

Резервтер мен шартты міндеттемелер Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 28 және 34-ескертпелері Топ мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулердің нәтижелеріне, жалпы сипаттағы сот талқылауларына, сондай-ақ өзге де жағдайларға қатысты резервтерді бағалайды және таниды, әрі шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашады. Міндеттемені тану керектігін және сомаларды сенімді түрде өлшеуге болатындығын бағалау үшін бағалаулар мен пайымдаулар қажет. Мәселенің нәтижесін болжау және қолайсыз нәтиженің ықтимал әсерін бағалау күрделі және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсері айтарлықтай болуы мүмкін. Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін резервтер мен шартты міндеттемелердің елеулілігіне, сондай-ақ Топ басшылығы тарапынан қолданылатын елеулі кәсіби пайымдауларға байланысты аудитіміздің негізгі мәселелерінің бірі деп есептейміз.	• Біз Топтың басшылығы мен заң бөлімдерінен заңдар мен ережелерді сақтамау жағдайлары, сондай-ақ кез келген қаралып жатқан және жалғасып жатқан сот істерінің, талаптардың және іс жүргізудің жай-күйі туралы ақпарат сұрадық. • Біз ішкі заң бөлімдерінен заңды хаттар, сондай-ақ Топтың сыртқы заң кеңесшілерінен растау хаттарын алдық. • Біз тиісті хат алмасуларды, маңызды келісімдерді, Топ басшылығы мен Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамаларын қарастырдық. • Біз ең маңызды сот істерін талдап, оларды Топтың заң бөлімімен талқыладық. Талдауға ішкі заң және салық мамандарымызды тарттық. • Біз топ басшылығының шоғырландырылған қаржылық есептілікте резервтер ретінде танылған сомалардың негізіндегі бағалауларын талдадық және шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі шартты міндеттемелерді реттеудің ықтимал нәтижелерінің ықтималдығына қатысты жасалған пайымдауларды бағаладық. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпаратты қарап шықтық.
Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер және экологиялық міндеттемелер Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 28-ескертпесі Топ активтердің шығуы бойынша міндеттемелерді және экологиялық міндеттемелерді резервтердің құрамында бағалайды және таниды. Біз бұл мәселені аудитіміз үшін негізгі мәселе деп санаймыз, себебі активтердің шығуы бойынша міндеттемелері мен экологиялық міндеттемелері бойынша резервті есептеу болашақ номиналды шығындарды бағалаудағы субъективтілікпен және активтерді пайдаланудан шығару міндеттемелерін нақты орындау мерзімімен байланысты белгісіздікпен байланысты. Активтердің шығуы бойынша міндеттемелері мен экологиялық міндеттемелері бойынша резервтер де шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылады. Топтың мұндай резервтерді бағалауы активтерді пайдаланудан шығаруға күтілетін тәсілдің әсерін, пайдаланудан шығарудың басталуын, дисконттау мөлшерлемелерін, жергілікті ережелердегі өзгерістердің әсерін және инфляцияның өзгеруінің әсерін ескереді.	• Біз Топтың есептеулерін тексердік, негізгі болжамдарды сыртқы дереккөздермен салыстырдық және номиналдық құнды есептеу кезінде пайдаланылған бастапқы деректерді іріктеп тестіледік. • Біз активтерді пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін олардың пайдаланылу салдарын жою талап ететін нормативтік-құқықтық базаны зерделедік, сондай-ақ басшылықтың осы талаптарды түсіндіруін және орындауын бағаладық. • Біз сыртқы сарапшылардың кәсіби біліктілігін, тәжірибесін және салада қабылданған әдістеме қолдануын ескере отырып, жұмыстың номиналды құнын анықтайтын біліктілік пен объективтілігін бағаладық. • Біз бағалау сарапшыларымызды топтың жою міндеттемелері мен экологиялық міндеттемелерді есептеуде қолданатын дисконт пен инфляция мөлшерлемелерінің орындылығын бағалау үшін аудит процедураларын жүргізу үшін тарттық. • Біз негізгі болжамдар бойынша басшылық жүргізген сезімталдық талдауын тексердік, бағалау нәтижелеріне ықтимал әсерін және мүмкін болатын нәтижелер диапазондарын бағалау үшін. • Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ашып көрсетулерді ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағаладық.

Топтың аудит көлемін анықтау

Біз аудиттің көлемін тұтастай Топтың құрылымын, Топ пайдаланатын есепке алу процестерін және бақылау құралдарын, сонымен қатар Топ өз қызметін жүзеге асыратын сала ерекшелігін ескере отырып шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмысты орындай алатындай етіп анықтадық.

Топтың негізгі өндірістік активтері мен көмірсутек кен орындары Қазақстан Республикасында орналасқан, сондай-ақ топтың Румыния мен басқа елдерде бірнеше өндірістік активтері бар. Топтың қызметі мұнай мен газды барлау және өндіру, көмірсутектер мен мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу және сатуды қамтиды. Топтың сауда қызметі Қазақстан Республикасында және шетелде еншілес кәсіпорын арқылы жүзеге асырылады. Топ отыз сегіз еншілес кәсіпорын, жиырма үш бірлескен кәсіпорын және үш қауымдасқан кәсіпорын арқылы жұмыс істейді.

Топ бойынша аудит жұмыстарының көлемі Компанияны, біз аудит жүргізген он бір еншілес кәсіпорынды және үш бірлескен кәсіпорынды; PwC желісіндегі компаниялардың біреуі аудиттеген бір еншілес кәсіпорынды; сондай-ақ басқа аудиторлар аудиттеген төрт еншілес кәсіпорынды, алты бірлескен кәсіпорынды және екі қауымдасқан кәсіпорынды қамтиды.

Біздің бағалауымызға сәйкес, біз Компанияны және жиырма жеті субъектіні (компоненттерді) аудит көлеміне қостық, оның ішінде басқа аудиторлар тексерген он екі компонент бар.

Аудит тәуекелдерін жеткілікті аудит қамтуын қамтамасыз ету үшін біздің таңдауымыз Топ ішіндегі субъектілердің салыстырмалы маңыздылығына немесе анықталған нақты тәуекелдерге негізделді. Аудиттің құрамдас бөліктері келесі топтық пайыздық үлестерін құрады (1):



(1) Топтың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша немесе сол кезде аяқталған жыл үшін шоғырландырылған нәтижелерінің пайыздық үлесі

Компоненттерге арналған аудит нұсқауларында маңызды аудит аймақтары, маңыздылық шектері және белгілі бір есеп беру талаптары көрсетілген. Топтық аудит тобы компоненттік аудиторлардың жұмысын кеңселер мен компаниялар арасындағы есептерді, аудит және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша тұрақты өзара іс-қимылды, орындарға мерзімді түрде баруды және нақты аудит жұмыс қағаздарын тексеруді үйлестіру арқылы басқарды.

Жоғарыда сипатталған компоненттік процедураларды және Топ деңгейінде жасалған қосымша процедураларды аяқтау арқылы, біз біріктірілген қаржылық есептерге қатысты жеткілікті және тиісті аудиттік дәлелдерді алдық, бұл біздің пікіріміздің негізі болып табылады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпаратта Жылдық есебі қамтылған (бірақ онда осы аудиторлық есеп күніне дейін алған шоғырландырылған қаржылық есептілік және осы есептілік туралы біздің аудиторлық есеп қамтылмаған), және осы аудит есебінен кейін қолжетімді болады деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмаланулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытынды жасасақ, біз мұны корпоративті басқару үшін жауапты тұлғалар назарына жеткізуіміз керек.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғарландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен дұрыс ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалануларжоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін жұмыс істеп тұрған компания ретінде жұмыс істеу қабілетін бағалауға, қажет болған жағдайда жұмыс істеп тұрған компанияны жариялауға және басқару топты жоюды жоспарламаса, жұмыс істеп тұрған компания негізінде есеп беру міндетін атқарады , немесе қызметін тоқтату, немесе қызметін жою немесе тоқтатудан басқа нақты баламасы жоқ жағдайда.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте және біздің пікіріміз берілген аудиторлық есеп шығарылымында алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың немесе бизнес-бірліктердің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін топтық аудитті жоспарлаймыз және орындаймыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал етеді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

Тапсырма жетекшісі, аталған тапсырма нәтижесінде тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған – Алмаз Садыков.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

Price waterhouse Coopers

Бекітілді:

Қол қойылды:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 21 қазандағы №00000005 Бас мемлекеттік лицензиясы)

Алмаз Садыков
Аудитор-орындаушы
(Аудитордың 2019 жылғы 8 ақпандағы №МФ-0000745 біліктілік куәлігі)

2026 жылғы 5 наурыз
Астана, Қазақстан

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл
Түсім және басқа да кірістер			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	6	**9.371.488**	8.330.261
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	7	**780.635**	531.230
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	5	**3.000**	16.410
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	14	**197.959**	184.392
Басқа да қаржылық кіріс	14	**43.005**	123.290
Басқа да операциялық кіріс		**48.626**	52.377
Түсім және басқа да кірістер жиыны		**10.444.713**	9.237.960
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	8	**(5.039.517)**	(4.347.011)
Өндірістік шығыстар	9	**(1.588.607)**	(1.398.604)
Табыс салығынан басқа салықтар	10	**(592.928)**	(592.984)
Тозу, сарқылу және амортизация	35	**(723.977)**	(642.666)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	11	**(319.088)**	(267.824)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	12	**(218.624)**	(254.148)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығыстарының құнсыздануы	13	**(35.762)**	(69.733)
Қаржылық шығындар	14	**(368.055)**	(346.096)
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		**(84.012)**	185.459
Күтілетін кредиттік шығындардың қалпына келтірілуі/ (күтілетін кредиттік залалдар)		**6.744**	(8.316)
Басқа да шығыстар		**(49.130)**	(38.703)
Шығыстар мен шығындар жиыны		**(9.012.956)**	(7.780.626)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		**1.431.757**	1.457.334
Пайда салығы бойынша шығыстар	31	**(359.703)**	(363.087)
Бір жылғы таза пайда		**1.072.054**	1.094.247

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
Хеджирлеу әсері		**9.102**	(1.463)
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		**(419.809)**	1.492.858
Таза инвестицияларды хеджирлеуден болған кіріс/(залал), нетто	26	**92.338**	(358.847)
Салық әсері		**23.255**	(90.712)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық (залал)/кіріс		**(295.114)**	1.041.836
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда		**7.078**	870
Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған (залал)/кіріс		**(1.363)**	114
Салық әсері		**(109)**	1
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс		**5.606**	985
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық (залал)/кіріс		**(289.508)**	1.042.821
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		**782.546**	2.137.068
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(залал):			
Бас компанияның акционерлеріне		**1.040.435**	1.094.438
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		**31.619**	(191)
		1.072.054	1.094.247
Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс жиыны:			
Бас компанияның акционерлеріне		**751.216**	2.136.253
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		**31.330**	815
		782.546	2.137.068
Акцияға шаққандағы пайда* - мың теңгемен			
Базалық және бөлінген	25	**1,705**	1,794

* *2025 және 2024 жылдардағы жай акциялардың орташа саны 610.119.493 дана болды.*

Басқарма Төрағасының орынбасары *Д.А. Арысова*

Бас бухгалтер *А.С. Есбергенова*

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Барлау және бағалау бойынша активтер	16	**211.410**	216.448
Негізгі құралдар	15	**7.590.629**	7.834.160
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		**7.912**	12.374
Материалдық емес активтер	17	**881.420**	943.156
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	18	**117.083**	122.991
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	20	**4.933.962**	5.378.513
Өтелуге жататын ҚҚС		**38.556**	30.396
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		**161.074**	88.216
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		**9.383**	7.767
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек	23	**207.247**	121.673
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		**93.319**	48.249
Ұзақ мерзімді банк салымдары	19	**73.271**	74.329
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	31	**34.539**	50.705
		14.359.805	14.928.977
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	21	**374.735**	413.741
Сауда дебиторлық берешек	22	**597.111**	443.057
Өтелуге жататын ҚҚС		**54.527**	48.408
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	31	**62.515**	41.170
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	22	**194.392**	180.754
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек	23	**59.584**	84.240
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	22	**71.629**	63.528
Қысқа мерзімді банк салымдары	19	**1.875.464**	1.513.816
Ақша қаражаты мен оның баламалары	24	**1.198.185**	1.216.451
		4.488.142	4.005.165
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		**498**	505
		4.488.640	4.005.670
Активтер жиыны		**18.848.445**	18.934.647

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)*
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	25	**916.541**	916.541
Қосымша төленген капитал		**1.142**	1.142
Басқа да капитал		**6.729**	(2.373)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		**4.828.788**	5.132.868
Бөлінбеген пайда		**6.715.218**	5.985.894
Бас компанияның акционерлеріне жататын		**12.468.418**	12.034.072
Бақыланбайтын қатысу үлесі	25	**(82.093)**	(109.788)
Капитал жиыны		**12.386.325**	11.924.284
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	26	**3.243.524**	3.644.111
Жалдау бойынша міндеттемелер	27	**112.295**	103.334
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	29	**1.081**	7.096
Резервтер	28	**279.759**	308.129
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		**71.225**	75.999
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	29	**67.808**	36.175
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	31	**1.274.036**	1.391.836
		5.049.728	5.566.680
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	29	**546.873**	598.787
Қарыздар	26	**278.423**	323.290
Жалдау бойынша міндеттемелер	27	**16.677**	20.882
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	29	**179.684**	169.150
Резервтер	28	**17.111**	19.524
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		**7.625**	6.516
Төленуге жататын табыс салығы	31	**22.688**	15.600
Төленуге жататын басқа салықтар	30	**154.833**	83.631
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	29	**188.478**	206.303
		1.412.392	1.443.683
Міндеттемелер жиыны		**6.462.120**	7.010.363
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**18.848.445**	18.934.647
Бір акцияның баланстық құны* - мың теңгемен	25	**18,857**	17,998

* *2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жай акциялар саны 610.119.493 данаңы құрады. Бір жай акцияның баланстық құны - ХҚЕС-қа жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.*

Басқарма Төрағасының орынбасары

Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	**2025 жыл**	2024 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		**1.431.757**	1.457.334
Түзетулер:			
Тозу, сарқылу және амортизация	35	**723.977**	642.666
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығыстарының құнсыздануы	13	**35.762**	69.733
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	5	**(3.000)**	(16.410)
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған залал/(пайда)	9	**19.060**	(19.502)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	14	**(197.959)**	(184.392)
Басқа да қаржылық кіріс	14	**(43.005)**	(123.290)
Қаржылық шығындар	14	**368.055**	346.096
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан болған залал		**–**	1.928
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	7	**(780.635)**	(531.230)
Резервтердегі өзгеріс		**–**	(15.912)
Теріс/(оң) бағамдық айырма, нетто		**84.012**	(184.029)
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару/(қалпына келтіру)		**(3.781)**	942
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған залал, нетто		**8.712**	5.241
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы	12	**3.458**	7.063
Қаржылық кепілдіктердегі өзгерістер		**6.063**	1.765
Есепке алынбаған ҚҚС	12	**4.920**	1.237
(Күтілетін кредиттік залалдарды қалпына келтіру)/ күтілетін кредиттік залалдар		**(6.744)**	8.316
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		**1.650.652**	1.467.556
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		**(23.442)**	6.180
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		**(4.248)**	36.690
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		**(295.237)**	199.936
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		**(95.008)**	(142.667)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		**73.370**	(134.049)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		**1.306.087**	1.433.646
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	20	**985.262**	701.104
Табыс салығын төлеу		**(281.955)**	(182.227)
Алынған пайыздар		**164.829**	138.511
Төленген пайыздар	26, 27	**(273.799)**	(247.182)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		**1.900.424**	1.843.852

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		**(3.209.635)**	(2.068.061)
Банк салымдарын қайтару		**2.797.053**	1.734.453
Еншілес ұйымды сатып алуға байланысты өтемақы төлеу		**–**	(1.520)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтер мен барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу		**(667.578)**	(644.752)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		**4.770**	1.939
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес ұйымның шығуынан ақша қаражатының түсуі	5	**1.163**	8.010
Бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестерін сатудан түскен түсімдер		**–**	12.995
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	20	**(43.099)**	(74.209)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	32	**(74.262)**	(67.980)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	32	**1.524**	45.023
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		**(4.030)**	(8.041)
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		**2.923**	13.736
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алынуға тиісті кепілдендірілген және өзге де төлемдер		**–**	9.905
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	32	**447.884**	308.147
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	32	**(446.814)**	(302.600)
Самұрық-Қазына облигацияларын өтеуден түскен түсім	32	**20.000**	–
Самұрық-Қазына облигацияларын сатып алу	32	**(10.000)**	(10.000)
Басқа		**4.329**	–
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(1.175.772)**	(1.042.955)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздардың түсуі	26	**299.841**	214.894
Қарыздарды өтеу	26	**(638.232)**	(647.409)
Акционерлерге төленген дивидендтер	25	**(300.002)**	(300.002)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	25	**(3.572)**	(2.759)
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ таза активтерін бақыланбайтын үлестің акционерлеріне бөлу	25	**–**	(5.901)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу		**(1.642)**	(2.059)
Жалдау міндеттемесі бойынша негізгі борышты өтеу	27	**(29.520)**	(26.118)
Репо мәмілелері бойынша түсімдер		**30.739**	22.074
Репо мәмілелері бойынша төлемдер		**(32.624)**	(22.074)
Самұрық-Қазынамен басқа да операциялар	25	**(4.292)**	(6.652)
Басқа		**(1.969)**	(4.554)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(681.273)**	(780.560)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		**(61.633)**	145.268
Күтілетін кредиттік зияндар резервіндегі өзгеріс		**(12)**	(27)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		**(18.266)**	165.578
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		**1.216.451**	1.050.873
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		**1.198.185**	1.216.451

Ақшалай емес операциялар

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы негізгі құралдарды сатып алу үшін кредиторлық берешек 48.595 миллион теңгеге азайды (2024 жыл: 12.851 миллион теңгеге ұлғаю).

Басқарма Төрағасының орынбасары *Д.А. Арысова*

Бас бухгалтер *А.С. Есбергенова*

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Бас компанияның акционерлеріне тиесілі							
Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	(910)	4.090.281	5.488.964	10.496.018	(99.404)	10.396.614
Бір жылғы таза пайда/(залал)	–	–	–	–	1.094.438	1.094.438	(191)	1.094.247
Басқа да жиынтық (залал)/ кіріс	–	–	(1.463)	1.042.587	691	1.041.815	1.006	1.042.821
Жиынтық кіріс/(залал) жиыны	–	–	(1.463)	1.042.587	1.095.129	2.136.253	815	2.137.068
Дивидендтер *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(300.002)	(300.002)	(2.820)	(302.822)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(16)	(16)	–	(16)
Самұрық-Қазынамен басқа да операциялар *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(1.989)	(1.989)	–	(1.989)
Самұрық-Қазынамен операциялар *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(296.192)	(296.192)	–	(296.192)
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ таратудан болған әсер	–	–	–	–	–	–	(8.379)	(8.379)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	(2.373)	5.132.868	5.985.894	12.034.072	(109.788)	11.924.284

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

	Бас компанияның акционерлеріне тиесілі							
Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбай-тын қатысу үлесі	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**916.541**	**1.142**	**(2.373)**	**5.132.868**	**5.985.894**	**12.034.072**	**(109.788)**	**11.924.284**
Бір жылғы таза пайда	–	–	–	–	1.040.435	1.040.435	31.619	1.072.054
Басқа да жиынтық кіріс/(зала)	–	–	9.102	(304.080)	5.759	(289.219)	(289)	(289.508)
Жиынтық кіріс/(зала) жиыны	–	–	9.102	(304.080)	1.046.194	751.216	31.330	782.546
Дивидендтер *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(300.002)	(300.002)	(3.635)	(303.637)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(4.197)	(4.197)	–	(4.197)
Самұрық-Қазынамен операциялар *(25-ескертпе)*	–	–	–	–	(12.671)	(12.671)	–	(12.671)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	**916.541**	**1.142**	**6.729**	**4.828.788**	**6.715.218**	**12.468.418**	**(82.093)**	**12.386.325**

Басқарма Төрағасының орынбасары

Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

309-389 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ немесе Бас компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылғы наурызда ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Самұрық-Қазына) құрды. ҚР Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҰР ҰБ) Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58% және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3,00% Astana International Exchange (бұдан әрі – AIX) және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады. 2023 жылғы 22 желтоқсанда «Самұрық-Қазынаға» тиесілі Компания акцияларының 20,00% Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына берілді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 38 компанияда бақылаушы қатысу үлесіне ие (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 41 компания), 23 компанияны бірлесіп бақылайды (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 20 компания) және 3 компанияның қызметіне айтарлықтай әсер етеді (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 3 компания) (бірге – «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қызметі нәтижесінде Компанияның үлесін қамтиды *(3-ескертпе)*.

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2026 жылғы 5 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Сәйкестік туралы мәлімдеме (жалғасы)

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертпеде* ашылған.

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Басшылықтың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және ұсынылған валюта

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - функционалдық валюта). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен ұсынылған валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - теңге) білдірілген.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен кредиттер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) қызметінің нәтижелері мен қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Валюталарды айырбастау бағамдары

KASE-де белгіленген валюталарды айырбастаудың орташа өлшенген бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбастау бағамдары ретінде пайдаланылады. KASE-нің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 505,53 теңгені құрады. Осы бағам 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін қолданылды (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 525,11 теңге). KASE-нің 2026 жылғы 5 наурыздағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 493,36 теңгені құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде шетел валюталары бағамдарының теңгеге қатысты тұрақсыздығына байланысты Топта 84.012 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма (нетто) қалыптасты.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген кез келген стандартты, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейінгі кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірнеше жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды.

- 21 «*Айырбастау шектеулі мүмкіндігі*» ХҚЕС (IAS) түзетулері (2023 жылдың 15 тамызында шығарылды және 2025 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа стандарттар мен интерпретацияларды енгізу Топқа елеулі әсер етпейді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға келесі жаңа түзетулер жарияланды:

- 14 ХҚЕС (IFRS) «*Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары*» ХҚЕС (IFRS) (2014 жылғы 30 қаңтарда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- 18 ХҚЕС (IFRS) «*Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу*» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылғы 9 сәуірде шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- 19 ХҚЕС (IFRS) «*Жария есеп бермейтін еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу*» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылғы 9 мамырда шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- 19 ХҚЕС (IFRS) енгізілген түзетулер (2025 жылғы 21 тамызда шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының жыл сайынғы жетілдірулері (2024 жылғы шілдеде шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);
- 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) енгізілген түзетулер – «*Қаржылық құралдарды жіктеу және бағалау жөніндегі түзетулер*» (2024 жылғы 30 мамырда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

- 10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) енгізілген түзетулер – «*Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарғылық капиталға салым ретінде беру*» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ХҚЕС жөніндегі Кеңес айқындайтын күннен бастап немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) енгізілген түзетулер – «*Табиғи факторларға тәуелді электр энергиясын жеткізуге арналған шарттар*» (2024 жылғы 18 желтоқсанда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін күшіне енеді).
- 21 ХҚЕС (IAS) енгізілген түзетулер – «*Гиперинфляция жағдайындағы ұсыну валютасына қайта есептеу*» (2025 жылғы 13 қарашада шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін күшіне енеді).

Аталған түзетулердің 18 ХҚЕС (IFRS) «*Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу*» стандартын қоспағанда, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептерге және қаржылық есептілікке арналған ескертпелерге қандай әсер ететінін айқындау бағытында жұмыс жүргізуде.

Шоғырландыру негізі

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы кайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, егер Топтың: инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қатысуынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлеміне ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестициялау объектісін бақылайды.

Әдетте, дауыс беру көпшілігі бақылаудың болуымен негізделеді деп болжануда. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сондай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымды бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Егер Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса алғанда), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Еншілес ұйымдар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

			Иелік ету үлесі	
			2025 жылғы	2024 жылғы
Маңызды ұйымдар	**Негізгі қызметі**	**Тіркелген елі**	**31 желтоқсанға**	31 желтоқсанға
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (бұдан әрі – ҚМГ Қарашығанақ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
КМГ Кашаган Б.В.	Барлау және өндіру	Нидерландтар	**100%**	100%
«Өзенмұнайгаз» АҚ (бұдан әрі - ӨМГ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
«Ембімұнайгаз» АҚ	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
Dunga Operating GmbH (бұдан әрі -Дунга)	Өндіру	Германия	**100%**	100%
«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО)	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	**90%**	90%
«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС (бұдан әрі - ҚТКФ)	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	**100%**	100%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	**100%**	100%
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - АМӨЗ)	Қайта өңдеу	Қазақстан	**99,53%**	99,53%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (бұдан әрі - ПМХЗ)	Қайта өңдеу	Қазақстан	**100%**	100%
KMG International N.V. (бұдан әрі - КМГИ)	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	**100%**	100%
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	**100%**	100%

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС (IFRS) *«Қаржы құралдары»* қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС (IFRS) қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Бизнесті біріктіру және гудвил (жалғасы)

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шеңберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнының негізінде бағаланады.

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашы бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Топтың жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы Топтың үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің басқа да жиынтық кірісіндегі өзгерістер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындардың немесе қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залал бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесінің мөлшерінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі және салық салынғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды және бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда қаржылық есептілік есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсыздануын болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсызданудың объективті дәлелдерінің болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(залалындағы) үлес» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және сатудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды сатып алғанға дейін болған шығындар, ҚР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындарды қоспағанда, олар орын алған кезеңдегі шығыстарға жатады. Мұндай жағдайларда болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын және мүлікті сатып алу шығындары

Жер қойнауын барлау әрі өндіру құқықтары және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындар барлау әрі бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және кен орындардың бөлігінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе материалдық емес активтеріне ауыстырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар (жалғасы)

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық сатып алынғаннан кейін, сәтсіз пайдаланылатын немесе жиектелетін ұңғымаларды қоса алғанда, геологиялық әрі геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау және бағалау ұңғымаларымен тікелей байланысты шығындар ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталғанға дейін және нәтижелер бағаланғанға дейін шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталдандырылады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, қызметті одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Көмірсутектердің дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар, тиісті шығыстар құнсыздану тестісінен кейін және құнсыздану залалы, егер ондай болса, танылағаннан кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірлеу ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында капиталданады.

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, сарқылу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен пайдалы қызмет етудің орта мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен амортизацияланатын ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары былайша кіреді:

Мұнай өңдеу зауыттарының активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимараттар мен құрылысжайлар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар (жалғасы)

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде ескеріліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру ұңғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға киргізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсыздануын болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге мұнай мен табиғи газды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламаларды сатып алу шығындары және гудвил кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвилді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің күтілетін қалған мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажет болғанда келесі кезеңдерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсыздануын болған залал танылады. Гудвилдің құнсыздануын болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ ұйымы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ ұйымы белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Жеткілікті деректер белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейтіндігін көрсетеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды қайта монтаждау мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконтталған ақша ағындарының негізінде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ тиісті негізгі құрал танылған резервтің мөлшеріне баламалы сомада танылады. Соның салдарынан, бұл актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндіріске және тасымалдауға капиталдандырылған шығындардың бір бөлігі ретінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

(а) Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;

(б) Активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып түсу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және

(в) Егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелуі және бағалануы үшін ол өтелмеген негізгі сомаға «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPPI) есебінен төлемдер ғана» білдіретін ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтыруы тиіс. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері болмады.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік зияндар (ККЗ) бағалау резервін мойындайды. ККЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық ККЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін ККЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ ККЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін ККЗ тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік зияндардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Жалдау

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

Топ жалға алушы ретінде

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Топқа өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайлардан басқа) танылады. Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Топ түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалға, мұндай төлемдерді айқындау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруімен негізделген келешек төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды. Топ жалдау бойынша міндеттемелерді «Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер» құрамында көрсетеді.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, сарқылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, талап етілгенге дейінгі салымдардағы қаражатты, сатып алу және кері сату шарттарын («кері репо») және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын өзге де қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Қаржы активтері

Өтеу мерзімі 3 айға дейінгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары осы инвестициялар Топтың инвестициялық қызметінің бөлігі болып табылатындығына байланысты амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамында танылады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе залал, кредиттер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда кредиттер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, кредиттер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Кредиттер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Топтың пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржылық міндеттемелер жоқ.

Қаржсылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары ұстаушы шеккен залалды өтеу үшін төлем жасауды талап ететін шарттарды білдіреді, өйткені аталған борышкер борыштық құралдың талаптарына сәйкес төлемді мерзімінде жасамады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес есептелген күтілетін кредиттік зияндардың бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегере отырып танылған сома.

Таза инвестицияларды хеджирлеу

Туынды құрал немесе туынды емес қаржылық міндеттеме шетелдік бөлімшеге таза инвестицияны хеджирлеу құралы ретінде пайдаланылған кезде, туынды құралдың әділ құнының өзгеруінің тиімді бөлігі немесе туынды емес құралдың бағамдық айырмасынан түсетін кірістер мен залал басқа жиынтық кірістің құрамында шетел валютасын қайта есептеу ретінде танылады. Туынды құралдың әділ құнының өзгеруінің тиімсіз бөлігі немесе туынды емес құралдың бағамдық айырмасынан түсетін кірістер мен залал пайда немесе залал құрамында танылады. Басқа жиынтық кірістің құрамында танылған сомалар ретроспективті түрде түзету ретінде пайда немесе залал құрамына толық немесе ішінара қайта жіктеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Таза инвестицияларды хеджирлеу (жалғасы)

Хеджирлеу объектісі мен хеджирлеу құралы арасында экономикалық байланыс бар, өйткені таза инвестиция АҚШ долларымен көрсетілген қаржылық міндеттеме бойынша валюталық тәуекелге сәйкес келетін валюталық тәуекелді тудырады. Топ хеджирлеу коэффициентін 1:1 деп белгіледі, өйткені хеджирлеу құралының негізгі тәуекелі хеджирленетін тәуекел компонентімен бірдей. Хеджирлеудің тиімсіздігі шетелдік бөлімшеге салынған инвестициялар сомасы белгіленген мөлшерлеме бойынша қарыз алу сомасынан аз болған кезде пайда болады. 2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсанында хеджирлеудің тиімсіз бөлігі болған жоқ.

Резервтер

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтердің өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері ретінде болатындықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге басқа да бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

Жұмыскерлерге төлемдер

Зейнетақы жоспары

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша туындайтын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Топ ұйымдары мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді және басқасын көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастырумен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл дисконт мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Жұмыскерлерге төлемдер (жалғасы)

Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар (жалғасы)

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зиян пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Түсімді мойындау

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе қалай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды ішкі нарықта сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, ҚР шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Топ, негізінен, түсімді келесі түрлер бойынша мойындайды:

Мұнайды және мұнай өнімдерін сату

Мұнайды және мұнай өнімдерін сатудан түскен кірістер тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр.

Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету

Тасымалдау жөніндегі қызметтерден түсетін кірістер есепті кезеңде тасымалданатын мұнайдың нақты көлемі негізінде танылады. Тасымалдау қызметтерінен түсетін кірістер тасымалдау аяқталғаннан кейін танылады, өйткені осы кезде Сатып алушы көрсетілген қызметтен пайда алады және тұтынады. Тиісінше, қызмет көрсету кезінде кірісті таниды. Топ түсімді уақыттың белгілі бір уақыт сәтінде таниды.

Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтерін көрсету

Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеуден түскен кірістер, егер топтың экономикалық пайда алуы ықтимал деп бағаланса және төлемді жүзеге асыру уақытына қарамастан, кірісті сенімді бағалауға болатын болса танылады. Қайта өңдеу жөніндегі қызметтерден түсетін кірістер есепті кезеңде қайта өңделген шикі мұнайдың нақты көлемі негізінде танылады. Мұнай және мұнай өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі қызметтерден түсетін кірістер Мұнай және мұнай өнімдерін қайта өңдеу аяқталғаннан кейін танылады, өйткені осы сәтте сатып алушы көрсетілген қызметтен пайда алады және тұтынады. Топ түсімді уақыттың белгілі бір уақыт сәтінде таниды.

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы ағымдағы корпоративтік табыс салығыун, жер қойнауын пайдалануға арналған баламалы салықты, артық пайдаға салынатын салықты және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Жер қойнауына үстеме салық ("ЖҚҮС") табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрайды. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты белгіленген мөлшерлемелер бойынша ЖҚҮС есептейді және төлейді.

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен қаржылық есептілік мақсаттары үшін олардың ағымдағы құны арасындағы есепті күндегі уақытша айырмашылықтарды анықтау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша КТС және ЖҚҮС үшін есептеледі.

Pillar II

Халықаралық салық реформасы – Pillar II үлгілік ережелері –12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салығы» түзетулер

Топтың шоғырландырылған кірісі жаһандық ең төменгі салық салу ережелерімен (Pillar Two) белгіленген шектен асып түседі және сәйкесінше осы ережелерге бағынады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Pillar Two ережелерін қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді.

Капитал

Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері бастапқыда сатып алу күніне сәйкестендірілетін таза активтердің үлесіне пропорционалды етіп танылады.

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан пайымдаулар шығаруды, есептілікте көрсетілген түсімдердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомасына әсер ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Алайда, осы болжамдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта осындай болжамдар мен бағалаулар жасалатын активтің немесе міндеттеменің ағымдағы құнына елеулі түзетулер енгізуді талап ететін нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің болуын бағалауды және құнсыздану белгілері анықталған активтердің құнсыздану тестін жүргізді.

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларына, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне негізделген ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделді. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген игерілген және игерілмеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен, не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру мақсатында пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша қорын туындатушы жекелеген бірліктің орташа өлшенген капитал құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйақыға, бета коэффициентке, сондай-ақ тиісті ақша қорын туындатушы бірліктің меншікті және қарыз қаражатының арақатынасына байланысты 10,90%-дан 16,80%-ға дейін ауытқыды (2024 жыл: 11,22%-дан 16,42%-ға дейін).

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2025 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2026	2027	2028	2029	2030
Brent маркалы мұнай (ICE Brent $/баррель)	61,00	64,00	69,24	69,50	71,03

2025 жылы «*Мұнай мен газды барлау және өндіру*» сегментінде құнсыздану бойынша шығындар 26.026 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 57.100 миллион теңге), олардың негізгі бөлігі Жаңаөзен қаласындағы теңіз суын тұщыландыру зауыты мен оған апаратын инфрақұрылымның 24.145 миллион теңге мөлшеріндегі құнсыздануына қатысты (2024 жыл: 57.193 миллион теңге) (*13-ескертпе*).

2025 жылы «*Корпоративтік орталық*» сегментінде құнсыздану бойынша шығыдтар 19.084 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 40.678 миллион теңге), олардың негізгі бөлігі «Торғай палеозойы» жобасы бойынша барлау және бағалау активтерінің 18.785 миллион теңге мөлшеріндегі құнсыздануына қатысты (2024 жыл: «Абай» жобасы бойынша 17.703 миллион теңге) (*13-ескертпе*).

Өтелетін құнның мұнай және мұнай өңдеу активтерінің көпшілігінің баланстық құнынан асып кетуі бағаның өзгеруіне немесе басқа болжамдарға сезімтал. Келесі қаржылық кезеңдердегі өзгерістер осы активтердің өтелетін құнының ағымдағы баланстық құнынан асып кетуіне немесе төмен болуына әкелуі мүмкін, сондықтан сол кезеңдерде құнсыздануды қалпына келтіру немесе есептеу қаупі бар.

Мұнай және газ қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Мұнай және газ қорлары (жалғасы)

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, сарқылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, сарқылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат осы ескертпеде ашып көрсетілген.

Мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдеу және өзге де активтердің өтелімділігі

Топ ақша қорын туындатушы активтердің немесе активтер тобының («АҚТБ») өтелмейтіндігіне нұсқайтын индикаторлардың бар-жоғын анықтау үшін, оқиғалар немесе жағдайлардың өзгеруі олардың баланстық құны өтелмеуі мүмкін екенін көрсеткен кезде бағалау жүргізеді. Мұндай индикатор болған жағдайда, өтелетін құнға тиісті бағалау жүргізіледі, ол сатуға арналған шығыстарды шегергендегі әділ құн мен пайдалану құнының ішіндегі неғұрлым жоғарысы ретінде айқындалады. Бұл есептеулер ұзақ мерзімді мұнай бағалары, дисконттау мөлшерлемелері, болашақтағы капиталға қажеттілік, операциялық қызмет (оның ішінде өндіру және сату көлемдері) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды талап етеді, ал олар тәуекелдер мен белгісіздіктерге ұшырайды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асып кетсе, актив немесе активтер тобы құнсызданған деп танылады және олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азайтылады. Өтелетін құнды бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары активтер тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнына және активке тән тәуекелдерге қатысты нарықтың ағымдағы бағалауын көрсететін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып келтірілген құнға дейін дисконталады. Әділ құн активті және/немесе ақша қорын туындатушы активтерді нарықтық жағдайларда, мәміле жасауға дайын және хабардар тараптар арасындағы операция нәтижесінде сатудан алынуы мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға ғана тән, жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін есепке алмайды.

Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚТБ

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ КМГИ АҚТБ*:* «Переработка» КМГИ, «Нефтехимия» КМГИ және «Даунстрим» КМГИ бөлімшелерінің өткізу, қайта өңдеу гудвилінің және басқа да активтердің құнсыздануы тестін жүргізді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)

Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚТБ (жалғасы)

КМГИ АҚТБ-ның өтелетін құны сатуға арналған шығыстарды шегергендегі әділ құн (FVLCD) негізінде айқындалды, ол дисконталған ақша ағындары әдісін қолдану арқылы есептелді. Дисконталған ақша ағындары 2026–2030 жылдарға арналған бекітілген бизнес-жоспарға негізделді. АҚГБ үшін FVLCD есептеу кезінде пайдаланылған негізгі жол берулерге операциялық пайда, дисконттау мөлшерлемелері және бюджеттен тыс кезеңдер үшін ақша ағындарын экстраполяциялау кезінде қолданылған өсу қарқындары жатады. Талдау барысында болжамды кезең ішінде табыс салығының әсері ескерілді: бес жылдық бизнес-жоспардың ақша ағындары қолданыстағы фискалдық жағдайды ескере отырып түзетілді. 2025 жылы болжамды ақша ағындарына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 11,64% құрады (2024 жыл: 11,20%). Бес жылдық кезеңнен кейінгі ақша ағындары 0,065%-дан 0,344%-ға дейінгі өсу қарқындарын пайдалана отырып экстраполяцияланды (2024 жыл: 0,65% теріс өсу қарқыны).

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша КМГИ АҚТБ-ның өтелетін құны оның баланстық құнынан асып түсті, сәйкесінше құнсыздану танылған жоқ.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық

«Өңдеу» АҚТБ-ның өтелетін құны елеулі жол берулердегі өзгерістерге, атап айтқанда сату көлемдеріне, өңдеу маржасына, дисконттау мөлшерлемесіне және өсу қарқынына сезімтал болып табылады.

Маңызды болжам	Тестте қолданылған деңгейге қатысты +/- % болжамның өзгеруі	Өтелетін құнға әсері Ұлғаю/(азаю)
Сату көлемі	+/(-1,0%)	25.700 миллион теңге/ (25.870 миллион теңге)
Өңдеу маржасы	+/(-1,0%)	26.102 миллион теңге / (26.209 миллион теңге)
Дисконттау мөлшерлемесі	+/(-0,5%)	(22.361 миллион теңге)/ 25.609 миллион теңге
Мерзімсіз кезеңдегі өсу қарқыны	+/(-0,4%)	12.145 миллион теңге/ (11.343 миллион теңге)

«Даунстрим» АҚТБ өтелетін құны елеулі болжамдардың өзгеруіне, атап айтқанда жалпы маржаға, дисконттау мөлшерлемесіне және өсу қарқынына сезімтал болып табылады.

Маңызды болжам	Тестте қолданылған деңгейге қатысты +/- % болжамның өзгеруі	Өтелетін құнға әсері Ұлғаю/(азаю)
Жалпы маржа	+/(-2%)	25.095 миллионов теңге/ (25.095 миллионов теңге)
Дисконттау мөлшерлемесі	+/(-0,5%)	(8.365 миллион теңге)/ 9.181 миллион теңге
Мерзімсіз кезеңдегі өсу қарқыны	+/(-0,5%)	6.325 миллионов теңге/ (7.141 миллион теңге)

ӨМГ АҚТБ

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ӨМГ АҚТБ-ның құнсыздану тесті жүргізді. ӨМГ АҚТБ өтелетін құны Топ басшылығы 2026–2030 жылдарға арналған бекітілген бизнес-жоспарға және лицензиялардың ұзартылатынына негізделген қисынды күтулерге сүйене отырып 2050 жылға дейінгі болжамды деректер негізінде дисконталған ақша ағындары әдісін қолдану арқылы есептеген пайдалану құны бойынша айқындалды. Негізгі жормалдарға шикі мұнай бағаларының динамикасы, өндіру көлемдері, операциялық шығындар және дисконттау мөлшерлемелері жатады. Болжамды ақша ағындары тәуелсіз бағалаушы дайындаған өндіріп алынатын дәлелденген және ықтимал мұнай қорларын бағалау нәтижелеріне негізделе отырып қалыптастырылды. 2025 жылы болжамды ақша ағындарына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 16,4% құрады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ӨМГ АҚГБ өтелетін құны оның баланстық құнынан асып түсті, сәйкесінше құнсыздану танылған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)

ӨМГ АҚТБ (жалғасы)

ӨМГ АҚТБ қаржылық моделі елеулі болжамдардың өзгеруіне, атап айтқанда шикі мұнайды өткізу бағасына, экспортқа және ішкі нарыққа сату көлеміне, дәлелденген және ықтимал қорларды бағалауға және дисконттау мөлшерлемесіне сезімтал болып табылады.

Маңызды болжам	Тестте қолданылған деңгейге қатысты +/- % болжамның өзгеруі	Өтелетін құнға әсері ұлғаю/(азаю)
		81.824 миллион теңге/
Brent шикі мұнай бағасы	+/(-3%)	(81.824 миллион теңге)
Ішкі нарықтағы шикі мұнайды сату бағасы	+/(-3%)	89.882 миллион теңге / (89.882 миллион теңге)
		54.688 миллион теңге/
Экспортқа сату көлемі	+/(-3%)	(54.688 миллион теңге)
		85.387 миллион теңге/
Ішкі нарықта сату көлемі	+/(-3%)	(85.387 миллион теңге)
Дәлелденген және ықтимал мұнай қорларын бағалау (2P)	Геологиялық қайта түсіндіруге байланысты (2P) қорларды бағалаудың + /(-3%) өзгеруі	140.072 миллион теңге / (140.072 миллиона теңге)
Дисконттау мөлшерлемесі	+ 100 базистік тармақ (17,4%)/ - 100 базистік тармақ (15,4%)	(73.529 миллион теңге)/ 82.350 миллион теңге

ПМХЗ, гудвилді қоса алғанда

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ПМХЗ-ды сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар *(17-ескертпе)*. 2024 және 2023 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Өтелетін құнды бағалау кезінде маркетингтік схеманы қолдану арқылы анықталған сату шығындарын шегергендегі ПМХЗ-ның әділ құны есептелді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындары моделін пайдалана отырып есептеді. 2025 жылы 14,18% (2024: 14,12%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2032 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМХЗ-дың 2026-2030 жылдарға (2024: 2025-2029 жылдар) бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығындарды шегере отырып әділ құны негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жорамалдарды өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1,0% -дан 15,18%-ға дейін артуы (2024: 15,12%) және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

Басқа да АҚТБ

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар АҚТБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтері

Белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды қайта монтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісімшарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама пайымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2025 жылғы 31 желтоқсанда 2,19%-дан 8,55%-ға дейін және тиісінше 5,8%-дан 14,9%-ға дейінгі аралықта болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 2,24%-дан 8,60%-ға дейін және тиісінше 6,85%-дан 12,15%-ға дейін). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұзақ мерзімді инфляцияға қатысты болжамдар пайдаланудан шығару және тарату міндеттемесін өтеудің күтілетін уақытын, сондай-ақ міндеттемені өтеу үшін қажетті тиісті шығындардың жасалуы күтілетін валютаны ескере отырып анықталды.

2025 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 142.314 миллион теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 142.009 миллион теңге) *(28- ескертпе)*.

Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген *«Магистральдық құбыр туралы»* ҚР Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО) пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 24.053 миллион теңге құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 37.405 миллион теңге) *(28-ескертпе)*.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Экологиялық оңалту

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес,

Топ өзгерістерге талдау жүргізді және активтердің шығуы мен жерді қалпына келтіруге байланысты ықтимал міндеттемелердің сомасын бағалады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топ резервінің баланстық құны 33.611 миллион теңгені құрады, ол болашақ ақша ағындарының келтірілген құнына тең (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 41.778 миллион теңге) (*28 және 34-ескертпелер*).

Топ жағдайды бақылауды жалғастырады және жаңа фактілер мен мән-жайларды, сондай-ақ ҚР Экологиялық кодексін қолдануға қатысты мемлекеттік орган ұсынған кез келген түсініктемелерді ескеретін болады.

Сондай-ақ, Топ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтерді қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және пайымдаулар жасайды. Қоршаған ортаны қорғау шығындары капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына байланысты шығындарға жатқызылады. Өткен қызметтен туындаған және болашақ экономикалық пайдасы жоқ қазіргі жағдайға жататын шығындар шығындарға жатады.

Міндеттемелер шығындар мен күтілетін қалпына келтіру жоспарлары туралы ағымдағы ақпарат негізінде анықталады және дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалтуға арналған резерві топтың қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауы үшін қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың ең үздік бағаларын білдіреді. Топ бұл міндеттемені 2025 жылдың жылдық бюджетіне кіретін шығындардың бір бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді деп жіктеді. Экологиялық оңалту бойынша резервтерге қатысты нақты шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер, қоғамдық күтулер, аумақтық жағдайларды анықтау және талдау және тазарту технологияларындағы өзгерістер салдарынан бағалаудан өзгеше болуы мүмкін. Экологиялық оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер *28-ескертпеде* ашылды.

Қызметкерлерге сыйақы

Қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейінгі сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және міндеттемелердің келтірілген құны актуарлық әдісті пайдалана отырып белгіленеді. Актуарлық әдіс болашақта нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін әртүрлі болжамдарды қолдануды қамтиды. Актуарлық әдіс дисконттау мөлшерлемелері, болашақта жалақының өсуі, өлім деңгейі және болашақта қызметкерлерге сыйақының өсуі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі жорамалдарды бағалаудың күрделілігіне және еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы беру жөніндегі міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осы жорамалдардың өзгеруіне өте сезімтал. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларын ықтимал міндеттемелер ретінде қарастырады, олар топ дауласа алмайды немесе егер салық органдары қосымша салықтарды есептесе, олар сәтті шағымдана алады деп санамайды. Мұндай ұйғарым Елеулі пайымдаулар шығаруды талап етеді және салық заңнамасындағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер, топтың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарындағы салық салу талаптарына түзетулер, өз шешімін күтетін салық талқылаулары бойынша күтілетін нәтижелерді айқындау және салық органдары жүзеге асыратын сәйкестікті тексеру нәтижесі негізінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа өзге салықтар бойынша резервтер *28-ескертпеде* ашылған салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа өзге салықтар бойынша шартты міндеттемелер *34-ескертпеде* ашылады. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылады (*31 және 34-ескертпелер*).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі *33-ескертпеде* ашылған.

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ

«Полимер Продакшн» ЖШС (бұдан әрі - Полимер)

2025 жылғы 17 наурызда Компания мен «СИБУР Холдинг» ЖАҚ Компанияның еншілес ұйымы Полимердің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 60% сатып алу-сату шартына қол қойды. 2025 жылғы 4 сәуірде Полимерді заңды қайта тіркеу жүргізілді. Нәтижесінде Топ Полимерді бақылаудан айырылды және 40% меншік құқығын сақтап қалды.

Полимерге қатысу үлесінің 60% өткізу құны 1.188 миллион теңгені құрады.

Бұрынғы еншілес компанияда қалған Инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестиция болып табылады және оның бақылауды жоғалту күніне әділ құны 792 миллион теңгені құрады.

Компания мен «СИБУР Холдинг» ЖАҚ Полимерді бірлесіп бақылайды, Полимердің қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап бақылауды жоғалту күніне дейінгі кезеңдегі Полимердің таза ақша ағындары келесідей болды:

Миллион теңге	
Операциялық	(510)
Инвестициялық	(37)
Қаржылық	356
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза азаюы	**(191)**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)

«Полимер Продакшн» ЖШС (бұдан әрі-Полимер) (жалғасы)

Бақылауды жоғалтқан күні Полимердің таза міндеттемелері келесідей болды:

Миллион теңге	
Активтер	
Негізгі құралдар *(15-ескертпе)*	**974**
Тауарлық-материалдық қорлар	**769**
Өзге активтер	**86**
Ақша қаражаты және оның баламалары	**25**
Активтердің жиыны	**1.854**
Міндеттеме	
Сауда кредиторлық берешек	**82**
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	**2.792**
Міндеттемелер жиыны	**2.874**
Есептен шығару тобымен тікелей байланысты таза міндеттемелер	**(1.020)**
Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы	**1.188**
Бірлескен кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың 40% әділ құны	**792**
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	**3.000**

** Топ Полимердегі бірлескен кәсіпорындағы 40% инвестицияны Полимердің сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құнындағы тиісті үлесі бойынша таныды.*

Полимердің қызметі «Басқасы» сегментінде ұсынылған.

ЖК Karaton Operating Ltd. (бұдан әрі – Каратон)

2024 жылғы 21 ақпанда Компания мен «Татнефть» ЖАҚ Атырау облысында орналасқан «Каратон» жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын Компанияның еншілес ұйымы - Каратонның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50% сатып алу-сату шартына қол қойды. Мәміле нәтижесінде Топ 2024 жылдың 21 ақпанында Каратонды бақылаудан айырылды.

Қаратондағы 50% қатысу үлесін өткізу құны 18,2 млн АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымды шығару күніне 8.255 млн теңгеге баламалы).

2024 жылғы 13 наурызда «Татнефть» ЖАҚ 18,2 млн АҚШ доллары мөлшерінде ақшалай сыйақыны төледі (төлем жасалған күнгі бағам бойынша 8.188 млн теңгеге баламалы).

Бұрынғы еншілес ұйымдағы сақталып қалған инвестиция үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын бірлескен кәсіпорынға инвестицияны білдіреді, және оған бақылау жоғалтылған күндегі әділ құны 8.255 млн теңгені құрады.

Компания мен «Татнефть» ЖАҚ Қаратонды бірлесіп бақылайды, Қаратонның қызметіне қатысты шешімдер тараптардың бірауыздан келісімімен қабылданады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылау жоғалтылған күнге дейінгі кезеңдегі Қаратонның таза ақша ағындары төмендегідей болды:

Миллион теңге	
Инвестициялық	(118)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза азаюы	**(118)**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)

ЖК Karaton Operating Ltd. (бұдан әрі – Каратон) (жалғасы)

Бақылауды жоғалтқан күні Каратонның таза активтері келесідей болды:

Миллион теңгемен	
Активтер	
Барлау және бағалау жөніндегі активтер (*16-ескертпе*)	291
Негізгі құралдар (*15-ескертпе*)	28
Басқа активтер	21
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	178
Активтер жиыны	**518**
Міндеттеме	
Сауда кредиторлық берешек	5
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	413
Міндеттемелер жиыны	**418**
Есептен шығару тобымен тікелей байланысты таза активтер	**100**
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	8.255
Бірлескен кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың 50% әділ құны (*20-ескертпе*) *	8.255
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	**16.410**

** Топ каратонның анықталатын таза активтерінің әділ құнындағы тиісті үлестегі бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияның 50% мойындады.*

Каратон қызметі «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде көрсетілген.

6. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Өнім және қызмет типі		
Шикі мұнай мен газды сату	**4.755.386**	4.695.223
Мұнай өнімдерін сату	**3.587.498**	2.697.812
Мұнайды тасымалдау қызметтері	**257.909**	240.728
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	**247.740**	258.530
Басқа да кірістер	**522.955**	437.968
	9.371.488	8.330.261
Географиялық өңірлер		
БАӘ	**2.299.934**	1.850.402
Қазақстан	**2.005.993**	1.602.854
Румыния	**1.501.531**	1.198.203
Швейцария	**1.454.275**	1.852.928
Нидерландтар	**676.440**	741.826
Басқа елдер	**1.433.315**	1.084.048
	9.371.488	8.330.261
Түсімді тану уақыты		
Белгілі бір уақыт сәтінде	**9.091.871**	8.093.554
Кезең ішінде	**279.617**	236.707
	9.371.488	8.330.261

2025 жылы Топтың шикі мұнайды, газды және мұнай өнімдерін сату бойынша негізгі клиенттері – BGN INT DMCC және VITOL S.A. – Топтың жиынтық түсіміндегі үлесі тиісінше шамамен 23% және 13% құрады (2024 жылы Топтың негізгі клиенттері – PETRACO ENERGIES DMCC және VITOL S.A. – шикі мұнайды, газды және мұнай өнімдерін сату бойынша Топтың жиынтық түсіміндегі үлесі тиісінше шамамен 20% және 18% құраған).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Бірлескен кәсіпорындар		
«Теңізшевройл» ЖШС	**412.459**	303.480
«KC Energy Group» ЖШС*	**64.559**	27.288
Маңғыстау Инвестмент Б.В. Тобы (ММГ)	**51.310**	35.726
Valsera Holdings B.V. тобы (ПКОП)	**20.990**	(177)
«ҚазГерМұнай» ЖШС	**17.139**	25.336
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	**16.540**	20.844
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	**3.367**	5.986
«ҚазРосГаз» ЖШС	**3.020**	19.157
«PETROSUN» ЖШС*	**529**	26.238
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI)	**(855)**	(5.210)
«Теңіз Сервис» ЖШС	**(1.270)**	(1.742)
Ural Group Limited	**(5.213)**	(8.961)
Басқалар	**6.020**	(2.185)
	588.595	445.780
Қауымдасқан компаниялар		
«Каспий Құбыр өткізу Консорциумы»	**182.947**	81.525
«ПетроКазахстан Инк.»	**2.680**	2.253
Басқалар	**6.413**	1.672
	192.040	85.450
	780.635	531.230

* *«KC Energy Group» ЖШС «PETROSUN» ЖШС-нің ағымдағы қызметіне ұқсас, қатысушылардың құрамы және басқару тетіктері бірдей талаптарда құрылған. «PETROSUN» ЖШС қызметі «KC Energy Group» ЖШС-не ауыстырылады. «PETROSUN» ЖШС қазір ликвидация кезеңінде.*

8. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Қайта сату үшін сатып алынған мұнай	**3.604.276**	3.380.238
Өңдеу үшін мұнай құны	**667.485**	338.490
Материалдар мен қорлар	**535.495**	552.810
Қайта сату үшін сатып алынған мұнай өнімдері	**232.261**	75.473
	5.039.517	4.347.011

9. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Жалақы бойынша шығыстар	**657.761**	606.560
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	**301.355**	272.584
Электр энергиясы	**171.745**	125.666
Көлік шығындары	**144.711**	156.399
Жүк танкерлері	**62.363**	86.608
Дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің өзгеруі	**24.204**	(12.197)
Әлеуметтік аударымдар	**21.838**	17.900
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан өткізілген залал/(пайда)	**19.060**	(19.502)
Қоршаған ортаны қорғау	**18.606**	15.015
Күзет қызметтері	**18.079**	16.016
Қысқа мерзімді жалдау шығындары	**7.373**	5.769
Тауарлық-материалдық қорларды сатудың таза құнына дейін (есептен шығаруды қалпына келтіру)/есептен шығару	**(4.554)**	1.485
Басқалар	**146.066**	126.301
	1.588.607	1.398.604

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Акциз	**168.337**	120.114
Экспорттық кедендік баж	**113.444**	124.941
Шикі мұнай экспортына рента салығы	**112.730**	139.656
Тау-кен салығы	**73.836**	99.446
Әлеуметтік салық	**60.699**	50.921
Мүлік салығы	**34.648**	33.345
Айналым салығы	**17.142**	14.472
Басқа салықтар	**12.092**	10.089
	592.928	592.984

11. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Тасымалдау	**228.786**	200.844
Жалақы бойынша шығыстар	**25.845**	21.552
Үшінші тараптардың қызметтері	**16.780**	12.731
Техникалық қызмет көрсету	**11.557**	8.646
Басқалар	**36.120**	24.051
	319.088	267.824

12. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Жалақы бойынша шығыстар	**92.503**	93.824
Сенімгерлік басқару бойынша шығыстар	**19.157**	53.276
Консультациялық қызметтер	**17.371**	16.531
Әлеуметтік төлемдер	**11.313**	6.825
Қызмет көрсету шығындары	**8.559**	8.926
Есепке алынбаған ҚҚС	**4.920**	1.237
Өтелетін ҚҚС құнсыздануы	**3.458**	7.063
Байланыс қызметтері	**880**	2.218
Басқалар	**60.463**	64.248
	218.624	254.148

2025 жылғы жалақы бойынша шығыстар 776.109 миллион теңге болды (2024: 721.936 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

2025 жылғы Топ Компанияның бірлескен кәсіпорын - «ҚазРосГаз» ЖШС-тағы қатысудың 50%-дық үлесін сенімгерлік басқару қызметі үшін Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы «QazaqGaz» ҰК АҚ-қа 19.157 миллион теңге мөлшерінде сыйақыны осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте сенімгерлік басқару шығыстары ретінде таныды (2024 жылы: 53.276 миллион теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

13. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Құнсыздану болған шығыстар және құнсыздануды қалпына келтіру		
Негізгі құралдар	**15.298**	65.401
Материалдық емес активтер *(17-ескертпе)*	**120**	–
Негізгі құралдарды салу үшін берілген ұзақ мерзімді аванстар	**–**	(17.324)
	15.418	48.077
Барлау шығыстары (құнсыздану және есептен шығару) *(16-ескертпе)*		
«Торғай палеозой» жобасы	**18.785**	–
Барлау	**1.323**	–
«Абай» жобасы	**–**	17.703
«Кайран және Ақтоты» жобасы	**–**	3.953
Басқалар	**236**	–
	20.344	21.656
	35.762	69.733

Келесі АҚТБ бойынша құнсыздануан болған залал және (құнсыздануды қалпына келтіруден түскен кіріс) танылды:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Су тұщыту зауыты	**24.145**	53.197
АҚТБ ҚТО, ҚТТФ және КМГИ	**(11.332)**	1.010
Өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысы	**–**	(16.189)
Басқалар	**2.605**	10.059
	15.418	48.077

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Су тұщыту зауытының құнсыздануы

2021–2025 жылдарға арналған Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары шеңберінде Жаңаөзен қаласының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-тың еншілес компаниясы – «Ak Su KMG» ЖШС Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыландыру зауыты мен оған апаратын инфрақұрылымның құрылысын бастады. Топ аталған объектінің өтелетін құны нөлге тең деп есептейді және сәйкесінше 2025 жылы құрылысқа жұмсалған шығыстар бойынша жалпы сомасы 24.145 миллион теңге мөлшерінде құнсыздануды таныды (2024 жылы Топ 70.521 миллион теңге сомасында құнсыздануды таныды және осы тұщыландыру зауытының құрылысына берілген аванс бойынша 2023 жылы құрылған резервті 17.324 миллион теңге сомасында қалпына келтірді). 2025 жылғы желтоқсанда тұщыландыру зауыты Маңғыстау облысының әкімдігінің балансына берілді.

Барлау шығыстары

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Торғай палеозойы» жобасы бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан 18.785 миллион теңге мөлшерінде залалды таныды, бұл бұрғылау жұмыстарының теріс нәтижелерімен және ұңғымадан көмірсутек шикізаты белгілерінің анықталмауымен байланысты.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Абай» жобасы бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан 17.703 миллион теңге мөлшерінде залалды таныды, бұл бұрғылау жұмыстарының теріс нәтижелерімен және ұңғымадан көмірсутек шикізаты белгілерінің анықталмауымен байланысты.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС, БАСҚА ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС / ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Банктердегі салымдар, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	**191.896**	182.627
Басқалар	**6.063**	1.765
	197.959	184.392

Басқа қаржылық кіріс

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Қарыз бойынша міндеттемелерді тануды тоқтату *(26-ескертпе)*	**24.775**	48.442
Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау	**3.430**	6.806
Қаржы құралының модификациясына байланысты оның әділ құнындағы өзгерістерді тану *(26-ескертпе)*	**–**	59.769
Басқалар	**14.800**	8.273
	43.005	123.290

Қаржылық шығындар

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыстар *(26-ескертпе)*	**284.485**	279.227
Жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыстар *(27-ескертпе)*	**9.343**	8.444
Пайыздық шығын	**293.828**	287.671
Активтерді шығару бойынша міндеттемелердің, экологиялық міндеттемелердің және өзге резервтердің дисконт амортизациясы *(28-ескертпе)*	**21.440**	18.870
Байланысты тараптан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконттың амортизациясы *(32-ескертпе)*	**1.668**	8.741
Актуарлық міндеттемелер бойынша дисконттың амортизациясы	**8.365**	7.648
Басқалар	**42.754**	23.166
	368.055	346.096

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылыс-жайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	**4.647.662**	**261.762**	**1.008.653**	**243.107**	**375.432**	**78.095**	**114.411**	**442.120**	**7.171.242**
Есептілік валютасын қайта есептеу	571.416	6.245	33.626	13.340	9.007	4.495	12.631	35.800	686.560
Активтерді шығару бойынша міндеттемелерді есептік бағалаудағы өзгерістер	(8.763)	(7.341)	(2.770)	(3.197)	687	–	–	–	(21.384)
Түсімдер	56.890	59	69.497	947	7.706	10.187	3.910	519.302	668.498
Есептен шығару	(38.605)	(59)	(5.681)	(6.650)	(7.267)	(3.124)	(7.612)	(2.217)	(71.215)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу *(5-ескертпе)*	–	–	–	–	–	–	(28)	–	(28)
Тозу бойынша шығыстар	(390.800)	(11.358)	(100.757)	(13.150)	(32.356)	(14.141)	(10.424)	–	(572.986)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	31.438	59	5.607	6.439	7.046	3.069	6.349	1.857	61.864
Құнсыздану	–	–	(5.344)	(4.369)	(293)	(2.201)	–	(72.651)	(84.858)
Құнсыздануды қалпына келтіру	–	–	1.673	1.427	16.278	1	12	66	19.457
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар *(16-ескертпе)*	58	–	–	–	–	–	–	–	58
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар	–	–	(425)	(6.273)	(27)	–	(3)	–	(6.728)
Басқа да өзгерістер	51	(4)	174	(301)	59	(1)	485	(16.783)	(16.320)
Аударымдар	231.203	4.322	50.335	36.164	26.561	7.687	7.487	(363.759)	–
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**5.100.550**	**253.685**	**1.054.588**	**267.484**	**402.833**	**84.067**	**127.218**	**543.735**	**7.834.160**
Бастапқы құн	8.656.287	425.890	3.205.635	681.123	840.291	259.995	292.885	710.089	15.072.195
Жинақталған тозу және құнсыздану	(3.555.737)	(172.205)	(2.151.047)	(413.639)	(437.458)	(175.928)	(165.667)	(166.354)	(7.238.035)
2024 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	**5.100.550**	**253.685**	**1.054.588**	**267.484**	**402.833**	**84.067**	**127.218**	**543.735**	**7.834.160**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырла-ры	Қайта өңдеу активтері	Ғимарат-тар мен құрылыс-жайлар	Машина-лар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталма-ған құрылыс	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	**5.100.550**	**253.685**	**1.054.588**	**267.484**	**402.833**	**84.067**	**127.218**	**543.735**	**7.834.160**
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(151.929)**	**(1.652)**	**(8.946)**	**(4.182)**	**(4.237)**	**(1.082)**	**(3.714)**	**(6.624)**	**(182.366)**
Активтерді шығару бойынша міндеттемелерді есептік бағалаудағы өзгерістер	**(13.695)**	**(9.225)**	**(12.734)**	**(4.890)**	**–**	**–**	**5**	**–**	**(40.539)**
Түсімдер	**34.628**	**1.135**	**1.611**	**4.142**	**15.589**	**13.707**	**3.551**	**564.435**	**638.798**
Есептен шығару, нетто	**(2.108)**	**(340)**	**(62)**	**(2.630)**	**(1.223)**	**(29)**	**(390)**	**(244)**	**(7.026)**
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу *(5-ескертпе)*	**–**	**–**	**–**	**(944)**	**(21)**	**–**	**(9)**	**–**	**(974)**
Тозу бойынша шығыстар	**(446.040)**	**(12.377)**	**(109.494)**	**(16.676)**	**(35.505)**	**(15.646)**	**(10.559)**	**–**	**(646.297)**
Құнсыздану	**(220)**	**(26)**	**–**	**(1.247)**	**(50)**	**(220)**	**(204)**	**(27.479)**	**(29.446)**
Құнсыздануды қалпына келтіру	**–**	**–**	**3.000**	**–**	**66**	**3.693**	**7.042**	**347**	**14.148**
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар *(16-ескертпе)*	**4.741**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**4.741**
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке\мүліктен аударымдар	**–**	**–**	**17**	**4.235**	**–**	**–**	**(11)**	**–**	**4.241**
Басқа да өзгерістер	**(138)**	**(8)**	**136**	**–**	**27**	**(3)**	**1.150**	**25**	**1.189**
Аударымдар	**261.279**	**82.206**	**92.384**	**26.924**	**83.832**	**28.580**	**8.478**	**(583.683)**	**–**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**4.787.068**	**313.398**	**1.020.500**	**272.216**	**461.311**	**113.067**	**132.557**	**490.512**	**7.590.629**
Бастапқы құн	**8.613.222**	**490.533**	**3.211.055**	**676.711**	**911.790**	**295.755**	**292.996**	**575.795**	**15.067.857**
Жинақталған тозу және құнсыздану	**(3.826.154)**	**(177.135)**	**(2.190.555)**	**(404.495)**	**(450.479)**	**(182.688)**	**(160.439)**	**(85.283)**	**(7.477.228)**
2025 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	**4.787.068**	**313.398**	**1.020.500**	**272.216**	**461.311**	**113.067**	**132.557**	**490.512**	**7.590.629**

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға Топ жаңа активтердің құрылысына қатысты 9.126 миллион теңге сомаға 5,12% бастап 19,50% дейінгі диапазонда капиталдандыру мөлшерлесі бойынша (2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға: 3.718 миллион теңге сомаға 5,71% бастап 15,75% дейінгі диапазондағы капиталдандыру мөлшерлемесі бойынша) қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 451.934 миллион теңге (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 404.898 миллион теңге) болды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны 156.810 миллион теңге болатын негізгі құралдардың кейбір нысандары Топтың банк қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылды (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 163.170 миллион теңге).

Күрделі міндеттемелер *34-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

16. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР

Миллион теңгемен	Материалдық	Материалдық емес	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	157.025	17.162	174.187
Түсімдер	26.063	13.058	39.121
Шетел валютасын қайта есептеу	21.217	–	21.217
Есепті бағалаудағы өзгерістер	4.008	–	4.008
Негізгі құралдарға аударымдар (*15-ескертпе*)	(58)	–	(58)
Құнсыздану *(13-ескертпе)*	(20.647)	(1.009)	(21.656)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу *(5-ескертпе)*	(191)	(100)	(291)
Басқа да аударымдар	84	(84)	–
Есептен шығару	–	(80)	(80)
2024 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	**187.501**	**28.947**	**216.448**
Түсімдер	**14.398**	**14.754**	**29.152**
Шетел валютасын қайта есептеу	**(5.839)**	**–**	**(5.839)**
Есепті бағалаудағы өзгерістер	**932**	**–**	**932**
Негізгі құралдарға аударымдар (*15-ескертпе*)	**(4.741)**	**–**	**(4.741)**
Материалдық емес активтерге аударымдар *(17-ескертпе)*	**–**	**(412)**	**(412)**
Құнсыздану *(13-ескертпе)*	**(18.921)**	**(1.423)**	**(20.344)**
Есептен шығару	**(3.735)**	**(51)**	**(3.786)**
2025 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	**169.595**	**41.815**	**211.410**

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына барлау және бағалау бойынша активтер келесі жобалармен көрсетілген:

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Солтүстік Каспий жобасы	**156.655**	161.838
Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жобалар	**40.185**	27.199
«Бектұрлы Шығыс» жобасы	**4.804**	4.615
«Қаражар» жобасы	**4.317**	247
«Тайсойған» жобасы	**2.335**	2.711
«Торғай палеозой» жобасы (13-ескертпе)	**–**	14.604
Басқалар	**3.114**	5.234
	211.410	216.448

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Миллион теңгемен	Лицензиялар	Жер қойнауын пайдалану құқықта-ры (өндіру сатысын-да)	Гудвил	Маркетинг бойынша материалдық емес активтер	Бағдар-ламалық жасақтама	Басқа	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	483.309	198.376	110.258	26.809	17.266	47.265	883.283
Есептілік валютасын қайта есептеу	71.153	29.423	1.846	4.161	882	2.243	109.708
Түсімдер	1.100	151	–	–	3.619	3.752	8.622
Есептен шығару	(319)	–	–	–	(1.736)	(219)	(2.274)
Амортизация бойынша шығыстар	(32.175)	(10.115)	–	–	(5.472)	(1.539)	(49.301)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану	319	–	–	–	1.720	56	2.095
Басқа да өзгерістер	1.002	–	–	–	1.320	(2.322)	–
Ауыстырулар	–	387	–	–	83	(9.447)	(8.977)
2024 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	524.389	218.222	112.104	30.970	17.682	39.789	943.156
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(18.386)**	**(7.776)**	**(512)**	**(1.155)**	**(209)**	**(621)**	**(28.659)**
Есептік бағалаудағы өзгерістер	**–**	**(94)**	**–**	**–**	**–**	**–**	**(94)**
Түсімдер	**512**	**4.682**	**–**	**–**	**1.710**	**7.573**	**14.477**
Есептен шығару, нетто	**–**	**(28)**	**–**	**–**	**(19)**	**(3.704)**	**(3.751)**
Амортизация бойынша шығыстар	**(37.936)**	**(10.392)**	**–**	**–**	**(5.386)**	**(1.597)**	**(55.311)**
Құнсыздану	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**(120)**	**(120)**
Басқа да өзгерістер	**2**	**138**	**–**	**–**	**151**	**11.431**	**11.722**
Ауыстырулар	**1.076**	**419**	**–**	**–**	**1.116**	**(2.611)**	**–**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**469.657**	**205.171**	**111.592**	**29.815**	**15.045**	**50.140**	**881.420**
Бастапқы құн	**766.346**	**299.592**	**220.337**	**76.533**	**92.969**	**124.073**	**1.579.850**
Жинақталған амортизация және құнсыздану	**(296.689)**	**(94.421)**	**(108.745)**	**(46.718)**	**(77.924)**	**(73.933)**	**(698.430)**
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**469.657**	**205.171**	**111.592**	**29.815**	**15.045**	**50.140**	**881.420**
Бастапқы құн	795.467	306.196	220.849	79.497	94.036	114.224	1.610.269
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(271.078)	(87.974)	(108.745)	(48.527)	(76.354)	(74.435)	(667.113)
2025 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	524.389	218.222	112.104	30.970	17.682	39.789	943.156

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (жалғасы)

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маркетинг бойынша материалдық емес активтер КМГИ тауар белгілерімен білдірілді.

Ақша ағындарын тудыратын әрбір бірлікке жататын гудвилдің ағымдағы құны:

Ақша ағындарын тудыратын бірліктер	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
ПМХЗ ақша ағындарын генерациялайтын бірлік	**88.553**	88.553
КМГИ ақша ағындарын генерациялайтын бірліктер	**13.225**	13.737
Дунга ақша ағындарын генерациялайтын бірліктер	**9.814**	9.814
Гудвилл жиыны	**111.592**	112.104

Құнсыздануға жасалған талдаудың негізінде 2025 және 2024 жылдары ПМХЗ, КМГИ және Дунга гудвилінің құнсыздануы анықталмады. ПМХЗ гудвилінің құнсыздануына жасалған талдау туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат *4-ескертпеде* баяндалған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

18. ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ НЫСАНЫНДАҒЫ АКТИВТЕР

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылыс-жайлар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	10.795	5.889	16.168	604	6.587	61.722	101.765
Есептілік валютасын қайта есептеу	1.509	816	2.010	66	28	10.381	14.810
Есепті бағалаудағы өзгерістер	–	88	1.135	1.866	(382)	4.679	7.386
Түсімдер	3.343	–	2.060	2.281	3.517	12.589	23.790
Есептен шығару	(6.662)	(18)	(2.215)	(582)	(925)	(5.165)	(15.567)
Тозу бойынша шығыстар	(6.714)	(371)	(3.311)	(3.172)	(2.063)	(6.101)	(21.732)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	5.880	18	644	379	525	5.093	12.539
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**8.151**	**6.422**	**16.491**	**1.442**	**7.287**	**83.198**	**122.991**
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(223)**	**(243)**	**(648)**	**(69)**	**(40)**	**(2.863)**	**(4.086)**
Есепті бағалаудағы өзгерістер	**(325)**	**982**	**5.508**	**3.005**	**277**	**793**	**10.240**
Түсімдер	**2.681**	**48**	**2.034**	**2.464**	**5.156**	**498**	**12.881**
Есептен шығару, нетто	**1**	**–**	**(2.260)**	**–**	**(81)**	**(39)**	**(2.379)**
Тозу бойынша шығыстар	**(6.549)**	**(400)**	**(2.966)**	**(3.781)**	**(2.334)**	**(6.406)**	**(22.436)**
Басқа да өзгерістер	**–**	**–**	**–**	**(8)**	**–**	**(120)**	**(128)**
Басқа аударымдар	**–**	**–**	**–**	**–**	**49**	**(49)**	**–**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**3.736**	**6.809**	**18.159**	**3.053**	**10.314**	**75.012**	**117.083**
Бастапқы құн	20.844	8.941	34.042	22.545	11.544	101.156	199.072
Жинақталған тозу және құнсыздану	(12.693)	(2.519)	(17.551)	(21.103)	(4.257)	(17.958)	(76.081)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**8.151**	**6.422**	**16.491**	**1.442**	**7.287**	**83.198**	**122.991**
Бастапқы құн	**3.900**	**9.442**	**37.396**	**26.948**	**16.704**	**98.367**	**192.757**
Жинақталған тозу және құнсыздану	**(164)**	**(2.633)**	**(19.237)**	**(23.895)**	**(6.390)**	**(23.355)**	**(75.674)**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	**3.736**	**6.809**	**18.159**	**3.053**	**10.314**	**75.012**	**117.083**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

19. БАНК САЛЫМДАРЫ

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ долларында көрсетілген	**1.943.314**	1.582.708
Теңгемен көрсетілген	**5.624**	5.662
Басқа да валюталарда көрсетілген	**54**	–
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві	**(257)**	(225)
	1.948.735	1.588.145

2025 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді банк салымдарының орташа алынған мөлшерлемесі АҚШ долларында 3,50% және теңгемен тиісінше 7,75% болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 3,54% және теңгемен тиісінше 6,85%).

2025 жылғы 31 желтоқсанға қысқа мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 4,40% және теңгемен тиісінше 4,51% болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 4,88% және теңгемен тиісінше 0,49%).

Банктік салымдарды орналастырудың бастапқы шарттары төменде келтірілген:

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Өтеу мерзімі 1 жылға дейін	**1.875.464**	1.513.816
1 жылдан 2 жылға дейін өтеу мерзімі	**1.793**	1.977
2 жылдан артық өтеу мерзімі	**71.478**	72.352
	1.948.735	1.588.145

2025 жылғы 31 желтоқсанға банк депозиттеріне 73.271 миллион теңге мөлшерінде баланстық құнымен (2024 жылғы 31 желтоқсан: 74.329 миллион теңге) қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған ақша қаражаты кіреді, әрі олар негізінен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай тарату қоры ретінде пайдалануда шектелген шоттарда орналастырылған 70.476 миллион теңге сомасынан (2024 жылғы 31 желтоқсан: 71.273 миллион теңге) тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Миллион теңгемен	Негізгі қызметі	Қызметті жүзеге асыру орны	2025 жылғы 31 желтоқсан Ағымдағы құны	2025 жылғы 31 желтоқсан Иелік ету үлесі	2024 жылғы 31 желтоқсан Ағымдағы құны	2024 жылғы 31 желтоқсан Иелік ету үлесі
Бірлескен кәсіпорындар						
«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО)[1]	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	**3.449.897**	**20,00%**	3.987.223	20,00%
Mangistau Investment B.V. Group (ММГ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	**227.787**	**50,00%**	196.938	50,00%
«Силлено» ЖШС (Силлено)[3]	Бірінші интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы	Қазақстан	**108.049**	**40,00%**	65.079	40,00%
«KALAMKAS-KHAZAR OPERATING» ЖШС (ККО)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	**84.370**	**50,00%**	88.018	50,00%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)	Мұнай тасымалдау	Қазақстан	**67.741**	**50,00%**	66.202	50,00%
Ural Group Limited (УГЛ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	**58.042**	**50,00%**	67.860	50,00%
Valsera Holdings B.V. Group (ПКОП)	Шикі мұнайды қайта өңдеу	Қазақстан	**53.725**	**50,00%**	37.688	50,00%
«KC Energy Group» ЖШС (KCEG)[2]	Сұйытылған көмірсутек газы мен мұнай өнімдерін сату	Қазақстан	**51.705**	**49,00%**	27.749	49,00%
«ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ)	Табиғи газды және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату	Қазақстан	**48.347**	**50,00%**	66.539	50,00%
«ҚазГерМұнай» ЖШС (ҚГМ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	**31.431**	**50,00%**	44.264	50,00%
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)	Шикі мұнайды өндіру және сату	Қазақстан	**22.896**	**50,00%**	24.028	50,00%
«PETROSUN» ЖШС[2] (Petrosun)	Сұйытылған көмірсутек газы мен мұнай өнімдерін сату	Қазақстан	**9.507**	**49,00%**	8.978	49,00%
Karaton Operating Ltd. ЖК (Каратон)	Көмірсутектерді әзірлеу және өндіру	Қазақстан	**8.284**	**50,00%**	8.907	50,00%
«Теңіз Сервис» ЖШС (Теңіз Сервис)	Инфрақұрылымдық объектілерді жобалау, салу және пайдалану, теңіздегі мұнай операцияларын қолдау	Қазақстан	**3.727**	**48,996%**	6.468	48,996%
Басқалар			**84.426**		57.916	
Қауымдасқан компаниялар						
Каспий Құбыр Консорциумы (ККҚ)	Сұйық көмірсутектерді тасымалдау	Қазақстан /Ресей	**493.443**	**20,75%**	484.247	20,75%
ПетроҚазахстан Инк. (ПҚИ)	Көмірсутектерді барлау, өндіру және өңдеу	Қазақстан	**68.172**	**33,00%**	82.175	33,00%
Басқалар			**62.413**		58.234	
			4.933.962		5.378.513	

[1] *20% үлесі Топқа ТШО-ны бірлескен бақылауды ұсынады, оның қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.*

[2] *«KC Energy Group» ЖШС «PETROSUN» ЖШС-нің ағымдағы қызметіне ұқсас, қатысушылардың құқық және басқару тетіктері бірдей талаптарда құрылған. "PETROSUN" ЖШС қызметі кезең-кезеңімен "KC Energy Group"ЖШС-не ауыстырылды. "PETROSUN" ЖШС тарату сатысында. 49% үлесі Топқа "KC Energy Group" ЖШС-на бірлескен бақылауды ұсынады, оның қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.*

[3] *40% үлесі Топқа Силленога бірлескен бақылауды ұсынады, оның қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.*

Жоғарыда аталған бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар Топтың бизнесі үшін стратегиялы болып табылады.

2025 жылғы 31 желтоқсанда бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың танылмаған жинақталған шығындардағы Топтың үлесі 149.388 миллион теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсан: 112.808 миллион теңге) құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2025 және 2024 жылдардағы инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
1 қаңтардағы сальдо	**5.378.513**	4.821.427
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто *(7-ескертпе)*	**780.635**	531.230
Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларды мойындау *(5-ескертпе)*	**792**	8.255
Бірлескен бақылауды жоғалтпай бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесінің шығуы	**–**	(6.393)
Алынған дивидендтер	**(985.262)**	(701.104)
Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығын қоса алғанда, алынатын дивидендтердің өзгеруі	**(134.415)**	(58.263)
Бірлескен кәсіпорындар капиталындағы басқа да өзгерістер	**23.356**	57.997
Иелік ету үлесін өзгертпестен капиталға қосымша салымдар	**43.099**	74.209
Құнсыздану	**(223)**	–
Элиминациялар мен түзетулер*	**(423)**	(322)
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(172.110)**	651.477
31 желтоқсандағы сальдо	**4.933.962**	5.378.513

* *Элиминациялар және түзетулер бірлескен кәсіпорындарға Компания мен еншілес ұйымдар берген қарыздар бойынша капиталдандырылған сыйақыларды білдіреді.*

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2025 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	**ТШО**	**ММГ**	**Силлено**	**ККО**	**ҚҚҚ**	**УГЛ**	**ПКОП**
Әділ құнды түзетуді қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер	**22.745.433**	**502.915**	**655.397**	**245.274**	**113.323**	**206.629**	**383.750**
Қысқа мерзімді активтер, қоса	**3.148.034**	**241.152**	**31.075**	**423**	**59.902**	**34.248**	**74.079**
Ақша қаражаты мен оның баламалары	***573.562***	***79.330***	***10.413***	***14***	***42.053***	***22.328***	***10.445***
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	**(5.748.888)**	**(175.149)**	**(407.891)**	**(68.351)**	**(22.831)**	**(68.033)**	**(185.567)**
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	**(1.516.590)**	**–**	**–**	**–**	**–**	***(27.193)***	***(143.059)***
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	**(2.895.094)**	**(138.054)**	**(13.286)**	**(8.606)**	**(14.912)**	**(16.759)**	**(112.706)**
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	***(2.022.120)***	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	***(78.682)***
Капитал	**17.249.485**	**430.864**	**265.295**	**168.740**	**135.482**	**156.085**	**159.556**
Иелік ету үлесі	**20%**	**50%**	**40%**	**50%**	**50%**	**50%**	**50%**
Инвестицияның құнсыздануы	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**(20.000)**	**–**
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	**–**	**12.355**	**1.931**	**–**	**–**	**–**	**–**
Қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындарды түзету	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**(26.053)**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	**3.449.897**	**227.787**	**108.049**	**84.370**	**67.741**	**58.042**	**53.725**
Түсім	**10.799.781**	**852.320**	**–**	**–**	**76.217**	**3.431**	**284.489**
Тозу, сарқылу және амортизация	***(3.564.404)***	***(73.373)***	***88***	***(64)***	***(10.306)***	***(11)***	***(47.714)***
Қаржылық кіріс	**117.644**	**2.922**	**1**	**5.076**	**6.410**	**–**	**2.143**
Қаржылық шығындар	**(385.389)**	**(16.536)**	**–**	**(4.357)**	**–**	**(625)**	**(24.123)**
Табыс салығы бойынша шығыстар	**(883.840)**	**(33.748)**	**(2)**	**(637)**	**(8.314)**	**2.481**	**(12.802)**
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	**2.062.294**	**102.619**	**8.770**	**(7.296)**	**33.079**	**(10.425)**	**41.979**
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	**(706.681)**	**(1.302)**	**–**	**–**	**(1)**	**(9.211)**	**–**
Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)	**1.355.613**	**101.317**	**8.770**	**(7.296)**	**33.078**	**(19.636)**	**41.979**
Алынған дивидендтер	**683.683**	**19.810**	**–**	**–**	**15.000**	**–**	**4.952**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2025 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	**KCEG**	**ҚРГ**	**ҚГМ**	**ҚОА**	**Petrosun**	**Каратон**	**Теңіз Сервис**	**KPI**
Ұзақ мерзімді активтер	**160**	**19.590**	**81.264**	**37.666**	**–**	**25.016**	**4.370**	**937.353**
Қысқа мерзімді активтер, қоса	**207.308**	**94.183**	**16.744**	**32.294**	**19.403**	**8.097**	**4.039**	**102.779**
Ақша қаражаты мен оның баламалары	***88.165***	***47.507***	***4.322***	***21.059***	***14.240***	***5.692***	***2.359***	***57.592***
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**–**	**(516)**	**(15.083)**	**(17.084)**	**–**	**(28.725)**	**(523)**	**(1.157.267)**
Қысқа мерзімді міндеттемелер	**(101.084)**	**(16.563)**	**(20.063)**	**(7.084)**	**(1)**	**(2.261)**	**(279)**	**(166.716)**
Капитал	**106.384**	**96.694**	**62.862**	**45.792**	**19.402**	**2.127**	**7.607**	**(283.851)**
Иелік ету үлесі	**49%**	**50%**	**50%**	**50%**	**49%**	**50%**	**48,996%**	**49,5%**
Жинақталған жұмсалмаған залал	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**140.506**
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	**(423)**	**–**	**–**	**–**	**–**	**7.221**	**–**	**–**
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	**51.705**	**48.347**	**31.431**	**22.896**	**9.507**	**8.284**	**3.727**	**–**
Түсім	**1.614.120**	**227.543**	**129.620**	**72.734**	**–**	**–**	**1.072**	**145.344**
Тозу, сарқылу және амортизация	***(40)***	***(346)***	***(32.397)***	***(3.856)***	**–**	**–**	***(310)***	***(66.204)***
Қаржылық кіріс	**12.069**	**6.620**	**940**	**1.766**	**1.748**	**29**	**292**	**168**
Қаржылық шығындар	**(1.100)**	**–**	**(1.352)**	**(3.188)**	**(134)**	**(1.235)**	**(71)**	**(78.890)**
Табыс салығы бойынша шығыстар	**(32.984)**	**(4.729)**	**(19.073)**	**(1.614)**	**(338)**	**–**	**(15)**	**–**
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	**131.754**	**6.040**	**34.278**	**6.735**	**1.079**	**(1.245)**	**(2.593)**	**(72.230)**
Басқа да жиынтық зиян	**–**	**(4.109)**	**(3.440)**	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**
Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)	**131.754**	**1.931**	**30.838**	**6.735**	**1.079**	**(1.245)**	**(2.593)**	**(72.230)**
Алынған дивидендтер	**40.180**	**19.157**	**28.762**	**4.500**	**–**	**–**	**1.470**	**–**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2024 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	ТШО	ММГ	Силлено	ККО	ҚҚҚ	УГЛ	ПКОП
Әділ құнды түзетуді қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер	26.176.361	453.936	132.833	218.477	119.017	242.666	414.933
Қысқа мерзімді активтер, қоса	2.664.463	237.009	1.918	6.307	49.543	23.706	111.847
Ақша қаражаты мен оның баламалары	*1.142.568*	*84.851*	*1.884*	*6.301*	*39.103*	*15.317*	*48.361*
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	(7.086.258)	(140.577)	–	(43.328)	(22.936)	(47.481)	(278.761)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	*(3.675.770)*	–	–	–	–	*(24.832)*	*(226.189)*
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(1.818.449)	(159.532)	(5.623)	(5.819)	(13.220)	(19.923)	(120.536)
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	*(1.050.220)*	–	–	–	–	–	*(71.775)*
Капитал	19.936.117	390.836	129.128	175.638	132.404	198.968	127.483
Иелік ету үлесі	20%	50%	40%	50%	50%	50%	50%
Инвестицияның құнсыздануы	–	–	–	–	–	(20.000)	–
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	–	1.520	13.428	–	–	(11.624)	–
Қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындарды түзету	–	–	–	–	–	–	(26.053)
Жинақталған жұмсалмаған залал	–	–	–	199	–	–	–
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	3.987.223	196.938	65.079	88.018	66.202	67.860	37.688
Түсім	8.358.505	871.754	–	–	87.939	26.561	256.007
Тозу, сарқылу және амортизация	*(2.615.840)*	*(94.355)*	*(31)*	*–*	*(10.267)*	*(6)*	*(33.021)*
Қаржылық кіріс	116.985	1.800	800	139	2.688	–	1.968
Қаржылық шығындар	(240.018)	(17.802)	(80)	(1.495)	(333)	(586)	(29.742)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(669.126)	(38.238)	–	–	(10.519)	9.581	(7.484)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	1.517.402	71.452	(2.138)	(10.479)	41.688	(17.923)	(353)
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	2.693.108	4.365	–	–	(1)	33.036	(86)
Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)	4.210.510	75.817	(2.138)	(10.479)	41.687	15.113	(439)
Алынған дивидендтер	389.991	44.584	–	–	8.000	–	3.285

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде мұндай кәсіпорындардың 2024 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	KCEG	ҚРГ	ҚГМ	ҚОА	Petrosun	Каратон	Теңіз Сервис	KPI
Ұзақ мерзімді активтер	133	19.368	83.427	30.963	–	6.272	6.332	988.585
Қысқа мерзімді активтер, қоса	176.367	127.977	57.674	42.928	20.485	4.560	8.602	77.935
Ақша қаражаты мен оның баламалары	*42.673*	*75.084*	*45.346*	*33.661*	*18.020*	*295*	*7.270*	*50.580*
Ұзақ мерзімді міндеттемелер, қоса	–	(403)	(18.375)	(16.468)	–	(8.130)	(736)	(1.092.836)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	–	–	–	–	–	–	–	–
Қысқа мерзімді міндеттемелер, қоса	(119.870)	(13.864)	(34.198)	(9.366)	(2.162)	(1.399)	(998)	(197.214)
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	–	–	–	–	–	–	–	–
Капитал	**56.630**	**133.078**	**88.528**	**48.057**	**18.323**	**1.303**	**13.200**	**(223.530)**
Иелік ету үлесі	49%	50%	50%	50%	49%	50%	48,996%	49.5%
Жинақталған жұмсалмаған залал	–	–	–	–	–	–	–	110.647
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзетулер	–	–	–	–	–	8.255	–	–
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	**27.749**	**66.539**	**44.264**	**24.028**	**8.978**	**8.907**	**6.468**	**–**
Түсім	791.620	255.369	148.440	77.345	707.668	–	2.077	26.241
Тозу, сарқылу және амортизация	–	*(312)*	*(23.042)*	*(8.196)*	*(17)*	–	*(438)*	*(4.407)*
Қаржылық кіріс	2.374	6.602	1.066	5.528	3.179	1.704	849	188
Қаржылық шығындар	(1.170)	–	(1.096)	(2.344)	(2.622)	(383)	(68)	(63.802)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(13.918)	(14.569)	(25.528)	(2.814)	(13.687)	–	–	–
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	55.690	38.314	50.672	11.973	53.547	1.304	(3.556)	(225.649)
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	–	20.455	9.658	–	–	–	–	–
Жалпы жиынтық кіріс/(зиян)	55.690	58.769	60.330	11.973	53.547	1.304	(3.556)	(225.649)
Алынған дивидендтер	–	53.276	23.389	–	49.000	–	–	–

Төменде 2025 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі қауымдасқан компаниялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

	2025 ж. 31 желтоқсан	
Миллион теңгемен	ККК	ПҚИ
Ұзақ мерзімді активтер	**2.256.422**	**150.114**
Қысқа мерзімді активтер	**318.864**	**122.579**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**(147.943)**	**(12.124)**
Қысқа мерзімді міндеттемелер	**(283.198)**	**(33.450)**
Капитал	**2.144.145**	**227.119**
Иелік ету үлесі	**20,75%**	**33%**
Гудвил	**48.533**	**–**
Инвестицияның құнсыздануы	**–**	**(6.778)**
Инвестициялардың ағымдағы құны	**493.443**	**68.172**
Түсім	**1.339.068**	**112.326**
Тозу, сарқылу және амортизация	***(205.134)***	***(18.270)***
Қаржылық кіріс	**14.284**	**4.455**
Қаржылық шығындар	**(1.190)**	**(1.755)**
Табыс салығы бойынша шығыстар	**(215.787)**	**(17.111)**
Бір жылғы пайда	**881.670**	**8.121**
Басқа да жиынтық зиян	**(98.998)**	**(2.761)**
Жалпы жиынтық кіріс	**782.672**	**5.360**
Алынған дивидендтер	**143.847**	**15.015**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде 2024 жылғы қаржылық есептіліктеріне негізделген елеулі қауымдасқан компаниялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген:

	2024 жылғы 31 желтоқсан	
Миллион теңгемен	**ҚҚК**	**ПҚИ**
Ұзақ мерзімді активтер	2.109.714	174.833
Қысқа мерзімді активтер	288.618	139.072
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(8.147)	(16.382)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(299.418)	(27.971)
Капитал	2.090.767	269.552
Иелік ету үлесі	20,75%	33%
Гудвил	50.413	–
Инвестицияның құнсыздануы	–	(6.778)
Инвестициялардың ағымдағы құны	484.247	82.175
Түсім	1.063.100	132.943
Тозу, сарқылу және амортизация	(221.309)	(25.378)
Қаржылық кіріс	15.676	2.011
Қаржылық шығындар	(1.558)	(1.269)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(95.835)	(9.368)
Бір жылғы пайда	392.890	6.828
Басқа да жиынтық зиян	334.726	20.354
Жалпы жиынтық кіріс	727.616	27.182
Алынған дивидендтер	105.910	17.920

Төменде дербес елеулі емес бірлескен кәсіпорындар туралы жалпылама қаржы ақпараты көрсетілген (Топ үлесі):

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Топтың мыналардағы үлесі:		
Ұзақ мерзімді активтердегі	**83.234**	70.182
Қысқа мерзімді активтердегі	**35.488**	30.806
Ұзақ мерзімді міндеттемелердегі	**(18.409)**	(27.553)
Қысқа мерзімді міндеттемелердегі	**(26.329)**	(17.652)
Гудвил	**172**	172
Залалда жинақталған танылмаған үлес	**9.916**	1.961
Үлестік қатысу әдісімен есепке алуды түзету	**354**	–
Инвестициялардың ағымдағы құны	**84.426**	57.916
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)	**(757)**	2.497
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	**902**	(118)
Жалпы жиынтық кіріс	**145**	2.379
Зияндағы танылмаған үлес	**(7.540)**	(761)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төменде дербес елеулі емес қауымдасқан компаниялар туралы қаржы ақпараты көрсетілген (Топ үлесі):

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Топтың мыналардағы үлесі:		
Ұзақ мерзімді активтердегі	**69.984**	65.590
Қысқа мерзімді активтердегі	**90.759**	85.423
Ұзақ мерзімді міндеттемелердегі	**(19.925)**	(12.685)
Қысқа мерзімді міндеттемелердегі	**(78.405)**	(80.094)
Инвестициялардың ағымдағы құны	**62.413**	58.234
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда	**6.415**	1.672
Басқа да жиынтық (зиян)/кіріс	**(1.146)**	3.066
Жалпы жиынтық кіріс	**5.269**	4.738

21. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Материалдар мен қорлар (өзіндік құны бойынша)	**240.699**	266.669
Шикі мұнай (өзіндік құны бойынша)	**115.247**	97.243
Мұнай өнімдері (өзіндік құнның ең азы және өткізудің таза құны бойынша)	**55.316**	92.212
Минус қорлардың құнсыздануына арналған резерв	**(36.527)**	(42.383)
	374.735	413.741

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 189.660 миллион теңге мөлшеріндегі баланстық құнымен тауар-материалдық қорлар кепілмен қамсыздандыру ретінде болды (2025 жылғы 31 желтоқсанға: 225.073 миллион теңге).

Қорлардың құнсыздануына арналған резервтердегі өзгерістер келесідей ұсынылған:

Миллион теңгемен	
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(36.947)
Есептелген, нетто	(942)
Есептен шығарылды	285
Есептілік валютасын қайта есептеу	(4.779)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(42.383)
Есептелген, таза	**3.781**
Есептен шығарылды	**518**
Есептілік валютасын қайта есептеу	**1.557**
2025 жылғы 31 желтоқсанға	**(36.527)**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

22. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек		
Сауда дебиторлық берешек	**632.365**	472.143
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві	**(35.254)**	(29.086)
	597.111	443.057
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері		
Басқа да дебиторлық берешек	**114.069**	117.313
Алынатын дивидендтер	**3.512**	7.997
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві	**(45.952)**	(61.782)
	71.629	63.528
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер		
Алдын ала төлем және болашақ кезеңдердің шығыстары	**128.761**	137.553
ҚҚС-тан басқа, өтелуге жататын салықтар	**54.391**	37.414
Басқа	**11.400**	6.643
Минусы: құнсыздану резерві	**(160)**	(856)
	194.392	180.754
Басқа да қысқа мерзімді активтер жиыны	**266.021**	244.282

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы активтер бойынша пайыздар есептелмеген.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 174.372 миллион теңге болатын сауда дебиторлық берешегі топтың міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған болып табылады (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 181.246 миллион теңге).

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешегі келесі валюталарда көрсетілген:

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	**262.642**	280.970
Теңге	**244.424**	94.420
Румын лейі	**80.780**	63.296
Еуро	**8.362**	2.770
Басқа валюталар	**903**	1.601
	597.111	443.057

Күтілетін кредиттік зияндар мен құнсыздану резервіндегі өзгерістер келесідей:

Миллион теңгемен	**Сауда дебиторлық берешек**	**Басқа қысқа мерзімді қаржы активтері**	**Басқа қысқа мерзімді қаржылық емес активтер**
2023 жылғы 31 желтоқсанға	32.190	43.853	3.359
Бір жылға есептеулер, нетто	(4.119)	12.253	(2.545)
Есептен шығарылды	(1.175)	–	–
Шетел валютасын қайта есептеу	2.190	5.676	42
2024 жылғы 31 желтоқсанға	29.086	61.782	856
Бір жылға есептеулер, нетто	**6.187**	**(13.642)**	**(149)**
Есептен шығарылды	**210**	**(961)**	**(678)**
Шетел валютасын қайта есептеу	**(229)**	**(1.227)**	**131**
2025 жылғы 31 желтоқсанға	**35.254**	**45.952**	**160**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

22. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (жалғасы)

Төменде резервтік матрицаны қолдана отырып, сауда дебиторлық берешек тобының несиелік тәуекелі туралы ақпарат берілген:

	Төлем мерзімін кешіктіру					
Миллион теңгемен	**Ағымдағы**	**<30 күн**	**30-60 күн**	**61-90 күн**	**>91 күн**	**Жиыны**
2025 жылғы 31 желтоқсан						
Күтілетін кредит зияндарының пайызы	**0,22%**	**0,09%**	**1,20%**	**2,87%**	**44,20%**	
Сауда дебиторлық берешек	**423.006**	**81.548**	**34.488**	**17.890**	**75.433**	**632.365**
Күтілетін кредиттік зияндар	**(910)**	**(74)**	**(413)**	**(513)**	**(33.344)**	**(35.254)**
2024 жылғы 31 желтоқсан						
Күтілетін кредит зияндарының пайызы	0,38%	0,96%	5,72%	3,64%	79,41%	
Сауда дебиторлық берешек	405.631	21.091	3.347	8.240	33.834	472.143
Күтілетін кредиттік зияндар	(1.524)	(202)	(191)	(300)	(26.869)	(29.086)

23. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша		
ҚР ҰБ ноттары *(32-ескертпе)*	**37.378**	38.329
Байланысты тараптарға берілген қарыздар *(32-ескертпе)*	**38.024**	35.074
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар *(32-ескертпе)*	**24.160**	32.539
Басқа	**8.386**	6.933
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві	**(772)**	(705)
	107.176	112.170
Пайда және зиян арқылы әділ құны бойынша		
Байланысты тараптарға берілген қарыздар *(32-ескертпе)*	**148.366**	82.945
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға жататын кепілдік берілген төлемдер	**11.289**	10.798
	159.655	93.743
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек жиыны	**266.831**	205.913

Төменде байланысты тараптардан келесі валюталарда білдірілген қарыздар мен дебиторлық берешек жөнінде ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Теңге	**168.014**	100.657
АҚШ Доллары	**98.817**	105.256
	266.831	205.913

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді бөлік	**59.584**	84.240
Ұзақ мерзімді бөлік	**207.247**	121.673
	266.831	205.913

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

23. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік зиян резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	
2023 жылғы 31 желтоқсанға	**1.863**
Есептелгені, нетто	(73)
Есептен шығарылғаны	(1.086)
Есептілік валютасын қайта есептеу	1
2024 жылғы 31 желтоқсанға	**705**
Есептелгені, нетто	**115**
Есептен шығарылғаны	**(47)**
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(1)**
2025 жылғы 31 желтоқсанға	**772**

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік зияндар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Байланысты тараптардың қарыздары мен дебиторлық берешегі алғашқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалмады.

24. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Банктердегі мерзімді салымдар - АҚШ доллары	**811.660**	848.432
Банктердегі мерзімді салымдар - теңге	**152.321**	172.922
Банктердегі мерзімді салымдар - басқа валюталар	**54.910**	60.346
Банктердегі ағымдағы шоттар - АҚШ доллары	**105.433**	78.600
Банктердегі ағымдағы шоттар - теңге	**4.486**	7.786
Банктердегі ағымдағы шоттар - басқа валюталар	**31.515**	17.689
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем болатын кері репо мәмілелері	**32.804**	26.395
Жолдағы ақша	**3.381**	1.864
Кассадағы қолма-қол ақша және чектер	**1.756**	2.487
Минусы: күтілетін кредиттік зияндар резерві	**(81)**	(70)
	1.198.185	1.216.451

Мерзімді салымдар әртүрлі мерзімдерге ақша қаражатында Топтың мұқтаждығына қарай бір күннен үш айға дейінгі мерзімге орналастырылған.

2025 жылғы 31 желтоқсанға банктердегі мерзімді салымдар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме АҚШ долларында 3,89%, теңгемен 17,37% және басқа валюталарда 6,06% (2024 жылғы 31 желтоқсанға: АҚШ долларында 4,22%, теңгемен 14,53% және басқа валюталарда 5,18%) болды.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты Топтың міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылмаған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

Айналыстағы, шығарылған және төленген акциялардың жалпы санына мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	**2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына**
Шығарылған және төленген акциялардың саны, оның ішінде:	**610.119.493**
Номиналды құны 27.726,63 теңге	137.900
Номиналды құны 10.000 теңге	20.719.604
Номиналды құны 5.000 теңге	59.707.029
Номиналды құны 2.500 теңге	71.104.187
Номиналды құны 2.451 теңге	1
Номиналды құны 1.000 теңге	1
Номиналды құны 921 теңге	1
Номиналды құны 858 теңге	1
Номиналды құны 838 теңге	1
Номиналды құны 704 теңге	1
Номиналды құны 592 теңге	1
Номиналды құны 500 теңге	458.450.766
Жарғылық капитал (мың теңге)	**916.540.545**

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның шығарылған акциялардың бір классы бар. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 239.440.103 жай акция жарияланып, бірақ шығарылмады. 2025 жылы жай акциялар шығарылмады.

Дивидендтер

2025 жылы Акционерлердің шешіміне сәйкес Компания 300.002 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 491,71 теңге мөлшерінде 2024 жыл үшін дивидендтерді есептеп, төледі (2024 жыл: 300.002 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 491,71 теңге мөлшерінде 2023 жыл үшін дивидендтер есептеліп, төленді).

2025 жылы Топ ҚТО, КМГИ 3.635 миллион теңге және тиісінше 3.572 миллион теңге (2024 жыл: 2.820 миллион теңге және тиісінше 2.759 миллион теңге) мөлшерінде бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер есептеп, төледі.

Самұрық-Қазынамен операциялар

2025 жылы компания Самұрық-Қазынаға 2035 жылы өтеу мерзімімен 10.500 миллион теңге көлемінде қарыз берді, сыйақы мөлшерлемесі 0,10% құрады. Тану күніндегі қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық 8.836 миллион теңге мөлшеріндегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде көрсетілді.

2024 жылғы 20 наурызда компания шығарған және 2022 жылы Самұрық-Қазына сатып алған облигациялардың купондық мөлшерлемесі 3,00%-дан 9,30%-ға дейін ұлғайтылды. Сәйкесінше 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес номиналды мөлшерлеменің өсуі айтарлықтай өзгеріске әкелді, атап айтқанда 3,00% купондық мөлшерлемемен облигацияларды тануды тоқтатуға және 9,30% купондық мөлшерлемемен облигацияларды тануға әкеп соқтырды.

Модификациялау күніне тануды тоқтатуға жататын облигациялардың баланстық құны мен әділ құны арасындағы 59.769 миллион теңге мөлшеріндегі айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қаржылық кірістердің құрамында көрсетілді (*14-ескертпе*).

Тануды тоқтатуға жататын облигациялардың әділ құны мен жаңадан танылған облигациялардың 293.288 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы теріс айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. КАПИТАЛ (жалғасы)

Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу

2025 жылы Топ, Үкіметтің Жаңаөзен қаласында әлеуметтік объектілерді салу және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын тұрғын-үймен қамтамасыз ету жөніндегі қаулысына сәйкес 4.199 миллион теңге және тиісінше 1.644 миллион теңге сомада міндеттемелерді есептеп, төледі (2024 жыл: 16 миллион теңге және тиісінше 2.059 миллион теңге).

Самұрық-Қазынамен басқа операциялар

2024 жылы топ ҚР Президентінің тапсырмасы шеңберінде 2023 жылы есептелген Орал қаласында спорт кешенін салу бойынша міндеттемелер бойынша резервті 1.989 миллион теңге сомасына ұлғайтты.

Нысан 2025 жылдың 22 қаңтарында пайдалануға берілді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топ 19.914 миллион теңге сомасында спорт кешенінің құрылысы мен баланстық құны бойынша есептелген міндеттемені есептеді.

Акцияға шаққандағы баланстық құн

KASE-нің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте KASE бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер жиыны	**18.848.445**	18.934.647
Минусы: материалдық емес активтер	**881.420**	943.156
Минусы: міндеттемелер жиыны	**6.462.120**	7.010.363
Таза активтер	**11.504.905**	10.981.128
Жай акциялар саны	**610.119.493**	610.119.493
Бір акцияның баланстық құны (мың теңгемен)	**18,857**	17,998

Акцияға шаққандағы пайда

Мың теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Акцияға базалық және бөлінген пайда үшін жай акциялардың орташа өлшенген саны	**610.119.493**	610.119.493
Акцияға арналған базалық және бөлінген пайда	**1,705**	1,794

Бақыланбайтын қатысу үлесі

Төменде топтың бақыланбайтын үлесі бар еншілес компаниялар туралы ақпарат берілген.

	Тіркелген және қызметін жүзеге асыратын ел	**2025 жылғы 31 желтоқсан**		2024 жылғы 31 желтоқсан	
		Бақыланбайтын қатысу үлесі	**Ағымдағы құны**	**Бақыланбайтын қатысу үлесі**	**Ағымдағы құны**
Rompetrol Downstream S.R.L.	Румыния	**45,37%**	**90.997**	45,37%	82.724
ҚТО	Қазақстан	**10,00%**	**70.641**	10,00%	63.870
Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	Румыния	**45,37%**	**24.797**	45,37%	22.120
Rompetrol Vega	Румыния	**45,37%**	**(35.097)**	45,37%	(29.521)
Rompetrol Rafinare S.A.	Румыния	**45,37%**	**(289.265)**	45,37%	(310.421)
Басқалар			**55.834**		61.440
			(82.093)		(109.788)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. КАПИТАЛ (жалғасы)

Бақыланбайтын қатысу үлесі (жалғасы)

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсанға және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері болған еншілес ұйымдар туралы жалпылама қаржылық ақпарат дербес негізде келтірілген:

Миллион теңгемен	**Rompetrol Downstream S.R.L.**	**ҚТО**	**Rompetrol Petrochemicals S.R.L.**	**Rompetrol Vega**	**Rompetrol Rafinare S.A.**
Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп					
Ұзақ мерзімді активтер	**128.376**	**843.988**	**1.983**	**25.441**	**176.091**
Қысқа мерзімді активтер	**308.810**	**188.081**	**53.341**	**14.458**	**88.049**
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**(76.754)**	**(180.645)**	**(476)**	**(46.679)**	**(206.780)**
Қысқа мерзімді міндеттемелер	**(159.875)**	**(125.006)**	**(195)**	**(70.574)**	**(694.902)**
Капитал жиыны	**200.557**	**726.418**	**54.653**	**(77.354)**	**(637.542)**
Мыналарға келетіндер:					
Бас компанияның акционеріне	**109.560**	**655.777**	**29.856**	**(42.257)**	**(348.277)**
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	**90.997**	**70.641**	**24.797**	**(35.097)**	**(289.265)**
Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп					
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	**1.033.467**	**357.478**	**–**	**115.398**	**2.007.243**
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)	**25.992**	**98.449**	**8.791**	**(15.082)**	**12.993**
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің/(зияннның) жиыны	**18.234**	**100.779**	**5.901**	**(12.290)**	**46.628**
Мыналарға келетіндер:					
Бас компанияның акционеріне	**9.961**	**90.701**	**3.224**	**(6.714)**	**25.472**
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	**8.273**	**10.078**	**2.677**	**(5.576)**	**21.156**
Бақыланбайтын қатысу үлестерінің пайдасына жарияланған дивидендтер	**–**	**(3.307)**	**–**	**–**	**–**
Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат					
Операциялық қызмет	**81.236**	**109.840**	**6**	**4.650**	**178.407**
Инвестициялық қызмет	**(25.324)**	**(20.852)**	**–**	**(4.499)**	**(65.647)**
Қаржылық қызмет	**(55.424)**	**(44.235)**	**–**	**(157)**	**(132.479)**
Ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамындағы таза көбеюі/(азаюы)	**488**	**43.201**	**5**	**(7)**	**(19.719)**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. КАПИТАЛ (жалғасы)

Бақыланбайтын қатысу үлесі (жалғасы)

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанға және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін Топтың елеулі бақыланбайтын қатысу үлестері болған еншілес ұйымдар туралы жалпылама қаржылық ақпарат дербес негізде келтірілген:

Миллион теңгемен	Rompetrol Downstream S.R.L.	ҚТО	Rompetrol Petrochemicals S.R.L.	Rompetrol Vega	Rompetrol Rafinare S.A.
Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп					
Ұзақ мерзімді активтер	133.296	840.928	2.897	27.976	118.375
Қысқа мерзімді активтер	234.461	139.023	46.503	17.223	56.753
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(71.025)	(204.199)	(500)	(47.700)	(176.147)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(114.409)	(112.191)	(147)	(62.563)	(683.150)
Капитал жиыны	182.323	663.561	48.753	(65.064)	(684.169)
Мыналарға келетіндер:					
Бас компанияның акционеріне	99.599	599.691	26.633	(35.543)	(373.748)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	82.724	63.870	22.120	(29.521)	(310.421)
Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп					
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	889.308	311.900	–	87.742	1.522.309
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)	8.990	65.092	1.312	402	(31.651)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің/(зиянның) жиыны	33.477	72.136	7.821	(9.257)	(125.792)
Мыналарға келетіндер:					
Бас компанияның акционеріне	18.288	64.922	4.273	(5.057)	(68.718)
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	15.189	7.214	3.548	(4.200)	(57.074)
Бақыланбайтын қатысу үлестерінің пайдасына жарияланған дивидендтер	–	(2.500)	–	–	–
Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат					
Операциялық қызмет	7.648	90.771	–	22.895	495.168
Инвестициялық қызмет	(4.358)	(69.457)	–	(22.862)	(540.019)
Қаржылық қызмет	(7.147)	(27.500)	–	(61)	16.742
Ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамындағы таза азаюы	(3.858)	(4.029)	–	(28)	(28.109)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ҚАРЫЗДАР

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	**3.062.408**	3.396.818
Сыйақының орташа өлшенген номиналды мөлшерлемелері	**6,09%**	6,25%
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	**459.539**	570.583
Сыйақының орташа өлшенген номиналды мөлшерлемелері	**7,02%**	8,41%
	3.521.947	3.967.401

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар келесі валюталарда берілді:

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ Доллары	**2.422.291**	2.982.986
Теңге	**802.117**	937.610
Еуро	**198.232**	35.601
Қытай юані	**89.798**	–
Басқа валюталар	**9.509**	11.204
	3.521.947	3.967.401

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы бөлік	**278.423**	323.290
Ұзақ мерзімді бөлік	**3.243.524**	3.644.111
	3.521.947	3.967.401

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша облигациялар мыналарды құрады:

Миллион теңгемен	**Шығару сомасы**	**Өтеу күні**	**Тиімді сыйақы мөлшерлемесі**	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	**2024 жылғы 31 желтоқсан**
Облигациялар					
ГҚБ және AIX 2025	1,25 миллиард юань	2030 жыл	2,95%	**89.798**	–
KASE 2023	70 миллиард теңге	2033 жыл	11,74% (0,50% номиналдық мөлшерлеме)	**43.411**	45.873
KASE 2022	751,6 миллиард теңге	2035 жыл	12,105% (9,30% номиналдық мөлшерлеме)	**649.876**	642.749
ЛҚБ 2020 жылғы облигациялары	750 миллион АҚШ доллары	2033 жыл	3,50%	**381.578**	396.299
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,25 миллиард АҚШ доллары	2030 жыл	5,375%	**629.635**	653.507
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,5 миллиард АҚШ доллары	2048 жыл	6,375%	**625.316**	778.795
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	1,25 миллиард АҚШ доллары	2047 жыл	5,75%	**493.105**	639.143
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	1 миллиард АҚШ доллары	2027 жыл	4,75%	**127.103**	131.604
Жиыны				**3.039.822**	3.287.970

2025 жылдың қазан айында Компания Гонконг қор биржасында («ГҚБ») және Астана Халықаралық биржасында («АХБ») тіркелген мерзімі 5 жыл және номиналды құны 1.250 миллион Қытай юань болатын (93.338 миллион теңгеге тең) 10 миллиард қытай юані сомасына орта мерзімді облигациялардың жаңа бағдарламасы шеңберінде купондық мөлшерлемесі 2,95% және кірістілігі 3,15% қытай юанімен номиналданған облигациялар шығаруды жүзеге асырды.

2025 жылдың желтоқсанында Компания 2047 және 2048 жылдары өтеу күні және номиналды құны 500 миллион АҚШ доллары (243.286 миллион теңгеге тең) мөлшерінде Лондон қор биржасында ("ЕДБ") орналастырылған облигацияларды ішінара мерзімінен бұрын сатып алды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

2024 жылғы 20 наурызда компания шығарған және 2022 жылы Самұрық-Қазына сатып алған облигациялардың купондық мөлшерлемесі 3,00%-дан 9,30%-ға дейін ұлғайтылды. Сәйкес 9 ХҚЕС (IFRS) номиналды мөлшерлеменің өсуі айтарлықтай өзгеріске, атап айтқанда 3,00% купондық мөлшерлемемен облигацияларды тануды тоқтауына және 9,30% купондық мөлшерлемемен облигацияларды тануына әкелді. Модификациялау күніне тануды тоқтатуға жататын облигациялардың баланстық құны мен әділ құны арасындағы 59.769 миллион теңге мөлшеріндегі айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қаржылық кірістердің құрамында көрсетілді (*14-ескертпе*). Тануды тоқтатуға жататын облигациялардың әділ құны мен жаңадан танылған облигациялардың 293.288 миллион теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы теріс айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде көрсетілген (*25-ескертпе*).

2024 жылы компания 2027 жылы өтеу күні және номиналды құны 1 миллиард АҚШ доллары, 750 миллион АҚШ доллары сомасына (358.171 миллион теңгеге тең) ЛКБ-да орналастырылған облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара сатып алды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар мыналарды құрады:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	**2025 жылғы 31 желтоқсанға**	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Қарыздар					
Синдикатталған қарыз (Unicredit Bank, ING Bank, BCR, Raiffeisen Bank, Garanti Bank, Banca Transilvania, Intesa Sanpaolo)	551,8 миллион АҚШ доллары[1]	2026 жыл	ROBOR 1M+2,05% SOFR 1M+2,05% EURIBOR 1M+2,00% EURIBOR 1M+2,05%	**142.067**	149.937
Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ. Ltd (Лондон филиалы)	300 миллион АҚШ доллары	2026 жыл	COF[2] (3,76%) + 1,8%	**54.682**	91.405
Cargill	100 миллион АҚШ доллары	2026 жыл	SOFR 3M+2,80%	**50.792**	52.732
Синдикатталған қарыз(BCR, Raiffeisen Bank, Banca Transilvania, OTP, UniCredit Bank, Garanti Bank)	83 миллион еуро	2029 жыл	EURIBOR 6M + 3,00%	**30.471**	28.471
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Халық Банкі)	41,4 миллиард теңге	2032 жыл	ҚР Ұлттық Банкінің негізгі мөлшерлемесі+1,50%	**29.544**	31.157
Еуропа Қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ)	61 миллиард теңге	2028 жыл	CPI 6M + 4,00% CPI + 3,75%	**26.332**	37.730
Еуразиялық даму банкі	21 миллиард теңге	2033 жыл	ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі – 2,00% 15,20%	**24.982**	22.107
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (ҚДБ)	79 миллиард теңге	2028 жыл	(номиналды мөлшерлеме 7,99%)	**22.587**	43.892
Credit Agricole	150 миллионов долларов США	2026 жыл	COF (3,86%) + 1,75%	**22.118**	–
Banca Transilvania (бұрынғы OTP)	57,96 миллионов евро	2026 жыл	ROBOR 1M + 2,00% SOFR 1M + 2,00% EURIBOR 1M+2,00%	**19.913**	17.975
ING Bank NV	250 миллион АҚШ доллары	2026 жыл	COF (3,8%) + 2,00%	**19.760**	7.714
OTP Bank	119 миллионов румынских лей	2030 жыл	ROBOR 3M + 1,10%	**8.913**	10.087
Халық Банкі	169 миллиард теңге	2032 жыл	19,50%	**5.385**	49.219
Халық Банкі	110 миллиард теңге	2025 жыл	11,00%	**–**	64.883
Эни Исатай	–	Коммерциялық өндіру басталғаннан кейін	CME TERM SOFR + 3,00%	**–**	24.761
BCP	170 миллион АҚШ доллары	2026 жыл	COF (4,63%) + 2,00%	**–**	21.181
Басқасы	–	–	–	**24.579**	26.180
Жиыны				**482.125**	679.431

[1] *275,9 миллион АҚШ доллары жаңартылатын кредит желісі.*

[2] *Cost of funding (қаржыландыру құны).*

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

2025 жылы АМӨЗ Халық банкінің жалпы сомасы 64.883 миллион теңгеге қарызын, оның ішінде пайыздарды толық өтеді.

2025 жылы ҚМГИ Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd. пайыздарды қоса алғанда 76,29 миллион АҚШ доллары сомасына (39.773 миллион теңгеге тең) қарызын ішінара өтеді.

2025 жылы ҚМГИ жалпы сомасы 279,49 миллион АҚШ долларына (145.702 миллион теңгеге баламалы) Синдикатталған қарыз алды және, жалпы сомасы 311,099 миллион АҚШ долларына (162.179 миллион теңгеге баламалы) ішінара өтеуді жүзеге асырды.

2025 жылы ҚМГИ Credit Agricole-дан COF (3,86%) + 1,75% мөлшерлемесі және 2026 жылдың соңына дейін өтеу мерзімі бойынша жалпы сомасы 43,75 миллион АҚШ долларына (22.808 миллион теңгеге баламалы) қарыз алды.

2025 жылы ҚР Энергетика министрлігінің Абай жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасы негізінде Компания Эни Исатайдан алынған 24.775 миллион теңге сомасындағы қарызды, оның ішінде пайыздарды тануды тоқтатты (*14-ескертпе*).

2024 жылы ҚМГИ пайыздарды қоса алғанда, жалпы сомасы 71,88 миллион АҚШ долларына (33.735 миллион теңгеге баламалы) синдикатталған қарызды ішінара өтеді.

2024 жылы ҚМГИ Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd. компаниясынан COF (4,33%) + 1,50% мөлшерлемесі бойынша жалпы сомасы 35,91 миллион АҚШ долларына (16.854 миллион теңгеге балама) және айналым капиталын қаржыландыру үшін 2025 жылдың соңына дейін өтеу мерзіміне қарыз алды.

2024 жылы АМӨЗ және ПМХЗ ҚДБ жалпы сомасы 46.688 миллион теңге қарызын, оның ішінде пайыздарды ішінара өтеді.

2024 жылы АМӨЗ ЕҚДБ-дан CPI + 3,75% мөлшерлемесі бойынша жалпы сомасы 26.600 миллион теңгеге және Халық банкінің қарызын қайта қаржыландыру үшін 2028 жылға дейінгі өтеу мерзіміне қарыз алды.

2024 жылы АМӨЗ және ҚТО Халық банкінің жалпы сомасы 21.000 миллион теңгеге қарызын, оның ішінде пайыздарды ішінара өтеген.

2024 жылы ҚМГИ жалпы сомасы 29,21 миллион АҚШ долларына (13.709 миллион теңгеге баламалы) ING Bank NV-ден алған қарызды өтеді.

2024 жылы Компанияның еншілес ұйымы «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС Халық Банкінен ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + 1,50% және мұнай-газ өңдеу зауытын салу үшін 2032 жылдың соңына дейін өтеу мерзімі бойынша жалпы сомасы 48.246 миллион теңге қарыз алды.

2024 жылы ҚР Энергетика министрлігінің Жеңіс жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасы негізінде Компания 48.432 миллион теңге сомасына Лукойл Қазақстан Апстримнен (сатып-қаржыландыру) алынған қарызды тануды тоқтатты (*14-ескертпе*).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер:

	2025 жыл				2024 жыл			
Миллион теңгемен	**Қысқа мерзімді қарыздар**	**Ұзақ мерзімді қарыздар**	**Облигация-лар**	**Жиыны**	Қысқа мерзімді қарыздар	Ұзақ мерзімді қарыздар	Облигациялар	Жиыны
1 қаңтардағы сальдо	**151.541**	**527.890**	**3.287.970**	**3.967.401**	214.457	496.360	3.046.277	3.757.094
Ақша қаражатымен алынды	**59.271**	**148.346**	**92.224**	**299.841**	34.975	179.919	–	214.894
Негізгі борышты ақша қаражатымен төлеу	**(81.210)**	**(299.005)**	**(258.017)**	**(638.232)**	(118.862)	(145.496)	(383.051)	(647.409)
Есептелген сыйақы*(14-ескертпе)*	**11.564**	**38.787**	**234.134**	**284.485**	19.383	41.729	218.115	279.227
Төленген сыйақы*	**(11.623)**	**(44.614)**	**(216.405)**	**(272.642)**	(19.422)	(34.195)	(192.286)	(245.903)
Қарызды жаңғыртудан болған әсер	**–**	**–**	**–**	**–**	–	–	233.519	233.519
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(5.042)**	**(9.251)**	**–**	**(14.293)**	21.907	32.849	–	54.756
Таза инвестицияларды хеджирлеу үшін қолданылатын (оң)/теріс бағамдық айырмашылық	**–**	**–**	**(92.338)**	**(92.338)**	–	–	358.847	358.847
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату *(14-ескертпе)*	**1.877**	**9.022**	**(4.532)**	**6.367**	(897)	2.245	6.549	7.897
Бағамдық айырмашылық бойынша (кіріс)/шығын	**–**	**(24.775)**	**–**	**(24.775)**	–	(48.442)	–	(48.442)
Басқа	**–**	**9.345**	**(3.212)**	**6.133**	–	2.921	–	2.921
31 желтоқсандағы сальдо	**126.378**	**355.745**	**3.039.824**	**3.521.947**	151.541	527.890	3.287.970	3.967.401
Ағымдағы бөлік	**126.378**	**105.405**	**46.640**	**278.423**	151.541	122.729	49.020	323.290
Ұзақ мерзімді бөлік	**–**	**250.340**	**2.993.184**	**3.243.524**	–	405.161	3.238.950	3.644.111

* *Төленген сыйақы операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте берілген*

Ковенанттар

Топ кредиттік құжаттама шарттары бойынша қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Қаржылық келісімдер топтан таза қарыздың EBITDA-ға қатынасы, минималды пайыздық қамту және басқалары сияқты белгілі бір көрсеткіштерді сақтауды талап етеді. Несиелік келісімдердің шарттары бойынша келісімдерді орындамау бірінші талап бойынша ұзақ мерзімді қарыздарды өтеуге әкелуі мүмкін. 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топ барлық қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді сақтайды. Кредиттік құжаттамаға сәйкес, келісімдерді қайта қараудың келесі күні 2026 жылдың 31 наурызы болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Шетелдік функционалдық валютамен таза инвестицияларды хеджирлеу

Компания 2017-2020 жылдары шығарған және АҚШ долларымен номинацияланған ЛҚБ облигациялары Топтың шетелдік бөлімшелеріне ТШО, ҚМГ Қашаған Б.В. және ҚМГ Қарашығанаққа таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 2017-2020 жылдары шығарған ЛҚБ облигацияларының номиналды құны 4,500 миллион АҚШ долларын құрады (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 5,000 миллион АҚШ доллары). Хеджирлеу құралдарының өтеу мерзімі 2 жылдан 23 жылға дейін. 2025 жылы бағамдық айырмадан 92.338 миллион теңге мөлшеріндегі кіріс (2024 жыл: бағамдық айырмадан 358.847 миллион теңге мөлшеріндегі шығыс) басқа жиынтық табыстың құрамына қайта жіктелді және жоғарыда көрсетілген шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден түскен табысқа қарсы есептелді.

27. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қаржылық жалдау төлемдерінің ағымдағы таза құнымен бірге болашақтағы ең төменгі жалдау төлемдері былайша көрсетілген:

	Ең төменгі жалдау төлемдері		Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	
Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсанға**	2024 жылғы 31 желтоқсанға	**2025 жылғы 31 желтоқсанға**	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Бір жыл ішінде	**22.054**	26.471	**16.677**	20.882
2 жылдан 5 жылды қоса алғанда	**61.229**	56.149	**35.807**	29.308
Бес жылдан астам	**100.369**	102.326	**76.488**	74.026
	183.652	184.946	**128.972**	124.216
Минусы: қаржы төлемдерін білдіретін сомалар	**(54.680)**	(60.730)	**–**	–
Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	**128.972**	124.216	**128.972**	124.216
Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сома	**(22.054)**	(26.471)	**(16.677)**	(20.882)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар	**161.598**	158.475	**112.295**	103.334

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыз сомасының есебі 2,95%-дан 19%-ға дейінгі тиімді сыйақы мөлшерлемелеріне негізделеді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 2,95%-дан 25,29%-ға дейін).

2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде жалдау міндеттемелеріндегі өзгерістер келесідей:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
1 қаңтардағы сальдо	**124.216**	105.280
Жалдау бойынша түсімдер	**12.882**	23.790
Есептелген сыйақы *(14-ескертпе)*	**9.343**	8.444
Негізгі борышты төлеу	**(29.520)**	(26.118)
Төленген сыйақы	**(1.157)**	(1.279)
Бағамдық айырмадан болған (кіріс)/зиян	**9.550**	(4.611)
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(4.432)**	14.842
Түрлендіру	**10.240**	7.386
Мерзімінен бұрын бұзу	**(906)**	(2.661)
Басқасы	**(1.244)**	(857)
31 желтоқсандағы сальдо	**128.972**	124.216

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

28. РЕЗЕРВТЕР

Миллион теңгемен	**Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер**	**Экологиялық міндеттемелер**	**Салықтар бойынша резерв**	**Басқа**	**Жиыны**
2023 жылғы 31 желтоқсанға резерв	208.705	77.061	6.974	47.055	339.795
Есептілік валютасын қайта есептеу	11.879	9.137	158	3.002	24.176
Бағалаудағы өзгеріс	(18.446)	(210)	–	(14)	(18.670)
Дисконт амортизациясы сомасына ұлғайту (*14-ескертпе*)	17.082	1.647	–	141	18.870
Бір жылғы резерв	4.225	–	61	6.601	10.887
Өзге қаржылық міндеттемелердің құрамына аударымдар және қайта жіктеулер	–	–	–	(4.742)	(4.742)
Пайдаланылмаған резерв	(788)	(2.377)	(4.305)	(131)	(7.601)
Резервті пайдалану	(1.465)	(6.139)	–	(27.458)	(35.062)
2024 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**221.192**	**79.119**	**2.888**	**24.454**	**327.653**
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(3.449)**	**(2.558)**	**(37)**	**(718)**	**(6.762)**
Бағалаудағы өзгеріс	**(43.516)**	**(25)**	**–**	**(23)**	**(43.564)**
Дисконт амортизациясы сомасына ұлғайту (*14-ескертпе*)	**20.097**	**1.204**	**–**	**139**	**21.440**
Бір жылғы резерв	**7.142**	**1.305**	**789**	**10.639**	**19.875**
Салық міндеттемелерінен аударымдар	**–**	**–**	**2.243**	**–**	**2.243**
Пайдаланылмаған резерв	**(278)**	**(8.067)**	**(1.461)**	**(2.263)**	**(12.069)**
Резервті пайдалану	**(1.210)**	**(1.704)**	**(689)**	**(8.343)**	**(11.946)**
2025 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**199.978**	**69.274**	**3.733**	**23.885**	**296.870**

Елеулі бағалаулар мен пайдаланылған пікірлерді қоса алғанда, едәуір резервтердің толық сипаттамасы *4-ескертпеге* қосылған.

Ағымдағы және ұзақ мерзімді бөліктер былайша бөлінген:

Миллион теңгемен	**Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер**	**Экологиялық міндеттеме**	**Салықтар бойынша резерв**	**Басқа**	**Жиыны**
Ағымдағы бөлік	**1.374**	**1**	**1.518**	**14.218**	**17.111**
Ұзақ мерзімді бөлік	**198.604**	**69.273**	**2.215**	**9.667**	**279.759**
2025 жылғы 31 желтоқсанға резерв	**199.978**	**69.274**	**3.733**	**23.885**	**296.870**
Ағымдағы бөлік	1.440	1.910	2.888	13.286	19.524
Ұзақ мерзімді бөлік	219.752	77.209	–	11.168	308.129
2024 жылғы 31 желтоқсанға резерв	221.192	79.119	2.888	24.454	327.653

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

29. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Сауда кредиторлық берешек	**546.873**	598.787
Басқа да қаржылық міндеттемелер		
Қызметкерлердің алдындағы берешек	**86.922**	78.950
Басқа да кредиторлық берешек	**28.627**	40.534
Туынды қаржы құралдары	**383**	2.950
Басқалар	**64.833**	53.812
	180.765	176.246
Қысқа мерзімді бөлік	**179.684**	169.150
Ұзақ мерзімді бөлік	**1.081**	7.096
	180.765	176.246
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Шарттық міндеттемелер	**202.973**	227.046
Басқалар	**53.313**	15.432
	256.286	242.478
Қысқа мерзімді бөлік	**188.478**	206.303
Ұзақ мерзімді бөлік	**67.808**	36.175
	256.286	242.478

Басқа қаржылық міндеттемелердің құрамына 15.085 миллион теңге сомасына (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 14.774 миллион теңге) энергетикаға қатысуды басқару бойынша Румыния қоғамының атынан энергетика саласындағы қазақстан-румын инвестициялық қорының капиталындағы үлесті сатып алуға арналған пут-опцион бойынша ҚМГИ-нің ағымдағы міндеттемесі енгізілген.

Басқа қаржылық емес міндеттемелердің құрамына Румынияның салық органдары бекіткен төлемдер кестесіне сәйкес 2030 жылға дейін төленуге жататын және салық төлемдері бойынша ағымдағы міндеттемелерден 36.585 миллион теңге мөлшерінде (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: нөл теңге) ауыстырылған ҚМГИ ұзақ мерзімді салық міндеттемелері енгізілген.

2025 жыл ішінде Топ мұнайды тасымалдау және мұнай өнімдерін сату бойынша қызметтер көрсету жолымен бұрын танылған шарттық міндеттемелерді орындады және осы шарттық міндеттемелер бойынша 155.425 миллион теңге (2024 ж.: 91.795 миллион теңге) мөлшерінде түсімді мойындады.

Сауда кредиторлық берешек 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай валюталарда көрсетіледі:

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ Доллары	**298.867**	389.492
Теңге	**152.628**	137.939
Румын леясы	**72.598**	56.388
Еуро	**15.162**	6.296
Басқа валюталар	**7.618**	8.672
Жиыны	**546.873**	598.787

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек пен басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздар есептелген жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

30. ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН БАСҚА ДА САЛЫҚТАР

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚҚС	**70.969**	28.394
Шикі мұнай экспортына рента салығы	**33.808**	15.071
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	**19.732**	15.782
Әлеуметтік салық	**7.665**	7.436
Айналымға салынатын салық	**6.766**	4.847
Жеке табыс салығы	**4.911**	6.042
Резидент емес үшін төлем көзінен ұсталатын салық	**4.867**	59
Акциздер	**2.259**	1.871
Басқалар	**3.856**	4.129
	154.833	83.631

31. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2025 жылғы 31 желтоқсанға 62.515 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем (2024 жылы: 41.170 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді. 2025 жылғы 31 желтоқсанға 22.688 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша міндеттемелер (2024 жылы: 15.600 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Ағымдағы табыс салығы:		
Корпоративтік табыс салығы	**274.446**	168.573
Дивидендтер мен сыйақылардың кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	**135.739**	81.138
Жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық	**3.084**	2.628
Үстеме пайда салығы	**1.229**	1.149
Кейінге қалдырылған табыс салығы:		
Корпоративтік табыс салығы	**(2.452)**	131.419
Жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық	**4.082**	5.734
Дивидендтердің кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	**(56.425)**	(27.554)
Табыс салығы бойынша шығыстар	**359.703**	363.087

Табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша (2025 және 2024 жылдары 20%) салық салғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мынадай үлгіде берілген:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	**1.431.757**	1.457.334
Табыс салығының мөлшерлемесі	**20%**	20%
Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары	**286.351**	291.467
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес	**(94.258)**	(60.724)
Есептен шығарылмайтын басқа да салық салынбайтын кірістер мен шығыстар	**16.667**	7.469
Корпоративтік табыс салығының түрлі мөлшерлемелерінің әсері	**63.234**	61.780
Жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық	**7.166**	8.362
Үстеме пайда салығы	**1.229**	1.149
Кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	**79.314**	53.584
Пайда салығы бойынша шығыстар	**359.703**	363.087

КМГ Кашаган Б.В. және ҚМГ Қарашығанақ 1997 жылғы Салық кодексі бойынша тұрақтандырылған салық режимін көздейтін Өнімді бөлу туралы келісімге және Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге ие, ол жоғарыда көрсетілген келісімдердің қолданылу кезеңі ішінде қолданылуы тиіс. Тұрақтандырылған салық режимін қолданудың ең үлкен салықтық әсері - салық салынатын пайдаға 30% табыс салығының салық мөлшерлемесін қолдану.

Нидерландтар, Румыния және Швейцария сияқты юрисдикциялардағы компаниялар үшін табыс салығының мөлшерлемелері 11,89%-дан 25,8%-ға дейін құрайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Есепті күндерге шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін негіздеме аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

	2025 жыл					2024 жыл				
Миллион теңгемен	**Корпоративтік табыс салығы**	**Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық**	**Төлем көзінен ұсталатын салық**	**Жиыны**	**Пайда немесе зиян құрамында көрсетілді**	Корпоративтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Пайда немесе зиян құрамында көрсетілді
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер										
Негізгі құралдар	**33.545**	**–**	**–**	**33.545**	**9.651**	23.894	–	–	23.894	875
Ауыстырылған салық шығындары	**439.960**	**–**	**–**	**439.960**	**(168.860)**	608.820	–	–	608.820	(74.465)
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	**6.990**	**–**	**–**	**6.990**	**1.630**	5.360	–	–	5.360	(2.268)
Қаржы активтерінің құнсыздануы	**5**	**–**	**–**	**5**	**(9.356)**	9.361	–	–	9.361	1.256
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттеме	**1.918**	**–**	**–**	**1.918**	**(152)**	2.070	–	–	2.070	(961)
Басқа	**90.378**	**–**	**–**	**90.378**	**(24.037)**	86.668	4.291	–	90.959	59.281
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	**(410.018)**	**–**	**–**	**(410.018)**	**173.502**	(583.520)	–	–	(583.520)	(32.179)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	**(128.239)**	**–**	**–**	**(128.239)**	**(22.000)**	(106.239)	–	–	(106.239)	117.074
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	**34.539**	**–**	**–**	**34.539**	**(39.622)**	46.414	4.291	–	50.705	68.613
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер										
Негізгі құралдар	**837.756**	**22**	**–**	**837.778**	**(20.572)**	858.119	231	–	858.350	88.577
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың бөлінбеген пайдасы	**–**	**–**	**554.748**	**554.748**	**(56.425)**	–	–	634.427	634.427	(27.554)
Басқасы	**9.749**	**–**	**–**	**9.749**	**4.580**	5.298	–	–	5.298	115
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелермен есепке алынған кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	**(128.239)**	**–**	**–**	**(128.239)**	**(22.000)**	(106.239)	–	–	(106.239)	117.074
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	**719.266**	**22**	**554.748**	**1.274.036**	**(94.417)**	757.178	231	634.427	1.391.836	178.212
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	**684.727**	**22**	**554.748**	**1.239.497**	**–**	710.764	(4.060)	634.427	1.341.131	
Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар					**(54.795)**					109.599

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын салық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты айқындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың көлеміне кірмейтін қызмет түрлері үшін айқындалады. Болашақта салық салу табыстың болу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана және оған қарсты қолданылатын кейінге қалдырылған салық активі құпталады. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салық жеңілдіктерін алу ықтималдығы болмайтын дәрежеде азаяды. 2025 жылғы 31 желтоқсанға танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері негізінен 410.018 миллион теңге (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 583.520 миллион теңге) сомасындағы ауыстырылған салық залалына жатады.

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ауыстырылған салық залалы салық салу мақсаттары үшін туындаған сәттен бастап он жылдың ішінде өтеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелердегі/(активтердегі) өзгерістер былайша берілген:

	2025 жыл				2024 жыл (қайта есептелген)			
Миллион теңгемен	**Корпоративтік табыс салығы**	**Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық**	**Төлем көзінен ұсталатын салық**	**Жиыны**	Корпоративтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңтарға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто	**710.764**	**(4.060)**	**634.427**	**1.341.131**	495.634	(9.794)	571.270	1.057.110
Есептілік валютасын қайта есептеу	**(23.456)**	**–**	**(23.254)**	**(46.710)**	83.737	–	90.711	174.448
Бір жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген салық залалы/(кіріс)	**(2.452)**	**4.082**	**(56.425)**	**(54.795)**	131.419	5.734	(27.554)	109.599
Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген жылғы салық залалы	**(129)**	**–**	**–**	**(129)**	(26)	–	–	(26)
31 желтоқсанға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто	**684.727**	**22**	**554.748**	**1.239.497**	710.764	(4.060)	634.427	1.341.131

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Байланысты тараптармен мәмілелердің талаптары

Тараптар, әдетте, олар ортақ бақылауда болған жағдайда, немесе тараптардың бірі екінші тарапты бақылау мүмкіндігіне ие болғанда, не оның қаржылық-шаруашылық қызметі бойынша қабылдайтын шешімдеріне елеулі ықпал ете алса немесе оған қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асырса, байланысты тараптар болып саналады. Әрбір ықтимал байланысты тараппен өзара қатынастарды қарау барысында мұндай қатынастардың тек қана құқықтық нысаны емес, олардың экономикалық мазмұны ескеріледі.

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы персоналы, сондай-ақ Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама түрде елеулі қатысу үлесі тиесілі болатын ұйымдар жатады.

Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындар Топтың байланысты тараптары болып табылады. Осы кәсіпорындармен жасалатын операциялар, егер олар заңнама талаптарына сәйкес және барлық мемлекеттік және жеке компанияларға бірізді түрде қолданылатын шарттар бойынша әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, ашып көрсетілмейді.

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтер негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес келмейтін тараптар арасында келісілген шарттармен жүзеге асырылды. Кезең соңындағы өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, олар бойынша есеп айырысулар қолма-қол жүргізіледі. Топ үшінші тараптар алдындағы берешек бойынша ККЗ-ны айқындау үшін қолданылатын ККЗ-ның қағидаттары мен саясатына сәйкес байланысты тараптардың берешегі бойынша ККЗ-ның резервтерін таниды.

Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен есеп айырысулар бойынша қалдықтардың жалпы сомалары көрсетілген:

Миллион теңгемен	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі*	Байланысты тараптарға берешек*	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек	Байланысты тараптардың қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек
Самұрық-Қазына	**2025 жыл**	**31.402**	**–**	**–**	**693.287**	**46.674**
	2024 жыл	28.451	–	–	688.622	54.317
Самұрық-Қазына құрамына кіретін компаниялар	**2025 жыл**	**145.496**	**2.012**	**41.500**	**–**	**166**
	2024 жыл	29.336	2.716	56.849	–	172
Қауымдасқан компаниялар	**2025 жыл**	**10.404**	**3.980**	**–**	**–**	**–**
	2024 жыл	18.314	13.650	–	–	–
Мемлекет бақылайтын өзге де тараптар	**2025 жыл**	**8.672**	**7.999**		**47.569**	**37.378**
	2024 жыл	2.611	3.407	–	65.999	38.329
Бірлескен кәсіпорындар	**2025 жыл**	**53.715**	**207.159**	**–**	**–**	**174.410**
	2024 жыл	32.014	177.411	–	–	106.338

* *Сомалар негізінен «Сауда дебиторлық берешек» және «Сауда кредиторлық берешек» ретінде жіктеледі*

Байланысты тараптардың/байланысты тараптарға берешегі

Самұрық-Қазына және Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегі негізінен Самұрық-Қазына еншілес ұйымы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ мұнай өнімдерін сатып алғаны үшін 140.380 миллион теңге сомасына дебиторлық берешекпен ұсынылған (2024 жылғы 31 желтоқсан: 26.027 миллион теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Байланысты тараптардың/байланысты тараптарға берешегі (жалғасы)

Самұрық-Қазына және Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар (жалғасы)

2024 жылы Компания Самұрық-Қазынаға баланстық құны 13.503 миллион теңгедегі инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатты. Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сату бағасы 2027 жылғы маусымға дейін төленді кейінге қалдыра отырып, 22.872 миллион теңгені құрады. Әділ құн болып табылатын өткізу бағасы мен Самұрық-Қазына берешегінің 8.741 миллион теңге мөлшеріндегі номиналды құны арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қаржылық шығыстар ретінде көрсетілген (14-ескертпе).

Бірлескен кәсіпорындар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындар алдындағы берешек негізінен ТШО шикі мұнайы үшін 171.072 миллион теңге сомасына кредиторлық берешекпен көрсетілді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 143.651 миллион теңге).

Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың жалпы сомасы 41.500 миллион теңгеге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 56.849 миллион теңге) «Қазпошта» АҚ, Самұрық-Қазына еншілес ұйымының шоттарында теңгемен және доллармен ақшалай қаражат құрамында ағымдағы шоттары мен мерзімді салымдары бар. Пайыздық мөлшерлемелер АҚШ долларымен номинирленген сомалар бойынша жылдық 3,3%-дан 3,6%-ға дейін және теңгемен номинирленген сомалар бойынша жылдық 17% құрайды.

Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек

Самұрық-Қазына

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек негізінен Компания 2024 жылы шығарған және Самұрық-Қазына сатып алған 649.876 миллион теңге сомасына облигациялармен көрсетілген (2024 жылғы 31 желтоқсан: 642.749 миллион теңге) *(26-ескертпе)*.

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар негізінен ҚДБ-дан АМӨЗ және Еуразиялық даму банкінен ҚТО 47.569 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен көрсетілген (2024 жылғы 31 желтоқсанда: ҚДБ-дан АМӨЗ және ПМХЗ және Еуразиялық даму банкінен ҚТО 65.999 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздар) *(26-ескертпе)*.

Байланысты тараптарға берілген қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек

Самұрық-Қазына

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, байланысты тараптарға берілген қаржы активтері мен несиелері ҚМГ Қарашығанақ компаниясының Самұрық-Қазынаға берген 22.576 миллион теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 21.838 миллион теңге) сомасындағы несиесімен және ККЗ резервін шегергенде Самұрық-Қазына шығарған 24.160 миллион теңге сомасындағы облигацияларымен (2024 жылғы 31 желтоқсан: 22.461 миллион теңге) көрсетілген. Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2025 жыл ішінде Топ ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 446.814 миллион теңгеге 16,08% сыйақы мөлшерлемесімен сатып алуды жүзеге асырды. Сондай-ақ, 2024 және 2025 жылдары топ сатып алған ҚР ҰБ-ның 447.884 миллион теңге сомасындағы қысқа мерзімді ноттарын Эмитент кері сатып алды.

2024 жыл ішінде Топ ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын жалпы сомасы 308.147 миллион теңгеге 13,71% сыйақы мөлшерлемесімен сатып алуды жүзеге асырды. Сондай-ақ, 2023 және 2024 жылдары топ сатып алған 302.600 миллион теңге сомасына ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын Эмитент кері сатып алды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Байланысты тараптарға берілген қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек (жалғасы)

Бірлескен кәсіпорындар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген қаржы активтері мен қарыздар бойынша берешек негізінен SOFR + 2,8% сыйақы мөлшерлемесімен KPI, SOFR + 3% сыйақы мөлшерлемесімен ККО және жалпы сомасы 162.326 миллион теңгеге UGL берген пайызсыз қарыздармен ұсынылған (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 94.732 миллион теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Силлено және KPI бірлескен кәсіпорнына олардың қаржылық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін берілген қаржылық кепілдік бойынша міндеттемелердің баланстық құны 18.009 миллион теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 858 миллион теңге).

Мәмілелер бойынша айналымдар

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдар ішінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелер бойынша жалпы сомалар келтірілген:

Миллион теңгемен		Байланысты тараптарға сату*	Байланысты тараптардан сатып алу*	Байланысты тараптардан түскен сыйақы	Байланысты тараптарға берілген сыйақы
Самұрық-Қазына	**2025 жыл**	**4.233**	**2.774**	**8.526**	**83.686**
	2024 жыл	33.966	6.740	66.305	80.315
Самұрық-Қазына құрамына кіретін компаниялар	**2025 жыл**	**240.958**	**54.586**	**2.644**	**–**
	2024 жыл	135.107	83.775	2.542	–
Қауымдасқан компаниялар	**2025 жыл**	**43.868**	**81.118**	**17**	**–**
	2024 жыл	43.888	84.599	154	–
Басқа да мемлекет бақылайтын тараптар	**2025 жыл**	**1.004**	**54.376**	**7.906**	**8.674**
	2024 жыл	1.329	49.934	7.458	10.773
Бірлескен кәсіпорындар	**2025 жыл**	**513.061**	**2.189.601**	**10.606**	**–**
	2024 жыл	410.418	1.744.984	13.534	6.324

* *Сомалар негізінен «Сатып алушылармен жасалған келісімшарттар бойынша кіріс», «Сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа материалдардың өзіндік құны», «Өндірістік шығындар», «Тасымалдау және сату шығындары» және «Жалпы және әкімшілік шығындар»ретінде жіктеледі.*

Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар

2025 жылы бірлескен кәсіпорындарға жасалған сатулар негізінен KCEG көрсеткен мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі қызметтермен ұсынылды, олардың сомасы 161.731 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 87.871 миллион теңге), сондай-ақ ММГ көрсеткен мұнайды тасымалдау және ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі қызметтермен, жалпы сомасы 79.320 миллион теңге (2024 жыл: 88.444 миллион теңге) және ТШО көрсеткен көлік-логистикалық қызметтермен, сомасы 26.934 миллион теңге болды (2024 жыл: 21.138 миллион теңге).

2025 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алу негізінен ТШО-дан 2.107.480 миллион теңге сомасына шикі мұнай сатып алумен байланысты болды (2024 жыл: 1.703.581 миллион теңге).

Негізгі басқару персоналына сыйақы

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Топтың негізгі басқарушы персоналына (Компанияны және оның еншілес кәсіпорындарын қоса алғанда, Топтың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері) төленген сыйақының жалпы сомасы шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есептегі жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында тиісінше 8.835 миллион теңгені және 7.568 миллион теңгені құрады. Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы еңбек шарттарында белгіленген жалақы шығыстарынан және қызмет нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына алынған және берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және кредиттік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Топ пайыздық мөлшерлемелер, валюталар және бағалы қағаздар бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық конъюнктура тәуекелдерінің ықпалына ұшырайды, ал аталған позициялар өз кезегінде нарықтың жалпы және ерекшеленген ауытқуларына тәуелді. Топ нарықтық конъюнктура тәуекелдерін қолайсыз нарықтық өзгерістердің нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал залалдарды кезең-кезеңімен бағалау, сондай-ақ табыстылыққа және кепілмен қамтамасыз етуге қатысты тиісті талаптарды белгілеу арқылы басқарады. Төмендегі бөлімдерде келтірілген сезімталдықты талдау 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұсынылған.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларымен көрсетілген қарыздар мен кредиторлық берешектің елеулі сомаларына байланысты АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарының өзгеруі Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есебіне елеулі әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ Топ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырайды. Мұндай тәуекел АҚШ долларымен алынатын кірістерге қатысты туындайды. Топта АҚШ долларындағы валюталық тәуекелді басқару саясаты қолданылады, ол АҚШ долларымен көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара сәйкестендіруге негізделген. Төмендегі кестеде барлық өзге параметрлер тұрақты деп қабылданған жағдайда, АҚШ доллары мен еуроның айырбас бағамдарындағы ықтимал өзгерістерге байланысты (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің нәтижесінде) Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының сезімталдығы көрсетілген. Өзге валюталардың айырбас бағамдарының ауытқулары Топтың қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін елеусіз болуына байланысты қарастырылмайды.

Миллион теңгемен	Валюта бағамының өсуі/ (төмендеуі)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2025 жыл		
USD	**+9%**	**(30.113)**
	(9%)	**30.113**
EUR	**+11%**	**(22.141)**
	(11%)	**22.141**
2024 жыл		
USD	+9%	(100.651)
	(7%)	81.317
EUR	+9%	(2.396)
	(6%)	1.584

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2025 жыл	**+0,22**	**(996)**
SOFR	**(0,22)**	**996**
2024 жыл		
SOFR	+4,50	(25.680)
	+0,39	(2.226)

Кредиттік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және кредитті өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық кредит шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, кредиттік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сонымен қатар, осындай сатып алушының дебиторлық берешегі Топ үшін берешекті қайтармау тәуекелінің барынша төмен деңгейде болуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түрде мониторингтен өткізіледі. Топта кредиттік тәуекелдің елеулі шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты кредиттік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» кредиттік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

	31 желтоқсанға	
	2025 жыл	2024 жыл
«AA-»-дан «A+»-ке дейін	**21%**	18%
«A»-дан «A-»-ке дейін	**65%**	65%
«BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін	**9%**	11%
«BB+»-тен «BB-»-ке дейін	**5%**	6%

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын құн бойынша шұғыл түрде өткізе алмауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан артық емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан артық емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам*	Жиыны
2025 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	**–**	**3.854**	**436.344**	**1.872.240**	**3.911.492**	**6.223.930**
Сауда кредиторлық берешек	**263.021**	**263.928**	**18.824**	**983**	**251**	**547.007**
Қаржылық кепілдіктер**	**231.843**	**–**	**–**	**–**	**–**	**231.843**
Жалдау бойынша берешек	**2.620**	**4.562**	**15.423**	**62.886**	**103.685**	**189.176**
Басқа да қаржылық міндеттемелер	**21.664**	**29.782**	**40.668**	**37.595**	**–**	**129.709**
	519.148	**302.126**	**511.259**	**1.973.704**	**4.015.428**	**7.321.665**
2024 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	8.311	4.279	508.247	1.760.405	5.449.825	7.731.067
Сауда кредиторлық берешек	208.205	226.758	163.824	–	–	598.787
Қаржылық кепілдіктер**	–	59	32.269	14.991	–	47.319
Жалдау бойынша берешек	2.788	4.488	19.195	56.149	102.326	184.946
Басқа да қаржылық міндеттемелер	38.867	22.566	72.418	8.990	–	142.841
	258.171	258.150	795.953	1.840.535	5.552.151	8.704.960

* *Топ бірлесіп қаржыландыру туралы келісімдердің шарттарына сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуге тиіс қарыздар бойынша берешекті өтеу мерзімдерінің туындауында белгісіздік болуына байланысты оларды дисконтталмаған төлемдердің құрамынан алып тастайды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша серіктестер алдындағы қарыздар бойынша берешек 7.782 миллион теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 31.926 миллион теңге).*

** *Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне енгізеді, алайда қаржылық кепілдіктер бойынша ақшалай шығыстар белгілі бір оқиғалардың орын алуына байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл эмитент белгілі бір борышкердің қарыздық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған шарттарына сәйкес белгіленген мерзімде төлем жасай алмауына байланысты құрал ұстаушы шеккен залалды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенетін шарт болып табылады. 2025 және 2024 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.*

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топтың капиталын басқару мақсатында Топтың капитал құрылымы қарыздық міндеттемелерден тұрады, оған қарыздар (*26-ескертпе*) кіреді, ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларын (*24-ескертпе*), қысқа мерзімді банк депозиттерін (19-ескертпе) шегере отырып, сондай-ақ шығарылған капиталды, қосымша төленген капиталды, өзге резервтерді және бөлінбеген пайданы қамтитын капиталдан (*25-ескертпе*) құралады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Капиталды басқару (жалғасы)

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2025 және 2024 жылдардың 31желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ *(26-ескертпе)*.

Миллион теңгемен	**2025 жылғы 31 желтоқсан**	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	**3.521.947**	3.967.401
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	**3.073.649**	2.730.267
Таза берешек	**448.298**	1.237.134
Капитал	**12.386.325**	11.924.284
Капитал және таза берешек	**12.834.623**	13.161.418

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны

Төменде 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың белгілі бір қаржы құралдарының баланстық және әділ құны туралы ақпарат берілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсан					2024 жылғы 31 желтоқсан				
	Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны			Ағымдағы құны	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
Миллион теңгемен			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	**24.098**	**11.708**	–	**11.708**	–	32.479	27.650	–	27.650	–
ҚР ҰБ ноттары	**37.378**	**37.378**	–	**37.378**	–	38.329	38.329	–	38.329	–
Пайда мен зиян арқылы әділ құны бойынша байланысты тараптардың қарыздары мен дебиторлық берешегі	**159.655**	**159.655**	–	–	**159.655**	93.743	93.743	–	–	93.743
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	**37.344**	**37.502**	–	**22.576**	**14.926**	34.445	36.700	–	21.838	14.862
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	**3.062.408**	**2.948.106**	**2.926.144**	**21.962**	–	3.396.818	3.238.502	2.406.715	831.787	–
Қаржылық кепілдіктер	**18.009**	**18.009**	–	–	**18.009**	858	858	-	-	858
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	**459.539**	**459.538**	–	**459.538**	–	570.583	570.656	–	570.656	–

Барлық басқа қаржы құралдары үшін баланстық құн шамамен әділ құнға тең.

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына сараптар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Төмендегі кестеде 3-деңгейдегі бағалаулар үшін әділ құнды бағалауда қолданылатын бағалау модельдері мен бастапқы деректер, сондай-ақ 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы деректердің ықтимал өзгерістеріне бағалаудың сезімталдығы келтірілген:

Миллион теңгемен	Әділ құны	Бағалау моделі	Пайдаланылған бастапқы деректер	Бастапқы деректер ауқымы (орташа өлшенген)	Базистік мөлшерлемелердегі ұлғаю/(кему)	Әділ құнды бағалаудың сезімталдығы
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын байланысты тараптардың қарыздары мен берешегі	159.655	Дисконттал ған ақша ағыны моделі	SOFR+2,8%, SOFR+3%	6,5-8,5%	+1% (1%)	3.836 (19.909)
3 деңгейдегі әділ құнды бірнеше рет бағалау жиыны	**159.655**					

Жоғарыда келтірілген кестеде бақыланбайтын бастапқы деректердің бір немесе бірнеше құрамдас бөліктерінің шынайы ықтимал баламалы жорамалдар шеңберінде өзгеруі әділ құнның елеулі өзгеруіне әкелетін жағдайлар үшін қаржылық активтердің бастапқы деректерге сезімталдығы ашып көрсетілген.

2025 және 2024 жылдар ішінде әділ құнды бағалаудың 3 деңгейі бойынша қайталанатын бағалауларға қатысты бағалау модельдерінде өзгерістер болған жоқ.

Төменде 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы құралдар кластары бойынша әділ құнды бағалау иерархиясының 3 деңгейі бойынша өзгерістерді салыстыру туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын байланысты тараптардың қарыздары мен берешегі		
1 қаңтардағы әділ құны	**93.743**	73.926
Бір жылдағы пайда немесе залал құрамында көрсетілген кірістер немесе шығыстар	**3.293**	(47.843)
Берілген қарыздар	**63.570**	62.875
Шетел валютасын қайта есептеу	**(951)**	4.785
31 желтоқсандағы әділ құны	**159.655**	93.743

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Операциялық орта

Қазақстанда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған экономикалық реформалар жалғасуда. Қазақстан экономикасының болашақтағы тұрақтылығы аталған реформалардың іске асу барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика (қаржы және ақша-несие саясаты саласындағы) қабылдап жатқан шараларының тиімділігіне едәуір дәрежеде тәуелді болады.

Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топ кірістерінің басым бөлігі тауарларды, негізінен шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан қалыптасады. Тарихи тұрғыдан алғанда, аталған өнімдердің бағалары тұрақсыз болып, сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтағы белгісіздікке, жаһандық және өңірлік экономикалардың дамуына, сондай-ақ салалардағы циклдік үрдістерге байланысты елеулі түрде өзгеріп отырды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Бағаларға сондай-ақ Үкіметтің әрекеттері, оның ішінде тарифтер мен импорттық баждарды енгізу, биржалық алып-сатарлық, сондай-ақ Топ өнімдерін негізгі нарықтарға жеткізу мүмкіндігінің артуы немесе артық ұсыныстың қалыптасуы әсер етеді. Аталған сыртқы факторлар мен нарықтағы өзгерістер болашақтағы баға деңгейлерін бағалауды күрделендіреді.

Тауар бағаларының елеулі немесе ұзақ мерзімді төмендеуі Топтың қызметіне, шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне және операциялық қызметтен алынатын ақша ағындарына елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауар бағаларының өзгеру тәуекеліне қатысты хеджирлеуді жүзеге асырмайды.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындайтын жағдайлар да аз емес. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салық кезеңдері салықтық тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның тиісті заңнаманы түсіндіруі тиісті деп санайды және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салық позициялары расталу ықтималдығы бар деп санайды.

Санкциялар

Шетелдік серіктестермен бірлескен жобаларға қатысушы бола отырып, Топ санкциялық шектеулерді қоса алғанда, сыртқы факторлардың ықтимал әсерін кешенді түрде бағалауды жүзеге асырады. Аталған бағалау құқықтық, қаржылық және техникалық аспектілерді ескере отырып жүргізіледі. Сонымен қатар, жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және тараптардың шарттық міндеттемелеріне сәйкес белгіленген тәртіппен жалғасуда.

Топ АҚШ, Еуропалық одақ және Ұлыбритания тарапынан қабылданып жатқан жаңа шектеу шараларын тұрақты түрде мониторингтен өткізеді, сондай-ақ олардың Топтың операциялық қызметіне және ресейлік серіктестермен бірлескен жобаларды іске асыруға ықтимал әсерін бағалайды.

2025 жылғы қарашада АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC, Office of Foreign Assets Control) Каспий құбыр консорциумы, ТШО және Қарашығанақ жобаларының жұмыс істеуі үшін қажетті операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензияны берді. Сонымен қатар, 2025 жылғы 10 қарашада Топтың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі OFAC-қа Ресей Федерациясының мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау жөніндегі операцияларға қатысты өтініш жолдады. 2025 жылғы 21 қарашада OFAC (Comfort Letters) түсіндіру хаттары алынды, оларға сәйкес ПМХЗ мен ҚТО егер американдық тұлғалардың қатысуы және американдық қаржы жүйесін пайдалану, өзге санкциялық тұлғалардың пайдасы болмаған, сондай-ақ санкциялық режимді өзге де бұзушылықтар болмаған жағдайда олардың жұмыс істеуі және шарттық міндеттемелерді орындауы үшін әдетте қажет болып табылса «Роснефть» ҰК» ЖАҚ-пен байланысты операцияларды жүзеге асыруға құқылы. Аталған түсіндірмелердің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 29 сәуірге дейін белгіленген. Қажет болған жағдайда Топ басшылығы OFAC-тың тиісті түсіндірмелерінің қолданылу мерзімін белгіленген тәртіппен ұзарту бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Санкциялық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында бірлескен жобалар бойынша келісімдерде қолданылатын халықаралық санкциялық шектеулердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті тетіктер мен құқықтық қорғау құралдары көзделген. Топ халықаралық санкциялық талаптарды сақтау және ықтимал санкциялық тәуекелдерді төмендету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстандағы трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау өте кең ауқымды болып табылады және тараптардың байланысты немесе байланысты еместігіне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама түрде байланысты көптеген операцияларға қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтардың қолдың ұзындығы қағидаты бойынша айқындалған нарықтық бағалар негізінде есептелуін талап етеді. Аталған Заң Қазақстанда 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Заңның кейбір ережелері нақты айқындалмаған және оларды практикалық қолдану тәжірибесі шектеулі. Сонымен қатар, Заң операциялардың әртүрлі түрлеріне қатысты оны қолдану жөнінде егжей-тегжейлі нұсқауларды қамтымайды, соның салдарынан салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшелену тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне алып келуі мүмкін.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнаманы өзінің түсіндіруі қолданыстағы талаптарға сәйкес келеді деп есептейді және Топтың трансферттік баға белгілеу бойынша ұстанымының расталу ықтималдығы бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП 2020-2022 жылдары 2020 жылға дейінгі бірнеше жылды қамтитын кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтелетін залалдарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады.

АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға мемлекет белгілеген тәртіппен шағымданды. АМӨЗ және ПМХЗ апелляциялары ҚР Қаржы министрлігінің қарауында.

ПКОП салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасы бөлігінде хабарламалардың біріне 3.694 миллион теңге көлемінде шағымданды. Алайда, 2024 жылғы 15 ақпанда Жоғарғы соттың Азаматтық істер жөніндегі алқасы 2021 жылғы 15 қарашада Шымкент қаласы сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ПКОП пайдасына қабылдаған шешімінің күшін жойды. 2024 жыл ішінде ПКОП тарапынан Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының шешіміне Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына шағымдану жөнінде шаралар қабылданды. Алайда, іс жүргізу мүмкіндігінің болмауына байланысты өтініштерді қараудан бас тартылды. Тиісінше, ПКОП резервті мойындады және 3.694 миллион теңге көлемінде салық пен өсімпұл төледі. 2025 жылғы 28 тамызда ҚР Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясы ПКОП шағымданған хабарламаларының күшін жою туралы шешім қабылдады.

ҚР Қаржы министрлігінің ПКОП бойынша апелляциялық комиссиясының шешімдерін назарға ала отырып, Топ АМӨЗ және ПМХЗ салықтық тексерулерінің нәтижелері туралы шағымданған хабарламалар бойынша оң нәтиже күтеді.

2020 жылдан 2025 жылға дейінгі кезең үшін қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша қосымша есептеулердің әлеуетті сомасы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген айыппұлдар мен өсімпұлдардың әлеуетті сомаларын есепке алмағанда, ҚҚС мөлшерлемесін 12% мөлшерінде беруші өтейтін акциздің сомасына көбейту жолымен есептелуге жатады.

Акциз сомасын есептеу ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі №173 (2021 жылғы 25 қарашадағы №841 ҚРҮҚ және 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҮҚ сәйкес өзгертулермен) қаулысымен белгіленген акциз мөлшерлемесін (1 тоннасы үшін (теңгемен)) бір жыл үшін берушілерге берілген мұнай өнімдерінің (бензин және дизель отыны) көлеміне қолдану жолымен жүргізіледі. 2020-2025 жылдары берушілерге берілген мұнай өнімдерінің көлемі 27.007 мың тоннаны құрады, оның ішінде 12.772 мың тонна бензин және 14.234 мың тонна дизель отыны. Бұл ретте, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 4 сәуірге дейін (2022 жылғы 5 сәуірден бастап 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҮҚ сәйкес өзгерістер күшіне енді) берілген мұнай өнімдерінің көлемі 721 мың тонна бензин мен 810 мың тонна дизель отынын құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Заңды іс жүргізу және шағымдар

Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша КМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы

2019 жылдың 17 желтоқсанында NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты концессиялық келісімнің бұзылуына байланысты ICC Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дау

туындады. 2022 жылдың 29 шілдесінде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион долларлық жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылы Топ 10,1 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі резервті таныды (5.106 миллион теңгеге тең).

2024 жылдың 23 мамырында сот OEBS берген апелляцияны қабылдамады және OEBS-ке 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеді. OEBS NAMR мен Румынияның салық органдарына 2026 жылға дейін соманы біртіндеп төлеу туралы ұсыныс жасады. Нәтижесінде, OEBS соманы келесідей төлеуге рұқсат алды: міндеттемелер сомасының 30% тікелей NAMR-ге төленуі керек, ал қалған 70% 7,1 миллион АҚШ доллары (3.589 миллион теңгеге тең) OEBS және ұлттық салық басқармасы агенттігі арасында келісілген қарызды қайта құрылымдау жоспарына сәйкес 2026 жылдың 23 қарашасына дейін Румынияның салық органдарына төленуі керек.

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша OEBS NAMR-ге міндеттемелер сомасының 30% төледі. Сондай-ақ, Топ бұрын танылған резервті басқа қаржылық міндеттемелердің құрамына қайта жіктеді (*28 және 29-ескертпелер*).

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы ҚМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі − RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот талқылауларына тартылды. МБК пікірінше RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды.

RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес мақұлдау үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды.

2022 жылы топ 12 миллион АҚШ доллары көлемінде айыппұл төлеуге арналған резервті мойындады (6.066 миллион теңгеге тең).

2024 жылдың 26 тамызында сот айыппұл төлемін сот талқылауы шешілгенге дейін тоқтата тұру туралы шешім шығарды. RPM апелляциялық шағымын қарау бойынша сот отырысы 2026 жылғы наурыз айына кейінге қалдырылды.

Өзара түсіністік туралы Меморандум

2013 жылғы 15 ақпанда ҚМГИ мен Румыния Үкіметі ҚМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare шығарған облигацияларды айырбастауға байланысты туындаған дауды реттеу үшін өзара түсіністік туралы Меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойды.

Басқа ережелермен қатар, меморандумда 2010 жылдың қыркүйегінде Rompetrol Rafinare активтеріне тыйым салу (оның еншілес компанияларындағы Rompetrol Rafinare-ге тиесілі акцияларды қоса алғанда) Мемлекет 2014 жылдың наурызында болған Rompetrol Rafinare акцияларына облигацияларды айырбастау туралы талабын қайтарып алғаннан кейін сақтық мақсатында алынып тасталатыны айтылған. Бұл ретте, Румыния Үкіметі Rompetrol Rafinare акцияларының 26,6959% (бірінші баған) сату бойынша аукцион ұйымдастырады, онда ҚМГИ кемінде 200 миллион АҚШ доллары бағасын ұсынуы тиіс.

2025 жылғы 22 қаңтарда ҚМГИ Румынияның Энергетика министрлігіне Rompetrol Rafinare активтерін тәркілеуге қатысты жалғасып жатқан заңды дауға байланысты меморандум бойынша өз міндеттемелерін тоқтату туралы ресми түрде хабарлады.

2025 жылдың 31 қаңтарында Жоғарғы Сот Румынияның салық органдары атқару парағын алып тастау және Rompetrol Rafinare активтеріне алдын ала тыйым салуды алып тастау туралы шешім қабылдауы керек деген алғашқы сот шешімін растады. 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтердің көп бөлігі қамауға алынып тасталды.

2025 жылғы 30 сәуірде Меморандумды іске асыру мерзімі аяқталды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Заңды іс жүргізу және шағымдар (жалғасы)

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Атырау облысы бойынша департаменті қозғаған АМӨЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2025 жылғы қаңтарда ҚРБҚДА 2021-2023 жылдары мұнай өңдеу жөніндегі қызметке монополиялық жоғары бағаларды белгілеу және қолдау белгілері бойынша АМӨЗ-ге қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы ҚР заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу басталды. 2025 жылғы маусымда ДАЗРК АМӨЗ–ге мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды берді, оған сәйкес 2021-2023 жылдардағы монополиялық табыс 29.137 миллион теңге мөлшерінде тәркіленуге және 37.390 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға жатады (бұдан әрі-Қорытынды).

АМӨЗ қорытындының нәтижелерімен келіспейді және 2025 жылғы 4 қыркүйекте Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына оны даулау туралы Әкімшілік талап-арыз жіберді. 2025 жылғы 5 желтоқсанда АМӨЗ сотының шешімімен талапты қанағаттандырудан бас тартылды. 2026 жылғы 12 ақпанда АМӨЗ сот шешіміне апелляциялық шағым берді.

Есептеу әдістемесі мен Қолданылатын тәсілдерге қатысты елеулі келіспеушіліктерге байланысты ықтимал залалдардың мөлшерін, соның ішінде кірісті тәркілеу мен әкімшілік айыппұлдарды сенімді түрде анықтау мүмкін емес. Байланысты міндеттеме мүмкін, бірақ ықтимал емес болғандықтан және оның сомасын сенімді түрде өлшеу мүмкін емес болғандықтан, бұл жағдай шартты міндеттеме ретінде табылады.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

2021 жылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілігін арттыратын, сондай-ақ қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді және қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуды көздейтін жаңа экологиялық кодекс күшіне енді. Экологиялық кодекске сәйкес I санатқа жататын объектілер қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін осындай объектілерді пайдалану салдарын жоюға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 2029 жылғы 1 шілдеден бастап үш жыл ішінде қызметті жүзеге асыру салдарын жоюға байланысты міндеттемелер бойынша қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуға тиіс. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Компания негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелер атқарады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топтың ірі мұнай өңдеу зауыттарындағы резервтің баланстық құны: АМӨЗ және ПМХЗ 33.611 миллион теңгені құрады, бұл зауытты бөлшектеуге және жерді қалпына келтіруге байланысты болашақ ақша ағындарының келтірілген құнына тең (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 41.778 миллион теңге) (*28-ескертпе*). Компания кейінге қалдырылған салықтарды есептеу үшін күтілетін шығыстарды есепке алмады, өйткені объектілер жойылғаннан кейін салық салынатын пайда күтпейді.

Экологиялық тексерулер

ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысының экология департаменті (бұдан әрі – ЭРБК) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. жерүсті объектілеріне (бұдан әрі - Оператор) тексеру жүргізді, онда ҚМГ Қашаған Б.В. қатысу үлесі 16,88% құрайды. Тексеру нәтижелері бойынша операторға бұзушылықтарды жою туралы, оның ішінде 1.020 мың тонна көлемінде күкіртті нормативтен тыс орналастыруға қатысты нұсқама берілді. Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталған ұйғарымға дау айту туралы Әкімшілік талап арыз берді.

2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты (бұдан әрі – МАӘС) күкіртті орналастыруға қатысты оператордың пайдасына шешім шығарды. 2024 жылғы 27 ақпанда Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы бұл шешімнің күшін жойды. 2025 жылғы 26 маусымда ҚР Жоғарғы Соты 2024 жылғы 27 ақпандағы шешімнің күшін жою туралы қаулы шығарды және істі судьялардың өзге құрамындағы апелляциялық сатыдағы сотқа Жаңа сот қарауына жіберді. 2025 жылғы 10 Шілдеде іс Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қарауына қабылданды. 2025 жылдың 1 тамызында апелляциялық сот оператордың пайдасына шешімді жариялады және инспекция нәтижелерін, оның ішінде күкіртті нормативтен тыс орналастыру бойынша толық көлемде жойды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Экологиялық тексерулер (жалғасы)

2025 жылғы 18,19 және 22 тамызда Атырау облысы экология департаментінің мемлекеттік инспекторы операторға қатысты жеті қаулы шығарды. Оператор барлық шығарылған қаулыларға ӘРБК-ке шағымданды. 2025 жылғы 24 қазанда ӘРБК операторының өтініші негізінде шағымдарды қарауды тоқтатты, себебі 2025 жылғы 10 қазанда оператор Атырау облысының экология департаментінен бұзушылықтарды жою туралы жаңа нұсқама алды. 2025 жылғы 17 қазанда Оператор аталған нұсқамаға МАӘС-қа шағымданды. 2026 жылғы 8 қаңтарда МАӘС 2025 жылғы 10 қазандағы нұсқама берудің заңдылығы туралы шешім қабылдады, Оператор осы шешімге апелляциялық тәртіппен шағымдануға құқылы.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Қашаған Б. В. осы тексеруге қатысты резервті мойындамады. ҚМГ Қашаған Б.В. басшылығы ҚР қолданыстағы заңнамасы шеңберінде экологиялық тексерулер бойынша айыппұл салу қаупін екіталай деп бағалайды.

Өтелетін шығындарды тексеру

КМГ Кашаган Б.В. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі – ӨБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-тің өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі - ӨБСК) 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

ӨБК және ӨБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдердің қатысушыларына (бұдан әрі – Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа меншік немесе жалға алу құқығын бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай түрде емес, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - Өтелетін шығындар) және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК және ӨБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы және ӨБК және ӨБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі − Өкілетті орган) өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

Мердігерлер мен Республика арасында төрелік дау бар, бұл ретте жобалық құжаттардың шарттарына сәйкес мүдделер қақтығысының болуына байланысты ҚМГ Қашаған мен ҚМГ Қарашығанақ келіссөздер процесінен толығымен алынып тасталды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолда бар ақпарат бойынша ҚМГ Қашаған мен ҚМГ Қарашығанақтың осы төрелік талқылау бойынша міндеттемелері жоқ.

Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді (бірақ өзіндік құнынан төмен емес) өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2025 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес жалпы көлемі 2.849 мың тонна бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жеткізудегі Топтың үлесін қоса алғанда, 8.303 мың тонна шикі мұнайды ішкі нарыққа шығарды (2024 жыл: 8.146 мың тонна, оның ішінде 2.880 мың тонна көлемінде Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесі).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

Миллион теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың операциялық шығыстары
Жыл				
2026	**391.958**	**24.871**	**80.344**	**55.848**
2027	**285.043**	**13.464**	**47.524**	**14.093**
2028	**238.402**	**12.149**	**21.253**	**14.877**
2029	**92.111**	**10.075**	**21.827**	**15.555**
2030-2049	**119.138**	**11.495**	**43.628**	**16.419**
Жиыны	**1.126.652**	**72.054**	**214.576**	**116.792**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

Миллион теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың операциялық шығыстары
Жыл				
2025	360.885	33.962	83.986	57.911
2026	229.843	14.581	52.601	12.821
2027	144.476	10.771	19.501	13.309
2028	152.571	10.794	19.958	13.946
2029-2049	175.134	9.334	42.089	14.544
Жиыны	**1.062.909**	**79.442**	**218.135**	**112.531**

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ Қашаған Б.В. мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 0,7 миллион тонна болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 2,4 миллион тонна). Ақшалай балама сату кезіндегі нарықтық баға негізінде анықталады.

Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 5.089 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 201.349 миллион теңге болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: Топтың 17.862 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, ҚҚС сомасын ескерместен 136.221 миллион теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті* бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 41.084 миллион теңге (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 58.483 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қаржылық емес кепілдіктер

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі үш операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметін де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің *6-ескертпеде* көрсетілген.

Түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сату мен қызметтерді білдіреді:

	2025 жыл					
Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоратив-тік орталық	Басқалар	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	**756.848**	**–**	**3.998.538**	**–**	**–**	**4.755.386**
Мұнай өнімдерін сату	**5.756**	**–**	**2.405.304**	**1.159.001**	**17.437**	**3.587.498**
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	**–**	**–**	**247.740**	**–**	**–**	**247.740**
Мұнайды тасымалдау қызметтері	**36**	**255.268**	**2.179**	**–**	**426**	**257.909**
Басқа да кірістер	**48.676**	**65.542**	**177.496**	**2.000**	**229.241**	**522.955**
Жиыны	**811.316**	**320.810**	**6.831.257**	**1.161.001**	**247.104**	**9.371.488**

	2024 жыл					
Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоратив-тік орталық	Басқалар	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	767.376	–	3.927.847	–	–	4.695.223
Мұнай өнімдерін сату	4.999	–	1.805.243	871.374	16.196	2.697.812
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	258.530	–	–	258.530
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	237.475	1.595	1.466	192	240.728
Басқа да кірістер	26.573	55.342	164.607	1.845	189.601	437.968
Жиыны	798.948	292.817	6.157.822	874.685	205.989	8.330.261

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, сарқылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA, % жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Түзетулер мен элиминациялар топішілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген шарттарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары (*15-ескертпе*) келесі елдерде орналасқан:

Миллион теңгемен	**2025 жыл**	2024 жыл
Қазақстан	**6.931.049**	7.155.527
Басқа елдер	**659.580**	678.633
	7.590.629	7.834.160

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2025 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа	Түзетулер мен элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	**811.316**	**320.810**	**6.831.257**	**1.161.001**	**247.104**	**–**	**9.371.488**
Басқа сегменттерге сатудан түсім	**1.671.188**	**155.602**	**212.658**	**91.347**	**166.585**	**(2.297.380)**	**–**
Түсім жиыны	**2.482.504**	**476.412**	**7.043.915**	**1.252.348**	**413.689**	**(2.297.380)**	**9.371.488**
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	**(51.416)**	**(22.416)**	**(5.928.751)**	**(752.017)**	**(46.753)**	**1.761.836**	**(5.039.517)**
Өндірістік шығыстар	**(682.586)**	**(263.292)**	**(487.363)**	**(241.737)**	**(339.354)**	**425.725**	**(1.588.607)**
Табыс салығынан басқа салықтар	**(339.154)**	**(23.224)**	**(40.478)**	**(176.301)**	**(13.771)**	**–**	**(592.928)**
Тасымалдау және өткізу шығыстары	**(239.318)**	**(5.231)**	**(141.937)**	**(16.966)**	**–**	**84.364**	**(319.088)**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	**(51.112)**	**(19.463)**	**(57.657)**	**(78.011)**	**(32.662)**	**20.281**	**(218.624)**
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	**477.629**	**203.695**	**92.885**	**–**	**6.426**	**–**	**780.635**
EBITDA	**1.596.547**	**346.481**	**480.614**	**(12.684)**	**(12.425)**	**(5.174)**	**2.393.359**
EBITDA, %	**67%**	**15%**	**20%**	**(1%)**	**(1%)**	**–**	
Тозу, сарқылу және амортизация	**(515.584)**	**(48.246)**	**(143.789)**	**(2.886)**	**(13.472)**	**–**	**(723.977)**
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	**31.626**	**15.891**	**14.862**	**224.426**	**32.098**	**(120.944)**	**197.959**
Басқа да қаржылық кіріс	**2.249**	**215**	**214**	**41.513**	**1.008**	**(2.194)**	**43.005**
Қаржылық шығындар	**(54.465)**	**(21.362)**	**(96.868)**	**(278.766)**	**(9.721)**	**93.127**	**(368.055)**
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығыстарының (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру	**(26.026)**	**8.603**	**2.027**	**(19.084)**	**(1.282)**	**–**	**(35.762)**
Еншілес ұйымның шығынын түскен кіріс	**–**	**–**	**–**	**3.000**	**–**	**–**	**3.000**
Теріс бағамдық айырма, нетто	**(6.356)**	**(1.459)**	**(18.162)**	**(58.687)**	**652**	**–**	**(84.012)**
Күтілетін кредиттік зияндар	**17.003**	**376**	**857**	**(22.257)**	**(849)**	**11.614**	**6.744**
Басқа операциялық кіріс/(шығын), нетто	**(4.599)**	**15.833**	**2.181**	**101.359**	**(5.688)**	**(109.590)**	**(604)**
Пайда салығы бойынша шығыстар	**(139.482)**	**(26.451)**	**(43.515)**	**(143.090)**	**(7.165)**	**–**	**(359.703)**
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	**900.913**	**289.881**	**198.421**	**(167.156)**	**(16.844)**	**(133.161)**	**1.072.054**
Басқа да сегментті ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	**3.955.624**	**594.449**	**179.287**	**–**	**204.602**	**–**	**4.933.962**
Күрделі шығындар	**375.558**	**67.226**	**131.943**	**5.302**	**102.398**	**–**	**682.427**
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	**(11.565)**	**(7.211)**	**(48.592)**	**(40.574)**	**(10.723)**	**–**	**(118.665)**
Сегмент активтері	**10.441.069**	**1.613.687**	**2.822.744**	**2.702.935**	**1.583.657**	**(315.647)**	**18.848.445**
Сегмент міндеттемелері	**1.771.492**	**347.593**	**1.699.184**	**3.482.030**	**214.672**	**(1.052.851)**	**6.462.120**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2024 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа	Түзетулер мен элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	798.948	292.817	6.157.822	874.685	205.989	–	8.330.261
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.687.114	156.087	197.018	104.826	186.154	(2.331.199)	–
Түсім жиыны	2.486.062	448.904	6.354.840	979.511	392.143	(2.331.199)	8.330.261
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(53.766)	(20.815)	(5.447.383)	(553.840)	(63.400)	1.792.193	(4.347.011)
Өндірістік шығыстар	(639.251)	(254.754)	(387.897)	(236.265)	(299.386)	418.949	(1.398.604)
Табыс салығынан басқа салықтар	(397.851)	(21.315)	(33.173)	(128.808)	(11.837)	–	(592.984)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(210.806)	(19.094)	(108.751)	(13.041)	–	83.868	(267.824)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(52.639)	(17.651)	(61.045)	(113.171)	(27.673)	18.031	(254.148)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	359.311	104.204	55.150	–	12.565	–	531.230
EBITDA	1.491.060	219.479	371.741	(65.614)	2.412	(18.158)	2.000.920
EBITDA, %	74%	11%	19%	(3%)	–	(1%)	
Тозу, сарқылу және амортизация	(453.254)	(44.489)	(130.315)	(3.346)	(11.262)	–	(642.666)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	27.165	11.553	40.522	208.689	14.247	(117.784)	184.392
Басқа да қаржылық кіріс	2.451	1.088	225	113.374	6.152	–	123.290
Қаржылық шығындар	(45.579)	(19.788)	(109.221)	(237.334)	(12.421)	78.247	(346.096)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығыстарының (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру	(57.100)	(2.475)	(4.064)	(40.678)	11.609	22.975	(69.733)
Еншілес ұйымның шығынынан түскен кіріс	–	–	–	16.410	–	–	16.410
Оң бағамдық айырма, нетто	20.602	1.799	2.922	160.363	651	(878)	185.459
Күтілетін кредиттік зиянды	(16.787)	(782)	3.210	(458)	(260)	6.761	(8.316)
Басқа да операциялық кіріс/(шығыс), нетто	48.914	3.271	567	20.475	(4.411)	(55.142)	13.674
Пайда салығы бойынша шығыстар	(220.400)	(9.426)	(38.129)	(90.576)	(4.556)	–	(363.087)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	797.072	160.230	137.458	81.305	2.161	(83.979)	1.094.247
Басқа да сегменттің ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.503.070	582.045	134.681	–	158.717	–	5.378.513
Күрделі шығындар	433.140	63.777	154.161	32.512	32.651	–	716.241
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қаржылық мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зиянды резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(30.523)	(7.554)	(54.589)	(31.966)	(10.170)	–	(134.802)
Сегмент активтері	11.643.803	1.550.949	3.238.703	2.254.912	601.821	(355.541)	18.934.647
Сегмент міндеттемелері	1.967.848	362.981	1.814.519	5.747.682	220.781	(3.103.448)	7.010.363

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы 18 қаңтарда ТШО өндірістік алаңдардағы электрмен жабдықтау жүйелері объектілерінің бір бөлігіне әсер еткен ақаулыққа байланысты Теңіз және Королевское кен орындарында өндіруді уақытша тоқтатты. Кейіннен ТШО электрмен жабдықтау жүйесінің жұмысын қауіпсіз қалпына келтірілгенін және мұнай өндірудің біртіндеп қайта басталғанын растады. Жағдай тұрақтанған сайын ТШО өндіріс көлемін ұлғайтуда.

#4
ҚОСЫМШАЛАР

ҚМГ ұлттық көшбасшы ретіндегі мәртебесін дәйекті түрде нығайтып, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуетін дамытуда. Құн қалыптастыру тізбегінің барлық буындары бойынша флагмандық жобаларды іске асыру және активтерді жүйелі жаңғырту тұрақты өсімді қамтамасыз етіп, Қазақстанның экономикалық өркендеуіне ұзақ мерзімді үлес қосуда.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/ сақталмауы туралы 2025 жылға арналған есебі

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің №13 мәселесі бойынша шешіміне (2026 жылғы 8 мамырдағы №8/2026 хаттама) қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 8 мамырдағы №8/2026 хаттамасымен бекітілді

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
1-тарау. Жалпы ережелер						
1	Осы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – компания) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Осы кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.	Сайтта орналастырылған бекітілген КБК болуы.		**Сақталады**	ҚМГ КБК жаңа редакциясы 13.10.2025ж. АКТЖЖ шешімімен (№3/2025 хаттама, №1 мәселе) бекітілді. Сайтқа орналастырылған.	Корпоративтік хатшы
2	Осы кодекстің мақсаттары қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, қор мен ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.	КБК-да мақсаттар туралы мәлімдемелердің және жылдық есептердің болуы.		**Сақталады**	КБК мақсаттары Кодекстің 1-бөлімінде көрсетілген. Жылдық есеп пен ДК есебінде КБ стандарттарына сәйкестігі расталды.	Корпоративтік хатшы
3	Осы кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: 1) акционер (қатысушы) – акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға; 2) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы – ұйымның жоғары органы; 3) компаниялар – ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар; 4) корпоративтік қақтығыс – акционерлер мен қор немесе ұйым органдарының; қор немесе ұйым органдарының; Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының, корпоративтік хатшының, комплаенс-қызметі басшысының, омбудсменнің арасындағы келіспеушіліктер немесе дау; 5) корпоративтік оқиғалар – «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – БҚР туралы заң) 102-бабында айқындалған, эмитент қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен эмитент инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар; 6) қор – ұлттық басқарушы холдинг;	КБК-да глоссарийдің болуы.		**Сақталады**	КБК 3-тармағында барлық қажетті анықтамалар бар.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
	7) қызметтің негізгі көрсеткіштері (индикаторлары) (бұдан әрі – ҚНК) – қор немесе ұйым қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын, тұтастай алғанда олардың, сондай-ақ қордың немесе ұйымның басшы жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер (ҚНК-нің қордың немесе ұйымның іс-шаралар жоспарының құрамында бекітілетін және олардың жоспарланатын және есепті кезеңдер ішіндегі қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәні болады); 8) қордың, ұйымның лауазымды адамы – Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшесі немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам; 9) мүдделі тараптар – заңнаманың нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) байланысты немесе жанама (қосалқы) түрде қордың және/немесе ұйымның қызметіне, олардың өнімдеріне немесе көрсетілетін қызметтеріне және осымен байланысты әрекеттерге әсер ететін немесе олардың әсеріне ұшырайтын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалардың топтары; бұл анықтама қормен және ұйыммен таныс немесе олар туралы пікір білдіретін тұлғаларға қолданылмайды; акционерлер, жұмыскерлер, клиенттер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, облигацияларды ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, қордың немесе ұйымдардың қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің халқы мүдделі тараптардың негізгі өкілдері болып табылады; 10) омбудсмен – қордың Директорлар кеңесі тағайындайтын, рөлі өзіне өтініш жасаған қордың және ұйымдардың жұмыскерлеріне консультация беру, еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қор мен ұйымдар жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсету болып табылатын тұлға; 11) орнықты даму – бұл қор мен ұйым өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешім қабылдайтын даму; 12) тәуелсіз директор – аталған акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайтын; аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келетін Директорлар кеңесінің мүшесі; 13) ұйымдар – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында қорға тиесілі заңды тұлғалар; 14) холдингтік компания – басқа ұйымдардағы акциялар (қатысу үлестері) оған тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын және осы ұйымдар қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар компания; 15) іс-шаралар жоспары – қор немесе ұйым қызметінің негізгі бағыттарын және олардың қызметінің бес жылдық кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерін айқындайтын, Директорлар кеңесі бекітетін құжат.					

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
4	Осы кодекстің қолданылу аясы қорға және қор тобына кіретін ұйымдарға қолданылады. Басқа акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдар үшін кодексті акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында бекіту ұсынылады. Холдингтік компаниялар осы кодекстің өз тобында енгізілуін қамтамасыз етеді.	КБК іс-қимылдарын топтың барлық ұйымдарына тарату.		**Сақталады**	КБК Қор үшін және ҚМГ тобына кіретін барлық ұйымдар үшін міндетті.	Корпоративтік хатшы
5	Ұйымдар осы кодекстің «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» (бұдан әрі – Серіктестіктер туралы заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң), «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» (бұдан әрі – қор туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына қайшы келмейтін бөлігіндегі ережелерін басшылыққа алуға тиіс.	Бекітілген КБК болуы. Сәйкестік/сәйкессіздік туралы ақпаратты ашу.		**Сақталады**	ҚМГ КБК жаңа редакциясы 13.10.2025ж. АКТЖЖ шешімімен (№3/2025 хаттама, №1 мәселе) бекітілді. Сақталуы/сақталмауы туралы 2024 жылғы есепті ДК бекітті (05.03.2025ж. №3/2025 хаттама, №6 мәселе). 2025 жылғы есеп 2026 жылы дайындалады.	Корпоративтік хатшы қызметі
6	Қор мен ұйымдар осы кодекстің ережелерін сақтауға, сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысының сақталмау себептері туралы түсініктерді көрсетуге тиіс. Егер кодекстің ережелеріне сәйкес келмеу ұзақтығы алты айдан асатын болса, ұйым қорды хабардар етіп, себептеріне тиісті түсініктеме береді. қордың және ұйымдардың осы кодекстің орындалуын бақылау тиісінше қордың және ұйымдардың Директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшылар қор мен ұйымдардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органына осы кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және консультация береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды. Кейіннен бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитеттерінің қарауына шығарылады, оны Директорлар кеңесі бекітеді және қордың немесе ұйымның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.	Сақталуы туралы жыл сайынғы есептің болуы. Есепті ДК-ге ұсыну және оны бекіту. Есепті жылдық есептің құрамына енгізу. Корпоративтік хатшы тарапынан мониторинг.		**Сақталады**	2024 жылғы Сақталуы туралы есепті ДК бекітті, 2024 жылғы жылдық есепке енгізілген. Корпоративтік хатшы Д.В. Шарипов мониторинг жүргізеді және есеп дайындайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ұзақ мерзімді сақтамау жағдайлары (6 айдан астам) тіркелмеген.	ДК; Корпоративтік хатшы
7	Қордың және ұйымдардың құжаттары мен процестері осы кодекстің ережелеріне сәйкес өзектілендірілуге тиіс.	Ішкі құжаттар сәйкес келтірілген		**Сақталады**	2025 жылы КБК, ОАА туралы ереженің, ДК туралы ереженің, ІАҚ туралы ереженің, Комплаенс қызметі туралы ереженің және т.б. жаңа редакциялары бекітілді.	Корпоративтік хатшы
8	Осы кодекс ережелерінің сақталмау жағдайлары қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдана отырып, тиісті комитеттер мен Директорлар кеңестерінің отырыстарында мұқият қаралады.	Қарау хаттамаларының болуы.		**Сақталады**	Орындалмау жағдайлары (мысалы, тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзу) Аудит комитетінің және ДК отырыстарында шешімдер қабылдана отырып қаралады.	ДК, Аудит комитеті
9	Осы кодекстің нормалары Қазақстан Республикасы заңнамасының, қазақстандық және халықаралық практиканың, корпоративтік басқару стандарттарының өзгерістері ескеріле отырып қайта қаралуға жатады.	КБК мерзімді қайта қарау		**Сақталады**	КБК жаңа редакциясы 13.10.2025ж. АКТЖЖ шешімімен (№3/2025 хаттама, №1 мәселе) бекітілді. Келесі қайта қарау қажеттілігіне қарай жоспарланады.	Корпоративтік хатшы
2-тарау. Үкімет қордың акционері ретінде						
10	Қазақстан Республикасының Үкіметі – қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – Үкімет) қордың жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерінің және мемлекеттік реттеуге байланысты өкілеттіктердің аражігін ажыратады. Үкімет қорды және ұйымдарды басқаруға қор туралы заңда және қордың Жарғысында көзделген қордың жалғыз акционерінің өкілеттіктерін іске асыру және қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету арқылы ғана қатысады. Үкімет пен қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде регламенттелген. Үкіметке акционер ретінде қатысты осы кодекстің «Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас» деген 3-тарауының қағидаттары қор туралы заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.	Өзара іс-қимыл туралы келісімнің болуы, Қор туралы заңның сақталуы		**Сақталады**	Үкімет Қордың жалғыз акционері болып табылады. Өзара іс-қимыл Өзара іс-қимыл туралы келісіммен реттеледі.	Қор Директорлар кеңесінің хатшылығы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
11	Үкімет пен қордың, ұйымдардың арасындағы өзара қарым-қатынастар (өзара іс-қимыл) тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес қордың Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.	Қордың ДК арқылы коммуникация		**Сақталады**	Өзара іс-қимыл Қордың ҚМГ ДК-дегі өкілдері арқылы жүзеге асырылады.	ДК төрағасы, Корпоративтік хатшы
12	Қор басқармасы, қор басқармасының төрағасы, ұйымдардың органдары өз құзыретінің шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде толық дербес және тәуелсіз. Мемлекеттік органдар тарапынан ұйымдардың жедел (ағымдағы) қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген араласу орын алған жағдайда ұйымдар қорды осындай мән-жай туралы дереу хабардар етеді. Қор мұндай ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына мерзімді түрде жеткізеді, ол қажет болған жағдайда жалғыз акционер ретінде Үкіметтің қарауына мұндай жағдайларға жол бермеу жөніндегі ұсыныстарды шығарады.	Заңсыз араласу фактілерінің болмауы		**Сақталады**	Есепті жылы операциялық қызметке араласу фактілері тіркелмеген.	ҚМГ Басқармасы
13	Мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың, іс-шаралар жоспарларының және нормативтік құқықтық актілердің жобаларында қордың және/немесе ұйымдардың қызметіне қатысты нысаналы көрсеткіштер, іс-шаралар және/немог өзге де ережелер белгіленген жағдайда, онда мұндай жобаларды әзірлеуші мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде көзделген мерзімдерде қордың Үкіметке енгізу кезінде жобаға қоса берілетін жазбаша ұстанымын алу үшін жібереді.	ҚР Үкіметінің регламентін сақтау.		**Сақталады**	Есепте көрсетілмеген, бірақ жобаларды ҚМГ-да келісуге жіберу практикасы қолданылады. Құжатпен расталмаған.	Құқықтық қамтамасыз ету департаменті
14	Үкімет (Премьер-Министр) немесе мемлекеттік органдар қордың және/немесе ұйымдардың қызметіне қатысты мәселелерді қарау жөніндегі консультативтік-кеңесші органдарды немесе жұмыс топтарын құрған кезде қордың және/немог ұйымдардың өкілдері қормен келісу бойынша жұмыс тобының құрамына енгізіледі.	Қордың келісімі бойынша өкілдерді қосу.		**Сақталады**	ҚМГ өкілдері мұнай-газ саласы мәселелері бойынша мемлекеттік органдар жанындағы жұмыс топтарының құрамына енгізіледі	Құқықтық қамтамасыз ету департаменті
15	Қор Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, қордың Жарғысына, Өзара іс-қимыл туралы келісімге сәйкес акционер ретінде Үкіметке және қордың Директорлар кеңесіне қордың қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты ашады және қор мен ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Үкімет мәселеге байланысты ұйымдардың өкілдерін қордың Директорлар кеңесіне шақыру арқылы ғана ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша оларды тыңдайды. Қор басқармасы кемінде тоқсанына бір рет Директорлар кеңесінің қарауына қордың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында қорға тиесілі ұйымдармен шоғырландырылған қызмет нәтижелерін шығару жолымен есеп береді. Қордың Директорлар кеңесіне берілетін ақпараттың тізбесі Өзара іс-қимыл туралы келісіммен, қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен, қордың ішкі құжаттарымен, сондай-ақ қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен регламенттеледі. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметтің актілерінде және/немесе Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті қордың интернет-ресурсына орналастыру қағидаларында, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін есептіліктің тізбесінде, нысандарында және орналастыру кезеңділігінде тікелей көзделген жағдайда, қор мемлекеттік органдарға есептілікті ұсынады.	Заңнама талаптарын сақтау.		**Сақталады**	Үкіметпен өзара іс-қимыл, дивиденд саясаты, әлеуметтік жобалар туралы ақпарат Жылдық есепте және ОДЕ-де ашылған.	Инвесторлармен жұмыс басқармасы, Басқарма
16	Қордың немесе ұйымның инвестициялық қызметі қордың немесе ұйымның даму жоспарына сәйкес нарықтық қағидаттарда жүзеге асырылады және құнның өсімі мен активтердің оңтайлы құрылымына бағытталған.	Даму жоспарының талаптарын сақтау.		**Сақталады**	Инвестициялық қызмет Даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады, активтер құнының өсуіне бағытталған.	Стратегия және тиімділікті басқару департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
17	Жалғыз акционер ретіндегі Үкіметтің пайдасына таза кірісті бөлу формальдандырылған және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.	Дивиденд саясаты талаптарын сақтау.		**Сақталады**	Дивиденд саясаты бекітілген. 2024 жылы 300 млрд теңге (491,71 теңге/акция) мөлшерінде дивиденд төленді	Қаржы департаменті
18	Қордың немесе ұйымның рентабельділігі төмен және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жағдайлары қордың немесе ұйымның жылдық есебінде осындай жобаларды қаржыландыру көздері көрсетіле отырып ашылуға тиіс.	Жылдық есепте ақпаратты ашу.		**Сақталады**	ЖЕ-де «Кендірлі» тұщыландыру зауытын (әлеуметтік маңызы бар) қоса алғанда, әлеуметтік жобалар ашылған.	Стратегия және тиімділікті басқару департаменті
19	Жалғыз акционердің шешімі бойынша және ол айқындайтын тәртіппен қор жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры атынан коммерциялық емес ұйымға қордың таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөледі.	Қор туралы заңның талаптарын сақтау.		**Сақталады**	Есепте көрсетілмеген, бірақ бұл талап тікелей ҚМГ-ға емес, Қорға қатысты. ҚМГ портфельдік компания ретінде Қордың нұсқауларын орындайды.	Басқарма
3-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі						
20	Қор ұлттық басқарушы холдинг ретінде өз компанияларына қатысты стратегиялық холдинг рөлін атқарады. Корпоративтік басқару негізіне тиімділік, жеделділік және ашықтық кіреді.	Стратегиялық емес активтер тізбесінің болуы, дивестицияларды іске асыру.		**Сақталады**	Стратегиялық емес активтердің тізбесі бекітілді (04.12.2025ж. ДК шешімі шешімі, №12 мәселе). Жекешелендірудің кешенді жоспары іске асырылады.	Стратегия және тиімділікті басқару департаменті
21	Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге ұмтылуы тиіс. Ұйымдар өз қызметін өздерінің негізгі (бейіндік) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға осы нарықта бәсекелестік болмаған немесе қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал еткен жағдайда жол беріледі.	Стратегиялық емес активтер тізбесінің болуы, дивестицияларды іске асыру.		**Сақталады**	Стратегиялық емес активтерді шығару, заңды тұлғаларды тарату және қайта ұйымдастыру жүзеге асырылады. 2025 жылы «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ таратылып, «Полимер Продакшн» ЖШС-дағы үлес сатылды.	Стратегия және тиімділікті басқару департаменті
22	Қордың және ұйымдардың корпоративтік басқару жүйесі қордың және ұйымдардың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ атқарушы органның, Директорлар кеңесінің, акционерлердің және мүдделі тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді және ол ұзақ мерзімді құнның өсуі мен орнықты дамуға бағытталған. Директорлар кеңесі аталған өзара қарым-қатынастар жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелерін кезең-кезеңімен қарайды. Органдардың құзыреті мен шешімдер қабылдау тәртібі нақты айқындалып, жарғыда бекітілген. Корпоративтік басқару жүйесі мыналардың: 1) акционерлердің (қатысушылардың); 2) Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің); 3) атқарушы органның; 4) мүдделі тараптардың; 5) Жарғыға сәйкес айқындалатын өзге де органдардың арасындағы Сонымен қатар корпоративтік басқару жүйесі: 1) мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды; 2) органдар, лауазымды адамдар және жұмыскерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды; 3) қор мен ұйымдар органдарының уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауын; 4) қордың және ұйымдардың қызметіндегі процестердің тиімділігін; 5) заңнамаға, осы кодекске және қор мен ұйымдардың ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс.	Жарғының, органдар туралы ережелердің болуы		**Сақталады**	Жарғы және органдар туралы ережелер бекітілген, құзыреттері бөлінген.	Корпоративтік хатшы Құқықтық қамтамасыз ету департаменті
23	Қорда және ұйымдарда органдар мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ тиісті позицияларға арналған лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.	Құжаттардың болуы және өзектілігі		**Сақталады**	2025 жылы ДК, АЖЖ, ІАҚ, Комплаенс қызметі туралы ережелердің, CEO-1 лауазымдық нұсқаулықтарының жаңа редакциялары бекітілді.	Корпоративтік хатшы, ІАҚ, Комплаенс қызметі, Адами ресурстарды басқару департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
24	Қор акционердің (қатысушының) функцияларын іске асыру жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы компаниялардың жарғыларында және осы кодексте айқындалған тәртіппен компанияларды басқаруға қатысады. Компаниялардың Директорлар кеңестері компаниялардың жарғысында белгіленген өз құзыретінің шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие болады. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы компанияның Директорлар кеңесіндегі қордың өкілдері арқылы жеткізіледі.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі, мониторинг.		**Сақталады**	ЖЕ және ОДЕ-де өзара іс-қимыл принциптері, ҚНК, дивиденд саясаты ашылған. Қордың позициясы ДК өкілдері арқылы жеткізіледі.	Басқарма, Стратегия және тиімділікті басқару департаменті
25	Қор туралы заңға сәйкес қор компанияларға қатысты бірыңғай саясатты қалыптастырады, ұйымдар үшін әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді. Мұндай бағыттарға адами ресурстарды басқару, ақпараттық технологиялар, инвестициялар, инновациялар, тәуекелдер, корпоративтік басқару, жоспарлау, экономика мен қаржы және басқа мәселелер кіреді. Холдингтік компаниялар өз тобы үшін қордың корпоративтік стандарттарымен қамтылмаған бағыттар бойынша не қордың толықтыратын/нақтылайтын саясаттары мен корпоративтік стандарттары бойынша бірыңғай саясатты бекіте алады. Қор бекіткен ішкі аудит және ұйымда ішкі бақылау жүйесі саласындағы корпоративтік стандарттарды қолдану туралы шешімді аталған стандарттардың ұйым қызметінің ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз етуді ескере отырып, Ұйымның директорлар кеңесі қабылдайды.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі, мониторинг.		**Сақталады**	Қор ҚМГ қоса алғанда, портфельдік компаниялар үшін корпоративтік стандарттарды бекітеді.	Басқарма, Стратегия және тиімділікті басқару департаменті
26	Қордың және компаниялардың атқарушы органдары компаниялардың директорлар кеңестеріне бекіту үшін жіберілетін компаниялардың даму жоспарларының жеткілікті өршілдігін және шынайылығын, сондай-ақ олардың қордың даму жоспары мен іс-шаралар жоспарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасайды. Қордың атқарушы органы компанияның атқарушы органымен стратегия және орнықты даму мәселелері бойынша тұрақты диалогты қолдайды. Бұл ретте қор Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларды, сондай-ақ даму жоспарында белгіленген ҚНК-ның орындалмауына әкеп соғатын мән-жайлар болған жағдайларды қоспағанда, компанияның атқарушы органы жауапты болатын кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, компанияның жедел (ағымдағы) қызметіне араласуға жол бермейді.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі, мониторинг.		**Сақталады**	ҚМГ Басқармасының ЕТҰ-мен өзара іс-қимылы бекітілген регламенттер негізінде жүзеге асырылады. Қор операциялық қызметке араласпайды.	Басқарма
27	Қор ұйымдары үшін активтердің оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда бас компания акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Қалған ұйымдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында құрылған ұйымдарда экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілерді ескере отырып және қор тобының мүдделерін қамтамасыз ете отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанына қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында жаңа ұйымдар құруға ұйымның акцияларын қор нарығында одан әрі сату жоспарланған сияқты ерекше жағдайларда жол беріледі. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында ұйым құру кезінде қатысушылар байқау кеңестерін құру қажеттілігі және құрылатын ұйым қызметінің ауқымы мен ерекшелігіне қарай оның құрамына тәуелсіз мүшелерді сайлаудың орындылығы туралы дербес шешім қабылдайды. Ұйымдардың жаңа активтерін сатып алу және/немесе акцияларын сату кезінде қатысу үлесін айқындауды қоса алғанда, активтер портфелін басқару қордың даму жоспарында және қордың Директорлар кеңесі бекіткен қордың инвестициялық саясатында белгіленген стратегиялық міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.	Ұйымдық-құқықтық нысандарды талдау.		**Сақталады**	ЕТҰ-ның көбі ЖШС болып табылады. Жаңа АҚ құруға ерекше жағдайларда рұқсат етіледі (мысалы, IPO үшін).	Стратегия және тиімділікті басқару департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
28	Акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тиесілі компаниялардың таза пайданы бөлуі және дивидендтер төлеуі қордың дивидендтік саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Ұйымда алынған пайданы тиімді бөлу мақсатында дивидендтер мөлшерін айқындау мен төлеудің айқын және ашық тетігі айқындалды.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі, мониторинг.		**Сақталады**	ҚМГ Дивиденд саясаты бекітілді, дивидендтер соған сәйкес төленеді.	Басқарма, Стратегия және тиімділікті басқару департаменті
29	Ұйымдарды басқаруды ұйымдардың органдары ұйымның жарғысында айқындалған құзыреттерге және тәртіпке сәйкес жүзеге асырады. Осы қағидат бірнеше акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдарға да қолданылады.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	Барлық ЕТҰ-да басқару органдарының құзыреті анықталған бекітілген жарғылары бар.	Құқықтық қамтамасыз ету департаменті
30	Қор ұйымдарындағы активтер портфелін және акциялар пакетін (қатысу үлестерін) басқару қордың даму жоспары шеңберінде айқындалады. Даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер Директорлар кеңесі айқындайтын кезеңділікпен, бірақ жылына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарында ғана қаралады. Директорлар кеңесі ішкі және сыртқы нарық конъюнктурасының, форс-мажорлық жағдайлардың өзгерістерін ерте анықтау және уақтылы ден қою жүйесін енгізеді. Қор мен ұйымдардың органдары, лауазымды адамдары мен қызметкерлері даму жоспары мен жарғыға сәйкес әрекет етеді және шешім қабылдайды. Даму жоспары онжылдық кезеңдегі қызметтің көзқарасын, миссиясын, мақсаттарын, міндеттерін, стратегиялық бағыттарын және негізгі көрсеткіштерін анықтайтын ұзақ мерзімді құжат.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	ҚМГ-нің 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы Жоспар әзірлеу және іске асыру мәселелерін ДК жылына кемінде 1 рет қарайды.	Басқарма, Қаржы департаменті
31	Холдингтік компанияның даму жоспарында оның тобына кіретін ұйымдардың мақсаттары, міндеттері мен даму бағыттары қамтылуға тиіс. Акциялары қор биржаларында тізімделген холдингтік топ ұйымдарында, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар нысанында құрылған холдингтік топ ұйымдарында жеке даму жоспарлары қабылданады. Аталған ұйымдарда даму жоспарын әзірлеу кезінде ұйымдар жарғыларының ережелерін басшылыққа алып, басқа акционерлермен (қатысушылармен) консультациялар жүргізу қажет. Даму жоспары шеңберінде Директорлар кеңесі мынадай өлшемдерге жауап беруі тиіс ұзақ мерзімді мақсаттарды айқындайды: нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, өзекті, қол жеткізудің белгіленген мерзімдерімен. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді бағалау ұзақ мерзімді ҚНК арқылы айқындалады. Даму жоспарына қызметтің жекелеген бағыттарын (мысалы, инвестициялық, инновациялық, ақпараттық технологиялар, адам ресурстарын басқару) енгізу ұсынылады.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	ҚМГ Даму жоспары компаниялардың барлық тобы үшін мақсаттар мен міндеттерді қамтиды. Жекелеген ЕТҰ (мысалы, KPI) үшін жеке даму жоспарлары бекітілді.	Басқарма, Қаржы департаменті
32	Даму жоспарын әзірлеу және іске асыру мониторингі процесінде Директорлар кеңесі мен атқарушы орган стратегиялық сессиялар өткізеді, оның барысында қызметтің негізгі бағыттары, міндеттері, проблемалық мәселелері, тәуекелдері, түзету шаралары талқыланады. Даму жоспарын әзірлеу кезінде негізгі мүдделі тұлғалармен, атап айтқанда ірі акционерлермен, негізгі бизнес-серіктестермен, мүдделі мемлекеттік органдармен консультациялар жүргізіледі. Даму жоспары орнықты даму бөлігіндегі мақсаттарды, міндеттерді және көрсеткіштерді көздейді.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	02.07.2025ж. менеджмент пен сыртқы сарапшылардың қатысуымен ДК стратегиялық сессиясы өткізілді.	Басқарма, Стратегия және тиімділікті басқару департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
33	Қор, ұйымдар және олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен тиісінше қор мен ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына және қабылданатын шешімдер мен әрекеттер/ әрекетсіздікке жауапты болады. Қор мен ұйымдар, атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚНК жүйесі болып табылады. Қор Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы компанияларға ҚНК бойынша өз болжауларын жібереді. Компанияның ҚНК тізбесі мен нысаналы мәндерін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. ҚНК-ға қол жеткізу мақсатында компаниялар тиісті даму жоспарларын әзірлейді.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	Басшылықтың сыйақысы орнықты даму көрсеткіштерін (EBITDA, TSR, өндірістік қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш) қоса алғанда, ҚНК-ге байланған.	Басқарма
34	Бекітілген даму жоспарымен салыстырғанда қордың және ұйымдардың ҚНК-ға қол жеткізуді бағалау жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады. Бұл бағалау атқарушы органдар басшысының және мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды атқаратын лауазымынан мерзімінен бұрын шеттетуге негіз болып табылады. Даму жоспарында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді бағалау мақсатында компанияларға мынадай процестер арқылы ҚНК белгіленеді: 1) қор Директорлар кеңестеріндегі өзінің өкілдеріне компаниялардың жоспарлы кезеңге арналған нысаналы ҚНК бойынша өз күтетіндерін жолдайды, олар компаниялардың Директорлар кеңестерінің қарауына шығарылады; 2) компанияның Директорлар кеңесі қарауының және талқылауының қорытындылары бойынша ҚНК тізбесі және нысаналы мәндері бекітіледі, олар тиісті даму жоспарларын әзірлеу үшін компанияның атқарушы органына жеткізіледі. 3) мақұлданған ҚНК қол жеткізу мақсатында компания қордың тиісті құжаттарында айқындалған тәртіппен бес жыл кезеңге арналған даму жоспарын әзірлейді; 4) компанияның даму жоспарының жобасы компанияның атқарушы органының мақұлдауын алғаннан кейін қордың қызметті жоспарлау, мониторингтеу және бағалау жөніндегі ақпараттық жүйесіне енгізіледі және компанияның Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне жіберіледі; 5) компанияның даму жоспарын компанияның Директорлар кеңесі бекітеді және даму жоспарының бекітілген нұсқасы да қордың қызметті жоспарлау, мониторингтеу және бағалау жөніндегі ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Компаниялардың даму жоспарларын бастапқы бекіткеннен кейін қордың тиісті құжаттарында айқындалған тәртіппен оларды түзетуге жол беріледі. Компанияның даму жоспарының жобасы және компанияның бекітілген даму жоспарының түзетілген жобасы қормен келісілмейді.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	2024 жылғы ҚНК бағалау жүргізілді, нәтижелер сыйлықақыға әсер етеді. 2025-2026 жылдарға арналған ҚНК бекітілді.	Басқарма, ТСК
35	Компанияның атқарушы органы компанияның даму жоспарының және ҚНК орындалуына мониторинг жүргізеді, мониторинг нәтижелері және даму жоспарының орындалуы туралы есептер қордың тиісті құжаттарында айқындалған тәртіппен қордың қызметті жоспарлау, мониторингтеу және бағалау жөніндегі ақпараттық жүйесіне енгізіледі.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	Атқарушы орган мониторинг жүргізеді, есептер Қордың ақпараттық жүйесіне енгізіледі.	Басқарма

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
36	Холдингтік компанияның Директорлар кеңесі өз тобына кіретін барлық заңды тұлғалардағы басқару тиімділігін, ұзақ мерзімді құнның өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Операциялық тиімділікті арттыру, есептіліктің сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен әдептің жақсартылған стандарттары, жан-жақты ашықтық және айқындық, тәуекелдердің азаюы, ішкі бақылаудың тиісті жүйесі холдингтік компанияның тобындағы тиімді басқару нәтижелері болып табылады. Холдингтік компаниялар өз тобында басқару жүйелерін енгізеді, жұмыс істеп тұруын сүйемелдейді және үнемі жақсартып отырады. Холдингтік компанияның Директорлар кеңесі акционерлер алдында бүкіл топты тиімді басқару және оның жұмыс істеуі үшін жауапты орган болып табылады және топты басқаруға байланысты шешімдер қабылдайды.	Ішкі құжаттардың сәйкестігі.		**Сақталады**	ҚМГ ДК компаниялардың барлық тобының қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады.	Директорлар кеңесі
37	Холдингтік компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі: 1) топта нақты басқару жүйесінің, аражігі ажыратылған өкілеттіктердің және шешім қабылдау процесінің болуын, функциялар мен процестердің қайталануының болмауын; 2) бірыңғай стандарттарды, саясаттар мен процестерді, оның ішінде жоспарлауға, мониторинг пен бақылауға, нәтижелілікті бағалауға және түзету іс-әрекеттерін қолдануға қатысты бірыңғай тәсілдерді айқындау бөлігінде; 3) топтың қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қол жеткізуді; 4) топтың тәуекелдерін дұрыс басқаруды; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор мен холдингтік компанияның құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуді; 6) мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етуге тиіс.	Тиісті саясаттар мен рәсімдердің болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да: тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ саясаты), бірыңғай стандарттар (Қордың корпоративтік стандарттары), ішкі бақылау жүйесі, ДК алдында тұрақты есептілік енгізілді.	Корпоративтік хатшы, ТБІБҚ, Басқарма
38	Холдингтік компанияның тобын басқарудың басқа ықтимал тетіктеріне кейбір функцияларды орталықтандыру кіреді (жоспарлау, қазынашылық, бухгалтерлік есеп, ақпараттық технологиялар, құқықтық қамтамасыз ету, ішкі аудит және өзгелер). Холдингтік компания топта холдингтік компания жүзеге асыратын басқару мен ұйымдарға өз қызметін жүзеге асыру үшін жедел шешімдер қабылдауда дербестік беру арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге тиіс.	Орталықтандырылған функциялардың болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да жоспарлау, қазынашылық, бухгалтерлік есеп (ішінара), АТ (ішінара), ішкі аудит (холдинг деңгейінде) функциялары орталықтандырылған.	Басқарма
4-тарау. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас						
39	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау қор мен ұйымға инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Ұйым акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.	Акционерлердің құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету.		**Сақталады**	АЖЖЖ және 3 АКТЖЖ өткізілді. 2024 жылға дивидендтер (491,71 теңге/акция) төленді.	Корпоративтік хатшы
40	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары, міндеттері мен құзыреті қолданыстағы заңнамаға, құрылтай құжаттарға сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысуды және өз құзыретінің мәселелері бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің және атқарушы органның) сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындауға қатысуды; айқын және ашық дивидендтік саясаттың негізінде акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен айқындалатын мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.	Акционерлердің құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету.		**Сақталады**	«Акционерлік қоғамдар туралы» заңда және Жарғыда көзделген акционерлердің барлық құқықтары сақталады.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
41	Акционер (қатысушы) ұйымның құпиялылық және ақпаратты ашу талаптарын ескере отырып, тиісті шешім қабылдау үшін қажет ұйым туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие. Ұйымның қызметі туралы ақпаратты ашу инвесторлар тарапынан ұйымның жарғылық капиталына қатысу немесе ұйым акционерлерінің (қатысушыларының) құрамынан шығу негізделген шешім қабылдауға жәрдемдесуге тиіс.	Ақпараттық саясаттың болуы, ақпаратты ашу.		**Сақталады**	Ақпараттық саясат бекітілді. Сайтта және есептерде барлық маңызды мәліметтер ашылған.	Инвесторлармен жұмыс департаменті
42	Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, сондай-ақ ұйымның басқа да ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен акционерлердің (қатысушылардың) мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің (қатысушыларының) назарына жеткізеді. Акционерлерге (қатысушыларға) ақпаратты ашу тәртібі мен арналары ақпараттық саясатта немесе ұйым туралы ақпаратты ашу мәселелерін регламенттейтін өзге де құжатта айқындалған. Акцияларына қор биржасында баға белгіленетін ұйым листинг қағидаларына сәйкес ақпаратты қосымша ашады. Ұйым акционерлерге (қатысушыларға) және инвесторларға ынтымақтастықтың кез келген нысандары мен шарттары, Үкіметпен және мемлекеттік органдармен келісімдер, әріптестік туралы ақпаратты ашуға тиіс.	Ақпараттық саясаттың болуы, ақпаратты ашу.		**Сақталады**	Акционерлер сайт, қаржылық есептілік депозитарийі, есептер, биржалар, баспасөз хабарлары арқылы хабардар етіледі.	Инвесторлармен жұмыс департаменті
43	Акционерлер (қатысушылар) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналыстарына қатысу арқылы ұйымды басқаруға қатысу жөніндегі өз құқықтарын іске асырады. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Жалғыз акционері (қатысушысы) бар ұйымдарда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында және ұйымның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.	АЖЖ өткізу.		**Сақталады**	2025 жылы 1 АЖЖЖ және 3 АКТЖЖ өткізілді.	Корпоративтік хатшы
44	Акционер (қатысушы) жыл қызметінің қорытындыларын шығару және өз құзыретінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесімен және атқарушы органмен (байқау кеңесімен және/немесе атқарушы органмен) отырыстар (бұдан әрі – Директорлар кеңесін тыңдау) өткізеді. Акционер (қатысушы) өз құзыреті шеңберінде ұйым қызметінің мәселелерін талқылау үшін Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің және/немесе атқарушы органның) төрағасымен жыл бойы тұрақты кездесулер де өткізеді. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар адамдардың неғұрлым көп саны не бірауыздан шешім қабылдауды талап ететін мәселелерге қатысты барлық адамдар қатыса алатындай етіп белгіленеді.	Отырыстар (тыңдаулар) өткізу.		**Сақталады**	АЖЖЖ-да ДК мен Басқарманың есептері тыңдалады. Ірі акционерлердің ДК төрағасымен кездесулері өткізіледі.	Корпоративтік хатшы
45	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы өткізілгенге дейін акционерлерге (қатысушыларға) берілетін ақпараттар мен материалдар/ Директорлар кеңесін тыңдау, сондай-ақ оны беру тәртібі талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты құрылған мәселелерінің толық тізбесі бар талқыланатын мәселелердің мәні, шешім қабылдауға (қабылдамауға) байланысты кездесетін тәуекелдер туралы барынша толық пайымдауды, қызықтыратын сұрақтарға жауаптар алуды және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша негіздемелі шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет. Күн тәртібінің мәселелері барынша нақты болуы және оларды әртүрлі түсіндіру мүмкіндігі болмауы қажет. Күн тәртібінен «әртүрлі», «өзге», «басқа» және т. б. тұжырымдары бар сұрақтар алынып тасталады. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында ұйым әрбір жеке мәселе бойынша жеке шешім ұсынуы қажет. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының күн тәртібіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу, сондай-ақ акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын кезектен тыс шақыруын талап ету туралы акционерлердің құқықтары нақты негізделген жағдайда жеңіл іске асырылатын болуы қажет.	Күн тәртібіне және материалдарға қойылатын талаптарға сәйкестігі.		**Сақталады**	АЖЖ күн тәртібінде нақты мәселелер бар, материалдар заңнамаға сәйкес уақтылы ұсынылады.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
46	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына Директорлар кеңесін тыңдауға дайындық кезеңінде ұйым акционерлерге (қатысушыларға) күн тәртібі және материалдар бойынша сұрақтар қою мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті ұйымдық және техникалық жағдайлар жасағаны жөн. Ұйымға лауазымды тұлғалардың, корпоративтік хатшының немесе оның функциясын жүзеге асыратын адамның және ұйым қызметкерлерінің акционерлермен (қатысушылармен) және инвесторлармен өзара іс-қимылы, сондай-ақ олардың сұрауларына жауаптар беру тәртібі бойынша өкілеттіктері бекітілуі қажет.	Өзара іс-қимыл регламентінің болуы.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшы және жауапты тұлғалар акционерлермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.	Корпоративтік хатшы
47	Корпоративтік хатшы немесе оның функциясын жүзеге асыратын адам акционерлерден (қатысушылардан) түскен сұрақтардың мониторингін жүзеге асырады және акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу рәсімдерінің бөлігінде жауаптар береді, акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру тәртібі бөлігінде, сондай-ақ егер ұйымның ішкі құжаттарында бұлар айқындалған болса, басқа да мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және ұйымның құжаттарының ережелерін түсіндіреді.	Сұрауларға жауап беру жүйесінің жұмыс істеуі.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшы акционерлердің сұраныстарына мониторинг жүргізеді және жауаптар дайындайды.	Корпоративтік хатшы
48	Қор биржасында акцияларының бағасы белгіленетін ұйымдарда инвесторлармен байланысты қолдау, акционерлердің сұрақтарына уақтылы және сапалы жауаптар берілуін қамтамасыз ету үшін инвесторлармен жұмыс жөніндегі арнайы бөлімдер құру ұсынылады.	IR бөлімшесінің болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да Инвесторлармен жұмыс басқармасы (Инвесторлармен жұмыс департаменті) құрылды.	Инвесторлармен жұмыс департаменті
49	Ұйымның қызметі туралы барлық акционерлерге (қатысушыларға) бір мезгілде ақпарат беру мақсатында оларға тең қатынасты қамтамасыз ету үшін акционерлер (қатысушылар) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат жариялайды. Ақпаратты ашу жөніндегі талаптар ұйымға артық әкімшілік ауыртпалық немесе негізсіз шығыстар жүктемеуге тиіс.	Ақпарат ашу жүйесінің жұмыс істеуі.		**Сақталады**	Қаржылық есептілік депозитарий сайтында ашылады.	Инвесторлармен жұмыс департаменті
50	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша тиісті материалдарды құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, акционерлермен (қатысушылармен) және инвесторлармен өзара іс-қимыл жасауға жауапты тұлғалардың байланыс ақпаратын (телефон, электрондық пошта мекенжайы) көрсете отырып, ұйымның интернет-ресурсында орналастыру ұсынылады. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында дауыс беру процесі ұйым жарғысының ережелерін ескере отырып, дауыс берудің барлық мүмкін тәсілдерін пайдалана отырып, акционер (қатысушы) үшін барынша қарапайым және ыңғайлы.	Сайтта материалдардың болуы.		**Сақталады**	АЖЖ материалдары ҚМГ сайтында «Акционерлерге» бөлімінде орналастырылған.	Корпоративтік хатшы
51	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі барлық акционерлерге (қатысушыларға) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысу құқықтарын іске асырудың тең мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Акционер (қатысушы) акционерлердің (қатысушылардың) жеке өзі немесе жеке қатысуынсыз өткізілетін бетпе-бет жиналысында (акционер (қатысушы) өз өкіліне жеке өзі берген сенімхат бойынша) дауыс бере алады. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.	АЖЖ процедураларын сақтау.		**Сақталады**	АЖЖ заңнамаға сәйкес өткізіледі, акционерлер өздері немесе өкілі арқылы дауыс бере алады.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
52	Ұйымда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының жұмыс регламенті әзірленеді, онда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі айқындалады, онда күн тәртібіндегі мәселелерді тиісінше талқылау және шешімдер қабылдау, лауазымды адамдардың сөз сөйлеуі және өзге де мәселелер көзделеді. Ұйым акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының маңыздылығы ұйымды басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қатысуын (шақырылған жағдайда) көздейді. Тіркеу уақыты барлық акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркелуі үшін жеткілікті болуы тиіс, бұл ретте тіркеуден өтпеген акционерлер кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатыса алмайды. Дауыстарды жинау және санау рәсімі барынша қарапайым және ашық, акционерлер дауыс беру нәтижелерін қандай да бір бұрмалау мүмкіндігін жоққа шығаруға сенімді болуға тиіс. Ұйым дауыстардың дұрыс берілуін және тіркелуін қамтамасыз етуі керек.	Регламенттің болуы.		**Сақталады**	АЖЖ туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді (31.12.2025ж. АЖЖ шешімі, №2 мәселе).	Корпоративтік хатшы
53	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының төрағасы акционерлердің (қатысушылардың) сұрақтарға тікелей отырыс барысында жауап алуына ұмтылуға тиіс. Егер сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермеген жағдайда, олар қойылған тұлға (тұлғалар) қойылған сұрақтарға акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде жазбаша жауаптар береді.	Рәсімдерді сақтау.		**Сақталады**	ААЖ-да акционерлер сұрақтарына жауап алады; мүмкін болмаған жағдайда – жауаптар жазбаша беріледі.	Корпоративтік хатшы
54	Ұйымдардың тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында институционалдық инвесторлар ұйымдарда акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алған жағдайда, сенім білдірілген тұлға ретінде әрекет ететін институционалдық инвесторлар өздерінің корпоративтік басқару саясатын және инвестордың компаниясында шешім қабылдаудың қолданыстағы рәсімдерін қоса алғанда, олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру регламентін ашуға тиіс. Сенімді тұлға ретінде әрекет ететін институционалдық инвесторлар өздері жүзеге асырған инвестицияларға қатысты меншік құқығына әсер етуі мүмкін елеулі мүдделер қақтығысын қалай шешетіні туралы хабарлауы керек. Институционалдық инвестор деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында қаражат тартатын заңды тұлға, мысалы, кейіннен түрлі қаржы құралдарына (сақтандыру және зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар) инвестициялау үшін халықтың, компаниялардың немесе кәсіпорындардың бос қаражатын жинақтайтын ірі қаржы ұйымдары түсініледі.	Институционалдық инвесторлардың ақпаратты ашуы.		**Қолданылмайды**	ҚМГ институционалдық инвестор болып табылмайды. Бұл талап инвестициялық қорларға және т.б. қатысты.	-
55	Ұйымдарда акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) қатысушы (жалғыз қатысушы) бекітетін Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің және/немесе атқарушы органның) сыйақысын сайлаудың және белгілеудің ашық тәртібі айқындалған.	Бекітілген тәртіптің болуы.		**Сақталады**	ДК сайлау және сыйақы беру тәртібі Жарғыда және ДК туралы ережеде айқындалған. Сыйақыны АЖЖ бекітеді.	Корпоративтік хатшы
56	Акционерлердің (қатысушылардың) дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібіне қатысты ақпаратқа қолжетімділігі болуы қажет, сондай-ақ дивидендтер төлеу кезінде ұйымның қаржылық жағдайы туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етілуі қажет. Осы мақсаттарда акционерлердің (жалғыз акционер)/қатысушылардың (жалғыз қатысушы) жалпы жиналысы барлық акционерлер/қатысушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, дивиденд саясатын бекітуі қажет. Холдингтік компанияда ұйымдар тобының құрылымында бірнеше акционерлердің/қатысушылардың болуы ерекшелігін ескере отырып әзірленетін топқа арналған бірыңғай дивиденд саясаты болуы қажет. Бірнеше акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдарда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы бекітетін өзге дивиденд саясаты қабылданады.	Дивиденд саясатының болуы.		**Сақталады**	Дивиденд саясаты бекітілген және сайтта қолжетімді.	Инвесторлармен жұмыс департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
57	Ұйымда миноритарлық акционерлерді (қатысушыларды) қоса алғанда, бірнеше акционер (қатысушы) болған жағдайда корпоративтік басқару жүйесі барлық акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынасты және олардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс, ол ұйымның Жарғысында бекітілуге тиіс. Барлық акционерлерге (қатысушыларға) тең және әділ қарым- қатынастарды қамтамасыз ету ұйымның беделіне, оның инвестициялық тартымдылығына әсер етеді және ұйым құнының өсуіне мүмкіндік береді. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен рәсімдері барлық акционерлерге (қатысушыларға) тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуі қажет. Корпоративтік рәсімдер дауыс беру рәсімдерін негізсіз күрделендірмеуі немесе шығыстармен ауыртпалық салмауы қажет. Ұйымда елу және одан көп пайыз дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) бар немесе ұйыммен және/немесе өзге де акционерлермен (қатысушылармен) жасалған келісімдер күшінде шешімдер қабылдау құқығы бар акционері (қатысушысы) болған жағдайда, осындай акционердің (қатысушының) пайдасына қаржы қаражатын қайта бөлу дивидендтік төлемдер арқылы жүзеге асырылуы қажет. Елу және одан көп пайыз дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) тиесілі акционердің (қатысушының) пайдасына ұйымның қаражатын қайта бөлудің басқа тетіктері болған жағдайда, олар ұйымның ішкі құжаттарымен бекітілуі және барлық акционерлерге ашылған болуы қажет.	АЖЖ рәсімдерін сақтау, дивидендтік саясаттың болуы.		**Сақталады**	Дивиденд саясаты барлық акционерлер үшін бірыңғай. Барлық АЖЖ барлық акционерлердің құқықтары сақталы отырып өткізілді.	Корпоративтік хатшы
5-тарау. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі						
58	Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымға стратегиялық басшылықты және атқарушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. сондай-ақ осы кодекстің барлық ережелерінің енгізілуін қамтамасыз етеді. Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның даму жоспарына, іс-шаралар жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган ынтымақтаса отырып өзара іс-қимыл жасайды, ұйымның мүдделерінде әрекет етеді және орнықты даму мен барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас қағидаттарының негізінде шешім қабылдайды. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қордың немесе ұйымның ұзақ мерзімді құнын арттыруды және олардың орнықты дамуын қамтамасыз етуге тиіс.	ДК есептерінің болуы, стратегияны бекіту.		**Сақталады**	2025 жылғы ДК есебі жылдық есепке енгізілген. Даму стратегиясы бекітілді, стратегиялық сессиялар өткізілуде.	ДК төрағасы, Басқарма
59	Директорлар кеңесіне ұйымды басқару және атқарушы органның қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер беріледі, өз функцияларын Жарғыға сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге: 1) даму жоспарын айқындауға (бағыттар мен нәтижелер) және ESG мақсаттарын интеграциялауға; 2) іс-шаралар жоспарының қызметтің негізгі көрсеткіштерін қоюға және оны мониторингтеуге; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және оны қадағалауға; 4) Директорлар кеңесі құзыретінің шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекітуге және олардың тиімді іске асырылуының мониторингіне; 5) атқарушы орган басшысын және мүшелерін сайлауға, оларға сыйақы беруге, олардың сабақтастығын жоспарлауға және қызметін қадағалауға; 6) корпоративтік басқаруға және әдепке; 7) ұйымда осы кодекстің ережелерін және қордың корпоративтік стандарттарын сақтауға ерекше назар аударады.	ДК-нің барлық аталған функцияларды орындауы.		**Сақталады**	2025 жылы ДК аталған барлық мәселелерді (стратегия, ҚНК, тәуекелдер, инвестициялық жобалар, кадрлық шешімдер, КБ, этика) қарады	Директорлар кеңесі

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
60	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің міндеттерін тиісінше орындайды, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Бұл есептілік акционерлердің жалпы жиналысы тетігі арқылы іске асырылады. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады: 1) өз өкілеттіктері шегінде әрекет ету - Директорлар кеңесінің мүшелері шешімдер қабылдайды және Жарғыда бекітілген өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді; 2) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысу және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу - Директорлар кеңесі мүшесінің төрт заңды тұлғадан артық Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымын бір мезгілде атқаруына жол берілмейді, Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын бір мезгілде екі заңды тұлғада ғана атқаруға жол беріледі (Директорлар кеңесі мүшесінің өзге заңды тұлғаларда лауазымдарға орналасуына Директорлар кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін жол беріледі); 3) ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал ету - Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас пен орнықты даму қағидаттарын ескере отырып әрекет етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдері мен іс-қимылдарының әсерін мынадай мәселелер арқылы айқындауға болады: ұзақ мерзімді кезеңде шешімнің іс-қимылдың салдары қандай; ұйым қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері қандай; барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас қамтамасыз етіле ме; ұйымның беделіне әсері және іскерлік әдептің жоғары стандарттары; мүдделі тараптардың мүдделеріне әсері (аталған мәселелер тізбесінің қажеттілігі шамалы, бірақ толық емес). 4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау – Директорлар кеңесінің мүшелері өз іс-қимылдарында, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік әдептің жоғары стандарттарына сәйкес келеді және қор мен ұйымның жұмыскерлері үшін үлгі (мысал) болады; 5) мүдделер қақтығысын болдырмау – Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің жеке мүдделілігі өзінің Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермейді; шешімдердің бейтарап қабылдануына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы бар жағдайлар туындаған кезде Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды және мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды; бұл талап Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауға тікелей немесе жанама әсер ететін Директорлар кеңесі мүшесінің басқа іс-қимылына да қатысты (мысалы, Директорлар кеңесі мүшесінің басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы, әріптестер мен бәсекелестерден акциялар/қатысу үлестерін және өзге де мүлікті сатып алу, ақпарат пен мүмкіндіктерге қол жеткізу); 6) тиісті орындылықпен, біліктілікпен және парасаттылықпен әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, орнықты даму, ұйым қызметінің саласын және ерекшеліктерін білу сияқты бағыттарды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреттері және Директорлар кеңесі мен комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты негізде арттыру ұсынылады; ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барып, жұмыскерлермен кездесулер өткізеді.	ДК мүшелері комитет отырыстарына қатысуға жеткілікті уақыт бөлуі керек		**Сақталады**	СПБК мүшелерінің бірі – Қордың өкілі материалдарды зерделеу, пікір білдіру арқылы СПБК жұмысына белсенді қатысты, жұмысының көптігіне байланысты ол өз пікірін СПБК сарапшысы – Қордың өкілі арқылы білдіріп отырды.	ДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
61	Директорлар кеңесінің мүшелері акционер (акционерлер) алдындағы сенімгерлік міндеттерді және қабылданған шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға дербес жауапты болады. Әртүрлі пікірлер болған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы ұйымның мүдделеріне сай шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері айтатын барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстарды қарауды қамтамасыз етеді.	ДК қызметін бағалау		**Сақталады**	ДК-ның жыл сайынғы бағалауы жүргізіледі (өзін-өзі бағалау және 3 жылда бір рет сыртқы бағалау).	ДК төрағасы
62	Директорлар кеңесі акционерлерге ұйым қызметінің нәтижелері үшін есеп береді. Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында (тыңдауда) акционерлерге (қатысушыларға) Директорлар кеңесінің есебін ұсынады, онда Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, Директорлар кеңесінің ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен орнықты дамуы бойынша қабылдаған шаралары, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, қатысулар көрсетіледі, сондай-ақ басқа маңызды ақпарат – Директорлар кеңесінің есебі ұйымның жылдық есебінің құрамына енгізіледі. Директорлар кеңесі жыл сайын акционерлер алдында осы кодекс нормаларының сақталуы туралы есеп береді. Ірі акционерлер (жалғыз акционер) даму жоспарының мәселелерін, атқарушы органның бірінші басшысын сайлауды және ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына әсер ететін басқа аспектілерді талқылау үшін төрағамен және Директорлар кеңесінің мүшелерімен қосымша отырыстар өткізеді. Мұндай отырыстар алдын ала жоспарланып, бекітілген рәсімдерге сәйкес өткізіледі.	Жылдық есепте ДК есебінің болуы.		**Сақталады**	ДК есебі Жылдық есептің бөлігі болып табылады.	ДК төрағасы
63	Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйымның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ көзқарасты ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім тепе-теңдігі сақталады.	ДК және комитеттер құрамы.		**Сақталады**	ДК-де стратегия, қаржы, аудит, мұнай-газ саласы, құқықтану, халықаралық қатынастар саласындағы құзыреттер ұсынылған.	ДК, ТСК
64	Директорлар кеңесінің құрамында ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін тұлғалық сипаттамалары, жасы және гендерлік құрамы бойынша жеткілікті әртүрлілікті қамтамасыз ету ұсынылады. Ұйымдардың Директорлар кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.	ДК құрамы талаптарға сәйкес келеді.		**Ішінара сақталады**	ДК-де 1 әйел бар (11,1%), бұл ұсынылған 30%-дан төмен. Ілгерілеу байқалады, бірақ нысаналы көрсеткішке қол жеткізілмейді.	ДК, ТСК
65	Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорлар кіреді. Компанияның Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының алпыс пайызына дейін.	Тәуелсіз директорлардың үлесі.		**Сақталады**	ДК-де 9-дың 5-уі – тәуелсіз (55,6%), бұл «50%-дан астам» деген талапқа сәйкес келеді.	ДК, ТСК
65-1	Қордың, компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. Қордың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын тағайындау тәртібін қор басқармасы бекітеді.	Конкурс өткізу, тәртіпті бекіту.		**Сақталады**	Іріктеу тәртібін Қор Басқармасы бекітті. 2025 жылы ДК құрамы өзгерген жоқ, конкурс өткізілмеді.	Қордың Басқармасы, ТСК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
66	Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлар қатарынан тәуелсіз бас директорды сайлауы ұсынылады. Тәуелсіз бас директордың негізгі функциялары: 1) Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі болуды және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсетуді; 2) Директорлар кеңесі төрағасының қызметін бағалауды; 3) Директорлар кеңесі төрағасының сабақтастығын жоспарлауды; 4) акционерлер, атқарушы орган, Директорлар кеңесінің төрағасы және басқа директорлар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда келіспеушіліктерді шешуге делдал ретінде қатысуды қамтиды.	Аға тәуелсіз директор сайланды		**Сақталады**	11.02.2025ж. ДК шешімімен (№1/2025 хаттама, №6 мәселе) аға тәуелсіз директор А.О. Шакиров сайланды.	ДК
67	Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдердің негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың ұйымның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.	Рәсімдерді сақтау		**Сақталады**	ДК мүшелерін АЖЖ 3 жылға дейінгі мерзімге сайлады. Кандидаттарға қойылатын талаптар бекітілді.	Корпоративтік хатшы
68	Барлық дауыс беретін акциялары қорға тиесілі компанияларда Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесіне қатысты мынадай ерекшеліктер бар: 1) Директорлар кеңесінің төрағасы жалғыз акционердің шешімімен сайланады; 2) компаниялардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. Компаниялардың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін қор басқармасы бекітеді.	Ерекшеліктерді сақтау.		**Қолданылмайды**	Қорға ҚМГ акцияларының 67,4%-ы тиесілі.	
69	Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзіміне сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге (мысалы, үш жылдық екі мерзім) сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылға дейінгі мерзімге сайлануға жол беріледі. Тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндірумен жыл сайын жүргізілуге тиіс. Бір де бір адам өзінің тағайындалуымен, сайлануымен және қайта сайлануымен байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.	Мерзімдерді сақтау		**Сақталады**	ДК мүшелері 3 жылға дейінгі мерзімге сайланған. Тәуелсіз директорлар (Холланд Ф.М. — 2020 жылдан бастап) 9 жылдық мерзімнен аспады.	Корпоративтік хатшы
70	Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындауына және ұйымның ұзақ мерзімді құнын өсіруді және орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдысы және тәжірибесі бар, сондай-ақ мінсіз іскерлік және жеке беделі бар адамдар Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.	Кандидаттардың талаптарға сәйкестігі.		**Сақталады**	ДК-нің барлық мүшелерінің жоғары білімі, мұнай-газ саласында, қаржыда, басқаруда жұмыс тәжірибесі, мінсіз беделі бар	ТСК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
70-1	Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына: 1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар; 2) бұдан бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылға жетпейтін кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының басшысы, басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар (көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады); 3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар сайланбайды.	Кандидаттарды тексеру		**Сақталады**	Кандидаттарды іріктеу кезінде талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізіледі. 2025 жылы мұндай жағдайлар болған жоқ.	Комплаенс қызметі
71	Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде: 1) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі; 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі; 3) жұмыс өтілі; 4) халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы; 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін); 6) іскерлік беделі; 7) ұйымның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарға қойылатын талаптар қордың Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатта айқындалады. Компаниялар мен ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарға қойылатын талаптар қор басқармасы бекітетін ішкі құжатта айқындалады.	ДК құрамы критерийлерге сәйкес келеді		**Сақталады**	ДК сандық құрамы – 9 адам. ДК-де стратегия, қаржы, аудит, мұнай-газ саласы саласындағы құзыреттер ұсынылған.	Қордың Басқармасы, ДК, ТСК
72	Директорлар кеңесінің сандық құрамы қызмет ауқымын, бизнес қажеттіліктерін, ағымдағы міндеттерді, даму жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, жеке-дара белгіленеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны комитеттердің қажетті санын құруға мүмкіндік беруге тиіс. Компанияларда Директорлар кеңесінің сандық құрамы 7-ден бастап 11-ге дейінгі адам санын құрайды.	Санының сәйкестігі.		**Сақталады**	ДК-де 9 адам бар.	Корпоративтік хатшы
73	Директорлар кеңесінің құрамы теңгерімделген, бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің (акционерлер өкілдерінің, тәуелсіз директорлардың, атқарушы орган басшысының) шешімдерді ұйым мүддесінде және акционерлерге әділ қарым-қатынасты ескере отырып қабылдауды қамтамасыз ететін үйлесімін білдіреді. Қордың (компаниялардың директорлар кеңестеріне қатысты) және ұйымның Директорлар кеңесін тарта отырып, Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеудің ашық процесі қамтамасыз етіледі. Кандидаттарды іздеу және сайлау объективті өлшемшарттар бойынша және Директорлар кеңесі құрамының әртүрлі болу қажеттігін ескере отырып жүргізіледі. Іздеу және іріктеу процесі Директорлар кеңесінің бүкіл құрамы өкілеттіктерінің және жеке мүшелері өкілеттіктерінің толық мерзімі аяқталмай тұрып жүргізіледі. Қордың, компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. Қордың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін қор басқармасы бекітеді.	Барлық санаттардың болуы.		**Сақталады**	ДК құрамына: Қордың 3 өкілі, 5 тәуелсіз директор, 1 атқарушы директор (Басқарма төрағасы) кіреді.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
74	Директорлар кеңесінің барлық құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселеге ірі акционер (қатысушы) немесе ұйымның Директорлар кеңесі арқылы Тағайындау және сыйақы комитеті белгіленген тәртіппен бастамашылық жасай алады. Бағыттар мен салалар бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыретінің үлгісі	Тәуелсіздікті жыл сайынғы растау		**Сақталады**	Барлық 5 тәуелсіз директор өздерінің мәртебесін растады. Тәуелсіздікке әсер ететін жағдайлар анықталған жоқ.	ДК

Критерий	Қажетті білім	Директор X	Директор Y
Құзырет	Стратегия		
	Тәуекелдер және аудит		
	Құқықтану		
	Корпоративтік басқару		
	Инвестициялар		
	Экономика және қаржы		
	Адами ресурстарды басқару		
	Инновациялар		
Сала	Телекоммуникациялар		
	Мұнай және газ		
	Энергетика		
	Көлік		
	Тау-кен металлургиясы		
	Машина жасау		
	Жылжымайтын мүлік		

75	Акцияларының 100 %-ы қорға тиесілі компанияларда Директорлар кеңесінің мүшесін іздеудің және сайлаудың мынадай процесі бар. Қор компанияның Директорлар кеңесінің төрағасымен, компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасымен бірлесіп: 1) дайындық пен жоспарлауды: Директорлар кеңесіндегі қажетті құзыреттер мен дағдылар жиынын компанияның міндеттерін ескере отырып талдауды және айқындауды жүргізеді; 2) кандидаттарды іздеу арнасын айқындайды – дербес немесе рекрутингтік ұйымды тарта отырып; 3) кандидаттар іздеуді жүзеге асырады; 4) кандидаттарды іріктеуді: бағалауды, сұхбатты және кандидаттар (компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің кемінде бір мүшесімен талқыланады) жөнінде ұсыныстар дайындауды жүргізеді; 5) жалғыз акционердің шешімдерін қабылдайды; 6) компанияның интернет-ресурсында ақпарат, баспасөз релизін жариялайды. Бұл ретте компаниялардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. Компаниялардың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін қор басқармасы бекітеді. Холдингтік компаниялар өз тобында осыған ұқсас процесті пайдаланады. Бірнеше акционері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі Акционерлік қоғамдар туралы заңда және ұйымның Жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылар мен құзыреттерді және Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды айқындауда ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетін құру ұсынылады.	Рәсімге сәйкестік.		**Қолданылмайды**	Қорға ҚМГ акцияларының 67,4%-ы тиесілі.	

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
76	Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар сайланады. Жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан еркін, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар адам тәуелсіз директор деп танылады.	Тәуелсіз директорлардың болуы.		**Сақталады**	5 тәуелсіз директор тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келеді.	АЖЖ, ДК, ТСК
77	Тәуелсіз директордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін мынадай жағдайларды ескеру ұсынылады: 1) соңғы үш жыл ішінде компанияның немесе топтың қызметкері болып табылатынын немесе болғанын; 2) соңғы үш жыл ішінде компаниямен материалдық іскерлік қатынастарды тікелей ұстанатын не органның әріптесі, акционері, директоры немесе бас менеджері ретінде осындай қатынасы бар немесе болғанын; 3) директордың сыйақысынан басқа компаниядан қосымша сыйақы алғанын немесе алатынын, компанияның акциялар опционына немесе қызмет нәтижелерін ескере отырып төлем схемасына қатысатынын немесе компанияның зейнетақы схемасына қатысушы болып табылатынын; 4) Директорлар кеңесінде мүшелікке ие болуын немесе басқа компанияларға немесе органдарға қатысу арқылы басқа директорлармен байланысының болуын; 5) ірі акционер екенін; 6) Директорлар кеңесінде алғашқы тағайындалған кезден бастап тоғыз жылдан астам жұмыс істегенін назарға алу ұсынылады. Осы немесе басқа да тиісті мән-жайлар қолданылып, соған қарамастан Директорлар кеңесі тәуелсіз директорды тәуелсіз деп санаса, онда нақты түсініктеме берілуге тиіс.	Тәуелсіздікті бағалау.		**Сақталады**	Тәуелсіз директорлардың ешқайсысы аталған жағдайларға жатпайды.	ТСК
78	Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, оған қатысты мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, атқарушы органның құрамына үміткерлерді жылжыту, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді түрде қатысуы қажет. Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің негізгі - Аудит, Тағайындау және сыйақы комитеттерінің төрағалары сайлайды. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу мүмкіндігін қадағалап, мұндай жағдайлар болса, Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты акционерлердің назарына дереу жеткізеді. Қор мен ұйымдар қызметтің үздіксіздігін және Директорлар кеңесі құрамының прогрессивті жаңаруын қолдау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарларының болуын қамтамасыз етуі қажет.	Комитеттердің тәуелсіз төрағаларының болуы.		**Сақталады**	ДК-нің барлық 4 комитетін тәуелсіз директорлар басқарады.	Директорлар кеңесі
79	Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді. Лауазымға кірісу процесінде Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің құқықтарымен және міндеттерімен, қызметтің негізгі аспектілерімен және қор мен ұйымның құжаттарымен, оның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысады.	ДК төрағасы Басқарма басшысы болып табылмайды		**Сақталады**	ДК төрағасы – Н.К. Жақыпов (Қор өкілі), Басқарма төрағасы – А. Г. Хасенов Рөлдер бөлінген.	ДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
80	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық ету үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің өздерінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын, Директорлар кеңесі мүшелерінің, ірі акционерлер мен атқарушы органның арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына бейімделген, ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде ден қоя алатын кәсіпқойлардың бірыңғай командасын құруға ұмтылады. Директорлар кеңесінің төрағасы рөлін орындау үшін кәсіби біліктілік пен тәжірибеден басқа көшбасшылық, ынталандыра білу, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіне білу, шиеленіскен жағдайларды шешу дағдылары сияқты арнайы дағдылардың болуы қажет.	Төрағаның жұмысының тиімділігі		**Сақталады**	ДК төрағасы Н.К. Жақыпов теңдестірілген күн тәртібін қалыптастыруды, шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етті.	ДК төрағасы
81	Директорлар кеңесі төрағасының және ұйымның атқарушы органы басшысының рөлдері мен функциялары нақты бөлініп, Жарғыда бекітілген. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды. Директорлар кеңесі төрағасының негізгі функциялары мыналарды қамтиды: 1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру; 2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдауы үшін толық әрі өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету; 3) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға аударуды және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуды қамтамасыз ету; 4) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің барынша нәтижелі болуын қамтамасыз ету; 5) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде ірі акционерлермен консультацияларды ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті дәрежедегі коммуникация мен өзара іс-қимылды құру; 6) Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) қабылдаған шешімдерінің тиісті дәрежеде орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз ету; 7) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, оларды шешу және олардың ұйым қызметіне жағымсыз әсерін азайту жөнінде шаралар қабылдайды және мұндай жағдайды өз күшімен шешу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ірі акционерлерді (жалғыз акционерді) уақтылы хабарландырады.	ДК төрағасы Басқарма басшысы болып табылмайды.		**Сақталады**	ДК төрағасы – Н.К. Жақыпов (Қор өкілі), Басқарма төрағасы – А. Г. Хасенов	ДК
82	Директорлар кеңесінің төрағасы бір мезгілде қордың басқарма төрағасы бола алмайды. Директорлар кеңесі қордың жарғысына сәйкес өз құзыреті шегінде қорға және ұйымдарға қатысты мәселелерді қарайды, сондай-ақ Үкімет құзыретінің барлық мәселелерін жалғыз акционер ретінде алдын ала қарайды. Ұйымдардың Директорлар кеңесін ұйымдар акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) сайлайды.	Рөлдерді бөлу.		**Сақталады**	ҚМГ ДК төрағасы ҚМГ Басқарма төрағасы болып табылмайды.	Директорлар кеңесі

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
83	Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақы деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін жеткілікті болады. Бұл ретте ұйым үшін осы адамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан күтілетін оң нәтиже назарға алынады. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті тәуелсіз директорлыққа кандидаттарға берілетін сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің құрамына осы адамның қатысуынан ұйым үшін күтілетін оң нәтиже назарға алынуы қажет. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесі мүшелерінің тиісті сыйақы қағидалары қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттардың сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді. Төрағаның және Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің сыйақы деңгейлері лауазым шеңберіндегі уақыт шығындары мен міндеттерді қамтиды. Бір де бір адам өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс. Сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің бүкіл Директорлар кеңесінің және ұйым қызметінің тиімділігін арттыруда күтілетін үлесін әділ көрсетуге тиіс. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, ұйым қызметінің ауқымы, даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу) назарға алынады.	Әдіснаманың сәйкестігі, ақпаратты ашу.		**Сақталады**	Сыйақы АЖЖ шешімдеріне сәйкес төленеді. Қордың қызметкерлері болып табылатын Қор өкілдері сыйақы алмайды.	Корпоративтік хатшы
84	Директорлар кеңесінің мүшелеріне, әдетте, белгіленген жылдық сыйақы, сондай-ақ Директорлар кеңесіне төрағалық еткені, Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны және төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді. Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысы ұйым қызметінің нәтижелеріне байланысты опциондарды немесе басқа элементтерді қамтымауға тиіс. Ұйым акционерлерінің (жалғыз акционер) жалпы жиналысы ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне (мүшелеріне) сыйақы мен шығыстардың өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын айқындайды. Қордың Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелері Директорлар кеңесіне және оның комитеттеріне мүше болғаны үшін жеке сыйақы алмайды.	Сыйақы құрылымының сәйкестігі.		**Сақталады**	ДК мүшелерінің сыйақысы қызмет нәтижелеріне байланысты, опциондар мен бонустарсыз, тіркелген жылдық төлемнен тұрады.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
85	Мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау үшін қордың Директорлар Кеңесі жанынан тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құрылады: аудит, тағайындаулар мен сыйақылар, стратегиялар, мамандандырылған комитет. Өзге комитеттер қордың Директорлар кеңесінің қалауы бойынша құрылуы мүмкін. Стратегия жөніндегі комитет стратегиялық жоспарлау мәселелерін қарастырады, оның басшысы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді жан-жақты және мұқият қарауға және аудит, тәуекелдерді басқару, қордың және ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібін тиісінше және тиімді қолдану, Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелерін тағайындау және оларға сыйақы беру, орнықты даму, оның ішінде өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сияқты бағыттар бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, олардың дербес және сандық құрамдарын, төрағаларын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін айқындайды.	Комитеттердің болуы, олардың құрамы, функциялары.		**Сақталады**	4 комитет жұмыс істейді: Аудит комитеті, ТСК, СПБК және ЕҚЕҚОҚОДК. Төрағалар – тәуелсіз директорлар.	СД
86	Комитеттердің құрамына қордың Директорлар кеңесінің мүшелері және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар кіреді.	Комитеттерде сарапшылардың болуы.		**Сақталады**	Комитеттердің құрамына Қор қызметкерлері арасынан сарапшылар (дауыс беру құқығынсыз) енгізілді.	Корпоративтік хатшы
87	Қордың мамандандырылған комитеті қор тобына кіретін ұйымдар қызметінің қор туралы Заңға сәйкес экономиканың немесе экономиканың жекелеген саласының дамуына әсерін кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады. Мамандандырылған комитеттің тұрақты мүшесі-Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының өкілі дауыс беру құқығы бар сарапшы болып табылады. Қордың және ұйымдардың өздеріне бөлінген республикалық бюджет қаражатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігін пайдалануын бақылау, бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасының құзыретіне жатады. Қордың Директорлар кеңесінің қалған комитеттерінің құрамында көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады.	Арнайы комитеттің болуы.		**Сақталады**	Мамандандырылған комитет Қордың ДК жанынан құрылды. ҚМГ-да СПБК жұмыс істейді.	Қордың Директорлар кеңесі
88	Комитеттер комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Ықтимал мүдделер қақтығысының болуы комитеттер құрамын қалыптастыру кезінде ескерілуі керек. Комитет төрағалары кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие. Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылады, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдерді басқару, тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі мәселелерді қарау кіреді.	Көрсетілген комитеттердің болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да Аудит комитеті, ТСК құрылған. Тәуекелдерді басқару мәселелері Аудит комитетінің құзыретіне жатады.	ДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
89	Операциялары авариялар мен технологиялық апаттар қаупімен байланысты ұйымдарда (мысалы, өнеркәсіптік компаниялар, авиа және теміржол тасымалы) өндірістік қауіпсіздік комитеттері құрылады. Инвестициялық шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру мақсатында қаралуы Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін ұйымның инвестициялық қызметіне байланысты мәселелерді Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бірінің құзыретіне енгізу ұсынылады. Директорлар кеңесінің құрамына, мөлшеріне және ағымдағы міндеттеріне қарай Стратегия, инвестициялар және өзге де мәселелер жөніндегі комитеттер қызметінің өзге де бағыттары көзделген. Комитет құрамына кемінде 3 адам кіреді.	ӨҚ жөніндегі комитеттің болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да өндірістік қауіпсіздік мәселелерін қарайтын ЕҚЕҚОҚОДК құрылды.	ДК
90	Аудит комитетінің құрамына тәуелсіз директорлар кіреді. Комитет білікті сарапшыны тартқан жағдайда, бұл адамның дауыс беру құқығы болмауы тиіс. Сарапшыны тарту туралы шешімді Аудит комитеті қабылдайды және оны тарту мәселесі жыл сайын қызметтің тиімділігі мен тәуелсіздігі тұрғысынан қаралуға тиіс. Аудит комитетінің базалық функцияларына ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелері және директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер кіреді.	АК құрамы.		**Сақталады**	Аудит комитетінің құрамына 3 тәуелсіз директор кіреді (А.С. Жұбаев, Ф.М. Холланд, С.Н. Мыңшарипова).	ДК
91	Тағайындау және сыйақы комитетінің құрамына объективті және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделі тұлғалардың (акционерлер өкілдерінің, атқарушы орган басшысының, қызметкерлердің және өзге де тұлғалардың) комитет мүшелерінің пайымдауларына ықпалын болдырмау мақсатында тәуелсіз директорлар қатарының көпшілігі кіреді. Осы комитеттің мүшелері персоналды басқару және оның қызметін бағалау саласында, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында терең білімі мен практикалық тәжірибесіне ие болуға міндетті. Председателем комитета является председатель Совета директоров. Комитеттің базалық функцияларына мотивациялық ҚНК тағайындау, қою, қызметін бағалау, сыйақы беру және атқарушы орган басшысының және мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелері, корпоративтік хатшыны тағайындау және сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) осындай өкілеттіктерді берген жағдайларда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу жатады. Бұл жағдайда Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшелері мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына жол бермейді және өз мақсатына және/немесе сыйақыға қатысты мәселелерді қарауға қатыспайды. Тағайындау және сыйақы комитеті персоналдың сыйақы саясатын және онымен байланысты саясатты талдайды, сондай-ақ атқарушы директордың сыйақы саясатын айқындау кезінде оларды назарға ала отырып, ынталандыру және сыйақы шараларын келіседі.	ТСК құрамы.		**Ішінара сақталады**	ТСК құрамына 4 тәуелсіз директор кіреді (көпшілігі). Алайда ТСК төрағасы – ДК төрағасы емес, тәуелсіз директор Холланд Ф.М., өйткені ДК төрағасы КБК-да көзделгендей тәуелсіз директор емес.	ДК
92	Комитет отырыстарына тек комитет мүшелері қатысады. Басқа адамдардың қатысуына комитеттің шақыруы бойынша ғана жол беріледі. Қажет болған жағдайда комитеттер сарапшылар мен кеңесшілерді тартады.	Рәсімдерді сақтау.		**Сақталады**	Комитеттердің отырыстары тек комитет мүшелерінің қатысуымен өткізіледі; шақырылған адамдар шақыру бойынша қатысады.	Корпоративтік хатшы
93	Комитеттердің функциялары, өкілеттіктері, құрамы және қызметін ұйымдастыру процесі тиісті ережелерде регламенттелген және Директорлар кеңесі бекіткен. Комитеттер өз жұмыс жоспарын бекітеді (күнтізбелік жыл басталғанға дейін ұсынылады), ол қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстарды өткізу күндерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісіледі.	Комитеттер туралы ережелердің болуы.		**Сақталады**	Барлық 4 комитет туралы ережелерді ДК бекіткен.	ДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
94	Комитеттердің отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде 4 отырысты құрайды. Комитеттердің отырыстары хаттаманы ресімдей отырып, күндізгі нысанда өткізіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізуге қолайлы жағдайлар жасау және шығындарды қысқарту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.	Отырыстар өткізу.		**Сақталады**	АК - 19 отырыс, ТСК - 16, СПБК - 12, ЕҚЕҚОҚОДК - 9.	Корпоративтік хатшы
95	Комитет төрағалары комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста Директорлар кеңесінің алдында бір жылдағы қызметінің қорытындылары туралы есеп береді. Директорлар кеңесінің төрағасы бір жыл ішінде комитеттерден өз қызметі туралы ақпарат беруді талап етуге құқылы.	Комитет есептерінің болуы.		**Сақталады**	Комитеттердің есептері ДК есебіне және Жылдық есепке енгізілген.	Комитеттердің төрағалары
96	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелілігіне ықпал етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізе алады.	Рәсімдерді сақтау		**Сақталады**	2025 жылы ДК-нің 23 отырысы өткізілді, барлығы іштей нысанда (10 – өзі қатысқан, 13 – онлайн). Кворум қамтамасыз етілді.	Корпоративтік хатшы
97	Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты отырыстар өткізеді. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің күндізгі немесе сырттай нысаны арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысаны бар отырыстардың саны барынша азайтылуға тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана дауыс берудің күндізгі нысанымен жүзеге асырылады.	Іштей және сырттай отырыстардың арақатынасы.		**Сақталады**	Барлық 23 отырыс іштей форматта өткізілді (онлайн формат іштей формат ретінде саналды). Стратегиялық мәселелер іштей отырыстарда қаралды.	Корпоративтік хатшы
98	Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдерді толық көлемде көрсете отырып, корпоративтік хатшы тиісінше хаттама жүргізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін, қаралатын мәселелердің тізбесін және күндерді көрсете отырып, отырыстарды өткізу графигін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.	Хаттамалардың болуы.		**Сақталады**	Барлық отырыстарды Корпоративтік хатшы хаттамалайды.	Корпоративтік хатшы
99	Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын кезеңділігі жылына 8-ден 12-ге дейінгі отырысты құрайды. Мұқият және толыққанды талқылауды және уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін жыл бойы қарауға жоспарланған мәселелер санын біркелкі бөлу ұсынылады. Директорлар кеңесі ұйымның құжаттарында белгіленген Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу жөніндегі рәсімдерді сақтауға тиіс.	Отырыстар саны		**Сақталады**	23 отырыс өткізілді (ұсынылғаннан жоғары, бұл жұмыстың жоғары қарқындылығымен байланысты).	Корпоративтік хатшы
100	Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар, егер жарғыда өзге мерзімдер белгіленбесе, алдын ала – кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын, ал ұйымның жарғысында айқындалатын неғұрлым маңызды мәселелер бойынша – кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Маңызды мәселелердің тізбесі даму жоспарынан, іс-шаралар жоспарынан, ҚНК атқарушы органның басшысы мен мүшелері үшін уәждемелік тиімділіктен, жылдық есептен және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысудан тұрады, бірақ олармен шектелмейді. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімдерін бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Мерзімдері бұзылған мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі беріледі.	Материалдарды ұсыну мерзімдерін сақтау.		**Сақталады**	Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімдері бұзылып берілген мәселелер енгізілген барлық жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылды.	Басқарма, Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
101	Директорлар кеңесі толық, шынайы және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай факторлардың сақталуын қамтамасыз ету қажет: 1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттардың жоғары сапасы, оның ішінде қажет болған жағдайда ағылшын тіліне аудармасы; 2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу (сарапшыларды тарту қабылданған шешім үшін Директорлар кеңесінің жауапкершілігін алып тастамайтынын ескеру қажет); 3) Директорлар кеңесінің отырыстарында, әсіресе маңызды және күрделі мәселелер үшін талқылауға бөлінетін уақыт; 4) мәселелерді уақтылы қарау; 5) шешімдерде одан әрі іс-қимыл жоспары, мерзімдері және жауапты тұлғалар бекітіледі. Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына мынадай факторлар теріс әсер етеді: 1) отырыста бір немесе бірнеше директордың үстемдігі, бұл басқа директорлардың талқылауларына толық қатысуды шектейді; 2) тәуекелдерге ресми көзқарас; 3) жеке мүдделерді қудалау және төмен этикалық стандарттар; 4) Директорлар кеңесінің отырысында нақты және белсенді талқылаусыз ресми шешімдер қабылдау; 5) ымырасыздық позициясы (икемділіктің болмауы) немесе дамуға деген ұмтылыстың болмауы (ағымдағы жағдайға қанағаттану); 6) әлсіз ұйымдастырушылық мәдениет; 7) ақпараттың және/немесе талдаудың болмауы. Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау үшін қажетті күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұрай алады.	Ақпарат сапасы.		**Сақталады**	ДК өзара іс-қимыл тәртібі мен материалдардың сапасы туралы мәселені үнемі қарайды.	Басқарма
102	Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің күндізгі немесе сырттай нысандары (сырттай дауыс беру нысанын таңдау себептерін негіздей отырып) арқылы жүзеге асырылады, сырттай дауыс беру нысаны бар отырыстардың саны барынша азайтылуға тиіс. Қызметтің стратегиялық мәселелері бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана дауыс берудің күндізгі нысанымен жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырысының екі нысаны да біріктірілуі мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмайтын жағдайға қатысты.	Отырыстар нысаны.		**Сақталады**	Барлық стратегиялық мәселелер іштей отырыстарда қаралды.	Корпоративтік хатшы
103	Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған Кворум оның мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сессиясы, телефон конференциясы және т.б. режимінде) пайдалана отырып не олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған кезде айқындалады. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына тиісті жазба жасалады.	Кворумның болуы		**Сақталады**	Барлық отырыста кворум қамтамасыз етілді.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
104	Директорлар кеңесінің бұрынғы мүшелері ұйымның ішкі (қызметтік) ақпаратын жарияламау бойынша олардың Директорлар кеңесінің құрамындағы қызметі тоқтатылғаннан кейін ескіру мерзімі кемінде 5 жылды құрайды. Директорлар кеңесіне бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады. Шешімнің өзі де, оны қабылдау процесі де талдауға жатады. Директорлар кеңесі өз қызметін бағалауды жүргізген кезде бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады.	Міндеттеменің болуы.		**Сақталады**	ДК мүшелері жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды. 5 жыл мерзімі ДК туралы ережеде белгіленген.	Корпоративтік хатшы
105	Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл процесс қордың әдіснамасына сәйкес келеді. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі. Бағалау әдістері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту. Акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) немесе директорлар кеңесінің/байқау кеңесінің төрағасының келісімі бойынша бағалау үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізілуі мүмкін. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік беруі керек. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.	Бағалау жүргізу		**Сақталады**	2024 жылға сыртқы бағалау 2026 жылы жүргізіледі. 2025 жылға өзін-өзі бағалау жүргізіліп жатыр.	ДК төрағасы, ТСК
106	Бағалау Директорлар кеңесі мен оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, акционерлердің өкілдері үшін де міндетті. Бағалауды жүргізу жүйелілік, күрделілік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты өлшемдерге сәйкес келуі керек. Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ұйымның ішкі құжаттарында нақты регламенттелген. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері бағалау жүргізу бойынша оқытудан өтеді.	Бағалаумен қамту.		**Сақталады**	Бағалау ДК-нің барлық мүшелерін қамтиды.	ДК төрағасы, ТСК
107	Бағалау мынадай мәселелерді қарауды қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді: 1) ұйым алдында тұрған міндеттер контекстінде Директорлар кеңесі құрамының оңтайлылығы (дағды, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілігі); 2) ұйым пайымын, стратегиясын, негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын түсіну анықтығы; 3) сабақтастық және даму жоспарлары; 4) бірыңғай орган ретінде Директорлар кеңесінің жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және атқарушы орган басшысының рөлдері; 5) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің ұйым органдарымен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимыл тиімділігі; 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының тиімділігі; 7) Директорлар кеңесі комитеттерінің қызмет тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, атқарушы орган мүшелерімен өзара іс-қимылы; 8) Директорлар кеңесіне берілетін ақпараттар мен құжаттардың сапасы; 9) Директорлар кеңесіндегі, комитеттердегі талқылаулар сапасы; 10) корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі; 11) процестер мен құзыретті түсінудегі анықтық; 12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі; 13) акционерлермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.	Бағалаудың кешенділігі.		**Сақталады**	Бағалау әдістемесі барлық аталған аспектілерді қамтиды.	ДК төрағасы, ТСК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
108	Бағалауды Директорлар кеңесі міндетті түрде жыл сайынғы негізде жүргізеді. Бағалау әдістері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту. Тәуелсіз сыртқы кеңесші кем дегенде үш жылда бір рет тартылады. Директорлар кеңесін, оның комитеттерін және Директорлар кеңесінің мүшелерін бағалау, Директорлар кеңесінің мүшелеріне кері байланыс беру және жақсарту жөніндегі кейінгі шараларды әзірлеу Директорлар кеңесі төрағасының басшылығымен жүзеге асырылады. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жеке отырысында талқыланады, оның нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі үшін тұтастай және оның әрбір мүшесі үшін жеке даму бағдарламасы әзірленеді.	Кезеңділік және бағалау әдісі.		**Сақталады**	Өзін-өзі бағалау жыл сайын өткізіледі. Сыртқы бағалау 2026 жылға (2024 жылға) жоспарланған.	ДК төрағасы, ТСК
109	Директорлар кеңесінің төрағасы бағалау жүргізудің барлық процесіне және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға жауапты болады. Бағалау процесіндегі негізгі рөлдер мыналарға бөлінеді: 1) Директорлар кеңесінің төрағасы бағалау процесін басқарады, Директорлар кеңесінің барлық құрамына және оның әрбір мүшесіне кері байланыс береді, бағалау нәтижелері туралы жалғыз акционерді (ірі акционерлерді) хабардар етеді және жақсарту жөніндегі шараларды талқылайды, сондай-ақ бағалау қорытындылары бойынша іс-қимыл жоспарының орындалуын бақылайды; 2) Тағайындау және сыйақы комитетінің төрағасы Директорлар кеңесі төрағасының бағалау процесін қамтамасыз етеді; 3) комитеттердің төрағалары өздері басқаратын комитеттер жұмысының тиімділігін бағалау процесін қамтамасыз етеді; 4) тәуелсіз консультант (тартылған жағдайда) модератор және әдіскер рөлін атқарады, бағалау процесін ұйымдастырады және үйлестіреді; 5) Директорлар кеңесінің мүшелері белсенді қатысуды, ашықтықты, адалдықты және қатысуды қамтамасыз етеді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлауға, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарауға негіз болады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері қызметінің нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы ірі акционерлермен (жалғыз акционермен) консультациялар жүргізеді. Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте директорлар кеңесін бағалау және нәтижелер бойынша қабылданған шаралар қалай жүргізілгенін көрсетеді. Тәуелсіз консультант тартылған жағдайда, оларға соңғы үш жыл ішінде қорға және ұйымдарға өзге де консультациялық қызметтер көрсетілгені көрсетіледі. Жалғыз акционер Директорлар кеңесін өз бетінше немесе тәуелсіз кеңесшінің қатысуымен бағалай алады. Директорлар кеңесі өз бетінше жүргізген бағалау нәтижелері, ұйым қызметінің нәтижелері және өзге де факторлар назарға алынады.	Жауапты адамды тағайындау.		**Сақталады**	ДК төрағасы бағалау процесін басқарады, кері байланыс береді, іс-қимыл жоспарының орындалуын бақылайды.	ДК төрағасы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
110	Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимылы мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшы тағайындайды. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін, корпоративтік хатшыға қойылатын талаптарды, қызметтің функциялары мен тәртібін, лауазымдық жалақының мөлшері мен сыйақы шарттарын айқындайды, корпоративтік хатшының қызметін (хатшылығын) құру туралы шешім қабылдайды. корпоративтік хатшы қордың Директорлар кеңесіне есеп береді және қордың атқарушы органынан тәуелсіз. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесу, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және осы кодекстің ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындау, сондай-ақ осы кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізу және қор мен ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу жатады. Корпоративтік хатшы сондай-ақ қордың жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындауды жүзеге асырады. Бұл есепте тиісті түсініктемелер келтіріле отырып, сақталмайтын кодекстің қағидаттары мен ережелерінің тізбесі қамтылады. Акциялары бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсетін компанияларда, сондай-ақ ұйымдарда корпоративтік хатшы тағайындалады. Корпоративтік хатшыны тағайындау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылған ұйымдарда корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім байқау кеңесінің қалауы бойынша қабылданады.	Корпоративтік хатшының болуы, функциялардың сәйкестігі		**Сақталады**	Корпоративтік хатшы Д.В. Шариповты ДК тағайындаған. Функциялар КБК-ға сәйкес келеді (ДК жұмысын қамтамасыз ету, сақталуы туралы есепті дайындау және т.б.).	ДК
111	Корпоративтік хатшының негізгі міндеті Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануын қамтамасыз ету, Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен (жалғыз акционермен) тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар корпоративтік хатшының функциялары корпоративтік басқарудың тиісті практикасын қадағалауды қамтиды. Корпоративтік хатшының негізгі функциялары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бөлігінде: 1) Директорлар кеңесінің төрағасына жұмыс жоспарын және отырыстардың күн тәртібін қалыптастыруда көмек көрсету; 2) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізуді ұйымдастыру; 3) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі және Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажет өзекті және уақтылы ақпаратты алуын қамтамасыз ету; 4) Директорлар кеңесінің және комитеттерінің отырыстарына хаттама жасау, хаттамалардың, стенограммалардың, аудио-бейне жазбалардың, Директорлар кеңесі мен комитеттер отырыстарының материалдарын сақтауды қамтамасыз ету; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасы, Жарғы, осы кодекс, ішкі құжаттар мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне консультациялар беру, болып жатқан өзгерістерге мониторингі жүзеге асырады және Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы хабарлайды; 6) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің лауазымға кіруін ұйымдастыру; 7) Директорлар кеңесі мүшелерінің оқуын және сарапшылар тартуды ұйымдастыру; 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің акционерлермен, атқарушы органмен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.	Функцияларды орындау.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшы көрсетілген барлық функцияларды орындайды.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
	Акционермен (жалғыз акционермен) өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бөлігінде: 1) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыру; 2) тиісті шешім қабылдау үшін акционерлердің жалпы жиналысының/жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберу; 3) акционерлердің жалпы жиналысына хаттама жасау, акционерлердің жалпы жиналысы отырыстарының (жалғыз акционер шешімдерінің) хаттамаларын, стенограммаларын, материалдарын сақтауды қамтамасыз ету; 4) акционерлердің сұрауларына уақтылы негізде ақпарат беруге бақылауды қоса алғанда, ұйымның акционерлермен тиісті өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. Корпоративтік басқарудың тиісті практикасын енгізу бөлігінде: 1) осы кодекстің қағидаттары мен ережелерінің іске асырылуы мен сақталуын мониторингтеу; 2) осы кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындау; 3) өздерінің функцияларын орындау шеңберінде заңнамада, Жарғыда және ұйымның басқа құжаттарында бекітілген корпоративтік басқару нормаларының бөлігінде бұзушылықтарды анықтау; 4) ұйымның корпоративтік басқару мәселелері бойынша акционерлерге, ұйымның лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне консультация беру; 5) корпоративтік басқару саласындағы үздік әлемдік практикаға мониторинг жүргізу және ұйымда корпоративтік басқару практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу. Корпоративтік хатшыға өзге де міндеттерді жүктеу корпоративтік хатшының ағымдағы жүктемесін ескере отырып жүзеге асырылады. Жаңа міндеттерді жүктеу осы кодексте айтылған функцияларды сапасыз орындауға мүмкіндік бермеуі қажет. Жаңа функциялар өзге құрылымдық бөлімшелердің және лауазымды тұлғалардың функцияларын қайталамауы қажет. Қайталау болған жағдайда, мұндай функцияларды орындаушыны қайта қарау қажет.					
112	Корпоративтік хатшының өз міндеттерін кәсіби орындау үшін білімге, тәжірибеге және біліктілікке, мінсіз іскерлік беделге және Директорлар кеңесі мен акционерлердің сеніміне ие болуы қажет. Ұйымның мөлшері мен оның қызмет ауқымына қарай корпоративтік хатшы қызметі құрылуы мүмкін.	Талаптарға сәйкестігі		**Сақталады**	Корпоративтік хатшының жоғары заңгерлік білімі, MBA бар, ол сертификатталған корпоративтік хатшы болып табылады.	Корпоративтік хатшы
113	Корпоративтік хатшы лауазымына кемінде 5 жылдық жұмыс тәжірибесі және корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласында практикалық білімі, жоғары заң немесе экономикалық білімі бар адам тағайындалады.	Біліктілік сәйкестігі.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшының жоғары заңгерлік білімі және 5 жылдан астам тәжірибесі бар.	Корпоративтік хатшы
114	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілген материалдардың толықтығы және пайдалылығы мерзімді түрде талқылануы ұсынылады. Осы талқылаулардың қорытындылары корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау үшін негіз болады.	Корпоративтік хатшының тиімділігін бағалау.		**Сақталады**	ДК тоқсан сайын өзара іс-қимыл тәртібін және материалдардың сапасын қарайды, бұл корпоративтік хатшыны бағалауға негіз болады.	Корпоративтік хатшы
115	Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға кіріспе және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді. Корпоративтік хатшыны іздеу және тағайындау ұйымның ішкі құжаттарында бекітілген ашық және анық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.	Бағдарламаның болуы.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленген.	Корпоративтік хатшы
116	Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде өз қызметін жүзеге асырады, онда функциялары, құқықтары мен міндеттері, ұйымның органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары мен басқа да ақпараттар көрсетіледі. Ұйымның органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат ағынын қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы жемісті өзара қарым-қатынас жасай алуы және қақтығысты жағдайларды шешу бойынша дағдыға ие болуы қажет. Мүдделер қақтығысына байланысты ахуал пайда болған жағдайда, корпоративтік хатшы осы ақпаратты Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізуі қажет.	Ереженің болуы.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшы туралы ереже бекітілді (20-23.12.2024ж. ДК шешімі, №26/2024 хаттама, №3 мәселе).	ДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
117	Корпоративтік хатшыға өз функцияларын орындау үшін мынадай: 1) ұйымның органдарынан, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен Директорлар кеңесінің отырыстарында және акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналыстарында шешімдер қабылдау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты сұрату және алу; 2) Директорлар кеңесінің отырыстары және акционерлердің жалпы жиналыстарын ұйымдастыру, ұйымның лауазымды тұлғаларына қабылданған шешімдер туралы ақпарат жеткізу, сондай-ақ олардың орындалуын кейіннен бақылау бойынша шаралар қабылдау; 3) Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен, атқарушы органның бірінші басшысымен және мүшелерімен, ұйымның қызметкерлерімен, акционерлермен тікелей өзара іс-қимыл жасау өкілеттіктері берілуі қажет. Ұйымның атқарушы органы корпоративтік хатшыға өзінің өкілеттіктерін орындау кезінде жан-жақты жәрдем көрсетеді.	Өкілеттіктердің болуы.		**Сақталады**	Корпоративтік хатшы туралы ереже оған қажетті өкілеттіктер береді.	Корпоративтік хатшы
118	Ұйымның бюджетіне Директорлар кеңесі мен корпоративтік хатшының қызметін қамтамасыз ету үшін шығыстардың баптары, оның ішінде жүктелген міндеттерді орындау шеңберінде отырыстар өткізілетін жерге шығуға, тұруға және өзге де сапарларға байланысты шығыстар енгізіледі. Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуға және дамытуға және Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің сыртқы консультанттар мен сарапшыларды тартуына қаражат көздеу ұсынылады. Директорлар кеңесі мен корпоративтік хатшының қызметін қамтамасыз ету үшін шығыстар бюджетін қалыптастыруды және оны ұйымның тиісті құрылымдық бөлімшесіне жіберуді корпоративтік хатшы жүзеге асырады. Қордың және ұйымның корпоративтік хатшылары осы кодекстің ережелеріне және оларды қолдануға қатысты түсініктемелер береді.	Қызметті қаржыландыру.		**Сақталады**	ҚМГ бюджеті ДК мен Корпоративтік хатшының қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды қамтиды.	Корпоративтік хатшы
119	Компанияларда алқалы атқарушы орган құрылады, қалған ұйымдарда, сондай-ақ компания – бірлескен кәсіпорын құрылған жағдайда акционерлердің (қатысушылардың) қалауы бойынша ол алқалы немесе жекедара болуы мүмкін. Атқарушы органның басшысы және мүшелері жоғары кәсіби және тұлғалық мінездемеге, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуға және жоғары әдеп стандарттарын ұстануға міндетті. Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму жоспарының, іс-шаралар жоспарының және Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.	Басқарма құрамы, ҚНК бекіту, бағалау		**Сақталады**	Басқарма 9 адамнан тұрады. 2025 жылға арналған ҚНК бекітілді. Тиімділікті бағалау жүргізіледі.	ДК, ТСК
120	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, өкілеттіктер мерзімдерін, лауазымдық жалақы мөлшерін, оларға еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды. Атқарушы органның құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу, олардың сыйақысын айқындау процесіндегі басты рөлді ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті атқарады. Қор мен ұйымдардың алқалы атқарушы органдарындағы әйелдердің ұсынылатын саны алқалы атқарушы органдар мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.	Алқалы атқарушы органдағы әйелдердің үлесі – кемінде 30%		**Ішінара сақталады**	ҚМГ Басқармасында 9 адамның 1-уі әйел (11,1%).	ДК, ТСК
121	Алқалы атқарушы органның құрамына сайлауға кандидаттар жөніндегі ұсыныстарды Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақы комитетінің қарауына атқарушы органның басшысы енгізеді. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы атқарушы органдағы нақ сол бір бос орынға екінші рет ұсынған кандидатты қабылдамаған жағдайда осы бос орынға кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне өтеді.	Жылжыту рәсімі.		**Сақталады**	Кандидаттар бойынша ұсыныстарды Басқарма төрағасы енгізеді. Кандидат екі рет қабылданбаған жағдайда, құқық ДК-ге ауысады.	Председатель Правления

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
122	Акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 %-ы қорға тиесілі компаниялар атқарушы органның басшысы лауазымына кандидатура қор басқармасымен алдын ала келісіледі. Директорлар кеңесі атқарушы орган басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады. Ұйымның атқарушы органының басшысы мен мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайлау ұсынылады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы атқарушы органның өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.	Жылжыту рәсімі.		**Сақталады**	Кандидаттар бойынша ұсыныстарды Басқарма төрағасы енгізеді. Кандидат екі рет қабылданбаған жағдайда, құқық ДК-ге ауысады.	Басқарма төрағасы
123	Компанияның бірінші басшысының лауазымына кандидатура Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тағайындауы (сайлауы) үшін беріледі (ұсынылады), Қазақстан Республикасы Президентінің актісінде белгіленген тәртіпке сәйкес Әкімшілік Басшысымен келісіледі. Атқарушы органның басшысын іздеу және сайлау тәртібі қордың ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.	Тәртіпті сақтау.		**Сақталады**	ҚМГ Басқарма төрағасы белгіленген тәртіп сақтала отырып тағайындалады.	Басқарма
124	Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемшарттары қойылған ҚНК-ге қол жеткізу болып табылады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің уәжделген ҚНК-сін Директорлар кеңесі бекітеді. Атқарушы орган мүшелерінің уәжделген ҚНК-сі бөлігіндегі ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына атқарушы органның басшысы енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақының мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.	Бағалау жүргізу		**Сақталады**	ҚНК негізінде Басқарма тиімділігін бағалау жүргізіледі.	ДК, ТСК
125	Атқарушы орган бетпе-бет отырыстар өткізіп, даму жоспарын іске асыру мәселелерін, акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерін және операциялық қызметті талқылайды. Өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылады. Атқарушы органның отырысын тұрақты негізде өткізу ұсынылады. Сырттай отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі болуға және ұйымның құжаттарында айқындалуға тиіс.	Отырыстар өткізу.		**Сақталады**	Басқарма іштей отырыстар өткізеді (2025 жылы 53 хаттама). ӨҚ мәселелері үнемі қаралады.	Басқарма
126	Атқарушы орган күнтізбелік жыл басталғанға дейін мәселелердің тізбесі бар алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастыруы қажет. Атқарушы органның мүшелері қарауға материалдарды алдын ала алуы және олар тиісті дәрежеде сапалы болуы қажет. Стратегия және даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты маңызды және күрделі мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыстар өткізілуі мүмкін. Ұйым қызметінің ауқымын және ерекшелігін ескере отырып, осындай мәселелерді мұқият дайындау мақсатында ерекше міндеттерді шешумен жұмыс істейтін арнайы комитеттер, жобалау және/немесе жұмыс топтарын құру ұсынылады. Көрсетілген органдардың құқықтары, міндеттері, құзыреті және жауапкершілігі ұйымның ішкі құжаттарында бекітілуі қажет.	Жұмыс жоспарының болуы.		**Сақталады**	Басқарманың 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жобалар бойынша жұмыс топтары құрылады.	Басқарма
127	Әрбір мәселені қарау кезінде шешім қабылдауға/қабылдамауға байланысты тәуекелдерге және олардың ұйымның құнына және орнықты дамуына ықпалына жеке талқылау арналуы қажет. Атқарушы органның бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының қарауына шығарылатын барлық мәселелер алдын ала қаралып, оны атқарушы орган мақұлдайды.	Тәуекел-менеджмент интеграциясы.		**Сақталады**	Басқарманың және ДК отырыстарының материалдарында тәуекелдерді талдау міндетті түрде енгізіледі.	Басқарма

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
128	Атқарушы органның басшысы мен мүшелері еңбек ұжымымен кездесуі қажет, басқа өңірлерде топтың филиалдары мен ұйымдары болған жағдайда жылына кемінде бір рет осындай объектілерге баруы, кездесулер, бейнеконференциялар өткізуі қажет. Атқарушы органның басшысы мен мүшелері жоғары әдеп мінез-құлық стандарттарын көрсетуі және ұйым қызметкерлеріне үлгі болуы қажет. Атқарушы органның басшысы мен мүшелері мүдделер қақтығысы бар ахуалдың туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда олар бұл туралы Директорлар кеңесіне не атқарушы органның басшысына алдын ала хабарлап, бұны жазбаша тіркейді және мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.	Кездесулер өткізу, мүдделер қақтығысын декларациялау.		**Сақталады**	Басшылықтың ЕТҰ ұжымдарымен кездесулері өткізілді. Мүдделер қақтығысы жарияланады.	Басқарма
129	Атқарушы органның мүшесі Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істей алады. Атқарушы органның басшысында не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамда атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға негіздемелер болмайды.	Шектеулерді сақтау.		**Сақталады**	ҚМГ Басқарма мүшелері ДК мақұлдауынсыз басқа ұйымдарда жұмыс істемейді.	ДК
130	Ұйымда атқарушы органның сабақтастығын жоспарлау қамтамасыз етілуге тиіс. Атқарушы органның мүшелерін қайта сайлау тетігі мен мерзімдері қызметтің негізгі көрсеткіштері орындалмаған жағдайда лауазымнан мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін көздей отырып, ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге оларды уәждеуге тиіс. Атқарушы органның басшысы және/немесе құрамы ауысқан жағдайда атқарушы органның құрамында сабақтастық қағидатының сақталуын қамтамасыз ету ұсынылады, бұл ретте атқарушы органның жекелеген мүшелерін қайта сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда жетекшілік ететін бағыттар бойынша олардың қызметінің нәтижелерін назарға алу ұсынылады. Директорлар кеңесінің төрағасы ауысқан жағдайда Директорлар кеңесінің құрамында сабақтастықты қамтамасыз ету ұсынылады.	Сабақтастық жоспарының болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да сабақтастық жоспары (кадрлық резерв) жұмыс істейді.	Адами ресурстарды басқару департаменті
131	Атқарушы орган оңтайлы ұйымдық құрылым жасауды қамтамасыз етуі қажет. Ұйымдық құрылым мыналарға бағытталуы қажет: 1) шешімдерді қабылдау тиімділігі; 2) өнімділіктің ұлғаюы; 3) шешімдер қабылдаудың жеделдігі; 4) ұйымдық икемділік. Ұйымның бос позицияларына үміткерлерді іріктеу ашық және айқын конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылуы қажет. Ұйымдарда кадрлық резерв қызметкерлерінің пулы бар, одан кейіннен орта және жоғары менеджменттің басшы лауазымдарына тағайындаулар жүргізілуі мүмкін. Қызметкерлер жыл сайынғы негізде бағалаудан өтеді.	Конкурстық рәсімдердің болуы.		**Сақталады**	2025 жылы орталық аппараттың жаңартылған құрылымы бекітілді (05.03.2025ж. ДК жылғы шешімі, №3/2025 хаттама, №22 мәселе). Кандидаттарды іріктеу конкурстық негізде жүргізіледі.	Адами ресурстарды басқару департаменті
132	Атқарушы орган мүшелерінің тарапынан Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзу жағдайларын атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді. Атқарушы органның Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзуға жол берген мүшесі кез келген басқа ұйымның атқарушы органының мүшесі бола алмайды.	ДК ақпараттандыру.		**Сақталады**	Этиканы бұзу жағдайларын ДК қарайды. 2025 жылы мұндай жағдайлар тіркелген жоқ.	Басқарма төрағасы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
133	Корпоративтік шиеленістер туындаған жағдайда қатысушылар ұйымның және мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздестіреді. Корпоративтік шиеленістердің алдын алу және оларды реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай шиеленістерді барынша толық және жедел анықтауды, ұйымның барлық органдарының іс-қимылын нақты үйлестіруді болжайды. Корпоративтік шиеленістерді корпоративтік хатшының жәрдем көрсетуімен ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік шиеленіске тартылған жағдайда мұндай жағдайларды Тағайындау және сыйақы комитеті қарайды.	Процедураның болуы.		**Сақталады**	Корпоративтік жанжалдар Корпоративтік жанжалдарды реттеу ережелеріне сәйкес қаралады. 2025 жылы үлкен қақтығыстар болған жоқ.	ДК төрағасы, Корпоративтік хатшы
6-тарау Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит, сәйкестік және омбудсмен						
134	Қорда және ұйымдарда қордың және ұйымдардың өздерінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органы құратын ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылатын тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі және қамтамасыз етуі үшін ұйымдары құрылуға тиіс: 1) ұйым құнының өсуі, рентабельділік және олармен бірге жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім; 2) қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және компанияның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу; 3) компания активтерінің сақталуы және ресурстарының тиімді пайдаланылуы; 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы; 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау; 6) алаяқтықтың алдын алу және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуін тиімді қолдауды қамтамасыз ету және қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау. Директорлар кеңесі және атқарушы орган қорда және ұйымдарда тәуекелдерді тиісінше басқару мәдениетінің енгізілуін қамтамасыз етеді. қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін енгізудің және оның жұмыс істеуінің үздік практикаларға негізделген айқын нормативтік базасы болуға тиіс.	Бекітілген саясаттар мен рәсімдердің болуы		**Сақталады**	Тәуекелдерді басқару жүйесі саясатының жаңа редакциясы бекітілді (10.09.2025 жылғыж. ДК шешімі, №15/2025 хаттама, №18 мәселе). 2025 жылға арналған тәуекел-тәбет, тәуекелдер картасы, тәуекелдер тізілімі бекітілді (10.09.2025ж. ДК шешімі, №15/2025 хаттама, №19 мәселе).	ТБІБҚ
135	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен олардың тәсілдерін осы жүйенің міндеттерін негізге ала отырып және озық жұмыс практикасы мен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы қордың әдіснамасын ескере отырып айқындайды. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы компанияның үздік жұмыс практикаларына (COSO ішкі бақылау жүйесін құрудың интеграцияланған тұжырымдамасы, Трэдвэй (The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission) комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитетінің «Ұйымның тәуекелдерін басқару. Интеграцияланған модель» (COSO) тұжырымдамасы, Халықаралық стандарт ИСО 31000 «Тәуекел менеджменті. Қағидаттар және басшы нұсқамалар», Халықаралық стандарт ИСО 31010 «Тәуекел менеджменті. Тәуекелдерді бағалау техникасы» халықаралық стандарты және басқалар) бейімделуін көрсететін тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды бекітуі қажет.	Әдіснаманың сәйкестігі.		**Сақталады**	ТБЖ саясаты COSO, ISO 31000 стандарттарына негізделген.	ТБІБҚ

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
136	Қорда және ұйымда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру шешімдер қабылдаған кезде қызметкерлердің, менеджменттің, компания органдарының тәуекелдер деңгейінің пайымдылығы және қолайлылығының нақты түсінігін қамтамасыз етуге, тәуекелге жылдам ден қоюға, негізгі және көмекші бизнес процестерге және күн сайынғы операцияларға бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер мен жақсартуға арналған салалар туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруға бағытталған. Тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдері мыналарды: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің мақсаттары мен міндеттерін айқындауды; 2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлері қамтылған және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесінде тиісті деңгейдегі рөл ескерілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің ұйымдық құрылымын; 3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды (тәуекел-тәбетті айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау және мониторинг); 4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін өткізуге қойылатын талаптарды (ішкі бақылау жүйесінің түйінді салаларының және негізгі құрамдауыштарының сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділікті бағалау және есептілік тәртібі) көздейді. Қордың және ұйымдардың ішкі құжаттарында компанияның, тексеру комиссиясының, ішкі аудит бөлімшесінің және компанияның өзге де бөлімшелерінің рөлі мен міндеттері, жауапкершілігі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі шеңберінде олардың өзара іс-қимыл тәртібі формальдандырылуға тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды бекіткен кезде қор қабылдаған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттарды басшылыққа алады. Қордың және холдингтік компаниялардың ішкі нормативтік құжаттарында шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Директорлар кеңесінің және атқарушы органның жауапкершілігі бекітілуге тиіс.	Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер, ДК бекітуі		**Сақталады**	Негізгі тәуекелдер бойынша есептерді ДК тоқсан сайын қарайды (№3/2025, №15/2025, №21/2025 және т.б. хаттамалар).	ТБІБҚ, Аудит комитеті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
137	Қордың және ұйымдардың атқарушы органдары тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қолдауды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлау (даму жоспары және іс-шаралар жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау (басқару есептілігі) процестерімен интеграцияланған. Қордың немесе ұйымның әрбір лауазымды адамы шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді. Қордың немесе ұйымның атқарушы органы тиісті біліктілігі және тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуін қамтамасыз етуге тиіс. Атқарушы орган: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді; 2) оларға бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін практикалық тұрғыда іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласында Директорлар кеңесінің шешімдерін және Аудит комитетінің ұсынымдарын орындауға жауап береді; 4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады; 5) бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.	Тәуекелдерді жоспарлау процестеріне интеграциялау.		**Сақталады**	Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлауға (бизнес-жоспар, бюджет) және нәтижелерді бағалауға интеграцияланған.	Басқарма
138	Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында атқарушы орган төмен тұрған деңгейлердегі басшылар және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшылары/бизнес-процестердің иеленушілері арасында тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті бөледі. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары/бизнес-процесс иеленушілері өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес компания қызметінің функционалдық салаларында оларға тапсырылған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, құжаттандыру, енгізу, мониторингтеу және дамыту үшін жауапкершілікте болады. Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы (қызмет ауқымы мен ерекшелігіне қарай) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеуіне жауапты құрылымдық бөлімшенің (құрылымдық бөлімшелердің) болуын көздеуге тиіс, олардың міндеттеріне: 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жалпы үйлестіру; 2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында әдістемелік құжаттарды әзірлеу және тәуекелдерді сәйкестендіру, олардың құжаттамасын жасау, бақылау рәсімдерін енгізу, мониторингтеу және жетілдіру, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қалыптастыру процесінде бизнес-процесс иеленушілеріне және жұмыскерлерге әдіснамалық қолдау көрсету; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында жұмыскерлерді оқытуды ұйымдастыру; 4) тәуекелдер бойынша жиынтық есептілікті қалыптастыру, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарда көзделген мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне және атқарушы органға ақпарат беру; 5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды өткізу жатады.	Тәуекел иелерін тағайындау.		**Сақталады**	ҚМГ-да тәуекелдер мен бизнес-процестердің иелері анықталған. ТБІБҚ құрылымдық бөлімше ретінде жұмыс істейді.	Басқарма

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
139	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшының тәуекел иесі болып табылмауы ұсынылады, бұл оның тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық қызметке, ішкі аудитке байланысты функциялармен бірге қоса атқаруға тыйым салынады. Егер елеулі мүдделер қақтығысы туындамаса, басқа функциялармен бірге қоса атқаруға жол беріледі. Қордың және ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі атқарушы орган жүргізетін, барлық бар тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу рәсімдерінің міндеттілігін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді іске асыруға және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейтін тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделуге тиіс.	Функцияның тәуелсіздігі.		**Сақталады**	ТБІБҚ тікелей Басқармаға бағынады, бірақ оның жетекшісі тәуекелдердің иесі емес. Тыйым салынған функциялармен ұштаспайды.	ТБІБҚ
140	Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер жаңа тәуекелдерге жедел ден қоюды, оларды дәл сәйкестендіруді және тәуекел иелерін айқындауды қамтамасыз етуге міндетті. қордың және ұйымдардың бәсекелестік немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер карталарын және оның тәуекел-тәбетке сәйкестігін жедел қайта бағалау жүзеге асырылуға тиіс.	Жедел ден қою.		**Сақталады**	Сыртқы орта өзгерген кезде тәуекелдер картасын қайта бағаланады (мысалы, 2025 жылы санкциялық тәуекелдер).	ТБІБҚ
141	Қор мен ұйымдарға тән тәуекелдерді тұтас және айқын түсіну үшін тәуекелдерді сәйкестендіру және оларды бағалау тұрақты негізде жүргізіледі, олар тәуекелдер тізілімінде/картасында, Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарында (процестерді жақсарту, барынша азайту стратегиялары) көрсетіледі. Жүзеге асырылатын тәуекелдерді бағалау тәуекелдердің бекітілген тәуекел-тәбетке сәйкестігін және қор мен ұйымның даму жоспарын іске асыруға ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін өлшенетін көрсеткіштерге алып келеді.	Тәуекелдер тізілімі мен картасының болуы		**Сақталады**	2025-2026 жылдарға арналған Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасын ДК бекіткен.	ТБІБҚ
142	Қордың және ұйымның жұмыскерлері күн сайынғы негізде тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және өздерінің функционалдық міндеттері саласында олардың ықтимал әсеріне мониторинг жүргізеді.	Персоналдың қатысуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да тәуекел-менеджмент мәдениеті жұмыс істейді, оқыту және тренингтер өткізіледі.	ТБІБҚ
143	Тәуекелдер туралы ақпарат басқару есептілігінің негізгі бөлігі болып табылады. Директорлар кеңесі және атқарушы орган негізгі тәуекелдер, компанияның стратегиясы мен бизнес жоспарына әсері жағынан оларды талдау туралы ақпаратты тұрақты түрде алып тұруы қажет. Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы шоғырландырылған есептерді бекіту Директорлар кеңесіне бекітілуі қажет.	Есептіліктің болуы.		**сақталады**	Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы шоғырландырылған есептерді ДК бекітеді.	ТБІБҚ

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
144	Қорда және ұйымдарда орнықты даму мыналарға интеграциялануы тиіс: 1) басқару жүйесіне (орнықты даму саласындағы басқару жүйесінде орнықты даму саласындағы қағидаттарды, стандарттар мен тиісті саясаттарды және жоспарларды іске асыру үшін әрбір органның және барлық жұмыскерлердің рөлдері, құзыреттері, жауапкершілігі нақты айқындалып, бекітілген); 2) Environmental, Social, and Corporate Governance (бұдан әрі – ESG) мақсаттарын интеграциялау арқылы даму жоспарына; 3) тәуекелдерді басқару жүйесіне (қор мен ұйымдар климаттың өзгеруіне байланысты экологиялық және климаттық тәуекелдерді басқару практикасын жетілдіреді); 4) инвестициялық шешімдер қабылдау процесіне (қор қызметінің нәтижелері мен инвестициялардың тиімділігіне әсер ету ықтималдығы жоғары инвестициялық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау үшін маңызды ESG факторларын талдау практикасын және ESG тәуекелдерін бағалауды интеграциялау қажет); 5) басқару мен менеджмент органдарының сыйақы жүйесіне (қор мен ұйымдар ESG саласындағы мақсаттарды әзірлеп, жария түрде ашады, ESG нысаналы көрсеткіштері басшылар жұмысының тиімділігін бағалау үшін пайдаланылады); 6) жоспарлауды (ұзақ мерзімді, орта мерзімді (5 жылдық жоспар) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдер) қоса алғанда, түйінді процестерге, есептілікке, адами ресурстарды басқаруға, операциялық қызмет пен басқаларға, сондай-ақ басқарудың барлық деңгейлерінде шешім қабылдау процестеріне; 7) маңызды және анық ақпарат беруді, екіжақты диалог мүмкіндігін, портфельдік компаниялардың қызметіне, шағым берудің икемді тетігін әзірлеуге байланысты экологиялық қауіптер мен тәуекелдер туралы хабардар болуды қамтамасыз етуді білдіретін мүдделі тараптармен тұрақты өзара іс-қимыл жүйесіне интеграциялануға тиіс. Холдингтік компаниялардың өз тобы үшін мүдделі тараптардың шоғырландырылған картасы болады және осындай тараптармен өзара іс-қимылдың тиісті жоспарын жасайды. Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Қор мен ұйымдар халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерді ескере отырып, орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді. Директорлар кеңесі орнықты даму саласындағы жүйені енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Атқарушы орган тиісті жоспар қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.	Бекітілген орнықты даму жүйесінің, ESG бойынша ҚНК болуы		**Сақталады**	ҚМГ-нің 2060 жылға дейінгі Төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілген Басшылықтың ҚНК ESG көрсеткіштерін (CDP, ESG рейтингі) қамтиды.	Орнықты даму және тиімділікті басқару департаменті
145	Орнықты даму саласындағы мәселелерді мұқият дайындау мақсатында комитет құру немесе қордың Директорлар кеңесі жанындағы жұмыс істеп тұрған комитеттердің бірінің құзыретіне беру және ESG саласындағы мәселелерді ұйымдастыру ұсынылады. Директорлар кеңесінің Аудит комитеті орнықты даму саласындағы тәуекелдерді, қаржылық емес ақпарат пен есептіліктің сапасын бақылауды жүзеге асырады. Барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар орнықты дамуға үлес қосады, жеке мінез-құлық және тиісті саясат пен стандарттарды сақтау арқылы орнықты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді. Қор мен ұйымдар серіктестермен өзара қарым-қатынаста орнықты даму қағидаттарын қабылдау және сақтау жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.	ESG комитетінің болуы.		**Сақталады**	ESG мәселелері ЕҚЕҚОҚОДК құзыретіне жатады.	ЕҚЕҚОДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
146	Қорда және ұйымдарда бақылау рәсімдерін мынадай үш негізгі сала бойынша әзірлеу, бекіту, формальдандыру және құжаттамасын жасау жүзеге асырылады: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау. Бақылау рәсімдері компания мақсаттарының, міндеттерінің және жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдердің және ықтимал заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және жою жөніндегі іс- шаралардың және іс-қимылдардың құжатты түрде тіркелген жүйесі болып табылады. Бақылау рәсімдері барлық басқару жүйелерінде жүзеге асырылуы қажет және оны қор мен ұйымның барлық қызметкерлері мен органдары сақтауы тиіс. Бақылау рәсімдері үш негізгі саланы қамтуы қажет: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау, Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау және мыналарға бағытталуы қажет: 1) ықтимал тәуекелдердің туындау мүмкіндігін азайтуға; 2) қателіктердің туындауын болдырмауға және/немесе олар жасалғаннан кейін қателіктерді айқындауға; 3) қайталанатын және артық операцияларды анықтауға және жоюға; 4) кемшіліктерді және жақсарту салаларын анықтауға; 5) ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталуға тиіс.	ІАҚ регламенттерінің, есептерінің болуы		**Сақталады**	ІБЖ аудиттері жүргізілді, іс-шаралар жоспарлары бекітілді. ІАҚ есептерін Аудит комитеті үнемі қарайды.	ІАҚ, ТБІБҚ
147	Қорда және ұйымдарда бақылау рәсімдерін мынадай үш негізгі сала бойынша әзірлеу, бекіту, формальдандыру және құжаттамасын жасау жүзеге асырылады: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау. Бақылау рәсімдері компания мақсаттарының, міндеттерінің және жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдердің және ықтимал заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және жою жөніндегі іс- шаралардың және іс-қимылдардың құжатты түрде тіркелген жүйесі болып табылады. Бақылау рәсімдері барлық басқару жүйелерінде жүзеге асырылуы қажет және оны қор мен ұйымның барлық қызметкерлері мен органдары сақтауы тиіс. Бақылау рәсімдері үш негізгі саланы қамтуы қажет: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау, Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау және мыналарға бағытталуы қажет: 1) ықтимал тәуекелдердің туындау мүмкіндігін азайтуға; 2) қателіктердің туындауын болдырмауға және/немесе олар жасалғаннан кейін қателіктерді айқындауға; 3) қайталанатын және артық операцияларды анықтауға және жоюға; 4) кемшіліктерді және жақсарту салаларын анықтауға; 5) ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталуға тиіс.	Бақылаумен қамту.		**Сақталады**	Ішкі бақылау жүйесі барлық басқару деңгейлерін қамтиды және барлық қызметкерлерге қолданылады.	ТБІБҚ

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
148	Директорлар кеңесі Аудит комитетімен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты болады, ішкі аудит бөлімшесі немесе сырттан келген сарапшы, Аудит комитеті және атқарушы орган жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісінше және мұқият талдағаннан кейін оның тиімділігі туралы өз пікірін қалыптастырады.	Бағалау жүргізу		**Сақталады**	ТБІБҚ тиімділігін бағалауды ДК және Аудит комитеті ІАҚ және сыртқы сарапшылардың есептері негізінде жүргізеді.	ДК, Аудит комитеті
149	Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі және оның тиімділігі мәселелерін тұрақты негізде қарап, қажет болған кезде оны жақсарту жөнінде ұсынымдар беріп отыруға тиіс. Бақылау рәсімдерін енгізу процестік деңгей тәуекелдері мен бақылау рәсімдері көрсетілген бизнес-процестер бойынша блок-схемалар әзірлеуді/өзектендіруді, бизнес-процестер тәуекелдері мен бақылаудың матрицаларын әзірлеуді/өзектендіруді, бақылау рәсімдерін тестілеуді және олардың тиімділігін бағалауды, ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын қалыптастыруды көздейді. Бақылау рәсімдерін бекітуге жауапкершілік тәуекелдің сипатына және маңыздылығына қарай бекітіледі, оған қатысты тиісті бақылау рәсімдері белгіленеді.	Тұрақты шолу.		**Сақталады**	ДК тоқсан сайын негізгі тәуекелдер туралы есептерді қарап, жақсарту бойынша ұсыныстар береді.	ДК
150	Қорда және ұйымдарда Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру үшін Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) құрылуға тиіс. Қордың Директорлар кеңесі оның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысын тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, ІАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындайды. ІАҚ тікелей қордың Директорлар кеңесіне бағынады және қордың атқарушы органынан тәуелсіз болып табылады. ІАҚ негізгі міндеттері қордағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасын бағалауды және Директорлар кеңесінің назарына осы жүйенің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты жеткізуді қамтиды. ІАҚ негізгі міндеті қор қызметінің нәтижелерін жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.	ІАҚ болуы, ДК аудит жоспарын бекіту, есептілік		**Сақталады**	ІАҚ жұмыс істейді, ДК-ге бағынады. 2026 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспар (04.12.2025ж. ДК шешімі, №21/2025 хаттама, №25 мәселе) және ІАҚ-ның 2026-2028 жылдарға арналған стратегиясы (04.12.2025ж. ДК шешімі, №21/2025 хаттама, №21 мәселе) бекітілді.	ІАК, Аудит комитеті
151	Қорда басқарма нысанында алқалы атқарушы орган құрылады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және өз қызметін қордың жарғысында айқындалған құзыреттер шегінде орындайды. Қордың Директорлар кеңесі қордың жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қоса алғанда, қор басқармасы қызметінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады. Үкімет акционер ретінде қордың басқарма төрағасын тағайындайды және қызметінен мерзімінен бұрын босатады. Қордың Басқарма мүшелерін қордың Директорлар кеңесі сайлайды. Қор Басқармасының құрамына сайлауға кандидаттар бойынша ұсыныстарды қордың Директорлар кеңесінің қарауына қордың Басқарма төрағасы енгізеді.	Басқарманың болуы.		**Сақталады**	ҚМГ-да 9 адамнан тұратын Басқарма жұмыс істейді.	ДК

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
152	Қордағы және ұйымдардағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше-ІАҚ құру арқылы жүзеге асырылады (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанындағы ұйымдарда ішкі аудит функциялары Бақылау кеңесіне функционалдық есеп беретін Тексеру комиссиясына/тексерушіге жүктеледі; бұл ретте тексеру комиссиясының/тексерушінің мақсаттары, функциялары мен міндеттері, оның ұйым органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі осы кодексте ІАҚ-ға қатысты жазылған қағидаттарды ескере отырып, белгіленуі тиіс). Компанияның ішкі құжатында ІАҚ туралы ереже, оның мақсаттары, өкілеттіктері және жауапкершілігі айқындалады және: 1) ішкі аудит саласындағы халықаралық институттар белгілеген қағидаттарға, ішкі аудиторлардың әдеп кодексіне және стандарттарына бейілділік; 2) компанияның ішкі аудитінің мәртебесі, мақсаттары, міндеттері және жауапкершілігі; 3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу және ІАҚ-ның өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін ІАҚ-ның тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсіпқойлығын қамтамасыз ету шарттары; 4) ІАҚ басшысы мен жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптары, оның ішінде кәсіби білім мен дағдылар, жұмыс тәжірибесі, басшылық жұмыс тәжірибесі (басшылар үшін) бөлігіндегі талаптар, сондай-ақ халықаралық сертификаттармен расталған қосымша арнайы даярлық бөлігіндегі талаптар (ішкі аудиторларға тиісті кәсіби сертификаттар мен біліктіліктер алу арқылы өз кәсібилігін көрсету ұсынылады); 5) ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны; 6) тиісті тапсырмаларды орындаған кезде құжаттамаға, жұмыскерлерге және материалдық активтерге қол жеткізу құқығы; 7) ІАҚ-ның Директорлар кеңесімен және атқарушы органмен өзара іс-қимыл тәртібі және Аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне есеп беру тәртібі бекітіледі.	ІАҚ туралы ереженің болуы.		**Сақталады**	ІАҚ туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді (04.12.2025ж. ДК шешімі, №21/2025 хаттама, №22 мәселе).	ІАҚ
153	Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету үшін ІАҚ Директорлар кеңесіне ұйымдық тұрғыдан бағынуға және функционалдық тұрғыдан есеп беруге тиіс, ол ІАҚ жоспарлары мен қызмет стратегиясын, ІАҚ бюджетін бекіту бойынша шешім қабылдайды, ІАҚ жұмыскерлерінің сандық құрамын, оларға еңбекақы төлеудің және сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындайды. ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығы және функционалдық есеп беруі мыналарды: 1) Директорлар кеңесінің (Аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін) ІАҚ қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен тәртібін регламенттейтін ішкі аудит саласындағы ережені және басқа да саясатты бекітуі; 2) Директорлар кеңесінің (Аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін) тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі 3) Директорлар кеңесіне (Аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін) жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті және ішкі аудиттің қызметі туралы өзге де ақпаратты беру; 4) Директорлар кеңесінің (Аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін) ішкі аудит бөлімшесінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, қызметтен босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекітуі; 5) Директорлар кеңесінің (Аудит комитетін) ІАҚ өкілеттіктерінің елеулі шектеулерін немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді қарауы.	ДК бағыныстылығы.		**Сақталады**	ІАҚ тікелей ДК-ге бағынады, бұл ДК жоспарлары мен кадрлық шешімдерінің бекітілуімен расталады.	ДК, Аудит комитеті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
154	ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері және негізгі анықтаулар, аудиторлық ұсынымдардың орындалу мониторингі тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін уақтылы қарауды, аудиторлық ұсынымдардың уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.	Жоспар мен есептіліктің болуы.		**Сақталады**	2026 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарды ДК бекіткен. ІАҚ есептері тоқсан сайын қаралады.	ІАК, Аудит комитеті
155	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сыртқы бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік беру және сапаны арттыру бағдарламасын әзірлеп, қолдау көрсетеді. Ұйымдардағы ІАҚ басшысы ішкі аудит саласындағы қордың корпоративтік стандарттары негізінде бөлімшенің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеуге және оларды Аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің қарауын және бекітуін қамтамасыз етуге тиіс. ІАҚ, оның басшысы мен жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін қарау, жылдық аудиторлық жоспардың орындалу мерзімінің сақталуы және есептіліктің берілуі, есептердің ІАҚ стандарттарының және ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады. Кепілдіктер және сапаны арттыру бағдарламасы ІАҚ қызметінің халықаралық ішкі аудит стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында әзірленіп, іске асырылады. Осы бағдарламаның шеңберінде мерзімді ішкі және сыртқы бағалау жүргізу (стандарттарға, Ішкі аудиторлардың әдеп кодексіне сәйкестігіне), сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау және қызметті жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау көзделеді.	Бағдарламаның болуы.		**Сақталады**	Ішкі аудиттің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы бекітілген ІАҚ сыртқы бағалау 2026 жылға жоспарланған.	ІАҚ
156	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорда және қор тобының барлық компанияларында комплаенс-қызметі әрекет етеді, оның міндеті компанияның маңызды комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тиісінше басқарылатынына ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тиімді комплаенс жүйесін құру болып табылады. Комплаенс-қызметі функциясы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауды, комплаенс мәселелері бойынша саясат қабылдауды, сондай-ақ заңнамаға және үздік халықаралық практикаларға сәйкес ашықтық пен сенімділік қағидаттары негізінде ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған. Компанияның Комплаенс-қызметінің қызметі компанияның ішкі құжаттарымен реттеледі. Комплаенс-қызметі компанияны басқару жүйесінде тәуелсіздікке ие болуы керек. Компанияда комплаенс-қызметі компанияның Директорлар кеңесіне тікелей есеп береді. Тиімді жұмыс істеу үшін Комплаенс-қызметтің жеткілікті өкілеттіктері мен ресурстары болуы, сондай-ақ компанияның басқару органымен үнемі өзара іс-қимыл жасауы және оған мерзімді негізде есеп беруі тиіс. Атқарушы орган Комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қолдайды және міндеттерді орындауға кедергі келтірмейді. Комплаенс-қызметтің басшысы тиісті тәжірибеге ие және жоғары буын басшысы болып табылады. Компаниядағы басқа лауазымды біріктіру бойынша мүдделер қақтығысын болдырмау қажет.	Комплаенс-қызметтің болуы, ДК есеп беруі		**Сақталады**	Комплаенс қызметі құрылды, ДК-ге бағынады. Комплаенс қызметі туралы жаңа ереже бекітілді (04.12.2025ж. ДК шешімі, №21/2025 хаттама, №28 мәселе).	Комплаенс қызметі

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
157	Қор іскерлік әдеп, омбудсмен қызметінің стандарттарын, болжанатын бұзушылықтар туралы хабарламаның тиімді жүйесін әзірлейді. Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі осы стандарттардың енгізілуін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.	Іскерлік әдеп кодексінің, Омбудсмен туралы ереженің болуы		**Сақталады**	Іскерлік әдептің жаңа кодексі бекітілді (11.02.2025ж. ДК шешімі, №1/2025 хаттама, №12 мәселе). Омбудсмен туралы ереже қолданылады.	Комплаенс қызметі, Омбудсмен
158	Іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау және қор мен ұйымдарда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалады. Омбудсмен лауазымына кандидат мінсіз іскерлік беделге, жоғары абыройға және әділ шешімдер қабылдау қабілетіне ие болуы тиіс. Омбудсмен қордың Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әрбір екі жыл сайын қайта сайлануға тиіс. Омбудсменнің рөлі өзіне жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларына, жанжалдарға қатысушыларға консультация беру және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуын (оның ішінде қажет болған кезде құпиялылықтың сақталуын) ескере отырып, өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешім әзірлеуге жәрдем көрсету, жұмыскерлердің де, қор мен ұйымның да проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге, сондай-ақ қор мен ұйымдар жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсету болып табылады. Омбудсмен өзі анықтаған, жүйелі сипатқа ие және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдардың және қордың және/немесе ұйымдардың лауазымды адамдарының қарауына шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар береді. Омбудсмен жылына кемінде бір рет өзінің қызмет нәтижелерін бағалайтын қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетіне және Аудит комитетіне жүргізілген жұмысының нәтижелері туралы есеп береді. Қордың Директорлар кеңесі омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды және жұмыс істеп жүрген омбудсменнің өкілеттіктерін ұзарту немесе омбудсмен лауазымын атқарып отырған адамның өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім қабылдау және жаңа омбудсменді сайлау арқылы омбудсменді қайта сайлайды. Омбудсменнің жұмысты орындау орны, еңбек жағдайлары еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары мәселелерін қоспағанда, қор басқармасының шешімімен айқындалады. Еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарының мәселелері қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін ішкі нормативтік құжатпен айқындалады. Қор мен ұйымдар жоғары әдеп стандарттарын ұстануға және қор мен ұйымдардың барлық жұмыскерлері мен әріптестерінің осы стандарттарды үнемі қолдануын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді енгізуге міндетті. Болжамды бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей ІАҚ немесе қордың немесе ұйымның Директорлар кеңесіне жіберілуі тиіс. Атқарушы орган және оның барлық құрылымдық бөлімшелері, қауіпсіздік қызметін қоса алғанда, ІАҚ-ның немесе Директорлар кеңесіне болжамды бұзушылықтар туралы хабарламалардың берілуіне кедергі келтірмеуге тиіс.	Омбудсменнің болуы, қайта сайлау мерзімінің сақталуы		**Сақталады**	Омбудсмен Е.М. Рахимбергеновті ДК тағайындады. Өкілеттіктер 02.07.2025ж. ДК шешімімен (№12/2025 хаттама, №12 мәселе) 01.07.2026ж. дейін ұзартылды.	ДК, Омбудсмен

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
7-тарау Қор қызметінің ашықтығы						
159	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында қор мен ұйымдар қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік құрылымын және басқаруды қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық жария етеді. Ақпараттық саясаттың болуы, жария ету мерзімдерінің сақталуы Сақталады Ақпараттық саясат бекітілді. Барлық маңызды фактілер сайтта, KASE, AIX, қаржылық есептілік депозитарийі арқылы ашылады. Инвесторлармен жұмыс басқармасы	Ақпараттық саясаттың болуы, жария ету мерзімдерінің сақталуы		**Сақталады**	Ақпараттық саясат бекітілді. Барлық маңызды фактілер сайтта, KASE, AIX, қаржылық есептілік депозитарийі арқылы ашылады.	Инвесторлармен жұмыс басқармасы
160	Қор мен ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты уақтылы ашып отырады. Ақпаратты ашудың жүйелі болуын қамтамасыз ету үшін қор мен ұйымдарда мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, жауапты лауазымды адамдар мен жұмыскерлерді, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітілуге тиіс. Қор мен ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы кодекске және ішкі құжаттарға сәйкес мүдделі тараптар үшін өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы ашады.	Құжаттардың болуы.		**Сақталады**	Ақпараттық саясат, Ақпаратты ашу туралы ереже бекітілді.	Инвесторлармен жұмыс басқармасы
161	Акционерлерге (қатысушыларға) ашылатын ақпараттың тізбесі БҚН туралы Заңның 102-бабында, шаруашылық серіктестіктер, серіктестіктер туралы заңдарда, заңды тұлғаның құрылтай құжаттары мен ішкі құжаттарында және осы кодекстің «ашықтық» бөлімінде келтірілген. Акционерлер (қатысушылар) және инвесторлар ұйымның қызметі туралы ақпаратты: 1) Директорлар кеңесінің есебін және аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті қамтитын жылдық есепті (егер жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделген болса, осы тармақтың аудиттелген есептілік бөлігіндегі нормалары қолданылады); 2) акционерлерге (қатысушыларға) және инвесторларға арналған ұйым қызметі туралы өзекті ақпаратты көрсететін бөлімді қамтитын ұйымның интернет-ресурсы; 3) БҚН туралы Заңның 102-бабының 2-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурсында; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның құрылтай және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ұйымға сұрау салулар жіберу арқылы ақпарат пен құжаттарды алу мүмкіндігі; 5) ұйым тарататын пресс-релиздер мен өзге де ақпараттық материалдар; 6) ұйым өткізетін брифингтер; 7) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де тәсілдерді қамтиды.	Акционерлердің сұрауларына жауап беру мерзімдерін сақтау		**Сақталады**	Ақпарат беруден бас тарту болған жоқ. Акционерлердің сұрауларын белгіленген мерзімде (30 күн) қаралады.	Корпоративтік хатшы, Инвесторлармен жұмыс басқармасы
162	Акционердің (қатысушының) талабы бойынша ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында және ұйымның ішкі құжаттарында айқындалатын қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны/ақпаратты ашу жөніндегі шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынады. Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін ұйым алатын төлемді ұйым белгілейді және оларды дайындауға және қажет болған жағдайда акционерге (қатысушыға) жеткізуге арналған шығыстардың құнынан аспауға тиіс.	Процедураның болуы.		**Сақталады**	ҚМГ құжаттардың көшірмелерін заңнамаға сәйкес ұсынады.	Корпоративтік хатшы

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
163	Акционер (қатысушы) ұйымға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуларымен жүгіне алады және ұйымға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде не Жарғыда, ұйымның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мерзімде дәлелді жауаптар ала алады. Акционердің (қатысушының) талабы бойынша ұйым Акционерлік қоғамдар туралы Заңның 80-бабында көзделген тәртіппен құжаттардың көшірмелерін ұсынады. Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мақсатында қор мен ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес ақпаратты қол жеткізу санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын айқындайды. Қор мен ұйымдар коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғауға шаралар қабылдайды. Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз әдістермен алған, ашқан немесе пайдаланған адамдар келтірілген залалды өтеуге міндетті және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.	Мерзімдерді сақтау		**Сақталады**	Акционерлердің сұрауларына жауаптар белгіленген 30 күн мерзімде беріледі.	Корпоративтік хатшы
164	Акциялары қор биржасында тізімделген ұйымдарда акционерлермен және инвесторлармен байланыс бойынша құрылымдық бөлімше құру (немесе құрылымдық бөлімшеге функцияларды бекіту) ұсынылады, оның құзыретіне ұйымның интернет-ресурсында орналастырылатын ақпаратты жинау, талдау, дайындау кіреді. Осы бөлімшенің басшысы ретінде қаржы саласында практикалық тәжірибесі бар, ұйым жұмыс істейтін саланың ерекшеліктерін жақсы түсінетін адамды тағайындау ұсынылады. Акциялары қор биржасында тізімделген ұйымдар акционерлерді де, эмитенттерді де акциялардың негізгі пакеттерін 3% - дан астамға сатып алу немесе иеліктен шығару кезінде хабардар етуге міндетті (хабарламаға жататын мүдделер акциялар мен ұқсас экономикалық әсері бар қаржы құралдарына тікелей және жанама иелік етуді қамтиды).	IR-бөлімшесінің болуы		**Сақталады**	ҚМГ-да Инвесторлармен жұмыс басқармасы құрылды, ол ақпаратты жинаумен, талдаумен және дайындаумен айналысады.	Инвесторлармен жұмыс басқармасы
165	Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Іріктеу процесінде Директорлар кеңесінің Аудит комитеті маңызды рөл атқарады. Тартылатын сыртқы аудитор қорға және ұйымға сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін консультациялық қызметтер көрсетпейді, аудиторлық ұйымнан шығарылғаннан кейін екі жыл бұрын аудиторлық топтың бұрынғы мүшелерін басшылық лауазымдарға қабылдау жағдайлары қолданылмайды. қор мен ұйымдар тартылған сыртқы аудитор туралы толық ақпаратты ашады. Қорда және ұйымдарда сыртқы аудиторды таңдау және онымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері регламенттелген. Қор мен ұйымдар сыртқы аудитормен өзара қарым-қатынасты, оның ішінде сыртқы аудиторды таңдау процесін, конкурстық комиссияның өкілеттіктері мен функцияларын, аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудитімен және өзге де ақпаратпен байланысты емес консультациялық қызметтер көрсету мәселелерін, аудиторлық ұйымдар мен аудиторлық ұйымның аға персоналын ротациялау мәселелерін, аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мәселелерін реттейтін құжаттарды бекітеді. Егер аудиторлық ұйым қорға және ұйымға қатарынан 5 жылдан астам аудиторлық қызмет көрсеткен жағдайда, кемінде бес жылда бір рет қаржылық есептілік аудитіне жауапты әріптестер мен аға персоналды ротациялау жүзеге асырылуы қажет. Директорлар кеңесінің, атқарушы органның, ІАҚ құрамына енгізу, аудиторлық ұйымнан шығарылғаннан кейін екі жыл бұрын аудиторлық ұйымның бұрынғы мүшелерін бас бухгалтер, қаржы директоры лауазымдарына қабылдау жағдайлары практикаға енгізілмеуге тиіс.	Конкурс өткізу, тәуелсіздікке қойылатын талаптарды сақтау		**Сақталады**	2025-2029 жылдарға Аудитор (PWC) конкурстық негізде таңдалды. Аудит комитеті тәуелсіздікті және аудиторлық емес қызметтерді бақылайды.	Аудит жөніндегі комитет

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
	Аудиторлық ұйымның тәуелсіздік тәуекелдерін бағалау және қаржылық есептілікке және басқа ақпаратқа аудит жүргізудің ықтимал сапасын бағалау үшін аудиторлық ұйымға төленетін сыйақы туралы, оның ішінде қаржылық есептілік аудитіне және басқа ақпаратқа қатысы жоқ аудиторлық қызметтер мен қызметтер үшін бөлек ақпаратты ашу қажет. Ақпаратты іздеуді жеңілдету үшін ол интернет-ресурста және ұйымның жылдық есебінде ашылуы керек. Ұйымның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті үнемі (аудиторлық қорытынды берілгенге дейін кемінде үш рет) аудиторлық процесс шеңберінде сыртқы аудитормен кездесулер өткізеді. Сыртқы аудитор аудит жөніндегі мәселелерді талқылау үшін Аудит комитетіне қол жеткізе алады. Аудит комитеті болмаған жағдайда, сыртқы аудитор Директорлар кеңесімен және оның төрағасымен тікелей өзара іс-қимыл жасайды. Сыртқы аудитор Аудит комитетіне аудиттің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат береді; тәуелсіздіктің сақталуын, ұйымда қаржылық мүдделердің жоқтығын, сыртқы аудитордың жалпы сыйақы сомасының қаржылық тәуелділігіне елеулі ықпалдың жоқтығын растайды.					
166	Қор, компаниялар және акциялары немесе облигациялары қор биржасында саудаланатын ұйымдар жылдық есепті осы кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың озық практикасына сәйкес дайындауға тиіс. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді. Жылдық есеп мүдделі тараптар үшін негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады, ол есеп жақсы құрылымдалған және қабылдау үшін қарауға ыңғайлы болады, сондай-ақ қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады. Жылдық есеп акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жылдық жиналысын өткізгенге дейін әзірленуі және интернет-ресурста орналастырылуы қажет. Жылдық есепті бекітуді Директорлар кеңесі (қадағалау кеңесі) жүзеге асырады. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар кем дегенде мынадай ақпараттың болуын болжайды: 1) Директорлар кеңесі (байқау кеңесі) төрағасының өтініші; 2) атқарушы орган басшысының өтініші; 3) қор немесе ұйым туралы ақпарат: жалпы мәліметтер; жарғылық капиталдың құрылымы туралы ақпарат, оның ішінде мынадай мәліметтер: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны және номиналды құны, акциялар беретін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны және номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы және оларға тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі, меншік құқықтарына иелік ету тәртібі; миссиясы; даму жоспары, оны іске асыру қорытындылары; нарықты шолу және нарықтағы жағдай; 4) есепті жылға қаржылық және операциялық қызмет қорытындылары: қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі маңызды оқиғалар мен жетістіктер; маңызды мәмілелер туралы ақпарат; мемлекеттен алынатын/алынған кепілдіктерді және қор немесе ұйым өзіне қабылдаған мемлекет пен қоғам алдындағы кез келген міндеттемелерді (егер ҚЕХС сәйкес ашылмаса) қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау; 5) барлық деңгейдегі еншілес/тәуелді ұйымдарды, олардың қаржылық және өндірістік қызметін шолуды, негізгі қорытындыларын қоса алғанда, активтердің құрылымы; 6) болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар; 7) негізгі тәуекел факторлары мен тәуекелдерді басқару жүйесі;	Жылдық есептің болуы, оның құрылымы мен мазмұны		**Сақталады**	2025 жылғы Жылдық есеп барлық қажетті бөлімдерді қамтиды.	Қаржы департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
	8) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлердің (қатысушылардың) құрамы және иелік ету құрылымы; біліктілігін, іріктеу процесін қоса алғанда, Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамы, оның ішінде олардың тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттары көрсетілген тәуелсіз директорлар туралы; Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) және оның комитеттерінің қызметі туралы есеп; корпоративтік басқару практикасының осы кодекс қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, ал ол сәйкес болмаса, қағидаттардың әрқайсысын сақтамау себептері туралы түсіндірме; атқарушы органның құрамы; атқарушы органның қызметі туралы есеп; лауазымды адамдарға сыйақы беру саясаты; 9) орнықты даму (орнықты даму саласында жекелеген есеп дайындалған жағдайда осы есепке сілтеме беруге болады); 10) аудитордың қорытындысы және ескертпелері бар қаржылық есептілік; 11) талдамалық көрсеткіштер және жылдық есепке қосылатын деректер салыстырма талдауды және өткен кезеңге қатысты қол жеткізілген прогресті (регресті) көрсетеді (өткен жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру) (көрсеткіштерді ұқсас салада әрекет ететін халықаралық деңгейдегі компаниялармен салыстыру мақсатында қызмет көрсеткіштерін жариялау ұсынылады, ол салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік береді); 12) жетекші қор биржаларының талаптарына сәйкес ақпарат. Холдингтік компанияда барлық топ бойынша шоғырландырылған негізде жылдық есепті дайындауға болады. Холдингтік компанияның ұйымы жеке жылдық есеп дайындау туралы шешім қабылдай алады.					
167	Қор мен компаниялар қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, мүдделі тараптар үшін өз қызметінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында халықаралық танылған стандарттарға сәйкес дайындалған орнықты даму саласындағы есептілікті жыл сайын жариялайды. Орнықты даму саласындағы есептілікті Директорлар кеңесі бекітеді. Мүдделі тараптармен кездесулер, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану (жарияланымдар, сұхбаттар), интернет-ресурс, коммуникация құралдары арқылы кері байланыс беру, консультативтік комитеттер мен кеңестер, сұрауларға жауап беру және т.б. мүдделі тараптарға ақпаратты ашу әдістері болуы мүмкін. Жария есеп беру ақпараттың уақтылығын, толықтығын, жүйелілігін, дәйектілігін, салыстырымдылығын, дұрыстығын қамтамасыз етуі тиіс, сондай-ақ кем дегенде соңғы 4 жылдағы деректер негізінде тәуекелдерді азайту және мүмкіндіктерді пайдалану тиімділігін бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Қор компаниялары жетекші климаттық бағдарламалар бойынша есеп беру практикасын дамытуы керек. Акциялары қор биржасында, сондай-ақ ESG рейтингтеріне қатысатын ұйымдарда есептілік көрсеткіштері 3-тараппен тәуелсіз куәландырудан (верификациядан) өтеді. Қорда және ұйымдарда мүдделі тараптарға орнықты даму саласындағы ақпараттың ашылуына және оны интернет-ресурста өзекті күйде ұстауға бақылау жүзеге асырылады.	ОДЕ болуы, GRI, SASB, IFRS S2 сәйкестігі		**Сақталады**	2025 жылғы ОДЕ жарияланды. GRI 11, SASB, IFRS S2 сәйкес дайындалған. Тәуелсіз верификация жүргізілді.	Стратегия және тиімділікті басқару департаменті

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
168	Интернет-ресурс жақсы құрылымдалған, навигация үшін қолайлы және мүдделі тұлғаларға қор мен ұйымдардың қызметін түсіну үшін қажетті ақпаратты қамтиды. Қор мен ұйымдарда интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігін, сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылған мемлекеттік, орыс, ағылшын нұсқаларындағы осы ақпараттың сәйкестігін тұрақты негізде бақылау жүзеге асырылады. Осы мақсаттарда интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне жауап беретін жауапты адамдар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі. Интернет-ресурста кем дегенде мынадай ақпарат болады: 1) миссиясы, негізгі міндеттері, мақсаттары және қызмет түрлері, меншікті капиталының мөлшері, активтерінің мөлшері, таза кірісі және персоналының саны туралы ақпаратты қоса алғанда, қор немесе ұйым туралы жалпы ақпарат; 2) даму жоспары туралы ақпарат (кемінде стратегиялық мақсаттар); қызметтің басым бағыттары; 3) органдардың, комитеттердің, корпоративтік хатшының қызметін реттейтін Жарғы және ішкі құжаттар; 4) әдеп қағидаттары туралы ақпарат; 5) тәуекелдерді басқару туралы ақпарат; 6) дивиденд саясаты; 7) Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат, оның ішінде мынадай мәліметтер: Директорлар кеңесі мүшесінің (тәуелсіз директордың, акционер өкілінің) фотосуреті (Директорлар кеңесінің мүшесімен келісу бойынша), тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, мәртебесі, Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелігі немесе Директорлар кеңесі төрағасының функцияларын орындау, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім мекемесінің атауы, аяқтаған жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта басқа да атқарып отырған лауазымы, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне алғашқы сайланған күні және жұмыс істеп тұрған Директорлар кеңесіне сайланған күні, үлестес компаниялардың тиесілі акцияларының саны және үлесі, тәуелсіз директорлардың өлшемшарттары; 8) басқарма мүшелері туралы ақпарат, оның ішінде мынадай мәліметтер: фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім мекемесінің атауы, аяқтаған жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары, үлестес компаниялардың тиесілі акцияларының саны және үлесі; 9) қаржылық есептілік; 10) жылдық есептер; 11) сыртқы аудитор туралы ақпарат; 12) сатып алу қағидаларын, хабарландыруларын және оның қорытындыларын қоса алғанда, сатып алу қызметі туралы ақпарат; 13) жарғылық капитал құрылымы туралы ақпарат, оның ішінде мынадай мәліметтер: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны және номиналды құны, акциялар беретін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны және номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы, оларға тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) саны және үлесі, меншік құқықтарына иелік ету тәртібі; 14) қызмет саласы қысқаша көрсетілген барлық деңгейлердегі үлестес компаниялар туралы ақпаратты қоса алғанда, активтердің құрылымы туралы ақпарат;	Корпоративтік сайттың жұмыс істеуі, ақпараттың өзектілігі		**Сақталады**	www.kmg.kz сайты барлық қажетті бөлімдерден тұрады: компания, инвесторлар, орнықты даму, корпоративтік басқару, сатып алу және т.б.	Баспасөз қызметі

№ пункта Кодекса	Кодекстің принциптері/ережелері	Кодекстің қағидатының/ ережесінің сақталуын бағалау критерийлері		Кодекстің принципіне/ережесіне сәйкестік күйі (ашылмалы тізімнен 1 опцияны таңдау керек)	Кодекстің қағидатының/ережесінің сақталуын бағалау критерийлерінен ауытқуды түсіндіру	Жауапты құрылымдық бөлімше
	15) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі; 16) мәміле тараптары, мәміленің маңызды шарттары (мәміленің нысанасы, мәміленің бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат; 17) мәміле тараптары, мәміленің маңызды шарттары (мәміленің нысанасы, мәміленің бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы ақпарат; 18) орнықты даму саласындағы қызмет туралы ақпарат; 19) бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпарат; 20) жаңалықтар және баспасөз релиздері. Холдингтік компанияда оның тобының барлық ұйымдарына бір интернет-ресурстың болуына жол беріледі. Холдингтік компанияның ұйымы өзінің жеке интернет-ресурсының болуы туралы шешім қабылдай алады.					

Қысқартулар мен түсіндірмелер:

АЖЖ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы;

АКТЖЖ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы;

Аудит комитеті – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті;

Басқарма – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы;

ДК – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі;

ЕТҰ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес тәуелді ұйымдары;

ЕҚЕҚОҚОДК – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті;

КББК – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 13.10.2025ж. шешімімен (№3/2025 хаттама, №1 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі;

КХҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшы қызметі;

ОДЕ - орнықты даму туралы есеп;

СПБК – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару комитеті;

ТБІБҚ – Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі;

ТСК – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті;

ІАҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі;

ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;

ҚНК – қызметтің негізгі көрсеткіштері;

Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;

ҚР – Қазақстан Республикасы.

Ірі мәмілелер және мүдделі мәмілелер туралы мәліметтер

Ірі мәмілелер[1]
Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелер бойынша шешім қабылданған жоқ.

Мүдделі мәмілелер[2]
Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес мүдделі мәмілелер деп танылатын мәмілелер бойынша шешім қабылданған жоқ.

[1] Құны қоғам активтерінің баланс құнының жалпы мөлшерінің 25 % және одан астамын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы.

[2] Бұл эмитенттің жасауға мүддесі бар мәмілелер және оларды жасасу туралы уәкілетті орган шешімді шешім қабылдаған күні құны эмитент активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен 10 % және одан көп болатын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты болады.

Глоссарий

ABAI — өндірістік процестерді басқаруға арналған жасанды интеллект элементтері бар, модульдерді қамтитын ҚМГ-ның ақпараттық жүйесі (бірыңғай цифрлық экожүйе).

ANRE (Autoritatea Națională de Reglementare în Domeniul Energiei) — Румынияның энергетика саласындағы ұлттық реттеуші органы.

API Spec Q2 — мұнай және газ өнеркәсібінде қызмет көрсететін ұйымдардың сапа менеджменті жүйелеріне арналған Американдық мұнай институтының (American Petroleum Institute) стандарты.

AtJ (Alcohol-to-Jet) — спирттен жасалатын авиациялық отын өндірісінің технологиясы.

CAPEX (Capital Expenditures) — өндірістік активтерді салуға, жаңғыртуға және кеңейтуге жұмсалатын күрделі шығындар.

Casing Drilling — құрылыс уақытын қысқарту және апаттық жағдайлардың алдын алу үшін шегендеу құбырында бұрғылау технологиясы.

CCUS (Carbon Capture, Utilization and Storage) — көміртекті тұту, сақтау және пайдалану технологиясы.

CDP (Carbon Disclosure Project) — көміртек шығарындылары туралы ақпаратты жария ету жобасы.

CNAIR (Compania Națională de Administrare a Infrastructurii Rutiere) — Румынияның жол инфрақұрылымын басқару жөніндегі ұлттық компаниясы.

Co-processing — мұнай өңдеу зауыттарының қолданыстағы гидротазалау қондырғыларында өсімдік шикізатын бірлесіп өңдеу.

COSO (Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission) — Тредвей комиссиясының демеушілік ұйымдар комитеті (тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау моделі).

Country-by-Country Reporting (OECD Action 13) — қатысушы елдер бойынша компаниялар табының табыстарын, салықтарын және экономикалық қызметін бөлу жөніндегі көп елдік есептілікті ашуды көздейтін BEPS жоспары аясындағы ЭЫДҰ стандарты.

Data Lake — өндірістік нысандардың дерек ағындарын біріктіретін корпоративтік деректер көлі (орталықтандырылған қойма).

DNV (Det Norske Veritas) — Халықаралық сертификаттау және санаттарға жіктеу ұйымы.

ECD (Equivalent Circulating Density) — эквиваленттік циркуляциялық тығыздық (бұрғылау кезінде бақыланатын параметр).

EOR (Enhanced Oil Recovery) — мұнай өндіруді ұлғайту әдістері.

EPC (Engineering, Procurement, Construction) — Жобалауды, жабдықтарды сатып алуды және нысанды салуды қамтитын толық дайындау келісімшарты.

ESG (Environmental, Social, Governance) — экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару.

FAR (Fatal Accident Rate) — белгіленген базаға есептегенде өлім-жітім оқиғаларының жиілігін көрсететін өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар коэффициенті.

FCA (Free Carrier) — «Франко-тасымалдаушы» (Инкотермс термині): сатушы кедендік тазартудан өткен тауарды сатып алушы көрсеткен жерге тасымалдаушыға жеткізеді.

FDP (Field Development Plan) — кен орынды болашақта дамыту сценарийлері (мысалы, Теңіз кен орнында).

FEED (Front-End Engineering Design) — FID қабылдағанға дейін техникалық шешімдер мен жоба бюджетін қалыптастыратын негізгі жобалау кезеңі.

FID (Final Investment Decision) — жобаның құрылыс және қаржыландыру кезеңіне өтуі туралы түпкілікті инвестициялық шешім.

Fishbone — коллекторларды ынталандыру мақсатында қолданылатын, «балық қаңқасы» әдісіне ұқсас ұңғыманың оқпанын көп тармақты аяқтау технологиясы.

FPSO (Floating Production, Storage and Offloading) — теңізде орналасқан кен орындарында көмірсутектерді өндіруге, дайындауға, сақтауға және жөнелтуге арналған қалқымалы қондырғы.

GHGP (Greenhouse Gas Protocol Initiative) — көміртегі шығарындылары бойынша жаһандық бастама.

GRI — Есептілік бойынша жаһандық бастама (тұрақты даму саласындағы есептіліктің стандарттары).

IATA — Әуе көліктерінің халықаралық қауымдастығы.

ICD (Inflow Control Devices) — ағынды бақылаумен қатар аяқтау жүйелері.

ICF SH&E Limited — ICF жаһандық консалтинг тобының еншілес құрылымы.

ICP (Integrity Compliance Program) — бизнесті адал жүргізуді қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды, этикалық нормаларды және Компанияның ішкі саясатын сақтауға бағытталған комплаенс-бақылау бағдарламасы.

IOGP (International Association of Oil & Gas Producers) — өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы салалық стандарттарды, ұсыныстарды және үздік тәжірибелерді әзірлейтін халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы.

I-REC (International Renewable Energy Certificate) — Халықаралық жаңартылатын энергия сертификаты.

KPI (Kazakhstan Petrochemical Industries) — газ-химия кешені.

LDAR (Leak Detection and Repair) — метанол/газдың ағып кетуін анықтайтын және жоятын бағдарлама/технология.

Liquid Casing — «сұйық шегендеу бағанасы» (бұрғылау ерітіндісіне қосылатын, өткізбейтін тосқауыл қоюға арналған қоспа).

LOTO (Lockout/Tagout) — жөндеу жұмыстары кезінде жабдықтың кездейсоқ іске қосылуын болдырмайтын қауіпті энергия көздерін бұғаттау стандарттары.

LTIR (Lost Time Injury Rate) — белгіленген жұмыс уақытының базасына есептегенде жұмыс уақытының жоғалуына әкелген жазатайым оқиғалардың жиілігін көрсететін, жұмыс уақытын жоғалтумен жарақат алу коэффициенті.

MSCI (Morgan Stanley Capital International) — Компанияларды ESG көрсеткіштері бойынша бағалайтын және тиісті ESG рейтингтерін беретін халықаралық рейтинг агенттігі және индекс провайдері.

OECD (Organisation for Economic Co-operation and Development) — тұрақты даму, корпоративтік басқару және экологиялық жауапкершілік мәселелерін қоса алғанда, экономикалық саясатты, стандарттар мен ұсынымдарды әзірлеу және ілгерілету үшін елдерді біріктіретін халықаралық ұйым.

NCOC (North Caspian Operating Company) — Қашаған кен орны операторы.

OFAC (Office of Foreign Assets Control) — АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы.

OGCI (Oil and Gas Climate Initiative) — парник газдары шығарындыларын азайтуға, климаттық шешімдерді дамытуға және төмен көміртекті энергетикаға көшуді қолдауға бағытталған жетекші мұнай-газ компанияларының халықаралық бастамасы.

OGMP 2.0 (The Oil & Gas Methane Partnership) — мұнай-газ саласындағы метан бойынша серіктестік.

OPEX — операциялық шығындар.

PAM (Privileged Access Management) — артықшылығы бар қолжетімділікті басқару жүйесі.

Pre-FES (Preliminary Front-End Study) — алдын ала техникалық-экономикалық негіздеме.

QazaqGas — «QazaqGas» ҰК» АҚ (ұлттық газ компаниясы).

SAF (Sustainable Aviation Fuel) — тұрақты авиациялық отын.

SDN List (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List) — ерекше санаттағы азаматтардың және тыйым салынған адамдардың тізімі (АҚШ-тың санкциялық тізімі).

Slant Drilling — таяз тереңдіктегі тұтқырлығы жоғары мұнайды игеруге арналған көлбеу сағалық бұрғылау технологиясы.

Slim Hole — материалдардың шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін шағын диаметрлі ұңғымаларды бұрғылау технологиясы.

SOC (Security Operations Center) — Қауіпсіздік операциялар орталығы.

Three Lines Model — «Қорғаныстың үш желісі» моделі (тәуекелдерді басқару жүйесінде).

TPM (Trusted Platform Module) — компьютерлерге арналған қауіпсіздіктің аппаратық модулі.

USAID — АҚШ халықаралық даму агенттігі.

WTI (West Texas Intermediate) — АҚШ-тың жеңіл, күкірті аз эталонды мұнай сұрыпы.

Well-being (денсаулық, амандық) — әл-ауқат, сондай-ақ жақсы хал-ахуал, орынды құндылық немесе өмір сапасы деп те аталатын ұғым, белгілі бір адам үшін ішкі тұрғыдан құнды болып саналатын нәрселерді сипаттайды.

WEPs (Women's Empowerment Principles) — гендерлік теңдікті ілгерілетуге және әйелдердің экономикалық және корпоративтік қызметке қатысуын кеңейтуге бағытталған БҰҰ әзірлеген әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары.

XDR (Extended Detection and Response) — кеңейтілген анықтау және әрекет ету жүйесі (киберқауіпсіздік саласында).

ЖМҚС — жанармай құю станциясы.

АМӨЗ — «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС.

АҚ — акционерлік қоғам.

ТП АБЖ— технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі.

ӘБП— әкімшілік-басқару персоналы.

АТҚҚ — автоматтандырылған тактілі құю қондырғысы (мұнай өнімдерін герметикалық құю жүйесі).

ҰҰА — ұшқышсыз ұшу аппараты.

ЭЖК — экипажы жоқ катер (теңіз дроны).

БКҚ — бұрама кенжарлы қозғалтқыштар (бұрғылау кезінде ротторлы басқарылатын жүйелерге үнемді балама).

ЖЭК — жаңартылатын энергия көздері.

ӘЖ — электр берудің әуе желісі (мысалы, ӘЖ-110 кВ).

ҚПТ — қабылдау профилін теңестіру (су айдауды басқару технологиясы).

ЖАЖ — жоспарлы алдын алу жұмыстары.

ЖЭС — жел электр станциясы.

ГазЭС — газ электр станциясы.

ҰГДЗ — ұңғымалардың гидродинамикалық зерттеулері.

ЖГЗ — жер қойнауын геологиялық зерттеу (алаптардың өңірлік әлеуетін зерттеуге бағытталған бағдарлама).

ҰГЗ — ұңғымалардың геофизикалық зерттеулері.

ГӨЗ — газ өңдеу зауыты.

БТҚС — басты төмендеткіш қосалқы станция.

ҚСЖ — қабатты сумен жару (өндіруді қарқындату тәсілі).

ГСК — газ сепарациялау кешені.

ГТМ — геологиялық-техникалық іс-шаралар (бүйір оқпандарын жөндеу, қарқындату және бұрғылау).

ЕТҰ — еншілес және тәуелді ұйым.

ЭД— Экология департаменті

КБОК — көлденең орналасқан бүйір оқпандарды кесу (өндіруді қалпына келтіру әдісі).

ЕБЗ — екінші буын зауыты (ТШО нысаны).

ШГА— шикі газды айдау жүйесі (ТШО нысаны).

ШГАҮБ — шикі газды айдаудың үшінші буын жүйесі (ТШО нысаны).

ҮБЗ— үшінші буын зауыты (3GP, Теңіз кен орнындағы жаңа зауыт).

ҚазГӨЗ — Қазақ газ өңдеу зауыты.

АКИАМН — ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды нысандары.

ІЭК — Іскерлік этика кодексі.

МАК — мұнай алу коэффициенті.

ККО — «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС (жоба операторы).

ҚМГ — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.

ББТЖ — бұрғылау бағанысының түбін жинақтау.

ҚХР — Қытай Халық Республикасы.

ҚТГ — қысылған табиғи газ.

ҚӨК — Қарашығанақ өңдеу кешені.

ТТҚ — толық тарату құрылғысы.

КТБЖ— корпоравтитік тәуекелдерді басқару жүйесі.

КК-І — карбонатты көкжиек І.

КТЖ — кешенді технологиялық желілер (ТШО нысаны).

КТЭБ— кешенді технологиялық эксплуатациялық бағалау.

ККҚ — Каспий құбыр желісі консорциумы.

ЭРБК — Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

ВСБТ — вертикалды сейсмикалық бейіндеу тәсілі (геофизикалық зерттеулердің түрі).

ЖАО (жергілікті атқарушы органдар) — атқарушы биліктің функцияларын, оның ішінде коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын басқару және пайдалану саласындағы функцияларды жүзеге асыратын өңірлік және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік басқару органдары.

ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы) — лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, қызметкерлердің құқықтарын қорғауға және әлеуметтік әділеттілікке бағытталған халықаралық еңбек стандарттарын әзірлейтін және насихаттайтын БҰҰ мамандандырылған мекемесі.

ЖАК — жөндеуаралық кезең (жөндеу арасындағы ұңғыманың немесе жабдықтың жұмыс уақыты).

ЖҚ — жергілікті қамту (қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің үлесі).

ХҚЕС — Халықаралық қаржы есептілігің стандарттары.

МҰТ — мұнай алуды ұлғайту тәсілдері (мысалы, полимерлі су айдау).

ПҚӨС — пайдалы қазбалар өндіру салығы.

ҒЗТКЖ — ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.

МӨЗ — мұнай өңдеу зауыты.

МТЖ — мұнай химиясының технологиялық жүйесі.

САШ — су ағынын шектеу (полимерлі су айдауды технологиясы).

ҰУДЖ — ұзақ уақыт дайындалатын жабдық.

ОПЕК (Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) - Әлемдік мұнай нарығын тұрақтандыру үшін мұнай өндіру саласындағы саясатты үйлестіретін мұнай экспорттаушы елдердің халықаралық үкіметаралық ұйымы. Құрамына: Алжир, Конго, Экваторлық Гвинея, Габон, Иран, Ирак, Кувейт, Ливия, Нигерия, Сауд Арабиясы, БАӘ және Венесуэла кіреді.

ОПЕК+ — ОПЕК елдері мен ұйымға кірмейтін мемлекеттерді (Әзербайджан, Бахрейн, Бруней, Қазақстан, Малайзия, Мексика, Оман, Ресей, Судан және Оңтүстік Судан) біріктіретін ынтымақтастық туралы декларация шеңберіндегі кеңейтілген ынтымақтастық форматы.

ТӨС — тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар.

АТҚ— ашық тарату құрылғысы (мысалы, АТҚ-110 кВ).

ӨБТК — Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (Қарашығанақ).

ЖАҚО — жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығы.

ЖАҚ — жария акционерлік қоғам.

БКЖ — болашақ кеңейту жобасы (Теңіз кен орны).

ПГ — парник газдары.

Пиролиз — этилен алу үшін көмірсутектердің жоғары температурада ыдырау процесі.

ІҚК-1, ІҚК-2 — іске қосу кешені (нысан құрылысының кезеңдері).

ПҚОП — «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (Шымкент МӨЗ-і).

ІМГ (ілеспе мұнай газы) — мұнай кен орындарын игеру процесінде мұнаймен бірге өндірілетін және оны өндіру кезінде түзілетін газ.

ТКДБ — ҚМГ-ның Төмен көміртекті даму бағдарламасы (2031 немесе 2060 жылға дейін).

ПМХЗ — «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС.

Полимерлеу — мономерлерді полимерлерге айналдырудың химиялық процесі.

ӨП — өндірістік персонал.

ЖАЖ — жоспарлы алдын алу жұмыстары.

ҰЖЖ — ұңғымаларды жерасты жөндеу.

СҚБЖ — сағалық қысымды басқару жобасы (Теңіз кен орны).

ҚР — Қазақстан Республикасы.

ЖЖ — жұмыс жобасы.

РБЖ — роторлы басқарылатын жүйелер (бұрғылауға арналған жоғары технологиялық жабдық).

ІАҚ — Ішкі аудит қызметі.

ІБЖ — Ішкі бақылау жүйесі.

ҚМЖ — құрылыс-монтаждау жұмыстары.

СМГ — сұйытылған мұнай газы (өңдеу саласында СКГ синонимі ретінде қолданылады).

БК — бірлескен кәсіпорын.

СТГ — сұйытылған табиғи газ.

ӨБК — Өнімді бөлу туралы келісімі.

СКӨБТК — Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім (Қашаған).

ҚР СТ ISO 37 001 (Парақорлыққа қарсы басқару жүйесі. Талаптар және пайдалану жөніндегі басшылық) - ISO 37001 халықаралық стандартына негізделген, ұйым қызметіндегі парақорлықтың алдын алуға, анықтауға және оған қарсы іс-қимылға бағытталған менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты.

СКГ — сұйытылған көмірсутек газы.

ҚҮБЖ — қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі.

ТБІБҚ — Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі.

КЭС — күн электр станциясы.

ЖШС — жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

ТЖҚ — тауарлар, жұмыстар мен қызметтер.

ТШО — «Теңізшевройл»ЖШС.

ТЭН— техникалық-экономикалық негіздеме.

КСШ — көмірсутек шикізаты.

БКҚ — баяу кокстеу қондырғысы (МӨЗ-дегі процесс).

ГКДҚ — газды кешенді дайындау қондырғысы.

КЖАК — кеңейтілген жөндеуаралық кезең (МӨЗ-дің үшжылдық циклға ауысуы).

БҰҰ ТДМ (Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары) — 2030 жылға дейін тұрақты экономикалық өсуді, әлеуметтік әділеттілікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған БҰҰ қабылдаған жаһандық мақсаттар.

БСАК — бу мен суды кезектесіп айдау (қабатқа жылумен әсер ету әдісі).

ЖККФ — жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы.

ЭЛТҚ-АТ/ЭЛТҚ-АВТ — атмосфералық түтікшені / атмосфералық-вакуумдық түтікшені электрмен тұзсыздандыратын қондырғы (мұнайды бастапқы өңдеу қондырғылары).

ЭСА — электронды сауда алаңы.

Байланыс деректері

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
- Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 8, «Зүбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы
- Телефоны: + 7 (7172) 78-61-01 (қабылдау бөлмесі)
- Веб-сайт: www.kmg.kz

Кадр мәселелері бойынша
- Бос орындар туралы ақпарат: www.work.kmg.kz
- Email: HRteam@kmg.kz

Омбудсмен
- Телефон: +7 (7172) 78-65-61
- Email: ombudsman@kmg.kz
- Мекенжайы: Астана қ., Д. Қонаев көшесі, 8, «Зүбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы

БАҚ-пен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша
- Телефон: +7 (7172) 78-91-49
- Email: press@kmg.kz

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша
- Email: hse@kmg.kz

Тұрақты даму мәселелері бойынша
- Email: sustainability@kmg.kz

Кеңсе
- Телефондары: +7 (7172) 78-95-58, +7 (7172) 78-65-59, +7 (7172) 78-66-04, +7 (7172) 78-62-66 (ағылшын тілінде), +7 (7172) 78-63-90 (бастығы)
- Email: Astana@kmg.kz

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелері бойынша
- Телефон: +7 (7172) 78-65-65
- Email: 979110@kmg.kz

Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша
- Телефон: +7 (7172) 78-64-34
- Email: ir@kmg.kz

Қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша
- Телефон: +7 (7172) 57-68-98
- Email: info@sk-trust.kz


Сатып алуды өткізу мәселелері бойынша
- Телефоны: +7 (7172) 78-61-80
- Компаниядағы барлық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алуды жүзеге асыру тәртібі аясында арнайы сайтта электронды форматта өткізіледі.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өнімдерін сатпайды.
- Еске сала кетсек, 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап автожанармай құю станциялары қызметінің жаңа меншік иесі — «PetroRetail» ЖШС.

Жедел желі

Сіз Іскерлік этика кодексінің кез келген бұзушылықтары туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, этикаға жат әрекеттер және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлай аласыз. Біз өтініштердің 100 % құпия қаралатынына және анонимділігіне кепілдік береміз.

Жедел желі
- Телефоны: 8 (800) 080-47-47
- WhatsApp нөмері: +7 (771) 191-88-16
- Интернет-порталы: www.sk-hotline.kz
- Электронды пошта: mail@sk-hotline.kz
- Жедел желіге тәуелсіз оператор — KPMG компаниясы қызмет көрсетеді

«Нысана» жедел байланыс желісі
- Телефоны: 8 800 080 30 30
- WhatssApp нөмірі+7 (778) 120-99-11
- Интернет-порталы: nysana.cscc.kz
- Электронды пошта: nysana@cscc.kz
- «Нысана» колл орталығы барлық әлеуметтік-еңбек бұзушылықтары бойынша тегін қоңырауларды демалыссыз, тәулік бойы қабылдайды.



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Әлеуметтік желілердегі парақшаларымызға жазылыңыз